

А 2017

4626 к

Кәмел ЖҮНИСТЕГІ

КӨГІЛДІР
КҮМБЕЗ

1-2017/4626K
02-551-210
105

Кәмел ЖҮНІСТЕГІ

Көгілдір күмбез

хикаяттар
әңгімелер
ой пірімдері

MEP-PRESS
Алматы 2017

ӘОЖ 908

КБЖ 63.3

Ж 80

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және
мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып
шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.*

Жүністергі К.

**Ж80 Көгілдір күмбез. / Кәмел Жүністергі. – Алматы: «Мер-
Press» баспасы, 2017 – 380 б.**

ISBN 978-601-03-0462-8

Белгілі қаламгер Кәмел Жүністергінің «Көгілдір күмбез» атты жинағына «Тағдырлы ауыл», «Қайрақты жайбарақат ағып жатқан», «Үміт көшігі» тәрізді хикаяттарымен қатар «Өмір сүруге хақысы», «Қазан астында», «Көжедегі құрт», «Конвой» секілді әңгімелері еніп отыр.

Кітап көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 908

КБЖ 63.3

ISBN 978-601-03-0462-8

© Жүністергі К., 2017

© «Мер-Press» баспасы, 2017

ХИКАЯТТАР

ТАҒДЫРЛЫ АУЫЛ

Бәйбішенің бергі иығына шығып, аласа тастың үстіне жайғасқан Дауылбай көз ұшына дейін мұнартып жатқан далаға тесіліп қарады. Бәйбіше, Бүркіттіге, онан әрі Сарықұлжа, Тайытқан-Шұнақ болып жалғасатын Арқаның тау жоталары. Маңғаз таулар да бұлдыраған сағым ойнаған далаға маңқая қарайтындай. Мынау даланың тіршілігі өзгермейтіндей, баяғы бірсыдырғы қалпындай.

— Япыр-ай, — деп Дауылбай жүрек тұсын сипалады. — Ел қайда? — Әнеубір тұста нөмірі бірінші деген бөлімше болушы еді. Тып-типыл. Отыз шақты үйдің орнында үйінді ғана жатыр. Әр жерде қалқиған цемент столбалардың басында салбыраған сымдар үйірле соққан желге қосылып-ызылдап шуылдап, опат болған ауылды, қызыққа толы өмір кешкен жұртты жоқтағандай.

Ауыл жоқ. Сонда да жоқ ауылдың дәуренді шақтары Дауылбайдың көз алдынан кетер емес. Жүзіктің көзінен өткендей сұлу қыздарына сан рет сұқтанған. Кеш боларын асыға күтіп, алтыбақан тепкен, көрші ойнап, ұялған қыздардың бетінен сүйген. Түнімен сенделіп, таңертен ұйқысынан тұра алмай, үлкеннен сөз естіп, кесек нанды апыл-ғұпыл асап, трактор айдаған.

Апыр-ай, бар пәле жүздеген шақырымға созылып жатқан тоқтың сымын ұрлаудан басталды. «Кім? Неге ұрлап жатыр?» деген және ешкім жоқ. Қожанасыр өзі отырған бұтақты өзі кесіп отырғанда, біреу: «Әй, құлайсың», — деген екен. Тоқтың сымын ұрлағанға «мұның не?» деген тірі жан болмады. Мына елге деген қасақана жасалып жатқан қысастық. Көрші

совхоз, көрші ауданның да талай ауыл күре тамырын өстіп қиған соң опатқа ұшырады. Әкесі марқұм: «Құраннан да діннен де безген, еркек-әйелі әбден азып-тозған бір қала Құдайдың әмірімен аспаннан тас жауып опат бопты», — деп отырушы еді. Бұл ауылға тас жауған жоқ... О, дүние, сонау жақтағы біреудің құртып-тынғысы келген кесапаты тиді.

Осы маңда аман қалғаны — Айғырұшқан ауылы. Әзірше аман. Ел таласып жүріп жарықты сақтап қалды. Пәлен жүз бала оқыған мектебі, қаңқиған екі этажды мәдениет үйі, бұзуға ешкім қимаған совхоздың басшылары мен қосшылары отырған әдемі ғимараты бар. Жақында ауданның әнебір жүзі жылтыраған желөкпелеу әкімі «келешегі жоқ» ауыл деген жарнама тағып кетіпті.

«Әй, енді қайтерсің, осылардан-ақ өлер болды-ау мына жұрт. — Дауылбай созған аяғын жиыстырып, тастың үстіне нығыздала отырды. Желпінген еді, даланың ерке желі төсін айнала өтіп, тәнін сипалап еркелетіп, жүдеп отырған жанына үміт сезімін жалғаған. Сайын даланы қуалаған ерке самал тұсыраған алқаптың қалың көдесін ұйпалай желпіп, қуалап толқындай тербетіп тұр екен. Әне, даланың құйыны есіре билеп жүгіріп өтті. Жүгірген құйыннан көз алмаған Дауылбайдың басы айналғандай. Кіндік қаны тамған жердің осыншама ыстығын жүрегі тулай сезді. Не көрешекті көрген әкесінің қоңырқай тіршілікпен ғұмыр кешіп жүрсе де атамекенін не себепті қимайтынын түсінді. «Ә, балам, мүмкін желпініп қалаға кете ме деуші едім. Сен де ұзамадың. Біздің шаңырақ өмірдің қанша дауылы тұрса да осы мекенге айналып соғушы еді, жарар ұлым, жарар», — деп көңілі тоғын білдірген.

Анау жоталардың арғы жағындағы бір қуыста Шө-мек шалдың жалғыз үйі бар. Жұрт жаппай ауса да, тыпыр етіп орынан қозғалған жоқ. Жалғыз басты. Не қатыны, не баласы жоқ. Иә, әнебір жалғыз қызы айына бір-екі келіп, кір-қоңын жуып, дорбалап бауырсағын пісіріп, сарпылып әуре боп жүреді. «Өлсем, осы жерде өлем» деген қыңыр шалға ешкімнің сөзі өтпейді. Әзір ешкімге тәуелді емес, он шақты тұсағы

мен бірер қарасын өзі бағып, өзінше далбасалаған жан.

— Әй, мынаның аты сүрініп жүрмесе игі еді, — деген дауыстан селк ете қалды.

Мұқан екен. Үстінен түспейтін мотоциклін ылдига тастапты. Шырт түкіріп, шіреніп тұр. Жоталардың көзден тасалау сайынан шыға келген салт атты жүзіктің көзінен өткендей торы дөненді тықсыра қуып келеді екен. Жалтара қашқан торы дөнен қанша бұлталаққа салса да, басын ақ шүберекпен шарт түйіп алған жігіт соңынан қалмай құйрық тістескен. Жігіттің астындағы ат созыла шауып, енді құрық тастамға ыңғайын келтіре бергенде, торы дөнен тіке жалт беріп, құтылып кетті. Мұндай қуғын-сүргінді сан көріп, жылпостанып алғаны көрініп-ақ тұр. Жігіттің астындағысы да ерен жүйрік екен, даланың серісі киікше атылып, қайта қуып жетіп-ақ қалған еді, торы дөнен басын төмен салып, қалт тұра қалды. Оқша атылған жігіттің аты жанынан өте шығып, кілт табандағанымен, төрт тұяғы талай жерді сызып өтті. Жігіт те әккі екен, қолындағы құрығы ұшып кетсе де, аттың жалын құшқан қалпынан айнымады.

Мұқан да мотоциклін дүр еткізіп тұра жөнелген. Торы дөненнің алдын орады. Енді еңісте қашып құтылмасына көз жеткен торы дөнен тауға тіке салды. Өзіне қарсы шапқан торы дөнен таяй бере, Дауылбай орнынан атып тұрып: «Бас! Бас қамшыны!» — деп баласына айқай салды. Қапелімде қарсы алдынан шыға келген адамнан үріккен дөнен жалт беріп, қуғыншы жігітке қарсы шапты. Адам мен тағының тіке айқасындай сәт еді. Айлалы адам сала құлаш қыл арқанын құлаштай лақтырып үлгерді. Бісылдап көз алдына келіп қалған арқаннан шошып басын кекжең еткізгенде сарт еткен бұғалық торының мойнын орап үлгерген. Аспанға атыла ілгері ұмтылды. Арынды торы дөненнің екпіні Дәукенді ат-матымен аударып тастайтындай. Шылбыр арқанның бір ұшын тақымына басып үлгерген ол да сіресе қалған. Астындағы аты да кілт кері бұрылып, төрт аяқтап, тұяғын жерге қадаған. Арқан буындырған торы дөнен көзі аларса да аспанға шапшып жүр.

— Әй, анау буынып қалмасын, — деп дауыстады Дауылбай.

Жүгіре жеткен Мұқан торы дөненнің қос құлағынан ұстап, басын жерге тұқыртып жатты. Ендігі бір сәтте Дәукен ту көденің тағысы болып кеткен торы дөненнің үстіне қарғып мініп, шабына қамшы жүгіртіп үркітіп, иен даланы құлдилай жосылтып бара жатты.

«Тәубе, — деді іштей Дауылбай. Дегенмен айналаны шарқ ұрып әлдебір жақсылық іздеген көңілі тауы шагылғандай пәс. — Құдай-ау, неге бәрі баяғыдай емес, бөтен, өзгеше. Бәрі өстіп солғын тарта берсе, туған жерде не қасиет қалады? Баяғы күй, тамылжыған табиғат та басқаша, семіп бара жатқандай. Ана кесірлі Шөмек шал: «Мұның бәрі әлгі анау талай қырдың астынан ұшырылып жатқан космостық ракеталардың зардабы, — дейді. — Аңның да, құстың да басына гептил деген уын төгіп жатыр, — дейді. — Қазір осы маңдағы жиырмадан аса құстың түрі жоғалды, — дейді де, санап береді. — Жер жарықтық та шаршады, енді мейірімі мен жылуын бұрынғыдай бермек емес екен. Адам осы табиғаттың баласы емес пе еді, жөн көрмеген есуас баладай бұзық ісімен Жер-ананы әбден қажытқандай.

Иә, ойпырым-ай, не болып барады өзі? Мына дала арамза мінезі жоқ, тәкаппар өлке еді. Бар жақсылығын адамға бұлдаған емес, жақсы да жаман да қойнауына терең кіріп, қалағанын әлі алып келеді. Алуда шек жоқ, адамның берері тағы жоқ. Осы мына тауларда арқар деген табын-табынымен жүруші еді, ол да таусылып бітуге жақын. Әлгі форма киген милиция дегендер мен соларға ілесіп табиғатты тамашалауға қаладан келген шала естілер-ақ құртып бітті. Формалыға қарсы шықсаң, істі боласың. О, тоба, бұл не деген заң. Біз көрген табиғаттың көркіне немерелеріміз зар болар не деген түйсіксіз тірлікті, ей адам, бастан кешіп жатырмыз! Табиғат жылап тұр, өксіп тұр. Нанбасаңыз, жеті қараңғы түнде ауылдан қашық кетіп, мелшиген түн тыныштығына құлақ түріңізші, өксіген үнді қайта-қайта естисіз. Жердің сонау бір қойнауынан толып, шалдығып шығып жатқандай».

Әуелде Дауылбай мұны опат болған ауылдардан

шыққан ызың болар, ана салбыраған сымдардың шуылы болар деп ойлаған. Бекер екен. Мына таудың жақпар-жақпар тасы да, ұйыса біткен көде де, жылап аққан бұлақ та, құдай-ау бәрі-бәрі де өксейтіндей. Тілі жоқ табиғаттың: «Ей, адамдар, бір-біріңмен қырлыспандаршы, қырғын соғыстары үшін менің қойнауымдағы асыл заттарымды бекер шашып, тауыспаңдаршы», — деген зары екен-ау.

«Адамның арам ісіне құрық бойламайды» деуші еді кешегі үлкендер. Солай екен. «Басып қал да, тонай бер» деген заң шықты. Әлгі преватизация дегені — тап сол ғой. Опат болған ауылдардың обалы солардың мойнында. Тоққа қарыз, үкіметке берешек, әйтеуір талай сылтаумен сол ауылдардың малын сыпырып алды да, тіршілігінің жалғыз жалғауы — тоқтың сымын қиып-қиып, сол үкіметтің өкіліне өткізді. Май шамның жалғыз жарығына жалғыз бөлмеде сығырайып отыратын 19 ғасыр емес қой, әрі отыз екінің алапат аштығын естіген ел түнде түсінен, күндіз өңінен шошиды. Жалғыз сиырын, ұрлықтан қалған биесін, ешкі-мешкісін сатып, ту-талақай көше жөнелді. Иесіз қалған үйлерді әлдекімдер күндіз-түні бұзып, жау шапқандай ойрандады. Қалмақ шапқан жоқ, орыс ойрандаған жоқ — әуе ашық, күн жарықта, тападай тал түсте, Құдайдың қаһары емес, ел қаскөйдің зауалына тап болды.

Е, сол кезде екен ғой, әлгі облыстың әкімінің келе қалғаны. «Қутыңдаған жігіт екен. Пысық екен» десіп жүрді біраз жұрт. «Сөзге ширақ. Бірақ өмір көрмеген, қиындыққа қайнап піспеген адам шанаға жаңа жегілген үркек өгіз секілді бір жаққа жұла қашып, сындырып тынбаса», — деген еді ау ана қисық-қыңыр Шөмек шал. «Көрдiңдер ме, бәрің енді боссыңдар, не істеймін десеңдер — еріктерің, бәрің бай боласыңдар, — деп жұртқа жел берді әкім. — Совхозда бұрын жалғыз-ақ монша болушы еді. Енді, міне, сегіз монша ашылыпты. Құт-береке жолы деген осы».

— Апыр-ай, ә! — деген жалғыз үн тағы Шөмек шалдікі еді.

«Иә, әкімдікі жөн. Сегіз монша бар. Бұрынғы жалғыз моншаға көмір жағып қыздырып, осы ауыл-

дың үлкен-кішісі тегіс шомылатын. Пары аз болса, көсеушінің есін тандыра шу шығаратын. Қазір моншаның сегізі бар. «Қысқа» деп, «монша үшін» деп бір арба қараған түсірген. Қараған жаққан моншаның қызуы, әй-дә, түтіні аспанға шығады. Сегіз үйдің бала-шағасы осыған мәз. Қалған жұрт енді қайтсін, ауыз үйде шылапшынға шомылып тірлік етеді. Е, тәуба, патша заманындағыдай жалғыз бөлме емес, совет заманының төрт бөлмелі үйі. Е, Құдай, осыған да шүкіршілік, бірдеме етіп жазға да ілігіп кетерміз».

Дауылбайдың тірлігі бұдан өзгеше. Тонап алу заманында совхоздың ұрылар бас салып айдап алғанынан, даланың үйір-үйір қасқырының аузынан әрең аман алып қалған, ешкім ие болғысы келмеген екі жүз байталына еріксіз ие еді. Күн-түн демеді, бақты. Малы өсіп берді, талай жүзге жетті. Астына жүрдек, мықты көлік мінді. Айына ауданға бір-екі барып, кір-қоңын жуып қайтады. Малы өскен жалғыз бұл емес, Құдай береке беріп, қазір талай жүзге қойы жеткендер де жетерлік. Елу шақты тұяқ, он шақты сиыр, соншама жылқы ұстап отырғандар — осы ауылдың негізгі тұрғындары.

Құла дүзге безіп кеткен Дәукен торы дөненмен желдіртіп келе жатыр екен. Сонау бір жақтан шаңдатып Мұқан да көрінді. Сірә, асау дөненге мініп кеткен Дәукенді сырттан бақылаған болар. Өзі бір қызық жігіт. Әлдебір газеттің тілшісімін деп жүреді. Сонысы да рас та шығар, әйтеуір күн көрісі сол жақтан сияқты. Тілемсектенбейді. «Мынауыма көмектесіп жіберші» деп біреуге емінгенін ешкім көрген емес.

— Пах! Мына торы дөненнен керемет ат шығады, — деді тырылдағынан түскен Мұқан.

— Е оны қайдан білдің?

— Құлағынан ұстағанымды байқадыңыз ғой.

— Иә, көрдім.

— Дөнен де болса құлын мүшесі өзінде. Қарап көзің талады.

— Әй, көзің тиіп жүрмесін.

— Біздей пақырда арам ниет болмайды.

Иә, Мұқанның тап осынысы рас. Зырылдап осы айналаның тау-тасын да зерттеп жүрген өзі. Өткенде,

осы маңның сонау Бетпақпен шектесіп жатқан құ медиен даласында Итаяқ деген күйшінің сұпысы бар. Соны көруім керек деп жүрген. Ақыры біреудің екі есікті, итіні кіріп, итеріп шығаратын «нива» деген машинасын алып, сол жаққа барып қайтқан. Әңгімесі мол....

Иә, Мұқан есімі ұмыт болуға айналған Итаяқ күйшінің мәңгілік орнын білетін адамды біраз жыл іздеп жүрді. Ақыры өткен жылдың бұрқасыны мол желтоқсанында Ескермес ақсақалға кезіккен.

— Ойбай-ау, іздегенің Итаяқ па? Оның тегі — Қыпшақ, мына біз болып келеміз, — деген Есекең шал.

— Мазары бар ма?

— Болғанда қандай! Бар. Кішірек қана сұпы. Су аяғы құрдымда.

— Тауып бере аласыз ба?

— Әрине. Жас кезім ғой, әкей марқұм: «Барып бір көріп қой, ұлы адам ғой», — деп қоймаған соң, мотациклге мінгестіріп барғанбыз. Жол алыс, сүрлеу ғана. Мотацикл тоңқыған сайын: «Осы шалға осының керегі не? Күйші түгілі, елге тұтқа хандарды ешкім іздеп, қажетсініп жатқан жоқ», — деп іштей наразы болып ақ келемін. Жасырып алып шыққан бір шөкөшкем бар. Тоқтаған жерде әкемнен жасырып бір ұрттап қоямын. Соным дәтке қуат. Сөйтіп барып қайтқанбыз.

Жаз шыға, бір қызметес досымнан осы «ниваны» шопырымен сұрап алғаны бар. Шопырдың жанында, құтты орында, жол басшы Ескермес шал, артқы орындықта өзі және осы совхоздың қирағанынан қалған жұртына ие әкім Ерік. «Мен де көрейінші», — деген соң ілестіріп алған.

Бір кезде жер-көкке сыймай жататын совхоздың қалың малы таптауырын ететін даланың шиі кісі бойынан биік болып, қияғы белден орап өсіпті. Дала жолының сүрлеуін де басып қалыпты. Машиналар жосылған жолдан белгі жоқ, анда-санда солардан қалған шұқанаққа түсіп кеткен Нива ішіндегілерді біріне-бірін соғады.

— Бағдар қалмапты ғой, — деп Есекең де жиі далаға шығып, алыс-алысқа ұзақ үңілді.

— Бетіміз дұрыс па?

— Дұрысы дұрыс-ау — деген ақсақалдың жауабында күмән бар.

Сөйтіп жүріп су аяғы құрдымға да ілікті. Кеш батып бара жатқан. Ескермес ақсақал талай сұпыларды аралай жүріп

— Міне, осы, — деп тоқтаған.

Мұқан күнібұрын кішкене темірше тақтай жасатып, күйшінің есімін жазып ала шыққан еді. Сұпының бас жағына сонысын қадады. Ұзағынан дұға оқып, орындарынан тұрған. Мұқанның ішінде бір қимастық бар еді. Осыдан талай жыл бұрын тегі Кәрсеннің Аралбайы Қасен деген домбырашыдан осы Икең күйшінің он екі тармақ зарының бір сарынын жазып алған. Алапат күй. Соның иесі мына жерде жатыр. Ешкім ескермейді де. Әлгі Алашордашыл Ахметтен жалғыз қалған Сухибек ақсақал: «Арқаға шертпе күй өнерін таратқан Итаяқ күйші, Тәттімбет, Тоқалар бергі жақтағылар, ал Қыздарбек — Икеңнің тікелей шәкірті», — деуші еді. Анау орыс жұрты ертелі-кеш осындай біреуі шықса, жер-көке сыйғызбай мақтайды да, мақтана да біледі. Біздікі мынау: «Е, өлдің бе, енді жат солай» деген бір керенаулық. Мақтанбасаң, мақтанатын адамыңды жұртқа танытпасаң, ұрпақ кімге қарап түзеледі. Мұның қолынан келгені осы— алақандай темір тақтайшаны іргесіне қақты. Ол да қашанғы тұра берер дейсің».

Мазардан бері шыға кішірек ойпаттағы бұлаққа кезіккен. Қаңқылдап сарыала қаз ұшты. Екі бірдей балапанын қия алмай сұңқылдап айналып жүр. Іңірт те түсіп келеді. Сарыала қаздың сазды әуенімен қоюлана түскен іңірт Мұқанның жүрегін тербеген. Осы жерде түнесе болар еді.

— Қайда барамыз? Жол да жоқ, адасып әуреге түспейік, осы жерге аялдайық, — деген.

Аз-маз ас суын ішіп, төңкеріле түскен жұлдыздарды санап жатып көз ілдірді. Ендігі ойы — қайтар жолдағы аты өшіп бара жатқан батырдың бейітін көре кету еді. Оны да айтып жүрген — бүгінде орынынан қозғалуға шамасы жоқ бір ақсақал. Сол бір таулардың етегіне іліге бере Нива ақсақ адамдай шойнаң ете қалды.

— Ә, не болды? — Жүгіре шыққан шопырда үн жоқ. Бірін-бірі итеріп бәрі түсті. Артқы дөңгелек жа-

пырылып жатыр. Қосымша дөңгелек ол да ырсыып тұр, ішінде жел жоқ.

— Қосымша камераны әкел, салып алайық, — деген Мұқан.

— І, — шопыр басын сипайды.

— Не?

— Камера алған жоқпын.

— Ендеше, насосты әкел, үріп көрейік.

— Насосым жоқ.

— Әй, мен саған «сарышұнақтан басқа тіршілік жоқ жаққа барамыз, бәрін сайла» дегенім қайда? Күн мынау қайнап тұрған. Кемі елу бар. Өлді деген осы ғой.

— Шинаны шөппен тығыздап толтырып, жүрейік, — деп міңгірледі шопр.

— Әй, жүз метр жүрмей жанып кетеміз ғой.

Өздері түнеген бұлақтан үш шөлмекке су алдырған. Бар ыдыстары сол еді. Солардан жарым шөлмек су қалыпты. Не істесе болар еді? Өзі жүрсе, жол тауып шығар да еді, мына машинаға қажетіні де әкелер еді. Онда «бізді тастап кетіп қалды» деген сөзге қалуы даусыз. Амал жоқ, мына далбассыз шопырмен осы совхозда өсіп-өнсе де, мына даланы бір көрмеген әкімді жіберуге тура келеді.

— Мына жалғыз аяқ соқпақтан айырылмаңдар, Бұрылып кетсеңдер, адасасыңдар, — деп тапсырып, жартылай суы бар шөлмекті қолдарына ұстатқан. — Көп жүресіңдер, әйтеуір бір тіршілігі бар жерге жетерсіңдер. Бұрылып кетпеңдер, — деп, қайта-қайта тапсырып қала берді.

— Ақсақал, тысқа шықпаңыз. Жатып, ұйықтауға тырысыңыз.

Тал түсте тас төбеге келген күн қуырып барады. Жұтқан демнің өзі жалын сияқты. Ана екуінің кеткеніне де әлденеше сағат болды. Мұқан жақын маңдағы төбешікке шығып, біраз қарайлап, көз жетер жерді қала сүзіп қайта оралды. Ақсақал артқы орындықта көлденең түсіп қисайып жатыр екен, мазаламады. Кеш түсе аптап ыстықта әбден күйген айналаның тасы мен құмдауыт топырағы ауаны тіпті тарылтып жіберді. Мұқан машинаның ішіне отырып байыз таппады, бір кіріп, бір шығып, анау қарауытқан төбеге шығып,

әуре-сарсаңға түскен. Келесі атқан таңмен көтерілген күн де қуыра жөнелді. Уақыт жылжып өтіп барады.

— Су, — деді Ескең ақасақал.

Мұқан алақанын жайды. Тысқа шығып түкіріп еді, түкірігі желімдей созылды. Денедегі су да бітті деген осы шығар. Сағат он бірден асты. «Қап, ана екеуі адасқан болды-ау!». Неғылса да өзінің кетпегенін қарашы. Енді амал жоқ, өзі де жүре алмайды. Досы машинасы мен шопырын іздегенше апта да өтер. Мұқанның көзіне ажал елестеген. Кенет шаңды бұрқ еткізіп мотоцикл тоқтады. Дауылбайдың інісі Мұрат екен. Артына шопыры жабысып алыпты. «Бір ұрттам су», — деді Мұқан.

Шопырдың айтар хикаясы да жетерлік. Былай шыға екеуі керісіп, екі жаққа кетіп, қорыққандарынан қайта табысып жүрсе керек. Жеті қараңғы айсыз түнде алдарынан өңкейген қара көрінеді. Қабан ба, әлде қасқыр ма деп біраз тосылып, тас лақтырып, ақыры үрейленсе де таянса, су толы кішірек чан екен. Екеуі бас қойып жіберіп ішіп, сол жерде сілейіп ұйықтап қалыпты. Ертемен тұрса, тоқал там тұр. «Шөмек малдың үйі!» — деп айқай салыпты әкім Ерік. Сол шамада шығандап кеткен малын іздеген Мұрат та келіп, бар жағдайды түсініп, пәленбай шақырым Айғырұшқанға қайта барып, жеткен беттері осы екен. Әкім Ерік Шөмек шалдың жанында. «Сендерді осы жерде тосамын», — депті.

Түн ортасында Шөмек шалдың мазасы кетті. Ада-сып келіп осы үйді паналаған иті бар еді, бір-екі рет шәу-шәу етті де, үнсіз қалды. Мұнысы не екен? Шал күрсініп, үстіне желбегей шапанын жабылып далаға шыққан. Айсыз қараңғы түн, құс жолының алып ақтаңдағы сонау көктен жер бетін жауып жатыр екен. Жұлдыз жиі. Ертең де қапырық болатын тәрізді. Сонау қырлардың әр жағынан қасқыр ұлып еді, иті өре түрегелді де, иесін бір айналып орынына жатты. Бүгінгі түннің ұйқысы да осымен бітті. Үйдің жанындағы бағанада салбырап тұрған сымға қарады да, әлдекімдерді: «Қолдарың сынып, көгермеңдер», — деп сыртынан сілетті. Үйге кіріп, білтелі шамын жақты. Әзірше кәресіні бар, сонан соң ше... арғыны ойлағысы

келмейді. Ақсақалды соңғы кезде өкініш билеген. Өкініш деген, иә, әріден бар екен-ау. Иә, ол анау соғыс жылдары иектеген еді. Кенжесінен қара қағаз келді, ерлікпен қаза тауыпты. Апта өте бері ауыл кеңестің хатшысы екінші қара қағазды ұстатты. Үлкені де әлгі пәшис дегендермен шайқасып жүріп қазаға ұшырапты. Кейін ойлайды: «Осы қазақтың аштықтан, атудан қырылуы аз ба? Сол пәшиспен соғысып несі бар еді?»

Шөмек ақсақал шамның білтесін көтерді, үй іші жарыққа жарығандай болды. Қабырғада жоғарылау ілінген сөмкеден баласының соңғы хатын алып оқыған. «Ардақты әке, қадірлі анам, есенсіңдер ме? Жорықтамыз. Жаудың етегін түрдік-ау, әйтеуір. Соғыстың да бітері алыс емес шығар...» Ақсақал хатты оқып бітіріп, жалғыз тамшы жасын сілкіп тастады. «Құлыным-ай, сен аман болсаң мен өстіп жалғыз жетім қалмас едім, мына қу моланы күзетпес едім-ау!»

Күн шыға әкесі базардан келгендей ыржиып Ерік әкіммен домаланған шопыр үйге кірген еді, енді мына Ескерместі сүйретіп Мұқан да енді.

— Е, отырсың ба? Жылжымайсың ба? — дей кірген Ескермес.

— Тексіз емеспіз. Босып жүргендер — отызыншы жылдардың тепкісіне көніп, итке айналғандардың ұрпағы. Туған жерді күзететін де адам керек шығар.

Шөмек шалдың әр сөзі салмақты. Асықпай сөйлеп, баппен қимылдайды. Сырбаз қимылы шалдың жас шағында сері болғанының куәсі тәрізді. Бірауыз сөзбен намыс шоқтарының қызуы лап етіп сыртқа атылып, беріш боп байланғанын лақтырып тастап, айқай дәуренінен хабар беріп, күркіреп шыға келді.

— Е, сүрген заман болды ғой, — деп қостады Ескермес.

— Ресейдің мұжығы көшіп келе бас салып ең шұрайлы жерімізді алды. «Енді мынау менің жерім» деп ауа жайылып барған жылқымызды бермей қойды. Несұмдықты көрмедік! Шолақ тұлкінің етегіне Белогрудовка деген поселкасын салды. «Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ» заман болды.

— Әлгі біз жамандап жүрген Троцкий деген «Голощекин орыс деревняларына мәңгілік тыныштық ор-

натып, қазақ ауылдарына бітпес соғыс жариялады» деп жазды, — деп Мұқан сөз қыстырды.

— Аудан басында отыз бірде отыз екі адамды атқан да сол поселкінің мүжықтары.

— Е өзіміз де сау емеспіз, ішінде есуас белсенділер де жүрді. — Ескермес басын шайқады.

— Солар ғой жақсының тұқымын жойып, айдаса, көнетін, сабаса, шалбарын шешетін мәңгірген ұрпақты қалдырған. Әнебір газетте «тілім, тілім» деп жазыпты. Мәңгіргендерден туған мәжнүн ұрпаққа тілің не, елің не? Қарны тоқ болса, есі кете билеп жүрсе болды. Оларға есірткінің де керегі жоқ, өздері-ақ есірген, — Шөмек шал күрсініп барып тоқтады.

Екі ақсақалдың ішкі уайымын ести отырып, Мұқан: «Осы бір бітпей қойған өтпелі кезеңде жұрттың үрке босуы, туған жерін тастай қашуы, қала ма, басқа жақ па — жұмақ іздей жөнелуі еріккен шаруа ма, әлде мына ақсақалдар айтқан тектіліктің жойылуынан ба?» — деп іштей түйген. Ауа көше жөнелгендердің аянышты сықпыты есінен кетпеген, сонда олардың барар жерінде аузына асын тосып, астына атын беріп отырған тағы ешкім жоқ. Қалаға көшкеннің тапқаны — базарда біреудің тәшкесін сүйрету. Бұрын да қалада тігін фабрикасы, аяқкиім фабрикасы деген болушы еді. Қыз біткенді сонан табатынсың. Оның қазір бірде-біреуі жоқ, жау шапқандай қираған. Ауылдан барған қыздар да көшеде босып жүр. Не оларды баяғы қазақша айттырып, құдаласып алып жатқан ешкім жоқ. Соңы не болады, ә?»

Шөмек шалдың бітпей қалған өрімі бар екен. Жастығының астынан суырып, өрімін сипап біраз отырды.

— Неше таспа? — деді Ескермес.

— Он екі, бұрын он сегізді де өруші едім, енді ол кімге керек.

— Таспаңыз тым жуан емес пе?

— Таспаның төрт қыры болады, оны бәкіні бармақтың астына салып отырып қырлайды. Сонда жұп-жұмыр болған таспа өргенде біріне-бірі сіңіп, өрім тамаша болып шығады.

— Мына қамшыны кімге бермексіз? — деп қалды Мұқан.

– Әнебір жылы әлгі Ахметтің Сухибегі алып еді.

– Енді кімге?

– Әзірше сұраған ешкім жоқ, бұйырғаны болар.

– Дауылбайдың үйінен бір қамшы көріп ем, – деді Ескермес.

– Өте жақсы қамшы екен деп естеймін, менің өрімім бе, әлде басқанікі ме, білмедім.

– Ау, біраз отырып қалыппызғойлап орындарынан көтерілген жолаушыларды сыртқа шығарып салған Шөмек шал олардың соңынан ұзақ қарады. Қырдан бері асып, тағы біреу атының майпаң жорғасына салып келе жатыр екен. Е, бүгін біраз адамның жүзін көретін күн болған екен, оған да шүкіршілік. Аттан тездетіп түскен Боқан сәлемнен соң қанжығасындағысын шешіп алып Шөмекке ұсынды. Жан торсық толы қымыз екен. Жол бойы әбден шайқалып, пісуі қанып, иісі бұрқырап тұр.

– Шәкір беріп жіберді, – деді Боқан, елуге келгенде жаңа қойған мұртын сипап.

– Аман ба өзі?

– Аманшылық. Ұры тисе соның малына тиіп, әуре болып жүр. Шағын малдан береке де шамалы ғой.

– Ата-бабасының берекесін белсенділер алып еді, енді ұры тиді де.

– Тап солай.

– Осы бір ғасырда коммунизмнің тонын жамылғандар қазақты екі рет тонап алды. Е деші. Бірі – отыз-отыз бірдің айдап алмасы, тігерге тұяқ қалдырмады. Совет үкіметі құлап еді, билік басындағы солар мен балалары «приватизация» деп, «тоққа қарыз», «анаған тағы берешек» деп неше сылтау тауып, совхоздың мың-мыңдаған малын сыпырып алып, өздерінің кассасына салды. Осым рас па, кәне, айтшы?

– Рас болмағанда... өзім таласып жүріп бес сиыр, бес байталға зорға қолым жетті. Осыған ілікпегендер қаншама?!

– Әй, мен әлгі социализміне қарсы да емеспін. Ондай арман қазақтың аңыз-әңгімелерінде де жетерлік қой. Халыққа адал камөнестерді де көрдік. Анау Нақыптың Алтыбайы, Тұңғышбек, Көбжан, Сыдан, Сәулебек, Жүніс, Омарлар соқа бастарына бір тиын пайда із-

демей өтті ғой. Оның есесіне, есуас белсенділер мен солардың орыстың көтінен кіріп, ауызынан шығатын балалары әй-дә жырғады. Міне, солар қазақты екінші рет тонап алды.

Боқан көп отырмады: «Шаруам бар еді, сәлем бере кетейін деп бұрылдым», — деп аттанып кетті. Тоқал тамның қабырғасына арқасын сүйеген Шәмкен ойға кетті. Бұл жалғанда ешкімге қарыздар емес екен. Есесіне, есесі кеткендердің есесін қайтарып бағыпты. Е, сонау отызыншы жылдары айдап алманың жақсы жылқысынан тәуір аттарды тақымына басқан ГПУ дегеннен кек алғаны естен кетпейді. ГПУ ат қорасының маңына тағы бірдеңелерді жасатып алу үшін көзінен сорасы аққан біраз бейшараны жинап алған екен. Түс әлпетінде солар алдына ас-су деп аталған жуындыға жақын бірдемені күтіп, алақтап отырған. Орыстың поселкаларындағы қазаққа тізесі батқандардың малын талай рет қуып кеткен Шәмекті бәрі таныды. Даланың көкжалы. Бойы ортадан жоғары, иықты, таудың бүркітіндей тесіле қараған екі көздің арасындағы мұрны да қыранның тұмсығындай имек. Артына қайыра ұстаған екі қолы да дамыл таппай, бірін-бірі ысқылаған. ГПУ-дің бейшара жұмыскерлеріне жақындай бергенде көлеңкеден тұрған біреуі бері беттеді.

— Мына бастықтардың кеше бір аты жоғалған. Іздеуде.

— Ал... соны іздеуге менен көмек сұрап па?

— Кетші әрі.

Әр жақтағы үйілген тастардың арасымен күзетші шыға келген. Жеңіне қызыл шүберек байлап алыпты. Ұсқыны суық-ақ, зәрленіп екі ұрты бұлтитып алыпты. Шәмектің жолын кес-кестеді. Қолындағы дырау қамшысын білемдеп алған.

— Тоқта қайда барасың?

Шәмек күзетшінің кеудесін итерген қолын жай ғана сырып тастап, бауырын жаңа көргендей масайрай күлді.

— Е, сен екенсің ғой?

— Аяғыңды қия баспа бұл жаққа, қабырғанды күйретемін.

— Әуелі сәлемдесейік те, Қалила. — Шәмек қолын ұсынған.

— Кетші аулақ, көрмей-ақ қояйын сені, — десе де, күзетші қолын ұсынды.

— Міне, осылай, — Шәмек күзетшінің қолын жібермеген. — Сен әлгі Жамауды көрмедің бе? — деп есіне түскен біреуді сұрай салды.

— Жоғалшы әрі, бас қатырмай. — Шәмектің қарулы алақанынан қолын босата алмаған күзетші ашуланып, түсі де бұзыла бастады. Шәмек асығар емес, арғы жақты тінте қарап:— Үй ішің, бала-шағаң, — деп соза түскен. — Барып бір шай ішіп шығу керек еді.

Әбден беркесі кеткен, маңдайынан тер, аузынан сілекейі аққан күзетші:

— Кетші енді, бастықтар көріп қояды, — деп жалынды. — Шәмек күзетшіні босаты, асықпай адымдап кері беттеген. Иә, ол көретінін көріп алды. Ол өзінің ойлағанын іске асыру үшін әдіс-айласының әбден жететініне сенімді еді. Мына күзетші енді оны көрдім деп ешкімге айта алмайды. ГПУ үйінен аулақта, тасқа арқасын тіреп отырған жас жігітті көріп, іске тартқысы келді. Жоқ, оны қайтеді артық көз қылып, артық сөз етіп. Шәмек өте беріп тісін ақситып, тілін шығарып, басын бұлғататып еді, жігіт мәз болып қала берді. Иә, «бір жыңдыны көрдім» дер.

Екі күннен соң, күндіз винтовкамен күзететін аттарды кеш бата жаңа қораға қамаған-тын. Іңірт түсіп, түн қараңғылығы қоюланған шақта Шәмек сылағы әлі кебе қоймаған қораның тас қабырғаларының жігіне пышағын қадап, ырғап көрді. Асықпады. Әуелі қос алақандай тас суырылды. Мұнан соң... Иә, онан соң өзі сыятындай қуыс жасап, тас қораның ішіне енген. Есіктің ілгегін салып, оны тағы мықтап, шындап байлаған екен. Бәрін ағытты. Іштегі жуас аттарды үш-үштен қосақтап, тысқа шығарып, биік торы атқа өзі мініп, әуелі жылыстап жылжып, ұзап шықан соң дүркірете айдап, ГПУ-дің он атын аш-арықтарға үлестірген еді.

Иә, ол сонан кейін Шу, Қаратау жаққа өтіп кетіп, біраз жылдан соң бірақ оралған. ГПУ-дің сол күзетшісі ғана аман екен. Басшы атаулының сайда саны,

құмда ізі жоқ. Біреулері өздері сотталған, біреулері қашып кеткен, баяғы ГПУ-дің он атын іздейтін де ешкім қалмапты. Мүмкін, сол істің жалғыз куәгері өзі ғана шығар. Сонан бері өзі де, бастық атаулыны маңайламайды. Колхоз, совхоз дегеннің басқармасымен директор дегенін сырттан көргені болмаса, бас шұлғысқан жан емес. Иә, өткенде бір аурыңқырап, ауданға көрініп қайтып келе жатқанда боранның астында қалып, кикілжіңге тап болғаны бар. Ел бар - ау деп жолды күреп жатқан тағы ешкім жоқ, Айғырұшқанның халқы өздері далбасалап, ауырғанын әрі сүйреп, өлгенін бері, бейтке сүйреп жүргендері. Жылына бір көрінетін аудан әкімі Керғалиға осы мәселе сан айтылған. «Болады» дейді. Соған да ризашылық, шыдамды халықыыз ғой, «сабыр түбі – сары алтын» десміз.

Жай ғана сырғыма жүріп жатқан. Екі жеңіл машинада – екі еркек пен бес әйел. Бес әйелдің екеуінің көтерген құрсағы бар. Біраздан соң аспанды жалбыраған ауыр бұлттар басты да, жел көтеріле жөнелді. Алабас таулардың ұшы жалт етіп көрініп, қайта жоғалып, айнала құйындата бастады. Шөмек мінген машиненің иесі алпысты алқымдап қалған Шәкір ескілеу «мәскеуішін» дарылдатып-ақ келеді. Ақыры ілгері екі ұмтылып барып тоқтады.

– Әлі тоғыз шақырым бар, – деді Шәкір.

Күреу басталды. Баласын ұстаған келіншектен басқа екі әйелге ілесіп машинаның артынан итерген Шөмек тынысы бітіп, төңкеріле құлаған. Арттағы машинаның адамдары да жеткен екен. Біреуі Шөмектің басын сүйеп отыр.

– Сексеннен асқан шағымда.., – деп қапаланды ақсақал.

– Аға, сіз қимылдамай-ақ қойыңызшы, өзіміз әрекет етеміз.

Боран үдеп соғып тұр. Екі машинадан үш-төрт күрек табылыпты. Әйелдер кезекпен-кезек жан беріп, жан алып жолды күреді де, екі машинаны жеткен жеріне дейін сүйрейді. Кішкентайлары бар екі келіншек те қалысар емес, жүгіріп барып біраз жол аршысып, қайта келіп сәбилерін әлдилейді.

Баяу қозғалған ауыр бұлттар бірі озып, бірі қалып,

кейде араласып кетіп, алғашқы бейнесін жоғалтып, өзін-өзі жұтады да, жаңа бірқалыпқа еніп, суық ызғар шашады. Бұлттардың осы бір жансыз сықпатында, асықпас қозғалысында төнген зауал бардай. Дүниенің сонау шексіз шетінен келіп жатқан олар сан жетпестей мол және аспанды осылай торлап, ешкімді өзінің рұқсатынсыз қозғалтқысы келмейтіндей көрінген.

Қойын-қоншына қар толған, бет-аузында көзден басқа жылтырар жер көрінбеген әйелдер боранмен алыса берді. Іңгәлап жылаған бала да шаршаған шығар, ұйықтап кетті ме, кім білсін, дауысы сөнген. Қос келіншектің де бұларға қайтып келуге шамасы жоқ. Өмір үшін айқасып жатыр. Ешкім қалжырағанын білдіргісі келмеген. Біреуі бүгілсе, қалғандарының да сағы сынарын іштей сезінген.

– Шәліңді жөндеп қымтаншы.

– Маған бер күрегінді, мен біраз...

– Қолбағыңды шешпе, саусақтарың.., – деген жанашыр дауыстар ғана арагідік естіледі.

Солардың арасында сексеннен асқан Шәмек ақсақал сүйретіліп жүр. Күрекке қолын созғанымен, оған ешбір әйел ұстатпаған.

– Шырағым-ау, мен де...

– Аға, сізге әлі кезек келген жоқ.

– Неге?

– Аға, енді бізге кедергі келтірмей, әрірек барыңызшы, – деп қалды ренжіген біреуі.

Түннің бір уағында, тоғыз шақырым жолды аршып, ауылдың шетіне жеткен. Шеткі үйге тоқтаған екінші машинаны жүргізген қыз:

– Апа! Апа! – деп ойбайын салып бақырып, мәшиненің капотын сабалады.

Әйелдер бір-бірімен көрісіп, жылады.

– Апыр-ай, осынша қорлық көретін не жазығымыз бар еді?!

– «Тірісіңдер ме?» дейтін мынау әлемде біреудің жоғы несі?

– Дүние есігін ашып үлгермеген ана екі сәбидің періштесі шығар бізді сақтаған.

Әлгі Мұқан бұл қорлықты газетке жазып жиберіпті. Шамына тиген бе, алдына К–700 салып. Шаптығып

ауданнан Керғали әкім жетті. «Ойбай, газетті талқылайды екен» деген соң шалғайдағы жалғыз тамына жете алмай жатқан Шөмек шал да жиналысына барды.

— Иә, сендердің жандарынды сақтап жүрген Мұқан екен ғой. Енді жолды да сол аршитын шығар. Бейшара газетшік, ә?!

Сөз осылай өрбіп жатыр екен. Шөмек шалды ыза кернеді, мына жылтыраған бұзау сияқты әкімнің қорлығынан денесі қалшылдап барып тоқтады. Бірден жеккөру сезімі оялды. Бетіне қылау түспеген жып-жылтыр беті, бейнетті сезінбеген ойнақы көзі шашын ғана тараған қыздың саусағындай жіп-жіңішке қолы жиркеніш туғызды. Сондай бір сыңғырлаған үйі де бар шығар. Біреу дейсің бе, мұндайлар ебін табады ғой, қалада сан пәтерге ие шығар. Шөмекке қарағанда өмірдің ащы дәмін татпаған, татқысы да келмейтін, билікте болуды ғана арманы санайтын, Шөмек сияқты азаттықты аңсайтын, бір-ақ сол азаттықтың бұған түкке керегі жоғын түсінген сайын ақасақал түңілді.

— Әй, не отап отырсың? — деді. — Иә, рас. Мына бес әйел болмағанда сен бізге келіп топырақ салуға да жарамас едің. Неге әкіреңдейсің?

— Газетке жазған соң ғана осында келіп отырсың, — деп кекселу әйел шыққан. — Қыс бойы шай, қантымыз таусылып отырғанда телефон соқсақ, жауап бермейсіңдер. Қырлып бітсін деп жүрсіндер ме?

Әкім үстелді алақанымен шарт еткізді. Жұрт та тына қалған. «Айтары бар шығар, дегенмен үкіметтің өкілі ғой. Қой, тыңдайық» дегендей.

— Сендерді мен сақтап отырмын. Мен, мына мен. Бұл ауыл келешегі жоқ ауылдар тізімінде. Түсіндіңдер ме? Келешегі жоқ ауыл!

— Қалай келешегі жоқ? Баяғыда тірі қалған бес үйдің басын қосып, колхоз жасап, елді өсірген. Мұнда жүз шамалы үй бар әлі. Мал өсіріп жатырмыз, мына Мұқабайда мың қой бар, мендегі жылқы саны да бес жүзден асты. Бізді сонда жер жұта ма? Әкім мырза халықты да бір тыңдау керек, — деп Дауылбай жаңа даудың басын өрбіте шықты.

— Бұл — өкіметтің саясаты, — деп ақталған болды Керғали әкім.

— «Үкіметтің» дейді... — десіп үрпейісті залдағылар. Жұрт үнсіз қалды. «Үкіметтің» дейді. Абыржыған жұрт бір-біріне ошарыла қарады. Бәрінің жүзінде абыржу бар.

— «Үкіметтің»... мына жылтыр әкім шын айтып отыр ма? Ау, бұрынғы ондаған совхоздардың елі пәленбай мың- миллион жерін тастап босып кеткенде не болады? Сонда бұл жерге біреулер келіп қоныстана ма? Олар... О, Сұмдық, өз жеріне сыймай жатқан әлгі қ... қыт... — Шөмек шал өз-өзінен қақалды да қалды. Жанындағы біреу қос жауырынының арасын түйгіштеді.

Дегенмен Керғали әкім мейірімді екен. Орта мектеп болуға бір баласы жетпей тұрған мектепті жаппай, шілдеге дейін жұмыс істетті де, қыркүйекте бір жола құлып салдырды. Бір мектептің мұғалімдері босыды, бір балаға жетпеген орта мектептің пәленбай баласы әр ауылдың, әр үйдің босағасын сығалап шыға келді.

— Жауыз екен, мына әкім, газетке жазғанымыз үшін мектепті әдейі жапты, — десті біреулері.

— Келешегі жоқ ауыл деді ғой, — деп біреу мәймөңкеледі.

— Үкіметтің сөзі ғой орындағаны Керғали әкімнің, — деп біреу өзін-өзі жұбатты.

Шалғайдағы тоқал тамына жетіп, бір жамбастаған Шөмек шал ой түбіне жетер емес. Не үшін осыншама ғұмыр кешкенін, неге талпынғанын, не үміт күткенін білмей дал. Бұғанасы қатып, ат жалын тартып мінгелі көргендерін ой елегінен өткізіп, түйінін таба алмады. Дауыл соқпай боси бастағандарға да айтары жоқ. Өзі де жеңіліп, тізе бүгіп отыр. Бір-ақ кімге, неге жеңілгенін тағы білмейді «Ух» деп өкінгенде, көкірегін кернеген ыстық леп сыртқа шығады. Онысы меңдеген кәріліктің ғана уайымы болса ғой.

Сонадайдан шаң көрінді. Құйындатып келе жатқан мотацикл екен. Иесі жалғыз үйге соқпай ысқыртып өте шықты. «Мынау Мәсет қой», — деп қалды Шөмек шал. Қарқыны қатты екен, өзі тым қышқылдатып кетті деп естуші еді, жүрісі де ойсаң, аман болса игі еді. Қарауытқан қыр астында Мәсеттің қыстағы бар. Есіктің тап алдына дейін қарқынын бір баспаған көлігінің

тормызын шиқылдатып, кирелеңдеп келіп тоқтаған. Тыста бөтен ат байлаулы тұр, біреудің болғаны ғой. Құлағын түріп, табалдырыққа отыра кетті.

— Не дедің? — деген масаң дауысты тани кетті. Өзінің осы қыстағына ие етіп бар жұмысын мойнына артып қойған орысы. Ішкенде: «Ал кетем», — деп қорқытатыны бар. Әйтеуір, өйтіп-бүйтіп ұстайды, онсыз тағы күні қараң.

— Кетем дедің ғой, енді неге жоғалмайсың? — Бұл дауыс таныс үн. Сірә, Беркін болар. Бұл қайдан жүр мұнда? Өзі жетісіп жүргендей ақыл айта қалыпты ғой.

— Мені ешкім ұстап тұрған жоқ, — деп шалқайды орысы.

— Кет, ендеше. Пешком пойдеш, нагробу придеш, — деп орысшалады Беркін.

— Че? че? — деген орысы.

— Әй, ақымақ, өз аяғыңмен кетсең, сені біреу көму үшін табытқа салып әкеліп тастайды, — деп қазақшалады Беркін. Беркіннің совхоз заманында мұз теуіп жараланған қойдың тұяғын нұсқап, облыстан келген орыстың: «Почему так?» — дегеніне, тексерушінің аяғындағы алпақ пимаға қарап: «Белый сопаги нету», — дегені елге жайылған. Әлгі газетші Мұқанның: «Шіркін, Еркіннің орысшасындай ағылшынша білсем, әлемді таңғалдырар едім», — дегені де бар.

— Мәсет совхоздан қалған, приватизацияда біраз қой алып, жекешеленген үйінің есігін ашты. Қабырғаға арқасын сүйеген орысының шашы дудырап, әр тұсына сабанның шашағы ілініп, өсіп кеткен сақал мұрты ұйысып, жайшылықта тесіле қарайтын жанары ішкендігін білдіріп ұяң күлімдеп отыр екен. Мына хал мына әңгіме көңіліне жаға қалған.

Бөттен аттың иесі Шәкір сабырлықпен айналасына көз салған. Сырттағы көң өскен бе, әлде үйдің іргесі отырды ма, терезелер төмен түсіпті. Жарық та аз, ауа да тар, іргелерде ылғал бар. Үлкен бөлменің жартысына жуығын әлде жеті, не тоғыз құдық пеш алып тұр. Оның маңы да ыбырсып жатыр, қидың қалдығы қарағанмен араласып кеткен. Оның үстіне, ыс басқан төбеде еңсені басып тұр. Бұрыштағы үстелдің үсті де не алуан тамақтың қалдығына толы.

— Көп болды ма келгеніңізге? — деді Мәсет.

Шәкір сұраушының жүзіне тоқтала қарады. Иә, Мәсет — осы шаруашылықтың иесі. Өзінің мұнда тұратыны да, тұрмайтыны да белгісіз. Әуелде қатыны да, бала-шағасы да қысы-жазы осында еді. Әлгі үкімет «бұлардың не?» демейтін ұрылар тоқтың сымын қиып-қиып, үкіметке ме, әлдеқайда өткізген соң қараңғы ауылға біраз шыдады. Сонан соң Қатыны:

— Тұрмаймын мұнда. Көрдей қараңғыда қаласаң, өзің қал, — деп Айғырұшқанға көшіп барған.

Жалғыз ол емес, талайлар солай етті. Не жарығы жоқ, не бір мәдени байланысы жоқ, ешкім келмейтін, жүрмейтін жерге қалай шыдасын? Е, әлгі социализм заманында апта сайын дайын монша келіп, автодүкен керегін әкеліп, газет-журнал дегенді оқушы еді. Теледидар деген болатын. Соған үйренген жұрт орта ғасырдың май шамына бір-ақ қарғып түсті. Шошынған халықтың қолынан келген қарсылығы — отырған орнынан, өскен жерінен үрке жөнелу. Сонан соң әлгі қиыншылықты жылдар басталған. Әр нәрсенің құны аспандап шыға келді. Бір кесек шабын, бір тоқты. Жұтай бастаған жұртты аудан басшылары: «Әлі бәрің бай боласыңдар», — деп сендірді. Ғасырға жуық уақыт халық үкімет сөзіне сенуге үйренген. Иә, бай болатын шығар, әйтеуір жақсы сөз, соған мәз.

— Солай, солай де. Таңдап алған жолым сәтті де, — деп тиісті Беркін орысқа.

— Өмір? Ал, сенікі не? Айтшы, кәне? Басқалар сенсіз де өмір сүрген, сүре де береді. Сенің ешкімге керегін жоқ. Сен жейтін нан, сүйенетін таяқ емессің ғой.

— Менде нең бар? — деп шамданып қалды Беркін. — Өзің туралы айт.

— Осы адамдар қызық. Бірін-бірі қысып, сыққанына мәз. Жер жыртады, мал бағады, сонан соң жөтеледі де, қуаты сарқылып, бір жерде шіриді. Бай да, кедей де жарты ес боп туады, ақымақ боп өледі.

— Өз көрін өзі қазуға шамасы жетпей дейсің ғой.

— Мен өзімше өмір сүремін. Мен қайда болмады, не көрмеді дейсің. Солай өмір кешкен дұрыс, бар да, көр. Бір орында қалып қойма, не бар онда. Мына

күн мен түн де бірін-бірі қуып жүр ғой, тап солай сен де өмірден өзінше ләззат іздеп жүгіре біл. Бір жерде тұрып қалсаң, өмірде не мән бар.

— Сен де әке-шеше арқылы дүниеге келдің ғой. Өмір мәнін үйленіп табар ма едің?

— Ә, жігітім, әйелдер жақсы әндетеді, оларға сенбе. Сүйісу темекі тарту емес, сүйіскен екенсің, еркіңнен айырылды. Ол әйел сені байлап алады, енді оны үзіп кете алмайсың, — деп Мәсеттің орысы уәжін жалғады.

Иә, әркімнің өзіндік пәлсапасы жетерлік. Ішіп, жатқаннан жөн сұрасаң, өзінің осы әрекетін ақтайтын дәлелі, көздеген мақсаты бар болып шығады. Қаңғып жүрген мына орыстың айтып отырғаны мынау. Шамаң жетсе осыны жеңіп көрші.

— Тұншығып кеттім, тысқа шығайықшы, — деді Шәкір.

Мәсеттің жүзінен уайым көлеңкесі жүгіріп өткендей елес берді. Айналага қарасында да бір шарасыздық бар сияқты. Далада қапырықтау екен. Арқасын тоқыған шетенге сүйеп, қолдарын кеудесіне айқастыра қойған оның саусақтары пернені бойлай секіргендей мазасыз қимылда. Көзінің қиығын жүгірткен Шәкір: «Бұл не адам?» — деп ойлайды. Маңдайына көлденең түскен үш әжім сызығы бірде тереңдеп, әлдебір уақытта қолмен сипағандай жазылып, жоғалып та кетіп отыр. Не уайым, әлдененің үміті бойын биледі екен.

Иә, бұл да ханталапай кезінде тіресіп жүріп, осы қыстақты үш-төрт жүз қойымен алған. Мың айдамаса да, шала байыған. Трактор, машина тиген бұған. Қыстақ маңында машинасы көрінбейді, ал тракторы ана дөңнің басында бір сирағы морт кесіліп, үш аяқтап тұрғаны болар. Біраз елдің малы өскен еді. Оның малының қарасы ана беткейде жүрген елу-алпыс тұяқ болса, шаруасы шатқаяқтаған екен.

— Шаруа қалай? — деді Шәкір бәрін көріп біліп отырса да.

— Бір-бір портфель ұстап, әрқайсысымыз директор боп құтырып шыға келіп едік, ендігісін ішіңіз сезер. Бай болу басқа жазбады ма, әлде сонау қол жетпес алыстағы жоғарыдағылардың басқаны байытқысы келді ме, біздің шаруа ілгерлемей-ақ тұр.

— Әркімнің басында бар қиындық қой. — Шәкір жұбатқансыды.

— Жоғ-ә, деймін, — қолдан қаусатты ғой. Ана үш аяқты трактірге дөңгелек сатып алайын десем, ана жүрген қой-ешкінің талайы кетеді. Рас қой? Рас.

— Е, — деді Шәкір.

— Бағаны қуып жете алмайсың. Кешегі социализм заманында бензин үш сом, солярка үш тиын тұратын. Соншама арзанға сататын сол кездің үкіметі ақымақ емес қой, сол үш тиыннан да пайда көргені ғой. Енді не болды? Солярка бензиннен қымбат. Осыған ми жете ме? Анығы — біреудің қалтасын қалыңдатып жатыр. Недеген тоймастық?! Ширек ғасыр өтті, әлі сол ынсапсыздық. «Осымыз дұрыс» деп балаларды алдар, ал біз арзаншылықты көзімізбен көрдік.

— «Дағдарыс» деп жатыр ғой. — Шәкір өзінің де іші күйіп отырса да Мәсеттің күйінішін бәсеңсіткен.

— Жоғ-ә, қолым жағасына жетпейді, әйтпесе... мынаған қараңызшы, бізге сататын темір-терсектің, әлгі саймандарды айтам, құны он есе өсті, тіпті онан да көп өсті. Ал, бізден сүтті сутегінге алса, еттің құны баяғы совхоз заманындағыдай. Бұрын осы екі жақтың да заттарының құны теңгермеге келетін. Сонда бұл не? Ауылдың адамы ойнас қатынан туған шата баланың күнін неге кешуге тиіс?!

— Е, сондай болып тұр, — деп қалды Шәкір де.

— Сонда не, мақсат — ауылды бір жолата құрту ма?

— Олай демейік, ауылды өрістету керек деп жатыр ғой.

— Сіз оған сенерсіз, ал мен... Кім көрінгеннің жемі болдық қой біз. Анада мал алуға келгендерді көрдіңіз ғой. Ыңғай іші-сырты бірдей семірген, сөзді тісінің арасынан зорға шығаратын қулар. Әбден елді жеп, әккі болып алған.

— Е, көрдік қой камаз-камаз машинамен жүр.

— Солар-ақ сорлатып бітті. Бізде ақша жоқ. Балалардың оқуы таяп қалды. Бәріне киім керек, бәріне кітап керек. Баланың киімі деген бір үйді титықтата-тын жағдай, қымбат-ақ. Сіздің үйде нешеуі оқиды?

— Құдай берген төртеуі бар ғой.

— Ал менің екі қызым студент. Үшеуі мектепке барады. Ана үш ұл жаз бойы үстіндегілерін жұлма-жұлма еткен. Енді тұттай жалаңаш деуге болады. Үйде көк тиын жоқ. Енді немен киіндіреміз? Қыздарымның жағдайын қалай жасаймын.

— Жалғыз сен емессің, ауылдағының көбінің жағдайы сондай ғой.

— Дәл айтасыз, көбі менің кебімді киіп жүр. Сонан әлгі мал алғыштарға бардым емсе пе. Алты жасар бұқамды бұзаудың құнына алмақ. Тіресіп жүріп зорға дегенде тайыншаның құнына жеткіздім. Алты жыл баққан малым... Бір емес-ау, үшеуін салып жібердім. Жалғыз сен емессің, талайды сөйтіп күн жарықта тонап кетті ғой.

— Ел таза осыған көніп болды. Мен өзім тап солаймын.

— Бермендер мыналарға малды, — деп Дауылбай ара түсіп бақты.

— Бермегенде не істейсің? Көздері жауандап балалар жүр, «бір амалын тапсайшы» деп үйде әйелім жылап отыр. Қара жерді қазып, көрге түсіп кетуге өзің де шақ қаласың.

— Дауылбай бәрібір дұрыс жасады. «Сендей қуларға төккен теріммен өсірген малды бергенше, сойып итке тастаймын», — деді.

— Өйте қоймас.

— Жынды дейсің бе? Қалаға апарып өткен бағасына халыққа сатамын. Мыналардай без бүйректердің бүйірін бұлгита бергенше, ең болмаса халық жесін деп отыр.

— Ол сонау қалаға апарар, шамасы жетеді, машиналары жүріп тұр. Біздің оған жағдайымыз тағы келмейді. Сөйтіп, шүршіт пе, сарт па, жөйіт пе, соған жем бола береміз.

— Е, есеміз кетіп жатыр ғой, ана құлатып тастаған заманымызда елдің өткізер малын жинап алатын заготскот деген мекеме болушы еді. Малдың ақысын тойдырып бермесе де, тонап алмайтын.

— Е, соны неге қайта құрмайды ендеше? — деп Мәсет көтеріліп барып отырды.

— Ана Дауылбай да соны айтады. «Көмейіне ты-

ғатын жебір қу емес, әйтеуір үкімет алады ғой, бір шеті халыққа жетеді ғой», — деді. Сонысы рас та ғой.

— Әнеугүні газеттен балам оқып берді. Бір елде қойынды аман-есен төлдетіп, асырағаның үшін саған сыйақы береді екен. Ал біз барымызды ұқсата алмай, кім көрінгенге жалтақтап, өлместің күнін көріп жүрміз.

Шәкір әлемдік мәселелерді әрі қарай созғысы келмей, сөзді ауыстырды. Иә, осы жігіттің өз басына байланысты жай да бар-ау. Ішеді деуші еді. Бүгін де қирай мас болмаса да, іштегінің қызуы сезілген.

— Бәрі дұрыс, дегенмен біраз қиындық өз басымызға да байланысты болып жатыр-ау, ә? — деп сөздің қай жаққа бет алғанын түсінбеген Мәсет сәл аңырды.

— Өткеннің, орыс заманының, санамызды да, тәнімізді де улаған пәлесінен құтыла алмай жүргенімізді айтамын. Сенің қатарындағы кейбіреулер әлі арам суға жақын ғой.

— Иә, — деп абыржып қалған Мәсет маңдайын сипады. — Елмен араласып, басқаның мұңы мен шерін бойына жинап алу бар. Олардың жүрегі басқаша шығар. Қиындықты көреді де, сонан шыға алмай, соның өртін ашшы сумен басатын да, — деп Мәсет өзінен аулақтата сөйледі. — Рас қой, осым.

— Өртті отпен баспайды дер едім.

— Солай да шығар. Бәрін де түсінемін, Шәке. Шаруаның шайқалғанына да ақталу жоқ. Кейде «осы мен жер бетінде тіршілік етіп жатырмын, бірақ кімге керекпін?» деген ой да келеді. Сонан соң жәудіреген бала-шағаң есіңе түседі. Тірлік етіп жүріп түңілесін. Адамды іштей бастап тұратын тап қазір жол жоқ. Құлаған заманмен бірге бір керегімді жоғалтып алған сияқтымын. Иә, сол бірдеңемді жоғалтып алғандаймын. Уақытпен күн кешіп жатамын да, сол жоғалтқанымды іздеймін. Іздеп жүріп өзім де адасамын.

— Адаса бермексің бе?

— Не десем екен? Бір ғұлама басқа жолықсам ба деймін де. Мүмкін сол менің өмірімнің мәнін түсіндірер.

Шәкір өмір мәнін өзінше түсіндіруге кіріскен. Өзінің көзі жеткен шындықты, әлемнің сұлулығын, адамның ұлылығын, ұйыған ұядай ұяны тілі талғанша айтқан

еді. Әңгімесінің кешегі үлкендердің ертегісіне ұқсап кеткенін де байқамады. Өз сөзіне-өзі сенді.

— Әрине, заман жеке адамның өмір ағысынан тұрады. Бірақ сен бәріне кінәлі емессің ғой....

Мәсет үнсіз тыңдады. Кейде жүзіне бір шуақты қан жүгіріп, балаша қуанған күлкінің табы білінді. Араарасында әлденеге өкінгендей күрсініп те қояды.

— Бәрі дұрыс Шәке, бәрін де жеткізе айттыңыз. Менімен әкем ғана осылай сөйлескен шығар. Қисық кеткен ісіне адамдар бірін-бірі кінәлайды. Дегенмен, сіздіңше, адам еш нәрсеге кінәлі емес, айналасы кінәлі, орнаған заман жауапты. Біздің әкей құранды оқып, тәржімалап отыратын, сонда «адам өз қатесіне кінәлі» деуші еді.

Шәкір мына Мәсеттің басын пәледен аулақ тартамын деп ағат кеткенін түсінді.

— Жоқ, Мәсетжан, не мен саған ойымды дұрыс жеткізе алмадым, не сен жете түсіне алмай қалдың. «Тамақ керек болғандықтан ұры мал ұрлайды» десек, не болғанымыз? Онда адам мен аңның арасында айырмашылық қала ма?

— Бәріміз де анадан тудық. Дегенмен де менде бірдеңе жетпейді не дұрыс емес. Мүмкін адамға тән қасиеттің бәрін алып тумаған шығармын. Сіз айтқандай, барлық адам бірдей-ақ шығар, ал мен басқаша шығармын. Ендеше, мен неге өзімнің кінәм үшін басқаны ғайбаттауым керек. Біздейлер бәріне өздері кінәлі. Өмір сүру ынтамыз аз ба, әлде бармызды жоғалттық па, тап сондай бірдеңе.

— Бұл өмірінде сәтсіздіктеріне тек басқаны ғана кінәлайтын талай адамды кездестірген еді Шәкір. Олар өзінен бәрін аулақтатып, мойнына қойылған қисапсыз дәлелдің өзін мойындамайтын да, өзінің күнәдан пәк екенін айтудан жалықпайтын. Бәріне кінәлі ол емес, басқа зұлым жандар, бұл — тек құрбаны ғана. Мәсет тағдырды да, басқаны да кінәламайды. Жеке өміріндегі сәтсіздіктерге тек өзі кінәлі, мүмкін сол үшін де, иә, кейде ішіп қоятыны бар.

— Әкеміз өмірде әркім өз ғұмырының иесі деп үйрететін. Менің ауып жүретінім үшін біреуді кінәлаудың өзі күнә.

— Солай-ақ болсын, сонда айналасындағы жамандыққа итеретін сыртқы күштердің әсерін қайда қояр едің? — деп қалды Шәкір Мәсеттің ендігі пәсапасына таңданып.

— Көнбе оған, қарсылас.

— Ол күштер сенің ерік-жігеріңен де әлдеқайда қуатты болса ше?

— Сонда да берілме.

— Сен неге әлсіздік таныттың?

— Айттым ғой, табан жолымды жоғалтып алдым деп. Тірегімді таба алмай жүрмін.

Осының бар шыны осы шығар деп ойлады Шәкір. Адамға қалай сенбессің. Тіпті адам өтірік айтып тұрғанын сезсең де тыңда оны, неге өтірікке барып тұрғанын түсіндіруге тырыс. Өтіріктің артында да шындық жатады. Осы жұрттың бәрі шындықты дәп өзіндей айта алып жүр ме.

— Тірегіңді таба алмай жүрсең, кедергі жасағандардың да болғаны ғой.

— Әрине, олар маған, мен оларға дегендей. Мүмкін ешкім ешкімге кедергі келтірмейтін өмір орнату керек шығар.

— Оны кім орнатады?

— Біз өзіміз ше. Бірақ соның ыңғайы қалай келер екен? Соны да білмейміз ғой. Социализм заманында бір талпыныс болып еді, оны құлатып тындық. Кәзір жұрттың бәрі өз-өзіне бастық, бәрі өзімшіл. Қолы жеткен ұрлайды. Иә, мен осы қазақтың ағайындығын, бауырмашылдығын жоғалтып алған сияқтымын. Бәрі сатулы. Жер сатулы, көр де сатулы.

— Қой, сен таза бар, бәлекетті төндіре берме.

— Шындығында осының бәрін көресің де, ішің қайнайды. Бірдеңен өртеніп бара жатқандай болған соң ащы суға басұрасың.

— Бұл — дәрменсіздік. Сен жаңа ғана «адам — өз ғұмырының иесі дегенсің. Иесі сен емес пе? Әр істің иесі өзің болсаң, жамандыққа неге бас ұрасың?

— Шәке, осыны айтар да ешкім болмай жүрген еді. Осы кісі осы жерге неге келді деп те отыр едім, енді білдім.

Шәкір бір күн ішінде екі адамның өмір түсінігіне

тап болды. Қаңғыбас орысқа ештеңенің керегі жоқтай, өмірден өзінше ләззат алмақшы. Мәсетке өмір керек, бірақ тиянағын таба алмай жүр. Әр адамда «мен» деген сиқырлы күш жатыр. Сол «мен» «бізге» ауыспаса, адамзаттың ғұмыры шектеулі шығар. «Менді» «бізге» жақындатар күш мұсылман діні болар.

* * *

Рахима әжей баласы Дауылбайдың еңсесі биік кең үйінен гөрі есік алдындағы аласалау ас үйде отырды ұнататын. анау кең үй бір кездегі совхоздың басшысынан да қалған. Қанша әдемі болғанымен де біртүрлі жат сезіліп, көңілге жылу ұялата қоймайды. Мына аласалау тамға өзі сияқты кемпірлердің келіп кетуі де жиі, араласуға да ыңғайлы. Иә, осы өңірде талай жылдары өтіп барады. Тағдыр не көрсетпейді дейсің. «Халық жауы» атанған отағасы екеуінің бастан кешпеген қиындығы жоқ шығар. Терістіктің аязына да, түстік жақтың аптап ыстығына да төзе білуге мәжбүр болған. Сөйтіп жүріп заманның жылымығына ілігіп, осы елге, туған даласына оралған.

— Е, Алла, осы күнге жеткізгенге шүкіршілік.

Айдауда жүргенде әлгі мақтаулы Петерборына да барғаны бар. Ол туралы әңгіме қозғаса, осы айналадағы кемпірлер сөзіне сене қоймайды. Өздері бармаған қалаға бұл қалай аяқ баса қалды дегендей кейіп танытады. Мейлі, сенбесе сенбей-ақ қойсын. Біреудің сенгеніне бұл да мұқтаж емес. Бұған Рахима әжей де ренжімейді, сөз де таластырмайды. Өзінің қатарластарына қарағанда өнді де, таза да. Аптасына бір рет үйіліп келе қалатын газеттерді де шолып шығып, келген кемпірлерге әңгімелеп береді. Көңілі түскен күні үстелдің суырмасынан әндер жинаған алып, көне де, зар мен мұңы толы, бірақ өмірді сүйеге шақыратын әндерді бастайтын. Ән ырғағымен тербетіліп отырған кемпірлер өздерінің қалай қосылып кеткенін де білмей қалатын.

Сонан соң кемпірлер өзара күбірлесетін. «Тағдыр бұған тәтті өмір бұйыртпаған ғой, тіршілік үшін қор-

лыққа төзіп, итшілеп күн кешуге жазған ғой. Әндердің ащысын айтуы сонан шығар», – десетін..

Рахима әжеге келіп жүретін әженің бірі – Қатыш. Соңынан кісіге жуи қоймайтын немересін сүйрете келеді. Өзінен туған қызының бүгінде қайда, кіммен кеткенімен хабар жоқ. Мына қазақтың даласын да, адамын да қойыртпақ қылып жіберген кешегі «дружба народов» деген тұста қызы әуелі еврейге, сонан кәріске тиіп жөнелген. Әр еркектің бұтын көрген қатын оңушы ма еді, келесісі қандай дей ме, әйтеуір тыюусыз кетті де, бір соққанында, мына баланы тастап, тағы да безген.

– И...и! Құдай-ай! Бұл елді кім аяп жатыр. Әнебір ракета дегені ұшқан күні осы ауылдың көксау шалдары тегіс үйді-үйдіне тығылады. Тығылмасқа шама жоқ, булығып, тұншығып, талайы естен танып қалады. Шақырғанға дәргері келуі келеді-ау, бірақ олар да дәрменсіз, алақандарын жаяды да, бір таблетка береді. Әй, осылардан ішірткі берген тәуіп артық еді. Сонан соң әйтеуір терлейтінсің. Шипасы болатын.

Рахима әжей сонау жылдары елге оралған соң, ішер асқа жарымай тұрған шақта бала-шағаның қамы үшін тырбанып есігінің алдына картоп салатын, біреуден қалған ескінің көзіндей өрмегін алып, алаша тоқыды. Күйеуі жылқыға шығып еді, қыл шылбыр, қыл арқан есті. Әйтеуір бос отырмады, балаларын іске баулыды. Ана Дауылбайы да қазір бәрін біледі. Тұсамыс, өре дегенді ел қайыстан салса, Дауылбай: «Қайыс су тисе созылып кетеді», – деп қылдан еседі.

Есіктің алдындағы төсенішке біреудің аяғын сүрткені естілді. Қатыш шығар деген, ол жалғыз емес екен, Мәрбан мен Шарбан ілесіпті.

– Қалай, қайнағаң тірі ме? – деп сұрады Рахима әжей.

– Тірі. Тірлігі де бар болсын, бүгін түнімен ауырып, есімізді шығарды. Жалғыз басты ғой, өліп бітті балалары. Бәрі рак деген бәледен. Осының қайдан жұғатынын білмейсің, екінің бірі рак дегенге ұшырағанын көріп жүрміз, – деп Шарбан ұзын орындыққа отыра кетті.

– Заражениеден, – дейді ғой деп Мәрбан орысшасын қосып қойды.

— Онысы несі тағы?— Шарбан кимешегінің жиегінен құлағын шығарды.

— Әлгі атом бомбасы жарылғанда, Жапондар осы заражение алып, рак болыпты.

— Әй, бізде бомба жарылған жоқ қой, — деп дауласты Шарбан.

— Ракета ұшып жатыр, сонан деседі ғой. — Мәрбан бар білгенін айтып тынды.

— Сонымен қайнағаң тәуір болды ма, өзі?

— Ой, әйтеуір... қайдан алғанын білмеймін, күшала ішіпті. Ағыл-тегіл тер, кірпігі зорға қимылдап жатқан, өлді ғой деп едік, әйтеуір бері қарады.

— Ескінің адамы ғой, бұдан бұрынғы үлкендерден қалған дәрісі шығар. Ем болса болды да, — деп түйген Рахима әжей. — Тек, байқандар, алмасы болып, соны ішіп қоймасын.

— Алмас дегенді көрген емеспін, өзі қандай болады екен? — деп ынтықты Қатыш. — Керемет күшті дәрі деседі ғой.

— Күштілігі сондай— тарының дәнінің төртен біріндейінің өзі осы отырған төртеуімізді о дүниеге аттандырып жіберуге жарайды.

— Не дейді, көтек?— деп, Қатыш шошынып сырғып отырғанын өзі де сезбей қалды. — Ондай-ондай дәріні неге шығарып жүр?

— Бұрын болған, қазір алмасты дәрі ретінде шығармайды, — деп сөз қосты Шәрбан. — Біздің әкейде болушы еді. «Ақ алмас, қызыл алмас» деп отыратын. Ақ алмастың тарыдай дәнін жарты литрден артық суға ерітіп, күніне бір рет шай қасықпен асқазаны ауырып, дәм іше алмай қалған адамға бергенін көзім көрді.

— Әй, онда осы жұрттың көбі асқазаннан рак дегенге ұшырап жатыр ғой, соларға неге бермеске, ем болар. — Қатыш: «Міне, жөні осы ғой», — дегендей айналаға жалтақтай қарады.

— Иә, Қатыштікі дұрыс. — Шарбан қостай кетті.

— Оны енді қайдан аласын, алмас жоқ қой қазір.

— Дәрігерде болатын шығар.

— Дәрігердің басы екеу дейсің бе, соттап жібереді ғой.

— Бар дүние қалай жоқ болады, бар шығар әлі.

– Оны іздеген адамның өзі істі болады, қазір. Әлгі прокурор, милиция деген аңдиды емес пе?

– Сондай дәріні аңдығанша, анаша сатқандарды ұстамай ма?

– Оларды неге ұстайды, сонан өздері табыс тауып жүр емес пе?

Кемпірлер дауласып жөнелген. Бірінің сөзі біте бере екіншісі іліп әкетіп, естіп-білгендерін ортаға салысқан. – Әжелер біраз жерге барысып барып, ухилесіп тынды. Босап кетке бас орамалдарын тартып, күнде көріп жүрген мына баспананың қабырғаларына тамсана қарап отырған. Кенет әңгіме Шарбанның қайнағасына қарай қайта ауысты. Кемпірі балаларының соңынан о дүниеге аттанып кеткен. Бір үйде жападан-жалғыз өзі. Қатыштың баласы Өмірбек «бірге тұрайық» деп шақырып бақты.

– Жо-жоқ, қарағым, менің сүйегім осы үйден шығады, – деп, ағасы теріс айналып кете береді.

– Түнде ауырып-мауырып қалсаңыз...

– Алланың жазуы солай болса, қолдан не келеді?

Шарбан күрсінді. «Топты баланың соңында жалғыз қалудан жаман қасірет жоқ шығар. Біз де жетісіп отырған жоқпыз, жұмыс жоқ. Кеше К–700 деген таудай тракторын мініп, күндіз-түні осы совхоздың, осы елдің бар шаруасын тындырып жүрген баласы Өмірбек жерге қарағандай болып отыр. Әйтеуір алдында біраз тұяқ, он шақты қара бар. Азаматқа ол жұмыс болып па? Қаладағы бала: «Кел, – деп қалаға шақырады, – жұмыс табылар», – дейді. Қалаға баруға өзінің де құлқы жоқ. Оның бер жағында, жалғыз қалған қайнағамды жұртқа қалай тастап кетесін.

– Ойпырым-ай десейші. – Рахима әжей күрсінді. – Заманында болған-ақ адам еді. Жалғанның соңын-ай.

– Е, айтпақшы, қайнағам да біздің толқып жүргенімізді сезді ғой деймін, үн-түнсіз қалаға кетіп қалған. Екі-үш апта болды, еш хабар жоқ. Адасып кетті ме деп өзіміз шошына бастағанбыз. Есікті ашып, кирелеңдей басып кіріп келгенде, қуанышымызда шек болмады.

– Қалаға барып тұрам ба деп едім, қала жағдайына шыдай алмадым. Әлгі немере қарындасым бар ғой,

сол үйге барғам. Үйі кең, орын жетеді. Жетіспейтіні... Ә, қойшы, қонақтаған тауықтай бесінші қабаттан терезеге үңілесің де отырасың. Жата-жата жамбасың шіритіндей. Әйтеуір телефон дегені бар, сонысы дыр-дыр, зыр-зыр. «Әлә-әлә!» Бір-екі ауыз тіл қатыстың, сонымен болды. Бір мылқау дүние. Е, мына есік алдына шығып, иттің үргенін, құлынның кісінегенін естіп, жүгірген құйынды көріп, маңғаз тауларға зер салғанға не жетсін, — дейді қайнағам.

— Қалаға барып көрдік қой, — деп бастады Мәрбан. — Қаладағы қызымның үйінде жаттым. Бәрі тамаша сияқты, туалетке дейін бес адым, жанында шомылатыны және бар. Жыл бойы далаға шықпасаң да сені іздеп жатқан пенде жоқ. Барың не, жоғың не. Шай ішем деп самаурын қойып әуре болмайсың. Ыстық суы да, суығы да ішінде, шүмегін бұрап қалсаң болды. Қаланың қатын атаулысынікі жайма-шуақ бір өмір. Жатсаң — жат, тұрсаң — тұр. Ең қиыны — ас үй мен туалет көрші. Қалай отырарыңды білмейсің. Ішің ауырса... Естіліп қала ма деп қиналып отырғаның.

— Сонысы тіпті өрескел. Құманыңды ұстап даладағы туалетке барғанға не жетсін!

— Қайдағыны айтпашы, әлгі бір әкім ауылды жабамыз деді ме, не деді? Сонда бізді енді қалаға қумақ па? Даладан ауылға, колхозға қуып әкеліп еді, енді ауылдан қалаға қумақ па, тағы. Шығады бұлардан, шығады. — Шәрбан ауырсына басын изеді. — Ол жерде ажалдан бұрын өксуден өлетін шығармыз. Бәрі — бөтен, бәрі — жат, есі түзу адам жат жерге ағаш та отырғызбайды ғой.

— «Қала, қала» дедіңдер. Қаланың жағдайын осы ауылда да жасауға болатын еді ғой. әр үйдің жанында «мен мұңдалап» шүмекті кран тұрды, ерінбеген кей азамат содан мал қорасына да су тартып алды. «Жұртқа үлгі болайық» деп директордың өзі бастап, басқасы қоштап, басшылар жағы үйді-үйге де су кіргізді. — Рахима әжей «осыны ұмыттыңдар ма?» дегендей қатарластарына бажайлай қарады.

— Рас, тап соны жасады ғой.

— Өмірбек те үйге су тартқан, — деп қостады Шарбан.

— Сонан соң ауылдың әйелдерінің де шаруасы жеңіл болсын дегенді айтты. Міне, соның үлгісі деп үйіне тоқпен су ысытатын «титан» қойып, оны көрсетті.

— Иә, иә, біраз үйдің азаматы «осы дұрыс екен» десіп, қолға ала бастап еді, онысына жете алмай қалды ғой.

— «Көп итті жолбарыс бастаса, бәрі жолбарыс болады, көп жолбарысты ит бастаса, бәрі ит болады» деген бар ғой. Соның кері бізге кезігіп, жап-жақсы бастаманың арты құрдымға кетіп, сан соғып қалған жоқпыз ба? Осы халық не өзгеріс боп жатқанын түсінген де жоқ емес пе? — Рахима әжей іштегі ренішін кемпірлерге төккен. Іштегі реніш— залал. «Залалды өстіп сыртқа шығармаса болмайды» деп отырушы еді марқұм шалы. Енді мынау, мына жұрт, мына кемпірлер қайда барарын, не боларын білмей күнде осында жиналып, бас сауғалағандай халде.

— Шақырым жердің ар жағындағы бұлақтан су құбырын тартып, тұщы су ішіп отырушы едік, әуелі тоғының сымын ұрлатып, соны құртты, — деп ренжіді Шарбан.

— «Сендерге осы да жетеді» деп бүкіл ауылға екі жерден сквжена қазып, шүмек қойған еді, суының кермектігі ғажап, самаурынды тұтып қалады. — Мәрбан осыған сеніңдер дегендей алақанын жайды.

— Бәрі ауылды құртудың айласы да. — Қатыш: «Сенің күнің не болады?» дегендей жиенін бауырына қыса түсті.

— Айтты ғой, әлгі Керғали әкім: «Көгермес ауылдың бірісіңдер» деп. — Шарбан самай шашын түзеді. — Көк орай шалғынға бөленген, самалына мал семірген ауыл едік, қалай көгермес бола қалдық, соған таңмын.

— Әкім «келешегі жоқ ауыл» деген, — деп түзеді Қатыш.

— Келешегі жоғы не, көгермесі не, әйтеуір көктей солатын болған соң бәрібір де.

— Біріміз қызымызға, біріміз ұлымызға кетеміз. Сонда мына Қатыш қайда барады? — Мәрбан Қатышқа бұрылған. — Мұны кәрілер үйге де алмас, оған жиенін тастап өзі де бармас. Ана албасты басқан қызын да ешкім таппас.

— Жоқ, мен мұны ешқайда тастап кетпеймін де, ешкімге бермеймін де, — деп безектеді Қатыш.

— Соның дұрыс, ел іші ғой, бірдеңе етіп күнелтерсің, біз де бармыз ғой. Оқыт, оқуға бер. Түбі әлі сені осы асырайды, — деп қостады оны Мәрбан.

— Бәрің бір жаққа жиналып жатқандай екенсіңдер. Мен осы ауылдан тапжылмаймын. Талай сорды да, сорлыны да көріп баққанмын. Жалғыз қалсам да осы жердің соңғы қазығы боламын. Дауыл соққанда да үйді бекітер бір қазық болады. Тағдыр соған жазған шығар, — деп Рахима әжей орамалымен бетін сүртті.

— Біз де.

— Мен де.

— Тап осы жерден сүйегіміз шығады, — десіп кемпірлер жамырай жөнелген.

— Қазақта «қырық жылда — қазан», «елу жылда — ел жаңа» деген мақал бар еді. Өзім соны енді түсінгендей болып жүрмін. Осы «қырық жылда — қазан», «жаңа» деген сөзде көріпкелдік пе, әлде жаратушының жазуы ма, бір керемет жатыр. Қараңдаршы өздерің, осы жиырмасыншы ғасырдың өзінде өмір қалай құбылды? Патшаны тақтан құлаттық, мұны — бір де; қуып әкеліп колхоз жасады, өмір сүру тәсіліміз өзгерді — екі де; әлгі американың жаяу қуып жеткіш Курышып деген келіп, «жоқ, болмайды» деп бар колхозды совхоз жасады, өмірге тағы өзгеріс енді, мұны — үш де; комунизмге таяу қалдық деп жүргенде, бәрін төңкеріп, ту-талақай етіп тонап, бас-басына би-патша боп тағы шыға келдік, бұл — төртінші реткі өзгеріс. Әр өзгерісте қазан, яғни өмір сүру тәсілі өзгерді.

— Шын екен-ау, сіздің де білмейтіңіз жоқ, — деп таңданды Мәрбан.

— Өмірден көргені көп қой.

— Қиындықтың неше алуанын бастан кешті ғой. Біз сияқты бай мен баланың жанынан озбаған, өсектен әріге бармаған пенде емес, өмір үшін арпалысты ғой, — деп бірақ түйді Шарбан.

— Ал, енді не болады? — деді дегбірі кеткен Қатыш.

— Осылай тұра берер деп пе ең? Тағы өзгерді. — Рахима әжей қолына ұстап отырған кітапшасын суыр-

маға қайта сала салды. — Әйтеуір қырық жылдан бірі сәл асып, бірі сәл жетпей өзгеріп жатқан заман ғой.

— Сонысы тезірек болып, өзгерсе екен. Мен сияқты тиянағы жоқ жалғызбастылар «қайда барып, қалай босып кетеміз» деп ішкеніміз ірің болды, — деп, Қатыш ішіндегісін ақтарды.

— Е, менің қайнағамның да күні сол. Небір күні қаладағы қарттар үйін сөз етіп отырды. Сонан шошып қалдық.

— Қайдағы қайдан ауызына түсіп отыр сол шалдың, — деп ренжіді Рахима әжей.

— Қарттар үйі — жетімдер үйі ғой, Алла сақтасын.

— Біз қазақ, мұсылман емеспіз бе?

— Кәпірдің ісі ғой— қарияларды «енді осында өл» деп бір жаққа апарып тастау. Әй, мына дінсіздер билеген заман адамды әбден бұзды ғой. Әсіресе, қатын атаулыны. Келіннен шығады бар пәле. Олардың жүрегінен имандылық кеткен. Ана мәжбүн күйеуінің құлағына сыбырлап, әкесін өлім үйіне, әлгі қарттар үйіне өткіздіреді ғой. Көп қатынның біреуі мына біздер ғой, осыным өтірік пе? — деп, Рахима әжей уһілеп орынынан тұрып кетті де:— Осы бір аяғым сыр беріп жүр, — деп қайта отырды.

— Асылы, дұрыс сөз, бірақ бізден иман өшкен жоқ.

— Иманымыз бар, — десіп кемпірлер жүректерін ұстап, беттерін сипады.

Терезенің сыртқы жақтауында отырған мысықты Рахима әжей көзінің қиығымен манадан бақылап отырған. Мысық тегін отырған жоқ, бірдемені аңдуда. Е, бәсе, жақын маңдағы бұтаққа қонған торғайға жиырыла секірген. Қапы қалды, ұшып үлгерген шымшыққа тырнағы ілікпей, сол бетінде сүйек мүжіген иттің үстіне құлады. Арс еткен дауысына ілесе:

— Кет! Кет!— деген үн де жеткен. Есіктен сығалаған Үкібай:

— Е, осында екенсіңдер ғой, — деді.

— Кемпір іздеп жүрген жоқ шығарсың?

— Отыр, шай қояйын, — деп, Рахима әжей орнынан тұра бастады.

— Шай қашпас. Қиратып жатыр, — деді Үкібай.

— Нені қиратып?.. — Рахима әжейдің түсі бұзылып

кетті. Мынау уақыттың беті әрі қараған тұста сенбеске еріксіз сенесің. «Айғырұшқан төңкеріліп етегіндегі көлшікке түсіпті» десе де барып көруге тура келеді. Кеше ғана мәңгілік боп көрінген, алып жартастай сезілген дүниелер көзіңді ашып-жұмғанша быт-шыт боп, көзден ғайып.

— Тағы мәдениет үйін бе?

Өткен жолы ауданнан біреулер келіп, «кеше ғана «халық театры» атағын алған мәдениет сарайының ішін быт-шыт қылып, пәленбай ақша тұратын перделерін сыпырып жатыр» дегенді естіп, осы кемпірлер қопарыла көруге барған. Айқай сол жерде басталды. Іштегі тәп-гәуір есікті біреу сүймен салып бұзбақ боп жатыр екен, Рахима әжей шыдамады:

— Не бүлдіріп жатырсың? — деп айқай салды

— Онда не шаруаң бар? — деген кісімсіген жігіт.

— Бұл— біздің ауылдың үйі, неге бұзасың? Кәне, документіңді көрсет.

Айғайға айналадағы жұрт келді. Біреу кісімсіген жігіттің қолындағы сүйменді лақтырып жіберді. Ақыры ұрлаганын ғана алып үлгерген әлгі біреулер алды-артына қарамай тайып тұрған. Жиналғандар мәдени ғимараттың бір кірпішін бүлдіртпеуге сертгескендей тараған. Сонан бері әлі түр еді сол ғимарат.

— Жоқ, — деді Үкібай.

— Енді не?

— Шеберханаға біреулер келіп, бұзып жатыр.

— Сен...

— Мен бұл ауылға кейіннен келген адаммын. Маған керауыздар «оралман» деген атақ тағып қойған. Сөзім өте ме? Тіпті, өзіме кіжіңдеді. Бүгін ауылда адамдар тағы аз. Сонан осында келіп...

— Күн сенбі ме еді? Қап! Елдің көбі той-тойлап, базаршылап, берісі аудан, әрісі қалаға кетті. Қап, мыналар соны аңдып келген ғой. Енді не істедік? — деп, Рахима әжей тізіліп отырған үш кемпірге қарады.

— Қарап отырамыз ба, бара көрейік, — деп, Мәрбан сыртқа шыға жөнелді.

— Қатыш, ана балаңды жібер, өзі ауылда кім бар екен? Тез шақырсын шал-шауқандарды да...

Қатыштың тіл ала қоймайтын баласы бірдемені

сезіп, түсінді ме — зыр жүгіре жөнелген. Кемпірлердің алдын бастаған — бәрінен де денелілеу Мәрбан. Қолына қысқалау таяқ ұстап алыпты. Оның соңынан Рахима әжей зорға ілесіп келеді. Оған жетеқабыл келе жатқан Қатыш бір тісі қалмаған аузы омырайылып, ерінін жымқырып алыпты. Әр жерге бір тоқтап, сұдан шыққан балықша аузымен ауа қапқан Шарбан ең соңында.

Бейбіт күнде өз ісіне кіріскендер ешкімнен сескенбей, кеңінен ашып тастаған қақпадан машинасын кіргізіп қойып, бұрайтынын бұрап, сындыратынын сындырып алып жатыр екен. Іштегі бір киер тәуір киімінің сыртынан қара екені, не көк екені белгісіз күртеше киген денелі жігіт бұзып алған кішірек маторды алдына өңгеріп келе жатыр екен. Алқына жеткен Мәрбан тізесі қалшылдап тұрса да, жанынан өте берген жігітті таяқпен қолынан бар пәрменімен ұрған. Сол бетте өзі де тұрған жеріне отыра кетті. Кемпірдің таяғы қолына бата қоймаса да, мұндайды күтпеген жігіттің қолынан ұшып түскен мотор аунаған бетінде Рахима әженің аяғының астына келді.

— Әй, оңбаған, сен маған мына темірді неге жіберіп қалдың? Мерт қылайын деген екенсің, ұры неме! — деп әжей ойбай салды.

— Апатай... — деді сасқалақтаған жігіт.

— Сен мына кемпірді де ұрып жықтың ба? Ойбай-ай, ойбай! — деп Қатыш Мәрбанның үстіне құлай кетті.

— Бәсе, бұлар неғып ұрланып келе қойды десем, кісі өлтіруге бет алдыңдар ма? Сотқа... сотқа береміз сендерді. — Әжейдің қап-қара боп түнеріп кеткен жүзіне қарай алмай, жігіт шегіне берді.

Орнынан Қатыштың сүйеуімен зорға тұрған Мәрбан тағы таяғын сермеп, булығып шыға келді.

— Жоғалт көзіңді, кәне, сұмырай! Анадан тумай кеткен, шошқа! Көзіңді... сенің көзіңді...

— Әй, апа, шоштандатпа таяғыңды. Тартып аламын да, өзіңді...

— Бізді сабамақ екенсің ғой, иттің баласы.

— О, сұмдық, — деп таңғалды жігіт. — Сендерді кім шақырды? Қайдан келе қалдыңдар, ә?

— Ей, саған құрт көзіңді дедік қой, — деп Шарбан

жағасына жармасқан еді, жігіт жалт бұрылды. — Сен иттің бұл жерде нең бар? Әке-шешең осы жерде еңбек етіп пе еді? Не ала алмай жүрген өшің бар сенің бұл жерде? Әлде, осы жердің бір азаматы қатыныңың қойнына барып па еді?

— Әй, әже, байқап сөйле.

— Сендейлерге Құдайдан басқадан жаза жоқ. Әбден шектен шықтыңдар. Осы жерден сендейлерді тірі шығармау керек, — деп тағы таяй түсті.

— Апатай, әрі... әрірек тұрыңызшы, біз тек бұйрықты орындаушымыз.

— Кім? Ол бұйрықты берген кім? Қасиетсіздер. Сендерде иман жоқ. Жер сендерді қалай көтеріп жүр.

Ат шаптырым шеберхананың бір қалтарысынан, цехтардың бірінен, шеберхананы тонауға келген екіншісі шыға келді. Алғаш қарағанда жастау көрінген, киімі де жөні түзулеу. Орыстың насыбайы, әлгі папирос дегенді ерніне қыстырып алыпты. Сірә, бастығы шығар.

— Не айқай? Не шу?

— Мына кемпірлер табан асты тап беріп.

— Әй, сен осының бастығысың ба? Шеберхананы неге ұрлап, тонап жатырсыңдар, ә?

— Түу, соны да сөз деп. Мынадай ешкімге керегі жоқ шеберхана түгілі, ана Қарағанды, Алматыдағы алып завод-фабрикалардан дым қалған жоқ. Осы жетім шеберхананы сөз деп, осыған шу шығарып.

Әй, — деді Рахима әже, — тап саған бұл шеберхана қораш көрінгенімен, бұл— бір елдің жоғын түгендеген жер. Күйеулеріміз, балаларымыз еңбек еткен, олардың қолының табы қалған ана станоктарында. Сен өйтіп көкіме.

— Ой, апа, мына қаңыраған шеберхана түгілі, теміржолда...

— Әй, көпірме, көк ауыз, біз де оқығанбыз газеттерден, әлгі министр ме, орынбасары ма «теміржолды паравозы- мен жұтып қойыпты» дегенді. Кәне, мына темір басыңа тимей тұрғанда...

Дүрілдеп келген мотацикл тоқтады. Дауылбай екен. Жанындағысы — газетші Мұқан.

— Апа неғып жүрсің? — деп шешесіне қарай жүгірді.

— Уһ! Мыналар... — Рахима әжей сылқ етіп отыра кетті.

Ауыл әжелерінің арасынан сытыла берген екеу зытып та үлгерді. «Қап, аналарды, — деп Дауылбай сырттарынан кіжінді. — Қуып жетіп, итше тепкілесем бе екен?» Онда өзі кінәлі боп шығады. Оған прокурордың статьясы дайын. Тонап жатқанға айып та жоқ. Әлгі Бәтте деген шал айтыпты дейді: «Ел талағанға — ескерту, өлтіргенге — сөгіс, заман жақсарды», — деп. Сол шалдың сөзі сөз-ақ, асырып ешкім айта алмас.

Е, міне, шеберханаға қол салды де. Тонау басталды дей бер енді. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген. Анау екеуі шеберхана ішіне қайдан түскені белгісіз, қалтарыс жақтағы қосымша есікті бұлдіріп кетті. Енді жол ашық дей бер. Әлгі темір-терсек өткізетіндердің жолы болды дей бер. Ұрлыққа тыйым жоқ, не деген жағдай мынау. Ауыл түгілі, қаланың көшелеріндегі су құбырларының құдықшаларының бір кісі көтера алмайтын қақпақтарын ұрлап өткізіп жатыр. «Қайдан алдың?» дейтін біреу болсайшы. Анау үкіметпіз, елді басқарып отырмыз дегендердің не көріп, не ойлағаны бар.

Жоғалған мен сындырғандарды түгендемей әжелер де шеберханадан шықпады. Енді оларды үй-үйлеріне табыс еткенше кеш те болып қалды. Рахима әжей шай жасап, әуелгі кесені Дауылбайдың алдына қойды да, өзі шұңқырдағы шайының жартсын тәрелкесіне құйып, ептеп үріп, ұрттап көрді. Манағы айқайшуда көтерілген жүйкесі басылмай тұр ма, басын кілт кекжите қалып, тың-тыңдап, тағы да шайынан асықпай ұрттайды.

— Е, балам, бәрінің де сұрауы бар. Бұл жалғанда сұрамаса, о дүниеде жауап алады. Алла асықпайды, ол сені мен біз емес, бәрін естіп-көріп отыр. Әлгі президенттің өзі айтқан жоқ па еді: «Кез келгенінді білегінен ұстап, түрме есігіне кіргізуге болады», — деп. Ол да бәрін көріп отыр ғой. Қаһарын тігер бір күні, шыдымы таусылар.

— Оған дейін біз таусылып бітпесек, — деп қалды Дауылбай.

— Құдай-ау, осындай ұры-қары көбейген күнді

қай күнәмнан көріп отырмын? — деп таусылды қарт әже. — Осы күнге жетпесем де болар еді. Маған жазған мына тағдыр неткен ауыр, есімді білгеннен көргенім — бейнет. Мына жалған шайқалған, шатқаяқтағанынан бір жазбай қойды.

— Апа-ау, сол шеберхана жаққа неменеге бардыңыз, тыныш жатпай?

— Күнәні көріп отырып тыныш жату да — күнә. Адамның жер бетіндегі міндеті — адал, пәк болу, сол үшін де барыңды беру. Мен қалай онан тыс қаламын?

— Өзіңіз айтқандай, шатқаяқтаған заманды сіз дүзей алмайсыз, артын бағыңыз.

— Не? — Әже баласына үрке қарады. — Жақсы ма, жаман ба, осы тағдыр маған тап келді. Менің бұл жалғандағы уақытым біткен, енді неғып жүргенімді өзім де білмеймін. Мына кэззап о дүниеде де тыныш жатқызбас. Бар да, көрші ана зираттарға. Татталмайтын темірден жасалған айшықтардың біреуі жоқ, оңай тұрған темір шарбақтарды да алып кеткен. Бұрын мұндайды көріп пе едің? Адам осы «Менің ізім қандай?» деп артына да бір қарау керек қой. Бәрі қасқырдан үріккен қойшыдай бет алды безіп келеді. Өлген-тірілгеніне, сүрінген-жығылғанына қарар емес. Табан жолын да көруге мұрша жоқ.

Дауылбай не дерін білмей басын қасыды. Иә, шешесінің сөзін тыңдағанынан басқа не қалды. Айтып отырғанының бәрі рас. Мұның қолынан не келеді? «Үркіп келе жатыр» деді ғой, Үріккен жылқы табынының алдынан жаяу шықсаң, таптап кетеді.

Шай үстіне Мұрат келіп сөзді бөлді. Дауылбай иығынан жүк түскендей жеңілденді. Мұрат осы үйге жеткенше бәрін естіп білген екен.

— Біздің шешей батыр, өзінің әскерін алып шайқасқа шығыпты ғой, — деп сылқ-сылқ күледі.

— Е, өстіп жүріп «Рахима әжені біреу сабап кетіпті» деген сөзге қалып жүрмесек.

— Не көрініпті соншама, кемпірді ұрып? Сабамақ түгілі, қатты сөз айтып көрсін, аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ шығар, өзіміз сияқты екі аяғымен жер басып жүрген адам болса, сол екі аяғын бір етікке тығайын. — Мұраттың жарқын жүзі сұрлана қалған.

— Әй, балам, сен тым ұшқырланба, маған кім тиіс-сүші еді? Тиіскеннің жазасын өзім де бере аламын. Құдайға шүкір, оған әл-қуатым жетеді, — деп әжей желпініп қойды.

— Бәсе, айттым ғой жаңа батыр деп. Әттең, қолына қылыш түспей жүр, — деп Мұрат тағы әзілдей жөнелген. — Әлгі айдауда жүргенде де талайдың сазайын тарттырған шығар.

— Әй, қоя тұр, ол да бір өткен заман. Марқұм әкелерің: «Рахима, сен көп жүкті мойныңа алма, күнібұрын шағыласың. Әр істің артында өзіңе ауыр тиер ұяты болады, соны байқа», — деп мені тоқтатып отырушы еді.

— Е, әкей сондай адам еді ғой, — деп Дауылбай басын изеді.

— Ұятты білсе тапа тал түсте келіп бүтін тұрған шеберхананы тонай ма?

— Солар жалғыз дейсің бе? Осы ауылдың өзінде солардың бағыттаушысы бар ғой. Ауылда тап бүгін ер азаматтың көбінің той-тойлап кеткенін, жоғын іздеп кеткенін ұрылар қайдан біліп отыр дейсің. Бар. Ұрының көзі өз ауылында.

— Оның рас, — деп Мұрат тосылды.

— Ана шешендердің малына ешкім тисе алмайды. Неге? Олардың бір-біріне деген ықыласы мықты, әр сайда жүрсе де, ұжымы бір. Өзінікін де бағады, қандасының шаруасына да қарауыл, көз қырын сала жүреді.

— Ал біз...

— Біз дейтін бізде не қалды? Орыстың патшасы салған соқпақты ГПУ мен КГБ жалғады. Ақыры қазақтың баласы бір-біріне дүрдие қарайтын болды. Мына бізге келген ханталапайының заманы тіпті бүлдірген жоқ па!

Рахима әжей балаларының әңгімесін тыңдай отырып, шай құюын да ұмытпады. Мұраттың кесесіне бір шақпақ қантты тастап жіберіп: «Тәттіні жақсы көруші еді», — деп күбірледі. Ақырын ғана басын шайқап, кеңірек дем алып, аққұманына тағы су құйып, кішірек тоқ пештің үстіне қойды. Екеуіне жаны риза болып отыр. Іштей «Алла жар болсын» тілеген.

— Бұрын ұят дегенді ең алдына қоятын, — деп бастады Рахима әжей әңгімесін. — Кім ұятты аттап кетсе, бірден көзге түсетін де, елден сөз еститін. Ешкімнің ауыр сөз естігісі келмейтін еді-ау. Сендердің әнебір жазушыларың «Ұят туралы аңыз» деген кітап жазыпты. Ұят аңыз болып бара жатса, адамның күні не болмақ, адамзатты не тосып тұр? Ұят адаммен бірге тумаса оны қайдан алады?

— Жаңа туған нәрестеде ұят қайдан болады? — деп қалды Мұрат.

— «Ұят нәресте қанына әкесінің адалдығымен, анасының пәктігімен келеді. Әкесі ұры болса, баланың қаны бұзылады, шешесі кім-көрінгеннің төсегі боп жүрсе, бала да бұзық, тіпті қанішер боп туады» дейтін бұрынғы үлкендер. Ұятты ешкім ақшаға сатып ала алмайды.

Дауылбай Мұраттың құлағына: «Бұзылған к...тен қағынған бала туады, ол өскенде қолын қанмен жуады» деген халық мәтелі бар, — деп сыбыр етті. — Әлемдік соғыс ашып, әлемді қанға бояған солар ғой, — деді дауысын шығарып.

— Халық қалай тауып айтқан, — деп, Мұрат шегініңкірей отырып айналасына қарады.

— Ұят — имандық көрініс, — деп созды Рахима әжей, — ұят болмаған жерде береке болмайды. Халық жақсы адамды «иман жүзді кісі екен» деп дәріптейді. Тәлімді қызды «иманы бетіне шығып тұр екен» деп сыйлайды. Ой-хой-хой! Есірік билеп бара жатыр-ау, қазір. Бәрі мидай араласып кеткен, қайсысы адал, қайсысы арам екенін біліп болмайсың. Адамбыз деген кісі көп, бір-ақ ұят шіркіннің шеті көрінбейді.

— Неге олай десіз, барсыздар ғой — қариялар. — Мұрат әжесіне еңкейе қараған.

— Біздің ұятымыз бізбен бірге қартайып барады. Оған енді қарап жатқандар да шамалы. Оған қайта айналып қарайтын заман туғанша, біз де бұл жалғаннан... — Әжей күрсінді.

— Өткінші уақыт өтер, бәрі де орнына келеді, апа, — деп жұбатты Мұрат.

— Айтқаның келсін. Е, ол уақытты сендер көрсеңдер болды да.

Рахима әжей шайын жинай бастады. Қағаз салфет-камен кеселерін асықпай сүртіп, орын-орнына қойды. Дауылбай далаға шыққан. Айналаны қою қараңғылық басқан екен. Жаңағы шешесі айтқан әңгіме есінен кетер емес. «Япыр-ай, осы біз адамбыз ба, әлде кімбіз?» — деді өзіне. Қыбыр етпей айналаға көз салды. Ел әлі жатпаған ба, ана тұстан да, мына жақтан да сықыр-сықыр еткен есіктің дыбысы жеткен. Мазасы кеткен жалғыз өзі емес сияқты, әркімнің көңілі қобалжулы сияқты. Қара көк аспанды ине шаншар жер қалдырмай жұлдыз жауыпты. Кейбір жұлдыздың жарқырауы тіпті ерекше.

«Бір жұлдыз бар аспанда айдан жақсы
Бір құлын бар желімде тайдан жақсы», —

деп әндетуші еді-ау, жігіттер.

Ұйқысы қашып түнімен дөңбекшіген Дауылбай ақыры ерте тұрып, шығып келе жатқан Күнге қарап, телміріп ұзақ тұрды. Күн Айғырұшқанның биігіне тырмысып шыға алмай тұрғандай көрінді. Шоқының басындағы ғасырлар бойы жасағандай болып көрінетін жуан қараағаштың жан-жаққа қанат жайған бұтақтары да әлдебір ертегідегі алып адамның серейген-серейген қолдары тәрізді Күннің шапагына жапырақ-алақандарын жая қалыпты. Иә, осы алып ағашқа сонау бала кезінен қаншама рет барды десеіші. Неше бала жиналып, құшақтап жуандығын өлшеген. Анау серейген бұтақтарына жаппай отырып алған қарғаларды үркітіп, бала біткен жабыла мініп алатын.

— Әй, жүгермек, құлайсың! Түс, кәне! — деп әйелдер айқайлап жататын.

Сонан соң бұл ағашты жұрт әулие көріп кетті. Іштегілерін айтып, жылап қасына түнеп жүргендер жақсы түс көргендерін жырдай қылып айтатын. «Рас та шығар, — деп ойлады Дауылбай. — Қасиетті болмаса ғасыр бойы неге тұр? Бүкіл әлемнің негізі, мына менің де, сонау ағаштың да, ана көл, маңқиған тау, соққан желдің де негізі бір көзге көрінбес ұсақ бөлшектер деп жүр ғой. "Сол ұсақ көзге көрінбестің өзі ар жақтағы

жоқтан бар боп шығып жатыр", — деген әлгі оқымысты Кәкімжан. Негізіміз бір болған соң, сол ағаш адамның мұңын түсінуге тиіс".

Қараағаштың бұтақтарына ілінген сан түсті шүберекте сан жоқ. Біреулер тиын-тебенін түйіп, ілсе келесі барғандар білген дұғасын оқып алып жатады. Тек алуға да бой ұрғандар да бар. Әй, олардың сөйтіп алғаны өздеріне пәле болмаса.

Қарағаш өскен биіктің етегінде көл болушы еді. Осы совхоздан бұрын мұнда саяси қауіпті саналғандардың лагері болған. Тастай қылып осы өзенді байлап, шалқыған көл жасапты. Сол көлге жасырақ кезінде өзі де сан шомылған, ана құлама биіктен түбі көрінбейтін қара суға сан секірген. Сонан совхоз болған заманда да көлдің игілігін ел болып көрген. Әттең, дүние, мына талапай заман басталар шамада, басшы болып келген қазақтың тұсында, жазғы- тұрым арындап кеп жиналған судың артығын ағызып жіберуді ұмытып, тоспаны бұзды да кетті. Сол жайқалған көлден қалған көлшік Айғырушқанның етегінде жатыр.

Көтерілген күнмен бірге ұясынан ұшып шыққан қарлығаштар да таңның көгілдір ауасын оңды-солды сызып ойнақ салған. Олардың ұясы да өзеннің жар қабағында, өздері қазып алған қуыс-қуыс індер. Біреу қаскөйлік жасамаса, бір есуас балта шаппаса, қасиетті қараағаш та әлі талай-талай жылдар тұрар. Ұшқыр қарлығаштар да өзгерген заманға икемделер. Ал, адам ше? Мына кәрілігі жеткен шешесі ше? Оның енді икемделуге уақыты да жетпейді ғой. Сонда оның өміріннің соңы өкініш болып бітпей ме? Өмірдің әділдігі қайда? Не үшін ел бұл ғұмырында азап шекті? Әділ де, адал өмір болады дегенге иманындай сенді. Тіпті сотталып, азап шеккен күндерінің өзінде алда бір жарқын күндер бар деп сенді. Сол сенім оны ілгері сүйреді, бала тапты, оны жеткізді. Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен, малжаңдаған басшының заманында ел есін жиды, адамша өмір кеше бастаған. Соның да арты топалаң болып кетті. Сол қартайған басшы туралы «Брежнев» былай депті деген сан анекдотты аңқылатты. Кімнің артының қандай болатынын кім болжайды?

"Мүмкін солай болу керек шығар", — деген ой келді

Дауылбайға. Иә, бірақ шешесі осыншама ауыр өмірді не үшін кешті. Тырбана-тырбана жеткені қайсы? Ол сенген, күткен, ешкімді ешкім зорламайтын, қинамайтын, жұрттың бәрі бауыр тұтқан армандай болған заман көжиектен неге алыстап кетті? Оны енді кімдер қуып, кімдер жете алады? Бәрің бірдей бай боласыңдар дегеннің түрі тағы мынау.

Далаға шыққан Мұрат, қол-аяғын сермеп, әрілі-берілі біраз жүгіріп, жаттығу жасап болып, жанына келген.

— Дәуке, неғып тұрсың?

— Жай, әншейін, ұйқым қашып.

— Мен қазір ана Төрехан бекеті жаққа кетемін, жылқы сол жақта жатыр еді. Екі-үш жаман ауыз жүр еді, байқамасам болмас.

Мұрат алды-артына қарамай жөнелді. "Е, Алла, — деп ойлады Дауылбай. — Біреуге бір жердің аты бұйырып, қалуы да жазымаштан шығар. Төрехан көптің бірі ғана еді. Сонау сексен шақырым жердегі ауылдан осы Айғырұшқанға аптасына бір-екі рет қатынайды. Сонда сонау бір орта жолдағы бұйратқа жолда тоқтап, ат тынықтырып, өзі де аш қалмауы үшін бірер қаузар асын, сонан соң әлгі бөтелкесін тығып кетеді екен. Талай адам тығындысының үстінен түскен. Бірақ олар да «ер азығы жолда» дегенді ұстанған жұрт қой, тұрғанды пайдаланса да, өздерінде барын тастап кетеді екен. «Төрехан бекеті», «Төрехан бекеті» деседі ел. Иә, жақсыны сыйлап, жаманды ескергенге не жетсін!"

Әттең, мына тұста тағы шалыс басып бара жатқан-даймыз. Заман өзгеріп еді, әркім ата-бабасын, соның зиратын іздеп шыға келді. Шажағай өзенінің орта тұсында — Бостан деген байдың қызының күмбез бейіті. Бұл өзі ес білгелі бар. Қыздың қапылыста Ағыбай батырдың қолынан қазаға ұшырағанын да кешегі ақсақалдар, ана Қасен жыршы жырлап тұрып айтушы еді. Дауылбай осыған ара түсе алмағанына өкінеді. Сонау оңтүстіктен, Албан жұртынан болса керек, біреулер келіп: «Осыдан пәлен ғасыр бұрын біздің бабамыз Шажа осы жақта ғұмыр кешіпті, соның бейітін іздеп жүрміз», — деген. «Осы шығар», — деп қыздың бейітіне де барысты.

— Жоқ, бұл емес, — деп Дауылбай білгенін айтты. — Пәлен деген жазушы бар, сол мұны анық біледі, ал ана өмірден өткен Ақселеу "Шажаның бейіті сонау тауларда" деп жазған деген деректі де келтіреді. Осы күннің елiрген жұрты құлақтан да айырылыпты. Обалсауабына қарайтын пенде жоқ па, қалай өзі?! Жол түсіп, сол кішірек мазарға тағы соққан. Айналасын қоршап, әрлеп-қырлап «Шажа батыр осы жерде» деп ескерткіш қойғанның үстінен түсті. "Япыр-ай, бұл қалай? Айтып едім ғой-дан" аса алмады. Оқыр дұғасын кімге арнарын да білмеді. Тәп-тәуір ескерткішті лақтырып тастасам ба екен деп оқталса да, оған тағы дәті бармады.

Ағыбай мазарының бер жағында Кенесары хан ас пісірткен тас ошақ болушы еді, оны да кейін таба алмады. Бұл қалай, ә? Сол жердегі өзенді де жұрт баяғыдан Қаратайдың Қараталы деп атаушы еді. Қаратай батырдың сұпысы да Қалмақ қырғанның жанындағы кішірек төбенің басында тұр. Туа даукес біреу соған да жармасып жүр. Әркім қатын-баласының алдында өзі де бірдеңе білегін адам етіп көрсеткісі келеді де. Соның сыңайы ғой бұл. Дегенмен осы адамдар не боп бара жатыр?

* * *

Жаз ортасы да болып қалды. Қаладағы бала да мазаны алып біткен. "Көш те көш" деп. "Не бар енді ол ауылда?— дейді. — Әкімдерің айтыпты ғой "келешегі жоқ ауылдың тізіміне жаздық" деп. Енді не қалды? Солай деген екен— бәрібір қиратып тынады олар. Қираған жұртта қалай қаласыздар, мектепті ақыры құртыпты, бұл басы ғана". Сонда бұл басы ғана болғанда не, қалған жұртты қуып шыға ма? Боқанның әйелі өскен жерін қимай жүрген, көшуге қарсы еді. Әлгі ұлдың «құртып тынады, бұл басы ғана» деген сөзінен шошып «есіміз барда бір қолайлы орын табайық» деп қыңқылдауы көбейіп, ақыры онысы зарлы жылауға ұласқан.

— Тапжылмаймыз, — деп Боқан әуелде тыйып еді.

Ақыры қаладағы бала, қойындағы қатын болып екі жақтап жеңді. Өткен жұмада зиратқа барып, бабаларына дұға оқып, сенбі күні көрші-қолаң, ниет-тестерін дәмге шақырып, қоштасу рәсімін жасаған. Ертең қаладағы ұлы бір машина жібермек. Жүк соған тиелмек. Жұрт «сәрсенбінің сәті» деп жатушы еді, сәт тілейтін не қалды? Туған ауылын тастап, үрке жөнелгенде не сәттілік бар? Барар, көрер сағыныштан іші ұлып жүрер.

Түніменен көз ілмеді. Қисайып жатады да, дөңбекшіп, ақыры қайта тұрады. Мына шаңырағындағы ақырғы түні екен. Осы шаңырақтан келмес сапарға әкесі мен шешесін жөнелткен, осы үйде жастықтың дуылы көп шақтары өткен, бала сүйген, өсірген, совхоздың белді де, беделді жұмыскері болған. Бәрін төңкеріп, қиратып тастаудың оңайы-ай. Ол "совхозды колхоз жасайық, бірігіп өмір сүруге біз қазақ, үйренген елміз" дегенге әнебір аудан мен облыстан келгендер көнбеді ғой. Алпыс мың қой, екі мың сиырдан тігерге тұяқ қалған жоқ. Әйтеуір соншама жылқыдан біразын ана Дауылбай ұстап қалды. Пәленбай алып трактор, саны есепсіз «Белорусьтан» не қалды? Ақыры темір-терсек ретінде өтіп кетті. Колхоз болса ғой— бәрі сақталар еді, мына ауыл да «келешегі жоқтың» өлтіруге жататындардың қара тізіміне кірмес еді.

Әйелі Мәкен де таң сәріден тұрып алып күйбеңдеп жүр. Бірдемесін жоғалтып, бірдеңесін тауып, үй мен шшаланың бұрыш-бұрышын қайта-қайта тіміскілген. Шандып байлап қойған жүкті нешеме рет қайта шешіп, ақтарып әлек. Ештеңе таппаса да үйдің ішін кезуде. Бір бұрышқа отыра қалады да, әлденені айтып күбірлейді. Боқан: «Мынаның есі түзу ме?»— деп әйелінің бетіне әлденеше рет қарады. Құдайым, сақтай гөр. Бұл бейшара да өскен ортасын қимай жүр ғой. Ұл тапты, қыз өсірді. Үш қызы үш жерде, өздері балалышағалы. Олардың өсіп-өнгеніне де тәуба.

Жатын бөлме жып-жылмағай. Төсек-орын буып-түйілген. Өздерінің керуеті де бұзылып, жиналып қойған. Келген машинаға тией салуға әзір. Боқан өздері зал деп атаған кеңірек бөлмеге басын сұқты. Әйел жинаған кәкір-шүкірлер, хрусталь ыдыс, теледидардан

басқасы сол орнын-да тұр. Қайда апарады бұларды? Ұлының үш бөлмелі үйінің қай бұрышына қояды мына кітапқа толы үш шкафты? Бір қабырғаны тұтас алып тұрған гарнитурды, ана он бес адам сыятын үстелді, соншама орындықты қайда сыйдырады?

— Тастамайық, — деп әйелі жармасып баққан.

— Қайда қоясың? Өз басың сыйса жақсы. Қайдағыны айтып басты қатырма, — деп ұрысқан соң, әйелі бүгежектеп, қайта тіл қата алмай қойған.

Мәкен бейшараның Боқанды алуға еріксіз көндіргені — қай заманнан келе жатқаны белгісіз ескі әбдіре. "Енем марқұм айтушы еді: "енемнен қалды" деп, мұны тастап кеткеніміз аруаққа шет болады" деген соң иілген. "Құдай- ау, мұны қаланың аядай бөлмесінің қай жеріне қояды?" — деп іштей дал. Балалар бөлмесіндегі айтулы шебердің қолөнері — түскиіз, еденге төселген оюлы сырмақ, атқа мінгенде киген саптама етігі, бәрін қалдырды. Әйелі тағы қимастан:

— Ескінің көзі ғой, — деді.

— Әй, қалаға барып, енді келініңмен ренжісейін деп пе едің?

— О неге?

— Ана сырмақ, мына түскиіз, саптама етіктің байпағы киіз емес пе? Ондайдан қалалықтар шошиды, "құрт түседі, пәле болады" деп безгенін сан естідің ғой. Ұмытып қалдың ба? Тиме де, тиіспе, тұрсын сол орындарында.

Бір айналып келсе, Мәкен арқасын түскиізге сүйеп, сырмақтың үстінде бүк түсіп жылап отыр екен. Саптама етік тізесінің үстінде жатыр. Байқамғансып өтіп кетті. Өзінің іші де қан жылаған. Не амал? Ауа көшкен жұрттың басы өзі емес. "Құрдымға кететін ауыл дегенді кім шығарды екен? Құрдымға, құрдымға! Япыр-ай, тілеуі неткен жаман адам. Ауыл құрдымға кетсе, елдің ақыры не болады?"

— Отағасы...

Бұрылып қараса, Мәкен от салып қыздыратын үтік-ті әккіп келіп тұр. Баяғыда, тоқ жоқ заманда, тоқ үтік шықпай тұрған тұста, ішіне шоқ салып, көйлек-көншегінің қыртысын жазған үтік-ті тани кетті. Қай бұрыштан тауып алды екен? Боқан үндемей Мәкеннің

қолынан ескі үтікті алды да, залдағы серванттың бір бұрышына қойды.

— Мәкен, мен де бұны қимаймын. Бірақ мұның ендігі орны осы болсын.

— Боқан-ау, осыншама мүлікті неге тастап жатырсың? Әлде қыста қалада болып, жазда ауылға келеміз бе?

— Дәл солай.

Бұл ой бұрын Боқанның басына келмеген де еді. Япыр-ау, сөйтсе қайтеді? Мынау бір табылған ақыл екен. Мына гарнитур-серванттарды салдырлатып машинаға тиемегеніміз де дұрыс болған. Бәрі босқа қирап қалатын еді. Әлгі бас бұғалтыр көшкенде, қалаға жеткенше-ақ дымы қалмапты" деп естігем. Ағаш емес пе, үгітіледі де қалады.

Мал қорамен жалғастыра салған жеке бір бөлек үйшік болушы еді. Соның бір жағын қыста қолға қарайтын малдың жемі тұратын еткенде, екінші жағына әспеттеп ертоқымын, қамыт-сайманын қоятын. Сол тұста әкесінен қалған төс те тұр. Әкесі ұсталық етсе де, бұл өнер бұған қонбады. Мына төстің әкесінің әкесінен қалған болуы мүмкін. Ұсталық бұл тұқымның ата-бабасынан бар десетін. Бұларды қайда сүйретеді? Мектеп жанындағы музейге берер еді, мектепті жапты да, ішіндегі музейдің мүліктері де көрінгеннің қолында кетті. "Бабамнан қалып еді" деп енді кімге берер? Тұрады да осы жерде. Тек ана ерді балалар бөлмесіне апарып қою керек екен. Тұрсын, қалсын бәрі осылай, қайта айналып келетін күн болса осы арадан табылар". Боқанның үйді сатқысы жоқ. Тап осы ауылда оны ешкім ала да қоймайды. Әнебір кенттен келгіштеп жүргендер арзанға алуын алады-ау ертеңіне быт-шыт етіп бұзып, керегін ғана алып, қалғанын үйінді қылып кететінін көріп жүр. Қара шаңырағын өйтіп тас-талқан еткенше, аман тұрсын. Мейлі, кейбір көкезулер «пәленшенің артында қалған моласы» деп мазақ етер. Кімінен не қалмаған, мына "ашаршылық жылдары он жеті мың жылқы біткен байлардың шаңырағын күміспен қаптаған он екі қанат ақ боз үйлері иесіз қалды" дегенді бала кезінен сан рет естіген.

Үйдің сыртындағы бақшада қарақат, шие, бүлдірген

деген жайқалып тұр. Қарақаттың бір-екі түбін Бүркіт-тінің сайынан әкеліп отырғызып еді, тамырдан өсіп, бақшаның бір жағын тегіс жапты. Биыл да шығымы жақсы екен, мөлдіреп келе жатыр. Бармақтай болып ал қызыл түске енген бүлдіргенді піскенін жиып алып, жаздай дәмін татқан. Соларын қимаған Мәкен:

— Күзде келіп жинап алармыз? — деген.

— Мүмкін осында қалғың келіп жүрген шығар? — деп Боқан оның бетіне қарады.

Теріс айналып кеткен әйелінің екі иығы дірілдеп бара жатыр екен. Жылап барады. Енді жылағаннан не пайда, бәрі шешіліп қойды, машина келеді, мына жүктерді тиейді де, алды-артына қарамай жөнеледі. Мұның не жазығы бар, керексіз ба, келешегі жоқ па, сондай атауды іліп жүрген бұл емес. Боқанның қолынан енді не келеді?

Қайта айналып келген әйелі Боқанды жеңінен тартты. Жүзі көптен ауырған адамдай солыңқы, көзі ісіп кетіпті. Бірдеңе дегісі келіп еріні дірілдеп біраз тұрды да, күрсінді.

— Әлгі балалар болғанда ғой көшпейтін едік. Қалашыл етіп жібердік те айырлдық. Енді көнеміз де. Ол жақта да жұрт бар ғой, біреулермен табысармыз. Ешкіммен үйірсектеніп кете алмасақ, біз екеуміз ғой күнімізді өткізерміз өйтіп-бүйтіп.

— Жә, сен енді егіле берме. Ендігі қалғаны бізге ауырып, төсек тартып, жату болмағай. Керегіңді жинап алған шығарсың, керек емесі... — арғы жағын айта алмай Боқан тілін тістеді. Сол сөзден кейін Мәкен бекігендей болды, көз жасы да тоқтады. Тек анданда іштен тынып жүрген Боқанның жанына келіп, көзінің астымен оның жүзін сүзіп, байқаусызда кемсеңдеп қалып: — Отағасы, сен де қайғыра берме. Бір ыңғайы табылар, мүмкін... — деп тына қалады.

Күн де бүгін жадырап тұр. Көгілдір аспанның сонау алыс-алыс жиегінде ғана қалықтаған аппақ әдемі бұлттардың тізбегі бар. Арқаның ерке самал желі де баяу ғана есіп, қайта басылып, көз жетер жерді құбылтып тұр. Асықпай үйірілген құйынның етегі баяу қозғалып Желі тауға қарай көлбеңдеп кетіп бара жатыр екен. Жә! Неткен керемет мына дала! Сағымына сүйсініп

талай ән шырқаған қайран өңір. Әне, Айғырұшқан... Биіктің басындағы қараағашқа жас кезінде сан тербетілген. Етегіндегі көл де ол кезде шалқып, айдын боп жататын. Соның жағасында осы ауылдың кәріжасы қармақ тастап отыратын шақтарды айтсайшы. Соның жағасында алтыбақан құрып, қыз-бозбала таң атыратын. Ақ сүйек ойнайтын. Ақ сүйек ойнап жүріп, алғаш рет осы Мәкеннің білегінен ұстаған.

– Қолымды ауыртпашы, – деген Мәкен.

– Ғафу ет, – деп қоя берген.

– Сен ана басқа қыздармен алтыбақан тепкен жоқсың ғой.

– Тепкен шығармын.

– Жоқ, тепкен жоқсың.

Осыдан басталып еді-ау бар әңгіме. Ақыры сол жазда үйленіп тынды. Екеуінің шаңырақ көтергеніне отыз жылдан асып кетіпті. Мәкен ата-енесіне жаққан жақсы келін, ерін сыйлаған абыройлы жар болды. Бәрі, бәрі сонау құбылған сағым сияқты кейіндеп қала беріпті. Бүгінгі тірлігі тіпті басқаша.

Ертеңгілік шайларын ішті. Үстелдің шетінде ызылдап тұратын самаурын көрінбейді, Мәкен тоқ шәйнекті жанына қоя салды. Күндегі шалқып отыратын көңіл де жоқ, бір күнде бәрі басқаша, жетімсіреген жағдай. Әйелінің күнде пісіретін ақ тоқаштары да жоқ, туралған бөлке наннан таныс иіс жетпеді. Мәкен тағы солқетіп мұрнын тартып, орамалы мен бетін көлегейледі.

– Қойсайшы енді, жетеді ғой.

– Өзім пісірген наның бүгін болмай қалғанын қарашы.

Үстел үстіне сары май мен қарақат қайнатпасын қойған. Қарақат шиіне бүлдіргеннің қаншама банкіге салған қайнатпалары төмендегі қоймада жатыр. Бәрі шыны ыдыста. Оларды жүк машинаның қай жеріне саласын, босқа үгітіліп қалады.

– Киін келіп алармыз, – деп үміт артқан Мәкен.

– Иә, бір реті болар. Менің "жигулиім" де жөнделіп бітер.

Ыстық шайды жай ғана үріп ішіп отырған Боқан кенет маңдайын ұстай алып, жан-жағына жалтақтай қарады да:

- Осы менің мылтығым қайда? – деді.
- Өзің білесің де.
- Ана әбдіреге салған жоқсың ба?
- Жоқ, онда жоқ. Кешеге аударыстырып қайта салдық қой.

Өткен айда "ауданнан милиция келеді екен, үйді-үйді тінтеді екен, мылтық табылғандарды жазаға тартады екен" деген қауесет тараған соң, Боқан төсектің артында жатқан мылтығын жақсылап орап, мал қораның бір қуысына тыққан. Сол беті ұмыт қалыпты. Тығатын— ақ мылтық. Сонау ақ қашып, қызыл қуған заманда әкесі біреуден алған екен. Кәдімгі басына істік шаншылған әскери винтовка. Ондай мылтық пен қолға түссе, жазаға тартылатыны да рас. Бірақ, дегенмен әділдік қашқан уақыт. Әйтпесе "тіркеуде жоқ" деп бір қыстақта бір өзі отырған жалғыз қазақтың көнетоз құс мылтығын тартып алған милицияның есі дұрыс деп айту қиын. Ауылда осы. Ал қалаға барып орыстың үйіне кіріп көр. Ол бірақ кіргізе де қоймас. Кіре алса, мылтықтың көкесін сонда көрер еді.

- Енді мұны не стейміз? – деп әйеліне қарады.
- Алып жүресің бе?
- Бұл өзі қиындау жұмыс, қаладағы балаға бәле болып жүрмесе.
- Онда таста, – деп Мәкен шыр-пыр етті.
- Қайда тастаймын? Осыншама жыл ұстап келдім. Малға шапқан қасқырдың талай рет бетін қайтардым. Дұшпаныңды алыстан сілейтетін қару ғой бұл.
- Қайдағы дұшпан?
- Ит-құсты айтамын да.
- Қалада не қылған ит-құс ол, – деп шаужайлады Мәкен.

– Ендеше, – деп, Боқан мал қорадағы тығынды жерінен винтовкасын алып келіп, жатын бөлменің тақтайының бірін суырып, мылтықты сол оралған қалпында астына шірімесін деп қара қағаз салып, еденнің асына тастады. "Ендігі орның – осы", – деді іштей.

Тар кезеңнен бері қарай құйындатқан жүк машинасы екпінін баспаған қалпы есіктің алдына келіп тоқтады. Танауының астында мүрт жоқ, иегіне сақал

қойған жігіт үн-түнсіз келіп қолдарын ұстады. Сірә, сәлемдескені болар.

— Шай іш, қарағым.

Көшуден хабары бар көрші-қолаң да жинала бастады.

— Көш көлікті болсын, — десе де, бәрінің жүзі сәлең, қабақтарын ашып жадырап отырған ешкім жоқ. Жасаулы дастарқаннан үзіп нан алып, ауызға салады да, әрірек-әрірек барып жайғасып, күбірлеседі. Сонау ел аман-жұрт тыныш заманда Боқан талай көшті көрген, талайды шығарып салып, қарсы алған. Ол бір дуылға толы той атқарғандай шаруа еді. Жұрт ертең жолығатынына сенетін, ән айтып, би, би билеп, әлі де асыр салатын. Бүгінгінің сиқы тіпті өзгеше, өлген кісінің жаназасына жиналғанның ар жақ— бер жағы.

Өзі тәрізді бір топ кемпірлерді соңына ерткен Рахима әжей көрінді. Әжей қолына таяқ ұстапты. "О несі екен-ей? Таяқ ұстамаушы еді ғой. Ауырып қалғаннан сау ма?" Сол беті жиналғандармен бас изесіп сәлемдесіп, Мәкенді келіп құшағына алған.

— Қайда жүрсең аман бол.

— Алла есендікпен жүздесуге жазсын.

Кемпірлер келіп қалған көз жастарын орамалмен тыйып, жүздеріне жадыраңқы рең бергісі келсе де, бәрінің де ар жақтарында жатқан сенімсіздік, қауіп мол келер күннің жақындап келе жатқан күңгірттігі бойларын билеген. Аһ ұрған жалын бәрінің аузынан шығады.

— Келіп жүр, Мәкен, бізді ұмытпа.

— Біздің үйдің есігі қашанда саған ашық.

Кемпірлер ұзынды, қысқалы орындықтар тауып, қаздай тізіліп жайғасқан. Бәрінің басындағы кимешектері мен орамалдарынан басқасы қоңырқай түсті киім. Залдағы дүние-мүлік сол қалпында тұрса да, көшкен үйдің сиықсыз кейіпі сезіледі. Әркім өзін кінәлідей сезінген. Осы қалпында ескіріп, тұрған бетінде тозуға бұйырылған үйдің өзі сыңсып тұрғандай.

— Шәрбан, — деді Мәкен.

— Иә,

— Саған айтарым бар еді. Бір көмегің қажет боп тұр.

– Сенен немді аяйын, айта бер.

– Ана тауықтарым жетімсіреп қалып барады. Қалаға әкете алмайсың ғой, қытқылдатып. Соларды сен алшы. Тұқымы да бөлек. Сонау жолы Боқан Шымкенттегі Қасым деген ақсақалдан аттай қалып әкеліп еді.

– Ой-бұй, Құдай-ай, өз тауығым да жетеді ғой.

– Сен ең жақын көршісің, сенен басқа кімге айтамын?

– Ұры-қары алып кетпесе, – деп Шәрбан күдігін айтты.

– Қораңа қамап алсаң...

– Е, олар қашып әуре қылады ғой.

– Үйренер.

– Олар үйренгенше жоғалып бітпесе.

– Ал саған тапсырғаным болсын.

– Жарар, Мәкен, көзінде көріп жүрермін.

– Е, сөйтші, жақсы ырым болсын, – деп Шарбан қостаған.

– Ырымнан не қалды дейсің біздерге. Құртты ғой бәрін аналар. Біз бір керексіз жұрт болдық, – деп Рахима әжесі таяғымен жерді түйіп-түйіп жіберді.

– Әй, Мұқан, – деген Боқанның дауысы шықты. – Мына тазым атақты Ерейменнің сарықасқаларының тұқымы еді. Сен алшы. Сенен басқа енді кім ит жүгіртер дейсің. Мә, осы бетінде үйіңе апарып байлашы, – деп, тазыны шынжырымен қолына ұстатты. – Алып кетші, енді көзіме күйік болмасын.

Ескі абдыраны екі жігіт зорға көтеріп келеді екен. «Ауырын-ай», – деп қояды біреуі. «Құдай-ау, осынша тозған абдыраны қайтейін деп жүр?» – деп кейіді екіншісі. «Екі-үш шабадан алса болмай ма?» Машинаға басқалар да көмектесіп, зорға көтеріп салған.

– Шәкір, – деді Боқан, – өрісте сиыр мен бұқашығы қалып барады, әзірше ие бол. Бұқашығын өткен бағасына сатып жібере сал. Бізде кіммен тіресіп, саудаласатын жағдай бар, айтқан бағасына бере бер. Сиыр семірсін, қысқа да ет керек қой.

– Е, өз малыма қосып алып бағамын ғой.

– Тағы да айтарым бар. Жұмсағаннан қалған төртбес бие бар. Соларды да саған ие еткім келіп тұр.

Дауылбайдың көп жылқысына қоспаймын, аз жылқыда жүрсе, күйі де жақсы болады.

— Айғыры... — деп қалды Шәкір.

— Айғырын енді жұмсаймын. Бетіне қарар не қалды? Керек десең, сен ал. Енді бізде қанша өмір қалды дейсің. Кең даланың самалына үйренген адам қаланың ыс сасыған иісіне қанша төзер дейсің, ана биелер сонда жұмсауға қажет болар. Әзірше соған дейін сенде жүрсін.

— Қайдағы жамандықты айтпаңызшы, — деді абыр-жыған Шәкір.

Иттің қыңсылаған дауысы шықты. Іле жүндестеу келген сары тазы шарбақтан бір ақ қарғып, құйрығын бұлаңдатқан қалпы Боқанның кеудесіне секірген. Жүгіре басқан Мұқан да жетті.

— Байлап жатыр едім, ырылдап өзімді қауып ала жаздады. Сол арсылдаған қалпы жұлқынып, ақыры қазықты суырып тұра қашты, — деп жатыр Мұқан.

Сары тазы қыңсылап, жыламсырап Боқанның етігін жалап, аяғына оратылып, қайта тұрып иесінің қолын жалап, бар денесімен жыланша иретіліп, екі аяқтың арасынан кезек өтіп, иесінің бетіне жалтақтап сыңсуын қоймады.

— Әй, не ғажап! — деді біреу.

— Ойбұй, үй-бай-ай! Ит екеш ит те түсініп, жібергісі келмей жатыр, — деді иегі дірілдеген Рахима әжей. — А Құдай, не жазып ек?!

Боқан еңкейіп тазының басынан сипаған. Көзінен жас тамып кетті. Көкірегі удай ашыды. Туған жерін бұл қимай жүр, иті мұны қимайды. Не қасірет? Бұл зорлыққа ол неге көнуге тиіс? Осы жердің — елдің суын ішіп, самалын жұтқан адамы емес пе? Жоқ болмайды, болмайды екен.

— Әй! — деген Боқанның дауысы қатқыл шықты. — Әй, біз ешқайда бармаймыз. Көшпейміз! Сөз бітті. Кемпір, дастарқанды қайта жаса. Біз қайта келдік.

Мәкен байғұс аңырып, отағасына жалтақтап, үйге қарай қайта томпаңдай жөнелді. Жиналғандар: «О, пәлі!» — десіп гу ете қалған.

— Бар! Кете бер, — деп қалды шопырға. Ол да «құтылдым ба» дегендей, машинасын гүр еткізіп айдай

жөнелген. Қыр асып бара жатқан машинаның соңынан Мәкен айқайлады:

– Әй, әбдіре кетіп қалды ғой, әбдіре.

– Барсын, мүмкін келін де көненің дүниесін көріп естияр болар.

– Сонда біз енді екеуміз...

– Жоқ, немерені енді қолға ұстаймын. Осы даланың азаматы етіп тәрбиелеймін.

– Келін көнсе...

– Тағы бала тауып алсын. Тапсын. Таппаса, балама тоқал ал деймін. О несі, ей, ә?

* * *

Бабына әбден келген қымыздың иісі үйдің ішін тегіс алып тұр. Дауылбай алдындағы кәрлен кеседегі қымыздан ұртап қойып, тамсанып, марқайып отыр. Иә, бұл әулетте қымызды бабына келтіріп ұстайтын Мұраттың келіншегі Рауғаш қана десе, артық айтқандық емес. Қымыз құюшы әйелі Рабиға да сонау кәмпескеден де аман қалған, арқар мүйізінен жасалған ожаумен келістіре сапырып, бабына бап қоса түскен. Әлдене деп әпкесімен сыбырласқан сіңлісі Үмітжан бір көрінді де, қайтып үйге бас сұқпайды. Иә, Дауылбайдың бұл балдызы өте сұлу. Талайдың жүрегіне от салған шығар. Е, өткенде үйге кіріп келе жатып, жат дауысты естіп тұра қалған. «Мен сені алғаш көргенде есімнен тандым, жанымды қояр жер таппадым», – дейді біреу. Сөйтсе, ол Мұқан екен. Сәл есіне түскен Дауылбай мырс етті.

– Неге күлдің?

– Ау, сен енді мені күлдірмейін дедің бе? Саған алғаш сөз айтқаным есіме түсіп.

– Қойшы әрі, сен де... – деп ыңғайсызданды Рабиға.

– Айтпақшы, бүгін көшпек болған Боқан жүгін қайта түсіріпті. «Бармаймын, көшпеймін», – депті.

– Рас па? Онда Боқан нағыз азамат екен. Ондай азамат қалалықтардың арасына сыймайды. Қалалық дайынға мәз. Егін екпесе де, нан бар, қандайы керек, ағы ма, қарасы ма, ішіңе сыйғанша же. Сүт пе, – мә,

оны да, іш. Сиыр ұстап әуре болмайсың, оған шөп іздемейсің. Ет керек пе — базарда тұр. Жылқының еті ме, әлде иттікі ме...

— Қойшы қайдағыны айтпай, ас ішіп отырып итті айтқаның не?

— Сенікі дұрыс, адалды араммен былғамаған жөн. Ойыңа арамдық енсе, ісің де арам болады.

"Осы мен де қартайып бара жатқан жоқпын ба?" деген ой келді Дауылбайға. Шешесінің кейбір сөзіне күлетін еді, өзі де сондай ойлардан алыс кетпегендей екен. Дегенмен, шешесінің сөзі тиянақты, өмірге деген сенімі берік. Жастар ше? Олар бірдемесін жоғалтып алғандай сенделуі көп. Жастар түгіл, өзі де талай істің шешуін таппай жүргендей, бір жұмбақтан соң екіншісі көлденең шығады. Жаңаның өзі көненің жақсы жалғасы болмас па. Бәрін төңкеріп тастап, үйінді етіп, ауылда қайта құрылым, қалада зауыт салып іс оңа ма! Іргелі ауыл еді, қазақ еліне белгілі совхоз еді, енді келешегі жоқ, көгермес жұрт қатарына ілігіп шыға келіпті.

— Е, сонымен Боқан көшпейтін болыпты де. — Дауылбай үнінен қуаныш естілген.

— Өзім барып келдім. Құтты болсын айттым. Мәкен қуаныштан жылап жүр.

— Солай де...

— Сен де барып шықсайшы. Боқан сені "ауылда ма?" деп сұраған. "Бүгін таң ата ғана аттан түсті", — дедім.

— Не бар қалада? Жұмыстан келдің, қолың бос, аспанға түкір де, жат. Сол да өмір ме? Бүкіл ғұмырың солай екен. Адамды азамат етіп өмірге бекітетін байлам, нақтылық, иыққа түсер салмақ жоқ. Есуастау бір дауыл қаңабақ қылып көтереді де әкетеді.

Ассалау... — деп сөз аяғын күмілжіп созып Беркін есік ашты да, төрге де озбай, сол тұрған жерінде қалшиды да қалды.

— Міне, өмірде тиянағы, тұрағы жоқтың нағыз өзі, — деді Дауылбай, — Әй, жоғары шықсайшы, бұл үйге бірінші рет келіп тұрған жоқсың ғой.

— Озам ғой, озам төрге. Боқанға ырза болдым, сол жерден... әлгі...соны ауыз тиіп...

— Е, бұл да ақылды. Ауыз тисең, береке қонған екен саған.

Беркін үстел шетіне бір тізерлеп отыра кетіп, май жаққан нанды жұмырлап аузына сала салды. Екі ұрты қомпаңдап, тіл қатуға шамасы келмей, бағжаң-бағжаң еткен. Бүгінгі күндегі Дауылбайдың жылқышысының бірі осы. Қалған екеуі адам санатында бар-жоғы белгісіз орыс. Бірі кезегі келіп атқа қонған күні екінші жығылып-сүрініп жүреді. Беркін солардың арасында, өзінің айтуына қарағанда, «ішсе де, ақылын ішпейді». Бір тәуірі – ана екеуінің арасында көбірек болуды қаламай ма, жиірек ауылға соғады. Мүмкін «мен қазақпын» деген кеудеде намыс жатыр ма, кім білсін. Малшы жоқтықтың қиындығын жалғыз Дауылбай ғана көріп отырған жоқ, мал иелерінің бәріне осы қиындық бастарына түскен. Керексіз ауыл қара тізімінен шошып, жастар жағы ауылдан безген.

– Мал басы аман ба, Беркін? Қашан келдің?

– Дін аман. Мал күйлі.

– Шөп буыны піспей, далаға шық түспесе, мал се-
мірмес...

– Білем, білем. "Сүмбіле тумай лақ семірмейдіні"
естігенмін.

– Сен ана екеуіне қарағанда естісің ғой.

– Сіздің: «малдың терісін теспей етін жейтін, жілі-
гін шақпай майын соратын қыс келеді» дегеніңізді жиі
естіп жүрміз ғой.

– Соны білсең болды.

Беркін білікті-ақ адамның баласы екен. Әкесі қайтыс болса да, шешесі барын салып онжылдықты бітіртіпті. Онан әрі оқуға түскен бе, әлде түсе алмаған ба, кім білсін, бүгін бәрі жұмбақ, елінен безіп шыға келген. Осы жақта өмірі өтіп жатыр. Туып-өскен жұртына, өз үйіне қайтарып алғысы келіп, көз жасын төгіп шешесі сан келді. Бәрі бекершілік.

– Міне, жақында барам. Әнебір ісімді бітіріп... –
Беркін шешесін шығарып салудан жалықпайды.

– Енді не айтасын бұған... Оңға басар күні болар
ма екен? – деп шешесі қайтады.

Беркін, әй-дә, сөз жағының «түбін» түсіреді. Ма-
қал-мәтел жағынан кімді болса да сүріндіреді. Ақылы,
өзі айтпақшы, «бір басына жетеді». Жұмыс жағына
келгенде, мұның не олақ, салақ екенін түсіне алмайсың.

Шөп шаптырса, шалғысына тас қаптырып, бәрін үгітіп тынады, қора қаласа, жыл уақытына жетпей қабырғасы ырсыып шыға келеді. Сонда да қайран кешегі заман заңы мұны далаға тастағысы келмей, шопырлық оқуды тамамдатқан. Беркін неше қилы жүріс ережесін жатқа айтып шыға келді. Шопырға зар совхозға мұнан артық не керек? Келген жаңа машинаның рулін сеніп тапсырған. Жүйткітті дерсің Бекең. Қасқыр екен деп біреудің далада қаңғып жүрген овчаркасын «соғып» алды.

– Әй, мұның не?

– Қойшының малына жақындап келе жатыр екен.

Бір тұрып, бір жатады. Сонан соң...

– Әй, ол иесіне тығылғанда неге қудың?

Ақыры екпіндеген машинасының дер кезінде тежегішін баспай, бухгалтер үйінің қорасын жапырып, сол маңда жүрген аяғы ауыр әйелге түсік тастатып тынды. Шопырлықпен солай қоштасқан. Социализмнің «жұмыс істемеген ішіп-жемейді» деген қағидасы Беркінді тыныш қойсын ба, бір жұмыстан соң екіншісіне жекті. "О, дүние- ай, сол заң болса ғой, қалаға кетіп қаңғып жүрген талай жас ауылға қайтып, елге септігін тигізер еді-ау", – деген ой Дауылбайдың санасында жарқ етті де, сөнді. Е, Беркінді жұмыссыз қойған жоқ қой, бірақ одан пайда көрген тағы ешкім жоқ. Зияны тие берген соң бәрі онан тезірек құтылуға тырысатын.

– Әй, сені осындайың үшін жұрт мазақ етіп жүр, – дегендерге:

– Сен жетісіп жүрсің, – деп, Беркін оның әлдебір кемістігін бетіне басып шыға келетін.

Елуден асты, әлі не бала, не үлкен емес. Қатын да алып жарытпады. Мүмкін адам боп кетер деген жанаршырлар екі мәрте қатын әкеп берген еді, екеуі де бір айдың ар жақ – бер жағында ізін суытып үлгерген. Енді не қалды? Қолынан келер іс шамалы, не тоқтатқан ақыл жоқ, бүгінгі күнмен өмір сүріп жатқан бір жан, ертең не болады деп басын қатырмайды. Анда – санда:

– Сонау жақта керемет құрылыстар жүріп жатыр екен, ақша деген сонда ғой, табыс тауып келсе болар еді, – деп қояды. Бір күннен соң ол қиял-арманы да ұмыт.

– Бүйтіп өмір сүргенше... – деп қалады Дауылбай.
– Бары сол, солай жаратылған. Қайтеді енді, асылып өле ма? – деп ара түседі Рабиға.

– Е, саған салса, оның басы – алтын, аяғы – күміс, – деп тұртпектеді Дауылбай әйелін.

– О бейшара да өзіміз сияқты мұсылманның баласы ғой. Шешесімен сан рет сөйлестім, қалай осылай болып кеткеніне таңданады. "Бала кезінде момын, тілалғыш еді", – дейді. Мектепті де жаман бітірмепті.

– Дегенмен тәрбиесі жетпеген де.

– Ол жағынан кемістік болған шығар. Жалғыз ғой шешесі. Тіршілік үшін арпалысып, ертемен тұрып, кеш қайтып, тапқанын баласының аузына тосқаннан басқаға шамасы жетпеген де шығар.

– Соғыстан кейінгі жетімсіз жылдарда талай әйел баласын жалғыз өсірді емес пе? Дегенмен өзінде бір аумалық бар. Өгей шешенің қолында шапалақ жеп өскендерді де көрдік – кәдімгі азамат. Еш кемдігі жоқ.

– Тағдыр шығар. Біреуді күнде ұрғыштап жатса да адам болып өседі, екіншісіне қанша ұрсаң да қамшы батпайды, ақыры бұзық болып шыға келеді, – деп Рабиға да өз пікірін алға тартты.

– Өмірде өз жолыңды таппаған екенсің, шашың ағарып, белің бүкірейгенше гұмыр кешіп не қажет. Уақытыңның біткенін өзіңнің де білгенің дұрыс. Жаратушы сондай пендесіне қай күнәсі үшін осыншама ұзақ уақыт береді екен? Айналаңа келтірер пайдаң болса, мейлі ғасыр өмір сүр. Көмегің таусылды ма – өмір көшінен кетіп тын. Өзің де әуреге түсіп, біреуді де бейнетке салудың не қажеті бар? Бәрібір мәңгілік ештеңе жоқ.

– Кәрінің бәрі өле беру керек пе? – деп қарсыласты Рабиға.

– Қартайған адамның уақыты біткені туралы Алланың жіберер белгісі – хабары бар деуші еді ғой бұрынғылар.

– Сонда бұл бейшаралар өле қалу керек па?

– Жоқ, олай емес.

– Сонда...

– Елге үлгі болар айтары көп, шет кеткенді жөнге салар абыз ақсақалдарға, аналарға, ел қашанда зәру. Оларға ғасыр жасау да аз дер едім. Ал, түкке пайдасы

жоқ, кәрілігін сатып бұлданғандардың аяққа оралғы болғаннан басқа не пайдасы бар?!

Дегенмен Дауылбай Беркіннің бір ісіне риза. Беркін ат құмар. Ол атқа мінсе болды жүзі жәйнап сала береді, сірә, өзін мұхиттағы кеменің жүргізушісін деп санайтын болар, жан-жағына пысқырып та қарамай, сәлемдескенге бас изеп жүре береді. Астындағы атының арығанын да ешкім көрген емес. Жылқышылыққа шыққаннан бері мінгені — торы жорға ат. Өзінен басқа үстіне шыбын қондырмайды. Анау екі орыс та торы атты мінбек түгілі, маңына баруға батпайды. Бүгін де торы жорғаны бабына келтіріп байлап қойғанын Дауылбай терезеден көріп отыр.

— Жүрейін деп едім, — деп Беркін тағы есіктен басын сұқты.

— Қанжығаң құр емес шығар, керегіңді тегіс алдың ба?

— Жеңгей бір қап қылып байлап берді, тіпті атқа обал.

— Ә, жарар, — Дауылбай мырс етті. — Ана екеуінің атау-кересін алдың ба? Олар оңсыз...

— Иә, онысы да бар.

Тысқа шығып кеткен Рабиға мен баласы Дәукен ілісе кірді. Екеуінің арасында бітісе алмаған даудың бары Дәукеннің еркелегендей үнімен Рабиганың қатқылдау дауысынан сезілген.

— Ол да шолжандап өскен болар, артын өзің көрдің, — дейді Рабиға.

— Өмірге өкпесі бар шығар. Естуімше, бармаған жері қалмапты ғой өзінің.

— Жамандық — жұттың бір көрінісі. "Жұт — жеті ағайынды, салақпен сегіз, тоғышармен тоғыз, олақпен он болады" дегенді естіп пе ең? Соны білсең болды, — дейді Рабиға.

— Жас кезінде барлық жерге барып, бәрін көрген жақсы. "Атың барда желіп жүріп жер таны, асың бар да беріп жүріп ел таны" демей ма. Бір жерге тұмсығыңды тығып алып, сол көңді ғана иіскеп өлгеннің несі ганибет? Тағырды адам өз қолымен жасау керек, — деп өзеуреген Дәукен.

— Ә, бері кел, мында отыр, — деп шақырды баласын

Дауылбай. — Жер де таны, елді де біл. Солай деп мен де айтамын. Тағдыр шіркін сенің дегеніңе көне қоярма екен, ә? Құс болып ұшсаң да бар әлемді көре қоярма екенсің? Ол да — қиял. Адам болып туған соң, бәрі қолдан келеді деп ойлайсың ғой. Өмірің алда, әлі бәрін көріп, талайды басқаша түсінесің.

— Әке, сөзіңіз дұрыс шығар, дегенмен ойлаңызшы, қазір адамның қолынан бәрі келеді. Тіпті оны айтып тауыса алмайсың. Адамның қолында ғажайып күш бар, не істеймін десе де жасай алады.

— Онысы рас, — деп Рабиға қоштады.

— Сол ғажайып күш адамзат үшін бе өзі? Әуелі соны ойлау керек. Қырық жыл бойы анау Егіндібұлақтың ар жағындағы Мыржықта атомын сынады. Соның қазаққа қанша керегі бар еді? Соның зияны ұрпақтан-ұрпаққа кететінін енді айтып шуласады. Мына қақ желкеңнен аспанды атып ракета ұшып жатыр. Соның протон дегенінен сенің мына далаңа тек у төгіледі екен. Сол протонның мына бүгінгі тірі қазаққа қанша пайдасы бар? Елдің бәрін ауру қылды ғой. Қазір сен маған дені сау қазақ тапшы, кәне. Адамның қолындағы бәрін жасай алатын ғажайып күш осы ма?

— Енді, оны... — Дәукен басын қасыды.

— Солай, балам. Әр нәрсенің шегі бар. Шектен шыққан әр нәрсе тек зиян әкеледі. Мынадай зиянның түбі — ажал. Протон ажал сеуіп жатыр. Жұрттың көбі — рак, не жүрегінен азап шегіп жүргендер.

Көк жүзін кезген тоқымдай бұлт ауыл үстіне үйіріліп, жаңбыр сіркіреп өтті. Іле күн көзі жадырап шыға келді де, терезені жуған жаңбыр суынан із де қалмаған. Рабиға қымызды қайта сапыра түскен. Сапырған сайын тіл үйіріп барады.

— Біраз өмір сүріп келеміз, үлкенді де, кішіні де көрдік. Адамның бәрін де аярлық. Жас болған соң сезінбейсің ғой, өзіңде тау қопарар күш бар сияқты. Ертегінің алыбындай адамды да көрдік. Жанына барсаң, өзің сияқты пенде. Сенен еш артықшылығы жоқ. Оның да өзіндік мұңы бар, пенделік қажеттілігі бар. Солай, балақай, — деп әңгімесін созған.

— Күш атасын танымайды деген сөз бар емес пе, деп Дәукең сөзді түртпектеді.

— Кімде кеуде жоқ дейсің? Кеуде... Кеуде... Құр кеудемен алысқа бара алмайсың. Бай бол, патша бол, өз жаратылысыңан, ана бас теріңнен әріге шығып кете алмайсың. "Бай болам" деген — бос қиял, Құдай бәрін орнына қояды.

— Бәрінің шешімін табар қара жер демекшісіз ғой.

— Иә, қара жерге кіндігіңмен байлаулысың. "Адамда жойқын күш бар" дедің ғой, сен. Иә, сондай бір күшке ие болып тұр. Бірақ сол күш адамды алып соғып, жаншып тастамаса игі еді. Жойқын күш өсіп барады. Өсуі дінде айтылатын Қап тауының ар жағындағы бар адамзатты опат қылатын жалғыз көзді дәудің өсуі сияқты. Жойқын күш сол жауыздай өлшемсіз, ал адам сол мыңдаған жылдан бұрынғы кішкентай қалпында ғой.

— Қойыңдаршы, осы әңгімені. Тіпті зәремді ұшырдың ғой, — деп Рабиға күйеуіне қабағын шытты.

— Зәре ұшатындай жағдай болып тұр ғой. Дегенмен, мына жастардың далаңдай бермегені дұрыс, соны айтар үлкендер де шамалы. Жылқы бақ, мал өсір, мұның бәрі жақсы. Соны баға білу де — әдіс.

— Несі әдіс? — деп, сөздің басқа әуенге көшкеніне риза болды Рабиға.

— Ал, Дәукен, сен айтшы, осы малдың күйін кетіретін не?

— Суық қой.

— Дұрыс. Боранда жылқы неге теріс қарап тұрады? Соны аңладың ба?

— Қарсы тұра алмай ықтағаны емес пе?

— Иә, ықтайды. Қазақта «жылқы маңдайынан тоңады, түйе табанынан тоңады, сиыр бауырынан тоңады, ешкі мүйізінен тоңады» деген сөз бар. Осыны ұққан адам мал иесі бола алады. Қазақ атаң бәрін айтып кеткен. Олар өздері зоотехник, өзі мал дәргері бола алған. Анау Тағылының ысқырған боранды қысында Ботпай бай қырық мың қой өсірген. Мая-мая шөп те үймеген, қойды қамайтын қорасы да болмаған.

— Қазір заман өзгерді ғой, бір жерде, бірқалыпта қалу мүмкін емес. Даму керек, — деп сөз қосты Дәукен.

— "Даму керек". — Дауылбай мырс етіп күлді. — Дамуға кім қарсы дейсің? Тап бүгінгі күнде дамуға-

нымыз сондай, иен даланы жұрт тастай қашты. Жайнап тұрған ауылдар да жарық сөнді, ауыл өшті. Ақыры кешегі совхоздың дәрежесіне жете алмай қалдық. "Әр қыстақта жеке-жеке, жападан-жалғыз қой бақ" деу — он тоғызыншы ғасырға сүйреу. Ақыры ауыл келешегі жоқ, мүгедектің қатарына қосылды.

— Бәрінен мектепті жапқанына ішім ашиды. — Рабиға күйеуіне күйзеле қарады.

— Мектеп ауылды сақтайды. Ел өссін деген басшы әуелі мектепті өрістетеді. Анау Ағыбай бейтінен сәл төмендеу тұста өткен ғасырдың отыз алтыншы жылы мектеп болған. Мұғалімін де білеміз. Қазір сол жер қу дала. Мен өзім мектепке барғанда бес бала едік. Бар-жоғы мектептегі бес бала үшін үкімет екі мұғалім қойған. Солай оқыдық. Бұл өзі соғыстан кейінгі бәрі жетіспейтін таршылықтың тұсы еді ғой. Сонда да Совет үкіметі мектепті сақтады. Ал, енді қарашы, совхоздан қалған екі қабатты орта мектепте: "Өлшемге саны бір балаға жетпейді", — деп, әлгі Керіғали әкім мектепті жапты да тастады. Айтсаң, сөз, жыласаң, зарың өтпейтін не деген бітеу заман мынау, ә?!

Қолын жуып, далаға шыққан Дауылбай зираттарға беттеді. Осы ауылдың дүниеден өткен кәрі-жасы осы жерде мәңгілік мекенін тапқан. Зираттар да ауылдың іргесіндегі жотаның үстінде. Соңғы кезде әкесі марқұм түсіне жиі кіретін болып жүр. Барып дұға бағыштағаны жөн шығар. Асықпай жаяу аяндады. Ауылдың маңы неше алуан шөппен, нешеме түске боялған көбелектер қалбалақтап қонған гүлдерге тұнып тұр. Гүлжазиралы дала деген осы.

Біразы осы маңдағы таудың тасынан, көпшілігі совхоздың байлығының бір шығыны болған қызыл кірпіштен қаланған зираттардың көбінің есігі ашық жатыр. Ұрлық бұл жерге де жетіпті. Босағасымен жұлынған есіктердің орны үңірейіп, денені тітіркендірген. "Өліге де маза бермегені ғой, имансыздардың. Анау жұлып алған он шақты есіктің темірі қай жыртығын жамауға жетті екен, қанша тиынына теңге боп қосылып байытты екен. Әлде, аруақтың назасына ұшырады ма, сол мәжбін".

Адамдарды «бәрің байындар» деген соқыр үндеу

билеген заманда бай болудың жолы осы екен деп не қилы іске бармай жатыр. Соңғы бір жиырма жылда ел есін жинағандай еді, байқуат өмір сүре бастаған. Адаммен бірге дала да сәндене түскен. Қарашы енді, соның бәрі көзден ғайып, даланы алыстағы өрттің түтіні шалғандай буалдыр. Адамдар сол буалдыр тірліктің арасында адасып жүр ме, қалай? Тірлік етіп жүрген әнебір екі торғай ғана сияқты. Құйрықтары селтең-селтең етіп, бір мазардан екіншісіне секіріп мазасыз шықылықтаған солардың ғана үні.

Иә, адам – пенденің бұл жалғандағы тірлігі де бір құпия-сыр. Дүниеге тамашалап келеді де, дүние ісінен шаршап, дүниемен қоштасып кете береді. Міне, мынау қабіры астында қаншама адам жатыр, бәрінің басынан кешкені – бір-біріне ұқсас тағдыр. Ғұмыр туралы шындықты кім айта алады, кім не үшін өмір сүріп жатыр? Өзі үшін ғана ма, әлде балалары үшін бейнет шеге ме? Баласы өзінің баласы үшін, ол тағы өзінің баласы үшін боп жалғаса беретін тірлік пе? Тірліктің осы түрінің өзі мәңгілік болар ма екен? Мыңдаған жылға созылған осы ауысым, осы үзілмес қозғалыс мәңгілікке ұласа берсе жақсы ғой. Иә, біздер де кетеміз бұл жалғаннан. Келер ұрпақ келе бермек. Бірақ дүниеге келген әр адамға бұл жалғанның қызығы да, бар ісі де тек өзінен бастау алғандай болып көрінетіні бар.

Дүние есігін ашқанына екі-үш жыл болған бала ғана: «Мен қайдан келдім?» – деп сұрайды. "Мен қайдан келдімнен" бастап сананың естілігі басталады, жады нығаяды. Жадына ештеңе жинамаған адам өмір сүрдім деп айта алар ма?

Әкесінің басына тізе бүгіп, дұға бағыштап қайтқан Дауылбай дөңестеу жерге шығып Айғырұшқанның биігіне көз салды. Биіктегі жалғыз алып қарағаш теңселгендей көрінді. Жоқ, әулие ағаш теңселмепті, оның жапырақтарын самал тербеп тұр екен. Жанай түскен кешкі Күннің сәулесі жап-жасыл жапырақтарды да, бұтаққа ілінген неше алуан түсті шүберектерді де құбылтып, сансыз реңге бояп тұр екен. Осы ауылдың үлкен-кішісі, оқығаны не оқымағаны да осы алып қараағашты «анау» деп сұқ қолымен көрсеткен емес еді. Бәрі әулие тұтатын. Әулие ағашты жер бетін тітір-

кендірген, шатырлаған найзағай да айналып өтетіндей көрінетін. Енді ше?

Батып бара жатқан күнмен таласа даланың ерке желі де екпіндей соғып өткен. Сонау бұтақтарға ілінген неше алуан әсем шүберектер төгілген аттың жалындай дудырап, ертегінің суретін салған. Әулие ағаштың бұтақтарына ілінген күміс теңгелердің сылдырын да құлағы шалғандай болды. Жоқ, ол әсем үн — сол жақтан әнмен жеткен қыздың ұяң күлкісі екен.

Аспанды кезген үзік-үзік бұлттар таңғажайып түске боялып, жарысып бара жатты. Солардың арасынан жылт етіп көзге түскен ашық алаңқай аспаннан жүл-дыздар ұяла жылтырап, көз қысып үлгереді. Мына құлаққа жеткен дыбыс та, адамдар мен жылжыған бұлттар да ғажайып тамаша әрі мұңлы көрініп, тағы бір ертектің бастауындай сезілген.

Ай да туды. Қызарып туған аса үлкен табақта ай биікке қарай баяу сырғыған. Ғасырлар бойы ұлы даланы кезген айдың бетіне сол жазираның сан қилы тарихы жазылған сияқты.

Ал, анау түннің шымылдығы бүркеген тұстан бей-мәлім көлеңке жылдамдата жылжып бара жатқандай. Жапанда жапа шеккен бе? Ізгілік ұрығын сепкен бе? Түн пердесінің етегін жамылып күдікпен үміт көлбең қаққан.

Тағдырын күткен ауылдың үстінен даланың жүйрік желі жүгіріп өтті.

Сонау, сонау алыстағы қойнаудан ащы бір үн естілді де, сыңсып барып сөнді.

6.03.2017 ж.

ҚАЙРАҚТЫ ЖАЙБАРАҚАТ АҒЫП ЖАТҚАН

Қазиа әжей алақанымен Күн көзін көлегейлеп алысқа қарады. Ертемен жіберген бұзаулар ауылдан әлі ұзай қоймапты. Азаматы азайған заманда даланың иті

де көбейіп маза бермейді. Осы маңда ит-құс басым. Балаларға да маза жоқ. "Бұзауларды қайтарып келеміз" деп тұра жөнелетін балалардың артынан да ересектеу бір іздеуші керек. Әне, немересі Иса тықыршып отыр. Әр үйден басын қылтитқан тақырбастар біреуі ысқырып, біреуі кесек лақтырып, тіршіліктерін білдіріп жатыр. Жылда осы колхоз осы маңға келіп қонады. Мына Балқаш жайлауымен Темірастау жалғасып жатыр. Соғыстың қақаған тұсында онсыз да азайған ортаның малын осы маңға жайып, пішенін де осы жайлаулардан дайындау әдетке айналған. Бір қырдың асты – Көкөзекте бір отар қойы, таяқ тастам жерде ортаның жүзден аз-ақ асатын сиыры бар. Екі айғыр иелік ететін азын - аулақ жылқы жаздай көшіп жүретін колхоз орталығымен бірге. Тұқып төмен қарап ойға кеткен әжесінің көңілі басқаға ауғанын сезген Иса асығын иірген болып әрірек жылжи түсті. Әжесінің мұны тізгіндеп, жібергісі жоқ. «Бір кетсең, молынан кетесің», – деп ұрсады. Кеше кешкі көрген қорлығы есіне түскенде, жүрегі сыздады. Қас қарая сүйретіліп зорға жеткен-ді. Ұрсатынын іші сезіп, алға басқан аяғы кері кетіп, үйде кім барын білмекке қабақ астынан сүзе қарап, амал жоқтан үйге таянып келеді. Оның үстіне, таңертеңнен бері тамақ ішпеген, іші де ұлып тұр.

– Әй, өлдің ғой, өлдің, – деп бас салған әжесі.

Бауырына басқаны да белгісіз, желкесінен нұқығанын да айыра алмай, Иса өтірік жылағансыды.

– Ә, қамшының астына алайын ба? – деген әжесі сол бауырына қысқан күйі шидің ішіне бір-ақ алып кірді. Тамақты көргенде, Иса еріксізден жұтынып-жұтынып жіберді.

– Үй қарасын көрмеу деген не сұмдық! – деп әжесі әлі сөйлеп жүр екен. – Әуелі мынаны іш, түйіліп қаларсың.

Бір кесе айранды апыл-ғұпыл іше бастаған.

– Әй, жай іш.

Әженің сөзіне сәл тосылса да, кесенің түбін бір-ақ көрсетті. Кекірді. Тұманданған көзі де жайнап сала берген сияқты. Самайынан аққан тер иегіне жеткенін сезіп, алақанымен сипады. Алақаны былжырап тұр. Күні бойы басы-көзін басқан шаң-тозаң термен иленіп

алақанына жүкқан. Бетін тағы бір сипап еді, айғыз-айғыз болып шыға келді.

— Әй, мынаның түрін қараңдар, тіпті келісіп кетті, — деп ренжіді әже.

Өзінен сәл үлкен Пәну сықылықтап күліп еді, Иса оған жұдырығын түйді. Інісі Рашидтің Исаның түрінде шаруасы қанша.

— Мені неге ала кетпейсің? — деп қыңқылдап жүр.

— Иә, жетпегені сен едің. Сонан екеуіңді іздеп Қайрақтының өзенін шарлап, "мына қаңғыбас қайда кетті?" деп Қарақырқаның жоталарын кезіп кету ғана қалған еді, — дейді әжесі.

— Әй, мынау қайдан шыққан кір-қожалақ? — деген дауысқа жалт қараған. — Тамаша болыпты ғой.

— Е, сенің ұлың да жетіскен шығар. Несіне күлесің, Бексұлу? — деп ренжіді әжесі.

— Бар бала осы Исаның соңында ғой, — деп Бексұлу сөзін жасытты. Бексұлуға ере келген қызы Кәйлә мазақтап тілін жылтыңдатты. Иса оған қабағын түйді де қойды. Себебі, әжесі «Кәйлә қарындасың» деп түсіндірген. Ана, Шәйкөйлек, Бексұлу, Ақсұлу осы үйге жиен екен. Сонда Кәйләның қалайша қарындас екеніне Иса түсінбейді. Сонда да әжесінің сөзіне иланды.

— Ана Төлеуқұлды бүгін Ысқақтың артына мінгестіріп жіберіп құтылдым. Кеше нағыз жебірей Оспанның өзі болып келіпті, — деп Бесұлу ішегі қатып күлді.

Иә, Исаның жебірей Оспан туралы естігені көп. Әжесі де, басқа да ылғи мысал етіп күліп отыратын. Естуінше, Оспанның бала кезі болса керек. Ауылы осы Қайрақтының бойындағы молалардың біріне жақын қоныпты. Ауыл балалары түскі ыстық қайтқан соң бұғынбақ ойнаған екен. Кезекті бір жасырынбақтада Оспан жоқ болып шығады. Сонан бар бала іздеп таба алмаса керек. Кеш түсе: «Оспан, Оспан. Ал біз үйге қайттық», — дескен балалар опырылып ортасына түскен қабірдің бірінен басын қылтитып: «Көкек», — деген біреуді көріп: «Ойбай, көрден жебірей шықты», — деп тұра қашып ауылға барған. «Осылар не деп жүр?» — деп келген үлкендер, әлі де орнынан қозғала қоймай: «Көкек», — деп ыржиып отырған Оспанның үстінен

шығыпты. Міне, сонан бері Оспанды «жебірей» атап кеткен. Жебірей Оспанды Иса сан көрді. Ауылдың басқа шалдарынан гөрі денесі әлдеқайда шағын сары шал екен.

Бексұлудың баласын жебірей Оспанға теңегеніне Мырс етті.

— Күледі-ей, мынау. — Бексұлу қабағын түйді. — Мыналарды тыймаса болмайды. Әбден бетімен кетіп бітті. Бұларды тыятын әке біткен соғыста. Не хабар, не ошар жоқ. Біз мынау күндіз-түні салпақтап жүрген.

Көзін бір сығып алып, Кәйләні ертіп Бексұлу кетті. Жерошақтағы шәйнекке жылытқан судың қақпағын ашып көріп, қолына қарасабын алған әжесі

— Енді бері кел, — деген.

Ащы қарасабын көзіне кіріп, бетін дуылдатса да қыңқ етпеді. Мұндай сабынды жылда тамыз айында әжесі алаботаны өртеп, күлін қайнатып өзі жасайды. Кішкене-кішкене етіп, «бұзаушық» деп әр балаға беретіні де бар. Күні бойы иірімде қалған ащы суға да малып, салындыны бір-біріне атып ойнаған балалардың қақ ортасынан табылатын Исаның қолы кір-қожалақ. Әжесінің қарасабыны білегіне тигенде, ыңырсып жіберді.

— Дыбысыңды шығарма. Шақты қазғандай түрін қарашы мұның.

Әжесі айтқан «шақтыны» бұл да білмейді, әжесі де көрмеген шығар. Тек ана Қарағандыда жер астында сондай бар екен дегенді әжесі «астапыралла» дей отырып айтатыны бар.

Жуу аяққа да жеткен. Әуелі жылы сумен бір шайып тастады да, әжесі:

— Мынаған не болған? — деп таңдана да, үрке де қарады.

Иса да не дерін білмей, өз аяғына көз жүгіртті. Үсік шалғандай домбыға қызарған сирақтары тілім-тілім. Күні бойы жалаңаяқ шапқылаған табаны пышақ сыртынан қалың болып күстеніп, анау-мынау шөгірдің қадалғанын да ескере бермейтін. Кеше бір үйрек жүгіре алмайтындай көрініп, қараған арасымен қашқан, соны қуалай-қуалай сан жығылып тұрды. Ақыры қу үйрек былай шыға қанатын қатты сермеді де, ұшты да кетті.

Соны қуып жүргенде сирағы біраз ашып еді, сонда тапқан олжасы екен ғой.

Әжесі қарасабынын сүйкеп өткенде, шыңғырып жібере жаздады.

– Тимеші әже, тимеші, – деп оның қолын қақты.

– Қоя тұр, былай. Мынаны ашытып жумаса, ертең жаман жара болып кетеді. Сонан соң сені дәрігер алып кетеді.

Дәрігердің атын естігенде, жымдай болды. "Дәрігер инемен теседі" дегенді естігені болмаса, көрген емес. Инемен тамырды тескенде не жаны қалады? Өйтіп емдегені құрысын. Әжесі сияқты батар күнге қарсы отырғызып, су бүркіп ұшықтап жіберсе де болмай ма?

Аяқ-қолына әжесі жаққан қаймақ «ә» дегенде ашытқан сияқты еді, кейін аяқтың сыздағанын басып, жаны жайланды. Осы әжесінен артық емші жоқ. Тек жаңағы бір қарасабынын қайта-қайта жағып, жанын ауыртқаны есіне түссе, денесі дір ете қалады.

Асығын құлаштай иіріп тастап, Иса әжесіне тағы бір қарады. Мүлгіп отырған сияқты. Әжім басқан жүзін төмен салып, мал қайыратын таяғына сүйеніп, көзін сәл жұмып, үнсіз отыр. Иса асықтарын жиып алып, ышқырына тықты да, көрші Қанапия ұстаның үйінен басын қылтитқан Төкішке қолын бұлғап ұзай берді. Беті – Темірастау жақ.

– Әй, қайда барасың? – деген әжесінің дауысы жеткен.

– Бұзау...бұзау қайырам.

– Тағы ұзап кетпе.

Әр үйден шыққан балалардың беті әр жақта болғанымен, өзеннің жырасын сағалап, қалың өскен шилерді айналып, ақыр Темірастаудың бер жағындағы қамыс маңына топтасқан.

– Апаң ұрысты ма?

– Ұрысты.

– Мені құйрығымнан шапалақпен тартып жіберді.

Әке-шешелерінен кешегі көрген құқайларын айтып бәрі мәз. Бұлардың ішінде аса ұрыс естімеген Ергалы ғана. Әлиман шешесі сабырлы, баяу адам. Әжесі Есімғали ақсақал ғана аздап зекісе керек. «Ә, солай ма?» – деп. Ол басқаларына мазақтай қарап отыр.

Ұзаңқырап бара жатқан бұзаулардың бетін қайтару бұзау жарысқа ұласқан. Исаның астындағысы — ала сиырларының ала бұзауы. Ала сиыр жылда ала бұзау табады. Биылғысы еркек. Бұзау жарыстың алдында Тасболат, онан сәл кейін Төкіш кетіп бара жатқан. Иса орта тұсында қалыпты. Ала бұзауды бірер рет көк шыбықпен осып қалғанынан ештеңе өнбеді. Арқасына бір қырындап жата қалып, құйрығын бұрап жіберген. Ала бұзау мөңкіді. Мөңкіп-мөңкіп, көзі аларып, Тасболат мінген қара бұзаумен қатарласты. Ешкімнің артта қалғысы жоқ.

«Ей, өй, өк-өк» десіп, тепеңдеген балалар межелі жерге жетіп бұзауларды қоя берісті. Күн де көтеріліп, шекені қыздырып барады. Бішқырларындағы асықпен қоса қыстырған құрттарын алып сорып, Темірастауға беттеген.

Темірастау жағынан үлкендердің дауысы шықты. Күліскендері болмаса, дауыстары анық емес. Иса дауыстарынан-ақ бұлардың кім екенін таныған. Анау сәл қарлығыңқырап шыққан үн Әлінікі, ашық дауыс Қамажан болар. Екеуінің жанында Омаш ақсақалдың Рахмениясы жүргеніне бәс тігісер еді.

Жүгіре жеткен балаларға жағада отырған Қамажан:

— Келіңдер, келіңдер, — деп ықылас білдірді.

— Әй, жақсы азамат болып қалыпсыңдар, — деп Рахмения мақтап жатыр.

— Бойлашы, бойлашы, — деді Қамажан суда жүзген Әліге.

Қолын көкке созып бойлаған Әлі шым батып, сау-сақтарының ұшы да көрінбей кетті. Әлденеге тұншыға булығып, сыртқа атып шықты.

— Сұмдық терең, суы да тастай суық. Түбіне аяғым жетіп еді, үшкір-үшкір тастар екен, — деген.

— Темірастау атанып жүргені де содан ғой. Әне, арғы жағасы да тас. Ұзыны — он бес қадам, ені — бес қадамдай. Осының бергі жағалауы шым болғанымен, оның асты да тас, — деп үстеді Рахмения.

— Рас. Нағыз астау. Қазақ ат қойғыш қой, "Тас-астау" демей, "Темірастау" деуін қарашы. — Әлі таң-дана бас шайқады.

Торы атқа мініп, сойылын сүйрете жеткен Әбеу

ақсақал екен. Жамырай сәлем берісті. Қалжыңдауды жақсы көретін Әлінің қолын қысыңқырап жіберсе керек, қызарақтаған жігіт ақыры:

— Әбеке, Әбеке, — деп сауға сұрағандай болды.

Әбекең мінген торы ат Түсіптікі. Түсіп оны "жарық қарын тобан аяқ торы ат" деп мадағы ма, мазағы ма, белгісіздеу атайды. Онысы біреу көрсетіп, атын әскер қажеті үшін алып кетпесін дегендіктен болар. Түсіп — Исаның әкесі. Жұмысы қалада. Үйіне айына бірер күнге ғана соғуға шамасы келеді. Торы атты жабағы күнінен осы Әбекең баққан. Шарбаққа жығылып, көк еті сөгілген жерден терісінің астынан шегі бұлтиып білініп тұрады. Құлын-тайында үнемі байлауда болып жүрмегендіктен, алдыңғы аяғының бірі тобанаяқтау. Иса көрген осы маңдағы жылқының ірісі — осы торы ат. Торы ат Әбекеңнің астында тайдай-ақ боп көрінген.

— Ә, жігітім, солай ма? — деп Әбекең мысқылдай күлді.

— Әбеке, құрығыңызды бере тұрыңызшы, Темірастаудың тереңдігін байқап көрейік, — деп, Қамажан жармаса кетті.

— Ал, өлшей ғой.

Ұзын құрық ұшына дейін бойлап кетті. Қамажан құрықты судың әр тұсына салып: «Иә», — деп басын шайқай береді.

— Мына бір жерінде ғана түбіне жеткендей болдым.

— Япырай, ә!

— Шұңғыма екен ғой.

Әбекеңді көзімен ұзатқан үш жігіт сақалы бурыл тартқан қарияның әлі тіп-тік денесіне риза еді.

— Осы кісі жетпістен асып кетті-ау, — деді Рахмения.

— Сексенге жуықтады. Қамажан көйлегінің бір жеңін киіп, алыстап бара жатқан Әбекеңнің соңынан үңіле қарады.

— Саусақтарының ұзындығы ғажап. Ортаңғы саусағы өтірік айтқан адамға жетінші шамның пиаласының мойнындай. Қолымды қысқанда, тура сықырлатып әкетіп барады, — деп Әлі алақанын жайды.

Темірастаудың төменгі жағындағы Қамыс арасынан балапанын ерткен үйрек шыға келді де, сасқалақтай құқылдап, нудың ішіне қайта кіріп кетті.

– Балапан, балапандарды қараңдар!

Шу ете қалған бала біткен қамысқа қарай жүгірген. Қамыстың бергі жағындағы су тізеден келсе де, орта тұсы тым тереңдеп кетті де, су жұтып шашалған балалар кері серпілді.

– Қап, ұстатпай кеткенін қарашы, – деп өкінді Адамқұл. – Кеңеске апарып беретін едім.

Бұттарындағы лыпыларын шешіп, сығып, жағалауға тастай салып, таяздау жеріне шомылып, су шашып бәрі де мәз. Темірастауға жақын түскендері тоңғандай болып дірілдеп, ыстық құмға аунап жатыр.

– Но! – деген дауыс бәрін селк еткізді.

Сонан соң ескі доңғалақтың шиқылы жетті. «Ши-и-иқ» деп алады да, бір сәт дамылдап, қайта «ши-и-иқ» деп жөнеледі. Әлем жаратылғаннан бері тынышы бұзылмаған тұнып тұрған ауада арба доңғалағының шиқылының өзі бір әуен боп естілген. Соған еліткен Мешелдің Ермагі өзінше үн қосып, әндеткен болып отыр.

Арбакештің кім екенін Иса да, басқалары да алыстан-ақ таныған. Осы шабан қасқа ат, осы әндеткен арба анда-санда ауылға келеді де кетеді. Не бітіріп жүргенін де жөнді ешкім білмейді. Әркіммен тілдесіп, берген қымыз, айранын ішеді де жүре береді.

– Аты Тойлы көрінеді, – деген бір күні әжесі.

– Түбі – түрікпен, – деп анықтаған ауыл ақсақалы Көпжекең.

– Кесікті болған екен, енді жұрт арасында жүруге рұқсат беріпті.

– Әй, осындайдың өзінен сақтанбаса болмайды. Кім біледі не ойлап жүргенін, – деп Рахменияның әкесі Өмкең сақтық білдірген.

– Иә, иә. – деп талайды басынан кешкен үлкендер бас изескенін көрген Исаның көңіліне бір күдік орнаған. Әжесі де «ауызды жауып жүру» керек екенін құлағына құйып баққан.

– Но, но! – деп делбе қаққан арба таяй бере бар бала тұра жүгірісті де, ошарыла тұрып қалды. Онсыз да жүрмей келе жатқан атын тоқтатып, орта бойлы, аққұба кісі арбасынан түсті.

– Қалай, балалар? Түу, жігіт боп қалыпсыңдар ғой. Сәлем қайда?

Жапыр-жұпыр қолын берген балалардың сәлемін алып, Тойлы күрсінді. Қалтасынан темекісін суырып, біраз ойланып тұрды да, қорабына қайта салды.

— Менің де балаларым сендердей еді-ау, — Тойлының жүзі күреңітіп кеткен. — Ал жақсы, балалар, сау болыңдар.

Тойлының арбасына ілескен балалар Балқаш жайлауындағы үстел орнындай қызыл тасқа тізе бүккен. Шабан қасқа атын «но, но»-лаған Тойлы да ұзай берді, арбаның шикылы да сөнген.

Тойлының «менің де балаларым сендердей еді-ау» деп күрсінгені Исаға жылағаннан бетер боп естілді. Сол кезде кесікті кісінің иығы бүрісіп, бар денесі құрысып, шөкімдей бола қалғаны көз алдынан кетер емес. «Бейшара-ай», — деді іштей, оны аяған Иса. (Талай жылдан соң Тойлының өздеріне көрші боларын кім біліпті.)

Балқаш жайлауының шалғыны бала біткеннің беруарынан келеді. Таңертеңнен шақырайған Күн жайлаудың сыздауыт шым аралас топырағын кептіріп жібермесе де, түннен қалған шықты бу етіп көтеріп, лапылдаған ыстықта тынысты кеңейткен. Қызылтастан түсе-түсе қалған балалар шалғынға аунап, алды іргедегі сарқырап аққан суға күмп-күмп секірген. Иса үшін мына Қызылтас та, сарқырама су да ерекше қымбат тәрізді. Ауыл осы жайлауға қонғанда, Исаның үйі осы Қызылтастың желкесіне таяу үй тігетін. Онан әрі Ергалының үйі, Көпжекен, Әукен үйлері боп кете беретін. Иә, бір жылы, арғы жылы болу керек, Исалар басқаларынан алты-жеті күн бұрын келіп қонған. Шешесі Бақтай боз бие мен Әрін ағатайдың (ол кісі соғысқа кеткен, содан хабар жоқ) қасқа биесін сауады. Қымыз мол. Ыстауы мен пісуі жеткен қымыз қаймақтай, қанша ішсең кете береді. Інісі Рашид екеуі қымызды сілтеп бағыпты. Рашидтің көзі ілмиіп құлай кеткені есінде. Өзі ұзақ әндетті. Жайшылықта үй ішінде дауыс шығармаушы еді, енді сілтеп берді. Анау аспанда төңкерілген бұлттар, құйрығын ақ жауынға бұрған екі бие мен құлындар жыр болып төгіліп жатыр. Бұл әндеткен сайын әжесі мен шешесі мырс-мырс етеді.

— Неге күлесіңдер? — деп ақырғаны есінде.

Ақыры ұйықтап кетіпті. Басы сынып бара жатқанынан оянды. Желкесі құрысып, самайы шаншып әкеліп барады екен. Шап беріп басын ұстай алды. Көзі де қарауытатындай.

— Ойбай, басым.

— Ештеңе етпейді, қазір жазылады.

— Әже-ау, басымды қысшы. — Иса әжесіне батыл. Бұл әжесінің баласы болып есептеледі. Шешесінің атын атайды. Күні бүгін әжесінің атын естіп көрменгі. Бүкіл ауыл «апа» деген соң, қайдан білсін.

— Мынадан аздап іш, — деп, әжесі қымыз ұсынған.

— Жо...Жоқ, — деп Иса басын ала қашты.

— Құлыным, ішші, тәуір боласың.

Бақтай шешесі күлімсіреп қарады да, бұрылып кетті. Әжесіне көнбей жатқан Исаға көз қылғандай ыңырсып отырған Рашидке жарты кесе қымыз жұтқызып

— Осындай бас ауырғанда қымыз тез жазады, — деді.

Исаның ішпеске амалы қалмады. Жарым кесе қымыз шекесінің солқылын басқан. Иә, сол бір күндері осы сарқырамадан басқа ермегі де жоқтай еді. Судың гүрілі бұған тамаша әуен болып естілетін. Оның үстіне, шешесі:

Ауылдың маңы терең сай,

Тасыған өзен гүрілдеп, —

деп, үй-ішінің жұмысын атқарып жүрсе де баяу ән салып, Исаның бала көңілін тербей түскен. Не ән, бұл кімнің өлеңі, оны Иса сұрап көрген емес.

Сонан соңғы ермегі — өзеннің арғы бетіндегі Тақтас. Тізеден келер ағын суды жалдап өтіп, Тақтасқа шаныып отырып, әй, өзін бір бастық санап көсілетін.

— Мен де барам, — деп інісі жармасады.

— Өте алмайсың.

Інісі бақырды. Сонысы үшін "бақырауық Кәшік" атанғаны да бар. Інісі жылаған соң араға әжесі килігеді.

— Алып бар.

— Қалай? — деп күйзелді Иса.

— Арқала.

— Суға құлаймыз.

— Ал сен құлама.

Амалы таусылған Иса тырмысып арқасына мінген

Рашидті арқалап су кешеді. Өзінен үш жас кіші інісі бұл үшін ауыр. Әжесінің тілін алмауға және болмайды. Бұл – әжесінің баласы. Әжесі, әне, үй сыртына шығып қарап тұр. Ағын судың ортасына жете тәлтіректеді. Тоқтап, төмен сырғыған інісін ырғап арқасына қарай жылжытты.

– Башмағымды су қылдың, – деп інісі желкесін тырнап алды.

– Өй, әдейі емес қой.

Өтті-ау әйтеуір арғы бетке. «Уһ» деп демін алып, үй жаққа қараған. Әжесі бойын тіктеп қуаныштан алақанын жайып тұр екен. Шешесі Бақтай үй сыртынан сығалап күлімсірейді.

"Желсіз түнде жарық ай" деп басталатын әннің «тасыған өзен гүрілдеп» деп аяқталатын шумағының бала Исаның көңілінде мәңгі жатталатынын кім біліпті.

Ертеңіне Мешелдің үйі келіп қонған. Ермектің шешесі Балиқа Исаның әжесін «апай» деп жүреді. Мінезі арқын-жарқын адам. Көңіліне ұнамаған күні күйеуін: «Әй, тас Мешел» деп айқайлайды. Ондайда әжесі:

– Тәйт, аузыңа келгенді неге айтасың? – деп ұрсады.

– Байқамай, – деп жұмсартады Балиқа.

– Неге байқамайсың? Үлкен-кіші, бала-шаға анау. Оның мына жеткіншектерге жаман үлгі болмай ма? Әжесі ренжіп кимешегін қайта-қайта түзейді. Оның ертеңіне бүкіл ауыл көшіп келген. Әлі де бие байламағандары бар екен, Исанікіне бар ересек жиналып, сыймаған бала-шаға жерошақ маңын жағалап, сабаны қымыздан бір босатты.

Жайлауды сан түрге құбылған қызғалдақ сан алуан өрнек салып, құбылтып жіберген. Қызғалдақтан қызғалдаққа қонған аралар да құжынап жүр. Тұмсығын қызғалдақтың бойына сұғып, тоңқандаған сары ала араны біраз қызықтады да, ұстап көрмекке қанатына жармасқан. Саусағына тұмсығын қадап шағып алғанда, жүрелеп отырған Иса шалқасынан түсті.

– Әп, бәлем, сыйыңды алдың ба? – деп Төкіш білгішсіне қалған.

– Саусағыңды сорып таста, сор. – Адамқұл Исаның

ызыланғанын көріп: — Әрі түршы, шанимай, — деп Төкішті итеріп тастады.

Қара ала көбелекті қуып, бас салып ұстай алмай, жығылып-тұрып Адай жүр. Балалардың ұғымында: «кім де-кім көбелекті ұстап, табанына жақса, сол жүйрік болады». Ерғалының інісіне бұл бақ бұйырған тәрізді, алақандай қызыл ала көбелекті ұстап, көрдіңдер ме дегендей көтеріп-көтеріп қойып мәз.

Балалар жүгірген сайын шалғыннан тұман боп көтерілген маса буып барады. Сасырды жұлып сабалағаннан ызылдап келіп шаншыла қадалған сары масадан пана таппаған балалар суға қойып-қойып кеткен. Көбелек те қумай, арамен де әуре болмай жеке отырған — Ерғалы. Күні бойы қолында шыбық жүр еді, енді соның басына ышқырына тыққан қармағын байлап, жар қабақтың көлеңкесін сағалап, балық аулап отыр. Жемге ілгені — шегіртке. Суға түскен балаларды қызықтырып, жанында тулап жатқан балығын көрсетіп отырған.

— Әкетті, әкетті! — деп шулаған балалар суға батыпшығып тұрған қалытқыны нұсқап. Ерғалы шірей тартқан. Мәшине жіптен жасалған бауы үзілді де, бұлтың еткен шортан су бетін құйрығымен сабап жүре берді.

— Қап! — деп өкінді Ерғалы.

— Осымен бітті бүгінгі аулағаның. Иса Ерғалының шыбығын шымға шанышты. Құбыладан ескен самал жел бар масаны қуып тықты.

"Көкек" деді бір құс. Бәрі елітіп тақтас жаққа қараған. Етектегі шоқ қараған арасынан қарғаның дауысы шықты. Тағы бір қарға қарқылдап келіп, ол да жалп етті.

— Не бар, ей, анау жерде?

Далпылдап ұшқан бес-алты құзғынды қуа жеткен балалар қоянның өлексесін көрген. Құзғындар паршалап тастапты.

— Бүркіт алған шығар, — деп түйді Тасболат.

— Ит... Кеше Көкдауыл мен Бассал осы жақтан келген.

— Жоқ-ә, Өмекеңнің қараласы жүрген.

Балалар дауласып жүріп тақтасқа беттеді. Жартастың үстіндегі сақау көкек әр жерге бір ұшып-қонып әлек.

— Әдемісін-ай, өзінің!

– Айдарының көріктісін қарашы.

Балапаннан аз-ақ үлкен шұбар құстың қанат-құйрығы мен айдарынан Иса да көз ала алмады. Көзі де жаутаң-жаутаң етеді. Балалардан секем алып әрі сырғыса да, әр тастың басына бір қонып, айдары жалт-жұлт етіп еріксіз өзіне тартқан.

– Мен отырамын таққа.

– Кім айтты саған? Мен бұрын келдім, мен отырамын.

Ермек пен Кәмен өңмендесіп, төбелесе қоймаса да төс қағысуға жақындаған әтештерше ежірейісе қалыпты.

– Мынау екеуі, – деп Адамқұл жақтырмай шегініп барады.

– Таққа мен иемін. Мен – патшамын, – деп Ермек өрекіді.

– Әй, қайдағыны айтпа. Патша деген жаман. – Ерғалының үні өктемдеу шықты.

– Ондайды айтуға болмайды. "Патша жақсы дегенді кепеу ұстап әкетеді" деп атам үйреткен, – деп Төкіш әкесі Қанапия ұстаны алға тартты.

– Патшасы құрысын.

– Енді не ойнаймыз? – деп Адай үлкендерше алақанын жайды.

– Патшаның керегі жоқ. Өзімізше бастық ойнайық, – деп үстеді Тасболат.

– Басқарма, басқарма болайық.

– Осы дұрыс, – деп Адамқұл қостаған.

– Кім болады? – деп сұрады патшалыққа өтпей қалған Ермек.

– Әй! – Иса ештеңеге араласпай тұрған Ерғалыға қарады. – Бүгін сен басқарма бол. Анау «тайыншанды», – деп ұстаған жалғыз балығына қарады. – Оны ортаға сал. Колхозда бәрі ортақ дейді ғой, солай болсын.

– Уәзірі... – деп мүдірді Төкіш.

– Уәзір деген жоқ. Қой ферма бастық, сиыр ферма бастық дегенді өзі таңдасын.

– Шөп ферма ше?

– Ә, ол әзірге болады.

– Айғыр ферма... – деп қалған Кәменнің сөзіне бәрі күлді.

— Жылқы ферма де.

— Тауықтарды ортаға салып ферма жасасақ.

Айналдырған бес-алты баланың бәріне бақ қонып, бәрі бастық болып, Ерғалыны қолтықтап тақтасқа отырғызып, ойындары ұзай түскен. Бір жаяу жүгіріп келеді.

— Әй, анау Төлеуқұл ғой.

— Тап өзі.

Ентігін баса алмай ол да жеткен. Тақтаста отырған Ерғалы мен Исаға жалтақтап қарап, демін басты.

— Қашып кеттім. Кеше апам Ысқаққа мінгестіріп жіберген. Күләйша жеңгемді алдап тастап зыттым.

Ата-ананың кешегі қоқан-лоқысынан запылау болып қалған ба, балалар бүгін ауылға қарай ертерек бет түзеді. Қимасынан айырылғандай бәрі де үнсіздеу, табан астының топырағын жалаңаяқ күреп басып, бұрқ-бұрқ шаң көтергеніне шүкіршілік еткендей. Иса бақайының арасына қойдың құмалағын қыстырып алып, енді соның езілгенін көруге асығып, башпайларын қайшылап қояды.

Дегенмен Исаның көңілі алаң. Осы үлкендер "бай", "патша" деп неге айтқызбайды? Естісе болды, көздері шатынап, жан-жаққа алақтап әлем-шәлегі шығады да қалады. Патшаның өзі орыс екен. Оның қазақта шатағы қанша? Әбеу қарт немересі Адамқұлға күнде ертегі айтады. Адамқұл естігеннен бұларға жеткізеді. «Ерте-ерте ертеде бір ақылды патша болыпты...». Ертектегі патша мен хан ақылды, ал ендігісі неге нақұрыс бола қалған? Ақылды мен ендігі ақымақтың арасын жіктей алмай Исаның басы қатты.

Иса башпай арасына іліккен келесі құмалақты теуіп жіберіп еді, онысы алдында кетіп бара жатқан Төкіштің құлағына тиді. Бажырая бір қараған Төкіш сөзге келмей жүре берді. Төкіштің бір көзінің ағы бар. Алара қарағанда, онысы тіпті сұсты көрінеді екен. Көзінің кемістігін айтуға балалардың ешқайсысы батпайды. Кінәлі өздері екенін бәрі іштей мойындаған. Алдыңғы жылы біреуінің садағының ши оғы Төкіштің көзін жанап өткен. Сонан бері...Иә, сонда әкесі Қанапия ұста қатты зәрленген еді. Бала көңіл соны ұмытпайды.

Алда кетіп бара жатқан Кәмен:

Бай менен молланы,
Қойдай қу қамшымен, —

деп сыңсыды.

— Жап аузыңды! — деп зекіді Ерғалы інісіне.

Кәменнің сыңсуы Исаның жанды жеріне тағы тиді. Молланы қуып, қамшымен ұрғаны қалай? Осы ауылдың үлкендерінің Әшім атаны «моллеке» дегенін сан естіген. Ақсақалдары солай десе, қырма сақалы мен бала-шаға тегіс ол кісіні «әкетай» дейді. Сонда бір ауыл әке атаған адамды қамшымен сабамақ па? Бұл не өзі? Осы жерде бір гәп бар. Неге Әшім ата ата өзін «моллеке» дегенде, жасқанып: «Әй, қойыңдар, Әшеке десеңдер жетеді, пәлеге қарай баспа» деген, — деп тайсақтайды.

Иә, қыстағы көргені тіпті түсініксіз. Ауыл қыста тегіс ұйықтап қалғандай болатын. Қар аласа үйлердің үстінен жүріп кеткен. Сыртқа шығар жол есіктен басталып, екі жаққа үйіле аршылған күресіннен алты-жеті қадамда зорға бітеді. Соғыстан ыңырашағы шыққан елді даланың бөрісі де, не қилы ауру да басынып алған. Иә, сол қыста Исамен қатарлас оннан аса бала шейіт боп кетті. Әсіресе, туыс боп келетін Сәбиттің қазасы жанына батты. Екеуі құрдас та екен. Екі көзі оттай жанған бала Сәбит үлкендерше басу айта сөйлейтін. Оны қалай азалап жерлегенін көре алмады. Күн шықпай ерте алып кетіпті. Ал Төлеутай... Шәри шешенің Төлеутай есімді қызы бүлдіршіндей әдемі еді. Жасы да Иса құралыптас. Өте сыпайы аққұба қыз бала мен бірге ойнағанды Иса да тәуір көретін.

— Әй, күйеу бала, — деп Шәри шешесі де күлетін еді.

— Түнде қызылшадан Төлеутай бала үзіліпті, — деп естігенде, төбе құйқасы шымырлады.

Шәридің үйінде жылау-сықтау көп. Бұл кісі, міне, айналдырған екі жылдың ішінде екі баласынан айырылып отыр. Осыдан екі жыл бұрын жалғыз ұлын ойнап жүргенде ат теуіп, сонан тіл тартпай кетті.

— Не жазып ем, құдая?! — деп зарлайды ана. Күйеуі Нұрғалиды керманмен соғысқа алып кетті. Сонан хабарсыз. Нұрғали Құрманғалимен бір туған.

Бәрінен үлкені — Ахметжан. Осы ауылдың отымен кіріп, күлімен шғатын жұмыскері. Құрмағалидың жұбайы Аман Исаның шешесі Бақтайдың бір анадан туған сіңлісі.

— Баланы қалай қоярын білмей отырмыз, — деді үйге келген әжесі келіні Бақтайға.

— Қиын боп тұр ғой. — Шешесі Бақтай күрсінді.

"Несі қиын екен? — деп ойлады Иса. — Қаншама баланы жерледі осы ауыл, солай қабірін қазып апарып қоя салмай ма? «Уәкіл келді, уәкіл» десіп жүр еді үлкендер. Әлде, бәрі сол уәкілден қорқа ма? Уәкіл өлген кісіні жерлетпей ме?" Исаның миы шатысты.

— Уәкіл ертең Гүлденсінге кететін болыпты, — деп келді тағы әжесі.

— Ерте кете ме екен?

— Несіне асығады, шайын ішіп жайласып аттанады да.

— Е!

— Баланың мәйітін сонан соң шығармақ.

— Әкетайым келісті ме?

— Енді қайтеді. Имансыз қалай жерлемек. Құдайдан күшті кім бар?

— Әлгі уәкіл... — деп шешесі соза беріп еді:

— Қой, қайдағыны айтпай, — деп әжесі сөзін бөлді.

— Сонда қалай дегенім ғой.

— Моллакең ертең малды құбыла жаққа шығарады.

— Үркіп болдық-ау, — деп, шешесі орамалының ұшымен көзін сүртті.

— Енді қайтесің. Амал жоқ, бір жаман жеткізіп қойса, Әшекеңді құртып жібереді ғой. Сонан жасқанып.

— Адамды да жөнімен қойдырмайтын болғаны ма, жәйттердің.

— "Өлікті ауылдың сыртына шығарып көлденең қойыңдар да, өздерің бірдеме істеген боп бөгеліңдер. Мен қыр басына шығып намазын шығарармын", — депті моллакең.

— Қашық емес пе арасы?

Нұрғалидың үйіне жеткен. Далада өзі құралыптас балалардан басқа ешкім көрінбейді. Қатқан боқты біраз тебісті. Мұндайда таласа кететін әдеттеріне де баспады. Бәрі тартыншақтайды, көңілдерінде бір мұз бар.

— Уәкіл атқа қонды, — деп сыбырлады бәрінен ересектеу Рымқұл.

— Өзі маңқа ма? — деп қалды Тасболат.

— Быдандап сөйлейді екен. — Иса аяғын үзеңгіге салса да, қолтығынан сүйегенге әлі ақыл айтып жатқан уәкілге жақтырмай қарады да, қатқан боқты теуіп қалып еді, аттың аяғына тиіп, шошына текіректтей қалғанда, уәкіл де қопалақтап, ауып түсуге шақ қалды.

Уәкіл кетті. Бір-біріне бір қабырғасын енші етіп жалғастырып салған төрт бес үйден тұратын ұзын барактың қуыс-қуысынан әйелдер қаптап шыға келді. Есіктің алдында қол шана тұр еді, екі-үш ақсақал Қамажан, Әлі, Рахменияларды ертіп, шанаға жіп тағып, жөңдей бастады.

— Ана жиің нашар екен, үзіліп қалады, — деді біреуі.

— Үзіле берсін, жалғаймыз, — деп Есімғали ақсақал Мұқашты түртіп қалды.

— Ә, — деп Мұқаш баскиімін жөндеп, бас изеді.

Мәйітті қол шанаға салып әкетіп бара жатыр. Шешесі Шәри дауыс қойып, оның бауырына тығылған шынашақтай Үмітжан мен Күмісжан шыр-шыр етіп жан дауыстары шыға шырқырады. Жұрттың бәрінің көңілі қаяу. Кім боздағынан, ботасынан айырылмай жатыр. Балалар да қорс-қорс етеді. Исаның көзінен аққан жас кеудесіне тырс-тырс тамды. Ішінде бір өкініш тұр. Неге? Балалар неге өледі? Қартайған жоқ қой. Әжесі айтып жүретін шөптен дәрі жасайтын не Мырзақожадай тәуіп жоқ, не дәрігері жоғына түсіне алар емес. Кеше ғана асыр салып жүрген Төлеутайдың өлгеніне сене алар емес. Сәбит қайда? Сәбитпен алғаш кездескенде, қараторы бала көзі оттай жанып, өзіне таяй түскен. Екеуінің жанары түйісті. Иса да тайсалмай тура қарап тұрған. Бір кезде көзін аудармған қалпы Сәбит:

— Біз туыспыз ғой, — деген.

Мәйітті сүйреткен шана ауыл шетіне шыға берді де, жиі үзіліп тоқтады. Құрманғали жіпті жалғап күйбең-күйбең. Шананың соңынан ергендер тізіліп тұра қалған. Төбенің басындағы обаның жанынан бір адам түрегелді. Жылаған әйелдер де кілт тоқтаған.

— Әкетайым, — деп сыбыр етті Рымқұл.

Төбе басындағы кісі сәл тұрды да, баскиімін қайта кигендей болып, бетін сипады. Ауылда қалған қатын-қалаш, бала-шаға да бір-бірінен жасқана беттерін сипасқан болды.

— Қой, енді кетейін, — деді Әкбар жанындағы Әлғазыға. — Иә, мал тұрып қалды. Шөп салайық.

Зырқыраған қарлығаш Исаның дәл алдынан кесіп өтті. Ұшқыр құс суылдап, жерге төсі тиіп өтердей құлдилап кеп, жалт етіп аспанға атылып айнала ойнақ салған. Бала біткен еріксіз бұрылды. Қайрақты өзенінің арғы жағалауы тіп-тік жар. Сол жардың бойы — қарлығаштар ұя салған сансыз қуыс. Ұшқыр құстың зуылдап келіп кіріп, қайта ұшып шыққанын Иса сан көрген.

— Балапандарын көрейікші, — деді Төкіш.

Ауыздан шығуы сол екен, барлығы тұра жүгірген. Жардың биіктеу тұсынан қуыстап салған ұяға қолдары да жете қоймады. Үстінен келіп еңкейіп қол жүгіртуге тағы болмайды. Бірін-бірі көтеріп әлек.

— Аяғымнан...аяғымнан көтер.

— Көтеріп тұра тұрсайшы, е, енді қолым жетті.

"Қолым жетті" деген Кәмен баж ете қалды. Ұядағы қарлығаш қолын тістеп алса керек. Іле ұшып шыққан құс баланың бетін қанатымен сабалап өтті де, сасқақтаған Кәмен суға былш ете қалды.

— Міне, енді олжалы болдың, — деп күлді ағасы Ерғалы. — Бар, дамбалыңды жуып ал. — Ерғалы үлкендігін бідіріп сөз соңын зекуге ұластырды.

— Ойбай, ышқырымды үздің, — деген Ермектің жан дауысы естілді.

Бауы үзілген дамбалы Ермектен бұрын жер иіскеген. Төлеуқұл оны әлі солбырайтып көтеріп, жерге түсірер емес. Біржың-ыржың етеді. Екі аяғын шалғылаған Ермектің шыт көйлегін де басынан асыра сыпырып алып:

— Ал, ендеше, көтін көріңдер, көтін, — деп қоя берді.

Ұя бұзуға қатыспаған, дамбалсыз қалғанмен суға құлағанды мазақтап ішек-сілесі қатып оқшау тұрған — Иса мен Адамқұл. Бұрын бұл екеуі де құр алақан емес

еді. Ауыл қыстауға отырғанда біраз араласқан ісі. Адамқұлдың үйінің қамбалап, кепсін деп жобалағап үйіп қойған тезегінен ақ төс тақтақ торғай кетпей қойған. Әр жерге ұшып-қонып «тақ-тақ» деп таңдайын қағады да отырады. Сонан қамбалардың ішіне кіріп-шығып жүргенін көздері шалды. Қызығып кеткен. "Балапанын ұстайық" деп желілей үйген қамбаны аудара бастаған. Ұясын да тапты. Шиқ-шиқ еткен пәлекеттер қуыс-қуысына қашып жеткізер емес. Тақтақтың шошына тақылдауы да жиілеп кеткен. Үйден шыққан Адамқұлдың әжесі Сақып күн салып ұзақ қарады.

— Әй, не істеп жүрсіңдер? Қамбаны бұзбаңдар.

Мына қақаған заманда әр үйдің қысқы отыны да осы қамба екенін жас та болса екі бала да жақсы түсінеді. Үнсіз отыра қалысты. Тақтақ әлі шырылдап жүр. Сақып әже таяп келіп, талай қамбаның аударылып қалғанына назары түсті.

— Мыналарың не?

— Балапан іздеп, — деп күмілжіді Адамқұл.

— Тимеңдер оған. Оның қарғысы жаман.

— Ә? — деп аңырды Иса.

"Тақ-тақ деген атым бар,
Таңдайымда хатым бар
Менің баламды алғандарың —
Жастайыңнан жетім қал", —

дейді бұл торғай.

Иса мен Адамқұл шошына түрегеліп, қамбаларды қайта қалаған. Сонан бері торғай атаулының балапанының маңына бармайды.

Күн кіші бесіннен ауған екен. Бала біткен «осымыз жетер» дегендей жапа-тармағай жиналып ауылға бет бұрды. Бұл Арқаның күні де қызық. Түннің бір уағында, әлгі саршұнақтар шақылдап жатқанда ұясынан шығатын тәрізді. Кигіз үйдің жыртық-есігін сығалап, беті-жүзіңді аймалап маза бермейді. Исаның ондайда ұйықтағысы келіп, аунап түсіп, бүркене түсетіні бар. Онан соң күнге ілесіп әжесі «түр-тұрлайтынын» қайтерсің. Тұрды — болды, енді Иса бір жаққа зытқысы

келіп жалтақтайды. Әжесі байлағандай етіп жібермесе, Күн де тас төбеге шықпай, ақсақ Терентидің өгізіндей, жылжымай қояды-ау. Тілім-тілім аяғына қайта-қайта май жаққан әжесінен құтылып кете алмай сарсылып отырғаны. Ондайда: "Аспандағы Күнге бұғалық тастап, қашағанды жетектеген Бікірге ұқсап, сүйретіп анау көрінген Сары оба тауынан асырып тастар ма еді", — деп қиялдайды. Ал, енді бүгінгідей де Күннің қалай зырқырап аспанға шығып, қалай зуылдап кешкі ұясына жетіп қалатынына таң.

Темірастауды балалар аттап кете алмайды. Жүре шешініп, жүзе білетіні қойып-қойып кетсе, жасқанғаны төсінен келетін аяқ жағындағы суға шомылып бір жетісіп қалған. Қарғаның баласындай у-шу. Кенет айдынның беті шортан тулағандай шолп етті. Темірастауда балық жоқ. Онысын кей үлкен «суы тым тастай суық» десе, кейбірі «тым тұщы су» деп түсіндіреді. Иса бұрылып төбе жаққа қарады. Аласа төбенің үстінде кішкене ғана зират тұр. Бұл ескі тамға Иса әкесі Түсіппен сан келген. Адам жерленгендей емес, іші бос, әрі теп-тегіс. Сол төбешіктен бұған біреу қол бұлғайды. Тани кетті, Әлі аға ғой. Суға тас лақтырған да сол шығар.

Әліні Иса аса жақсы көреді. Кигайға жасатып алған домбырасымен неше алуан күй төгіп, бұл естімеген әнді сылқылдатып тартқанда, құдды домбыра шегіне қосылып кісі сөйлеп отырғандай көрінетін. Бала көңіл тамсанып, тіпті бет тақтайдың тесігінен шанағына сан үңілген.

— Әй, не көрдің? — деп ондайда Әлі қарқылдап күліп, басынан сипайды.

— Сөйлейді, — дейді Иса.

— Ә, саспа, әлі өзің де сөйлетесің мұны.

Әлі әңгімешіл. Бала демей мұны баурына тартып, бала көңіліне жағар не қилы әңгіме де, ертек те айтып беруден жалықпайтын. Бала Исаның қиялы мұндайда сахараның шөлін де, Толағайдың тауын да кезіп кететін.

Әлінің Исаны бір зорлықтан құтқарып қалғаны да бар. Ұзын барақтың есігі алдындағы шошақ күресін оның билігінде еді. Биігіне шығып тұруға бар баланың мүддесі бар. Иықтасып итерісіп, жұлқыласып сүйреті-

сіп, шуылдасып жатқаны. Көбінде биіктің басы — Исаникі. Айналаға осы қыста жалғыз үй кәріс қоныстанған. Ересек баласы бар екен. Әжептәуір боп тұрған мұны жағасынан алып сүйретіп түсірді. Жасы да үлкен, бойы да ұзын немеге Исаның шамасы келмей, ызадан кемсеңдеп тұрған.

— Әй, боқмұрын боп тұрсың ғой. Ұяттағы, — деген дауысқа малақайының астынан сүзе қарады. — Жігіт боп қалды ма десем.

— Мынау әлімжеттік жасап. — Иса «Ақбоз атты» қорс еткізіп тартты.

— Түү, сол үшін бе? — Әлі мырс етті де, бетін кәріс балаға бұрды. Не деп жатқаны белгісіз, әйтеуір дауысы қатаң. Әлі қалада болып келген, осы ауылдың түсінігінше, "орысшаға судай". Ақыры кәріс бала «Уай, уай» деп жүріп Исаны арқасынан қақты. Сөйте жүріп, Тайтөбедегі үйіне ертіп апарды. Кәріспен де осылай достасқан.

Сол қыста Исаның нағашысы Сейтжан үйленді. Нағашы шешесі Ырыстың үйіне ауыл тегіс кіріп шыққан. Әркімнің әкелген бір-бір жілігі кешке асылып, қуаныш атаулыны сағынып қалған ауыл Шолпан келінге батасын берісті. Ән де осы жолы айтылып бақты. Талай қыспақты көрген ауыл қанша қуана жырлайын десе де, ән әуені еріксіз мұңға бұрыла береді екен. Бар әннен Исаға «Ақтамақ» ұнады. Мұны салған Шолпанға ере келген қыз еді. Өзі де әдемі. Қарақат көз, оймақ ауыз қыз ашпақ тамағы сәл бүлкілдеп осы әнді салғанда, таза жеріне жеткізе шырқайды екен. Оған Әлі де қосылды. Жұрт жадырап:

— Пәлі! Рақмет, — десіп жатты.

Аз етті бөліп жеп, шай-суын ішкен жұрт тарады. Жастар жағы ғана қалып ойын ойнаған. Ойын шартымен жазықты болған қыздың алақанын Әлі қаттырақ шертіп жіберді ме, қыздың беті ду етіп қызарып, жігітке жалына қарады. Қыстың түні де ұзақ. Бір уақытта бәрі тысқа шыққан. Үймен жалғас қораға ортаның тайынша-торпағы қамалады. Түн баласы аяқ алып жүргісіз лас. Ертемен оны Балтай бастаған бозбалалар сыртқа тасиды. Осы төрт-бес үйдің адамы да күніне содан бірер қамба алады. Оның өзі жасырын. Анда-

санда келетін әлгі уәкіл дегеннен сескенеді. Боқ та ортанікі. Ендеше онан ешкім меншігіне алуға тиіс емес. "Е, анау қамбалар ма? Ол өзінің жалғыз сиырының қамбасы ғой" деседі көзі шытынаған уәкілге. Бүгін уәкіл жоқ. Тысқа шыққандардың көбі оралып еді, Әлі мен әлгі қыз әлі жоқ. Исаның шыдамы кетті. Ауыз сенекте тұрған пиалысыз жаяу шамды алып қораға шыққан. Біреулер сыбырласқан тәрізді. Жарықты көтеріңкіреп түсірді. Әлгі қызды Әлі құшақтап тұр екен.

— Кет! — деп жекіді Әлі.

Ертеңіне жолыққан Әлі:

— Өй, ақымақ, — деп басынан сипаған.

Иса бұтындағы лыпасын шеше салып арғы бетке жалдап өткен. Соңына ерген Төлеуқұлға көз қиығын салды. Басқалары үздік-создық ауылға беттеп барады. Төлеуқұлдың ертерек үйіне барғысы жоқ. Шешесі Бексұлу кеше ғана інісі Ысқақты артына мінгестіріп тұрып: «Ал енді куриортыңа бар», — деген. "Куриорттың" не екенін кім білсін, әйтеуір сол жерден бүгін қашып келді. Әйтеуір, кешке таяқ жемесе болды. Ұнжырғасы түсіп, Исаның соңынан еріп келеді.

— Міне, жігіт деп осыларды айт, — деп Қамажан мақтап қойды.

— Мұрындары да тазарып қапты. — Рахмения күліп, бас бармағын шошайтып, «болып тұр» дегеннің белгісін көрсетіп жатыр.

Әлі жалпақ тастарды қалап жасаған аласа орындыққа жайғасып, кішірек дүрбімен айналаны шолған. «Үшеуі бірге туғандай бір-бірінен айырылмайды» десіп таңдай қағысады ауыл үйдің қатын-қалашы. Күнде түс ауа осы үшеуі төбешіктен табылады. Кезек-кезек шаштарын басады, әлдебір кітапты алып оқысады, әйтеуір ермектері бар.

Иса Әлінің тегін шақырмасын іші сезеді. Алдыңғы күні де осылай шақырып алып, қолына тілдей қағаз ұстатқан да, басқарма Төлегеннің қарындасына апарып беруін тапсырған.

— Әй, ешкім көріп қалмасын.

«Ешкім көрмесін» деген құпия іс болған соң Исаның да жан-тіні қалмады. Орайын тауып, қыздың үйде жалғыз қалған шағында алдына тастай салып,

қаша жөнелген. Сонда да «құпия істің» соңын көр-
мекке емешесі құрып аңдыды. Қамзолын бүркеніп
шыққан қыз есік алдындағы жар қабаққа түсті де, бой
жасырып, сонау бір қамыстарға жеткен. Сонан кө-
рінбей қалды. Әлі шығады, әлі жоқ. Иса тықыршыды.
Шыдамы таусылып, еңкейдей жүгіріп, қамыс арасынан
сығалаған. Жағалаудағы көк шөптің үстінде екеуі отыр
екен. Қызды аймалап, Әлі бетінен сүйді.

«Шиқ» деп Иса күліп жібергенін өзі де сезбей
қалды.

— Бұл қайсың, ей? — деген үн құлағына жеткен
бетте қамысты сылдырлатып тұра қашқан.

Сонан бері Әлінің алдына келіп тұрғаны осы. Ай-
налаға үңілген Әлінің дүрбісі ауыл жаққа жиі бұрыла
беретін секілді. Сонда да тамағын кенеп қойып:

— Ақтанау айғырдың үйірі ауылдан әрі, сонау
Олжа — Дәулен жақта жүр. Соқыр айғыр көрінбей-
ді, — деп қояды.

— Айдап кететін баяғының ұры-қарысы жоқ қой,
жүрген шығар. — Қамажан күлді.

— Осы сәбет үкіметінің бір жақсы ісі — ұры-қарыны
тыйды, — деп қостады Рахмения.

— Атса тыйылады ғой.

— Атса дейсің бе?

— Иә, естіген жоқ па едің? — Бәрі Қамажанға бұ-
рылған. — Ақ қашып, қызыл қуған заман біткен соң,
үкімет ұрыларды жаппай ұстауға әскер шығарыпты.

— Кімнің ұры екенін қайдан біледі? Жазықсыздар
да кетер ондайда.

— Сәбет үкіметі де әуелі өзінің болысын тағайында-
ған ғой. Солар ылғи жылқы ұрлайтын баукеспелердің
тізімін жасапты. Содан шыққан отряд қолға түскенін
тұтқындап, қашпақ болғанын атыпты. Кейбір баукес-
пелер елден біржола безіп кетіп, он шақты жылдан соң
қойдан жуас боп қайта оралыпты. Мына Мұқаш та
талай жылдан соң зорға оралған.

Иса жымыды. Құлуге үлкендерден сескенеді. Ұрсып
тастауы да мүмкін. Соғыстың орта тұсында қыс ішінде
ауылға неміс отбасыларын әкелген. Келгендер — кәрі
кемпір, байсыз қатын, бала-шаға. Үстеріндегі киімдері
де жұқа. Дір-дір етеді. Бүріскен балаларды шешелері

көйлегінің бір етегімен жауып әлек. Колхоздың канторының алдында бәрі бүрсең қаққан. Бұларды «неміс» дегеннен жұрттың бәрі шошып кеткен.

— Бетім-ау, бұлар да адам сияқты екен ғой, — деп бетін жыртты Бықия шешей. — Құбыжық екен десем. Соғысып жүрген осылар ма?

— Жоқ, бұлар емес. Олар басқа немістер, — деп түсіндірді Мақыш мұғалім.

— "Басқа" дейді.

— Қазақ біреу, сонда немістер екі түрлі болғаны ма? Уа, пәруардігер, — деп күрсінді Жапырақ шешей. — Ондай да болады екен-ау.

"Бұл неміс ол неміс емес" деген соң жұрттың іші жылыды. Бұл қазақтың өзі не көрмеп еді, аштықта қырылды, "халық жауы" деп талайын атып тастады. Бәріне кінәлі әлгі Ежов деген көрінеді. Бұл сорлыларды да өстіп тентіретіп қойған бір сойқан бар шығар. Басқарма немістерді әр үйге бөлген.

Исалардікі қоржын үй. Кішірек екінші басында әскерге кеткен Мұса ағасының келіншегі мен баласы Майра бар. Ортадағы аядай жерге немістің Катя деген кемпірі енді. Дымы жоқ сорлыны әжесі Қазия шайға шақырады.

— Кәтә, кел, кел.

Бүрсеңдеп келіп, үстелдің бір шетіне Катя кемпір тізе бүгеді. Нан шамалы әйтеуір, қуырғанда дәні жарылып тұратын ақбидай жеуге жұмсақ. Балалар соны таласа жейді. Катяның тісі оған да өтпей, шайына салып, жұмсартып барып талғажау етеді. Катя кемпір кішірек етіп туралған төрт-бес кесек нан мен бидайдан басқа дымы жоқ үстел үстін көріп басын шайқайды да, жаулығының шетімен бетін басып кемсендейді.

— Мәжит-ау, сен үлкенсің ғой, сөйлессейші, — дейді әжесі.

Мәжит жылда қыста осында жатып оқиды. Иса мен екеуінің төсегі бір. Сабан, оның үстіне қой терісін тастап, бетін шүберекпен жапқан төсеніште жалғыз көрпені кезек тартып, алысып шығады.

— Әже, мен қайдан білем бұлардың тілін.

— Әлгі Мақыш оқытып жүрген жоқ па?

— Оның оқуы жоқ.

— Әй, сен де, — деп әжесі сенбейді.

— Рас айтам.

— Сонда не оқып жүрсіңдер, ә? Сонау жылдары Әсия баласы Ыбырахымды оқуға беріпті.

Сонан бір күні: «Әй, балам, кәне оқышы, көрейін», — десе, Ыбырахым кітапты бетіне ұстап: "иа... р... а, ара, б... балта..., қа... зан" деп оқи бастаса керек. Соған ашуланып:

— Әй, тоқта! Не деп отырсың? Қазан, ошақ, бос, сирақ. Осы да оқу ма? Оны оқымаған қатын мен де білемін. Ой-бұй, үй-бай-ай! Әбдікәрім, Оспанқожаға ұқсап сызылтып отырады екен десем, — деп ұрысқан екен. — Сендер не оқып жүрсіңдер осы? — Исаның әжесі тамсанды да қойды.

Қыстың шымырлатқан күнінің бірінде Мұқаш сол үйге енді. "Неге келді?" деген сұрақ әр баланың көкейінде еді. Мектеп жабық. Әлде демалыс, әлде мұғалім аңға шығып кетті. Иә, әнеугүні қайнағасы Әлібектің қара сиыры өліп, Мақаң соның етін іске асырысып біраз күн сабақ болмаған. Бақарма да жоқ. Ауданға шақырып кетіпті.

— Катямен сөйлесіп отыр, — деді есіктен сығалаған бір бала.

— Мұқаң немісше біле ме?

— Е, ол талай жерді көрген адам ғой, білсе білер.

Осы сөзге бәрі тоқтағандай еді. Шу шықты. Шу үріккен тауықтың бажылы. Иса есіктен сығалаған. Мұқаң тауықтың бірін ұстай алмай қуып жүр екен. Бажылдаған тауықтар жанұшырып аспанға секіріп әлек. Шуға шыққан Катя бірдеме деп айқайлады.

— Кәтә, қасқыр кіріп кетіпті, оны қуып жүрмін, — деді Мұқаш.

Исаның күлкіден ішегі түйіліп қалды. Есіктен желкелеп шығарған Мұқаңның тозығы жеткен тымағын қоса лақтырған Катя кемпірдің:

— Вон, — деген сөзі ғана құлағында қалыпты.

Әй, қиын болды-ау немістерге. Төсеніштері — қапқа тыққан сабан. Қызылбиікте кохоздың аздаған сиыры бар еді, соның бірен-сараны бұзаулаған. Қаймағын айырып үкіметке өткізіп, көксуын немістерге үлестірген. Соның өзін "зәресі ұшқан басқарма Кепеу деген

бір шонжармен келісіп барып істепті" дейді білгіш қа-
тындар. "Сонда бұл немістерді аштан қыра ма?" — деп
ойлады Иса. Осылардың бастығы әлгі Кепеу болғаны
ғой. Ол өзі қандай адам екен? Дәу шығар. Әйтпесе
осынша немісті қалай айдап келеді?"

Немістердің ішіндегі Карл дегені ересектеу бала.
Күнде қырман жаққа кетеді де, дорбасына салып тор-
ғайларды әкеле жатады. Қалай ұстайтынын көруге
Иса да ынтық. Таңғы шайын асығыс іше салып тысқа
шығып, Карлдың ізін аңдыған. Әлі ол да көзге түсе
қойған жоқ.

— Мен де барам. Сен қайда барасың? — деп, інісі
Рашид Катя кемпір тоқып берген башмағымен далаға
шыққан.

— Кір! Үйге кір, тоңасың.

Дауласып жүріп сүйрелеп ішке енгізген. Жабылып
шешіндіріп, әйтеуір ыңғайға келді-ау деген кезде тағы
сыртқа зытты. Карл көрінбейді, сірә, кетіп қалған
шығар. Күдігі рас болды. Күзде бидай тазалаған қыр-
ман жақта біреу күйбеңдейді. Карл болар. Исаның
да тым көзге түскісі келмей, жайбарақат жүрген боп
беттеген. Карлдың жанынан тағы бір неміс бала еріпті.
Тым таяп қалған бұған Карл қолын сілтеді. Онысының
«кет» дегені екенін, не «жат» дегені екенін түсінбей,
Иса үйінді қардың ығына жүрелеп отыра кетті.

Қырманның қарайған әр тұсына тұзақ құрып
тастапты. Ал, өздері алдына қар үйіп, соған жасы-
рынған. Қолдарында жіптің бір ұшы бар. Екінші ұшы
қақпақты тіреген таяқтың басына байланғанын Иса
бажайлап байқады. Жанындағы бала бірдеме деп қо-
лын шошандатты. Онысы, сірә, тұзаққа түскен қара-
торғайларды көрсеткені болар.

— Карл, — деді Иса да торғайларды нұсқап.

— Тише, — деді ол. Иса түсінді де үйінді қардың
тасасына қисая жатты.

Қараторғайлар көп-ақ екен. Колхоз жылда осы
жерге қырман бастырады. Маялап үйіп қойған бидай
масағын осы жерден тасып, қырман таспен үгітіп күз-
дей әуреге түсетін. Масақ та үгітілмей, қалған дән де
жетерлік. Ол — енді осы торғайлардың жемі.

Карл жанындағысымен әлдене деп күбірлесті де,

жіпті тартып қалған. Құлаған қақпақтың астында кемі алты-жеті қара торғай бар сияқты. Екеуі әуелі тұзаққа түскендерді бауыздап, сонан кейін қақпаққа барды да, бір шетін ғана ептеп көтеріп ұстап ала берді.

— Аласың ба? — дегенді мезгеп Карл қараторғайдың бірін нұсқады.

— Жоқ. — Иса басын шайқады.

— Жоқ, — деп Карл қайталады да: "Енді неге тұрсың? Неменеге келдің?" дегенді білдіріп екі алақанын жайды. — Жоқ, жоқ.

Бірін-бірі ұққысы келгендей тесірейісіп біраз тұрды. Карлдың жанындағы бала масақтың басын етегіне үгітіп отыр. Бірен-саран дән түседі екен. Шәкімдей болған кезде онысын апарып қақпақтың астына шашты.

Иса көргенін әжесіне айтқан. Қазия әжесі басын шайқап ұзақ отырды.

— Бейшаралар-ай, — деді бір кез.

— Қараторғай адал ма?

— Аштық не жегізбейді.

— Өздері қардың үстінде жатыр. Әнебір бала әбден тоңып қалыпты.

— Ана жатқан тайтеріні неге апарып бермедің?

— Енді беремін.

— Бейшаралар-ай, — деп әжесі тағы күрсініп, ұршығын иіре берген. Әжесінің иіруі де бөлек-бөлек. Жіпті бірде босаңдау иіреді. Онысы тоқығанда жылылау әрі икемге көнгіш дейді. Енді бірде иірген жібі шиыршық атып тұрады. Өткенде Катя кемпір иірімін ұстап көріп:

— Во! — деп саусағын шошайтқаны бар.

Төбешіктің басын жел үрлеп өтті. Пысынаса да зорға шыдап отырғандай екен, төбе басынан түспейтін үш жігіт кезек-кезек желпінді. Етектегі қамыс басы суылдап теңселіп тұрды да, тынды. Шалғын үйіріліп-үйіріліп барып билеуін тоқтатты. Осы желді күткендей әлдебір бақа бақылдап еді, ілесе әр жерден дауыс қосып шуылдасып барып тынды.

— Арқаның осы самалы-ай, жаныңды жадыратады, — деп, Әлі тынысын кере дем алды.

Қанатын бірер рет қана қағып биікке көтеріле берген бозторғай бір кезде ауаға іліп қойғандай бір орынында

қалықтап, сан алуан дауысқа салып, өзі ғана білетін әнді тербеп берген. Бозторғай үні құйқылжып, даланы кернеп әкетіп барады. Шырқау биігінен де түсер емес.

— Құдай-ау, бұл неткен ән! — деп, әуенге әуес әрі домбырашы Әлі тамсана көкке көз тікті. — Маған осы дала жаппай ән салып тұрғандай болады.

— Даланың бұлбұлы ғой, бұл бозторғай. — Қамажан тамға арқасын сүйей отырып, күн сала қарап, көк жүзін шолған.

— Анау сол ғой, — деп қалды дүрбімен ауыл жақты шолған Рахмения.

— Хім, — деп жөткірінді Қамажан.

Кенет Исаға мойнын бұрған, Әлі оны арқасынан қағып еркелете жөнелді.

— Пәлекет-ей, өзі, — деп қарқылдап тұрып күлді.

— Солай ма? — деп таңданысты қалған екеуі.

— Өй-да. Несін айтасың, қыста ауылдың бар баласын қатырған.

Иса ұялып, бақайының ұшымен жер шұқыды. Ұялса да мақтағаны жағып барады.

Иә, қыста бір сойқан жасағаны бар. Қыс ортасынан асқан кезтұғын. Аяз қақап тұр. Мұндайда әжесі «түкірігің жерге түспейді» дейді. Тап солай. Тобанаяқ торы ат қолда. Соны тұмаға апарып суарып келу — Исаның міндеті. Оның үстіне шешесі Бақтай қыстай ауру. Әкесі Түсіп қалада. Үш бала мен отқа ие әжесі. Әрі шешесіне дәрі-дәрмек беріп күтеді. Дәрісі не ақ алмас, не қызыл жүйрік. Анда-санда молла Әшекең келіп тамыр ұстайды да:

— Жазылады, — деп кетеді.

— Айтқаныңыз келсін, — деп, соған да шүкіршілік етеді әжесі.

Исаның тағы бір міндеті бар. Ол — сабан тасу. Есік алдына үйген бірер арба тал мен қамбаның шеті көрініп қалған. Ендігі амал — сабан жағу. Рымқұлдан бес дәптер беріп айырбастап алған сырғанақ ойнайтын шанасы енді кәдеге жарады. Сонан үлкендеу шанаға Исаның әлі де келмейді. Дәнінен арылған сабан мая-мая боп үйіліп тұр. Осы ауылдың қатын-қалашы ар-қалап тасып, соны жағады. Бұл үйде бас көтерер — Иса. Арқалауға шама жоқ. Бұғанын шанасына сүйреп

салып, күніне екі-үш рет қатынайды. Әжесі жалғыз пешті өртеп жағады да, тағы да Исаны сыртқа шығарып, мұржаны жаптырып тастайды. Қызған пештің жылуы ертеңіне дейін суи қоймайды.

Ауыл бұлақтан ішеді. Бұлақ қатпайды. Қыстың өзінде аяқ жағы жылап ағып жатады. Ел су алатын тұсын Әшкен әкетайым таспен шегендеп тастаған. Жылқы жиреншек деген соң, Иса тобан аяқ торыны шелекпен суарады. Суын қандырып тора атты орнына байлаған. Сыртта қалған жүгеннің ауыздығы аппақ екен. Қырауытып тұр. "Мұнысы несі?" – деп бала көңіл таңданып жоғары көтере бергенде, ауыздықтың бір ұшы ерніне тиі кетіп еді, желімдей жабыса қалды. Аузына алақанын тосып, ыстық буымен үрлеп жіберіп барып ауыздықты ажыратты.

Үйге кіре бергенде есіктің салбырап тұрған құлып салар ілгегіне көзі түсті де, таңданып тұра қалды. Мұз қатқан ілгек жылт-жылт етіп көз қуантады. Оның үстіне, өзі қанттай аппақ. Иса жымың етті. Ұршығын созған әжесі бір қарады да қойды.

– Бері кел, – деп өзінен үлкен Пәнуді шақырды.

– О не?

– Қант жалап келдім.

– Қайдан? – Бұл ауыл қантты түсінде ғана көрген шығар. – Пәнү аң-таң.

– Керемет тәтті.

– Кім берді?

– Ешкім.

– Енді... – деп Пәнү тағатсызданды.

– Өзім таптым.

– Айтсайшы енді.

– Жалағың келе ме?

– Иә.

– Ешкімге айтпайсың ба?

– Иә.

Сыртқа шыға жөнелген екеуінің соңынан әжесінің: «Әй, қайда барасындары» жеткен. Оған қарайлауға шама жоқ. Пәнудің қант жалап көргісі келсе, Исаның ойы оны алдап түспек.

– Міне, – деп Иса ілгекті нұсқады.

– Осы ма?

– Иә, тап өзі. Қарашы, әне, жылт-жылт етеді.

– Иә. – Пәну сене алмай тұр.

– Тәттілігі керемет, тура тіліңді үйіреді.

Пәну таяй бере тоқтаған. Исаға жалтақтап қарай береді.

– Былай тұршы, өзім жалап алайын, – деп Иса өңмендеді.

– Өзім... – Тілін салақтаған ілгекке жабыстырған Пәну "енді не істедім?" дегендей Исаға алақтап қарап қала берді. Иса сол бетте зытқан. Келесі үй Мақаң мұғалімдікі. Иса күресіннен асты да, мұғалімнің үй жағына бағдарлай қарап тұрды. Мұғалімнен сескенеді. Оның үстіне, мұғалімнің шешесі Зағипа өзінің әжесінің апасы, әрі мінезділеу адам. Ендігі ойы – Мақанның қыз баласы Тиышжанды алдауына түсіру. Оның шешесі Дәкіжаннан қорықпайды. "Ақкөңіл адам, күлер де қояр", – дейді іші.

Күн де шыңылтыр аяз, шаңғытып ауадағы түйіршіктер жылт-жылт етеді. Осы үйдің Көкдауылы шөптің ішіне кіріп, түмсығын бұтына тығып, сығырайып қана қарайды. Жемтікке бата алмаған түлкідей Иса мұғалімнің үйі мен екі араға бұлталақтап, әрлі-бері із тастап біраз жүрді. Сәтін салғанда, Тишжанның далаға өзі шықты. Екпіндете жеткен.

– Тишжан ... – Иса ентігін баса алмай тұр.

– А, – деп тоқтай қалды.

– Біз қант жеп жүрміз.

– Қайдан?

– Аязда тұтқаға ауадан қант жабысатын көрінеді.

Тишжан тұтқаға тілін тигізе берді де, баж етіп үйіне зытты. Енді Зағипа шешей шығуы мүмкін. Зып етіп Мешелдің үйіне кіріп кетті. Балақа шешей жайлы адам. Ашуланғанда тиісетіні – өзінің күйеуі Мешел. Әжесінің айтуына қарағанда, бұл кісінің шын аты Нұрмағанбет екен. Бірақ ешкімнің Нүреке дегенін Иса естіген емес. Сыйлағанның өзінде Мешке дейді. Өзі де соған әбден көндіккен. Балақа өткен күзде екі баласын да мектепке берген. Сабақтың үстінде есіктен сығалаған Балақа шешей қолындағы күрешкесін нұсқап көрсетіп-көрсетіп қояды.

Үзілісте:

– Жүрегің қарайды ғой, бір ұртташы, – деп Ермек пен қызы Нескеннің аузына тосқан. Нескеннің жасы үлкендеу, ұяла тұрып бір ұрттады. Келесі үзілісте Балиқа күрешкесін көтеріп есіктен тағы сығалады. Айналдырған бір бөлмелі класта төрт кластың бар оқушысы бар. Әр класта төрт-бес қана бала. Көбіне мұғалім бәрін қосып бірақ оқытады. Балиқаның сығалап көрсеткен күрешкесі балалардың назарынан тыс қалмады. Жырқ-жырқ күле бастаған. Қоңырау да соғылды. Дүркірей шыққан балаларды тосқан Балиқа шешей:

– Ермекжан, бір ұртташы, – деген.

– Ермекжан, бір ұртташы, – деп балалар мазақтай жөнелді.

Ұялған Ермек әрман қарай зытты. «Бір ұртташы, ұртта», – деп балалар соңынан қалар емес. Қашқан Ермектің Иса соңына түскен. Жете алмағансып: «Бір ұртташы, ұрттай қой», – деп шешесінің дауысына салып, мектепті айнала қуған. Ұялған Нескен үйіне қарай жүгіре басып бара жатқанын көзі шалды. Сонан кейін Балиқаны мектептің маңынан көрген емес. Исаның әжесін апа тұтып, іш тартып жүреді.

– Қайдан жүрсің? – деді, жүнін түтіп отыра берді.

Нескенді алдау қиын. Дегенмен үлкендеу қыз. Әрі Исаның кейде қылжаққа ұрындырып кететінін біледі. Ермектің асығын көргенсіп біраз отырды. Ақыры тысқа сүйреп, әуелі күршекті өзі жалғағансып, оның да тілін темірге жапсырып, зытып берген. Зағипа шешей далада жүр екен.

– Әй, не істеп жүрсің? – деп жұдырығын түйді.

Бұл жалғасқан үйлердің шеткісінде Қанапия ұста тұрады. Үйге кіре беріс қораға жалғастырып ұстахана салынған. Қанекең балуан денелі, қабағы түксиген, лекіте күліп сөйлейтін адам. Ұста дегенді бұл ауыл қатты сыйлайды. Қанекеннің арғы аталары да ұсталық етіпті. Әкесінің айтуына қарағанда, үзілген білікті қыздырып алып:

– Иә, жаратқан ием, – деп бір-біріне түйістіріп, ұстап тұрып тастай салады екен. Суыған темірді айналдыра қарағандар біліктің қай жері үзіліп жалғанын таба алмайды екен.

Иса ұстаханаға анда-санда келіп тұрады. Онда да әжесінің жұмсауымен. Үйдегі жалғыз балта да Исаның қолында болған соң, шаппайтын нәрсесі жоқ. Талай сүйек те, тас та қидаланған. Жүзі мұқалған балтаны қолына беріп, Қанекеңе жұмсайды. Ұстахананың төріне өрлеуге батпай Иса босағаға сүйеніп, «үһілеген» көрікке, жалындаған отқа, онан соң шыжылдаған темірді төске салып не қилы қылып иіп, кейбірін суға тастай салып, қайысын суға бір малып, бір алып суытқан ұстаға қарап таңданады да тұрады. Мұның бәрі бір сиқыр тәрізді.

— Әй, неғып тұрсың? — дейді бір кез ұста Қанекең.

— Әжем жұмсап.

— Бері әкел, бері.

Ұста балтаның жүзін ғана отқа салады. Осы тұста Иса да еркінсиді, көріктің сабына жармасып, үрген болады. Көрік: «Уһ» деп ауыр күрсінді. Бес-алты басқан соң:

— Болды-ей, енді... — дейді ұста.

Балтаның жүзін таптап, өткірлеп береді, суға салып суарады. Әжесі көреді де:

— Шаш алатын ұстарадай екен, — деп сүйсінеді. Мұны қайрайтын тас қайрақ жоқ. Енді беталды шапқылай берме, ұстадан ұят-ты.

Ұстаханадан шығып келе жатқан Төкіш айтқанына сеніп, тұтқаға ауыз сала бастаған еді:

— Тәйт! — деген қатал үні шықты. — Өй, ақымақ.

— Мынау тәтті деп..., — деп ақталған Төкіштің үнін желкесімен тыңдаған Исаның артына қарауға мұршасы жоқ. Сүрініп тұрып зытып келеді.

— Әй... — деген ұстаның қатқыл үні онан сайын бездірді.

Күнқожаның үйінде Бықия шешей бықсытып от жағып отыр екен. Әлде тезегі су ма, үйдің іші ала түгін. Астына сабан салған жалғыз текеметтің үстінде Тасболат көзі жасаурап қоса бықсып отыр.

— Дем ала алмай қалдым ғой, уһ, — деді Иса. — Тасболат далаға шықсайшы.

Тәттінің дәмін сонау соғыстан бері татып көрмеген Тасболат тілі тұтқаға жабысып, көзі алақтап қала берді. Күл төгуге ілесе шыққан Бықия шешей абырой болды.

— Әй, желкеңнің шұңқырын көрме, — деп Исаға жұдырығын түйді.

Бұл — Бықия шешейдің ең қатты ұрысқан түрі. "Бұл не сөз?" — деп әжесінен сан сұраған. Әжесі айтады: «Адам өз желкесін ешқашан көрмейді, ендеше бұл қарғыс емес, алғыс. Оған бола ренжудің керегі жоқ».

Адамқұл қолға түспей кетті. Қызылбиіктегі Тұрсын ағатайдың үйіне кетіпті. Иә, Қызылбиікте Адай шешесі Шәкенмен тірлік етіп жатыр. Әкесі Әрін ағатай әскерге кеткен. Иса да Әрекеңді қатты сағынады. Сонау бір жылы Әрекеңнің бұларды іздеп Ақтоғайға келгені бар. Өзі де тіп-тік Әрекең атқа да қаққан қазықтай отыратын. Сол жылы еді-ау, таңнан тұрып Әрін ағатайдың қойнына кіріп жатқаны. Басынан сипап, ол да бауырына тартқан. Сонан кейін ағатайын керман соғысына алып кетіпті. Иса Әрекеңнің жұмабайы Шәкенді «жеше» деуші еді. Жешесі де аққұба өңді, қаракөз сұлу адам. Мінезі де жібектей. Адамқұлдың Қызылбиікке кеткенін естігенде, жешесі мен Адайды сағынып, жүрегі шым-шым етіп біраз тұрды.

Көшенің екінші басында — мектеп. Оның қатарында басқарманың үйі. Мектептен төменгі ұзын барақ бір-біріне жалғай салған бес-алты үй. Соның екінші үйінде Көпжан ақсақал тұрады. Көпжекеңді осы ауыл *шежіре қарт* деп те атайды. "Өзінің бар жиған-терген, көңіліне түйгенін баласы Әліге үйретіпті" десетін. Шежіре қарттың өмірде көргені де жетерлік. Патша қазақтан солдат алған заманда Көпжекең де ілігіп, Сібір деген жақта болыпты. Төңкерістен кейін беделді қызмет атқарса керек. Бірақ алапат аштықтан кейін ауруын сылтау етіп, ешбір қызметке бармай қойыпты. Мұның бәрін Иса әжесінің сыбырлап айтқан әңгімесінен естіген.

Көпжекең ауыл үйді ымырттап қайтады. Бала-шағаның бар-жоғын, әр отбасының аш-тоғын, бірлі-жарым бұзау-тайыншасының жем-шөбіне дейін түгендеп, ең ақыры Әбеу ақсақалдың үйінің қарсы бетіндегі склад — қоймаға ие Ыбырахымға соғып барып, басқармаға міндет артып кетеді. Әйтеуір осы ақсақалдың ықпалымен жетімнің көз жасы тыйылып, келген өкіл күлкісінен айырылатыны рас. Пендешіліктен

аулақ, діні қатты, дені таза, адамгершілік ата жолы, ана сүтімен бойына сіңген ақсақалды бір ақын «тегі қожа, дені таза, сұлу Көпжан Бәйменұлы» деп өлеңге де қосқан. Күрк-күрк жөтелген қарияның сұсты жүзінде кімнің болса да бетін қайтаратын сес те бар еді. Сұсты көңіл ақсақал Исаны іш тартатын да, бала көңілі де соны сезіп, ақсақалдың маңын айналсоқтай беретін.

Дегенмен де Иса ақсақалдың өзінен кіші Шәмшасы мен өзінен үлкен Мәрбанын алдамай кете алмаған еді. Алдауға әуелі Мәрбан түсті. Енді айналып Шәмшаны жетектеп шықпақ еді, Әлі сап ете қалды. Исаны қолынан жетектеп үйге ала кірген.

Аузын қолымен басып кірген қызын көріп Рәзия шешей:

– О, Құдай мынаған не болды? – деді таңданып.

– Ақымаққа сол керек. – Әлі күліп жүріп Исаның киімін шешіп отырғызды.

– Е, не бопты? – деп сұрады Рәзия шешей.

– Қант жепті.

– Осы не деп отыр? – Рәзия шешей таңданып езуін тартты.

– Мәрбан жалғыз емес, бүгін талай баланы ақымақ еткен сияқты. Солай ма? – деп Әлі Исаның бетін бұрды.

– Иә, – деді Иса да жымыңдап.

– Осы не деп отыр? – Рәзия шешей сұрткен кесесін қоя салды.

– Қант деп әуелі Пәнуден бастағам. Тілі ілгекке жабысып қалды.

– Сен не істедің?

– Кетіп қалдым.

– Ой-бұй, Құдай-ай.

Әлі шымшындап күле отырып сұрап, бәрін айтқызды. Көпжекең тіс жарған жоқ. «Кім?» – деп жөтеліп қойып үнсіз тыңдаған. Рәзия шешей ғана: «Ой-бұй» – деп қояды. Мәрбанда үн жоқ. Шәмша сылқ-сылқ күледі.

– Ал, енді, – деді Әлі бәрін тыңдап болған соң.

– Далаға шығам.

– Жоқ, жетер енді. Құрмекеңнің Аманкелдісі сенен кіші, Ақаңның Қалені де солай. Ахметжанның

Әнзиясы — жалғыз қызы. Таяқ жеуің мүмкін. Тыпыр етпе, отыр осылай.

— Жөн болмаған екен, — деді ақыры Көпжекең.

Әлінің домбырасын тыңдап, Рәзия шешей берген айранды ішіп бұл үйде кешке дейін отырды. Ендігі алдауының жөні жоқ екенін өзі де түсінген. Қала берді Шәмшаның ала мысығымен ойнады. Жауыға қараған жалғыз адам — Шәрбан ғана.

— Бар, енді әжең іздеп жатқан болар, — деді Рәзия шешей.

— Иә, кеш те түсіпті.

Әжесі Исаны сыртқы есіктің алдында күтіп алды. Жартастағы Әбішкең атаның үйіне кеткен Мәжит те келген екен, бар жұмысты сол атқарыпты. Жандарынан бір қырындап өте шықты.

— "Қайдан келдіңнен?" — бастады тергеуді әжесі.

— Әліге бардым.

— Иә...

— Ол үйде де сөйттің бе? — деп күлді Мәжит.

— Иә.

— Кімді?

— Мәрбанды.

— Ұрсты ма? — дейді Мәжит.

— Жоқ. Әлі күлді.

— Осындайды қашан қоясың? — деп әжесі желкесінен қаттырақ нұқыды.

Төлеуқұл Исаны шолақ көйлектің етегінен тартқылады. Онысы — «енді болды ғой, кетпеймізбенің» белгісі. Тықыршып тұрғаны — мына ағалары өзінен жөн сұрап: «Неге қашып келесің?» деп ұрса ма деген дебiрсiздiк. Әзiрге оған көңiл бөлiп жатқан тағы ешкiм жоқ. Әбiгерден соң оның да көңiлi орнықты ма, тамға арқасын сүйеп, бес тас ойнап, алаңсыз кейiпке енген.

Ағалары кiшiрек дүрбiнi кезек-кезек қолдарына алып, бiрде ауылға, бiрде қырға көз сүзiп отыр. Исаның көзi Сарыобадан берi өрлеген шөкiмдей бұлтқа түстi. Мөлдiреген аспандағы шөкiмдей бұлт жел ала қашқан азғантай ғана түтiлген жүн секiлдi түте-түте. Көкке қарай баяу сырғиды. Шөкiмдей бұлт бiрде жиырылып тұтаса бередi де, қайта жазылып әлденеше кейiпке енедi. Иса оны құлағы жалбыраған итiне, бiрде әкесi

ұстап беріп жылда өзі асырайтын сары ала қаздың балапанына ұқсатып әлек.

Әңгіме тәркіні өздерінің тентектіктеріне қарай ауысқанын байқамай қалды.

– Бұзақор болып кетпесе, – деп Рахмения күлді.

– Олай емес сияқты. Тентектік емес деп те айта алмайсың. Бірақ ойындарында кек жоқ, үлкендікке ұқсаймыз ба деген түйін бар. – Қамажан Исаның басынан сипады. Иса өздеріне сенім артқанына көңілі масайып, бақайымен қазып алған түйіршік тасты сол бетінде шертіп жіберді.

– Беттері – түзу, өсе келе әлдекімдер бұзып әкетпесе, – деп, Әлі қаупін де қосты.

Иса Қамажанды да жақсы көреді. Осы ауылдың бала-шағасын бауырына тартып, баурап жүреді. Исаның кейде Әбішкен атасын сағынып, үйден қашып кететіні болушы еді. Сол жылы Тойлының арбасының артына жармасқан. Ауылдан ұзағанша Тойлы да артына қарамады, бұл да дыбыс бермеген. Келесі ауылдың шеті көрінгенде кеш те түсіп қалды. Жөткірініп қалған балаға жалт қараған Тойлының жүзі өзгеріп сала берді. Сәлден кейін ғана:

– Сен қайда барасың? – деген.

– Атама.

– Қай атаңа?

– Атам...

– Қайда тұрады ол?

– Қой бағады.

– О, Құдай-ай, – деп жерге түкірді Тойлы. – Оның үйі бұл жақта емес. Енді не істедім? Пәле болмаса игі еді. "Баланы ұрлап кетті" деп... Ей, Алла, мұны не істедім? Ендігі жетпегені маған осы еді. Әй, енді бері кел, арбаның үстіне отыр.

Ат басын тіреген жерлері – жалғыз үй екен. Шөп науқанының бастығы – осы үйдегі ақсақал. Шөп машина шалғысын көтеріп қаңтарылып тұр. Екі шөпші бозбала жаяулап ауылға кетіпті. Техника мен төрт өгізге ие боп қалған осы Қали шал.

– Үй іші де бүгін тәркіндеп кетіп еді, – Қали ақсақал Исаның бұл жүрісінің мән-жайын түсінген соң – Әй, шырағым, мына баланы үйге кіргізіп, сусын бер.

Әбден шөлдеген шығар. Балалығыңа бар болайын, сенің, — деген қызына.

Түнемекте Тойлы арбасына жатты. Қап сияқты көрпесі бар екен, соның ішіне кірді де, басын күпәйкесімен жасырған. Әбден қараңғы түскен шамада:

— Ассалаумағалайкум, — деп біреу кірді. Таныс дауыс сияқты. Қайта жаққан жаяу шамның жылтыраған сәулесі сәлемшінің бетіне түсті. Қамажан.

— Ағатай.

— Әй, Иса...Мынау қайдан жүр?

Қамажан пойыздан Сарысуға түсіп, біреудің биесін сұрап мінген екен, жаңа күн бата босатып жіберіпті де, бері қарай жаяу тартыпты. Жеткен жері осы болса керек. Бір кесе сусын ішіп, төр алдына қисайған. Исаны бауырына тартып, өзінің сырт киімімен сырт жағына орап қойған. Шам сөнді. Төрде екеуі. Оң жақта — Қалекен ақсақалдың қызы Ажар. Соған жақын жатқан ақсақал аздан соң ұйқыға кеткен. Қамажанды құшақтап жатып Иса да түн тыныштығына бөленген.

— Ей, өк! — деген дауыстан оялды. Далаға шыққан ақсақалдың: «Мына ақ өгіз жалғыз, қалғандары қайда кеткен? Қап, іздемесе болмас», — деген дауысы және жетті. Қамажан бір аунап түсіп, баланы қымтады. Сонан соң сәл жөткірінді. Қыз да күрсінгендей дыбыс берген.

— Ажар, — деді Қамажан сыбырлап.

Исаның ұйқысы ашыла түссе де дыбыс бермеді. Әйтеуір іштегі бір сезім жігіт пен қыздың арасы осылай боларын түртпектеп түсіндіргендей. Сонан соң әлгі Кигайдың айтатын жырларында да "ғашық-машық" дегендер болатын. Сол есіне түсті.

— Неге үндемейсің?

— Не дейін?

Үй ішін аздап тағы тыныштық басты. Иса өз жүрегінің дүрсілін естіп жатыр. Екі беті ду-ду етеді. Сонан соң Қамажан басын көтергендей болды.

— Ажаржан.

Қызда үн жоқ. Еңбектеген адамның дыбысы естілді. Қамажан шығар. Иса қыбыр етпеді. Жүрегі алқымын тіреген.

— Қойшы, қайда келесің?

– Сенімен тілдесуге басқа айла таппадым.
– Мені өзіңе теңейсің бе?
– Мен саған барымды айттым ғой.
– Сенің алдың жарық, өрлеуге, өсуге тиіссің. Мен тек аяғыңа оралғы боламын ғой. Осыны ойлаймын да, тоқталамын.

– Оның қате. Тағдыр не жазса да бірге көреміз.

Иса аунап түсті де, еріксіз ыңырсыды.

– Қой, енді, бала оянып жатыр.

– Жаныңда аз бола тұрайыншы.

– Әкей келіп қалады.

Қамажанның орнына келіп қисайғаны сол еді, сықырлауық ашылды. Жөтеле кірген ақсақал төсегіне тізесін бүккен.

– Ата, өгіздерді таптыңыз ба? – деп Иса басын көтерді.

– Сені оятып жіберген екенмін ғой, жат. Әзір тұруға ерте.

Қамажан бауырына тартып, басынан иіскеген. Мау-жырап жатып ұйықтап кетіпті. Тәтті түс көрді. Қамажан аға мен Ажар тәте қол ұстасып жүр екен. «Мен сендікпін», – дейді тәтесі. «Арманымсың», – дейді ағатайы. Жадырай күліп, жарысып ойнаған екен дейді екеуі. Кенет сол жүгірген қалпы ағатайы жоқ болып кетті. Ажар тәтей екі қолын көкке созып отыр екен.

– Әлгілер көрінбейді – ау, – деген ақсақалдың дауысы жетті құлағына.

Иса тұрып, есіктен басын қылтитқан. Ажар екі шелекпен су әкеле жатыр екен. Ағатайы оған қарсы жүріп, қолынан шелегін алды. Шалғысын көкке көтерген екі шөп машина қаңқиып тұр. Кескен томарға құйрық қойып, жершақ басында шал отыр. Мосыға бірдеме іліп қойыпты. Онысы бүрқ-сарқ. Онысын ақсақал үлкен қасықпен толғап қояды. Айнала тып-тыныш. Шиқ етіп бөктергіден жасырынған саршұнақтың дыбысынан бөтен дауыс жоқ.

– Әлгілер кешікпесе болар еді. – Ақсақал тынышсызданып отыр.

– Келер.

– Осы күнгінің уәкілі жаналғыштан жаман.

Таңертеңгі шайға отырған. Үстел үстінде аздап ту-

ралған таба нан, бес-алты құрт, томардай ірімшік. Манағы бұрқ-сарқ қайнаған қаймақ дәлеңкеге құйылып, солардың қоршауында қалыпты. Ажар мен Қамажанның жанары жалт етіп кездесіп, сыр шашып, ұсынылған кесеге созылған қолдары айырылуға қимағандай тұрып қалып жатыр.

Іргенің сәл түрілген тұсынан танауын тығып сығалаған иттің жыртыған көзі ақсақалдың салалы саусақтары мен әр қимылын қаперсіз аңдыған. Әредік басын жұлып алып, бүйіріне қадалған бүгелікті тісін сақ еткізіп қауып тастайды да, тесіктен қайта сығалайды. Бұл үйдің таңертеңгі тірлігі осы еді. Түп-тұнық ауаны ащы айғай сілкінтті.

– Ойпырым-ай, не боп қалды? – Абыржыған ақсақал үш ұмтылып орнынан зорға тұрды. – Алла, аманшылығыңды бере көр.

Далаға атып шыққан Қамажаннан Иса да қалмады. Айғай сонау алыстан естіледі. Күн салып қараған Қамажан кенет түтігіп кетті.

– Ой, әкеңнің...

Иса енді көрді. Ат үстіндегі біреу екі жаяуды кезек қуып, аттың баурына алып жүр екен. Құрақтай ұшқан Қамажанның соңынан қалмай-ақ келеді. Жалаң аяғына әлдебір тас тиіп бір шоқалақтап алды да, қайта безді. Бақайдың арасын қияқ осып өтті. Қаны шықса да, оған қарауға мұрша жоқ.

– Әй, тоқтат! – деп ышқына айғайлаған Қамажанның дауысын аттылы естір емес. Қайта, «көрсін менің ісімді» дей ме, үдетіп барады. Қашқан жаяуды қуып жетеді де, қамшының астына алады. Аттың омырауы тиіп құлаған жаяуды тастай беріп, безе қашқан екіншісін өкшелеп қамшының астына алған. Алақандай жайлау аттылы мен жаяудың арпалысына, ақырған-өкірген дауысқа толып, шаранасына шыға мелдектеп тұр.

– Жаудың тұқымы...

– Ағатай-ай!..

– Сабап өлтірейін!..

Жан ұшырған Қамажан да жетті. Сілтене берген қамшыны жұлып алып, уәкілдің атын қақ бастан тартып жіберген.

— А, иттің баласы сен де жеттің бе? Көрсетейін саған... — Ынтымақ уәкіл Қамажанды аттың омырауынан қағып өтпек еді, жігіт жалт бұрылды да, атылып барып уәкілдің жағасына жармасып, аттан жұлып алды.

— Ұрған осылай болады! — Ысқырған қамшы уәкіл Ынтымақтың арқасын осып өтті.

— Үкімет адамына қол көтердің, көзіңді құртам.

Қамажанның сілтеген қамшысына біреу жармасты.

— Тоқта, шырағым. — Қамшының өрімін ұстаған Қали ақсақал демі бітіп құлай кетті де, алқынып барып басын көтерді. — Тоқтаңдар.

Жаяу қашқан шөпші бозбалалар — Асау мен Жаскен екен. Үстері өрім-өрім. Жаскеннің тілім-тілім көйлегінің арқа тұсынан қан білінген. Асаудың қамшы тиген беті долырып, қанталап тұр.

— Құртам! Құртам сендерді, — деп сілкіне, зәрін шаша тұрды Ынтымақ уәкіл.

— Кімді-кім құртар екен, көрелік оны, — деп Қамажан тісін қайрады.

— Шөп шаппай қашып жүр бұлар. Қашқынның статьясына жатқызам.

— Тапқан екенсің. Түнгі шық мынау, шөп әлі су. Оны қалай шаппақ, ә? Соны айтшы, сен, уәкілсымақ?

— Маған қол көтердіңдер...

— Мына екі баланың екеуі де әскер семьясы, асыраушылары соғыстан қайтпаған жетімектер. Үкімет—жарлы-жақыбай, жетімдікі. Жетімді әдейі сабағаның үшін қазір үстіңнен әктілейміз. Осы ел тегіс қол қояды. Сонда көремін сенің әуселеңді. Кімнің үкіметі екенін көрсетіп, көзіңе көк шыбын үймелетемін, сен иттің, — деп Қамажан қалтасынан қағаз-қаламын суырған.

Уәкіл Ынтымақтың үні бітіп қалды. Жалпақтап Қали ақсақалға қарай береді.

Ақсақал бәрін үйге сүйреген. Бір шыны шайға қаратып, атын ұстап беріп, бәріне қол алдырып, кешірім еткенсіп, уәкілді шығарып салған.

— Әй, шырағым, — деді ақсақал Қамажанға. — Ана Кепеуі де, басқасы да бәрібір уәкілді қолдайды. Пәледен аман құтылғанымызға шүкіршілік. Қағазбен оларды жеңе алмайсың, оның осы сескенгені де біз үшін жетерлік іс.

Мұнан кейін Иса Ынтымақ уәкілді көрген емес. «Ойбай, уәкіл кеп қалды» десіп қарақұсты көрген балапандай ауыл безіп жүруші еді, енді ауылды құдай ондағандай. Үлкендердің үркіуінен зәрезеп болған балалардың да ойыны еркінсіген. Ауыл Қамажанға риза. «А, Құдай, аман сақтай гөр», – десіп, жігіттің сыртынан сүйсінеді.

– Әй, әлгі көрінбей кетті, бүгін бері қарай шыға алмай жүрген сияқты, – деді дүрбі ұстап отырған Рахмения.

– Шешесі бірдеңе сезіп қалмаса, – Қамажан жөтелді. Соңғы кезде осы ағатайының жөтелі ұзап бара жатыр. «Жаңбырда қалып едім», – дейді өзі.

– Тағы да мынаны жұмасамақ, – деп Рахмения көз қиығымен Исаны нұсқады.

– Пәлекет. – Әлі күле қарап, мойнын бұрды.

– Баланың ойынында үлкеннің әрекеті бар деген. Осылардың өткен қыста әлгі Ералыны сүнеттеп жібергені... – Үшеуі де лекіте күлді.

...Иә, ондай бір уақиға болған. Жазғытұрымғы шақ, бірде мүйіз, бірде кигіс мезгіл. Қар еріп кигіз болса да, қайта қатып мүйіз болса да, балалардың киері шамалы. Көбінің аяғында көн шоқай. Барар жері, басар тауы азайған соң бәрінің ұйлығын жері – сан үйдің басын құраған барақтың үсті. Оның үстіне, бір шыққан соң қара кешке дейін жерге түсу жоқ. Ұзақ қыс бойы дірдектеп үй-үйге тығылып, ойын да жоқ, ойынды аңсауға мүмкіндік те жоқ кезден енді құтылып, жылт еткен Күннің жылуына жармасып, сағыныса ұйлығысқан балаларға аналар да жанашырлықпен қараған. Әйтеуір аш жүрмесінші деп құрт-ірімшік салып беріп:

– Әй, қайдасың? Үйге кел, – деп дауыстағаны болмаса, олар да өздерін мезі еткен балалардың енді ойынға алаңдағанына риза.

Барақтың үсті апыр-тапыр жүгіріс. Көн шоқайлының да, әкесінен қалған жұлығынан тышқан тұра қашқан ескі етіктінің де, киіз байпақтың сыртынан иленген теріні орай салғанның да жарыс алаңы – осы. Онан қалса, сиырдың жүнін уқалап, ішіне құмалақ салып доп жасап, қақпақыл ойнайтын жер де – осы.

Исаны әжесі күн жылы ғана үйден шығарған. Ыбы-рахым ағаның қоймасының күн жағында жатқан сары атанның үстіне Төкіш пен Тасболат міне қалыпты. Күйіс қайырған жас түйе екеуін керек қылар емес. Иса да жетті. Әуелгі жұмысы сары атанның өркешінің астын үйкелеген де жазғытұрым босаңсыған түйе жүнін жинап алып, қос алақанның ортасына салып жұмырлай илеген. Жап-жақсы жүн, доп дайын.

— Ал кеттік, енді ойнаймыз.

Кенет шыға келген қара бурадан айнала қашты. Кеше осы "бура байлаудан босап кетіп, маяға отқа қойған уәкілдің атын шайнап тастапты. Шылбыры үзілген ат қашып құтылыпты" дегенді бәрі естіген. Бура басын шайқап-шайқап, қып-қызыл отты көзін кімге қадарын білмей аз-кем тұрды да, жынын құсып-құсып жіберіп, жөніне кетті.

— Мынау қайтеді-ей?! — дескен барақтың үстіне шығып кеткен балалар.

Доп қуып жүгіріскен балалардың дүрсілінен сырғауылмен ғана жабылып, үстін күлмен жасырған тоқал тамдардың төбесі селк-селк. Әуелі шыққан — Қаленнің шешесі Гүлжапыран. Бұл кісіні үлкендер Бәйеш десе, қайындары Сарыбас дейді. Үлкен-кішіге сыйлы, ұс-тамды адам.

— Әй, балалар, азырақ жүгіріңдер. Өздерің құлап қалмаңдар, — деді де, аз-кем тұрып қайта кіріп кетті.

— Мыналар қайтеді-ей, дастарқанға топырақ түсті. Кәне, қойындар, — деп зеки шыққан Аман қайта бой жасырғанша сәл тоқтаған балалар ду-дуға қайта кіріскен.

Ойынға басы-көзі шөптен көрінбей Әлен келді. Иса Әлен шыққан шөпараңға жасырынып: «Көкек», — деп айғайлады. Маяның түбіндегі үңгір бос жатыр. Бұл — Әленнің үй ішінен жасырын төсегі. Біреуі болмаса біреуі іздеп табар деп, Иса қуысқа кірді де, жан-жағын шөппен қымтап, аяғын жиып жата кетті. Жып-жылы екен. Әленнің оқығысы жоқ. Әжесінен сан рет қамшы жесе де, оқуы ілгерілемей-ақ қойды. Кезекті бір таяқтан соң Исаның жаны ашып:

— Оқысаңшы енді, — деген.

— Өзің-ақ оқы. Оқығаннан да өгіз баққаным артық, — деп өзіне дүрсе қоя берген.

Әленнің оқуынан Әленнен бұрын Мақаң мұғалім шаршаған шығар. Жеке алып қалып та сан сабақ үйретті, ұрысты да, онан оңалып кеткен Әлен жоқ. Есеп сабағы Әлен үшін тақтаға сипыр жазудан басталады.

— Ал, Әлен, енді сен шық тақтаға, — дейді онан әбден қалжыраған мұғалім.

Әлен саспайды. Борды тақтадан бұрын екі қолына жағып, беті-жүзін айғыздап алады да, асықпай ұзын сызық сызады. Бұл — оның бір дегені. Иіліп екі түседі, төңкеріле тізе бүгіп тақтаның бетінен үш көрінеді. Бір-біріне жалғасқан сандар жиырма жетіге жетеді де, тоқтайды.

— Жаз, енді жиырма сегіз, — деп сыбырлайды балалар.

Әленде үн жоқ. Тақтаға қарап мелшиген қалпы теріс қарап, еріні анда-санда жыбырлап тұра береді. "Менің білгенім осы" - ны білдіріп, борды тақтаның бір шетіне қояды.

— Әй, әрі қарай неге жазбайсың? — Мақаң мұғалімнің таусылған жері осы. Әленнің де есеп сабағы осымен аяқталған.

Өздерінен бірер жас үлкен балалардың жүгірісіне ілесе алмай Қален мен Аманкелді жеке отау құрып, алысып жүрген. Екеуі де ақ тер, көк тер.

— Ал, менің орындығым осы, — деп бір құшақ сабанның үстіне отыра кеткен. Қален сол бетінде жоғалды. Үңірейген тесікке үңілген Иса сабанның арасынан тырбаңдап шығып, енді ғана «ө-ө»-леп жылай бастаған Қаленді көрді.

— Е, қуаныштан есін жиып, енді сонысын жоқтап отыр, — деп күлді Адамқұл.

— Парашют, парашют. Міне, былай, — деп Адамқұл мәз.

— Бәйеш шешей ұрсатын болды-ау бізге.

Баласының жылағанын естіп Бәйеш шешей қораға шықты. Үңірейген тесіктен аспанға қарады. Түнде мал қамағанда буы шығып тұрсын деп осы тесікті түнде ашып, күндіз жауып қоюшы еді.

— Әй, балалар, байқаңдар дегенім қайда? — деп ренжиді. — Өзіңде де бар, білесің ғой жауып қойған тесікті. Қақ үстіңді.

Баласын жетелеп Бәйеш үйіне енді. Қарсы беттегі барақтан Балиқа шешей көрінді. Күн салып жан-жағына қарап, Ермегіне жұдырығын түйді.

— Бөрібас, Бөрібас! Кә! Кә! Қаңғыбас қайда кетті-ей?

— Апаң не дейді? Қай итін шақырып тұр? — деп балалар мәз.

Биыл қыс та қатты, ауылды торуылдаған қасқыр да көп болған. «Пәленше ауылдың бас салып малын жеп кетіпті» деген әңгімені Иса да талай естіген. Бірде жатарда тысқа шыққан әжесі сүріне-қабына есікті жапты. Күресіннің үстінде көздері жайнап бесеуі тұр екен дейді. Әжесі Көкдауылды да тысқа шығармай байлап тастаған. Әжесінің айтуына қарағанда, бұл үйден ит үзілмепті. Сонау аштық жылдарының өзінде Сарықұс деген қаншық бопты. Онан кейінгі Ақтырнақты Иса да көрді. Қартайған шағында аңға шыққандарға ілесіп, табан астынан боран көтеріліп, Ақтырнақ адасып, ауылға оралмай қалған.

Мешелдің үйінің Бөрібас атты сабалақ қанденін сол түні көп қасқыр тік көтеріп әкетіп жепті. Қаңқ еткен дауысын тысқа шыққан Аманбай ғана естіпті. Аманбайдың үйі — күнбатыс жақтағы ең шеткергі үй. Сол үйдің маңынан Бөрібастың жүн-жұрқасы, тырнақтарының қалдығы табылған. Балиқа шешей соны ұмытып кетіп, күніне бір рет итін шақырады.

— Кә! Кә! — Балиқа шешей әлдене есіне түскендей аңырды. Сонан соң жаулығын түзеп, — Серпер! Серпер! Кә! Кә! — деп Мақыш мұғалімнің итін шақырды.

Серперден бұрын оқшау үй Аманбайдың қара иті жеткен. Балиқа шешей оны маңына жуытқысы жоқ, етегін желпіп сырт айнала берді. Сұғанақ қара ит те қалар емес, итаяқтағының иісіне ұмытыла түсті.

— Кет! Жоғал! — Балиқа шешей қара итті қақ маңдайдан ұрып, қаңқ еткізді.

Бұл ауыл Мәтең атанған Мәтбайды сыйлаушы еді. Әжесінің айтуынша, Мәтең жамбының сынығына елу тоқты сатып алып, сонымен байыпты. Қызыл келерде Мәтеңде мыңға жуық тұяқ бопты. Заманның желін түсінген, кешегі өзі де кедей Мәтең, малын кәмпескеден бұрын жарлы-жақыбайға таратып берсе керек.

Кешегі кедей, бүгін де дымы жоқтың есебіне кіріп, басын амандапты. Мәтеңе деген елдің сыйы баласына дарымады. Оқшау үй, оқшаулау тірлік кешетін. Әсіресе әнебір келіні біреуді жамандауға келгенде, аса өректімей-ақ аз сөзбен өңменіне сұғып алатындай етіп, жұп-жұқа еріні тісіне жабысып, жымылып отыратын. Сол үйдің иті де сүйкімсіз болғанын Иса іштей түсінетін.

Кешеден бері осы ауылдың ауру-сырқауына ем-дом жасаған Садық тәуіптің қара шанасы Түлкіліге қарай бел асып кетті. Үкіметтің жарытып берген дәрісі де, дәрігері де жоқ, әйтеуір елге осы Сәкең ие. Біреуге күшәла, шөп дәрісін, асқынды дегенге алмас береді деседі. Әжесінің айтуынша, жаз шыға тәуіп ауыл балаларын сүндетке отырғызады екен. Ана Төкіш, Тасболаттар, Ерғалы соған күнібұрын көніккен. Әжесіне қыңқылдап жүрген әзірше өзі еді.

Тәуіптің аттануы балаларға жаңа бір ойын енгізді. Біреуі тәуіп болып, қалғандары сүндетке отыратын болып. "Қашаннан бері мұсылмансың?" - ды бастаған. Жауабын білмей қалған Кәменге "әлімсымақтан бері" дегенді үйретіп, Адамқұл тәуіптік етіп жатқан. Кезек Ерғалыға келді. "Дінің қайсы?" "Діни ислам".

— Әй, тоқта! Енді тәуіп мен боламын. — Өздерінен көп ересек Баян Адамқұлдың қолындағы ағаш пышақты алды.

— Бәрін біледі екен, мынау, — деп мақтап, — бір, екі, үш, төрт, бес, шөтейдің шетін кес, — деп қалған.

Ерғалының жан дауысы шықты. Баянның ағаш пышақты бәкіге қашан айырбастай қойғанын да ешкім білмейді. Ерғалы шалбарының ауын қолымен ұстаған қалпы үйіне безіп барады. Шөтейдің ұшын ұстаған Баян бәкісін шалбарына сүртіп ыржиған. Баланың қаттырақ жылағанынан секем алған бозбала Қалыбек барақ үстіне жүгіре шыққан еді, шөтей ұшын саусағына іліп тұрған Баянды көріп:

— Өй, соққан, боғыңмен жасты баламен ойнап не көрінді? — деп қағып жіберді. Барақтың үстін жапқан сабанмен бірге Баян да қораға құлаған. Қалыбектің қарулы қолынан меселі қайтып қалған ол әлгі бір апаш-құпашта ұшып кеткен малақайын милықтита

киіп, беже жөнелді. Дегенмен абыройсыз болса да бір іс тындырғанына риза сияқты, шырт-шырт түкіреді.

Есімғали ақсақалдың үй жағынан айғай шықты. Әлиман шешейдің дауыс көтергенін Иса бұрын естіген емес. Шешейдің соңына қызы Сара еріпті. Сарада үн жоқ, ұялып төмен қарап келеді.

— Мынасы несі-ей? Пышақ жұмсады деген не сұмдық?! Атам қазақта жоқ өнерді кім шығарып жүр?

Оқыс істі естіп, ауылдың үлкендері Есімғали ақсақалдың үйіне жиналған. Емшілігі бар Әбекең қарт киіз күйдіріп, Ергалының жарасына басқан. Көпжекеңнің сұсты жүзі тіпті түнеріп кетіпті.

— Әлгі жынды итті...Баянды тауып беріңдер маған, — деп Көпжекең кесім айтты.

Үйіне де соқпай зытқан Баян көрші колхоздағы нағашыларын паналап, жазды орталап барып ауылға бірақ оралған. Қамажанның еске алып, күлісіп отырғаны сол уақиға.

— Саған тапсырма бар, — деп күлді Рахмения.

Исаның іші бұлк етті. Дүрбісін көзінен алмай отырған Әліге қарады. Әлінің жүзінен қызғылт рең жүгіріп өтіп, құлағының ұшы қызарды. Сонан соң жадырай күліп, тілдей қағазды Исаның қолына ұстатты.

— Байқа, — деді Қамажан, — өзінің ғана қолына бер. Ұсталып қалсаң, басқарма құлағыңды жұлады.

Етекке дейін жүгіріп түскен Иса мен Төлеуқұл Темірастаудың төменгі жағын кешіп өтіп, енді бір момақан қалыпқа түсіп, қара жолдың топырағын жалаң аяқтарымен бұрқ-бұрқ басып келе жатқан. Алғашқы кездескен Адамия болды.

— Ей, сен қайдан жүрсің? — деп таңғалды інісі Төлеуқұлға.

— Мен...

— Иә, сен.

— Шәйкең нағашым: «Жарайды, үйіңе бара ғой», — деп жіберді. — Төлеуқұл қапелінде осындай өтіріктің табыла кеткеніне қуанып, Исаға көзін қысты.

— Ал, екеуің енді қайда барасыз?

Төлеуқұл желкесін қасып тосылды. Адамия Исаға қарады. Иса өтірік айтпайтын адамның қалпына еніп, Адамияға тіктеп қараған.

– Сенің көзің ежірейіп барады ғой.

– Серпер күшіктеген, соның күшіктерін көреміз.

Серпердің есіне түсе кеткеніне Иса риза. Серпер – Мақаң мұғалімнің иті. Мақаңның үйі Төлеген басқарманың үйіне таяу тігілген. "Күшік көремізді" сылтауратып екеуі бұралаңдап, танау астынан әлдебір әннің әуенін шығарып, ыңылдап, басқарманың үйінің жанына жақындаған. Көздерінің қиығы сол үйдің босағасында.

– Серпердің күшігі қандай екен, ә?

– Омаш ақсақалдың ала иті соңынан жүгіріп жүрген, – дейді Төлеуқұл.

– Иә, саған. Оны Рымқұлдың Бассалы қуып тастаған.

– Оны кім айтты? – деп Иса дауыс көтерді.

– Оны анау төбеде отырған Қамажан ағам да көрген, – деп тұра қалған Төлеуқұл дау шығарды. – Әттең, Шәйкеңнің Құмайы алыстағы ауылда ғой, әйтпесе сонан күшік алар едік.

Жаздың ыстығының өзінде жүні түспеген сабалақ-сабалақ тайыншадай ақ төбетті Иса да біледі. «Құмай, Құмай», – деп шақырып, мына Төлеуқұлдың сол төбетке сан рет мініп алғанын да көрген. Мойын жүні қарыстай, құлағы кішірек әрі тазыдай жалбыр құлақ емес Құмайдың үргені де қызық. Анда-санда осы төңіректі басына көтергендей «ауф» деп жалқау үреді. Қыстың қақаған аязы мен боранында да, мал қораның ық жағында жатып, иіс алып, күзетін атқаратынын Шәйкеңнің аузынан сан естіген.

– Ей, қойшы сен де! – Иса тұра қалып дауды созды.

– Көкқасқа итті көріп пе едің? Онан ит өтпейді.

– Қайсысын айтасың?

– Әлгі Ақмағанбет әкейдің әкелген иті ше? Сарысудан ертіп келді ғой. Ақжан– Жаужан деген біреулер бопты ғой. Солардың қасқыр алатын иттерінің тұқымы.

– Иә, иә. – Жуан қайқы тұмсық, сирағының жуандығы білектей, балық жүнді итті ол да көрген. Шабаланып қарсы шыққан ауылдың бар итіне мойын да бұрмай, менсінбегендей кердең басып келіп, жаюлы кигізге жата кеткен көк қасқа тазы бар баланы таңдандырған-тын.

Басқарманың есігі алдынан өте беріп, екеуі тағы дауласты.

— Әлгі ағам біледі, "Көкқасқадан артық ит жоқ" деген.

— Оны Құмай жеңер еді.

— Нанбасаң, жүр ана төбеде отырған Әлі ағадан сұрайық. Қайсысы мықты екенін сол кісі айтсын. Әйтпесе сен өзеуреп қоймайсың, — деп Иса дауысын соза түсті.

— Мына балалар іргеде тұрып алып басымыздың аңкі-тәңкісін шығарды ғой. Дауыстары не деген ащы. Әрі жүр деші, — деп қызын жұмсаған әйелдің дауысы шықты.

— Сен қоймасаң бар ғой, менен көресің, — деп кіжінген Иса Төлеуқұлға көзін қысты.

— Не?

— Таяқ жейсің дедім ғой.

— Әй, балалар, — деген биязы дауысқа екеуі де тоқтаған.

— Ау, — деді екеуі бірдей.

— Ұрсыпаңдар, ұят қой.

— Біз жай әншейін...

— Қойыңдар енді, — деп таянған қыздың қолына Иса тілдей қағазды қыстырып жіберді.

— Жай ғой, апатай, жай.

— Ендеше үйлеріңе барыңдар. — Күлім еткен қыз бұрылып жүре берді.

"Іс бітті" дегендей, Иса мен Төлеуқұл қойғыштасып алды да, алақандарын шарт еткізіп үнсіз күлді. Сонан мойындарын созып төбе жаққа қарады.

— Әлі аға көрген шығар.

— Дүрбісін салып отыр.

— Өзі келгенін қарашы, әйтпесе...

— Өзі бізге жеңге ғой...

Мақаң үйінің үйген тезегінің ар жағына күрке тігіп қойыпты. Серпер соның ішінде жатыр екен. «Күшім, күшім» деп екеуі таяй берді. Серпер басын бір көтерді де: «Е, сендермісіндер» дегендей керіліп, сирақтарын созды.

— Әй, балалар, қауып алмасын, — деген Дәкіжан шешейдің дауысы жеткен. Күләні шешесінің етегіне жармасып, екеуіне бұртия қарай қалыпты.

— Мына біреуі көкқасқа екен. — Иса көзін ашпаған күшікті қолына алған.

— Айттым ғой ала күшік бар, әне.

— Әнебіреуі сары қасқа.

— Иә, сонысы бәрінен бұрын еміп жатыр.

Аяғын топыраққа көме сүйрете басып Иса бұрылмастан үйіне қарай тартты. Оның ізімен өкшелей біраз жүрген Төлеуқұл да басы салбырап, бақайымен жер сызып, шешесінен алар жазасына мойынсұнып, өз үйіне бұрылған. Әжесінің көнеден келе жатқан сары жез самаурыны селк етіп өксіп, жасын төгіп тұр екен. Кешқұрымғы көтерілген сары масаның тұманы онсыз да қапырық үйді тіпті демалғысыз етіп жіберіпті. Бақтай шешесінің орамалды оңды-солды сілтегеніне маса қайыру бермеген соң, есік алдына шала тұтатып бықсытып, дастарқанды түтінге қорытып барып, өздері де ыс-ыс етіп қоныс тапқан.

— Әйтеуір жеттің-ау, — деді масадан пана тапқан әжесі енді ғана тілге келіп. — Саған дауа жоқ. Аяқ анау, тілім-тілім.

— Сіздің балаңыз ғой, — деп шешесі мырс етті.

— Әлгі Пәну қайда? Ол да Зайраның жанынан шықпайды, — деп әжесі Әукеңнің қызын еске алды. — Әлгі Айшымға тартпаған, Зайра жібектей ғой, жібектей.

Аяқ-қолының күсін әжесі қанша ысқыласа да, Иса бүгін үн шығармады. Ұрсып жүріп, анда-санда желкесінен нұқып қойып әжесі де жұмысын бітірді. Алакөлеңкеде тамақ ішті. Сонау терістік жақтан, шырқау биіктен жұдырықтай қызыл от аспанды сызып із қалдырып, жерге жете-бере жоқ болды.

— Біреудің жұлдызы сөнді, — деді әжесі.

— Иә, Алла, — деді шешесі уайым шеге.

Аспанға жамырай шыққан жұлдыздар бірінен-бірі өте жымындасып, бала көңілін баураған. Түн шымылдығы бүркеп алған далада манағы аптаптан із жоқ. Сыз тартқан шалғынның лебі төңіректі алып тұр. Бақаның дауысы тынса да, байғыздың ащы үні төбешік жақтағы тамнан шығады. Күн батыстан сынық ай көрінген жер беті күнгірт тартып, қол созым жерді көру қиындаған. Тағы байғыз шақырды.

— Мына пәтшағардың даусын-ай, — деп ренжіді әжесі.

Байғыз үніне басын көтерген Көкдауыл айналаға сүзе қарап, қайта-қайта иіс алып, танауын тартты да, «е, қойшы» дегендей жата кетті.

Кенет алыстан, қарауытқан Қызылбиік жақтан, от жылт етті де, сөнді. Иса көзін уқалап, ұйқысырап кеттім бе деп алысқа тесілді. Жылт еткен от біреу бетін бүркегендей сықсиып қана көрінді. Енді от екеніне күмәні қалмады.

– Әже, ана отты қара.

– Қойшы, қайдағыны айтпай.

– Рас, әже. Бірақ лаулап жанып тұрған жоқ.

– Кәне? – Әжесі де сенейін деді.

– Әне, Қызылбиіктің бергі бетінен көрінеді.

– Әй, анау әлгі... – Әжесі сөзін үзді.

– Кімнің? – деп Иса бөгелген сөзді қуалап берді.

– Мұқаштың үңгірі бар деуші еді.

– Онда не істеп жүр екен Мұқаш? – деп шешесі таңданды. – Үңгірге от жағып... ә?

Мұқаштың үңгірінен көрінген от жылт етіп жанып, жалп етіп сөніп әжесі мен шешесін біраз тамсандырды. Белгісіз от Исаға да қызық көрінген.

– Ескі кәсібіне кіріспесе Мұқаш. – Әжесі езуін тартты.

– Осы жазда мал соя ма?

– Әже, бұл жай бірдеме шығар.

Исаның көңілі «бірдеме шығарға» алаң. Өткен жылы еді. Ауыл Жырық құдықта отырған. Колхоз аз егінін енді жинауға дайындалып жатқан кез. Күнде кешқұрым шығыс жақтан қып-қызыл боп жалындап, төңкерілген қазандай ай шығатын. Иса оны күнде қызықтайды.

Сол күні әжесі киіз үйдің төрінде баласының киімін жамап отырған. Кенет Иса түстік жақтағы аспанға қарады да, таңғалды. Ай туудан ерте, оның үстіне, шығыстан емес, түстікте толық ай тұр. Өз көзіне өзі сенер емес. Айдан бір аппақ жұмыртқа шыға келді де, ай табағын шыр айналды. Сонан соң сол жұмыртқа екеу-үшеу болды.

– Әже! Әже деймін.

– Не болды сонша айғайлап?

– Әже, биікте ай тұр.

– Тұрсын, – дей берді де әжесі: – Қайдағыны айтпа, ай әлі туған жоқ, – деп кесті.

– Әже деймін, әже! Айдың бетінде балапандар жүр.

Иә, Иса, айдың бетіне әлде көбелек, әлде балапандай бірдемелердің бір кіріп, бір шығып жүргенін көріп тұр. Өздері бірде көбейіп, бірде азаяды.

– Әже, әже! Тұршы өзің, көрші енді.

– Осы не деп тұр?

Үгілеп тұрған әжесі есіктен бас көрсеткен.

– Әне, – деген Иса аңырап, жаңағы көрінген ай да, көбелек-балапандар да жоқ.

– Қайдағыны айтып, өзім шаршап жүргенде, – деп әжесі Исаны желкесінен түйді.

Мына Қызылбиіктен көрінген от сөнер емес. Ең бастысы, әжесі де, шешесі де көрді. «Мұқаштың үңгірі...» Әжесі ұсынған бал қымызды құмарта ішіп еді, енді, міне, ептеп басы айналып, екі беті дуылдады. Тағы бірдеме айтпақ болып бірер дүркін ұмтылып еді, өз-өзінен дәрмені құрып, үні шықпады. «Мұқаштың үңгірі», – деп сыбырлады өзіне. Көзі ілініп бара жатса да алыстан жылт-жылт еткен от көз алдынан кетер емес.

Иса төсекке жетпей жата кеткен еді, жер жамбасына батып, аунап түсті де, қайта еңбектеп төсенішіне құлады. Шешесі сөндірген шамның керосин исі аңқып, танауын қапты.

– Осының білтесі жаман, – деді әжесі.

– Жаңасы болмай тұр. – Шешесінің жауабы талып естілді.

Әуелі арқыраған үн құлағына жетті. Кешікпей сарт-сұрт соғысқан тұяқтың да дыбысы естілген. Көзін ашқысы келмеп еді, маңдайшадағы жалғыз тесіктен сығалаған Күн түртті. Онысы аздай, қара шыбын басы-көзіне жорғалап итін шығарды. Құдай-ау, әжесі қайда? "Мына пәлені неге қуып тастамайды?" – деп кіжінді Иса.

– Мыналар қайтеді-ей, ошаққа түсе ме? – "Айт-шүү"-леген әжейдің дауысына қосыла сарт еткен құрықтың дыбысы Исаны біржолата оятты.

– Әже-ау...

– О, құлыным, тұрдың ба?

Бетін сумен сүйкей салып, әжесі ұсынған айранды шала жұтып, бауырсақтың бірін аузына, бірін ышқырына қыстырып атып тысқа шықты. Колхоздың азын-аулақ жылқысы Олжа— Дәуленге қарай бет алыпты. Әжесі жуас боз биені ұстап, қаратөбел құлынды желіге байлапты. Боз биенің үстіне Иса күніне бір ырғып мініп түседі. Жарықтық, селт етпейді, «е, сен екенсің ғой» дегендей ішін тартады да тұра береді. Әжесінің айтуына қарағанда, боз бие — аталарынан келе жатқан жалғыз тұқым. Кешегі бар малды тартып алып жатқан тұста Түкейекенің кенжесі Кенжеқожаның Ақмағанбеті боз тайды ортаға салыпты. Сонан кейін де Исаның әкесі Түсіп күрең биесін беріп осы боз биені айырбастап алған екен.

Қағысып жүрген — ақтабан мен соқыр айғыр. Екеуі екі бөлек жатқан жылқының тезегін иіскеп-иіскеп алып осқырынды да, тік тұра қалып шарпысып, күрек тістері сақ-ақ етіп жұлысып, тұяқтары сарт-сұрт соғысып, қып-қызыл майдан жасаған. Жал-құйрықтары тікірейген қос айғыр алысып жеңісер емес еді, қапелімде пайда бола кеткен жіңішке көк дөнен бос қалған үйірге тап беріп, иелік жасап қуа жөнелді. Бөтен айғырға көнгісі келмей шұрқыраған үйіріне әуелі ақтабан ұмтылды.

— Керемет, ә?

— Иә.

— Анау ақтабан айғыр үйірін қасқыр түгілі, бөтен адамға бермейді, — деп естігенін айтқан Рымқұлдың жанында Смағұл тұр еді. Смағұл аға анау керманмен соғысты бітіріп келген. Аман-есен оралған үшеудің бірі Тілеутайдың әкесі көп ұзамай қаза болды, Күнқожаны "Кепеу" қайта ұстап әкетті.

Смағұлдың келуі осы ауыл үшін алғашқы қуаныш болған. Ауыл онда Балқаш жайлауында еді. Қыстауға әлдебір өткіншінің көлігіне ілесіп жеткен Смағұлдың хабарын тайға мінген бір бала жеткізді.

— Сүйінші! Сүйінші!

Көйлегін шешіп алып басын айналдыра бұлғаған баланың міністен бір босамаған тыриған тайы тұралап қапты. Жеткен жері осы екен, бүйірін соғып тұр. Ендігін баса алмаған баланың да:

— Смағұл көкем келе жатыр, — деуге шамасы жетіп, өкше ізіне қолын сілтеген.

Ауыл сол бетке жамырай жүгірді. Белге жаяу көтеріліп келе жатқан Смағұл көкеге балалар бәрінен бұрын жеткен. «Көкелеп» Иса да мойнына асылды. Көзінен ыстық жас тамды. Өзінің Қасым ағасы қайда? Тілі жаңа шығып келе жатқанда ағасын «Қа-қа»-лап, ақыры «Қақа» атап кетіп еді. Қайран ағасы неге оралмайды?

Аңырап аналар жеткен. Әжесі Әрінін, Мұсасын, Аман мен Қасымды жоқтап егілді. Қуаныш пен жоқтау қоса ұласқан сәттен зорға оралып, күрсініскен жұрт Әуесхан үйінде өзінше той-томалақ жасаған.

Онан кейін хабарсыз кеткен Нұрмағанбет ауыл Орта алада отырғанда оралды. Жанында Зухра деген қыз бар екен. Қуаныш үйлену тойына ұласып, Иса ес білгелі алғаш рет көкпар тартылды. Жерошаққа тас-талған серкені Ахметжан іліп алса да, Қызылту жігіті тартып әкетті. Орта аланың батыс жағындағы жазықта үш колхоздың жігіттерінің сайысын тамашалаған бала-шағаның ішінде Иса да бар. Олжасын Бас алада отырған үйге тастап, онан алған тәбәрікті тақымына басқан Гүлденсіннің торы айғырына мінген жігіт маңайластырар емес.

— Ол енді жеткізбейді.

— Бексейіттің керінің тұқымы ғой бұл торы айғыр, — деп Бікір шыртып түкірген.

Үйірлерін қайырған Ақтабан мен соқыр айғыр қайта ежірейіскен еді, құрығын көлдеңең ұстап атқа мінген Бікір жылқышы айырып жіберді. Бікең осы қыс ортасынан бері жылқышылықты алған. Бұрынғы жылқышы Аужекең— Сағынның әкесі. Ол кісіні ауыл Балжақ деп атайды. Тамсанып, малжаңдап сөйлейтініне Иса да таңғалатын. Сол Балжақ Аужекең қыс ортасында қатты ауырып, үйіне келді. Дәрігер түгілі, бұл маңда білгір тәуіп те жоқ. Сонан Әуесханның шешесі Мәкең қызылжүйрік беріпті. Аужекеңнің бәйбішесі: «Қызылжүйрігі қоюлау болды, кесеге жұғып тұрды», — деп жүргенін кейін Иса да естіді.

"Аужекең талып жатыр"-ды әуелі баласы Сағын жеткізді.

Исаның әкесі Түсіп қаладан келген күн еді. Көрші үйге тездете жөнелген әкесінің соңынан Иса, оның артынан «а, құдайлап» әжесі ерген. Күркілдеп Көп-жекең жетті.

— Уланып қалған, сүт әкеліңдер, — деді Түсіп.

Аужекеңнің қарысып қалған жағын пышақтың ұшымен ашып, әкесі Түсіп аузына сүт құйды. Кері аққан ақты орамалмен сүртіп:

— Аужеке, жұт! Жұтыңыз сүтті, — деп қайта құйды.

Балжақ Аужекең сүтті жұтқан сияқты. Әлдебір кезде қырылдады. Құсқан сүтті сап-сары болып ұйып түскен Аужекеңнің: "Ой, жаным-айә-ы қоса естілді.

— Ә, енді тірі қалады. — Аласа үйді төбесімен тіреген Әбеу ақсақал кері бұрылды.

— Оу, әлгі емші қайда? Ол неге көрінбейді? — деп Көпжекең жеңгесі Мәкеңді енді сөзбен шалып, әжуа ете бастады. — Ендігі ауырғаның соған көрініңдер, о дүниенің есігін сығалатып қайтарып алады ол.

— Ойпырым-ай, жаны қалды-ау, бейшараның. Сүт бере беріңдер енді.

Анда-санда бір-біріне оқшырайысып қарасып, жылқышы Бікеңнің сауырына сарт еткен сойылын ұмыта алмай сескенген екі айғыр шашау шыққан гай-байталды басын жерге салып жіберіп, сауырлап үйірге қуып тығып алыстай берген. Табан асты жылқы дүр етті. Құлындар аузын қайшылап енелерінің бауырына тығылған.

— Айт, ей, айт! — десіп бала біткен шу етті.

Жылқыны үркіткен көк иттің соңынан манағы жі-ңішке көк дөнен түсіп тырқырата қуып берген. Көк ит үйірлі жылқыға қарай қашып еді, екі айғыр жер тарпып қарсы алды.

— Қасқыр ғой, анау, — деген Сағынның дауысы қатты шықты.

— Қасқыр! — Исаның денесі түршікті. Өмірінде тірі түгілі, өлі ит-құсты көрген емес.

— Мына көкжал тайсалар емес.

— Аш шығар.

Жылқы ішін тастай берген пәлекет тура балаларға қарай салды. Балалардың жан дауысы шықты. Пәлекеттің өзі сабалақ, құйрығы қайқы екен. Көк пәлекет

ауызын араңдай ашып, алдын орап тұра қалды. Көзі қып-қызыл, тілі салақтап ентігін баса алмай тұр. Иса көзін жұмған. Қорыққанын білдірмейін деп дауысын шығармады. Көк пәлекеттің тұмсығы дамбалын көтеріп, санын иіскеледі. Енді не істер екен? Пәлекет тағы бір түртіп, қыңсылады. Иса бір көзін ашып, сығырая қарады.

– Жолдаяқ.

"Ей, мынау Құрманғалидың Аманкелдісі артылып мініп алатын Жолдаяқ қой! Өзі құйрығын бұлғаңдатады, ей!" Балалардың алды тоқтап, артқа қарайлай бастаған екен. Ең соңғы бала ғана «апалап» жан дауысы шыққан. Енді ол да сығырайып көзін ашып, сілесі қата:

– Апа-ау, апа, – деп көк иттің Исаны қашан бас саларын күтіп зарлап тұр.

– Кә! Жолдаяқ, кә!

Осы ауылдың көктөбеті Жолдаяқ – Құмайдан ала-сарақ болғанымен, жүні қалың төртбақ ит. Кісіні қаба қоймайды. Иса сан еркелетіп сүйек-саяқ берген. Енді тағы соны күтіп, аспанға секірген.

– Жейді ғой, жейді, – дейді зарлауық бала.

– Әй, бері келіңдер, бері. – Иса бәріне қол бұлғады.

– Не?

– Бұл тимейді.

– Неге? – дейді әлі сене алмаған біреуі.

– Бұл – Жолдаяқ қой, Жолдаяқ.

Бері қарай дүркірей жүгірген балалардан сескеніп, Жолдаяқ Исаның ту сыртына қарай шегінген.

Төбетті еркелетіп, енді бірін-бірі мазақ етіп, қалай қашқандарын жыр етіп тауыса алар емес.

– Сағын шаңды бір-ақ рет көрсетті. Дамбалына дейін су боп кетіпті, қарашы, әне.

– Сен жетістің. Зарлаған сен емессің бе? – деп Сағын зілдене қарады.

– Соқ өтірікті.

– Несі өтірік? Әне түрің айтып тұр, шашыңа дейін су.

Ерегісе қалған екеудің арасынан Жолдаяқты соңына ерткен Ерғалы жүгіріп өтті.

"Итше ырылдасып" деген оның сөзіне бәрі дуылдаса күлген.

- Әй-ей, бұғынбақ ойнайық.
- Қайда тығыламыз? – дейді аңқаулау Ермек.
- Мына жарлар ше?

Ауыл үйдің бергі жағы қатар-қатар жыра, бұраң-бұраң қалтарысы да көп. «Бір дегенім – білеу, екі деген – үскі, төрт деген – төсек, бес деген – бесік, алты деген – асық, жеті деген – желке, сегіз деген – серке, тоғыз деген – торқа, он деген – оймақ, он бір – қара жұмбақ». Он бір – қара жұмбаққа ие болған бала іздеуші, қалғаны – тығылмақ". Осы жолғы іздеушілікке іліккен Әлен зорға көнді.

- Мен емес, қате санадың, – деп біреумен дауласты.

Көп жыраның әр жеріне табылған балаларды іздеп табу оңайға түспеді. Иса да бұғып жатыр. Жыраның әр жері ойдым-ойдым су. Әкесінің айтуына қарағанда, бұл жыралар – егін суарған арық. Кейін тереңдеп, арық жыраға айналып кеткен екен.

– Қазір бұл жерде егін суару мүмкін емес. Өзеннің жары тереңдеп кеткен. Біздің бала кезімізде жар Қостамның маңында ғана болушы еді. Онан бері жақта жар жоқ, жайылма су болатын. Ел сол суды бөгеп, әркім арық қазып егінін суаратын. Сол арықтар ғой, – деп түсіндірген әкесі Исаға бірде.

– Оу-ей, қайтындар, – деп дауыстаған шешелерінің дауысы естілген сайын бәрі бұға түседі.

- Әй, Ермек, желкеңнің шұқырын...

– Әй, – деп айқайлады күн салып қараған бір шеше, – Сені ме...

– Үйге келерсің... – деген зілді болса да қайырымы көп шешелердің үнінен ығып жатқан бала жоқ-тын.

Кенет ауыл жақтан шар етіп жылаған баланың ащы дауысы шықты. Иса жүрегі тұрып, үрке қарады. Дауыс басылар емес.

– Ой, не болды? – деп ауылға қарай аяғын сүйрете басып беттеген. Дауысқа елендеген балалар да тығылған орындарынан бас көтеріп, ойындарын да қия алмай:

- Әй, қазір...

– Иә, ана жерде, – десіп уағда байласып, үйлеріңе бас көрсете сала табыса кететін жерлеріне келісіп, бөлек-бөлек тарасып барады.

Ауылға таяған сайын шарылдап жылаған баланың

дауысы өз үй жағынан шығатынын естіп, Иса жүрісін жылдамдатты. «Япыр-ай, Рашид мұнша неге жылады?» — деп күбірледі. Жүгіре басып келе жатқан Исаның жолын Балиқа шешей бөгеді. Жем шашқан соң бес тауығын үйшігіне қуып тығушы еді, енді шыбығын тастай салып:

— Ермекжан қайда? — деді.

Үйге жеткенше асыққан Иса артқа қарай қолын сілтей салып ілгері озған. Балиқа шешейдің тағы бір ұрысқанын естімей кетті. Шешелері де, әкесі Түсіп те есік алдында екен. Мақаң мұғалім де осында жүр. Есік алдындағы қадаға қағылған қолжуғушыға Мақаң су толтырып жатыр екен. Осы ауылдағы жалғыз қолжуғушы осы. Оны қақпақ қаңылтырын салдарлатып әкесі сонау қаладан әкелген. Алғаш осы қадаға қадап қол жуғанда, бар бала тамашалап, Иса мақтанып қалған еді. Мақаң мұғалім қолжуғушыға су құйып, бойын тіктеп жазбай, төменшектеп теріс айналып барады. Әжесінің қолында өксіп-өксіп жылаған Рашид екен. Екі аяғы тобығына дейін қып-қызыл. Қанталаған аяққа шешесі май жағып отыр. Шешесінің қолы тиген сайын бала шыр етеді.

— Қоя ғой, құлыным, қоя ғой. Қаздың майы ғой, қазір жазылады, — дейді әжесі.

Шелектегі суды әкесі жерошаққа төңкере салған. Ыстық бу аспанға атып, күлдің исі қолқаны қашты. Әжесі Түсіпке ажырая қарады.

— О, несі ей, ә? Жерошаққа су төгіп... Енді қайтіп от жақпаушы ма ең?

Мақаң мұғалім әкесі Түсіпке ымдады. Екеуі шегіншектеп, ақырын үй айналды да, мұғалімнің үйіне қарай бет алды.

— Не боп қалған? — деп сұрады аттан түсіп жатып Әбішкең атасының әйелі Күлпаш.

— Ана екеуінің бүлдіргені.

— Әже-ау, не бүлдіріп жүр олар?

— Баланы қуалап ойнап...

— Иә.

— Сонан екеуінен қашқан бала жерошаққа тығылам деп...

— Ой-бүй, Құдай-ай!

— Ыстық қоламтаға аяғын күйдіріп алғаны.

– Кап! – деп өкінді Кұлпаш.

– Әлгі Әбішкен қайда? – Әбішкен Қазиза шешейдің үлкен баласы есебінде. Осы шаңырақты келін боп он алтыға келгенде аттаған екен. Сонда Мұқай қайнағасы екіден жаңа асқан баланы: «Бұл сенің балаң», – деп бауырына салып берген.

– Әлгі Зария келін қайда?

– Балаңыз қойда ғой. Зария Ақшатауға төркіндеп кеткен. Сұлу Қасым өзі алып кеткен. Әкеп тастайтын шығар.

– Осы баланың жылағанын көргенде жүрегім сыздайды, – деп әжесі басқа әңгімеге көшті. – Әнебір жылы, әлі соғыстың кезі, Шөкеңнің үйіне барсам...

...Иса бұл әңгімені біледі. Әжесінің етегінен ұстап бұл да барған-тын. Шөкеннің әйелінің етегінен ұстап жылаған баланы көрген. Өзінен бір-екі жас кішірек бала:

– Апа, нан... – деп зарлап тұр.

– Берсейші, – дейді әжесі.

– Мана бергем...

Исаның әжесі әжік-бүжік әңгімемен жарым сағат бөгелді. Баланың жағы бір сембеді.

– Апа, нан... – Бала шешесінің етегінен ұстап алған, жіберер емес.

– Ойнасайшы, – дейді шешесі. Дауысында шара-сыздық.

– Апа, нан. – Аш баланың үзіле сұраған дауысы семер емес.

Шөкеннің әйелі бір түйіншіктен жұдырықтай ғана қатқан нан алып, бармақ басындайын сындырып, баласының аузына салған.

– Құдай-ай! – деп ашынған әйелдің үні қинала шықты. – Бары осы, жоққа не істейін?

– Мә, ала қойшы, – деп әжесі қамзолының қалтасынан екі-үш құрт алып, балаға берді.

– Апа... – Қуаныштан баланың көзі жайнаң қаққан.

Исаның әжесі күрсінді. Кұлпаш келіні кішірек дорбамен құрт-ірімшік әкелген екен, сонысын беріп жатыр.

– Мәжит көрінбей кетті ғой.

– Ол бір мезгіл балаңызға көмектесіп жүр. Түстен

кейін әкесінің орнына атқа мініп қой бағады. Соған да шүкіршілік.

— Мені ала кетіңізші, мен де бағысам, — деді бұл жаңалықты естіген Иса қуанып.

— Қой-ей! — Әжесі басынан сипады.

— Атамды сағындым. Атам ғана мені желкемнен иіскейді.

— Қой енді.

— Жібермесендер бәрібір қашып кетемін.

— Қой, олай етпе. Жолда ит-құс бар, жазым етеді, — деп Күлпаш тоқтау айтқан.

— Көкдауылды ертіп алам, ол қасқырдан қорықпайды.

— Бұл енді өстіп қоймайды, — деп ренжіді әжесі.

— Бола ғой.

— Әлгі Зарияға қайтсын деп хабар айтыңдар.

— Айтамыз ғой, баратын кісі болса.

— Майра да жылап жүрген шығар, — деп әжесі кемсең етіп, дауысы тарғылданып, жаулық ұшымен көзін сүртті. Осы ауылда Қарқарадай биік күндікті әжесі ғана киеді. Әжесі сонысымен де Исаға басқа кемпірлерден ерекше сәнді көрінетін. — Мұса болса сөйтер ме еді, шіркін.

Қайнағасы Мұқайдың бәйбішесі өлген соң бар баласы Әрін, Мұса, Аман, онан кейінгі Асау біржола Қазия әженің қолына көшкен. Мұса да соғысқа кеткен. Сол кеткеннен хабар-ошар жоқ. Енді соларды еске алып егіліп отыр.

Құлақ шеміршегіне қадалғысы келіп шыр айнала ызыңдап мазасын алған масаны Иса қолымен қаққыштап еді, сары маса өші бардай шүйліге түсті. Ақыры самайына жабыса қалған масаны жапсырып тынды. Ендігі есіл-дерті — балалар. Өксігін басқан сайын қалғыған Рашид ұйықтап кеткен. Бақтай шешесі соның маңында, қорғаштап, аяғын шалғылап жарасын ауыртып алмасынды ойлап, бәйек болып отыр. Әжесі мен Күлпаштың әжік-бүжік әңгімесін қара ала атты үй сыртына тежеп, аттан түскен Көпжекең бөлді.

— Қазиа, амансың ба? Келін, сендер де сау боларсыңдар?

— Шүкір, шүкір.

- Қазия, сенің сары ала тайыншаң қайда, осы?
- Жүрген шығар.
- Бүгін көрдің бе?
- Осы жаңа бір әзірде жар ішіндегі суда тұрған.
- Апырай, ә? – Көпжекең таңданып, басын шай-

қады.

– Е, не боп қалды? – деп сұрады әжесі.

– Мына май зауыттың жанындағы жайын судың жиегіне келе беріп едім, тап ортасында сенің тайыншаңдай ала бірдеме жатыр екен. "Мәлік келгір, суға кетеді-ау «өк-ей, өк!» деп айғай салдым. Сол-ақ екен бұлқынғандай болды да, суға батып кетті.

– Апырай, ә, – десіп, енді әжесі мен Кұлпаш таңданды.

– Әлгі кішкентай қайда? – деп сұрады айналасына сүзе қараған Көпжекең.

– Нетіп... ауырып қалғаны. – Әжесі қысыла жауап берді.

– Аяғын күйдіріп, – деп Иса қойып қалды.

– Неғып? – Көпжекеңнің қабағы түйіліп, мұрты тікірейіп шыға келген. – Өздерің қайда едіңдер, баланы бетімен жіберіп?

Қалай болғанын естіп, ұйықтап жатқан Рашидтің аяғын еппен аударып көріп, барып біраз ақылын айтқан Көпжекең өз үйіне бет алған. Іле жүгіре жеткен қызы Шәмша: «Мынаны жақсын», – дедіні қосып тағы бір май әкеп тастады.

– Осы ағаға да жау көп-ау, – деп сөз бастады Кұлпаш.

– Тірі адамды көре алмайтын уақытқа дәл келдік қой. – Әженің дауысы мұңдылау шықты. Әжесі «үһіледі». – Екі көзді бір-біріне жау еткен заман-ай!

– Алдыңғы жылдың бірінде үстінен арыз айдапты ғой.

– Шегірткенің кесірі...

– Сонда... – деп Кұлпаш тоқтап қалды.

– Егінге шегіртке қаптап кеткен жоқ па?

– Иә.

– Мына көрші колхоздардың егінін тып-типыл етіп кетті. Ал, біздің Қызылтеңдіктің егіні аман. Содан...

– Ол үшін мақтау алмай ма?

— Мақтау. — Әжесі мырс етті. — Мақтау... Көпжан—Қожа, шегірткелерді дуалап өз егініне жібермеді деп "Кепеуге" жазыпты.

— Алла, сақтай гөр. — "Кепеудің" атын естіп Күлпаш ұшып кете жаздады.

— Сонан әупірімдеп зорға құтылып, басқармалықтан зорға босады ғой, бұл атаң.

Исаның көзі сонау көкке көтеріліп алып ән салған бозторғайда еді, ол енді әнінен жаңылып, сорғалап келіп ши ішіне бой жасырды. Иректей қамшылаған атын тебіне түскен адам ши ішіне іліге берген-тін, табан астынан «пыр» етіп ұшқан бөденеден аты жалт берді. Аттылы ауып барып түзелді. «Бытпылдақ, бытпылдақ» деген бөдене безіп барады.

— Құрманғали ғой, — деп қалды Күлпаш.

— Аты не деген үркек.

Көк атты тұсай салған Құрманғалидың сәлемінен соңғы сөзі:

— Жаңа естідім, әлгі бала қалай? Құдай ұшындысынан сақтасын, — болды.

— Айтқаның келсін.

— Әлгі қызыл бұзаулардың санын алып жүр едім.

— Бар шығар.

— Бары бар-ау, — Құрманғали қамшысымен жер шұқыды.

Осы Құрмекең былтыр да осы үйден қызыл бұзау іздеп келген-тін. Иса өз үйінің сиыры ала, онан жылда ала бұзау туатынын біледі. "Ендеше Құрмекең неге қызыл бұзау сұрайды?" — деп таңғалған. Онысын жасырмады.

— Әже, біздің бұзау ала ғой, неге қызыл бұзау сұрайды?

— Құдай-ай, осының да естімейтіні жоқ, — деп әжесі қатты ренжіді. — Жап аузыңды. Ендігәрі ондай сөзді айтпа. Біреу сұраса, біздің бұзау қызыл де.

Иса неге солай деу керек екенін түсіне алмады. Адамияның шешесі Бексұлудың «Қыста қызыл бұзауға соғымға тайынша алдым» дегенін естіді. Қызыл бұзауға соғымды Тасболаттар да, Төкіштер де, Мақаң мұғалім үйі де алыпты. Адамияның бұзауы ылғи сары ала, Тасболат жылда Қаратөбел бұзау мінеді, ұстаның

үйінің бұзауы сары, Мақаң үйіндегі Зағипа әже қара ала бұзау айдайды.

— Осы Көпжекең соғымы болмай отырғанға көмектесу дегенді қоймады, — деп Құрмекең әже ұсынған шарадағы қымызды асықпай ішті.

— Енді қайтсін.

— Тумаған бұзауға соғым деп тайынша, құнажын береміз, соның артынан қорқамыз да.

— Әзірге бәрі тыныш қой.

— Осы ауылдағы "Кепеудің" тыңшысы... — деп Құрмекең сөзін жиды.

— Ол да өзіміздің туыс қой, отыз екінің қырғыны талайдың есін түзеді емес пе?

— Әйтеуір арты жақсы болса. — Құрмекең күрсіне жүріп атына қонды.

Исаның есіл-дерті Қайрақтыны кезіп кеткен балаларда болса да, үйден аттап шыға алмады. Бүгін әжесінің сұсы қатты. Оның үстіне, аяғын күйдіріп алған інісіне деген жанашырлығы да басым. Әжесінің жанынан шықпай, өзен бойын көзбен сүзіп отыр. Дәл төбесінен зу еткен дыбыс шықты да, екі дарқоңыр үйрек бір айналып барып қамыс арасына қонды. Ағынды судың кейбір иіріміне ғана үйрек тоқтайды. Анау орта аладағы тоғанның беті қаз-үйректен көрінбейді. Оған кім бара берсін. Осы маңға қонғанын ғана ермек етеді ауылдың мылтық ұстағандары. Қос дарқоңыр қайта ұшып кетті.

— Қап! — деп өкінген әкесі Түсіптің үні жетті Исаға. Мақаң екеуі қайта оралыпты.

— Е, жарар.

— Үндеме, мен бір қызық іс таптым.

Әкесінің Исаға қаладан әкеліп берген ойыншық картон үйрегі болушы еді. Пішіні де, пішімі де үйректен аумайды.

— Өй, мынау нағыз дарқоңыр ғой. — Мақаң күлді.

— Екеуің не істеп отырсыңдар, ә? — деп шолақ қолының жеңін белдігіне қыстырып Ыбырақым келе қалды. Ауылда төрт құрдас бар. Сонан соғысқа барып, бір қолын беріп қайтқан — осы Ыбекең. Соғыс туралы әңгімесі де мол. "Әр шабуылдың алдында қырлы станқанмен спирт береді", — дейді Ыбекең. Онысын іш-

пепті. Командирі сол үшін атпақ болып нағанын да суырған екен, абырой болғанда, онан да жоғары біреуі келіп: «Қазақтар – мұсылман, қыстауға болмайды», – деп ара түсіпті. «Қолыма оқ тиерде де әкем аян берді ғой», – дейді Ыбекең. Төрт құрдастың үлкені Мақаң ауырып әскерден қалса, Әукең де ебін тапқан, Түсіпті қаладағы жұмыс орыны «бронь» беріп алып қалған. Төрт мүшесі түгел үшеуі Ыбекеңді қатты аяйды, кейде артықтау кеткен әзіл-қалжыңын да көтере береді.

– Ә, сен тіпті дұрыс келдің, – деді әкесі Түсіп Исаға ойыншық үйректі ұстатып жатып. – Ал, балам, үйрегіңді қамыстың ортасына таман апарып қой. Байқа, ағын су айдап әкетпесін.

Иса кемер-кемерді жағалап бой тасалап, ағын судан бөліне қалған иірім ортасындағы қамысты бетке алған. Жаз ортасында Қайрақтының ағыны да баяу. Сол бояу ағыннан анда-санда әлдебір толқын келіп иірім суды шайқайды да, сылп-сылп етіп асықпай жағаны соғады. Қалың қияқ пен қоғаны жарып өтіп Иса ойыншық үйрегін қамыс арасына көрінетіндей етіп жасырды.

– Ал, енді Әуесханға бар, – деді әкесі. – "Бір патрон сұрайды, – де. – Өзінің оғына су тиіпті, үйрек атуға керек" дерсің.

Иса Әукең үйінің иті Бассалдан қорқады. Қабаған. Әуелі Әукең үйіне іргелес қонған Рымқұлдың шешесі Торғайдың үйіне жетті де, Бассалдың жоқ екеніне көзі жетіп барып Әукеңнің табалдырығын аттаған. Әукең домбырасын шертіп отыр екен, әуелі балаға мойын бұра қоймады. Иса жөткірінді.

– Иә, неге келдің?

– Бір патрон оқ сұрайды.

– Өзінде бар ғой.

– Су тиіп атылмай жатыр.

– Е, – деп таңданды Әукең.

– Үйрек атуға, – деп қосты Иса.

– Қайдағы үйрек, ей, ә?

– Иірім суда отыр.

– Е, ендеше... – Әукең галифе шалбарын тастап, тізесіне жамау салғанын киді де, қос ауызын қолға алды. – Ол үйректі біз неге атпаймыз, ә? Сенің әкең ғана атуы керек пе, ә? Ал, жүр.

Мысқылдап күлген Әукеңді ертіп Иса үйге келген. Үйде Мақаң мен Ыбекең жоқ екен. Айнала қараған Исаға әкесі ернін тістеп, көзін қысты. "Түсіндім" - ді білдіріп, Иса бас шұлғыды.

— Дарқоңыр сақ үйрек қой. Маған бір оқ бере салсаң да болатын еді, — деп әкесі Әукеңді кемсіткендей сөйлеп, оның намысын қоздыра түсті.

— Сенен басқа да ата біледі.

— Ал, сақ бол.

«Ал, сақ болды» айтып, қалың қоғаны жапыра еңбектеген Әукеңді ілгері оздырып жіберіп, әкесі тұншыға күлді. Әукең ұзақ көздеді. Гүрс еткен дыбыспен бірге қамыс үстін оқ жауып кетсе де үйрек ұшар емес.

— Мынау қайтеді-ей? — деген Әукеңнің үнімен қоса қосауыздың гүрсілі қоса шығып, қамыс жапырылып түсті.

— Әй, олжаңа ортақтас болайық, — деп бір жерден күлкісін тыя алмай Ыбекең түрегелді. Жанындағы Мақаң ішін басып отыр, әкесі шиқылдап, булығып шалғынның үстінде аунаған.

— Тұу, иттер-ай, — Әукең көзін сүртіп, ойыншық үйрекке тесіле қарады. — Бәсе, бұл Түсіп неғып маған үйрегін қия қойды деп едім. Әй, сен күшік, — деп Исаның басынан мәути алып жіберді.

— Қой, әй! Олжаңды бөлісесің, — деп Ыбекең Әукеңді иықтап, бәрі Әукең үйіне беттеген.

— Тиышжанның ең болмаса бір қуырдағы бар шығар.

— Мәкең шешеміздің қаймағы болса да жарайды.

— Мерген ғой, ең болмаса мылтығын алып жүрейік—, деп, Ыбекең шолақ қолын шолтаң еткізіп қос ауызды қолтығына қыстыра қойды.

Әукеңде үн жоқ еді. Соңдарынан жалқау басып еріп келе жатыр. Анда-санда ұяла басын қасиды.

— Тұу, сендерге сеніп жүрген... — деді бір кезде.

Әукеңнің жұбайы Тиышжан шешей құрдастардың басы қосыла қалуы тегін емес екенін сезгендей жер-ошақтағы отты көсеп-көсеп жіберіп, тезек салды да бір қырындап тұрып көз салды.

— Асарыңды аса бер, байың мерген екен, олжамыз мол, — деп бәрімен қатты қалжандасатын Ыбекең

Исаның қолынан парша-паршасы шығып, картон басы әлдебір жіпке ілініп тұрған үйректі алдына тастай салды.

— Мынаусы несі? — деп Тиышжан мырс етті де, күйеуінің жүзін аңлап, күлкісін тыйды.

— Үйрек атып... — Мақаң сөздің аяғын жұтты.

— Жарар. Осы күлгендердің жетер. Мыналарға асып бер өздерінің үйрегін, — деп Әукең енді әзілге өзі кірісті.

Жарым сағатта үстелге балқаймақ келді. «Бәрекелділесіп» ортаға алып, әңгіменің тиегін ағытып, Исаның да қылығын айтып отырған.

— Ал, үйректеріңді жеңдер, — деп Тиышжан шешей бақырдың бетін қаңылтырмен жауып, оның үстіне ойыншық үйректі қисайта салып үстелге қойды.

— Мынаның қатыны қайтеді-ей? — деді күліп Ыбекең.

— Сендерге сол керек. — Әукеңнің құрыс-тырысы біржола жазылып, кеудесін кеңге салып, жұбайына ырзалықпен қарады. — Ал, жеңдер енді.

Мына паршаланып, басы жұлынған үйрек жатқан қаңылтырдың астында не бар? Құрдастардың қол созғысы жоқ. "Мынаның әйелі күлкіге қалдырды-ау", — деп бір-біріне қарайды. Исаның танауына қуырдақтың иісі жетті. Әкесіне қарап еді, ол да томсырылып отыр.

— Үйрек өзімдікі, — деп Иса оны алып қойды да, қаңылтырды сырып тастап, қасықпен қуырдақты көсіп алып, аузына салды.

— Қап, — деді әлденеге Мақаң.

— Мына екеуі, — деді Түсіп Әукең мен Тиышжанды иегімен нұсқап, — жұмыртқадан жүн қырыққандай жасап бізді қатырып кеткенін қарашы.

— Бір үйректен осындай-ақ қуырдақ шығады, — деп Тиышжан шешей күліп алды.

Ойын-қалжың талайға созылды. Ұйқысы келіп, екі жаққа кезек қисайған Исаны әкесі зорлағандай етіп жетектеп әжесінің қолына берді.

Сәске көтерілгенде оянған. Ауыл абыр-сабыр екен. Әжесінің қолынан бір тостаған айран ішіп, май-нанын аузына бұралақтап тыға салып, қақала-шашала тысқа атып шықты. Жанай өтіп бара жатқан Әшекең молланың баласы Низыкен:

— Уәкіл келді. Ол өзі Қирциктің мүшесі екен, — деп жөн айтты.

Мынадай жаңалықты естіген Иса қайта жүгіріп үйге енді. Әжесі естімеген шығар, естісе айтатын еді ғой. Табалдырықтан сүріне-қабына аттаған Иса:

— Әже, әже! Уәкіл кепті. Өзі ""қырсықтың мүшесі дейді, — деп ендікті. — "Қырсық" деген не, әже?

— Ойбай, жап аузыңды. Қайдағы қырсықты айтып тұрсың?

— Әже деймін, ол қырсық емес, қарсақ шығар. Сонда ол қарсақтан туған ба?

— Құдай-ай, осының да естімейтін сөзі жоқ. — Әжесінің не айтарын білмей қиналғаны жүзіне күреңітіп шыққан. — "Қырсығын" да, "қарсағын" да айтпа. Ол жаман сөз. Оны естісе "кепеу" ұстап әкетеді.

Әжесімен тәжікелесіп отырғанда Әбішкең атасы келді. Атасын Иса аса жақсы көреді. Мойнына асыла кеткен.

— Құлыным, құлыным, — деп атасы Исаның желкесінен құшырлана иіскеді.

Атасы колхоздың жиналысына келіпті. Бүгін ерте тұрып қаладағы жұмысына кеткен Түсіпті іздеді. «Қатынауы сирек оның, енді соғыс бітті ғой, ел жаққа неге оралмайды?» деген ойын да қыстырды.

Жиналысқа жиналған жұрт ауыл сыртындағы жонның етегіне алқа-қотан малдас құрыпты. Атасының шекпенінің етегіне оратылған Иса да әкелеріне ере келген балалар уәкілдің ызғарынан қорыққандай бұғабұға қалыпты. Қалың жұрттың ортасында Төкең басқарма. Оның жанында қазықтай боп шіреніп біреу отыр. Қабағы қатыңқы. Орта бойлы, қушық кеуделі кісінің өңі сұрғылт. "Осыған осы сұс қалай сыйып отыр?" дегенді ауылдың біреуі сыбырлап айтып қалды.

— Ой-бой, бұл атақты Күрістекең ғой, — деді Ахметжан.

— Иә, иә. Қырсиктің мүшесі болған, — деп анықтады Болжақ.

— Жоқ, ә. Сик емес, Цик, — деп түзетті оны бала жігіт Назыкен.

— Солай болса, солай шығар. Әйтеуір мына Жарықта: «Менің лұқсатымсыз неге жүреді, мен Қыр...

иә, иә, әлгі соның мүшесімін», — деп пойызға оқ атыпты ғой.

Жиналыс ұзаққа созылды. Біреудің біреу мінін айтты. Шабылған шөп те, бағылған мал да, қыс қамы да сөз болды. Жазғытұрым ақсақ тоқтыны қасқыр жарып кеткені де, шөп машинаның шалғысының түйенің табанын тілгені де айтылды. Соңғы сөз уәкілге тиген. Ентіге-аптыға сөйлейді екен.

— Жауапсыздық жайлаған, — деді ол. — Қасқырды тоқты жеді ме, жеді. Факт. Машинаның табанын түйе тілді ме, тілді. Факт.

Жұрт аузын жеңге тығып, булыға күлгенімен, көздері уәкілде. Кім біледі, заман қиын, қаһарына ұшырап кетулері мүмкін. Көздеріне кепеу елестеді ме, бәрі қайта монтанси қалған.

— Сол себептен шөпші Есімғалиға ескерту, қойшы Әбішкенге сөгіс беремін, — деп түйді уәкіл. — Факт. Бұл ең мықты дәлел.

— Сол сөгісті өзің ала ғой, бердім, — деді Исаның атасы.

Уәкілге атасының сөзі толық жетпей қалды ма: «А, а», — деп парторг Мақаң мен Төрағаға жалтақтады.

— Жай, әншейін. Ырза боп тұрғаны ғой, — деп түзетті Құрманғали.

Уәкілдің соңғы мәселесі бар екен. Бір сөздің үстіне екіншісін қонжытып төкпелегенінен елдің де, Исаның да ұққаны — Төкең бастық басқа жаққа ауысады екен. Оны әлгі ауком— ауатком да қолдапты. Сөйтіп, енді осы колхоздың құлағын ұстаушы болып Әукең сайланды. «Е, дұрыс», — деді ел. Жиналыс та аяқталды. Осы колхозға қайдан келгені белгісіз, ақсақ Теренти өгіз арбасына қарай сылтып басып бара жатқан. Мақаң парторгтің есіне уәкілдің бір тапсырысы түсті ме

— Теренти, Теренти, — деп қол бұлғады.

Арбаға жегілетін екі асау кәстіраттың біреуіне мойынтұрығын кигізіп, екіншісінің самиянын қолына алғаны сол еді, Мақаңның шақырғанын жақтырмағанын жүрісінен танытқан, Теренти қыңырайып— ақ келе жатқан. Таяп қалған Терентиге Мақаң

— Теренти, Теренти, иди, иди, — деді.

Ақсақ Теренти бағжаң етіп таңырқай қарады да,

шойнаңдай басып зыта жөнелген бетте көз ілеспес жылдамдықпен кәстіратын да жегіп үлгеріп, арбаға аяқ артқаны сол еді, екі өзгіше салдыр-күлдір ала қашты. Мақаң парторг аң-таң. Бір кезде:

— Қап, мынаның «сюдасы» қалып қойыпты ғой, — деп маңдайын сипады. — Әй, сен де осы жерде тұр ма едің?

Мақаңның орысшасынан әлденені бұлдіргенін ұққан Иса «иди» мен «сюда» деген екі сөздің мәнін ұқпаса да жаттап алды. «Идиі» — кел болар, ал «сюдасы» — кет деген болса, онда Теренти неге таңырқады? Мақаң неге «қап» деді. Шіркін-ай, әжесі мұның не екенін білсе ғой.

Бұл жаңалығын балаларға жеткізіп, дауласа жүріп Көксуға тоқтаған. Көксу — Балқаш жайлауының аяғы. Су астындағы көгілдір қайрақ тастар мөп-мөлдір суға көгілдір рең беріп өзінше құбылтады. Тереңдеу жағында балық көп. Әсіресе күн батар алдында балықтар шоршып тулап, құйрығымен суды шарт-шарт сабалағанын көріп, Иса сан таңғалған. Аулайтын ау жоқ, бірен-саран қармаққа балықтың ілігетіні де шамалы. Үлкендер жағы да балық аулауға құлық танытпайды. Өткен жылы бір иірімнің суы тартылып, ана Құрмекең үйі бір қанар балық алғанын көргені бар.

Уласып-шуласа жүріп күннің еңкейгенін де байқамай қалыпты. Енді ғана бірер үзім нан мен айран, көже есіне түскен балалардың алды ауылға беттеген. Сондарында қалған — Иса мен Адамқұл. Адамқұлға ерген інісі Кеңес төрт-бестегі бала. Темірастаудың мұздай суына сүңгіп өтпей кете алмады. Кішкентай Кеңес бұтындағысын шешіп:

— Дамбалымды жуып алайын, — деп балшыққа баттасқан ауын суға салып артта қала берген-тін. Өзеннің жарқабағына шығып артына қараған Иса су бетіне батып-шығып бара жатқан Кеңесті көзі шалды.

— Кеңес! — деген дауысы қатты шыққан. Шешінуге мұрша жоқ. Батып бара жатқан баланы екпінімен қағып әкетіп, арғы жағаға бір-ақ шықты. Мойнына жабысып алған Кеңес өзеннің саяз жерінен жалдап өтіп келе жатса да:

– Суға кетіп қалмайықшы, – деп дір-дір етеді.

Иса мен Кеңес су киімдерін бір сығып тастап, үстеріне жапсырған. Қара жолдың борпылдақ топырағын жалаң аяқпен күрей басып ауылға беттеді. Алдарындағы Кеңес бұрылып екеуіне жалтақ-жалтақ қарайды. Үшеуі де үнсіз. Кеңестің жалтақтауын ұққандай Адамқұл үнсіздікті бұзды.

– Кеңестің суға кете жаздағанын үйге айтпайық.

– Иә, – деп қостады Иса.

Бұл үй биыл жылаулы. Ауыл да биыл көшінен жаңылғандай, қыстауынан ұзамай, тұманың аяғына қонған-тын. Қыстаудағы үйдің іргесіне киіз үй тігіп қона салған – Иса мен Адамқұлдың үйі. Тұрсын аға аурулау. Желіні есіктен көрінердей жерге қақтырып, жалы жер сүзген бүкістеу құла биесін, сонда байлатқан. Басын көтеріп соған қарайды да жатады.

Ауылға Садық тәуіп келген-тін. Түсіптің өтінуімен Садық тәуіп Тұрсекеңнің тамырын ұстады да, былай шыға «бүгін-ертең» дегенін Исаның құлағы шалып қалды. Сол күні тәуіп Иса мен Рашидті де сұндеттеген. Екеуі ғана үйде жатыр еді, кенет ілулі тұрған жез леген салдыр-салдыр ете қалды да, іле Тұрсекең үйінен азалы дауыс шықты. Көкдауыл ұлыды. Қоймай ұлыған иттің дауысынан Исаның жүрегі түршікті. Жоқтауға жоқтау қосылып жатыр.

Сол жоқтау Тұрсекең үйінде үзілмей жаздай жалғасып келеді.

Ауылдың бергі шетінде таяғын көлдеңең беліне ұстаған Адамқұлдың үлкен әкесі Әбеу қарт кездесті. Қаншама баласынан қалған Тұрсыннан айырылу оңай ма, сексеннен асса да қарулы еді, Қызылбиіктің биігін ерте шолатын қардай басы-көзін ақ бүркепті. Ақ қашып, қызыл қуғаннан сәл ертеректе осы елді жаман ауру жайлап, Әбекеңнің отбасы да, өзі де тегіс жатқан. Есеңгіреген Әбекең бірде басын көтерсе, жабықтан біреу қарап тұр екен. Түсі тым сұсты. «Осы үйдегі сенен басқа тоғыз адамның жанын аламын», – депті сұсты жан. «Мен елмен қоштасайын», – депті Әбекең. Ертеңіне ертемен есін жиған Әбекең сегіз баласының да, әйелінің де қаза болғанын көргенін жырдай қылып айтып отырғанын Иса сан естіген.

Әбекең ескі жырларды да жатқа соғатын. Бұл ауыл қыста шекеге шақырмайды, үлкендер әр жұма сайын әр үйді кезекке қойып, өздері түстенуге барады. Мақаң үйіндегі бір түстеністе Көпжекең:

— Әбеке, сіз Шортанбай жырауға көшір болып ілесіп біраз жүрдіңіз. Қандай адам еді? — деп сұраған

— Е, ондай адам қайда енді. Түрі атжақтыдан дөңгелек бетке келетін, мына Әшім сияқты қасқа бас адам еді. Кескіні мына сенің Әлінің кескініндей, бірақ қыр мұрындау болатын. Дауысы зор, қазша қаңқылдап естілетін еді.

— Е, солай деңіз.

— Әулие ғой ол кісі. Айтқаныңның бәрі келді емес пе, — деп бір тыныстап алған Әбекең әңгімесін әрі созған. — Шашы мен сақалы қынамен бояғандай қызыл жирен болатын. Сонан жеңгелері мен құрдастары Қызылбас деп әзілдеуші еді.

Балалардың үсті-басына көз жүгірткен Әбекең:

— Көйлек-дамбалды кептіріп кию керек, сонан ауру жабысады, — деп ескертіп, таяғын беліне көлдеңең ұстаған қалпы, даланы аңсаған нардай жүзін алысқа салып ұзай берді.

Ауыл шетіндегі бергі үй Түрсекеңдікі. Күнде осы уақытта Злила шешей мен қызы Жаңагүл жоқтау айтады. Осы ел көрген қиямет те, Түрсекең көтерген ауыр жүк те елдің құлағына тиіп, талай көкірек күрсінеді. Бие сауым уақыт бойы айтылатын жоқтау Исаның да көңіліне әбден жатталған, бала жүрек сан сыздаған. Жоқтауды тыңдап егіліп отырған әжесіне қосылып, ғайыпқа кеткен Түрсекең ағаны қыймай Иса да сан рет мұрынын қорс-қорс тартқан.

Жоқтауды жаңа бастаған шешесінің жанында Адам-құл қала берді. Жанагүл жылдамдата тұрып Кеңестің көйлегін шешіп алды. Ұзап бара жатқан Исаның көк желкесінен

"...Қайран да менің әкем-ау!" — деген Жанагүлдің үні жеткен.

Есіктің алдындағы көлшіктен қос сары ала қаз ұшты. Біреуінің сирағында сақина бар сияқты. Әкесі Исаға былтыр қаздың бір балапанын ұстап беріп, жаздай асыратып, күзде сақина салып ұшырып жіберген-тін.

– Менің сары ала қазым.

Иса қаңқылдап ұшқан екі қаздың соңынан қолын көкке созып, құстай ұшып ұзақ жүгірді. Қос сары ала қаз бір айналды да, «қаңқ-қаңқ» деген әдемі әуенін соза түсіп, біржолата алысқа бет түзеді. Даланың әнін салған қос қазға қолын созған Исаның жүзінде бір қимастық бар еді.

Бала көңілі белгісіз қиялды аңсаған,
Ұлы Даланың аспаны мөлдір кіршіксіз еді.
Исаның көңілі де кірбіңсіз еді-ау!

1.04.2009 ж.

ҮМІТ КӨШІГІ

(*Фантастикалық повесть*)

Ғарыш кемесі зырқырап ұшып келе жатыр. Жарық жылдамдығына жақын тездікпен заулап келе жатқанын соңына тастаған болар-болмас ізінен білмесең, байқау қиын. Оның өзі әлем кеңістігіне әп-сәтте тарап, ізім-қайым жоғалған. Кеме ішіндегілерге кеңістіктің бір жеріне іліп қойғандай көрінеді. Айнала көзге түрткісіз түнек. Бетін тұман басқан алып тәрізді, кеме үп еткен желі жоқ сол мұхиттағы қыбырсыз жалғыз желкен.

Кеменің осы түнекте жылжуының тағы бір белгісі – көз ұшында көрінген әлдебір жарық жұлдыз әйтеуір бір сәтте маңайдан қабырғаға шығып, онан бір бүйірлеп қала беретіндігі. Онан басқа анда-санда жарқ еткен метеорлар жылт еткен кесінді сызық боп көзден таса. Жылт еткен сол сызық көңілге бірде үміт, бірде күдік ізін салып үлгереді. "Япыр-ау, осы біз дұрыс келе жатырмыз ба?" дегізеді.

Ғасырлар бойы маңдай терін төгіп, көзінің нұрын зерттеуге жегізген ақбас ғалымдардың ізденуіне қарағанда, әлемнің осы бұрышында адам тәрізді тіршілік иесі өмір сүруге қолайлы жағдай болуға тиіс. Дәл оның қай тұс екенін тап басып кім айтып бере алады. Бәрі де – бұлыңғыр болжам, сан айтыс тудырған гипотеза. Адам қиялы жеткен жерге өзі де аяқ басуға тиіс. Та-

былмаса несі айып? Аға інісін іздемей ме? Адамзат көкжиегі жоқ әлемнің бауырласын шарқ ұрып шарлап іздеу салар кез баяғыда туған. Сарқылмас энергияның көзін тапқан адамзат ұрпағы үшін ғарышқа бір кемесін жіберіп алу деген қиындықтан қалғалы қай уақыт! Әттең, жол алыс. Ондаған жыл жүріп қайтады. Я, бұндай сапарға да жер бетіндегі өмірдің қызығын қия білетіндер, мүмкін қайтпас жолға бас тігіп, қатерді қасқайып қарсы ала алатындар ғана таңдалып алынады. Әлем кеңістігінде, ғарыш кемесі— сол ұшантеңіз дүниеде микроскоппен де көзге ілінбес жалғыз нүкте. Не күтіп тұр алда ?

Тағдыр шіркінге өкпелеуге болмайды. Міне, осындай тағдырды қуып жүріп таңдап алған да өздері. Ендеше несі өкініш, несіне мұңаяды? "Кемедегінің жаны бір" дегенді адамзаттың арғы аталары айтып кеткен екен. Қай кемеге мінгендерін білетін жолдастарына да Ғалидың сенімі зор. Қалай дегенмен де адам баласының жаратылысы бір келкі емес. Бірі — ақкөңіл, бірі — ержүрек, бірі — пәк, бірі бақайесептілеу. Әйтеуір бір жақсысы, пасығы жоқ. Бір замандарда ол да болған деседі ғой, бүгінгі күнге қаны жетсе де өнері озған мына заманда оның белгісі де өшкен. Өмір шіркіннің қызығы да әркімнің әртүрлілігінде жатқан жоқ па? Сен ойлағанды біреу ойлап, сен айтар сөзді тап сондай етіп біреу айтып жатса несі қызық жалғанның?

Ғали жылдамдықты көрсететін приборға қарады. Кеме сұр жебедей заулап келеді екен. «Сұр жебедей» деген теңеудің көңілге оралғанына іштей таңданды. Сонау алсыта қалған шақта аталары жылдамдықты зымыраған жебеге теңеген екен. Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе деген де сол аталары екен. Шіркін сол кісілердің теңеуінің әдемісі-ай!

Осындай бір сапардан оралғанда, Ғалидың сүйіп істер бір қылығы ат жалына жармасу еді. Мұның өзі атбегі болған әкесінен жұқты ма екен, кім білсін, әуесқойлығын білетін замандастары сағынып келеді дей ме, ертеңіне- ақ есік алдына сүйкімді ақбозды көлденең тартатын. Ғали былай шыға-ақ ат басын жібереді. Кең дала шыр айналып кеп ат тұяғының астына түсіп, зырқырап кейін қалып жатқанға не жетсін! Ат

жалы ыс-ыс суылдап бетінді желпіп, бір рақат күйге түсірген. Алақұйын машина, зымыраған ракетадан сескенбес жүрегі шым-шым етіп, тақымын қыса түсіп, ат жалына жабыса берер. Жабысқан сайын ащы тер иісі қолқасын қауып, кеңсірігі ашылып, рақаттанатын. Тірлігін, қасиетті қара жерді аяғымен басқанын естіп сезінетін сияқты. Сонан соң әлдебір бұлақтың басына жетіп, құрағына аунап, түйетабанын қазып, сонау бір бұлдыр өткен шақты, әкесімен бірге алғаш рет тау кезіп, шаршап келіп тап осылай дем алғанын елжірей еске алатын.

Өмірдің әр кезеңінің өз қызығы бар да. Бірақ бәрінен де сол балалығы, шексіз қиялға берілген сәттері қымбат та.

Ғали бір сәт ойын бөліп, кеменің жұрт жиналып пікір алысатын, әлдене ойын, спортпен шұғылданатын көпшілікке арналған бөлмелерін қосатын тетікті басты. Ұшу жүйесіне аса сезімтал роботтарды қосқан жұрттың біраз бөлігінің қолы бос екен. Ғасырдан-ғасырға мирас шахмат та, тоғызқұмалақ та осында. Аспалы турникке еденнен секіріп қылтасымен ілініп, қайта ытқып жалғыз қолымен шыр айналып жатқан кім деп үңіліп еді, Салтанат екен. Әне бір бұрышта Хакімнің айналасына жиналған екі-үшеу әлдебір траекторияны сызып, қызу әңгімеге кіріскен. Теріс қарап Нона тұр. Қолында ... Е, қолындағысы — сонау көне заманның мұрасы — парақты кітап. Адам баласында осындай да ынтықтық болады екен-ау. Нона осы кітап атаулыны қолынан тастамайды, әсіресе ақындар жырын өне бойы күбірлеп оқып отырғаны.

— Мұның не ? Ақын сөзінен ләззат алудың талай жақсы жолдары бар емес пе ? — десе.

— Қайдам. Әркімге әртүрлі шығар. Ал мен көзімнен әр сөзін көріп, іштей тебіреніп оқығаннан артығы жоқ дер едім, — деп жауап беретін.

Нона... Нона!.. Не дейін саған? Сен бір тамаша қызсың ғой. Ғалидың саусағы өзі ғана сүйіп тыңдайтын бір музыканы тауып басқан. Көне үн қос ішектен шығады. "Күй, — депті бір кез өмір сүріп кеткен арғы бабалар, — Тебіренген әуен шымшымдап бойға сіңіп, жүрегіне сағыныш боп ұялап, әлде өкініш әлде

үмітке сүйресе де, айналып келіп өмірдің қызығының молдығына, соны қастерлей білуге, өміршендікке жетелейді".

Ғалидың ойына сонау өлшеусіз алыста қалған жұмыр жер, сонау бір жылы қойнауы, туған ауылы, өмірлік деп бас қосқан жары түскен. Жарына деген сезімі арада қаншама жылдар өтсе де көне тартпапты. Айлы түн, қол ұстасып, серттесіп былдыр-былдыр балаша қуанып аққан өзен суына тас атып отырған кейіпте ғана есіне оралады. Ол одан басқа әдемі суретті көргісі жоқ. Махаббат тек пәктік деп білген.

Иә, өмір ол ойлағаннан күрделірек екен. Жары менен арасында дәнекер, екеуінің өшпес ізі бала жоқ екен. Оған да жары кінәлі. Керексінбеді. Араға біраз жыл салып бұл кетіпті қаракөк аспанды шарлап. Ондаған жыл салып оралады да, тап бірдеңесін жоғалтқандай тағы кетеді көкті сүзіп. Ол болса, жерде жалғыз.

Әлде жалғыздық жеңіп, ой бөлер біреуді іздеді ме, соңғы кезде жарының жанынан әлдебір сұлу мұртты жігіт ағасын жиі көретін боп жүр. Кеме аптасына жерменен екі рет тікелей видео байланысқа шығатын. Экипаж мүшелері жеке-жеке өзінің көргісі, сөйлескісі келетіндермен болса да, не жаппай шолуға қатынасса да өз еркі. Әркімге керекті жағдай жасалған.

Міне, сол байланыста әуелде сұлу мұртты көптің бірі боп қатысқан сияқты еді, бара-бара жарының жанынан жиі көзге шалына берген. "Әттең, дүние, бұл не азап? Сенің сезімің мәңгілік пәк болып бағытталған адам бір өзіңдік болмаған соң... Әй-и!" – Ғали бармағын тістеп отырып қалған.

Иә, иә. Өткенде бір жолы Нонаның келіп теріс қарап кітап ақтарып отырғанын көрмей қалыпты. Кенет әлдебіреудің ойы өз ойының орбитасына ілігіп: "Дүниеде сенен артық маған жар жоқ..." – деді.

Не керемет? Сонау алыстағы жарының ойы бұған жетуге тиіс емес. Сасқалақтап бұрыла беріп, кітапқа үңілген Нонаны көрді.

"Иә, иә! – деді жаңағы ой. – Мынау көңіл – тіл ғой. Жер беті адамдары өзінің табиғи қасиетін дамыта отырып, тілсіз биотокпен сөйлесуге баяғыда көшкен.

– Нона.

- Иә, мен, — дейді көңіл — тіл.
- Қайтесің мені? Сен жассың.
- ... Саған жар маған артық табылса да ...
- Нона, менің елде жарым бар ғой. Түсінсейші.
- Мені бала санамаңызшы, бәрін де білемін.
- Нені?
- Көріп жүрмін ғой. Сіздің де көңіліңіз қапа?

Ол да көрген екен ғой. Әйел затының іші сұңғыла деген. Енді, міне, көңіліне тағы бір қаяу түсірмейтін деп сипай айтып отырғаны. "Біреу білгенді екінші сезбейді" деген қате ұғымды осы жасында Ғали түсінбей-ақ келіпті. Іштегі құса мұң боп бетке шығады, дерттен жүзің сарғаяды. Жақсылыққа қуану, теріс ісіне өкініш болмаса, тебірене білмесе оның несі адам, роботтан артықшылығы не?

— Мен асарымды асап, жасарымды жасаған жанмын. Қуанышты көп көріп, өкінішті де бастан өткізгенмін. Мені енді сынға салғаннан ұтар не?

- Сынға салғаным емес.
- Енді не?

Қыз бір минут үнсіз қалған. Екеуі де сол бір-біріне теріс қарап отырған қалпы әлденені күткендей. Айнала тып-тыныш. Тек анда-санда есептегіш кеме аспаптарының баяу тырсылы естіледі.

— Жазғырмаңыз. Мен сізді ұнатамын ғой.

Ғали сәл бұрылып көз қиығын тастаған еді, қолындағы кітабына үңіле түскен Нонаның құлағына дейін қызара түсіпті.

— Барыңыз, — деп дауыстап қалды.

— Сіз бұйырған соң... — Орнынан зорға тұрғандай баяу қимылдаған қыз есікке беттей берген. Ғали аяп кетті.

— Нона, тоқташы. — Не айтарын білмегендей Ғали қолын жайды. — Нона, сен тамаша адамсың. Әттең, — деп қолын сермеп теріс қарап кетті.

Жермен кезекті байланыс жасар уақыт жақындап қалған еді. Ғалидың көппен бірге отырып жер бетін тамашалап, таныстарымен тіл қатысуға зауқы соқпады. Әрине, көппен болу мұның борышы. Бірақ өз көңілінің жайын жұртқа жария етіп те керегі не? Командир каютасында жалғыз қалған.

Жер... жер, — деген дауысты да естіп отыр. Көңілді жұрт мұның бар-жоғын байқай да қоймас, ал мұны жерден ешкім іздемес те деген іштей. Жер бетіне берер ақпар-есебін осыдан жарым сағат бұрын беріп үлгерген. Орталық ұшу сапарына әбден риза.

Кабинадағы видео аппаратын қоспаса да дыбыс жүйесі істеп тұр. Есендік сұрасып, қуаныш білдіріскен үндерді естіп отыр. Кенет:

— Командир... — деген дауыс шықты. Таныс үн. Жүрегі шымшып өткен.

— Ғали... Ғали қайда? — деген жаңағы үнде қорқыныш бар еді.

Мұның әрі бұғынбақ ойнап отыруға шамасы жетпеді. Каютаның қарсы бет қабырғасы жарқ етіп, көк жасыл бетінің реңіне боялған. Ғали жер иісін сезгендей. Әне, жағалауда шып-шып ұрған толқынның дыбысы құлаққа келеді. Жем іздеген сары шымшықтың да даусы ап-анық.

Ғали жөткірінді.

— Ғали! — Қолын шынтағынан бүге созған сымбатты әйелдің дауысы әуелде ащылау шыққан. — Есенсің бе?

Алғашқысы өмірдің біраз қызығын бірге өткізген жақын адамның тосыннан ғайып болуына сескенген үн еді, ендігісі: «Бар екенсің ғой, бүйтіп қорқытпасаң да болатын еді» дегенге сайды. Тіпті Ғалидың құлағына жайбарақаттау шыққандай естілді.

Жанындағы жігіттің көзілдірік астынан бұған тесіле қарағанын да сезді. Мән бермегенсіген.

— Өзіңде амансың ба?

— Көрінбей қалғанға...

— Объектіге жақындап келеміз, жұмыс көп. Түу, жер бетінің тамашасы-ай! Жұпар исі аңқып-ақ тұр екен жарықтықтың.

— Иә, иә.

— Ал, жақсы сау бол. Асығыс істер көп еді.

— Сау бол. — Әйел үнінен Ғали ерекше ынтызарлықты сезбеді.

Жермен байланыстың соңын ала кеменің мәжіліс залына жиналған жұрттың артқы жағына келіп Ғали да елеусіз жайғасты. Соңғы тілектер де айтылып бітті. Орнынан гуілдесіп тік көтерілген экипаж мүшелері

Ғалиды енді ғана байқасып, бас иісіп, жылы қабақ білдіріп кетіп жатыр. Залда ұзын мұрнын қайта-қайта тартқылап Хакім, екі бүктеліп, иегін тізесіне сүйеп Салтанат қана қалыпты. Хакімнің ойланғанда мұрынын созғылай беретін әдетін бұрыннан білетін, ал Салтанат жерден алған әсерінен арыла алмаған екен. Әлде байғұс бала туған жерді сағынып отыр ма?

Ғали видеожазбаны қосты. Қабырғаға ертеректе әлем түкпірінің бірінен кезіккен әлі де дами қоймаған цивилизация өкілдерінің мәдениетін бейнелейтін фильм түсті. Сымбатты да, сұлу қыздар қаздай қалықтап, аққудай сыланып өмірге деген сүйсінісін білдіріп билеп жүр. Өмір шіркін неткен тәтті! Әр пенде өзіне ғана шақ аз уақытында ынтызар қуанышын білдіріп, қол жетпес жастық пен мәңгілікке ұмтылып-ақ қалады. Өмір қандай тәтті болса, уақыт та сонша қатыгез.

— Бұл қашан түсірілген? — деп сұрады Салтанат.

— Үш жүз жылдан асып кетті.

Салтанат тізесіне иегін қойып онан сайын бүгіле түсті. Көзімен алыстағы осы бейбақ жандарды ішіп-жеп барады. Әлдене сұрағысы келгені анық, бірақ ойын сездірер емес.

— Бұлар қазір тірі ме? — "Осыны сұрағың келді ме?" дегендей Хакім Салтанаттың жүзіне үңілді.

— Бұлар ма? — Ғали қайталап сұрап, не деп жауап берерін білмегендей ойлана қалған. Өлі деуге де қандай ауыр. — Жоқ тірі емес. Олардың мәдениеті өмірді ұзартуға әлі жеткен жоқ еді. Бар-жоғы жетпіс-сексен-ақ жыл жасаған.

— Дүниеден дым көрмей өткен екен-ау, — деп күрсінді Хакім.

— Аянышты-ақ. — Салтанат жүзін мұң торлапты. — Неге көмек етпедіңдер?

— Біздің ондай қақымыз жоқ. Әр цивилизация өз жолымен дамуға тиіс. Бүкіл әлемдік әділдік осыны бұйырады.

— Қазір де де солай емес пе? — деген Хакім.

— Әрине. Қандай дүние, қандай тіршілік иесіне кездесек те ала жібін аттамауға берген уәдені ұмытқан жоқ шығарсыңдар.

— Жоқ, — деген Салтанаттың тізесі жазыла түссе де, көзінен аяушылық кете қоймаған еді.

Кенет ұшу кемесінің жылдамдығын баяулатқандай сезілді. Ғали көрсеткішке қарап еді, жылдамдық үсті-үстіне баяулап барады екен. Кеменің электронды миы «алдымызда объект» бар деген хабар берген. Жұмыстың көбін роботтарға тапсырған экипаж тегіс орын-орнынан табылыпты.

— Не істейміз, командир?

— Бақылауды күшейте түсіңдер. Аса үлкен астероид болып жүрмесін.

Кеменің ендігі жүрісі өгіз аяңға көшті десе болғандай еді. Әлі алдан анық ештеңе көрінбейді. Үлкейткіш те сезімтал аспаптарға қанша үңілсе де, көмескілеу жарықтан басқа көзге ештеңе шалынбады. Кеменің іске қосылған бар аспабы алда қатты дене барын хабарлап безек қаққан. Бірақ қатер барын ешбірі көрсетпеді.

— Объектіге таяй түсіңдер. Қажет болса, кілт тоқтату жүйесін іске қосып қойыңдар.

— Күп болады.

— Алға қарай қуатты прожектормен жарық түсіріңдер.

Қуатты жарық сәулесі де алдыңғы жақтан ештеңені қармай алмады. Тек кеме ілгері озған сайын манағы көмескі жарықтың көлемі ұлғая түскен. Оның жиек-жиегі де шеңберленіп, белгілі кескінге ие бола бастады. Дене астероидқа да, басқаға да ұқсамайды.

— Объектіні осы қашықтықтан барынша зерттеуге кірісіңдер. Кеме тоқтатылып, кері ұшуға жағдай жасалып қойылсын. — Іске қосылған зерттеу аспаптары жарты сағат ішінде объектінің қауіпсіздігін, әлем кеңістігінің тартылыс заңына бағынатынын, өз тарапынан кенет туғызар қатерінің әзірше байқалмағанын хабарлаған. Кеме объектіге мың шақырым қашықтыққа дейін жақындап келіп, батысынан шығысына қарай айнала ұшып өтті. Объект — жұмыр дене. Ол өз кіндігінен баяу айналатын сияқты. Сонан соң аралықты жарым ортаға дейін қысқартып, терістігінен түстігіне қарай алғашқыға қайшы орбитамен баяу ұшқан. Бір тамашасы, полюс болу керек-ау деген екі қарама-қарсы нүктеде де жер

полюстеріндегідей мәңгі мұз алаңы түгілі, нышаны да бiлiнбейдi.

Кеме белгiсiз объектiнi зерттеудiң үшiншi айналымына тiптi жақын – жетпiс-сексен шақырымдық қашықтықпен шыққан. Объект бетi анық көрiндi. Кей тұстарда ұшуын аса баяулатып, тоқтап, экипаж мүшелерiнiң бақылау жұмыстарына мүмкiндiк жасалды.

Қысқа ғана мәжiлiстен кейiн кемеңi ең жақын орбитаға он-он бес шақырымдық қашықтықта ұстап, объектiнi тағы бiр айналып өтiп, таңдап алынған тұсқа тоқтатуға шешiлген. Ғалидың мына жатқан объект күнi бүгiнге дейiн адамзат баласына белгiсiз планета екенiне еш күмәнi қалмады. Сонда мұның өздерi соншама iздеген «Үмiт көшiгi» болғаны ма? Олай болса, тiршiлiк иелерiмен де кездесуге тағдыр жазған екен.

Көшiк бетi ендi тiптi анық байқалады. Баяу ұшқан кемеден құрлығы да, мұхиты да әндi қолмен қойғандай. Мұхит сырын кiм бiлсiн, ал құрлық бетi айғыз-айғыз. Әр тұсы қу тақыр, ақ таңдақ. Бiр кезде көшiк бетiн қалың орман жауып жатқандай, ендiгi қалған шоқ-шоқ ағаш қасқырдан үркiп шоғыр-шоғыр жиналған қой табынын еске түсiргендей.

Аспаптардан көрсетуiне қарағанда, зиянды газ тiршiлiк атаулыны тұншықтыра бастағандай. Кей тұста шөккен тұмандай газ бұлты көрiнiстi пердедей көлегейлеген.

Көңiл құлазытқан осы көрiнiстiң ара-арасынан бiр-ыңғай жатаған үйлерден тұратын поселкелер көзге шалынған. Ендi бiр тұста жер бетiнiң көне заманының орта ғасырының қалаларынан аз-ақ үлкен қалашықтар бой түзептi. Көбi төрт-бес қабат үйлер сияқты, солардың арасынан ерекше ұқыптылықпен аса безендiрiлген көз тартар сарайлар жақұт тасындай жарқырайды.

Көшiк аспанында көрiне баяу ұшқан кеме иелерiн қатты шошындырғандай сияқты. Әлдене деп дабырласқан халық қолдарын шошаңдатып, үрейлi дыбыс шығарысқан.

– Командир, Үмiттiктердiң сипатын көресiз бе? – деп бiр жiгiт Ғалиға осы қашықтықтан түсiрiлген фотоны ұсынды.

Иә, табиғат күшi әлемнiң қай түкпiрiнде болмасын

ақыл иелеріне белгілі кейіп берген сияқты. Екі қол, екі аяқ, жұмыр бас. Тек адамзат тұқымынан сәл-пәл айырмашылығы — қос жанары самайға қарай сырғырыңқырай орналасыпты.

— Өздері талғамсыздау ма қалай? Киім киістері келіссіздеу екен, — деп қалды көптің бірі.

— Мүмкін бары осы шығар.

— Табиғаты тым жұтаң.

— Тіршілік етуге де тым ауыр, улы газдар көбейіп бара жатқандай.

"Біз іздеген алыс планета, адамзат аңсаған бауырлар осы ма?" деген сұрақтың көптің көмейіне тірелгенін Ғали ұқты. Қолындағы есептерге тағы бір қарап шығып: "Не айтасыңдар?" дегендей экипаж мүшелерін көзбен шолған. Тым-тырыс.

Біз бүгін өзіміз зерттеуге шыққан объектіге келіп жеттік. Мынау жатқан — «Үміт» көшігі. Алдымызда белгісіз елдің беймәлім халін, тыныс-тірлігін зерттейтін қиын іс тұр. Бірақ Сіздерді адамзат ұрпағының туысқандарының табылуымен құттықтаймын!

Кеме «Үміт» көшігіндегі ең үлкен де, басқаларынан гөрі сәнділеу де қаланың маңына келіп қалықтап тұрып қалған. Сол күні қасиетті Жерге объектіге жетіп зерттеу жұмыстарының басталғаны туралы хабар да кетті. Қала аспаны үстіндегі кеме үш күн еш тіршілік нышанын білдірмеді. Әуелде жапа-тармағай тұрағынан үркіп шыққан Үміттіктер, кейін жақын келіп қалған аспан денесінің бірі деді ме, қалыпты тіршілігіне көшті. Әлде осы елді белгілі бір басқару жолына салғандар ел көңілін орнықтыра алды ма екен, әйтеуір көшік беті — күйбең-күйбең.

Экипаж мүшелерінің жедел қолға алған ісі — Үміттіктердің тіл мәселесі. Көшік бетін зерттеу үшін баратындар сол халықпен еркін сөйлесе алатындай, ерекше сезік тудырмайтындай болуы ескерілген. Жазу аппараттары үміттіктер сөзін жекелей де, диалог түрінде де жазып алып, бөтен тілдің ішкі сырына үңіліп кілтін табуға бар күшін салған. Бірінші күннің кешінде-ақ жаңа тілдің тәржімесі, тұрақты сөз тіркесі, оның мағыналары жасалып бітті. Екінші күн сол тілді игеруге арналған. Үміттіктер тілі қатқылдау екен.

— Біздің тау халықтарының тіліндей екен, — деп күлді Зәури.

— Дыбыс шығарып сөйлеуге арналған ақыл иелерінің көмекей жаратылысында да бірлік бар шығар? — деп жатыр Нона.

— Несі бар? Маған осы тіл ұнап-ақ тұр. — Салтанат жаңа игерген тілде судыратып сөйлей жөнелді.

— Аналармен сөйлесіп көрсек қайтеді? — деп ұсыныс жасады Хакім.

— Кімменен?

— Әне, әне бір жалғыз өзі бақша егіп жатқанменен.

Ғали ойланып қалды. Әрине, тілді қаншалықты игергенін тәжірибе жасап көргеннен артығы жоқ. Бірақ сескендіріп алмасақ. Дегенмен де сынап көрген дұрыс шығар.

— Кім және қалай сөйлеспек?

— Мен сөйлесейін. — Салтанат алға суырылып шыққан.

— Дыбыс беру аппаратын анау шоқша талға қарай бұрыңыздар. Мен мүмкіндігінше жай үн қатармын.

— Себебін түсіндір.

— Өз семьясының бірі деп қалуы үшін ғой.

Деуін десе де, Салтанат дыбыс аспабына жүрексіне барған. Әлденеше рет аузын аша береді де, тамағына бірдеңе тірелгендей жұтынып, ыңғайсызданып-ақ қалады.

— Оу-эй! — деді бір кез ол Үміттіктер тілінде. — Жұмысыңды әзір бітірмейсің бе?

Қолындағы құралына сүйеніп белін жазған орта жастағы кісі айнала қараған. Сонан соң маңдайының терін сүртіп, қолын бір сілтеп қайта кірісті.

— Шаршағаным ба, құлағым шыңылдап, біреу сөйлегендей... — деп күбірледі.

— Сен неге тіл қатпайсың? Қашан бітіресің? Белің талды ма?

Салтанат аузын басып күлді.

— Ей, қайдан айқайлап тұрсың өзің? Немене, мені керең дейсің бе? Дауысың неге тарғылданып тұр?

— Суық су ішіп ем.

— Бәсе. Енді болмаса: «Әй, күжілдеген қай қатынсың?» дейін деп ем. Осы күнгі су таза ма, ішпе

десе миыңа кірмейді. Әйел атаулының бәрі сол. Енді не қыл дейсің?

— Тамағым ауырып тұр. Үй жаққа кете берем.

— Е, бар, бар! Бірақ ауырдым деме әзірге.

Жұмыскер шоқ талды қанша сүзсе де ешкімді көре алмай, қолын бір-ақ сілтеді де, ісіне кірісіп кетті.

— Тіл тәуір игеріліпті, — деді Ғали. — Енді бұл жағынан қауіп жоқ сияқты. Тағы қандай тілектеріңіз бар?

— Біршама дайындықтан өткен сияқтымыз. "Ұрыста тұрыс бар ма?" дейді екен аталар. Ат басын тіреген екенбіз, енді хал-ахуалын байқауға кіріскеніміз жөн шығар. — Хакімнің сөзін мәжіліс залына біртіндеп жиналғандар тегіс қостады.

— Ендеше, — деп Ғали өз ұсынысын ортаға салды. — Ендеше ертеңнен бастаймыз. Көшік бетіне әзірше үш-ақ адам түсіріледі. Қажеттілік болса кейін тағы көреміз.

— Кімдер?

— Әзірше Салтанат, Хакім, Зәури Кабалидзеге тоқтап тұрмын.

— Мен ше? — Нона өкпелеген ниет танытты.

— Қалғанымыз осындамыз. Қауіп-қатер барын еш уақытта ұмытуға болмайды. Бірінші Салтанат түсіріледі. Ол Көшік бедерімен, тіршілік дүниесімен танысуға тиіс. Араға біраз уақыт салып Хакім барады, ол халқының жағдайын байқасын. Ал, Зәури сен анау салтанатты сарай иелерімен байланыс жасайсың.

* * *

Кемеден бөлініп шыққан қайық Салтанат мінген әмбебап машинаны мұхит бетіне қондырды да, ізімен кері қайтты. Беймәлім мұхит сырын ішіне жасырып, күңіретіп жатыр. Суға қолын мала берді де, тез тартып алды. Дәл жанынан әлдебір мақұлықат аузын арандай ашып, зу ете қалған.

Салтанат әмбебап машинасының кабинасын жауып, мұхиттың бір стақан суын сорғызып алды. Кәдімгі су, сонау ғылым-білімнің ізіне алғаш түскенде ойына

мықтап түйген химиялық қоспа. Стақанды танауына таяп еді, бөтен иісі сезілмеді. Жанған таяқша матырып еді, сөніп қалды.

Машинаның жарқыраған корпусы қызықтырды ма, әзірше алысырақтау болса да су бетін сызып өткен белгісіз тіршілік иелерінің қанаты көзге жиі түсе бастады. Әмбебап дыбыс шығармай жай ғана жылжыған. Оның осы бейбіт түрі жаңағы тіршілік иелеріне батылдық берген сияқты, таяп келіп, жарқ етіп төңкеріліп зу-зу етеді. Өздері барған сайын көбейе түскен.

Бір кез бәрі де жапа-тармағай жан-жаққа быт-шыт боп қашты. Су асты алып сүңгуір көтеріліп келе жатқандай кенет бұлқынып, сонан соң беті көпіршіген. Әуелі жыланның басына ұқсас бас, сонан соң иретілген ұзын мойын көзге шалынды. Біртіндеп көрінген алып денеден Салтанат адамзат дамуының жоғарғы сатысының заманына жетпей қырылып біткен динозаврларға ұқсастық тапты. Алып мақұлықат жан-жағына байыппен қарап алды да, ыңырана күрсінген үн шығарып, әмбебапқа аузын аша ұмтылған. Салтанат машинаның жылдамдық тетігін басып үлгерген. Мақұлықаттың басы әмбебаптың тұрған тұсын қара тасты қақ айыардай соққымен ұрған.

Әмбебапты қайта тоқтатқан Салтанат өз соққысынан аударылып барып зорға түзелген жаңағы мақұлықаттың айналасына есеңгірей қарап, өзіне қарай тағы жүзгенін байқады. Ол жалғыз емес екен, анау сол жақ иығы тұсынан тағы бір сондай бас көрінді.

"Бұл ара, сірә, осылардың ұнатқан мекені болар" деген оймен әрмен қарай жеделдете зулатқан, қасқағым арасында ондаған шақырымды артқа тастап үлгерген Салтанат тағы тоқтады. Су бетіне шығып ойнар балық сияқты бірдеңе көзге ұшырар ма деген еді, қанша үңілсе де, жанарына ас болуға жарар теңіз жәндігі ілікпеді. Алды-артын қоршап тағы да теңіз жыртқышы жортып жүр. "Япыр-ай, мынасы несі? Әлде жыртқыштан сескенген адал жәндігі тереңде ме?" – деп, әмбебапты тереңге сүңгітті.

Мұхит түбі неше түрлі балдырларға толы екен. "Мұның бәрі сонау қасиетті қара жерде адам баласының игілігіне асып жатқанына қай заман? Ал

мұнда... адамзат баурының теңіз түбіне қолы жеткенінің нышаны көрінбейді. Бұл қалай?"

Кенет келген ойдан Салтанат тілін тістеп алды. "Сонда қалай? Мына Үміттіктер теңіз бен мұхиттың бар тамақтан өтер жәндігін есепсіз жұмсап, ысырап етіп, тауысып біткендей ме? Анау жоғарғы жақта сыңсып жүрген жыртқыштар соның белгісі болмаса игі еді. Мұншама ақылсыздыққа барар сонда бұлардың қоғамы қандай бағытта дамыған? Елін тырп еткізбес тиран, аузын ашқанның көзін жояр деспот болмаса игі еді!

Қой, бұлай деуіме әлде де ертерек шығар. Жалғыз мұхит бұ көшіктің елі, халқының қасиеті туралы толық ұғым қалыптастырмауға тиіс. Мүмкін бұл мұхит пен теңізде әуел бастан басқа жәндік жоқ шығар? Эволюцияның қай бұтағымен дамығанын қазір кім айтып бере алады? Жо-жоқ, қорытынды шығаруға тым ерте. Жағалауын қазып, зерттеп көру керек."

Мұхит түбінен жай ғана көтеріліп келе жатқан машинаға әлдебір жыртқыш аузын аша-ақ жетті. Тістері пышақтай екен, келе әмбебап қабырғасын қапысыз-ақ қапты. Азу тісінің бірі сынып түскен жыртқыш көзі қанталап қайта өзеуресе де, көн шайнаған ертегінің мыстанындай қажалап әуре болды да, бұрылып алып зытты. Әмбебапты айнала торыған ашкөз жыртқыштар тұқымдасының әрекетінен ештеңе шықпағанын көрген соң, бағжаң-бағжаң етісіп, таяп келіп құйрықпен сабағысы келгендей.

Жалт етіп су бетіне шыққан машина сол қарқынын жоғалтпастан жыртқыш атаулының үстінен секіре жат көзден тасалау жағалауды іздеп заулай жөнелген. Сол жағалау құмын қазып, теңіз жәндіктерінің даму жолын анықтау керек еді.

Елді мекеннен жарығырақ жағалауға ат басын тіреп, суы кейін теуіп кеткен кішірек қолтықтың құмын қабат-қабатын ерінбей бақылап отырып әмбебап машинаға асықпай қаздырған. Кісі бойы тереңдікке жетпей-ақ әлдененің қаңқасына кезікті. Тұрқы жиырма сантиметрдей нәзік сүйекті су жәндігінің кейпі жер бетіндегі балыққа ұқсас. Онан арғы қабаттар тереңдеген сайын балыққа ұқсас жәндіктердің қаңқасы да

жиілей түсіп, көлем мөлшері де ірілене берген. Әрі қаңқа сүйектерінің кескін кейпінің де бір-бірінен алшақтауы ерекшелене көрінген.

"Сонда, — деп түйді Салтанат іштей, — Үміт көшігінің мұхитымен теңізінің жануарлар дүниесі өте бай болғанға ұқсайды және олар бір мезгілде құрып та кетпеген. Алғашқы қаңқаның беткейге жақын жатуы — соңғы балық тәрізділердің таяу арада жойылғанының нышаны. Беткейден тереңдеген сайын теңіз жануары түрлене де ірілене де түсті. Мұның өзі — әуелі балық тәрізділердің ірі тұқымдарының біртіндеп құрығанының белгісі.

Кенет тап жанынан әлде не секіріп түсті. Сәбидің жұдырығындай ғана тіршілік иесі көзі бадырайып, үлгілі оқушыдай қолын айқастырып, таң-тамаша қарап отыр. Салтанат қолын созып еді, бір-екі қадам жерге тағы секіріп кетіп, "тағы соңыма түсесің бе?" дегендей ытқи жөнелуге дайын кейіп танытты. Нұсқасы да, қозғалу тәсілі де кәдімгі құрбақадан аусайшы. Күні бойы қалай көзіне шалынбағанына таң. Дегенмен де реңін өзгертуі ғажап, жаңа секіріп түскен орнының шебі мен қиыршық тасының түсіне лезде енген. Көз жазсаң, қайтып таба алмассың.

Адалы таусылып, арам жыртқышы ғана қалған теңізге қарап Салтанаттың көңілі құлазыды. "Япыр-ай, осындай да сұмдық болады екен ғой. Мына бейшара бақашық қосмекенділер тіршілігінің соңғы өкілі болар, мұның өзі қалса, бірен-саран, әйтпесе жападан-жалғыз болмасына кім кепіл? Үміттіктерді адам баласының бауыры деп қуанған еді көңіл, мейрімсіз тас бауыр болмаса игі еді. Айналасын өрт шалғандай жалмап қалай ғана ұрпақ шашып өмір сүре береміз деді екен? Адам бейнесіндегі жыртқыш болғаны ма?"

"Қой, қой", — дейді көтерілген ызаға сабырлы ақыл. Ақыл иесі өз еркімен өзін-өзі жұбатуға тиіс емес. Мүмкін баршасының еркін алып, былай етуге мәжбүр еткен қатыгез жағдай бар шығар? "Япыр-ау, ақыл иесін соншама аздырарлық қандай зұлым күштің болуы мүмкін? Ол үшін халық бүтін денені қақ жарып, ақымағын білімдісіне айдап салып, іштей өзінде шіріп құруға жол тапқан зымиян билеуші керек те". Жер беті тарихы ондай сұмдықты білмеуші еді.

Аң қаққандай әмбебап машина шоғыр-шоғыр шіліктің, әр жерде жетімсіреген бұтаның маңына жиі тоқтап, көп айналған. Кей-кейде Салтанат басын шығарып "кіш-кіштеп", кесек лақтырса да арасынан атқып шыққан ештеңе көрінбеген. Мұндайда үркіп шығар тұлкі, қояны, ең болмаса қосаяғы болушы еді. Планетада тіршілік етуге жағдай болған соң, ол тіршілік сан қилы, сан түрлі болуға тиіс қой. Тіршілік заңының бұл қағидасынан ешкім аттап өтуге тиіс емес. Ендеше аң-құсы қайда бұл көшіктің.

Кенет келген ойдан шошынып, жүрегін ұстады.

"Мүмкін емес", — деді өзіне-өзі. Басын шайқады.

Сонда қалай, біздің мына туысқандарымыз көшік бетінің аң-құсын да тауысқан ба? Көгінде құс сайрамаған ел тамылжыған әнді түсіне ме, орманында аңы жосылып, тау тағысы кербез керілмесе сәннен мақұрым қалмай ма? Ақыл иесі ұрпағы өмір бәйтерегінің бір бұтағы болса, айнала тіршілік соның діңгегі екен. Діңгекті шауып не опа таппақ?

Машинадан шығып, кеуіп қалған кесекті теуіп біраз жүрген еді. Сол быт-шыт ойды тағы бір шошытайын дегендей әлдене шошына шақ етті. Қара тышқаннан аз-ақ үлкен мақұлықат жан дәрменмен жүгіріп, бажылдай шақылдап ініне барып тығылған. Жер бетінде тышқан атаулы ата жауы қырғидан өстіп шошынушы еді, адамнан осынша қорыққан тұқымдасын көргені осы. Сонда қалай, ұрпақ қорғау заңы "екі аяқты — ең қатерлі жау" деп мұндағы тіршілік иелеріне сіңіргені ме?

Жабыңқы көңілмен жолға шыққан Салтанат айналасында қылтаны жоқ ақтақырға келіп қалғанын бірақ байқаған да, көлігін су сойып кеткен терең жардың ішіне жасырып, осы көшіктің тұрғынының бірі боп жаяу тартқан. Табан астының күлгін түсті топырағы құмдай сусып, ілгері басқан қадамын кейін тартып әуре етіп-ақ бақты. Күлгін түсті топырақ жылт-жылт. Жүресінен отыра кетті де, бір уыс топырақты алақанына салып, кезек аударып көрді. Күлгін топырақ әлденемен араласып кеткен сияқты. Оның жіті қараған көзінен бірен-саран тұз түйіршіктері қалыс қалмаған. Бір шөкімін тіліне салып көрді де, жирене түкіріп тастады. Удай.

"Жығылған үстіне жұдырық деген осы да", — деді өзіне.

Анау жатқан ақ тақырдың беймәлім себеппен жойылып кеткен көл түбі екеніне еш шүбәсі қалмаған еді. Табан астынан көтерілген құйын айналаның астанкестенін шығарды. Ылғал нәрінен айырылған топырақ шаң боп аспанды тұтып, тынысты ашқылтым бірдеме бітеп тастады. Жөткірінген сайын булығып, көзінен аққан жасқа ие бола алсайшы.

Бір сәтте көрген құқайы мынау, мұнда өмір сүріп жатқандардың халі нешік?! Көне заманның ертегісін тыңдап отырса, бір кезде халықта тозақ деген сенім болған екен. Адам баласының ұшқыр қиялы туғызған сол тозағы тап осыдан артық емес шығар.

— Бейшаралар, — деп қалды тұрғын халыққа іштей жаны ашыған қыз. — Өмірден не қызық көрдік дей алар екен? Мүмкін өлуге де асығатын шығар.

Үп еткен жел көтерген құйын талай қырдан асып кетсе де, айналаны ұзақ уақыт су-су еткен үн басып тұрды. Суылдаған дыбыс жыланның ысқырығы сияқты төбе-құйқанды шымырлатады екен. Беймәлім ортаның мына жүйке тауысар көрінісінен құтылу үшін көзін жұмып, туған жердің гүлжазира даласын, көбелек қуған сәби баласын көз алдына елестетіп, құлағын тарс бекітіп біраз отырды.

Құлазыған даланың қарақшысындай емінген төбешікке шыққан. Әр жағы да тап осындай сұрқай дала, көз ұшы жетер жердің бәрінің құйқасын айырып, айғыз-айғыз жыртып тастапты. Онан әріде жатаған үйлері бір-біріне сүйенген поселка тұр. Осы поселканың тұрғындары болу керек — бергі бетте әйелі еркегі аралас топ күйбең-күйбең. Солардың ортасында әлдебір техника гүр-гүр етіп жер жыртқан.

Шаңнан көзі ғана жылтыраған Салтанатқа ешкім көңіл бөлген жоқ. Бөтенсіп, назар аудармағандарына бұл да риза. Жұрттың көбінің қолында — қайла-шот тәрізді қару. Жыртылған жердің көсегін қолша уатып, енді бір бөлегі сүйреткіге салып көң тасып төгіп қыбыр-қыбыр. Бел жазған ешқайсысы көзге түспейді, құдды илеуіне тасыған құмырсқа сияқты.

Жер жыртқан техника "ар-ар" етіп әлемді басына

көтергендей. Салтанаттың құлағы тұнса да, айнала жұрттың еті өліп кеткен бе, оны керек қып жатқаны жоқ. Жержыртқыштың артынан атқылаған көк түтіні өзі шаңытқан мына дүниені тұманға бөлеген. Салтанаттың жер бетіндегі көне заман техникасы музейінен тап осындай бірдеңені көргені бар еді, бірақ тап сорақылық болады деген ойына да кірмеген.

— Ылғалы жоқ мына жерге егін салып не керек? — деп айқайлады Салтанат жекелеу шыққан біреуінен.

— Енді, — деді мұндай сұрақ күтпеген еркек, — сен немене тас жейін деп пе едің?

— Бәрібір егін шықпайды.

— Оны ана көгілдірлер біледі. Солар біздің әкеміз.

— Қайдан шыққан қамқорсың өзің? — деп шарт етті.

"Мына жұмыскердің айтқан көгілдірі кім? — деп ойлады Салтанат. — Оларды әкеміз деп ардақтағаннына қарағанда, ел қамқоршысы тәрізді-ау. Онда ... Онда манадан көргені мен мына жаңа түсінігі қабыспайды ғой".

— Әй, ана жыртқанның түтіні қолқанды қауып ауырасың ғой, — деді тағы бәріне.

Ол қалт тұра қалған. Сонан соң: "Не айтып тұрсың? — деген ниет танытып: — Есің дұрыс па?" дегенді самайына саусағын қадағыштап білдірді де, жөніне кетті.

Тілдескеннен жөн жауап ала алмаған қыз дал болып, енді қайсысына жұғысарын білмеген еді, өзіне қадалған әне бір аш көзді ту сыртымен сезді. Жерге еңкейген боп арт жағына көз тастаған. Мына тырбанып жатқан жұрттаң оңашалау тұрған кісіні мана көрген. Осыларды еңбекке ұйымдастырушы дейін десе, жұмыстарына араласқанын байқамады. Өң-түсі де жұрттан бөлек, киімі де ықшамды. Жүйрік тазыдай іші қабыса қалған қатпа қараның көз айналасы қызарыңқы, бет-аузы шалбар-шалбар.

Тіл қатысатын адамға ділгәр боп тұрса да қатпа қарамен сөйлескісі келмеді. Сиқында сескентерлік жағымсыздық бар еді. Ол қыздың өзін анық көргенін байқаса да, көзімен ішіп-жеп, тесіп барады. Әлдене уақытта оның жеңін аузына таяп:

— Ол осында, — дегенін естіп қалды.

Жең ішінен күңгірлеген дауыс шыққан. Хабарлағышпен алыстағы біреумен сөйлесіп тұрғанына еш күмән жоқ.

"Әйел заты", — деген қатпа қараның дауысы және жетті.

Беріп жатқан хабары, әрине, осы жұрт туралы болмады.

Әйтпесе "әйел заты" деп сонша ежіктер ме еді? Сонда мынаның тыңшы болғаны ма? Олай дейін десе, Салтанаттың тап осы жерге келе қалғанын қалай біле қоймақ? Техникаларының түрі анау, ауыр қол еңбектен аттап кете алмаған жұрт мынау.

"Көз жазбасын", — деді тағы ол.

Салтанат тезтез басып көптің арасына сіңген еді, анау де қалыспай соңына ерді. Егістіктің бір шетіне шығып кеткен қыздың өкше ізіне түсіп, біреулердің қалқасынан мойнын созып әлек. Бір тамашасы — мына жұрт ол таяй берсе, тоқтап жол беріп, серпіліп, араларын ашып мүмкіндік жасап жүр. Неғылса да қатпа қара тегін кісі болмады. Салтанатқа жақын келіп тіл қатыспайды да, алыстап қалып та қоймайды, тоқтаса, тоқтап, жүрсе, жүріп көлеңкедей ілескен.

— Ей, — деп дауыстады шыдамы таусылып оған қарсы жүрген қыз.

Сасқалақтап көзі жыпылық қаққан ол шегіншектеп барып бұрылып, жүгіре басып көптің ішіне сіңді.

— Ей, тоқтасайшы.

Қыз жолынан тайқып бір бүйірге шығып кеткен тыңшы сонадайдан тағы мойнын созып, ізіне ілескен. Қыз да бұрылмастан егістік арасындағы алақандай алаңға жайылып жүрген үй жануарына бет түзеген. Ар жақтан қолынан көнек ұстаған тағы бір әйел келе жатыр еді, арқандаулы жануарға бұрынырақ жетіп, емшегіне жармасты.

Арықтықтан арса-арса, қолдауы мен арқасы жарадан шұрық-шұрық жануарды қай тұқымдасқа жатқызарын білмеді. Жаңа туған бұзаудың басындай баста ешкінің сақалы селтие қалыпты да, жалғыз мүйіз желкесін тірепті. Әйтеуір бөксе жағы нағыз ешкі. Қос емшегіне жармасқан әйелге жақтырмай қарап, алаңқайдағы қадау-қадау шөпті жеп өліп барады.

Ешкісымақтың емшегіне жармасқан әйел де селтиіп тұрған қызға жақтырмай қарап, бір-екі рет ала көз тастаған.

Жақтырмағаны ішіне сыймады ма, бір кез:

— Е, немене, сүт сауғанды көрмеп пе ең? — деп бүрқ етті.

— Малыңыз тым арық екен.

Әйел "пішту" дегендей ерінін шығарды. Жүре берген ешкісымағын бұтынан сүйреп алып:

— Сүт берсе болды да, ешкім мініп-түспес, — деп созды.

— Өзі ауру емес пе? Үсті толған жара ғой.

— Ауру боп бүгін өлер деймісің. Сүт берсе жарар.

Әйел сөзінде малына деген аяныш та, сүтке деген ерекше ықылас тас сезілмеді. Саууы әйтеуір бір міндет сияқты.

— Сүтті не істейсіз?

— Әй, өзің қайдан келгенсің? Соны да білмейсің бе?

— Қаладанмын. Білмейтінім рас.

Әйел жүріп кетпесін деп малын сирағынан ұстап отырып, көзінен жас аққанша ұзақ күлді.

— Бәсе. Сендерде ми бар ма? Сүтті өткіземіз.

— Бәрін де ме ?

— Жоқ. Міне, — әйел литрден төмен сауылған сүтті көрсетті. — Осының мынадайын алып қалып, — көнектегі сүттің төрттен бірін шамалаған. — Қалғанын береміз.

— Өздеріңізге тым аз қалады ғой.

— Тәртіп солай.

Әйел үнінде мықтап орнаған бір тәртіпке мойын-сұнғандық, өмірге деген немқұрайдылық басым сияқты. Әйелдің сыртқы үнінің өзінде де түңіліс, шарасыз үмітсіздік бар сияқты. Маңдайына түскен сай-сай әжім екі беттің ұшын тіліп өтіп, әрмен қарай өрмекшінің торындай ұсақ-ұсақ, айқыш-ұйқыш сызықтарға ұласып кетіпті. Үстіне ілген лыпасы да сауыс-сауыс, әр жеріне жапсыра салған жамауы да әр түсті әрі тозығы жеткен иесінің ендігі кейпін аша түскендей.

— Жасыңыз нешеде, әжей?

Әйел таңданғанын білдіріп, қасын керіп, ерінін сылп

еткізді. Сірә, бұл жасында ешкім мұнымен іш тартып сөйлеспеген сияқты.

— Еи... и, біраз жасадық қой. Міне, биыл ұмыт-пасам, қырыққа шығамын, — деп әлденелерді есептеп саусағын санап кетті.

Салтанат өз құлағына өзі сенбеген. Не деп кетті? Әйел затының әлі құлпырған шағы емес пе, осыншама мыж-мыжы шығатындай не тұрмыс кешті екен, сорлы?

— Сіз сауыншылықты ғана атқарасыз ба?

Әйел тағы езу тартты. Сәл шайқаған басында, мысқыл жүгіріп өткен жүзінде «әй, қаланың селтеңбастары-ай» деген жатқандай.

— Өйтіп қойса жақсы ғой. Мен де ана жер өңдеп жүргендердің бірімін. Ұзақты күн сол тырбаң. Ара-арасында сүт саууға жібергеніне де рақмет. Бір жұтым болса да.

Салтанаттың көкірегіне бір өксік келіп тіреледі. "Бейшара әйел ... Бейшаралар. Бұл бетінде мына халық құрып кетеді ғой", — деген ой ащы запыран боп жүрегін қысып, ыстық жас боп көзінен атқыды. Көз жасын көрсетпес үшін жалт бұрылып жүре берген. Естігені мен көргенін санасы түсінгісі келмейтін сияқты, денесі біреу ұрып кеткендей дел-сал. Ұзай беріп артына бұрылып еді, бейшара әйел мұның соңынан аңыра қарап отыр екен.

Аңыра қараған әйелдің жанына келген қатпа қара әлденені сұрап, ежіктеп жатқанын және байқады. Әбден ыза болды ма — әйел бажылдап, қолын сермеп, арық ешкісімағының үстіне сүтін шашып жіберіп, көнегін сонадай лақтырды. Тыңшы оған да көнер емес. Не дегенін кім білсін, бір кез әйел тілін тістегендей үнсіз, мойынсұнып отыра қалды.

Әудем жердегі егістіктің басында шашы жалбыраған тағы біреу отыр. Әбден таяп келгенше оның еркек не әйел екенін айыра алмаған. Енді бақса, рабайсыздау созылып жатқан баласының басын тізесіне қойып, маңдайынан аялай сипап отырған әйел. Баланың ұйқылы-сяу екені белгісіз. Қатып-семген шидей сирақтары шодырайған тізеге зорға ілігіп, қолдары тыриған қабырғадан озып, қабысқан ішке барып айқасыпты. Басы қауғадай. Қауғадай бастағы көз ұясынан анда-санда

ғана дiр етiп зорға көрiнген кiрпiк әлi тiрi дененiң хабаршысы тәрiздi.

Бала баяу ыңырсыды. Ерiндерi тiлiм-тiлiм. Сол тiлiм-тiлiм ерiнге анасы қасықпен су тамызады. Бала жұта алмады. Қозғалуға шамасы жоқ, анасының жанын жеп тағы ыңырсыған.

— Сүт неге бермейсiз? — деп сұрады Салтанат.

Басын ендi ғана көтерген әйел көзiндегi тұңғыық мұң Салтанатты да шарпығандай едi. Қасiрет табы жап-жас ананың жүзiн қара кештiң күңгiрт реңiне бояп, базарлы шағының күлiн көкке ұшырыпты. Әйел "сүт жоқ" дегендей басын шайқады.

— Сұрап алмайсыз ба?

— Бермейдi. — "Бермейдi" деген әйел сөзiнде не өкiнiш, не ыза жоқ. Қалыптасқан шындықты айтып, соған көну ғана бар.

Неткен мейiрiмсiздiк. Мына халықта жыртқыштың психологиясы қалай туған. Салтанаттың төбе құйқасы шым еттi. Адамзат тұқымының тарихынан мұндай сұмдықты естiп көрмеген қыз ендi боламаса жынданып кетермiн деген. Қатерлi жағдай туса бiрiн-бiрi емдеу үшiн медицинадан жеткiлiктi дәрiс алған қыз тiзерлеп отыра қалып, ауру балана қарай бастады. Пульсi болар-болмас. Аштық әбден өтiп кеткен. Оның үстiне, бауыр, бүйрек дегендер iстен шыққан.

— Емдеп көрейiн, — деп өтiндi Салтанат.

— Жоқ, ендi жанын қинамашы. — Әйел алақанын жайып, баланың басын көлегейлей берген.

— "Өле берсiн" деген не сұмдық!

— Бәрiбiр болары болды, ендi ажалға ара түсе алмайсың.

Әйелмен дауласа жүрiп Салтанат әбден арыған денеге жалғыз рет укол салып үлгерген. Шыр-пыр болған сорлы ана ұшып тұрған едi, бейшара баланың басы жерге қатты соғылды. Онсыз да халi бiткен әлсiз дене бiр-екi ышқына созылып, бiржола сұлық қалды. Баласына шошына қараған ана бар дауысымен айқай салды.

Әйелдiң жан дауысы шыққан айқайынан сасқан Салтанаттың қолынан шприцi түсiп кеттi. Ол анау тырбанып жүрген жұмыскерлердiң ащы үнге селт ет-

пегенінде, қатпа қараның оларға әлдене дегенін де, сол мезет бәрінің жұмысын тастай беріп, бері қарай атой сап жүгіргендерін де байқамай қалған. Денесі суып бара жатқан балаға қолдан дем беріп әлек.

— Жауыз!

Құлағына жеткен қатыгез үн атылатын адамның үкіміндей естіліп, селк етіп басын көтерді. Жан-жақтан андыздаған жұрт қоршап келіп қапты. Бір топтың алдында — қатпаса қара. Көп аяқтың топырлаған дыбысынан оның дауысы естілмесе де, аузы дамыл таппаған. Соны іле соңындағылар.

— Жауыз! — деп айқалады.

— Жауыз! Жауыз! — Қаптап келе жатқандардың ауызында бір-ақ сөз. Қашу қаперіне де келмеген қызды қоршап алды. Өлі баланың денесін қайта алдына алған ана зар еңіреген. Оның көзінен жалғыз тамшы жас зорға үзіліп түскен. Мүмкін жылай-жылай көз жасын бұрын тауысқан шығар. Өңі сүп-сүр.

Қаза болғандарды жер бетінен де көргені бар. Мұндайда қасірет шеккен үй иесіне көңіл айтқандар ішінде қоса қайғырысып, басына түскен қайғысын қоса бөлісіп, сан әйел көз жасын тыя алмаушы еді. Мына көрініс тіпті басқа. Бала денесін құшып өксіген әйел жапа-жалғыз, жанына келіп сүйеу болған ешкім жоқ. Бәрі бір тамашаға жиналғандай, аң атып қызығын көргендей өңеш жыртқан айқай.

— Жауыз!

— Өлтіру керек.

— Шашынан сүйрету керек.

Қоршап алғандардың түсі суық, қолдарында қайлашот.

Түтіп жіберуге әзір екендері, аяушылық көңілдерінде жоқ екені көрініп тұр. Әлдебір бұйрықты күтетін сияқты, бірін-бірі айқай-шумен еліктіре түсіп, қоршауды үсті-үстіне тарылта берген. Тіпті ана қаралы әйел мен бала денесін жаныштап кететіндей.

— Ол осында, осында..., — деп жатты қатпа қара.

— Жауыз! Жауыз! — дейді жұрт.

— Қоршап алдық. Нұсқау күтемін, — дейді жөніне.

— Ұрсаңдаршы, не қарап тұрсындар?

— Ұстандаршы өзін, быт-шыт қылайық.

Құлақ тұндырған айқайдан есі кетіп, түстері суып, түрі адам кейіпінен айырылған ақсиган азу, жұлып түсер кір-кір қолдар таяй бергенде, Салтанат тұрған орнынан ышқына секіріп, қоршаған жұрттың басынан аса жеті-сегіз метр жерге түскен. Адам баласы бойына біткен бар қасиетін шарықтау шегіне жеткізе дамытқан заманда бұл деген дым емес еді.

Көздері тұнып, қыздың ортадан шығып кеткенін байқамаған жұрт тағы ырылдасып, бір-біріне түйіскен де, алғаш қолға түскен біреуін қаусыра тепкілеп, табан астында ұялы қасқырдай талқан еткен.

Қоршаудан шыққан Салтанат біраз жүгіріп, арасын алшақтатып алды да, асықпай аяңдап, бетін поселкаға қарай түзеді. Қазір есін жиып соңынан қуған ана туыстарының бәрібір жете алмасын біледі. Бір жүгіріп, бір аяңдап отырса да бәрінің де сілікпесін шығарып далаға тастап кетпей ме? Оларға адамзат ұрпағымен жарысуды әлі жазбаған. Ол түгілі, ақыл иесінің бір тұқымы ретінде сақталып қалса да жаман болмас еді. Өз отанын өзі талқандап, өз тамырына балта шапқан мұндайды кім көркен?!

Поселканың бергі шетіндегі иірім-иірім қара суы бар шағын өзеннен секіріп өтті. Әуелде әуе ашық, күн жарықта шуылдасып өзен бойынан шықпайтын балалардың көзге түспегеніне таңғалған. Сонадайда ақ тақырға әлдебір шеңберді сызып алып, секектеп ойнаған балалардың да шомылуға зауқы жоқ сияқты. "Әлде жер бетіндегідей су жағасында аңдып жатқан аждаһасы бар ма?" деп қара суға барлай қарады. Қауіпті ештеңе сезілмеген соң, жағаға таяп қанша үңілсе де, иірім ішінен ештеңе таппай, қолына таяқ алып тұртпектеген. Қашып шыққан тағы ештеңе көзге шалынбады. "Әй, мынау өлі өзен ғой. Әне, анау шоқ қамысының айналасында май ма, кір ме еліге жақын кілегей көпіршіп тұнып тұр. Жағалау шөбінің өзі сыбдыр қағып тірлік үнін сездірмеген, селдір селеу, әрі жабысып жатқан түрі анау".

- Ей, балалар, суға түспейсіңдер ме?
- Жоқ, — деп күңк етті бір ересектеуі.
- Неге?
- Әкем рұқсат етпейді.

- Онысы несі, әкеңнің?
- "Ауруға шалдығасың" дейді.
- Үлкендер де өзенге шомылмай ма?
- Ешкімнің суға жуынғанын көргенім жоқ.

"Сұрағың бітті ме?" дегендей бала теріс айналып, ойындарына кірісіп кеткен. Арт жақтан бері жүгіргендердің аяқ дүбірі естілді. Мейлі. Поселканың ішіне кіре бір-екі рет жалт берсе, адасып қала бермей ме?

Поселканың тар да қисық-қисық көшелерімен асықпай аяңдаған. Әуелде тапалтақ қораш үйлердің қиқайған есіктерінің бәрі жабық, қараң еткен тірі жан, тырс еткен дыбыс жоқ еді. Енді өзі жүріп өткен ар жақтан сықырлаған есік пен күбірлескен дауыс естіліп қап жатты. "Мұнысы несі?" деп ойлап үлгермеді, кесе көлденеңдеп шыға келген топ өзіне қарай тұра ұмтылған. Бақса, өкше ізіне түскен жұрт — қарақұрым! Бәрінің қолында іліккен қаруы бар.

— Ұр!

— Соқ жауызды! — деп тап берген.

Айналып кетер көлденең көше түгілі, мына бір-біріне жапсыра салған не арасын әлденелермен қосып жіберген үйлер арасынан ине өтер саңылау жоқ. Оң жағындағы биік тас дуалдан аса секіріп еді, әбестік жасағанын енді білді. Тас дуалдың ар жағы көне заманның қамалы сияқты есігі, не терезесі жоқ, секіріп өтіп кете алмас томсырайған тас қабырға. Салтанаттың үлесіне тигені — аядай ғана аула екен. Дуалдың ар жағы ығы-жығы халық, алды өрмелеп шығып:

— Мұнда!

— Әне, әне отыр! — десіп айқайласып жатыр.

— Кәне, кәне, — дескендері бірін-бірі итермелеп, өлексеге үймелеген қарға-құзғындай қаптап иін тірескен.

Салтанат жағдайды кемеге баяндауға тура келер деген еді, қас қылғандай, білегіне іле салған түймедей хабарлағышы тас дуалдан секіріп жүргенде ұшып кетіпті. Онысын енді, әне, тас дуалдың басындағы біреу бауынан шиырып бұлғақтатып ұстап отыр.

— Қолындағыны маған берші, мен саған онан да тәуірін сыйлайын, — деді алдаусыратқан Салтанат қолын созып.

– Жоқ, сен мені өйтіп ақымақ санама. Қарай гөр өзін.

– Алдамаймын.

– Әй, тарт қолыңды. Сенің жәдігөй екеніңді бәріміз білеміз. Өзі жалғыз, сөйте тұра көпті алдағысы келеді. Көптің аты – көп, көп біледі, – деп ақылдымсыды дуал басындағы.

Анда-санда хабар тосатын станцияның сигналын беріп, шиырып отырған хабарлағышы шың-шың етеді. Қолына байқаусызда жылан ұстағандай осқырыған көшіктік хабарлағышты бұлғап-бұлғап қабырғаға бір соғып еді, шыңылдаған дыбыс үдей түсті. Сонан соң дәу таспенен хабарлағышты қос қолдап соққылап, бір-жола үнін өшіріп, әлдебір істі тындырып тастағандай ыржиды.

Кенет Салтанаттың төбесінен әлдене зу еткен. Биокөйлекпен тайқып, ұшы қабырға жігіне бойлай кірген болат істіктің сабы дір-дір. Адамзат баласының бойында жаралғаннан бері бұғып жатқан қасиеттерді дамытып берген ғалымдарға қыз тағы бір рет бас иген. Адам организмі төнген қатерді өзі сезіп, өзі қас-қағым сәтте қорғану шарасына ие бола алады. Денені толық қоршап, сырт көзге болар-болмас жылтырап қана көрінетін жұп-жұқа мөлдір қабат – әркімнің туа бар қасиетінің жетілген түрі. Оны ғалымдар "биокөйлек" деп те атап кеткен.

– Иа, – деді қарсы жақтан біреу, – мынаған істік дарымай кетті.

– Тегін жәдігөй дейсің бе? Көгілдірлер соны біліп, "көзін құрт" деген жоқ па!

– Енді қайда барады? Сәті келген шығар.

"Көгілдірлер..." Бұл сөзді Салтанаттың екінші рет естуі. Сірә, мынау елді басқарушылар сияқты. Билік басына қандай жолмен келгенін кім білсін, не жаулап алушы, әлде каста, әлде кімдер? Көшік жұртының ізіне түсіп осыншама жауығуының себебі түсініксіз. Не кемеңіз, не жерге түсірілген мұның еліне де, мекен-жайына да жасаған зияны жоқ. Қиял жетпес қашық қияннан іздеп келген туысқандарының сиқы мынау. Қан иісіне құмар қанішер, әлде бас еркі жоқ езбе. Түлкі көрген тазыдай соншама ізіне түсетіндей не істепті?

Әне бір қатпа қараның мыналарға билігі өтетіндей екен. Сонша қуғынды ұйымдастыруша да, жебеуші де сол сияқты.

"Қап, не болса да мана сонымен тілдеспеген екен".

"Ол сені білмеді дейсің бе?" — дейді іштегі үн.

"Жау емес екенімді ұқтыруым керек еді ғой".

"Қара пейіл үшін дос ниетінен жаман ештеңе жоқ".

"Сонда мен осы қоршауда отыра беруім керек пе?"

"Сен белгісіз көшікті зерттеуге келгенсің. Мүмкіндігінше оны сездірмей, басқан ізіңде дейін жасыра білуің керек еді", — дейді екі ұдай ойдың бірі.

Салтанатты айнала қоршап, оны көру үшін дуал басына бірі мініп, бірі түсіп сапырылысқан жұрттың аузында тыным жоқ. Әрқайсысы бірінен-бірі аса аяқайлап, күш көрсетіп, жұдырық сермеп, қорқытып әлек. Көріне мазақ қылып, ұятты жерін ашып, қарқ-қарқ күлгендер де толып жатыр. "Мұның кінәсі не?" деп біреуі сұрасайшы, қайта әрбірі әлдекімнің алдында өзін айтулы азамат, ел қорғаны ретінде көрсеткісі келгендей бірінен-бірі асуға тырысқан. "Сонда бұларды осынша жанды қуыршақтай билетіп қойған кім?" — деп ойлайды қыз. Олар өзінен басқаның бәрі «жау» деген түсінікті мына халықтың миына әбден құйып, қанына сіңіріп тастаған сияқты.

Салтанаттың есіне бала кезден естіп келе жатқан бір аңыз түсті. Оның өзі ауыздан-ауызға айтылған бір отбасының үй ішіндік ертегісі тәрізді дүние. Айтуларына қарағанда, ертеде жер бетін адам ұрпағы мен пері тұқымы бірге мекендепті-міс. Сонан соң адам баласы көбейіп, бос жер азайған соң бізден әлдеқайда оқымысты пері елі жер бетін адамзатқа бір жола беріп, өзі жеті қат көктің біреуіне кетіп тыныпты. Тек анда-анда, жер бетін сағынғанда не адам баласының не істеп жатқанын біліп тамашалауға ғана келіп кетеді екен.

Мұндай аңыз әртүрлі вариантта сан айтылатын. Кейін ойласа, егер ондай пері сияқты ақыл иесі туысқандар бар болса, олар көне заманда, адамзаттың ғылым-білімі шарықтау шегіне жетпей тұрғанда ғана келген сияқты. Салтанаттың ес білгелі өмірінің бір мақсаты — ұшы-қиыры жоқ ғарыш әлемінің бір түк-

пірінен ақыл иелерін табу. Оның өзі сол аңыздарда айтылатындай оқымысты, ғажайып күш иелері болуға тиісті.

Иә, аңыз желісі қызық. Әлде еліне өкпесі бар, әлде табиғатты қатты сүюші Әбіш деген жігіт жалғыз жүруді, тау аралап, су жағалап кетуді ұнатады екен. Ел арасында оның бұл мінезін түсінбегендер жеке-жарым жүрген-ді.

– Әбішке ұқсауын...

– Осы да аума болады, – деп шенейді екен.

Сол Әбіш ақсұр байталымен жортып келе жатса, құладүзде қаңқиып бір көк арба түр дейді. Арба тұмсығын көкке тіреп қойыпты. Өзінде не жетек, не жегетін көлік жоқ сияқты. Сонадай жерде үсті-басы нұрға малынып, жалт-жұлт еткен бір сұлу қыз тезек теріп жүр екен. Еңкейіп жерден тезек алған болғанымен, қолына тағы ештеңе ілікпейтін сияқты.

Сұлуды көріп тамсанған Әбіш тіл қатуға ебін таппай салпақтап соңына ере берсе керек. Қыз шіркіннің тәрбиелі діні қатты ма, жігіт қанша айналып алдына келсе де, бетіне назарын салмай қойыпты. Сұлу пейіл бермеген сайын Әбіштің ынтықтығы арта берсе керек.

– Жаным мен де өзекті жанның иесімін. Көз қырыңды бір салсайшы, – дейді әбден есі кеткен Әбіш шыдамы таусылып.

Қызда үн жоқ. Әрі-бері даланы кезіп, оза жүріп керегін жинап ала береді. Соңында – қалмай ілескен Әбіш.

– Ең болмаса қай ауылдың адамысың, соның жөнін айт, – дейді жігіт.

Тіл қатпаған сұлу айналып кеп көк арбаға мінсе, Әбіш те жармасып қоса мінеді. Сол жерде ғана қыз Әбіш жүзіне қас-қағым сәт сипай қарап өтсе керек. Не жеккен ат, не сүйреткен құлдары жоқ арба орнынан қозғалып жылжиды да, бір кезде, көзің жамандық көрмесін, тура аспанға ұшады. Зәресі кеткен Әбіш көзін тарс жұмып, арба түбіне етбеттей құлайды. Қанша ұшқанын кім білсін, көк арба көктегі бір шаһарға қоныпты. Қыз түсіп өз жайына кетіпті де, не болғанын білмеген жігіт бас ауған жағына жүре береді. Оны ешкім керек қылмайды, әркім өзімен-өзі. Жұрт

жаппай ас ішіп жатқан жерден бұл да ауқат ішіп, біраз ес жиыпты.

Шаһар көшесімен енді келе жатса, алдынан бір ақсақал кездесіпті.

— Әй, адамзат, қайдан жүрсің мұнда? — деп сұрапты.

Жігіт мән-жайын тегіс баяндайды. Үнсіз тыңдап, сақалын тарамдаған қарт хикаятын естіп болған соң басын көтеріп:

— Мен де сен сияқты осында келіп қалып ем, кезінде ақыл қосатын ешкім болмай, онан соң бұл жаққа үйреніп қалып қойдым.

— Еліңде өлмелі әке-шешең бар екен, тез қайт еліңе, — дейді.

Сонан бір күні сол қарт:

— Қыз ауырып жатыр деп естідім. "Адамзаттың көзі тиген" деседі. Жақында қызды сол барып келген жеріне апарады, соның көлігінен қалма, — дейді.

Әбіштің басынан кешкен уақиғаны ести отырып сан бала:

— Ойпырай-ә! — десіп таңдай қағысатын.

Мен де сөйтіп жат жұртты көріп келсем.

Жай жұртты көріп келгісі келгеннің бірі өзі еді, өсе келе арманы боп шықты.

"Қайдасындар, оқуы асқан адамзат туысқандары?" — дейді іштей.

Дүниенің бір қиырында сондай бір халықтың барлығына еш күмәні жоқ, соны іздеп табуға өмірін сарп етуге даяр. Ал мыналар... Көшіктің әлде тағы, не есін аударып тағылық халге жеткізген жұрты аң көргендей анталап, бірін-бірі баса көктеп, айқай-сүрең сап өзінше мәз. Қуаныштың мұндай түрінен адамзаттың қалыс қалғанына да тәуба. Даму жолын сәл терістікке бұрсақ, адам ой-пікірін айтудан қорықса, ол тағы аңның бір түрі боп шыға келер еді.

Адамзаттың көкселеулі арманын аңсаған көненің ғалымы: "Егер идеология бұқараны толық қамтыса, материалдық күшке айналады", — деген екен. Иә, ол кісі: "Қоғам дамуының ішкі серіппесі экономикалық факторда", — деген. Мына халықты қара кешке дейін қол жұмысын істетіп тырбантып қойған да қара қа-

занның қамы, ал идеологиясы... қандай идеология екеніне көз жете ме, бәрінің есін алып, мылқау күшке айналдырып қойған. Ешқандай пікір қайшылығы, қате боп кетер ме деген өз ісіне күмәндану жоқ. Теңіздің қара дауылындай жойқын, мейірімсіз. Жұдырықтай қызды жау санап, түтіп жіберуге дайын кейіптері анау.

Есі кете айқайлаған көшіктіктің біреуі, жұдырықтай тасты жіберіп ұрған еді, биокөйлек кейін серіпті. Биокөйлектің бір қасиеті — сырттан соғылған күш қанша жылдамдықпен ұрылса, соншама тездікпен кейін лақтыратын. Бұл жолы да кесек тас иесін тапқан. Баж ете қалған көшіктік қыз тас атты деп ойласа керек, тағы бір тасты зырқыратты. Мына тастың да кері ұшуы басқаларына ой салмаса керек, дуал басындағылардың тасы жаңбардай жауды. Жаңбырдай жауған тас кері ытқып, өздерін сабап, дуалдан қуып түсті.

Енді тас қорғанның ар жағынан тұрып кесек боратып еді, онысы өздеріне тимесе де, ығы-жығы халықтың талайын ұрып жыққан соң еріксіз тоқтатқан.

— Ана жәдігөйді таспен бастырамыз, — дескенін Салтанат естіп отыр.

— Қашан?

— Қазір.

Бір кез бәрі шу етіп қайта дуал басына шыққан. Әлденеден атылған қазандай қара сұр тас межеге жетпей дуалға соғылып, талайын мылжалап, қарсы алдын опыра құлатқан. Сол жерден көзге түскені — көне заманның тас ататын қаруын орнатыпты. Омырайылған жерден қызды анық көріп, кіжіне жұдырығын түйіскен оның жұмыскерлері бірдемесін қайта түзетіп әлек еді, енді, міне, бірінен соң бірін екі тасты бері зулатты. Биокөйлекке соғылған дәу-дәу тастар кейін серпіліп, тас атқышты қаусатып тастаған. Мына кереметті көрген көшіктіктер ішегін тарта кейін шегінген.

Тас қорғанның құлаған жеріне жасырына сығалалаған біреуі жанармайға малынған кесінді ағашқа от қойып лақтырды. Өзі қорқып тұрған иесі қатты құлаш сермей алмаса керек, жанған шала жай соғып бір-екі қадам ғана кейін серпілген. Мұны көрген көшіктіктер ебі енді табылды десе керек, жаппай от атқан еді, көбі иесін тауып, өздері күйіп, мұны да тоқтатты.

Салтанатқа шала жанған ағаш пен қоңырсыған май иісі келіп жүрегін біраз лоблытты әрі айнала біраз ысығандай да еді. Көшік жұртының күні бойғы қоқан-лоқысының бос әуре екенін де, тек жалғыз-ақ қауіп бар екенін де жақсы біледі. Мешел баладай мықшындаған мешеу техникалы, мынадай апатты жағдайда отырған ел ультра сәулеге ие бола қоюы мүмкін емес. Қайдан келсін бұларға. Ультра сәулемен бір рет ұру да биокөйлекті жоя алмайды, ал онымен дүркін соққыласа, қорғаныш қабаты күйіп кетеді. Организмнің оны қалпына келтіруі үшін бірер апталық уақыт керек.

Есіне Хакім түсті. Оның өзінен біраз уақыттан соң кешік бетіне түсірілетінін біледі. Қандай қиыншылыққа душар болды екен Хакім?.. Хакім! Сен менің қазіргі халімді көрсең, мына жағдайға түсіргендердің ісіне шыдай алар ма едің? Екеуінің екі бағытпен кеткені де жақсы болған екен. Әйтпесе жоспардың жүзеге аспай қалуы да мүмкін ғой.

— Мен сенің бір тал шашыңның орынсыз жерге түспеуін тілеймін, — деген бірде ол.

Салтанат күлген де қойған. Бірақ өзінің де жүрегінің шым етіп, жігітке ерекше ықыласының оянғанын сезген. Сонан бері ол Хакім туралы жиі ойлайды.

Кенет кеш батып бара жатқандай айнала күнгірт тарта бастады. Әлдененің сонау тереңнен дүрс-дүрс соққанын бүкіл тәнімен сезсе де, "өз жүрегім емес пе?" деп кеудесіне салған қолына оның ақырын лүпіл қаққаны білінді. Тереңнен шыққан дүрс-дүрс дыбыс бір күшейіп, бір басылады. Оның дыбысы әлсіреген сайын айналаға бір түрлі маужыраған жылу тараған. Дуал басындағылардың айғайы бәсеңси беріп, біржола тынды. Көбі қабырғаға арқасын сүйеп, кайсібірі жамбастап жатыр.

Беймәлім алып ұйқының тіршілік әлемін орап құшағына алып бара жатқанын Салтанат жан-тәнімен сезді. Әне, анау жұрттың бәрі де тәтті қорылға кетіпті. Қой, болмас. Бұл әмбебабына жетуі керек. Бүгінге жетер. "Ой, мынау не керемет хал? Ұйқы көзімді басып барады. Хакім..."

Екі-ақ аттап ілгері басуға шамасы келген қыз жүгі-

ніп отыра кетті де, бесігін сағынған баладай маужырап, керіліп сала берді. Ол көзі жылтың қаққан роботтың жанында сілейіп біраз тұрғанын да, қол арбаға көтеріп салып белгісіз жаққа алып кеткенін де сезген жоқ.

* * *

— Қайтыңдар! — деген бұйрықты көшік бетіне қатар түсірілген Хакім мен Заури Кабалидзе көп ұзамай-ақ естіді.

— Шапшаң оралыңдар!

Бұйрық асығыс тәрізді. Аса бір үлкен қауіп болмаса мұндай шара қолданылмауы тиісті еді. Көшік топырағына жаңа ғана табандары тиіп, айналаға аңтарыла қараудан аса алмаған екеуі не боп қалды екен деген екі ұдай оймен екі бағыттан да кері бұрылып, уәделі жерге қарай тартқан.

Кемедегі есептегіш құралдар көшіктің сонау түкпірінен бір дүрсіл барын манадан көрсеткен. Сол дүрсіл барған сайын бір күшейіп, бір бәсеңдеп айқын біліне бастаған.

"Япыр-ау, — деп ойлады Ғали, — бұл не? Мына көшіктің бір түкпірінде сенбеген жанартау болғаны ма? Өзі, есептеуге қарағанда, көшіктің нағыз ядросы тұсынан шыққандай екен. Егер мына дүрсіл ұлғая берсе, түбі мына көшікті талқандап тынуы мүмкін-ау.

Сонан соң кеме аспаптары жылудың біртіндеп көбейе түскенін тіркеді. Баяғыда суынып, бетін тіршілік иелерінің сан түрі мекен еткен астрономиялық объектінің өзінен мынадай жылу бөліп шығаруы ақылға сыяр емес. Ядролық қопарылыс қатері бұл объектіге төнді деуге бірде-бір мұндай қорқыныш барын сездіріп тұрған жоқ. Сонда не?

Өмір бойы тәжірибе мен білімін, кеме аспаптарының сан алуан көрсеткіштерін көңіл таразысына салып, ақыл сүзгісінен өткізген Ғали ұзақ толғанған еді. Миына: "Мынау тірі дененің қасиеттері ғой", — деген ой сап етті.

Сонан соң барлау көрсеткіштерді қайта тексерді.

Дене... Тірі... Анализдің қай түрін алса да осы сөздер тіліне оралып, көкейінен шығар емес. Тірі... Дене...

Сонау түкпірден дүрс-дүрс соққан үнді өз жүрегінің соғысымен салыстырған. Жиілігі бірдей деуге боларлық. "Сонда... Сонда мына жылу тірі организмнің ұйқы алдындағы қасиеті болып жүрмесін" деген ой санасына сәуле беріп өткен.

Тағы да бір аспаптардың түрлі-түрлі тіркеулеріне үңілген. Үңілген сайын мына көшіктің ғарыш әлеміндегі тірі дене екендігі туралы жорамалына күмәні қалмады. Ендеше бұл организмнің алып ұйқыға енуі мен ояну мерзімі әлі белгісіз. Сол уақыт ішінде көшік бетінде нендей құбылыс боларына да көз жетпейді. Экипаж мүшелерін қатерге ұшыратуға еш хақысы жоқ.

Уәделі тұсқа зорға сүйретіліп келіп ұйқымен арпалысқан Хакім мен Зауриді арнайы жіберілген қайық кері алып қайтты. Қайыққа отыра қорылға басқан екеуінің ұйқысын бақылауға алдыртқан Ғали мұның кәдімгі адам ұйқысынан еш айырмасы жоғына көзі жетті.

Тек Салтанаттан еш хабар жоқ. Кемеңнің шақыруына бірде-бір жауап бермеген. Мүмкін өзін аса құпия ұстағысы келді ме, не соншама бой тасалауға мәжбүр жағдай туды ма, ол арасы беймәлім. Басына нағыз қатер түссе, белгі беруге тиісті еді ғой.

Өз көңілін қанша жұбатса да, осы сапардан бас иесі Ғалидың тынышы кетіп, Салтанаттың тағдыры туралы бірін-бірі қуалаған сансыз ой мазасын алды. Көшік өміріне жөнсіз араласуға Әлем әділдігі алдында оның хақысы жоқ еді.

* * *

Беймәлім халқы, бүккен сыры бар көшік бетіне түскен Хакімнің көңілі алаң. Ғарышты кезген тірі дене тіршілік біткеннің бәрін түшіркенген тәтті ұйқының ләззатына бөлегенінің куәсі. Енді қандай құпия барын, дүниенің бір шетінен келген бұларға төге салар қандай кереметтің иесі екенін кім біліпті. Оның үстіне,

Салтанаттың да күні бүгінге дейін еш хабарсыз жатуы қандай жағдайға тап болды екен дегізіп бәрін де ойға салған.

Көшік жұртынан ерекшеленбес үшін барынша жұпыны киінді. Сөйлеу мәнерін де, дене мүшесінің оқыс қимылын да беймәлім елдің тұрмыс-салтынан түсірілген ленталардан әбден машықтана үйренген. Сырттай байқауынша, мұндағы елдің тәлім-тәрбиесі, сөз саптауы, өзін-өзі ұстауы әртүрлілеу сияқты. Қапы кетіп, жаңылыс баспас үшін тілдесер адамның психологиясына қарай икемделмек боп шешкен.

Бұрқ-бұрқ шаң кешіп, баскиімін қолына ұстап, салы суға кете сүйретіліп келе жатқан бұған ешкім көңіл де аудармады. Бір топ адам ескі мазардың жанына жиналыпты. Соның іргесіне қазылған қабырдың беті ашық, жиегіндегі тіршілігіндегі бір киерін бойына жапсырған мәйіттің сүйегі біреу әдейі топыраққа аунатып алғандай лас. Таяй келе көзге түскені — мәйіттің қойны-қонышы, киімінің бүктемелеріне дейін топыраққа толы. Айнала жұрт оны жерлеуге асықпайтын сияқты, екі-үштен топ-топқа бөлініп, гу-гу.

Әлдебіреуі қабір ішіне түсе қалып, құлаған кесекті бірер сілтеп сыртқа атқытты да, күрегіне сүйеніп, айналаға ыржақтай қарап тұра берді. "Сірә, мына мәйіт кеше жерленген-ау, — деген ойға қалды Хакім. — Мынау елде де өлгендерді қорлаушылар бар екен-ау, денені қабір жиегіне шығарып тастаушылар солар болды. Мынау сондай сұмдықтың ісіне ұқсайды. Жер бетінде, осыдан пәленше жүз жылдар бұрын, қасиетті Ақбастаудың етегінде сондай бір адамзаттың атына айуанның ісін таңған түршігерлік жағдай болыпты десіп, кәрі құлақ үлкендер жирене айтып отырушы еді. Сол шамада оған Жер-ананың бетін мекен еткен адамзат ұлының бар абзал азаматының қабырғасы қайысыпты. Бірақ сол істі бүркеп қалғысы келген қаскөйлер де табылған деседі. Сонан бері мұндай жағдайлар қайталанған емес. Бұл қалай? Тіршіліктің өркендеу бұтағы басқа-басқа болғанымен де, ұқсап кететін де жайттары болғаны ма?"

— Мына қабірге не болған? — деп сұрады Хакім оңашалау отырған екеудің жанына тізе бүгіп.

Әңгімесін тастай беріп бір-біріне қараған екеудің жүзіне таңданыс ұялаған.

— Ей, сенің есің дұрыс па? — деп сұрады бет-аузы шала иленген терідей қыжым-қыжым біреуі. Шақша басына шодырайып шыға келген көк тамыр ашу теуіп тұр. — Мынау не дейді?

Жанындағы жастауы "білмедім" дегендей иығын қиқаң еткізді.

— Кешір, аға мұндайды көрген жоқ ем. — Хакім үнінде жатып жастық, иіліп төсек болуға даяр леп бар.

— Е, сонша сен қайдан келіп ең? — деп, басын кег-жең еткізіп қодыраңдады үлкені.

— Алыстан. Жапан далада жалғыздық дегендей....

— Иһм, — деп күлді кішісі.

— Е, сөйдесейші. — Қыжым-қыжым беттің ашуы тарқаса да тарам-тарам қызғылт тамыры сау адамның бейнесін танытпаған. Өзінен әлдебір спирт қосындысының иісі шығады. Адамзатта бір кезде осындай ішімдік ауруына шалдыққан деуші еді, мынау да солай сияқты.

— Иә.

— Жапан далада аң мен аң боп жайылып десейші. — Шақша бас қалт-қалт етті де, езуіне орынсыз күлкі үйірілді.

Жанындағысы "тауып айттың" дегендей бір жағына қисайып сылқ-сылқ. Көзін ашып-жауып, ішін басады.

— Әй, мынау тамаша болды-ау.

— Мұндайды кім көрген.

— Өзі тірі не өлі екенін де білмес мына милау.

— Әй, милау, — деді үлкені Хакімге, — сен осы ұрғашы жыныстыны көрдің бе?

— Әйел затын ба? — деп қалды қапелімде сасқалақтаған Хакім.

— Айттым ғой бұл аң боп кеткен деп.

— Ой, ішегім-ай. Таза өлтірді-ау.

— Әй, милау.

— Әу, — деді Хакім «милау» атына іштей зорға көндігіп.

— "Әу" дейді өзі. Ай, бейшара-ай!

Селк-селк еткен екеуге қосылып Хакім де күлген боп жатыр. "Шіркін өмір не дегізбейді, не жегізбейді"

деген аталар сөзі дұрыс-ау дейді іштей. "Заманың түлкі болса, тазы боп шал" деген де сол қариялар ғой.

Сойған түлкідей ыржиган езуін зорға жиған екеудің үлкені жөткірініп, жақтырмағандай бас шайқап, қабағын түйді.

— Білмеймін де.

— Көрмеген ем.

Мынау жатқан мәйіт біз сияқты қарапайымнан шықса да, ісімен ана абзал көгілдірлерге жаққан кісі еді. Соларға кандидат болуға ойлап жүрген. Ажалы жетті — өлді. Ертелі-кеш дегендей... Кеше сүйегі жерленген еді, бүгін тысқа шығып қалыпты.

Біреу қабірін бұзған ба?

— Әй... и!.. — Үлкеннің қыжым-қыжым бетіне наразылық табы шығып, қуысырыла түсті. — Сөзді бөлме. Бізді билеуші дана көгілдірлердің айтуына қарағанда, топырақ көгілдірлерге жаққан жанның сүйегін де қараңғы қапасқа жасырғысы келмейді. Олар мәңгі жарықта болуы керек.

— Сонда, — деп дал болды Хакім, — қайта неге жерлейін деп жатырсыздар?

— Өстіп екі-үш ретке дейін жерлейміз, — деп манадан үнсіз тұрған екіншісі сөзге араласты.

— Осыған да болмаса, өртетуге тура келеді, — деп қостады үлкені.

— Көгілдірлерге ұнағандарды ғана топырақ кері шығарып тастай ма? — деп ежіктеді Хакім.

— Солай.

— Е, ол туралы сұрқиялардың таратып жүрген өсегі де бар, — деді кішісі.

— Не деп?

— "Сұрқиялар елге зорлығы өткен, жексұрындықпен аты шыққандарды топырақ өз қойнына алмайды", — депті.

— Қазір осындай тысқа шығып қалушылар көп пе? — деп сұрады Хакім.

Екеуі бір-біріне қарап, сонан соң саусақтарын санады да:

— Бұрын мынадай еді, қазір мынадай, — деп, әуелі екі, сонан соң он саусағын тегіс көрсетті. — Біздің көр-

геніміздің өзі осы, басқа жақтарда не боп жатқанын білмейміз.

— Білетінім, қазір көгілдірге әр үш кісінің біреуі ұнағысы келеді, соларға адал қызмет ету парыз.

— Ол қасиетті борыш, маған да осы жұрттың мінез-құлқын бақылап жүруді тапсырған, — деп мақтанды кішісі. — Әсіресе ана сұрқияларды ... Неге біржола солардың көзін жойып жібермейді екен. Әне, анау тұр біреуі.

Оның қол сілтеген жағындағы үйме тасқа арқасын сүйеп, шоқша сақалын тарамдап, иманжүзді шал отырған. Бет-әлпетінің басқалардан бөлектігін байқаған еді.

— Осы сұрқиялар елді бұлдіріп бітті. Неше қилы өсек, көгілдірлерге жабылған жаланы да таратушылар. Сырттарынан бағып, тіліне ергендер болса жең ұшынан жалғасып, өзімнің оңбасыма айтам, ол онан әрі жеткізеді.

— Көре алмайды бізді, — деп кіжінді үлкені. — Біздің мына тамаша өмір олар үшін теріс көрінеді. Сұрқиялығы сол емес пе! Әй, әкелші анауыңнан, ашуымды сөйтіп баспасам болмас.

Теріс қарап құнжың-құнжың еткен кішісі қойнынан бір шөлмекті суырған. Әжептәуір іс тындырып келгендей жүзінде күлкі, қолы дір-дір. Жалғыз ыдыспен кезек-кезек ішіп, тағы бір құйып Хакімге ұсынды. Әлдебір спирт қосындысының қолқаны қапқан ақшылтым иісі жетті. Теріс айнала беріп, ыдыс ішіндегі сұйықтықты жоқ етіп, ішкен болып ашырқанып, қақырынды.

— Әу, пәлі !

— Е, осылай етсейші, — деп қостады екеуі.

— Сіздерде бұл көп пе? Жапан далада бізге қолға түспейді.

— Баршылық, баршылық. Көгілдірлер ел қамын ойлайды ғой. Мұнсыз не қызық, өмірдің сәні емес пе?

— Қай мезгіл ішем десең де табыла бере ме?

— Оның несін айтасың?! — деп таңданды үлкені. — Әй, өзің жалғыз жүріп таза кісіліктен шығып бопсың ғой. Мұнсыз ертемен ораза ашыла ма? Түскі дәмді қалай жылжытасың? Кешке жұмыстан соң шаршағаныңды қалай тарқатып, көшеге қалай сейілге шығасың?

— Солай ма еді? — деп таңданғансыды Хакім

— Бұл үш мезгілмен шектеліп қалды деме, — деп сөзді қосты кішісі. — Қажет етсең, бізде кез келген мерзімде тәбетіңді өтеуге бұл ас даяр .

— Бұдан бүлініп жатқан ештеңе жоқ, қайта көңілді жүресің. Ана сұрқиялардың халықты бұл қызығынан да айырғысы келеді. Ел қамын ойлаған көгілдірлерге бұл жөнінде жала жаппақшы.

— Жойылсын сұрқиялар! — деп еліре жөнелді кішісі.

Елірменің айқайы программалы роботқа берілген белгілі сигналындай талайдың делебесін қоздырып, әр жерден-ақ қостаған үн шығып жатты. Дес қылғанда, көбі ешкімнің ұранын еститін халде емес еді, әрқайсысы-ақ қойнына тыққанын суырып, ыржақтасып та керілдесіп те жатыр. Сұрқия аталған шал кетіп қалмаса да, орын ауыстыртып, аулағырақ сырғи жайғасыпты.

Мынау елдің біраз хал-ахуалы айқындала түскендей. Көшік жұртын бас идіре білген көгілдірлер жеке топ — каста сияқты. Бүкіл қара халық бағынышты кастаға саяды. Билеушілер әуел баста әлдебір сұмдық уақиғалармен халық жүрегінің отын ала білген де, кейін сол тәсілді өршіте түсіп, елді бірте-бірте әлдебір сеніммен улап, көбін өздеріне жан-тәнімен берілген, ештеңе сұрамайтын да, талап-тілегі де жоқ тіршілік иелеріне айналдырып жіберген.

Көгілдірлердің сонда да бұларға сенімі жоқ сияқты. Бөтен ой туып, белгісіз қарсылық күші ұйымдаспасын деп көбін өзінің агенті еткендей. Жаға білгендердің қолы жеткені — көгілдірлікке кандидат мәнзелдес дәреже, не істеймін десе де қолын ешкім қақпайтын праволар болуы мүмкін. Тыңшының көбі арқадан қаққан, мойнына қарғы бау таққанға мәз шығар. Сөйтіп олар көшік халқын езгілеу машинасының тізесі, көшік табиғатын бүлдіріп, ресурстарын сарқушылардың оң қолы боп шыққан.

Мына көшік — ғарыш әлемінің сан қилылығының ерекше көрінісі. Адам ұрпағы қасиетті қара жерді «Жер-ана» дейді. Ақыл иелеріне тіршілік берген әр планета тоғыз ай құрсағында көтерген анадан несі кем? Сол ананың ақпейіл көкірегін тепкілеп, ақ бұлақ сүтін суалтып, мейірімді жүзіне жазылмас жара салып жатқандар бар екен. Көшік — тірі дене. Тір-

шіліктің әр формасы болуы және ол өзіне нұқсан келтіргендерге өзінше қарсылық етіп, өзінше жазалауы да мүмкін. Еліне айуан, топырағына жыртқыш боп тиген көгілдірлердің де, жандайшаптарының да сүйегін жылы қойнына қабылдамай сыртқа ытқытып жатса, ол да соның нышаны болар. Қолға кірген тікенді денең біраздан соң өзі сыртқа теппеуші ме еді.

— Иә, бұл топырақты аттаған сайын ішіне түйген сыры бар боп шықты. Көшік табиғатын тұралатып, елінің есін айырған билеушілерге қарсы қоярлық күште жоқ сияқты. Елінің түрі анау, ішкені — мас, ішпегені — елірме. Ішу де, іштіруде билеушілер үшін саяси мәні бар шара сияқты. Азаматына ой түсірмеуге, ұрғашысын ұяттан бездіруге әбден ойландырылған әдіс, ұйқылы-ояу шалажансар еткен күй. Өлім де той сияқты, таусылмас теке қалжақ, қарқ- қарқ күлкі.

Қайғырып көрмеген, көзіне мұң ұяламаған ел қуана да білмейтін шығар. Шын жүректен шаттанып, қайғыға егіле білмеген ақыл иесінің хайуаннан несі артық? Селт етпес жүрек селк етпей-ақ өз ұрпағын жаныштап, барар жер, басар тауын қалдырмай құрдымға құлатпай ма? Хакімнің жаны түршікті.

Сұрқиялар

Сұрқия аталған шал киімнің бір етегін бөкесіне басып жантайып жатыр екен. Жанына келген Хакімнің бетіне барлай қарады да, "отыр" дегеннің ишаратын жасады. Төмен қарап жер шұқыған Хакімге қабақ астынан ұзақ сүзілген.

— Солай де, балам, — деді бір кез.

— Иә. — Не айтарын білмеген Хакім әйтеуір тілге тиекке бас изеген.

— Сені манадан мен де байқағам.

— Бөлекпін бе? — Хакім таңданысын жасыра алмады.

— Бөлексің. Денең ірі де балғын. Сөз саптауың да өзгеше. Бұл маңның жұрты маған бес саусақтай белгілі ғой.

Мәселенің қалай ауарын білмегендіктен Хакім шал жүзін еріксіз баққан. Ақ кірген шоқша сақал, селдір мұрт. Жанары өңменінен өткендей өткір де ойлы. Сабырлы үнінде қынжылыс, шарасыз өкініштің лебі бар.

— Иә, балам, сен анадан келдің бе? — деп ақсақал аспанда жылтырап кезге зорға шалынған кемеңі нұсқады.

— Иә, сол жақтанмын.

— Сенің сол жақтан екеніңді мана-ақ ішім сезген. Енді менен жасырынбағаның да жөн шығар. Сұрқия атын жамылғанымызды да естіген шығарсың.

— Айта беріңіз, ақсақал.

— Сендер туралы да неше түрлі қауесет таратты ғой.

— Жұрттың көбі ана аспанда тұрған аспан денесі дегенге нануда. Ал, көгілдірлер өз жандайшаптарына «ол ана сұрқиялардың ісі. Онан келгендер болса табан астында көзін жоюдың жарасын қылыңдар» деп тапсырыпты. Бейқам болмассың.

— Ескерткеніңізге рақмет.

Шал төмен қарап тұқырайып біраз отырған. "Осы мен көп сөйлеп кеткен жоқпын ба? Айтқанымның қажеті бар ма?" дейтін сияқты іштей.

— Балам, көп сөйлеп басымды қатырды деме, көкіректегі беріш боп қатқан қайғы ішке сыймайды екен. Айналаны өзің көріп отырсаң, ақыл иесінің сұлдерінде жүрген аналар өзімен-өзі әлек. Тыңдайтын құлақ бекітілген, ұғатын ниет оты ішімдікпен өшірілген. Сұрқия атанып біз жүрміз ... Ең қиыны — туған еліңнен бөлектеп, қаны бірге туысқанның "жаусың" деп бетке түкіргені екен.

— Ақталып айтып көрмедіңіз бе?

— Е, олар сөз ұғудан кеткелі қашан! "Сен-ақ білгішсің" деп өзіңді шенейді. Бүкіл елді басқарып қамқоршы боп отырған көгілдірлер: "Сен ғана дана екенсің ғой, туу, неткен данышпансың!" деп мазақ етуден асқан емес. "Босқа жағаласып қайтесің? Бастықтар сені көзіне де ілмейді, сені қажет етсе, көгілдірлікке кандидат етіп алмас па?" деседі. Жеткеніміз осы. Бұл ең сөз тыңдағанының пікірі. Не айтасың?

— "Көгілдірлікке кандидат" дегені не ?

— Иә, балам, бұл елдің саған жат қыр-сыры көп. Сенің қайдан келгеніңді мен білмеймін, жата-жастана айтарсың. Ал, біздің халықтың нұсқасын көрдің. Бұл ел жаратылғаннан есуас дей көрме, осылай етті бізді билеушілер. Азып-тозған шағына келдің. Көбі шала хат

таниды. Жаппай оқу бар болғанымен, жарытып жатқаны шамалы, үзік-үзік білім, билеудің осы жүйесін пән атаулының бәрінде есі кете мақтау ғана.

— Ылғи шала сауаттылар болса, бұл елдің өндірісін кім басқарып, кім ие ?

— Сөзің орынды, шырағым. Ішімдік салдарынан анадан жарымес боп туған балалардың ішінен бірен-саран есі түзуі де кездеседі. Міне, осыларды ерекше қамқорлыққа алып, ғылым-ілімнің бар саласымен суармаса да, тар мамандыққа бағыттап білім беріп, көтермелеп бағады. Олардың жұмыс бабында өсуін де көгілдірлердің ерекше ықыласы деп, асқан қамқорлық деп түсіндіріледі. Белгілі шамаға жеткен соң оны көгілдірлікке кандидат етіп алады. Ол үшін — бұл бір қол жетпес керемет дәреже, аңсаулы арман. Билеушілер ел қанына да, санасына да осыны сіңіре білген. Кандидаттыққа іліккен бір ағайыны, танысы болса, оны ауыздан тастамай мақтан тұту, соның құрметіне табыну әбден етек алып, рәсім боп кірген.

Мәйітті жерлеушілер жағынан шу шықты. Дүрліге тұрған халықтан қорқыныш үні естіліп, жапа-тармағай жан-жаққа қашып жатыр. Орнынан тұра алмай тәлтіректеген біреуі домалаған бетте мәйіттің қабіріне түсіп кетті де, өлік ретінде қыбырсыз қалды. Бір тұрып, бір жығылған мас әйелдің шыңғырған дауысынан құлақ тұнған. Хакім не боп қалғанын түсіне алмай ақсақалға қараған.

— Әне, анау ғой, — деді шал. — Сонан қорқыш...

Енді байқады, маңдайындағы жалғыз көзі жылт-жылт еткен робот тісі ақсиып, тіл сияқты бірдемесі жалақтап таяп-ақ қапты. Өзі еңгезердей, бет пішіні әлем-жәлем, аттаған сайынғы сықыры жерді оятындай естіліп, құйқанды шымырлатады. Сырт тұлғасына адам қаңқасының суреті ерекше әсерлі салынған роботтан шынында да кісі шошынарық.

— Мынау роботтан жұрттың осынша қорқу себебі қалай? — деп сұраған Хакім.

— Ә, оның да жөні бар. Бұл робот, әрине, ажал бейнесінде болғанымен, кісі жемейді, бірақ билеушілер халық әр уақыт қауіп ойлап, өздерінің қамқоршы екенін ұмытып кетпесін деп, оны жолындағы көлденең

келген ақыл иесін жапырып кетуге программалаған. Басқа зияны жоқ.

— Онысы қызық екен, — деді әлі ештеңені түсінбеген Хакім.

— Халықтың түсінігінде роботтар елге қырғын әкеледі, сөйтіп тіршілік атаулыны жояды.

— Кешіріңіз, ақсақал, ондай қалыптасу себебі де болуға тиіс қой. Ақыл иесінің өзі жасаған машинадан осынша үркіне негіз неде?

— Бар ғой ол негіз. Айтқан жоқ па едім?

— Құлағым сізде.

— Біздің ғылым робот жасауда біраз жетістікке жеткен.

— Мына көргенімізден оны байқай алмай отырмын. Тағы да басқалары болғаны ғой.

— Әрине, балам, роботтардың талайы түрмеде жатыр.

— Не дейсіз? — Хакім таңданғаннан шалқалап ақсақал жүзіне үңілді.

— Иә, шырағым, талайы түрмеде. Бұл ел ойлау жүйесі ақыл иелерінен кем емес, өзін-өзі жасайтын роботтарды да шығарған. Табиғи ресурстардың тапшылануына байланысты енді соларды ғана жұмысқа жегіп, тамаша өмір сүрмекші де еді. Көгілдірлер өздерінен басқаны біртіндеп азайтып, тамаққа киім де сұрамайтын роботтарды ғана қалдырмақшы еді. Солар енді иелеріне қарсы қастандыққа шыққан.

— Қалай?

— Роботтардың ой-жүйесін тексеру үшін олардың сөзін жазып отыратын аппаратты құпия қойып қойса керек. Сонда роботтар: «Біз өзімізді өзіміз жасай аламыз, бізге енді ештеңенің керегі жоқ. Сол себепті ақыл иелерін тегіс қыру керек, ол үшін билік иелерінің көзін жою керек», — десіпті.

— И... а... — деп таңдана дауысын созды Хакім.

— Солай, шырағым роботтардың жаңағы әңгімесін халыққа жария етті де, өздерін ел қорғаушысы етіп шыға келді. Енді робот жасауға тыйым салынды. Азған елдің алдында арзан абыройға ие боп, жұртты өзіне біржола табындыра білді. Робот тіршілік атаулыны жояды деген үрей ел санасына мықтап бекіген. Сірә,

ақыл иесі неғұрлым оқу-білімнің төменгі сатысында тұрса, соншалық келер заманға үрке қарайтын тәрізді. Адамзаттың арғы аталары заманның ақыры болып, жер астынан адам ұрпағын құртар Дажал шығарды деп қорыққан екен. Ол бір ұрттап суды тауысып, бір қауып жерді күйсеп тіршілік біткенді жоймақ-мыс. "Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?" дейді екен бұрынғылар. Сол Дажалы жүйрік қиялдың жемісі, түбі дами келе, ғылым өсе келе адамзатқа бір қатер төнбесе игі еді дегеннен туғандай. Міне, мыналар өз отанын өздері тоздырып, өз отына өздері су құйып жатып, қайдағы роботтан зәрулері қалмай түршіккен. Көргеніне Хакімнің жаны күйзелсе де, адамзаттың дамуда дұрыс жол тауып, Жер-ананы сақтай білгеніне көңіл марқайды.

Халық әр уақытта да болашаққа сеніп келген. Аңыз соңы былай дейтін еді:

Дажал Жер-ананың бетіне бірнеше сағатқа ғана шығып үлгеріп, біраз елге де, жерге де зиянын тигізіпті. Сол уақытта бір кездерде ғарышты шарлап кеткен адамзаттың бір ұлы мен жер қойнауын қызықтап кеткен жас жеткіншек жігіт келіп, жалғыз көзді пәлені садақпен атып жығып, елді азапты ажалдан құтқарып алған екен деседі.

Мынау елді құтқарар ұлы, табиғатына өң, тіршілігіне сән берер қызы қайда? Күндіз қуғын, түнде айдауға түсіп, аузын ашса жағын айырардай халде жүрген "сұрқия" атанған мына шалмен оның тобының қолынан не келеді? Адамзат аңсаулы бауырларын іздеп, ғарыштың осы тұсынан табылар планетаға "Үміт көшігі" деп ат қойған еді, жағдайы мүшкіл елге тап болды.

— Шырағым, — деп шал Хакімді жеңінен тартты. — Осы бізге әркім-әркім қарай берген сияқты. Менен саған зияннан басқа пайда келмес, енді қош айтысайық.

Шалдың тұрағының жөніне қанған Хакім көп кешікпей іздеп баратынын айтып, қалашықтың көшесінің біріне түсіп жүріп кеткен. Шаң-тозаң басқан тар көшенің бойы ығы-жығы тобыр. Ел мініп жатқан көлікке отырмай, жаяу тартты. Дені сау жұрт жұмыста ма, жолай кезіккеннің көбі әрқилы мүгедек-

тер. Қолы жоқ, бет-аузы қисайып кеткен, көзі шара-сынан шыққан, ақсақ-тоқсақ дегендер бықып жүр. Тап алдынан серуенге келе жатқандай бір тобы ұшы-распасы бар ма! Көңілі бұзылып, жүрегі тулады. Теріс айналып жол берсе де, назары соларда екенін өзі де аңғармапты.

Жанына келіп айналсоқтаған біреу:

— Неғып тұрсың? — деп сұраса да, қызыққанын жасыра алмай: — Киімің жақсы екен, — деп созды.

— Ұнай ма? Мә, сен ала ғой. — Хакім сырт киімін шешіп, бейтанысына беріп, өзі сонікін киді. Бейтанысы бет-аузы қызара ыржаң-ыржаң.

— Жақсы болды, мақтанатын болдым.

— Мыналар тіпті көбейіп кеткен бе? — деп Хакім әңгіме бетін бұрды.

— Солай сияқты. Ой, жақсы болды... — Бейтаныс әлі қуанышынан арыла алмаған.

— Киім табылады ғой, ана сорлыларды айтам да.

— Олардың жағдайы жақсы. — Бейтаныс киімін сипап, көзі де көңілі де тоймай әлек.

— Бейшаралар.

— Не ішемін, не жеймін демейді.

— Табиғаттың бүлінуі ішімдіктің салдары ғой мына сұмдық.

— Әй, өзің... — Бейтаныс Хакімнің бетіне аңыра қарады.

— Сен өзің сұрқиялардың алдауына түсіп қалғаннан амансың ба? Солар ғой осындай өсекті таратып жүрген. Бізде мүтедектердің жағдайы әбден ойластырылған. Олар билеушілердің толық қамқорлығында. Садағаң кетейін көгілдірлер... Қамқоршымыз... — Бейтаныс шын пейілмен езіліп, кемсең қақты. — Солар ғой біздің асырап-сақтаушыларымыз.

— Е, солай де.

Ұзай берген Хакімнің соңынан бейтанысы:

— Әй, сен енді көп көкіме, — деп айқайлады.

Соңына ілескен біреу болса үлгере алмасын деп аузы-мұрнынан шыққан автобус тәрізді көлікке сондай-дайдан жүгіріп, қос жаппалы есіктің арасына қыстырыла ішіндегі жұртты итеріп еді, қолы іліккен орындықтың басы жұлынып кетті.

— Күш-ақ екен! Міне, жігіт! — деп риза болды қарсыдағы біреу.

— Жасағандарыңа болайын, сапасының түрін... Болтынан жырылған дюраль сияқты қуыс түтікшені орнына тығып, басып қалып еді, онан әрмен кіріп кетті.

Ойқыш-ұйқыш жолменен зорға жылжыған көліктері бірді-бірге соғып әуре етіп келеді. Сонда да оған көңіл бөліп жатқан жұрт шамалы. Қызара бөрткен жасамыс кісі бар дауысымен бажылдап ән айтқансыды. Жанындағы басын оның қолтығына тыққан әйел кейде қосылған боп, кейде әлденені айтып ала қашып өзінше сыңсып отыр. Автобус іші тойға жиналғандай у-ду, барқырай сөйлесіп, балағаттасып та қап жатыр. Көмір түсіріп келгендей тозаң басып, жақ жүні есіп кеткен жігіттің кірпік түбі қып-қызыл. Қызыл көзін әркімге тіктей қарап біраз тұрды да, көңіліне ұнар жолсерік таппады ма, қойнынан шығарған шөлмегін тығынын тістеп ашып, қылқ-қылқ жұтты. Отырған жұрттың көбі масаң.

Хакім көңілінде екі ұдай сезім арпалысқан. Бірі— жиреніш, бірі — аяушылық. Мына халықтың жайын түсінген сайын жиреніш аяушылықты басып бара жатқан. Сори арылмаған бейшаралар, ішкеннен басқа не қалды сендерге? Сендер үшін бар жақсылықты билеушілер ойлайды, қам жеме деп сендіріп біткен. Үн шығарса ажал дұзағына түсетінін де іштей біліп, байы қатынына, қатыны жақынына сене алмай, табан асты жау, тырнақ астынан кір іздеген ит тіршілік. Көңіл кірін ішімдікпен жуғаннан басқа не қалдырып еді.

Ерекше әулекіленіп тұрған жастар жағы. Әлдекімге орнын берген жас қыз орталарына түсіп қалып еді, еш қымсынбастан бейшараны ортаға алып, әурелей бастады. Біреуі бетінен сүйсе, екіншісі төсіне қол жүгіртіп, біріне-бірі бөкселерімен итермелеп тәлкек етті. "Қой" деп жатқан ешкім жоқ, үйреншікті жай сияқты.

Көзіне жас үйірілген қызды ымдап өзіне қарай шақырып алған Хакім бір бұрыштан орын беріп, қамқорлығына алды. Жәдігөйленіп алған тобыр сонда да шайқымазақтығынан танбай, неше түрлі қылық көрсетіп-ақ бақты. Қызға ашық тиісейін десе, қол күшін

көрген еңгезердей Хакімнен қаймығатын сияқты. "Иә, бұлар күшке ғана табынуға мойын- сұнған адам тәрізділер" деген ой Хакімнің миынан шығар емес. Иә, ол зерттеуші ғалым ретінде мұның да себебіне көз жүгіртуге міндетті.

Ақсақ аттай шошандаған көлік бір жерге келіп тоқтаған. Ішіндегі халықтың көбі сыртқа шықты. Көліктен түсе біреу қуғандай артына бір қарамай безген қыз жапан далада қорқаудан үрке қашқан киіктің лағы дерсің. Туған жер, жазира дала көз алдына кеп Хакімнің жүрегі сағыныштан тағы бір шым етті. Сонан соң Салтанат есіне түсті. "Қайда екен? Мына сияқты тобырдың жәбіріне ол, әрине, түспейді. Бірақ та..."

Көліктен түсе ағылған жұрт есігі айқара ашық жатаған ақ сарайға кіріп жатыр. Ар жақтан: «Хау-хау», — деп дем берген үн естілген. Спорт ойынының бірі ме дегендейсің. Сарайдың жарты шеңбері формасында жасалған іші биік амфитеатр да, тап етегіндегі сахна төрінде қарлыға айқайласып, аяусыз жұлысқан екеу көзге шалынды. Хакім артқы орындықтың біріне жайғасқан еді.

— Анау мықты екен, — деді жақын отырған қыз жанындағы жігітке қарап.

— Мығым сияқты, — деп үн қатты дүрдиген қара жігіт.

— Осымен үшінші кісіні жайратады. — Қыз үнінде ризалық қана бар.

"Жайратқаны қалай? — деп ойлады Хакім. — Мынау өзі не ойын? Алакөлеңке сахнадағы шала шешінген екеу жұлқа тартысып, оқыс тебісіп, қолдарындағы әлденені сарт-арт ұрыса сермескен. "Қанжар!" Сүп-суық ой миын тілгілеп өтті. "Сонда мыналар шынымен халыққа тамаша көрсету үшін өлімге бас тігісіп жатырма? Рим тарихындағы гладисторлардан мұның несі артық болғаны?" Әне, қансырап біреуі жығылған еді, жеңісті қошеметтеген халық шу етті.

— Ван, сен керемет күштісің ғой, көрсетші анаған көресіні, — деді қыз жігітке.

Жігіт түнере қараған.

— Ван!.. — Қыз жігіт кеудесіне қылымси сүйкенді. Ван атанған жігіт орнынан тұрып, сахнаға беттеген.

– Ван, мен сені сүйемін, жеңіспен орал.

Жүре шешінген жігіт сахнаға атып шығып, сайысатын ыңғай білдірді. Бос орынға кеп отырған тағы бір жігітпен қыз шүйіркелесе кеткен.

Хакімнің көз қиығы енді бір түскенде, жігіт құшағына енген қыздың білегі оның мойнына оралыпты. Сахнада адам бейнесінен айырылып, қорқауша қорқырасқан екеу қанды айқасын бастап жіберген.

– Соқ! Өлтіре соқ!

– Қанын шаш!

– Теуіп құлат!

– Аяма деймін. Аяма!

У-шудан құлақ тұнған. Қанға көзі тұнған көрермендерде де еш мейрім жоқ сияқты. "Япыр-ау, мына қанды ұрыс не үшін жүріп жатыр?" Көне замандағы Рим гладисторларын өлімге еріксіз айдаса да, ол сорлылар бірін-бірі қимай, көздерінен жас ағып тұрып соғысқа шығатын. Бұлар не? Ерлік көрсететін жер мына сахна төрі емес, батылдығымен ептілігін өлімге бас тігіп дәлелдер ме? Екінің бірі ажал тырнағына іліккен жерде мәрттік жүре ме? Әне, болары болды. Шалажансар Ванның кеудесін аяғымен басқан қарсыласы жұртқа қараған.

– Соқ !

– Өзі тіленіп барған, аяма !

– Соқ! – деген дауыс дәл жанынан тағы естілді. Көрші жігіт те, оның мойнына оралған, жаңа махаббатына масаң қыз да: «Соқ!» – деп айқайлаған.

Қан жуған еденді ешкім сүртіп үлгерген жоқ, әлдекімдер жезтабақ, кісі бойына жақын барабандарды әкеп орнатып жатыр. Тына қалған бір сәтте, келесі минутта жез табақтардың даңғыр-дұңғыры, барабанның гүрсілі басып кетті. Киімі де сөлекеттеу, шашы да жалбыраған біреу ән айтқан боп селк-селк еткен еді, қайырмасына жетпей қол соғып, бірі отырып, бірі тұрған тыңдаушылар ән айтушымен бірге қопаң-қопаң. Бұл ән ұзақ еді, шуылы тап осыдан айнымайтын келесісінің тіпті шегі жоқ сияқты. Тыңдаушы біткен тіпті еліріп алған.

Ән шіркінді үнсіз тыңдап, егіле отырып жүрекпен қабылдап ойың ұштасып, бойың сергітін. Мынау жаппай психоз ғой. Бір кісі емес, бүкіл қоғам шалдыққан,

емінің жолын таппаса, ақыл иесінің асыл қасиетін жыртқыш аңның инстинктерімен ауыстырар қатерлі ауру. Туған даланың тозаңын шығарып тоздырған ел тұйыққа тірелсе, болашағынан жылт еткен үміт сәулесі көрінер ме?

Хакім көргенінен түңіліп, тысқа шығып мәңгіріп біраз тұрды. Сонан соң ауыр күрсініп, аялдамаға кеп тоқтаған автобуссымаққа беттеді. Жалпылық көлікке мінсе, артқы жағында түргеп тұруды ұнататын. Бұл жолы қаланың ел аздау бір жағына бара ма, ішіндегі халық аздау екен. Алдыңғы есіктен кірген жас жігіт төмен қарап отырса да, жиі-жиі қабақ астынан сүзіп, ерекше назарына алғанын Хакім бірден сезді. Жарым сағат қаланы кезген автобустың алдында ол, арт жағында Хакім іштей арбасып, мысық-тышқандай ұзақ аңдасып-ақ бақты.

Келесі бір аялдамада түсетін жұрт шығып боп қалған еді, көлік енді қозғалайын деп жатқанда, есіне енді ғана келгендей боп алақтаған Хакім есікке ұмтылған. Қимылынан көз жазбай сасқалақтап сыртқа бұрын шығып үлгерген аңдушысын тыста қалдырған автобус шойқалақтап ұзай берді. Хакім көлеңкедей ілескен немені жер соқтырып кеткеніне іштей мээ. "Ә, солай болар", — дейді іштей.

Ілгері жылжыған елменен ілесіп алдыңғы есіктің жанына барып, тіремесіне арқасын сүйеген. "Әлгі сорлыны бастықтары балағатқа тойдыратын болды-ау! Өзі де бір сүйретілген сүмелек екен", — деп күлген. Аялдамаға енді ғана тоқтаған көліктің алдыңғы есігінен екі өкпесінен дем алып, тер жапқан көзін сұрткіштеп аңдушысы тағы кіріп келеді. Сірә, жанұшыра жүгіріп, қалмай ілескен тәрізді. Алдыңғы есіктің жақтауына сүйенген Хакімді көрді де, көзі жыпылықтап, тілі байланғандай сілейді де қалды.

— Я, жеттің бе? — деді оны мазақ қылған Хакім.

"Мынау не дейді?" дегендей бағжаң етіп қарады да, мазағын түсініп теріс айналып, күңкілдей кіжінді.

— Жеткен екенсің ғой.

Хакімнің тағы бір таңғалғаны — аңдушылардың байқағыштығы. Оның жалпылық көлікте қай орынды ұнататынын дәл тапса да, із кесушілерді алдап айла

жасар деп ойламағаны да қызық. Манағы шалдың ескерткеніндей, шынында да қолдарынан келсе мұны аямақ емес сияқты. "Иттің иесі болса, қасқырдың тәңірісі бар" деген екен бұрынғылар, мұның қайдан келгенін білсе де, сезбегендей ниет танытарлық не қауқарлары бар. Қара көк аспанда жарқырап тұрған кемеден сескенбей ме, әлде "бөрі арығын білдірмес" дегендей, "сыртқы жүнін қампитқаны" ма? Дегенмен аяқ алыстары қызық өздерінің.

Есіктің жақтауына жабысқан аңдушы бұ жолы ысырылып жол беріп Хакімді шығарды да, жан-жағына жалтақтап қарап өзі де түсті. Жұрт тарап кетсе де, әр жерде состиган төрт-бес жігіт әрнені сылтауратып қыбыр етпеді. Саны көбейген ізшілерінен Хакім ілгері озып, үй-үйдің арасы, тырбиған тал, шоқ-шоқ бұтаны ию-қию аралап бақты. Қалар емес, қайта жаңадан тағы екеуі қосылды.

Балалар ойнайтын биік сатыға шығып, анадай жердегі парксымақтың ортасындағы түрлі-түрлі статуяларды көрді. Сонан сатыдан түсе жүгіргенде, әлдебір алып кісі бейнеленген статуяның етегіне жетіп, тас балбаланың кейпіне ене реңін өзгертіп, бір тізерлеп отыра қалған. Ырсылдап ізшілер де жетті.

— Осында! Тап осы жерде.

— Дәл осылай қоршаңдар! Енді айырылып қалмайық.

— Менің аспабым "осы жерде" деп көрсетіп тұр.

— Бәріміздікі де.

Жалпы дамуының сорақылығына қарамастан іздеу техникасының өте жақсы жолға қойылғаны көрініп тұр. Бәрінің қолында бір-бір көрсеткіш, айнала қоршап, тап осы жерде екенін дәл басып-ақ тұр.

— Өзі көрінбейді ғой, қайда кетті?

— Әй, мылжыма! Ол жәдігөй емес пе, тышқан боп жасырынып тұрған шығар.

— Әрине! Енді не қылса да осы жерден шығармау керек.

Тағы бір жарты сағат өтті. Өздері тұрған жерді ауыр-ауыр бетон қабырғалармен қоршай бастады. Хакім еппен қалтасынан бәкісін суырып, біреудің аяғының астына тастады.

— Міне жатыр, міне! — деп ыршып түсті.

— Жақындамаңдар! Солай жата тұрсын.

Белгілі объект табылғанына қуана түскен іздеушілер бәкі жатқан тұсты мықтап қоршап, төбесін де плита-лармен жауып, оның үстіне қоқыс төгіп, катодкомба жасап жатты.

Шалдың тұрағын Хакім алаңсыз іздеп тауып алды. Қаланың шетіндегі жатаған үйдің есігін өзі ашқан ақсақал қонағын төрге шақырып, әуелі сусын ұсынды. Қаталап қалған екен, сырлы аяқтағы сусынды төбесіне бір-ақ көтеріп, рақметін айтты.

— Балам, енді жөніңді айта отыр. Бұл үйде бізге қауіп жоқ, ізінді жасыра білген шығарсың.

— Алыстан келдік, ақсақал. Тұрағым — Жер деп аталатын алыс планета. Ғалымдар дүниенің осы тұсында тіршілік болуға тиіс деп жорамалдап еді.

— Е, — деп сақалын тарамдай дауысын созған шал көзі сығырая ойланып біраз отырды. — Әлемде біз сияқты біреулер барын біз де болжаған едік. Әттең, керегі не... Алысты тыңдай алатын аспап жасап, белгісіз радиодауысты жазып та алып ем, жүзеге асыра алмадым. Көгілдірлер кеп, зобалаң басталды да кетті, "балапан басына, тұрымтай тұсына" дегендей заман туды.

— Бұл қалай болған уақиға, соны айтыңызшы?

— Көгілдірлер төңкеріс жасап, билікті тартып алды.

— Ел ше?

— Ел мына өзің көргендей халде емес еді. Сенбесең, міне, қарашы. — Ақсақал сыртын тыстаған кітапты Хакімнің қолына ұстатты. — Мұнда бұрынғы ғалымдардың осы ел туралы зерттеулері жинақталған. Дарынды да дарқан ел болған ек, енді оған кімді сендіре аласың? Жақсылыққа сендіру үшін де жақсының «міне, көр» деген өлшем бейнесі болуға тиіс қой. Онан бізде жұрнақ жоқ, ел көңіліне әлдебір ой салмасын деп абзал дүниенің бәрінің де ойран-ботқасын шығарды. Ізгілікті көріп өспеген ұрпақ әуелі саңылаусыз меңіреу боп, онан өзін хайуаннан айыра алмас мәңгүрт боп кете береді де.

Оқығандар мен білгірлер билеушілерге қарсы елді ұйымдастыра алмады ма? Осыншама азып-тозуға жіберіп, ешкімнің тұяқ серіппей отыруы мүмкін емес қой.

— Ей, балам-ай, — Ақсақал ерен күрсінді. — Интеллигент деген халықтың ақыл-есі, бастаушысы емес пе, әуелі біз солардан айырылдық қой.

— Қалайша?

Әуелі ел билеушілер ел көңіліне ұсақ-түйек жеңілдіктер жасап марқайтып қойды да, орта буындағы оқығандары халыққа жаулық ойлап жатыр деп үрім-бұтағымен қырып жіберді.

Алжасқан ел мұны кезінде қолдады. Осы кәпке кейін төменгі буындағы оқығандар душар болды. Сөйтіп, елмен қоян-қолтық араласып жүрген білгірлер құрып кетті. Біреуінің туысы не жолдасы кетіп жатқан соң, ел ішінде күңкіл болған еді, ондайлар бір түнде ізім-қайым жоғалып жатты. Жұртты үрей биледі, үрей алған ел бас сауғалауға көшті, көбі жаңа билеушілердің ерікті тыңшысына айналды. Ағайын-таныс деген ұғым ұмыт боп, орынын бір-біріне деген күдікшіл көзқарас басқан. Ақыры бүгінгі көріп отырған жағдай.

Қай-қайдағының бәрі есіне келген шал үнжұрғасы түсіп, жүзі солғын тарта тұқырайып отырса да, іштегі ызасы шымыр қаққаны шықшытынан белгілі болып отыр.

— Сұмдық екен, — деді үнсіздікті бұзған Хакім.

Не кереметтің бәрі өтті. Қазір билеушілер қара халықтан өздеріне сенімді жасақ құрып алды. Перзентханада туған баланы анасын үгіттеп балалар үйіне тәрбиелеуге алуға тырысады. Бір ғажабы, аналардың көбі сәбиінен айырылған жоқ, жылуы жоқ өмірден қажып, перзентінен үміт іздей ме, әлде жан-жануарға біткен аналық инстинкт мықтап оянған ба, ол арасы беймәлім.

— Баласын тастап кететіндер де бар ма?

Олар да баршылық. Анасының төсін сорып, әкесінің мойнына асылып еркелеп көрмеген бала қара тастай меңіреу, іші жылымас мейірімсіз боп өседі екен. Билеушілерге керегі де сол, балалар үйінде сәбилерді тәрбиелеуге құштарлық сонан туып отыр.

— Ал, сіздер көпсіздер ме? — деп сұрады.

Ақсақал мырс етті.

— "Сұрқия" демегеніне күлем де. Ол біздің ресми атымыз боп тұр ғой. — Ақсақал тағы да күрсінді. —

Ғалымдардың көбін жойған. Әзірше азу-тозудан аман біраз ел бар, бірақ оларда жеткілікті білім де, аздап болса да билік те жоқ. Менің ойымша, бізді биологиялық мұқтаждық туып қала ма деп сақтап отырғанға ұқсайды. Ел ішінде неше түрлі мүтедек қаптап бара жатқанын көрген шығарсың, мына бетінде он екі мүшесі сау ешкім қалмауы мүмкін. Міне, сонда бізді сауықтырушы элемент ретінде пайдалануға қажеттілік тұмақ.

— Оғанға дейін сіздер құрып кетпейсіздер ме?

— Олар бізді таза сақтауға тырысатын сияқты.

— Бұл пікіріңізді немен дәлелдейсіз?

— Бізді бүкіл халыққа қарсы қойып, сұрқия атандырды. Ашса алақанында, жұмса жұдырығындамыз, соған қарамастан бізді біржола жойып жібермей отыр. Бұл аз дәлел болмаса керек.

— Көгілдірлер көп пе ?

Бүкіл елді билеуші бес-ақ адам. Солардың айналасына жиналған жүздеген тобыры бар, ал тобырдың өзінің жақын-жуығы, көңіл жетері дегендері тағы бола жатпай ма.

Ақсақалдың кеңесімен Хакім қала аралап, жұмыскер ел өмірімен танысу үшін заводтарына барған. Аласа да тар цехтардың іші ыбырсып жатыр, ауасы да қапырық. Онымен ешкімнің ісі жоқ сияқты, әркім өз станогының жанында күйбеңдеп, жүріп тұрған лентаға істеген бөлшегін тастап, келесісін қағып алып, апыл-ғұпыл. Жұмыскерлердің көршісіне көз қиығын тастауға да, сіресіп қалған денесінің құрысын жазуға да мұршасы жетпегендей, Осыншама қарқынмен қанша уақыт жұмыс істеуге болатынын Хакім түсіне алмады. Жұмыстағы мына біреңкейлік организмді бұзып, майып етіп тастайтынын ескермегендері де. Адам шіркіннің бақыты қарқынды жұмыспенен, бір винтик болумен өлшенетін болған соң не айтарсың?

— Неғып тұрсың? — деп сұрады сақал-мұрты жылмиған біреу. Сірә, осы жұмысты басқарушы бригадирі болса керек.

— Көрейін деп.

— Нені көресің?

— Қалаға бірінші келуім еді.

— Ашықауызбын десейші. — Бригадир мысқылдай ысқырып жіберді.

— Жұмыс үстінде мертігу бола ма?

— Әрине, болады. — "Осы не сандалып тұр?" дегендей бригадир ежірейе қарады.

— Оларды емдей ме?

— Емдеп қажеті не? Біңқылдап, шойнандап өмір сүріп керегі не, бізде аз өмір сүрсең де қызығына жағдай мол жасалған. Жігітке не керек? Әйел ме? Таңдағаның сенікі, іш-же, ойна-күл, қолыңды ешкім қақпайды. Сол себептен мертіккендер көңілді сарайға жіберіледі. Көргің келе ме? Жаңа бір мертіккенді сонда жіберген, жүр, көрсетейін.

Екеуі жүре сөйлесіп, бригадир ашық ауызға білгірлігін танытқынына мәз болып келеді.

— Ешкімді емдемесе мүгедектерді неге бағады? — деп сұраған Хакім.

Олар туа солай ғой, тірі жан болған соң өмірді олар да біраз көруге тиіс қой. Біраз жасаған соң, олар да көңілді сарайға жіберілді, өмір бойы масыл қып, мойынға артып кім ұстайды деп ең.

Көгілдір сарай ішіндегіні сырттай ғана бақылауға болады екен. Бейшара мертіккен жігіт түкті кілемге шалқалай жатқызылыпты. Бір қолы мен аяғы сынған екен, оны дәкемен орамапты да, теріні жарып шыққан ырсиған сүйекке қара қошқыл қан қатқан. Мертігуші ауырғанын білмей ме, ыржаң-ыржаң күліп сау қолымен ауа қармап, әлдекімді құшқан тәрізде боп өзінше әлек. Мұнан әрі қарауға Хакімнің жүзі шыдамады, шегіншектен тысқа шығып кеткен.

Жұмыстан қайтқан жұртқа ілесіп Хакім олардың үй-жайына барған. Әлденеше секцияға бөлінген төрт-бес қабат үй бірнеше семья кіруге ыңғайланған сияқты. Қоңыр салқын үйлердің іш жиһазы да баршылық, көзартарлықтай болса да бойыңды баурап жылуы да аз жатақхананың иісі аңқиды. Құлып түгілі, ілгегі салынбаған есік шиқ-шиқ, кіріп-шығып сапырылысып жатқан жұрт. "Қайдан келдің? Кімсің?" деп жатқан да бұған ешкім жоқ. Өз-өзіңмен болсаң да, сөйлескенмен, шүйіркелесіп отыра берсең де жөн сұрар пенде аз.

Бірінің төбесі, екіншісінің едені боп жатқан қабат

үйлердің әйтеуір арасын бөліпті дегені болмаса, дыбыс изоляциясы жоққа тән. Көршінің кереуетінің шиқылы күмәнді ой салса, тап төбедегі еденнің сықыры құй-қанды шымырлатады. Онысы аздай, анау да мынау да музыка қойып, ит тұра қашқандай азан-қазан. Кісіні делқұлы етпесе, мына тірліктің миға тыным бермейтініне Хакімнің көзі әбден жетіп, бұл да билеушілер саясатының бір бөлігі екеніне көңілі сенді.

Өзі ілесе келген үй иесін әйелі мойнына асылып, бөтен кісі тұр-ау демей аймалап, ыстық сезіммен қарсы алған еді, әлденеге шығып кеткен еркегі көп кешікті.

— О, сен тамаша жігіт екенсің, — деп келіншек Хакімнің шашын сипап, асыла кеп тізесіне отырды. — Неге үндемейсің?

— Түсініңіз, ұят болар.

— Ұят деген не? — деп мәз болған келіншек келесі сәтте мойнына оралып, бетінен сүйген.

Келіншекті жайлап ысырып, есікке беттеген Хакімнің соңынан жеткен ащы мысқыл желкелеп қуғандай. Тыста екі құлағын бірдей қос қолдап бітеп, жасына жетпесе де мыж-мыжы шыққан әйел отыр. Өңі сүп-сүр.

— Сізге не болған?

— Өлсем екен. Өлім де жетпей қойды. Мынау моласы азан-қазан, көшесі у-шу... Әй, ажал да кісі таңдайды ғой деймін.

Көргеніне көңілі құлази шаршаған Хакім ақсақалға қайтып оралып, көргені туралы тіл қатуға зауқы соқпай біраз үнсіз отырды. Шал да ештеңе сұрауға асығар емес сияқты, анда-санда қабақ астымен қарап, өз ісімен әлек

— Уһ! — деген дыбыс шығып кетті Хакімнен.

— Шаршапсың ғой. — Шал ине-жібін былай қойды. — Ал...

— Сұмдық қой мынау.

— Е, балам, бізде не күш бар, іш қазандай қайнайды. Кейде тіпті көгілдірлер тобына өз кісіңді сіңіріп, билікті солай қолға түсірсе деп те ойлайсың. Бірақ биліктің аты — билік, оның да жеңіл жолға түсіп, ел қамын ұмытып кетпесіне кім кепіл?

— Бізде "жалғыздың аты, жаяудың шаңы шықпас" деген мақал бар.

— Соның кебі де. Іштей қиял қуып, шарадай басты дарадай қып отырған жай бар. Барар жол не, тірелер түйік қайсы, көз жетпейді.

— Қол қусырып отыру жараспайды ғой.

— Жалғызды да жау арасына сіңіреміз, бірақ әуелі төменнен бастау керек. Елдің есін түзеу үшін шаралар керек. Билікті қолға алғанмен, елдің пиғылаты түзелмесе, онан келер пайда шамалы, есуас толқын бір жарға апарып бір-ақ ұрады.

— Халықты түзеуді неден бастар едіңіз?

— Ол үшін әуелі есі түзу жұртқа сүйенген билік керек. "Тапқаным тамағыма, жұтқаным жұмырыма" дейтін құлқынның құлдары мен азып-тозғандарды біраз уақыт басқарушыларды таңдау қақысынан айыру қажет.

— Сонан соң?

— Ал, елді біржола түзеу берік семья құрудан басталуға тиіс. Семья болмаған жерде абзал арман, жақсылыққа ұмтылу қайдан болсын. Бізде шамалы нәрсеге жауапкершілік те, шын көңілмен сыйласу да құрып кеткен жоқ па!

— Семьяның негізін қалай құруды жөн санайсыз?

— Семья негізі — пәктікте. Қыз жарына алғаш пәк боп баруды қолға алмайынша, азғындық оза бермек, жұбайлар тоза бермек.

— Мұныңыз пендеге жасаған қысымшылық қой.

Біз азу-тозу еркіндігінің дәмін татып болдық. Ақыл иелері өзін сақтаймын десе, әуелі семьяны сақтауға күш салуға тиіс. Көп пенденің болашағын түйікқа тіреп, әлде құрдымға итерейік деу де ақылдылықтың ісі емес. Кісіні кісі өлтіруге қандай тыйым салсақ, нәпсіқұмарлыққа, азуға да сондай тыйым керек. Өзінің осалдығын тыя алмаған кісіні ақыл иесі деп айтуға ауыз бармас еді.

— Иә, бұл да шешуі қиын түйін ғой.

"Оңай" деп кім айтар дейсің. Біздің көне ғылым ақыл иесін әсемдікті сүйе білуге, құрметтеуге үйреткен. "Әсемдікті қадірлемеген жерде кісі көңілінде жыртқыш аңның психологиясы үстемдік етеді" деген. Ал

әсемдікке табынудың негізінде пәктік жатыр, оған арамдық араласса, қауызы жылтыр шірінді боп шыға келеді. "Ертеде, — дейді бір аңызда, — ел арасында асқан данышпан, ғажап кішіпейіл кісі өмір сүріпті. Ол үлкенге де, кішіге де әуелі өзі сәлем береді екен. Күндердің күнінде сол кісінің қапысын аңдып, есіктің қайырылысында тұрған бала жылт өтіп шыға кеп, сәлемді бұрын берсе керек.

— Сәлемет бол, арам бала, — депті данышпан.

Бала ақ некелі адал әйел менен әкеден-ақ туған екен. Бірақ сол бала бойға бітер күні үйде отын болмай, бір қолтық шөмшекті жуынатын су жылыту үшін көршіден рұқсатсыз алыпты-мыс" дейді аңыз. Міне, бала бойынша пәлелік мінез содан жабысқан деседі. Төл бойымыздағы жақсылық-жаманшылықтың ұрпаққа мирас боп берілетінін есептесек, аңызға сенбеске амал қанша? Мен халықтың даналығын осыдан көремін.

Бауырлас ақыл иесінің басына түскен қасіретті түсінген сайын Хакім іштей күйзеліп, күрсінгеннен басқа қолынан келері жоқ шал мен оның тобын аяғаннан бордай езілді. Адамзат жаңа бір бауырласын тапқан екен, енді оның тағдырына өзінің де сырттай бақылаушы боп қала алмасын әбден сезінген.

* * *

Елеусіздеу жерге түсірілген Заури Кобалидзе сиректеу болса да бой тасалауға жараған бұта-бұтаның арасымен ұзақ жүріп, сонан соң қалаға беттеген біреулерге ілесе кеткен. Қанша жұпыны киіндім десе де, мыналарға қарағанда үстіндегісі сән-салтанатқа шыққан хан киіміндей екен, көбі айналып қарай берген соң, осы бетінде көзге түсетінін сезеді де, біреуіне күртесін шешіп беріп, онын лыпасын жаурынына жапсырған. Қалаға кіре бөліне жөнелген әлгі бейшараны тағы біреуі тоқтатып, киімінің матасын көріп басын шайқап, әлденені сұрап жатқанын көзі шалды. Күрте кигеніне мәз сорлы көптің арасынан мұны айнытпай сипаттайтын сияқты.

"Қап! — деді іштей Заури. — Шалбары бар болғырды да мана айырбастап жібермеген екен, енді мына көше ортасында қалай шешіп жатарсың".

Қатарласып көп тоқтаған көлікке отырғандардың саны бес-алты кісі. Соның бірі — баскиімін жапырайта киген, кетік тіс, долырған бет жылмақайлауы әрқайсысының құлағына бірдеме деп сыбырлап, сонан соң жүргізушіге еңкейген. Жүргізушінің екі көзі Зауридің шалбарында еді. Көлікті орнынан енді қозғай берген жүргізушінің жанына келіп, Заури:

— Немене? Қызығып тұрсың ба? Онда айырбастасайық, — деп ұсыныс жасады.

Жүргізушінің қолы ышқырына барып-ақ қалған еді, ызалы мысықтың ырылындай тарғыл үн шықты. Үн кетік тістің арасынан ысқырынатын сияқты, оның жүргізушіге ақия қарағанын да Заури байқап қалды. Желдің өтінен де, ыстықтың аптабынан да сақтамас әйтеуір тән жасырар лыпа киіп жүрген жұрт арасынан енді мына шалбарының таңба басқандай етіп тұрғанын айқын түсінді. Жамаулы түгілі, түсі оңып, көнерген киімді кемедең қолыңа шам алып іздесең таппассың. Ескерілмеген ұсақ-түйектің де осыншама кесірі тиер деп кім ойлапты?

Келесі тоқтаған жерінде ішіндегі жұрттың бәрі түсіп қалды да, қырындай жайғасқан кетік тіс анданда баскиімі астынан бір көзін ғана жалқау ашып қарап, ұйықтағандай боп отыр. Қайда барарын өзі ғана білетін кісінің бейқам халі, шу-шу еткен танауы терең ұйқының сипатын беріп, кейде пыс-пыс етсе, іле тымақ астынан ұры көзі жылтырайды. Жүргізуші де кабинасын іштегі кісілер қатынаспайтын етіп бекітіп алыпты.

Автобуссымақ көлік қала ортасындағы сәулетті сарайларға жақындай берді де, кілт бұрылып басқа жаққа тартты. Заури әуелде маршруты солай шығар, тоқтар деген еді, енді ол үміті кез елген көшемен қисалаңдай жөнелген көлікке қарап қардай тозды.

— Әй, тоқтамайсың ба? — деп айқайлады ол ар жағындағы жүргізушіге.

Ол тіпті мойын бұрып та қарамады. Сонан соң Заури шыныны барынша тықылдатып, көз қиығын

тастаған жүргізушіге "түсемін" дегенді ыммен көрсетіп әлек болған еді, онысынан да ештеңе шықпады.

— Әй, сен айтшы анаған, — деп Заури кетік тіске жармасқан.

— М... м... м, — деп мекірене үн шығарған ол көзін ашты да, ұры жанарын лезде бір жаққа тайдырып, өзі де сол жаққа құлап тынды.

— Осы мені қайда сүйреп барады? — деген іштей Заури.

Қалашықтың тар көшелерімен изектеген көлік ұзақ жүрді. Орта тұсындағы үйлер болмаса, былайғысы шеті жерден іргесін зорға көтерген, кейбірі бір бөксесіне мықтап шеккен мыжырайған тамдар. Солардың ара-арасында арагідік кездесетін этажды үйлердің көбінің іргесі тозған, баспалдақ асты жалмауыздың аузындай үңірейіп, үрей туғызғандай. Мыжырайған тамдарда не су құбыры, не канализация жоқ сияқты, кір суын әлдебір әйел есік алдына шашып еді, құжынаған шыбын-шіркей үріккен торғай тобын еске түсірді.

Жүргізуші қаланың бір шетіне кеп бір-ақ тоқтады.

— Әй, мұның не? Мен орталықта түсуім керек еді ғой? — деді Заури.

— Менің маршрутым осылай. Кімнің қайда түсерін білем бе? — Жүргізуші иығын қиқаң еткізіп наразылық танытты.

Амал жоқ қала ортасына жаяу тартуға тура келді. Артына көз қиығын салған еді, манағы кетік тіс жүрсе жүріп, тұрса тұрып сонадайдан ілесіпті. Сонда мұның ізкесер болғаны ма, қай уақытта мұның көшік бетіне түсіп, қайда беттегінін біліп үлгерді деп Заури таң.

Көресіні енді жұртшылықтан көрді. Бала кезінде әсіре әдемі киінген құрдасын бар бала қоршап тұра қалып мазақ етуші еді, құдды сол. Біреуден алған кеудешесіне шалбары сай емес пе, әуелі таңдана үңіліскен жұрт енді мазақтауға айналған.

— Әйи! Әй-әй-әй!

Өзін болмаса да, арт жағын көрмеге қоюға болады екен.

Үлкендері бұйткен соң сайқымазақ балаларға не жосық, ысқырып, айқай-шу көтеріп, байқаусызда кесек лақтырып қап, әуре етті. Шаңы бұқыраған көшеге тү-

тіннен тұман тұрғызып кеп көлденең тоқтаған жүк машинасының есігінен ішіндегі кісі қол бұлап шақырған.

— Не, балалар әуре етті ме?

— Е, сөйтіп...

— Болады ондай... Соны көріп тоқтадым, біраз жерге жеткізіп тастайын.

Жүк машинасы қаланың ортасын нысанаға алмаса да, сол бағытқа жақын көшелердің бірімен "дыр-дыр" ышқынып, будақ-будақ қап-қара түгін шашып тартып келеді. Бірғалған сайын екі жаққа кезек соғылып, Зауридің да зықысы шыққан, бірақ әйтеуір жаңағы бала-шағаның мазағынан құтылғанына мәз әрі баяу болса да көздеген жеріне жақындап келе жатыр. Кенет жүргізуші машинасын сөндірді де, айналаға үрейлене қарады. Тап осындай жүк таситын көлік тоқтаған көлденең көшеде тірі жан көрінбейді, жол да жабық. Заури кабина ішінен қанша мойнын созып қараса да, мұндайды қызықтап жүрген не бала, не үлкенді көре алмайды. Қарсы үйлердің терезе перделері де түсірулі, ар жағынан сығалаған көз барын оның әлсіз дірілі ғана сездіргендей.

— Мен кеттім, — деді әлденеден шошынған жүргізуші.

— Неге?

— Мына жым-жырттық тегін емес, бір пәле бар сияқты, босқа өліп не керек.

Заури алдындағы машиналардың біріне барып жасырынып үлгергені сол еді, дүркірей жүгірген көп аяқтың дыбысы, қарлыққан айқай, иттің арсылы қоса жетті. Терезе жақтауынан алаң тегіс көрінеді екен. Дүркірей қашқандар ыңғай жасөспірім жігіттер мен қыздар болып шықты. Кенет солардың артқы жағынан шыңғырған қыз дауысы мен арсылдаған ит үні таласа жетті. Жұрттың алдында келе жатқан ұзын сирақ боз-бала қатты айқайлап кері ұмтылған еді, өңдері сұп-сұр, көзінде қан да, жас та бар жігіттер соңынан салды.

Алғашқы жеткен ит қызды талап жатыр екен, оның соңынан дорбауыз кісіжегіштердің он-он бесі арсылдай ұмтылып кеп қапты. Қарсы жүгірген жігіттер шапшыған кісіжегіштерді алқымнан алып буындырып, жан-жаққа жұлқып борбайын айырып, айқаса кеткен. Алақандай көшені адамдардың ашулы айқайы, әлі беріспеген

ызалы ырыл, қабырғасы күйретіліп, шаты айырылған иттің қыңсылы кернеп тұр. Иттерінің соңынан жеткен әлдебіреулерді де жігіттер тапап тастап еді, тобыры кейін қашты. Жаралы қызды көтерген жігіттер де лезде зым-зия.

"Бұл не? Қашқан кім, қуған ше?" Мына төбелестің мәнін түсіне алмай Заури мең-зең. Құдды бір кино көрген сияқты, бәрі де көзді ашып-жұмғанша басталды да, әп-сәтте тамам болды. Бос қалған көшеге манағы кейін қашқан ит иелері келіп даурыға бастаған. Соның бірін Заури жеңінен тартты.

— Мынау не сұмдық?

— Өзің қайдан келіп ең? — Анау жау ұстағандай ежірейе қалған.

— Алыстан едім...

— Е, мал баққан жалғызбын де. Көп сұрап басты қатырма. — Шықшыты ашудан бүлк-бүлк етеді. — Әлгі сұрқиялар жастарды билеушілерге қарсы үгіттеп... Солардың әпселеңі ғой бұл.

— "Сұрқия" деген кім?

— Әй, бос сөзді қой да, қайқай тез, әйтпесе жаныңды көзіңе көрсетермін. Сен өзің кімсің? Әлде соның бірімісің? Ә, солай ма, қорқасың ба? Ендеше, кәне, табаныңды жалтырат.

Қала ортасындағы салтанатты сарайға жеткенде, Заури көргенінің әсерінен айырыла алмады. Көшік бетіне түскеннен бері аттаса, кезіккені — қайыршылық, қадам басса — ақыл иесін қорлау, айуанша азаптау. Өзін автобуссымаққа мінгізіп бір шетке түсіріп кету де тегін емес, әлдебір суық ызғардың ызбарлы бұйрығы тәртізді.

Зәулім сарайдың есігі алдында тұрған біреуі Зауриге жерге бүгіле екі рет тәжім етті де:

— Сізді Өзі күтіп отыр, соңымнан ілесіңіз, — деп бастай жөнелген.

Заури тағы да таң-тамаша. "Өзі күтіп отырғаны" қалай? Әлде мұны басқа біреумен шатастырып алды ма мына жазған. Бұлар таяған сайын есіктер өзі шусыз ашылып, өзі жабылып жатыр. Сарай иесін талғамсыз деуге болмайды, табаны мен төбесі, екі қапталы да әсем безендірілген, тіпті көз сүрінеді десе болғандай.

Бастаушы оны қара көлеңкелеу залға кіргізді де, шегіншектеп артымен шығып кетті. Қара көлеңке залдың төрінде жарты шеңбер бейнелі үстел, оның ар жағында, тап ортада, кең де әсем креслода бет-аузы жып-жылмағай кепкен шал отыр. Өзі болар. Оның екі жағына қақ жарылып, тағы сол сияқты өң-түсі айнымаған бірнешеуі жайғасыпты.

— Бері, бері жақында, — деді Өзі. Даусын қанша жұмсақтатқанымен, "бәрі менің қолымда" деген өлшеусіз билік иесінің табы бар.

— Кел, кел, — десті жанындағылары.

— Сен бізге шынықты айта бер, ана аспанда қалықтап тұрған пәледен екеніңді біз білеміз. Қайдан қаңғалақтап мұнда тап болып жүрсіңдер? — Өзінің көзі Зауридi ішіп- жеп барады.

— Біз алыстанбыз. Оны түсіндіріп сіздерге бола ма, тым қашық шама.

— Мм. Солай де. Сенің бізді іздеп осы сарайға бет алғаныңды біз де қолма-қол түсінгенбіз. Біздің қолымызда көп мүкіндік бар, дегенмен сенімен сөйлесіп көргенді жөн көрдік.

— Біздің де мақсатымыз — тілдесу. Күш көрстеу ойда жоқ.

Бұрыштағы есіктен қол арбаға салып үстін қан жапқан әлдекімді сүйретіп әкеле жатты. Жанына батқан аурудан ерні кезеріп, бет-аузын тер жауып кетіпті. Заури соңына ілескен манағы пақырды зорға таныды.

— Әкетіңдер! — Өзі қан көрген жыртқыштай түйіліп апты. — Біз оны енді соңғы сапарға жіберуге бұйырамыз. Тәртіп, тәртіп керек.

— Оның жазығы жоқ қой, — деп қалды Заури. — Ол менен әлдеқайда әлсіз, әлсізді алдап кету деген түкке тұрмайды.

— Жоқ! Бізде жазықты жазасын алуы тиіс. Сен жаңа көшедегі бұзықтықтың да куәгері болдың. Әрине, бұл қонаққа көрсететін жай емес, амал қанша. Сол басбұзарлар қашып кеткеніне мәз шығар, енді таптырмаспыз дер, онысы болмас. Әй, көрсетші жаңағыңды.

Қарсы қабырғаға мана өзі жасырынған көше, тоқтап тұрған жүк тиеген көліктер, солардың арасында тығылған Заури бейнесі шыға келді. Әне, дүркіреп

қашқан жас жігіттер, қуған ит, айтақтаған тағы біреулер де, онан соңғы жігіттер мен кісіжегіштердің арпалысы да қаз- қалпында. Тек кімнің, қай уақытта бұл көріністі түсіріп ала қойғанына ғана таңданғандайсың.

— Көрдің бе? Олар бізден жасырынғысы келеді, әлі туганына да өкінер.

— Жазығы не олардың? Қоғам болған соң қайшылықсыз бола ма, әртүрлі ой-пікір болмаса тіршіліктің несі сән?

— Өйтіп ақылгөйсiмей-ақ қой. Біз не үшін отырмыз? Біз сол халық үшін отырмыз, соның мұңы, соның қамы ойлағанымыз. Мені мына орында мәңгілік деп пе ең? Әй, айтыңдаршы, — деп өзі жанындағыларға бұрылған.

— Әлбетте, әлбетте, — деп бас шұлғылысты олар.

— Бізде пікір қайшылығы деген жоқ. Бәрін ойлаймыз, мыналар оны қостайды. Соның бәрі де осы елдің қамы үшін. Солай емес пе?

— Рас! Тура сөз.

— Әділі солай.

— Бізде атадан балаға қалар билік жоқ. Қалаулы адамдар ғана осы дәрежеге жете алады. Мен өлсем, мына менің ізбасарларымның бірі осы міндетті мойнына алады. Ал, біз көгілдірлікке кандидатты біртіндеп дайындай береміз, ол қасиетті кісі, ақ жолға шын берілген ақыл иесі болуға тиіс. Біздің мақсат — ел бірлігін сақтап, шат-шадыман думанды өмірді қамтамасыз етсек дегендік қана.

— Сіздің елден әзірше көргенім — қайыршылық пен қаталдық қана. Ақыл иесін ауыздықтай беру оның асыл қасиеттерін тұншықтырып, аюандық инстинктікке жол ашпай ма, осы ескерілмеген сияқты.

Өзі Зауридің сөзін суық тыңдап, "мынаның айтып тұрғаны не сандырақ?" дегендей ізбасарларына қараған еді, біреуі тырнағын шұқып, қайсыбірі мұртын басқансып, жөткірініп, бүтжең-бүтжең.

— Бізде бәрі ойластырылған. Халыққа «жақсылықтың бәрі сендер үшін» деген сөз ғана керек, кейде алдап, көбіне қатал тәртіппен тықсырып отырсаң ғана билікті бекем ұстай аласың. Ел билігіне иелерді солардың ішінен екшеп ала алсаң, шалыс баспайсың.

Халық өмір сүрудің басқа жолын қалайтын шығар. Онымен неге есептеспеске? Мүмкін ол шалыс та басар, бірақ көптің аты — көп, қатесін де лезде асқындырмай түзей аларына сенім мол. Ел пікірін сұрап көрдіңіздер ме?

Өзі мырс етті.

— Ел пікірі... Азып-тозғандарды ауыздықтай білу керек. — Үстелді алақанымен шарт еткізді. — Қатал тәртіп азғындар үшін ғана қажетті шара, оның өзі ел жаппай азудан сауыққанша ғана керекті жай. Ақыл иесіне өмірді жаңғырту үшін қажеті бостандық, ақыл-ойды әлдеқандай шатысқан пәлсапасымен тұсап қойғанынан не ұтамыз деген ешкім болды ма екен.

Сен біздің билеу жүйемізді іске алғысыз еткің келетін сияқты. Ұсақ-түйек қателік кімнен болса да табылар. Мен билеген тұста да болған шығар, бірақ избасарларым бетіме келіп көрген жоқ, соны да мақтан тұтам. Ал мен өлген соң, менің ісімді ешкім қотармайды. Қажеті не оның? Халыққа пәленше осындай жаманшылық етіпті деп ұйыған көңіліне ой салудың, талас тудырудың керекін көрмедім. Ел ішкен-жегеніне мәз болсын, елге "бұл қалай?" деп сұрақ туғызар артық естің, "енді не істейміз?" деген ойдың пайдасы шамалы. Ол біздің үлесіміз. — Ұзақ сөйлегеннен өзі тершіп кетті. Сүртіне отырып "осы менің сөзім ұтымды шықты" дегендей айналасына көз тастай берген. Әйтеуір, олардың жүзі жылы екен, мақұлдағандай ниет танытысқан. Өзі желпініп алды.

— Түсіндің бе? — деп сұрады басшысының сөзіне мәз избасаралардың бірі.

— Түсінбейтін несі бар? Бірақ бұл тұйыққа тірелген жол ғой.

— Бұл мәселеде біз сенен ақыл сұрар жайымыз жоқ, — деп ызбарлана кейін шегінді Өзі. — Біз өзімізше өмір сүреміз, елімізден қолдан келген жақсылығымызды аяп жатқамыз жоқ. Өмір сүрудің бұл жолын халық өзі қалап алған.

— Оны халықтан кім сұрапты? — деп қалды тағаты таусылған Заури.

— Біз сенің қалай өмір кешіп жатқаныңды білгіміз келмейді. Ендеше біздің ісімізге араласып нең бар? Араласпа, жігітім. Әйтпесе жағдай қиын болады.

Еден астынан сонау төменнен, әлдебіреудің жан ұшыра шыңғырған даусы жеткен. Зауридің төбе құйқасы шымырлады. Өзінің айналасында отырған ізбасар шалдары өңдері қашып, саусақтары дір-дір етіп, иесінен пана іздеген иттей өзінің айналасына ұйлығыса қалыпты.

— Мені осы елдегі жұмыстың қолмен істелетіні таңдандырды, — деді Заури, жаңағыдан кейінгі өлі тыныштықты бұзып. — Техника дамымаған ба?

— Оның керегі не? — Өзінің жүзіне жәдігөй жымысқы күлкі жармасыпты. — Оны біз қажетсізденбейміз және бірнеше себебі бар.

— Иә, айта беріңіз.

— Қол еңбегі денені шынықтыратынына күмәнің жоқ шығар. Сондай еңбектен соң сауық-сайран кешу де бір ләззат емес пе? Оның үстіне, табиғи байлықтарды үнемдеп жұмсап отырсаң, ұрпақтан-ұрпаққа қала береді. Бәрі қарапайым есеп.

— Мұныңыз шексіз азап қой. Ол бейшаралардың рухани өсуіне жағдай жасалмаған сияқты. "Ақыл иесі мал емес" деген ұғым қалыптаспағандай екен.

— Рухани өмір... — Өзінің күлкісі келді ме, шалқайып бетін сипады. — Бізде кім не істеймін десе де мол ерік берілген. Тұрмыста да, жұмыста да солай. Бір жұмыс бір кісінің басына байланып қалмаған, жалықтырды екен — басқасын істе. Өзі азғантай ғұмырды шектеп, тыюлап керегі не? Бір күн де болса қызық көріп, дәурен сүрсін.

"Иә, — деп ойлады Заури, — жәдігөйдің де философиясының өңі пендеге деген жақсылық ниетімен боялған. Ізгі ниетті тұлкінің шарына түскендей адастырып, сол пенденің түпкі мақсатына қарсы қоюға болады екен. Тіпті мынау елде тұрса, өзі "мына билеушілер елге қамқорлық жасап жатыр" деуден аспауы мүмкін екен. Өзі айтпақшы, бәрі ойластырылған.

— Бізге ешкімнің ақылының керегі жоқ, — деп қалды ізбасарларының бірі.

— Сені шақырып келгеніміз жоқ қой, не жұмыстарың бар бізде?

— Өздеріңе кім екенімізді таныту керек екен?

Өзі есіне бірдене түскендей алақанын шарт еткізді

де, қабағын қарс жаба сөйлесіп кетті. Дауысында тағы аңның тайсалмас ырылы бар. "Мына ізбасарлары да билік қолына тиген соң тап осындай болар ме екен? Қазір бәрі бір бейшара сияқты", — деп ойлады Заури.

— Біз өзімізді кімнен болса да қорғай аламыз. Менменсіген талайдың басы інге кірген. Сенің ана мініп жүрген көлігіңді де жойып жібере аламыз, тек оған сәл уақыт керек, уақыт. Әй, — деді Өзі — Көліктерін көрсетші, кәне.

Алдыңғы қабырғаға ғарыш кемесінің бейнесі шығып, біртін-бірте айқындала түсті. Әне, иллюминатордан сыртқа үңілген Нонаның жүзі көзге шалынды да, оның орнын тағы біреу басты.

— Көрдің бе? Біз сендермен шұғылданып жатырмыз, — деді Өзі, — ал, енді, осы кабинеттен біз өз еліміздің түкпір-түкпірін көріп бағдарлай аламыз. Міне, көр.

Қаланың көшелері бірінен соң бірі баяу жылжып өтіп жатыр. Сонан соң бір үй таңданып алынған еді, әр пәтерде жат көзден таса қалар ештеңе жоқ сияқты. Күбірлеп сөйлескендерің сөзі де ап-анық құлаққа ұрып, көрінгеннің көңіліне еріксіз үңілген жағдай өз-өзінен жиреніш туғызған. Заури теріс қарап кетті.

— Немене ұнамай ма? Қаласаң қыз-жігіт қалжыңын, ерлі-зайыптыларды да көруге болады.

— Жиркенішті екен, — деп Заури ойындағысын бүкпесіз айтқан. — Жеке өмірдің өзіндік құпиясы болмаған соң, арың мен ұятыңа ұры көзін қадап, суық қолын жүгіртіп жатқан соң тіршіліктің несі қызық, несі дәурен?! Ал, сіздер, халқымызға мол қызық— дәурен бердік деп сендіргендей едіңіздер.

— Ха! Бұлардың бәрі тәкәппар. Ана қыздары да тап осындай, — дей берді де, Өзі артық кеткенін сезіп, тілін тістей қалған.

— Иә, сіздерде біздің бір қызымыз барын білеміз, — деп Заури жармаса кетті. Онымен кездесуім де керек еді. Шақыртуыңызды сұраймын.

"Не істеуге болады?" — дегендей Өзі айналасына ақыл сұрай қараған еді, аналар тағы да төмен қарасып, бүгежектей берді.

— Жарар. Бірақ бір-біріңізбен жат тілде сөйлеспейсіздер.

Бір бүйірдегі қабырғаның жарымы сырғып ашылған бетте ар жақтан таңдана ұмтылған Салтанаттың өзі де жетті.

— Салтанат.

— Заури.

— Міне, есендікпен жолықтық. Сен бізді біраз алаңдаттың.

— Оны өзім де біліп ем.

— Мына кісілер осы елдің билеушілері көрінеді.

— Кейбіреуі таныс та маған.

Ізбасарлардың біреуі кейін сырғып, қабағы кірбің тартып, оң қолының буынын сипай берген. Салтанат мырс етті.

— Неге күлдің? — деп сұрады көңіл-тілмен Заури.

Еріндері қимылдамаған соң бұлар тілдесіп тұр деп ойламаса керек, бір-бірінен көз алмаған екеуіне билеушілер өздерінше мәз.

— Мына шал менің денемді ұстап көргісі келгені.

— Иә.

— Қолын буынынан биокөйлекпен қыса қойып едім, бейшара, жер тепкілеп бақырып, қорыққанынан өле жаздады. Жалынғанын айтсаң, тіпті күлкілкі.

— Сонан соң?..

— Қоя бердім. Мені ұрып жығуға роботты алдырыпты. Дәу шойын гүрзіменен құлаштап-ақ соққан еді, биокөйлектің қатты серпінінен шоқпары өзін ұрып, быт-шыты шықты. Сонан бері маған жолауды қойған.

— Ал, енді бірбіріңізді тамашалап болсаңыздар екеуіңізде тұтқын ретінде екі жерде ұстауға әмір етем, — деді өзі.

— Ғали, — деді Заури түймедей тетікке. — Мыналарға да өз күш-қуатымызды көрсет. Бірінші байланысқа шығуыңды өтінемін.

Кенет жарқ еткен ғарыш кемесінің алып бейнесі төбеден төнді де, Ғалидың кабинеті Өзінің залының еденімен ұласып кетті. Бір сәтте бәрі де ғарыш кемесінің ішінде отырғандай сезілген.

— Жақсы осы да жетер, — деді Ғали.

Жаңағы көріністен ес жия алмаған көшік билеуші-

лері бір-біріне ұйлығысып, көздері шарасынан шыққан қалпы, тіл-ауызсыз еді.

— Ал, жақсы, мәртебелілер. Ел тағдырын жөндеп ойлағандарыңыз жөн дегенді ғана айтпақпыз соңында. Біз кеттік, — деп, Заури Салтанатты қолтықтап сыртқа шыға берген.

* * *

Хакім өзіне көз тіккендерден тәп-тәуір-ақ жасырынған сияқты. "Кім білсін" деген сақтықты жадынан сонда да шығармаса да, көшік бетінің бүгінгі халін, ақыл-есі тұжырылып, арман-мүддесі уақытша қызықпен ғана шектелген көшік иелерінің болашағын ойлағанда, көңілі құлазып, іштей ширыға берген. Билеушілер өз мекенінің бір кездегі сән-салтанатын қалпына келтіруді ойламайтын да сияқты, не егілген бұта, не тіршіліктің ғажайып көрінісі, аң мен құс өсуі дегенді ешқайдан көре алмады.

Олардың ойынша, мекендері енді пәленше миллиард кісіні өмірмен қамтамасыз ете алады екен. Сонда қолдың саласындай сыңсыған сол пенделерге табиғатты тамашалайтын ұлтарақтай алаңның ойластырылмауы тіпті ғажап. Жо-жоқ, билеушілердің өз жоспары жоқ деуге болмайды. Олар мына жаппай қол еңбегін тегіннен-тегін кіргізеді дейсің бе? Мұнысы ішкі ресурстарды естіп сақтаудың айласы сияқты. Онысы да уақытша шара. Ал бар байлықты біртіндеп және енді, тіпті, тез қарқынмен жалмап болды дейін, сонан соң барар жер басар тауы қала ма?

Көшікте, әрине, бұған іштей қарсы топтың саны да аз, қолынан келері де шамалы, өмірден түңілгендер десе де болғандай. Адамзаттың мұндай бауырластары өз бетімен енді қайтып шыға алмас тұңғыыққа мықтап батқан. Көмек ету керек. Бірақ бүкіл әлемді әділдік заңы "ешбір елдің ішкі ісіне араласуға болмайды деп қатал тыйым салған. Сонда ше? Я, сонда...

Адамзат бір кезде тығырыққа тірелген адам ұрпағын көктен түскен біреу құтқарады дегенге сенген. Көк

дөненнен жүйрік көңіл-қиял мүмкін адам ұрпағының бір баласы дүниенің бір қиянындағы өз бауырластарын құтқарар дегенді сол аңызбен тудырған шығар. Ендеше Хакім неменесіне тартынады? Әрине, жекебасының бақыты Салтанатпенен туған жердің кең жайлауында-ақ шығар. Бірақ тағдыр осыған жазып тұрса не шара? Бауырласқа қол ұшын бермей кетсе, онан ауыр қылмыс, өмірі ұмытылмас өкініш болар дейсің бе?!

— Ғали, — деген Хакім. — Мен осы көшікте қалуға бел шештім. Бауырластарымды басына төнген қатерден шығаруға бет түзедім.

— Әлемдік әділдік заңы ше?

Иә, ол бүкіләлемдік әділдік заңына бағынады, ішкі істеріне қол сұқпайды. Шал мен оның айналасының болашаққа деген сенімін арттыруға тиіс. Неше қилы видеожазбалармен олардың басқа өмір, салтанатты тіршілік барына көзін жеткізу керек. Тіпті жастары қалың орман, жасыл жайлау, сайраған құс, жүгірген аң барын білмейді де ғой. Көшік бетінде мынау жақсы деп үлгі етіп көрсетерлік те ештеңе қалмаған.

"Ендігі бет ғылым мен білімді нығайтып, адам парасатына әркім жол ашуда, көшік жұртының азып-тозуына әуелі тосқауыл қойып, сонан соң бір жола сауықтыруда болар", — деп түйген Хакім.

Мұндағы ақтілеу жандар көзге түрткісіз түнекте қолына шам алып, көр соқыр қараңғылықты қақ жара ұмтылғандар сияқты. Табан асты — құлама жар, оған құлап опат болулары да, секіріп өтіп кетулері де мүмкін. Хакімнің ұлы адамзат ұрпағы ретіндегі парызы, міне, сол ақ пейіл жандарға көмектесу.

Ғарыш кемесі көшік бетін үш айналып, қоштасу белгісін берді де, көз ұшынан ғайып бола берді.

Наурыз, 1987 ж.

ӘҢГІМЕЛЕР

ӨМІР СҮРУГЕ ХАҚЫСЫ...

Патша ағзамның жарлығымен бар қазақ жерін де, елін де бақылауға тиісті болған генерал-губернатор қолына ұстаған бір жапырақ қағазды үстел үстіне сырғытып қойды да, орнынан тұрып кетті. Күрсініп, терезе алдына барды. Иә, мына көшенің бойымен сан жұрт сапырылысып өтіп жатыр. Әне бір топталып келе жатқандар – қырғыздар. Әлгі штаб ротмистр Шоқан Уәлиханов деген бұл халықтың дұрыс атауы қазақ дегенді де айтқан. Штаб-ротмистр Шоқанды жақсы біледі. Оның Ресей империясының алдында сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Бар Еуропаның азулы да айлалы, нелер қиын жағдайды басынан кешірген барлаушылар тұмсығын тыға алмаған Қашқарияға осы штаб-ротмистр ғана бара алды. Әкелген мәліметтері де өте құнды. Риза болған патша ағзамның өзі Петербургке шақыртып, Шыңғыс ханның осы ұрпағын қабылдады. Не деген құрмет десейші, Перетбургте өзін керемет санаған талай марқасқалар патшаның жүзін бір көруге зар. Ал, мынау Арқаның туземеці...

Иә, бұл өзі де штаб-ротмистр Шоқан Уәлихановтың ерен еңбегін бағалайды. Еріксіз бас иетіндей ғажайып ерлік. Бәрі де Ресей империясы үшін. Енді, міне, штаб-ротмистрдің үстінен жағымсыз хаттар түсіп жатыр. Әулие атаны басып алған генерал Черняев ол туралы «мемлекетке өте қауіпті қылмыскер» деп жазыпты. Иә, генерал Черняев қаланы алғанда сан мыңдаған қарапайым халықты, бала демей, кәрі демей, әйел демей қырғынға ұшыратыпты. "Туһ, не деген сұмдық!" Генерал-губернатор әлденеден жиіркенгендей қол орналымен желпінді.

Осы уақиға туралы Шоқанның досы Потанин:

«Орыс әскерінің Шоқанның діндестерін, қаны бірге халқын қатыгез қырғынға салуы оның Черняевтан кетуіне әкелді», — десе, Н.Ядриниев деген онан әрі кетіп: «Орыс әскерінің Шоқанның халқына жасаған хайуандығы оның жанын түршіктірді, ол енді бұлармен бірге бола алмайтынын түсінді», — деп жазыпты.

Бас генерал-губернатор өзіне түскен қағаздарды көзімен тағы бір рет шолды. Иә, Потанин де Ядринцев те тап солай жазыпты. Бірақ... Иә, бірақ Черняев жоғары жақтың нұсқауын ғана орындады ғой. Онда түземецтерді аяусыз жазалау керек, олардың қырғыны есіне түскенде жаны шошитындай ету керек, түземец әр орыстың бетіне тіке қарай алмайтында жағдай жасау керектігі айтылған. Иә, Черняев өзінен жоғары генерал Скобелевтің: «Бұл түземецтерді неғұрлым қаттырақ соқсаң, олар сені сол-ғұрлым сыйлайтын болады» деген нұсқауын орындады. Өкінішке қарай, асыра орындаған. Иә, бәрі де империя үшін.

Бас генерал-губернатор өткенде штаб-ротмистр Шоқан Уәлихановты кездесуге шақырған. "Ашық, екеуара ғана әңгіме болсын", — деген генерал. Жайласып отыру үшін генерал кофе алдырды. Генерал өзін ресмиліктен аулақ ұстағысы келді. Иен даланы мекендеген жұрт туралы әңгіме қозғай отырып:

— Шоқан Шыңғысович, осы мұсылман діні қазақтарға қаншалық сіңген? — деген еді.

— Ұлы мәртібелім, қазақ даласының ауылдарында мешіт жоқ дегеніміз болмаса, әр ауылдың өзінің моласы бар. Даланың қазағының фанатизмі Стамбұлдың дәруішінен кем емес және ол Құранмен қиыспайтын сөзге еш уақытта да көнбейді. Мына ушығып тұрған заманда Құран сүрелері халықаралық қатынастарды да реттей алар еді.

— Солай дейсіз бе?

— Сіз атақты Достоевскиді білесіз ғой?

— Әрине.

— Сол кісі маған: «Өте өтінемін, маған орысша аударылған Құранды тауып беріңіз», — деген еді. Орыс интеллигенциясы да Құранды керек қыла бастады.

— Иә, онысы қызық екен. Мына даланың жұрты Сіздіңше әрі қарай қалай өмір сүре бермек? — Бас

генерал-губернатордың көзі Шоқанның «Қоқан хандығы туралы» жазғанына түсті. Үстелінің үстіне керек жерін ашып қойған-тын. Онда штаб-ротмистр: «Қазақтардың күткені бұл емес еді, алданды, олар өзіндік болмысы, өз жолы бар халықты құрту саясатының құрбанына айналды. Орыс үкіметі үшін қазақтар адам болып саналмайды, керісінше өмір сүруге хақысы жоқ, зиянды тіршілік иесі» депті.

Шоқан: «Мұны неге сұрап отырсың?» дегендей бас генерал-губернатордың жүзіне отты көзін қадай қараған. Генерал шыдамады білем, жөткірініп төмен қарады. Төмен қараған генералдың ойына Батыс-сібірдің генерал губернаторы Дюгамельдің 1863 жылдың 26 наурызында «Берел өзеніне жақын көшіп жүрген және Бұқтырма өзенінің солтүстік жағалауын мекендеген қазақтарды Қытай шекарасынан асыра қуып тастау» туралы бұйрығы түсті. Бұған жауап ретінде штаб-ротмистр Шоқан Уәлиханов: «Менің ойымша, әдемі жергілікті халық қырғыздарды жерменен және орманды алаңдармен қамтамасыз етіп, тек сонан кейін ғана артылған жерді казак-рыстарға беру керек», — деп жазыпты.

— Иә, сіздің әрі қарай дала халқы қалай өмір сүрмек деген сауалыңыз күрделі мәселе. Қазақ халқы ғасырлар бойы көшпелі шаруашылықпен өмір сүрді. Шаруашылықтың осындай әдісі дала жұртын даланың асау табиғатына сай өмір сүруін қамтамасыз етті. Дала мыңғыраған малға толды. Қазақ кедейлікті, қайыршылықты бастан кешкен жоқ. Шаруашылықтың осы әдісін сақтау әлі де болса империя үшін пайдалы. Қазақтың мыңғырған малы Ресейді мал өнімдерімен, әсіресе етпен толық қамтамасыз ете алады. Қазақта күні бүгінге дейін жерді қауым болып пайдалану сақталып келеді. Бұл жағдайды да сақтаған жөн дер едім.

— Жер мәселесі қиындау, — деп қалды бас генерал.

— Оныңыз рас. Бұрын ішкі жақтан келетін мұжықтар үшін қазақтар мекендеген өзен бойларын, орманды алқаптарды, құнарлы жерлерді алып қойып жатты. Бұл деген қазақ халқының тіршілігінің көзі көшпелі шаруашылықтың жолын бөгеу еді. Енді үкімет тарапынан жер туралы жаңа реформа дайындалып

жатқанын естиміз. Реформа бойынша қазақтың бар жері патшаның меншігі болып жарияланбақ екен. Мұның соңы қалай болар екен? — деп Шоқан өзін мазалаған ойын жасырмады.

Бас генерал-губернатор Шоқанның дәлелді пікіріне іштей мойынсұнғандай еді. Бірақ, бұл империя үшін пайдалы емес. Қазақ жеріне орыс мұжықтарын сықа толтыру керек. Осы штаб-ротмистрдің досы Г.Потанин деген: «Үкімет қазақ жерін тартып алып, қазақтар қайда кетсе, онда кетсін деп отыр», — деп жазыпты. Осы Потаниннің «құпия қоғамы» бар деуші еді. Мана штаб ротмистрдің соған қатысы қанша екен?

— Сонда, сіз, штаб-ротмистр мырза, қазақ арасында қазір кедейлердің барын жоққа шығарасыз ба? Осының қисыны келер ме екен? — деп бас генерал-губернатор миығынан күлді.

— Мен қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамы туралы пікір айттым. Тіпті қазіргі уақытта кедейлену деген өрістеп бара жатыр. Оның себебін білігіңіз келсе, казактардан көру керек. Олардың қазақтарға қалай қарайтынын білесіз бе? Казак-орыстар қазақтың меншігін өзінің меншігі деп санайды. Қазақтың қолындағы қойын, сиырын, жылқысын тартып алуды олар бір өзінің мақтанарлық ісі санайды. Дала халқын осылай тонай беруге жол беріп қойған жағдай бар.

Бас генерал-губернатор ендігі мәселенің өзінің қызметіне келіп тірелерін жақсы ұқты. Иә, казактар ойына келгенін істеп жатыр. Бәрі де рас. Бұл тонауды тоқтататын мұның шамасы да жоқ. Болмайтын іске араласып қайтеді. Былай қарасаң, бәрі де Ресейдің мүддесі үшін жасалып жатқандай. Бас генерал-губернатордың штаб-ротмистр Шоқанмен жеке әңгімелесуі де осы сәтпен тоқтаған.

Алдындағы ісқағаздарға біраз үңілген бас генерал-губернатор қайта ойға батып, орындығына шалқая отырды. Бұл штаб-ротмистр тегін адам емес. Ұлылық сонау Шыңғыс ханнан үзілмей келе жатқан мұның қанында бар. Жер мәселесі жөніндегі штаб-ротмистр Шоқан Уәлихановтың ұстанымы патша саясатына түбірінен қарама-қарсы. Штаб-ротмистр Шоқан Уәлихановтың ұстанымы патша саясатына түбірінен

қарама-қарсы. Штаб-ротмистр орыс мұжығын қазақ даласына қолынан келсе кіргізбес еді. Ал, патша үкіметі қазақтың бар даласын орысқа беруді көздеп отыр. Ең алыс жатқан қазақтың әр үйіне екі орыс отбасын қонсы қондыру — негізгі мақсат. Жоқ, штаб-ротмистр дегені болмас. Тіпті, өзі Петербургтен, патшаның қабылдауынан келе салып Семей облысының бір округіне аға сұлтандыққа таласып сайлауға түсті. Осының өзінде оның көздеген мақсаты бар. Қарсыласы Ерден 14 дауыс, бұл 24 дауыс алып шыға келді. Әлгі, Гутковский Шоқанға: «Сені генерал-губернатор аға сұлтандыққа бекітпеді, — деп жазыпты. Онысы түп-тура шындық. Жер мәселесі жөнінде патша саясатына ашық қарсы адамды аға сұлтан етіп басы айналған біреу болмаса, кім бекітеді? Ол осы ісімен жойылып кеткен хандық үкіметті бірте-бірте қалпына келтіргісі келгендей екен. Сыртың ғана сенің Ресейлік сияқты, ішің басқа. Бір округке аға сұлтан болып бекісе, біртіндеп өз адамдарын басқа округтерге сайлатып алмасына кім кепіл? Көр, сонан кейін, олармен тартысып. Осы аға сұлтандық дегенді де енді жою керек. Дала жұртын «міне, билігің өзінде» деп біраз алдады. Жетер енді. Тізгінді бір жолата тартатын мезгіл жетті. Қоңырау соқты.

— Не айтасыз, мәртебелім? — деп адъютанты бас көрсетті.

— Штаб-ротмистр Уәлиханов туралы барлық құпия қағаздарды менің алдыма әкел.

— Құп болады, тақсыр.

Бас генерал-губернатор штаб ротмистр Уәлихановтың жазушы Достоевскийге жазған хатына көз жүгіртті. Штаб-ротмистр қай-қайдағының бәрімен таныс. Ресей билігіне кім қарсы шықса, сонымен жақын жүргенін қалай түсінуге болады? Өзінің аға сұлтан болғысы келгенін Достоевскийге былайша түсіндіріпті. «Дала қазағын чиновниктердің қорлауынан, байыған қазақтардың зорлығынан қорғап, жерлестеріне білімді сұлтанның билігінің әділдігін көрсетсем», — деп жазыпты. "Сонда мына жүрген патша билігінің өкілдері шетімізден жауыз екенбіз ғой, ә?" — деп генерал-губернатор осқырынды. Құпия полицияның осындай жазбаларды қолға түсіріп отырғаны қандай жақсы.

Иә, штаб-ротмистр мырза тым алысқа кетті. Мына бетінде... Петерборда жүріп, жасырын Парижге барып қайтқаны да тіркелген. Іле патшаға қарсы Герцен дегеннің «Қоңырау» деген журналына дала Қазағының жай-күйі, оның қазақ-орыстардан көріп жатқан қорлығы туралы мақала шықты. Бүкіл еуропаны шулаты. Мына штаб-ротмистрді тоқтататын шара бар ма? Оның қазақ даласындағы беделінің шексіз өскендігі туралы округ-округтегі басшылардың бәрі жазып жатыр. Шыңғысхан жоқ еді, жоқ жерден пайда болмасы игі еді. Иә, Уәлихановтың жанына деншик— татар қойылған. Ол өзінің қожайынының әр қадамын аңдып, келген-кеткендер туралы мәлметті үзбей беріп жатыр. Өзін штаб-ротмистр жек көреді екен. Қуып жібергісі де келіпті.

Өткенде штаб-ротмистр Шоқан Уәлиханов сот реформасы жөнінде тағы да дау туғызды. Мәселе қазақ даласының ғасырлар бойғы қалыптасқан билер сотын біржолата тоқтатып, Ресей билігінің сот жүйесін енгізуде еді. Осы мәселеде надворный советник Ясенко мен штаб-ротмистр арасында бітпес айтыс туды. Иә, соның өзі қалай еді... Қоңырауға басты.

— Надворный советник Ясенконы шақыр.

Ясенко көп кешікпей есік ашып, қолын шекесіне қойып, сарт-сарт етіп босағаға қалқыып тұра қалды да:

— Сіздің шақыртуыңызбен... — деді.

— Кел бері, Ясенко. Осы сенің сот реформасы жөніндегі Уәлихановпен дауынды білейін деп едім.

— Сот реформасы жөніндегі штаб-ротмистрмен ұсынысымыз түбірінен қарама-қайшы.

— Дәлірек айтсақ...

— Уәлиханов мырза жаңа сот реформасын қабылдағысы келмейді. Ол "қазақ даласы қазақтардың қалыптасқан салт-дәстүрі қалпында қалу керек, билер соты сақталсын" дегенді ұсынады.

— Мұнысы біздің ұстанымға келе ме?

— Міне, қараңыз, «Сот реформасы туралы» деген кітапшасында: «Біздің ойымызша, билер соты жаңа сот жүйесінен әлдеқайда артық. Оның әділдігі мен биіктігі дау туғызбайды», — деп жазыпты.

— Осы пікірін қалай дәлелдепті?

– Билер билігі бүкіл елдің қатынасуымен ашық өтеді екен. Тіпті, сырттан келген біреудің де билікке сөз сұрап, пікірін айтуға мүмкіндігі бар екен. Билердің билігіне риза болмаған жағдай еш уақытта болмапты.

– Билерді кім тағайындаған екен?

– Қазақ елінде тағайындау не сайлау деген жоқ. Әділдігімен, білгірлігімен, қазақтың далалық көне ғұрып, заңдарына жетіктігімен көзге түскен адам би болады. Бір рет болса да әділ шешім шығармаған би билікпен біржолата қоштасады.

– Дала заңы... дала заңы... Ресей үшін ресейдің заңы керек. Даланы мәңгі бағындыру үшін Ресей заңына бас идіру біздің міндетіміз. Мына ротмистрді қолдап Көкшетау, Ақмола, Атбасар, Қарқаралы, Баянауыл, тағы-тағы округтерінің аға сұлтандары мен билері қол қойып, мөрлерін басыпты. Бәрі билер билігі сақталсын дейді. Штаб-ромистр Уәлихановтың сөзі бар қазақ еліне өтіп тұр. Абылайдан басқа қазақ ханында мұнда бедел болған емес. Қауіпті, тым қауіпті екен.

Черняевтан қол үзгеннен бері Уәлихановтың Тезек төренің ауылында жатып алуының өзі күдікті. Қытаймен шекара — қарыс қадам жер. Қашқария маңында көтеріліс жасаған қазақ-ұйғырлардың адамдары Тезек төренің ауылына келіп, штаб-ротмистрмен кездесіп жүргенін әлгі тыңшы-деншик те жазып жүр, Не кездесу? Не сыбайластық бұл? Солар Верныйды басып алмақ екен деген сыбыс та жетіп жатыр.

Жақында генерал Колпаковский Қашқариядан агент жіберген пакетті Уәлихановтың ашып, қайта жауып жібергенін хабарлады. Бұл ісі тегін емес. Орыстардан көңілі қалған Уәлиханов қолына қару ұстаған түрік тектестерді біріктіруді ойлап жүрген жоқ па! Кешегі Кенесарыдан бұл қауіпті. Кенесарының заманында қазақ елін билеушілердің біразы оны қолдамады, Ресей жерімізге, дінімізге тимейді деп сенді. Қазір заман басқа, Қазақ өз жеріне өзі ие бола алмайтынын көрді, құлақ кесті құлға айналғанын түсінді. Алданғанына санын соққан қазақ ашынған, бірігіп жаңа көсемнің соңынан еруі ғажап емес. Әрі Уәлихановтың қазақ даласындағы беделі шексіз. Кенесары қарудың жоқтығынан жеңілді, Уәлиханов қаруды ағылшындардан да, басқалардан

да ала алады. Ойлап отырса, жаңа Кенесарының, тек ержүрек батыр ғана емес, білімді, өте ақылды да айлакер Кенесарының өсіп шыға келгені айқын.

— Ба! Мынау сұмдық екен! — деп қалды өз ойынан өзі шошыған бас генерал-губернатор.

Бас генерал-губернатордың генерал Дюгамельдің Петербургке жіберген рапортына назары ауды. «Жетісу облысының қазақтарына штаб ротмистр Уәлихановтың зиянды әсері болғандықтан оны Батыс Сібірге ауыстырған едік. Қазір сібірдің әскери округінің қолбасшысы оның өзіне тапсырылған қазақ даласында болуы қолайсыз екенін... Оның тыныштыққа аса зиянды жағдай туғызатынын» жазыпты. Генерал-адъютант граф Гейденнің де пікірі дәл солай екен.

Ал Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы соғыс министрі Милютинге жергілікті басшылардан штаб-ротмистр Уәлихановтың қазақтар арасында тыныштықты бұзатын әңгімелер таратып жүргені туралы әлденеше рет хабар алғанын, ... осы жылдың жазында көшпелі халықтың көңілінде "ауытқу болғанын" жазыпты. Соғыс министрі «штаб-ротмистрді қазақ даласынан алыс» көз көрмес жерге жіберуді ұсыныпты.

Генерал Дюгамельдің ұсынысы тіпті қатал. «Уәлиханов тәрізді қазақтар Ресейге бұрын да пайда әкелген жоқ, ал қазір оның тіпті керегі жоқ» деп түйіпті.

Бас генерал-губернатор орнынан тұрып, терезе алдына барды. Тап мына көшені бойлай штаб-ротмистр Шоқан Уәлихановтың да мына сапырылысқан жұртпен сан жүргені есіне түсті. Иә, штаб-ротмистр Ресей үшін, тіпті Еуропаның ғалымы үшін басын бәйгіге тігіп, ерлік істер атқарды. Қауіп пен қатерге толы өмір. Бірақ енді... Бірақ енді оның өмір сүруге хақысы...

Генерал адъютантын шақырды. Өңі кісі өлтіргендей суық еді.

16.11.2016 ж.

ҚАЗАН АСТЫНДА

Иә, сол күні табиғаттың ерекше тамылжыған күні еді. Едірейдің шыңдары да күн нұрына бөленіп, суға түскен сұлудай шуаққа малынып, елжірей көрінген-тін. Көрші үйдің қызы ұзатылып жатқан. Кенет қара жер тулаған аттың арқасындай дірілдеп, қалшылдап кетті де, әлдене шатыр-шұтыр соғысты. Үстелдің үстіндегі ыдыс атаулы төңкеріліп түсті. Қазан-ошақтың қасында отырған қатындар үрпиісіп, біріне-бірі жабысып, қисайып қалған қазаннан төгілген сорпа-суға, шыжылдаған отқа да, көтерілген буға да қарауға шамасы жоқ.

— Ойбай! Көтек десіп, құлап қалмаудың амалын жасаған.

— Әндетіп тұрған әншінің аузы ашылған қалпында сілейіп қапты. Қабатайдың әкесі қолындағы стақанды тастап жіберіп, теңселіп тұрған баласын ұстай алды.

— Ей, бұл не, ей?

— Не пәле боп қалды?

Жұрттың бәрінде белгісіз үрей, өңдері қашып кетіпті. Жаңағы бір қуаныштың ізі де қалмаған. Жігіттер еліргендей, орта жастағылар айналаға қарап алаңдайды, көпті көрген ақсақалдар сақалдарын сипаған.

— Заманақыр боп қалған шығар? — деді бір кейуана.

— Қой, ондай жамандықты шақырма, — деп тыйды оны біреу.

— Әй, осы не сонда?

— Бірдеме соғысып қалды өзі.

— Таудың тасы шығар.

— Шатқал болмаса

— Дұрыс айтасың, — деді шөп бригадирі. — Халық шатқалы шығар. Тым тар ғой өзі, бір кісі әрең жүреді. Жер шайқалған шығар, сонан тар шатқал бір-біріне соғысқан шығар. Әйтпесе мұндай жер жарылғандай күркіреу қайдан шығады?

Тойға келгендер осы уәжға тоқтап тарасқан. Әйтеуір қорқыныштың себебі табылды ғой, көңіл тынышталған. Қабатайдың әкесі шөпшілердің ішінде-тін. Анда-санда әжесінің жұмсауымен Қабатайдың әкесіне тамақ апаратыны бар. Әкесі бір жылы оқалақтап кеткен

өгізді іздеп Едірей тауының талай қуысын шарлаған. Қабатай да әкесінің соңынан қалмаған-тын. Ақыры әкелі-балалы екеуі өгізді сыртынан сілейте ұрысып жүріп, Халық шатқалына кірді. Тым тар екен. Өгіз кіре қоятындай жер емес. Әлде әкесі баласына көрсеткісі келді ме, кім білсін, ақыры шатқалдың бігер жеріндегі үңгірге барып тоқтаған.

— Кіресің бе? — деді әкесі.

— Қорқам, ішінде жылан бар шығар.

Сөз осымен бітіп, кері қайтқан. Бала көңілі алаң еді. Шатқал тар болғанымен, әдемі еді. "Япырай-ай, бәрі соғылып, қирап қалды ма екен? Үңгірдің қабырғалары бір-біріне жабысып, қабысып қалған шығар". Ертеңіне шөпке кеткен әкесі қайтып оралды.

— Шатқал аман, — деді жөн сұрасқан үлкендерге.

— Әй, сонда бұл не?

Халықтың көңіліне тағы бір қобалжу кірген. Тіпті совхоздың жұмысы тоқтап қалғандай болды. Радио біткен үндемейді. Әй, олар бір түкпірде жатқан Едірейді қайдан білсін. Осындай бір жағдай бопты деп оларға да ешкім айта қоймас.

— Е, сонда біз ел емеспіз бе? — дейді жастар.

Қобалжуды партком басты. Тап сол күні ол сонау Қарағандыға әлдебір жиналысқа кеткен-тін. Әжептеуір білімі бар, үкімет пен партияның сенген адамы, өкілі.

— Қайдағыны айтасындар. Өздерің де тойда боп, ішіп алып, бәрін төңкеріп тастап, бастарыңды соғып, енді қауесет таратып жүрсіңдер, — деп ұрысты ол. — Ондай бірдеме болса, радио айғайлап, газеттер жазбас па еді? Үкімет пен партия бар ғой бізде. Қараусыз жатқан ел емеспіз. Қойындар бос сөзді.

Үкімет адамның айтқанына көнген ел ғой, парткомның сөзіне бәрі тоқтаған. "Шынында да партия бар емес пе? Осы сөз қайдан шықты өзі? — деп, жұрт бір-біріне енді күдіктене қарай бастады. Сөйтіп жүргенде ауылға солдаттар сау ете қалды. Іштерінде орысы да, қазағы да, басқасы да бар. Айран сұраған қазақтың баласына Қабатайдың әжесі:

— Е, құлыным, іше ғой, іш, — деп қымыз берді. Әжесі елжіреп отыр. Елжіреген кемпірді көріп қазақтан басқасы да сұрамшақтанған ниет танытты.

Әйтеуір, ауыл бәрін тойғызған. Ертеңіне солдаттар: "Қазір «взрыв» болады", — деп бәрін үйден қуып шыққандай етті. Айтыстарына қарағанда, үйдің жапырылып, құлап қалуы мүмкін екен. Кенет қара аспан қақ жарылып жерге түскендей шатырлап, табан асты теңселе жөнелген.

— Жатыңдар! Жатыңдар! — деп айқайлайды жер-жерге жантая кеткен солдаттар.

— Жатқаны несі? Әй, ана өртті қараңдар. — Қабатайдың әкесі қоп-қою боп көтерілген түтінді қолымен нұсқады.

— Мынау сұмдық өрт қой, түтіннің түрі неткен жаман.

— Түтіннің басы айғырдың қасасындай келпекті екен, — деді бір отағасы.

— Оған қарауға болмайды, — деп жекіреді командир орыс. — Ол зиян.

Қабатайдың басын кимешегіннің етегімен бүркеп, денесін кең қамзолына ораған әжесі немересін үйіне қарай сүйреді.

— Астапырала! Не сұмдық мынау? Жүрші, құлыным, аулағырақ кетейік. Пәлесі осыны жасағанның басына келсін.

"Көрге де үйренеді" деген осы шығар, осы ауыл тегіс тарсыл-гүрсілге, жер шайқалғанға үйреніп алды. Үйренбеген Қабатайдың әжесі ғана. Солдаттар келіп: «Ал қазір взрыв болады», — деген сәтте немересін тулақтың үстіне жатқызып, үстіне тайқазанды төңкере салады.

— Құлыным, әуелі Алла, сонан соң осы қазан сақтайды сені.

— Әже, қорқамын.

— Қорықпа, мен жаныңдамын. Тайқазанның ернеуін сықпа құрттай тастың үстіне қойып, саңылау жасап, астына көпшігін қойған әжесі әлсін-әлсін сығалап отырады да, ел бір жайлы болған соң шығарып алады. Қазанның астында қанша рет жатқанын кім білсін, әйтеуір бесінші класқа келгенде сирағы қазанның астына сыймай қалды.

— Жатпаймын! — деді әжесіне.

— Құлыным-ау, енді не істедім? Ең болмаса басы-

көзінді ақпен бүркеп алшы осындайда. Ақтан зиянды зат өтпес, — деп қамықты әжесі.

Ауыл өзінше мәз. Әрбір қопарылыстан кейін есік бір жағына қисайып тұрса, келесі рет жер шайқалғанда, қисық босаға орнына келеді. Әйтеуір, үй аман. Сылақтар түсіп, төбеден күл саулайды. «Аманбыз ғой, аманбыз», — десті жұрт. "Осының бәрі осы жұрттың қамы екен. Әне бір жауыздарды тоқтату үшін керек екен. Е, құдай, отанды сақтай гөр"".

Қазанның астынан босағаннан кейін Қабатайдың жүгірісі де көбейген. «Взрыв» болады деген күні елдің арасында. Сондай күннің бірінде орталау мектептің тарихшы мұғалімі бір газетті қолына ұстай келген.

— Мынаны қараңыздар, ана Америка бомбасын сынау үшін Тынық мұхиттың Бикини аралының халқын бес жүз шақырымға көшіріп жіберіпті. Бомбасының пәлесінен халқын сақтау үшін" депті. Ал, мына Дегелең бізден елу-алпыс шақырым жерде ғой, — деп түйді мұғалім.

— Әй, осынысы рас, ә? — деп таңғалысты естігендері.

— Онысы көз бояу ғой баяғы. Әлем жұртының алдында бедел жинау, «міне, біз осындаймыз» деген жалған мақтаныш, — рабочком— Әйтпесе...

— Иә, әйтпесе, міне, пәлен жыл болды, аман-есен жүрміз ғой, — деп оның сөзін замдиректор іліп әкетті.

— Рас-ау!— десті уәжге тоқтаған жұрт. — Есен-саумыз ғой.

— Әй, осы ана Тәуіржанның беті күйіп қалыпты деп жүр ғой, — деді тағы мұғалім.

— Өзі әлгі жоғалған байталын тауып па екен?

— Байталы бар болсын... Соны іздеймін деп...

— Иә, сонан...

— Байталы Дегелең жаққа жетпесе де, сонан бергі бір сайда жүр екен. Сол жерде бір тастың кемерінде демалып жатқанда үстінен самолет ұшып өтіпті. Сонан, енді қайтайын деп, асау дөненнің үстіне шыға бергенде, жер жарылғандай гүрсіл басталып, дөнені тулап, зорға тоқтатыпты. Көргені сұмдық екен, оттай жанған бірдеме көз қаратпайды дейді. Әйтеуір, байталын айдап қайтыпты.

— Ал, беті неге күйіпті?

- Жара бар дейді.
- Аттан құлаған шығар. Етпетінен түссе, қараған, тобылғы оңдыра ма?
- Өзінде де бар. Несі бар сол жаққа барып. "Жоламаңдар" деп сан рет ескертілді ғой. Бұл қазаққа сөз өтпейді, — деп ұрыса жөнелді рабочком. — Партия жиналысында да айтылды. Тыңдай ма, бұ қазақ!
- Е, жазылар, ештеңе етпес. Қойдың майынан қалмаушы еді ғой жара деген.
- Әлгі партком Көкебайдың халі қалай екен? — деп сұрады ұрты суалған шал.
- Қалада, бәлнисада дейді ғой. "Қаны ағарған" дейді.
- "Қаны ағарғаны" несі? — деп Қабатайдың әкесі таңғалды. — Қан деген қызыл болмаушы ма еді? Оған бояу жұға ма?
- Енді, қайдан білейік, "ақ қан болды" дейді.
- Оның несіне таңғаласыңдар, қазір медицина әбден дамыған. Қанның ағын да, қызылын да айырады. Бұрынғы, дәрігері жоқ заманда оны кім айырыпты? Жоқ зат бар болмайды, соны ашқан — бұл да медицинаның жетілгендігі, — деп түйді директордың замы.
- Қабатай естіген әңгімесінің бәрін әжесіне жеткізді. Әжесі тыңдайды да, үйілейді.
- Не боп барады өзі? Дым түсінбеймін. Біреуінің беті күйеді екен.
- Жара десіп жүр ғой.
- Әй, жүрегім сезеді. Сол тегін жара емес. Маған сені қазанның астына жасыр деген аруақ қой, аруақ.
- Қойшы, әже күйзелмей. Ештеңе жоқ, бәрі орнынша жүріп жатыр ғой.
- Қайдан, балам. Жүрегім сезеді бір жамандықты. Түсім.. — деп әжесі бөгеліп қалды.
- Әже, не түс?
- Аруақтар о дүниеде тыныш жата алмай жүр-ау. Жиі көремін атаңды, күйзеліп жүр. Бұрын тілдесуші еді, енді үндемейді, түсі де жабыңқы, ренішті көрінеді маған.
- Сөйтіп жүріп Қабатай кластан-класқа көшіп, мектепті тамамдауға да жақындаған. Осы ауылда біраз

орыс болушы еді. Солардың бала-шағасымен бірге еріп шығып, Қабатай да Едірейдің талай шыңына өрмелеп бірге сүйсінген. Әне бір Федор дегені таудан жуа, ағаш арасынан саңырауқұлақ тергіш еді. Әсем таудың суреттей сұлу шыңдарына қарап тұрып балаларына:

— Вот ваша родина. Здесь будете жить тысячилетиями, — дейтін. Сонан соң әлгі қазақшасы былай келетін әнді ағытатын.

Мәскеуден ең қиыр шетке дейін...

Иә, сонау Мәскеуден осы Едірейге дейін тегіс өз отаным деп түсінетін сол орыстар осы маңайдан біртіндеп кетіп тынды. Суға кететін кемеден тышқандар қашады деуші еді. Бұлар бірдемені сезді ме екен, ә? — дейді тағы сол мұғалім. Әжесіне айтып еді:

— Біз қайда барамыз, балам-ау, сенің атаң осы жерде жатыр, оның әкесі, арғы бабаларың да осында, — деп, көзіне іркілген жасты жаулығының шетімен сұртті. — Алладан тілейміз де жақсылықты. Құлыным, сендер аман болсаңдар екен.

— Сондай қопарылыс болардың алдында, анданда, қаладан арнайы келіп концерт қойып, улатып-шулатып осы елді бір мәз етіп кетеді. Иә, бір жылы осы ауылдың малына маза бермей жүрген қасқырды вертолетпен тірідей ұстап әкеліп, ауыл ортасына тастағаны бар. Көкжал жаралы екен. Аузын тастай етіп буып, байлап тастапты. Әй, риза болды-ау, жұрт.

— Осы солдаттардың бізге деген қамқорлығы керемет.

— Иә, иә! Мына Көкжал таза малды жайпап бара жатыр еді. Енді құтылдық бұл пәледен.

— Орыс солдат соны біліп істеді дейсің бе? Соны жасаттырып отырған — пәледен құтқарушы партия емес пе? Соны айтыңдаршы.

— Рас-ау, рас. Үкімет бар ғой, үкімет.

— Үкімет пен партияның қамқорлығы бар екеніне әжесі де имандай сенеді. Бірақ, неге сол үкіметі бар болғыр мына Едірейдің ар жағында әлгі «взрыв» дегенін жасай беретініне күмәні мол. Сол "взрывын" сонау Мәскеуден келіп көріп әуре болғанша, сол Мәскеудің жанындағы бір жерге неге жасамайды екен? О, тоба-ай!

— Келші, құлыным, — деп, мектепті бітіруге ай-

налған Қабатайды көкірегіне қысып, басынан иіскейді. Әжесінің көкірегінен шыққан аналық иіске құшырланып, Қабатай да бір сағыныштың мауқын басады.

— Е, кім келмейді дейсің бұл Едірейге. Кешегі Қаздауысты Қазыбек би, өршіл рухты Мәдидің мекені болған қасиетті жерді кімнің көргісі келмейді дейсің. Сондай күндердің бірінде асатаяғын ұстаған, шашы жалбыраған бақсы да келді. Советтің заманында атын естігені болмаса, тірі бақсыны көрмеген жұрт жапырыла жиналды. Талай адамның өткені мен кеткенін айтып, болашағын болжаған бақсыға жаңа түскен келіншек те келе қарғанын. Бақсы бетіне бір қарап, тамағын кенеген.

— Айтсам ба екен... — деп қиналғандай болды.

— Айтыңыз, — деп шулады ел.

— Төрт есік көрген екенсің, бесінші есігің де ашық тұр. Ендігісін өзің біл, — деп қысқа қайырды бақсы.

— Иә, екінші күні сол әйелдің тағы біреумен қашып кеткенін естіген едік. Бұл маңай бақсы сөзіне таңғала қоймайды. Жұрттың құлағына сіңген талай әңгіме бар еді.

...Меңдеке деген батыр жігіт олжа табуды ойлаған екен. Біраз күн жүріп, қолына ештеңе іліге қоймай, қарны да ашып, тойып тамақ ішуді аңсап келе жатса керек. Бір белдің астынан екі-үш үйлі шағын ауыл кездесе кетеді. Шеткі үйге түскен екен. Қазақы жолмен жөнін де сұрамаған сол үйдің қызы қымызын сапырып, құйып беріп отыр. Суып тұрған дайын еттен де бір-екі рет қарбытып асап жіберіп, қыздан ауыл жайын сұрапты. Қыз төсектің үстінде жатқан жауырынды ала салып, бетін бір-екі рет сипап жіберіп:

— Ниетің түзу адам емес екенсің. Бұл елден олжалап мал ала алмайсың. Ең жаман жауың мен болам. Кері қайт, — деді.

Мысы құрыған Меңдеке ауылына қайтыпты деген әңгімені жұрт жиі айтатын.

Сол Бақсы екінші күні зым-зия жоғалып кетті. Из-түзсіз. Қайда кеткенін ешкім білмейтін еді. Төрт-бес күн өткен соң ауылға вертолет келіп қонған. Солдаттар қолы артына қайырылып байланған бақсыны жұлқылап сыртқа шығарды.

— Мына жәдігөй осы ауылға келді ма? — деп сұрады офицер.

Тұнжыраған жұртта үн жоқ. "Не жазығы бар екен мына бақсының? Тәп-тәуір адам сияқты еді өзі. Біраз жұртқа ем-домы қонған сияқты-тын. Япырай-ә?" Шешіліп ешкім үндей қоймады.

— Осы ма? Неге үндемейсіңдер? — Офицер үнінен ызғар шықты. Не десе болар екен? Әлгі қасқырға дейін ұстап берген қайырымды офицер осы. Мұның меселін қайтаруға болмайтын шығар.

— Иә, болған, — деп біреу күңк етті. Сең бұзылды.

— Иә, иә! — десті жан-жақтан.

— Байлаулы бақсыны вертолетке салып ала жөнелген. Онан кейін ол туралы еш сыбыс естілмеді. Әркімнің көңілінде бір күдік бар. Онысымен бөлісуге тағы ешкім тәуекел етпеген. Көрген-білгенін әжесіне әңгіме еткен. Есіктің алдында жатқан үлкен қара қазанды тазалап отырған әжесі күрсінді. Жарылыстың белгісіз қатерінен тыққыштап, Қабатайды астына жасырған қазанның ернеуіне тағы кішкене тас қойып, төңкерген әжесі.

— Уһ! Әйтеуір бір сұмдық болып жатыр. Азаматтар аман болса игі, — деп тұнжырады.

Тағы бір күні концерт келді. Әннің көбі орысша. Час-тушка деген де осы ауылдың үлкен-кішісінің көңіліне сіңіп алған. "Шайтанның шапалақ, шатағы" деп аулақ жүретін жер тістеген ақсақалдар.

Ой, билеп берді артистер. Солардың ішінде осы жақта жалғыз қалған орыс қызы — Лариса. Ауру шешесін тастап кете алмай жүр. Осындайда аяусыз көңіл көтереді. Кенет аспан айырылып жерге түскендей гүрсіл шықты. Жер күрсінді. Жер басын шайқады. Біреудің қолынан ұшып кеткен гитара даңғырлап тасқа соғылған.

— Сонан бері де талай уақыт өтіпті-ау. Сол күні де осындай маужыраған таңғажайып күн еді-ау. Едірейдің шыңдары тап бүгінгідей сүйсініп, аспанды тіреп тұрған. Бәрі сол қалпында сияқты. Бірақ ...Иә, Едірейдің арғы бетіндегі керемет үңгірден бір жарылыста түтін шығып, әскерлер үңгірді бітеп тастапты. Басқасы аман шығар. Жарылыстың тоқтағанына да ширек ғасыр болып қалыпты. Әттең, колхоз болған сол үлкен ауылдың

жұртында бүгінде қалқайып екі-үш үй тұр. Қаңыраған жұрт, қираған мектептің орны.

— Қабатайдың көзіне шыңдардың арасымен қиыстап кетіп бара жатқан жалғыз арқар түсті. Жануар-ай! Келген екенсің ғой. Өрісің ұлғайса етті.

КӨЖЕДЕГІ ҚҰРТ

Пәле деген аяқ астынан екен. "Екі көздің бірі дұшпан" дегенге өмірі сенбейтін еді, қазақ тегін айтпапты. Сенгендері де табан асты жалт берді. Енді, міне, біреудің жүк салған машинасына жармасып, аудан орталығына тартып келеді. Әбден ескірген "Газ-51" машинасының сықырламайтын жері жоқ екен, сықырмен үзіліп-талып жететін шиқыл онсыз да жүйкесі тозып отырған Адайдың миын шақты. Бара жатқан жері — райкомның бюросы. Алып бара жатқан — совхоздың парткомы Боқан. «Алып бара жатыр» деген аты болмаса парткомның машинасы алда кетіп барады. Ішінде бір өзі. Жазықты болған Адайды жанына жуытпай, «өзің тап көлікті» деп, суық ниет танытып, уазигіне мініп жөнөп берген. Бәкене бойлы, тыштиған парткоммен екеуінің арасын Адайдың өзі әлі түсініп болған жоқ. Табысты еңбек етіп, жақсы көрсеткішке қол жеткізген күні жұрт алдында мадақтап, арқасынан қағатыны бар. Құдайдың құдіреті, оның арқасынан қаққан алақанынан ызғар есіп тұрғандай болады. Сол сәттегі күлкісі де суық. Жүзінен жылылық емес, әлдебір аярлық па, әлі өзі түсініп болмаған бірдеме көрінетін. Не қылса да бір салқындық бар. Бірақ, өзі жан аямай жұмыс істейді. Партияның тапсырмасын бұлжытпай орындайды. Ескілікте сөзді айтқыш қариялар да парткомды көргенде жым болған. Бір-екі рет оларға да қатты ескерткен. Ілгері тартқан өмір емес, қайдағы бір сонау патша заманынан арғы сөзді «көкімендер, жастардың миын шатыстырмаңдар", әрі-беріден соң «арты пәле болады» деген соң кәриялар бір-біріне күдіктене қараған. Партияның саясаты осылай екен «соны неге түсінбеске»?

Енді, міне, райкомның бюросына келе жатыр. "Бюро" дегенді естігені болмаса, маңына барып көрген емес. Естуінше, бір қатал жер, ылғи бір қатып қалған адамдардың жиыны.

«Бюроға түсіпті» дегендерден еститіні, бәрінің жобалап «сүркілдететіні» — "пәленшекең бюроға түскен екен, быт- шытын шығарыпты" не "жұмыстан қуып, сотқа беріпті" деген әңгіме көп.

Адайдың есіне бір күлкілі әңгіме түсіп, еріксіз жымыды. Аққұдық совхозының жұмысы ілгері баспай қойыпты. Талай директорын, біраз парткомын айырбастаса да, жұмыс бір орнынан тапжылмай, ыңыршағы шыққан есектей ілгері жылжымай қойса керек. Сонан сол сохозға жаңа партком тағайындапты. Жаңа партком, жаңаша жұмыс тәсілін іздеген. Естуінше, бюродан шыққандар өзгеріп, бұрынғысын қойып, шешімді іс атқарады екен. Сонан бюро болатын есіктің аузын аңдиды. Бюроға түскендер ағыл-тегіл терлеп шығып жатыр. Біреуі: "Мені прокурор ыңқитты", — десе, бірі: "Екінші хатшы өзі шаршағанша сілемді қатырды", — дейді. Тоз-тозы шығып, шалбарын шыға жөндеген біреуі өзін біріншінің ырсылдатқанын айтып терлетпешіген. Бюроның жеті мүшесі бар. Солардың құр қалғаны жоқ екен.

Жаңа партком бара сала өзі де «бюро» ашыпты. Жеті адам деген сұмдық қой, онаң кісі тірі қала ма, үшеу де жетеді. Есікке «бюро» деп жазып, ішіне үш армянды қойған. Тәртіп бұзған, ішіп қойғандарды «бюроға» кіргізіп жібереді. Сонан іс оңалған екен.

«Бюро» дегеніне, міне, өзі де келе жатыр. Тозған машинаның күрсінісіне құлақ түріп, әр шұңқырға бір оқалақтаған сайын жайсызданып, терезені ашып, жақтауына жармасып алған жолдың шұңқыры көп пе, әлде мына көліктің ресоры қажыған ба, әйтеуір соққылауы жетерлік. Ақыры мөңкіген машина Адайдың басын оңдырмай соқты. «Алла» деуге шамасы келген.

Е, осындайда екен ғой... Күн жаңбырлы еді. Қаладан жүк алып келе жатқан-тын. Жанында — Боқан партком. Анда-санда тіл қатысып қояды. Тек тұрмастан өте бере нөсер құйып берді. Шатырлаған найзағай құлақ тұндырғандай. Шофер жақтан аспан

қақ айырылғандай шарт ете қалғаны. «Алла», — деді абыржыған Адай.

— Не дедің? — деп жалт қарады партком.

— Жәй, әшейін.

— Осы сендер «Құдай», «Алла» дегенді қашан қоясындар, осы.

— Сасқанымнан аузыма түсіп кеткені ғой.

— Өзің партия мүшесісің. Ескілікпен күресуге тиісің, сөзің жаңағы. Іштерің шіріп жатыр сендердің.

— Кабинаның ішінде жым-жырт тыныштық орнады. Мотордың гуілі ғана естілген. Нөсер терезені жауып, көру қиындаған соң жүрісті де азайтқан. Қарсы келе жатқан көліктердің талайы тоқтап тұр. Адай нөсерге бола тоқтап қалуды намыс көріп, баяу да болса жылжи берген. Кенет төбе құйқаны шымырлатып аспан қақ айырыла шатырлап, машинаның дәл тұмсығының алдына жарқ етіп найзағай түсті.

— Астапыралла! — Боқан партком екі қолын төбесіне қойыпты.

— Міне, өзіңізде... — Адай мырс етті.

— Сен ғой, сен... Қайдағыны ауызға алып, еске түсіріп, — деп партком ашу шақырып, үріккен аттай тудалаған-тын.

Ауданға жақындаған сайын көңілі қобалжып-ақ келеді. Бар абыройынан жұрдай болғаны ма? Не үшін? Осы пәле қайдан басталып еді. Осы совхозды өгіздей сүйреген маңдай алды шоферы-тын. Мына төсіндегі Еңбек Қызыл Ту орденін тегін бермесе керектін. Медаль дегендерде сан жоқ. Диплом дегені — бір сандық. Жылда егіс науқаны бастала директор мұны аттай қалып комбайынға отырғызады. Мұнда да күндік нормасын орындауда алдына жан салған емес.

Биыл тағы да комбайнға шыққан. Орақтың орта тұсы еді. Қызу еңбек қайнап жатыр. Қазақша айтқанда, «сіңбіруге» уақыт жоқ. Түскі асты да егістіктің басында ішеді. Тегін тамақ емес қой, осындағы бар комбайнерлердің ішкен-жегені жалақыларынан ұсталады. Бұған бәрі де көндіккен. Мына ашық-жарқын уақытта, күзгі жаңбырға ұрындырмай орақ науқанын бітіруге бәрі мүдделі. Тал түсте берген асты апыл-ғұпыл жарым сағат уақыт ішінде ішеді де, комбайнға отырады.

Сол күні қасықпен араластырып суытып отырған Адайдың көжесінен құрт шықты. Өз көзіне өзі сенбей, қасығына салып үңіліп қарады да, дастарқанның шетіне қойып, тағы араластырып еді, тағы көжемен қоса піскен екеуі ілікті.

— Әй, мынаны қараңдар, — деген.

— Құрт қой мынау.

— Көжелерін апыл-ғұпыл ішіп отырғандар ежірейісіп, тостағандарына үңілген. Бәрінен де «олжа» табыла кетті.

— Мынасы несі? — дес-ті.

— Өткенде бұқаның безін салып жіберген, — деп тағы бірі жиіркенген болды.

Ас ішу табан асты тоқтаған. Әркімнің ішіне бүккені бар екен, жарыса жария етіп, ақтарып жатыр. Түскі ас мезгілі өтіп те кеткендей еді, гүр етіп машина тоқтады.

— Иә, қалайсыңдар? — деп партком келе қалған. — Обед уақыты өтті емес пе? Неғып отырсыңдар?

— Көжеден құрт шығып... — деп күңк етті біреу.

— Сұмдық қой мынау, үйді-үйімізге барып ауқат ішіп келеміз, — деп бір-ақ кесті Адай.

— Ол болмайды. Тығыз науқан. Жайылып жүруге уақыт жоқ. — Партком түсін суытып алған.

— Арам ас ішіп өлер жайымыз жоқ, Бөке, — деп Адай орнынан тұрған. Басқа комбайнерлерде үн жоқ, қабақ астымен қарасып, мәселенің артын баққан.

— Сонда сен не? Қызу науқан тұсында собатажға шақырасың ба жұртты? Қара мұны, передавой деп жүрсек, собатажник екенсің ғой.

Айтысып-тартысып жатқан үстерінен ауданның бірінші басшысы дәл түсті.

— Бұл не шу? Жұмыс қайда? — деді ашу шақыра.

— Міне, мынау собатаж жасап тұр, — деп Боқан партком бастығының алдында құрдай жорғалап шыға келді.

— Алып кел, бюроға, — деп аудан басшысы істің ақ-қарасына қарамай тұра жөнелген.

Сілтідей тынған тыныштық орнады. Сілейіскен жұрт бір-бірінің бетіне қарауға жүрексінгендей қабақ асты сығаласқан. Тыныштықты:

— Піскен астың бәрі адал, — деп құртты көжесіне

бас қойған Зереш бұзды. Сол-ақ екен, басқалардың да қасықтары тостаған ішінде тарсылдай бастады. Әлгі мектеп оқулығында қара теңіздегі «Потемкин» кемесіндегі матростар көжеден құрт шыққаны үшін көтеріліс жасағаны туралы жазған еді. Ал, мыналар астың да адал-арамына қарайтын түрі жоқ. Адайдың әне бір жаққа барып келген ағасы «Қазақтың жүрегінің отын өшірген, намысын таптап тастаған» деуші еді, сонысы рас екен. "Япыр-ай, не болған бұл елге? Әйтеуір отыз жетінші жыл емес, әйтпесе тап осы жерде атып тастаудан тайынбас".

Ертеңіне совхоздың партком мүшелерінің шұғыл отырысына Адай шақырылды. Қаралатын бір-ақ мәселе екен. «Совхоздың орақ науқанының қарқыны және комунист Адай Текішевтің сол науқанға қарсы жағымсыз іс-әрекеті». Баяндамашы парткомның өзі екен.

Жиналыс басталып кетті. Мұндайда ешкімнің бетіне жалтақтамай тура сөзін айтатын совхоздың директоры Әбекең демалыста, сонау Қырым жағында. Әбекеңнің райкомының бірінші хатшысының да бетін қайтарып тастағанын көзі көрген. "Япыр-ай, оның да болмауын қарашы. Партком Боқанның беті қатты. «Көжедегі құртты» саясиландырып шыға келді. Бірақ ұсыныс түсті.

— Адай Текішекті партиядан қуу керек — деді партком.

"Не үшін?" деген сұрақ туған жоқ. Өзі собатажник болса, ісіне саяси бағыт берілсе «не үшін» деп кім айта алады.

— Басқа ұсыныс жоқ па? Онда дауысқа саламыз. Кәне, қол көтеріңдер.

Адай еріксіз мойнын созып қарады. Шынымен осылар өзін "халық жауы" санап отыр ма? О, тоба, тап солай. Бірге өсіп, біте қайнасқан құрдасы да үскірік боранда адасып жүрген жерінен өзі тауып әкелген әне бір шот қара да, ет комбинатына мал өткізіп, бірінбіріне сапырған зоотехник те төмен қарап қолдарын көтеріп отыр. Қалыс қалған екеу екен. Қарсы да емес, жақтамайды да. Соының бірі — Тілеу. Оның үстінен біреу «құран» оқиды деп арыз жазып жіберген. Құлху Алланы білетіні рас еді. Сонан Құдайды енді

ауызға алмайтын болып ант ішіп, партбилетін зорға сақтап қалған-тын. Енді бүгін партком ұсынысын ашық қолдамай, қарсы да келмей, ит жығыста отыр. Бейшара, шоқтың үстінде отырғандай қыбыжықтап, астындағы орындығы ойбайын сала шиқылдаған.

Екіншісі — осы елдің атақты жылқышысы. Қыстың үскірік боранында тымағын алшысынан киіп, қонышы тізеден жоғары, ішіне әсемдеген байпақ салған саптама етік киіп қасқайып жүруші еді. Сол өткендегі бір жиналысқа сол қазақы киімімен келмесі бар ма? Партком шошып кетті.

— Әй, сен қайда келіп тұрғаныңды білесің бе, өзің? Надан. Үстіндегі киімің не сенің? Шық, көзге көрінбей, — деп қуып шыққан.

Сол байғұс сонан бері басына құлақшын, аяғына пима киіп, «современный» қалыпқа түскен-тін. Анау Мәскеуден келетін партияның саясатын жүргізуші парткомның айтқаны бүгін жылқышының құлағына жетпей қалыпты. "Өзіне қиын болатын болды— ау".

— Шықтың партиядан, әкел билетті, — деп Боқан партком қолын созды.

— Билетті сен берген жоқсың, берер жерімде беремін, — деп, Адай алды-артына қарамай, есікті серпе жауып сыртқа шығып кетті.

Енді, міне, бюроға келе жатыр. Мына сықырлауық машинамен Райком жаққа баруға болмайды. Бір көше жетпей тоқтаған. Жаяу салпақтап жеткенінше бюроның басталатын уақыты да болып қалыпты. Әйтеуір далада ешкім жоқ екен. Көпшілік кіре берісте топталыпты. Сәлем бергенге қараса, көрші совхоздың басшысы Бәкір екен.

— Адеке, партияға жаңа өтейін деп келіп тұрсыз ба? — деп костюмінің өңірін нұсқады. Иә, Адай, бүгін костюміне барын таққан. Екі бірдей ордені, оның соңына ілестіріп жеті-сегіз медалін самсатып іліп қойған-тын. Ең болмаса жұрт осынысын осы жерде бір көрсінші! Тойға тағып бармаған, жиналыста осылай киініп көрінбеген. Тап осыдан кейін бәрін лақтырады. Босқа арам тер болған екен. Сонда жеткені құрттаған көже екен. Ішіне сыймай, Бәкірге бәрін айтты.

— Жоқ, енді сол билетті тапсырайын деп келдім.

– Әй, мыртық, – деді Бәкір сонадай тұрған Боқанға. – Енді елдің азаматымен алысайын деген екенсің.

– Япыр-ай, осы айтқаныңның бәрі рас па? – Бәкірден әрірек тұрған Мүшекең бәрін естіген екен. Мүшекеңді аудан халқы тегіс сыйлайды. Кешегі қан майданға қатысқан, ауыр жаралы болған, елге келген соң да мүтедектігіне қарамай еңбек еткен, сол үшін де қарапайым еңбеккер ретінде бюро мүшелігіне сайланған ардақты адам.

Адай қағазға орап қалтасына салып алған көжеден шыққан құртты көрсетті.

– Міне, көріңіз.

– Партком отырысында ешкім қорғамады ма?

– Екеуі қалыс қалды.

– Сұмдық екен. Мынау ел – ел болудан қалған екен.

Бюро басталып кетті. Бірінші жазықты болған Адай Текішевтің мәселесін қойған екен. Залда сыбыр-күбір көбейіп кетті. Жұрт аң-таң сияқты.

– Жолдас хатшы. Маған сөз беріңіз, – деп орнынан ауырлау көтерілген Мүшекең хатшының рұқсатына қарамай бастап кетті. – Мен қан майданда қан кешіп, он екі мүшемнің бірін беріп, күні бүгінге дейін омыртқама тиген оқты арқалап жүргенде, қазақтың баласын құрттаған көже ішсін деп армандаған жоқпын.

Мүшекеңнің ызалы дауысы залды кернеп кеткендей еді. «Міне, сөз», – деп қалды залда отырғанның бірі. Қоштаған да, қарсы да жетерлік.

– Ол собатаж жасағысы келді, – деп тиісті биік үстелдегінің бірі.

– Мәселеге саяси жағынан қарау керек.

– Еңбек адамына емес, құрттаған көжені аузымен орақ орған сендейге ішкізу керек, – деген Мүшекеңнің дауысы қатты шықты.

Қым-қиған айтыс басталып кетті. «Еңбек адамын қорғау керек», «Жоқ, ол собатажник» деген сайыс тоқтар емес. Адайдың құлағы шулап, көзі қарауытып, басы айналды. Сыртқа шыға жөнелген. Қабырғаға сүйеніп тұрып тыныстады.

"Ел сөзін айтатын бір адам бар екен әлі", – деп өз-өзіне күбірледі.

«КОНВОЙ»

Жұмыстың аяғы. Өсербай мықшындап тұрып барып терезеге қарады. Бұрындары осы уақытта қағаздарын жинап тастап, кеңсе есігін бекітіп, шығып жүре беруші еді. Адамның көңілі бұзылса, іс-әрекеті де өзгереді екен. Енді, міне, қараптан-қарап отырып бастығының ізін бағады. Қашан жұмыстан қайтады дегенді бұрын байқамаушы да еді, енді соның есіктен шығып бара жатқан сұлбасын аңдиды. "Е, эне, кетті". Шегебай бастықтың соңынан екі елі қалмай, әйелінің ілесетініне бір жаз болды. Шегебай алда, тура екі қадам жерде әйелі. Екі қадам. Аралық өзгермейді. Өсербай тап-жылмай отырып сан бақты. Сол екі қадам — екі қадам. Сотталған адамды айдауылдың айдағанындай. Абиыр болғанда, әйелінің қолында көсеу де жоқ.

— Конвой келді ме? — мырс еткен Қайраттың үні жетті.

— Не?

— Конвойдан несі кем? — деп Қайрат Шегебай жақты иегімен нұсқады.

— Ойбай, белім, — Өсербай бір-екі аттап белін түзеді. Бел ештеңе емес-ау, осы іш-құрылысы бар болғыр да жиі мазалайтын болып жүр. Осы қазір «ауырмайтын адам жоқ» дегенді бәрі айтады. "Көппен көрген ұлы той" дегенге саяды. Осының несі той? Сонан соң осы аурудың бәрін гептилден көреді. Әлгі протон дегеннің ұшуында шек жоқ. Онысы мына, Қарқаралыға құлады, Жаңаарқаға жете бере жер жастанды. Осы аудан аман деуші еді, энеукүні теледидардан біреу: "Бұл ауданның жерінің тоқсан проценті гептилмен «зараженный», — деді.

Терезенің алды у-шуға толды. Балалар екен. Жарысып барады. Мына протоны ұша берсе бұлардың күні не болады? Өсербайдың немерелері есіне түсіп: «Ойпыр-ай», — деп қалды. Шығыста шүршіт, батыста сөзді «ио...» дан бастайтын мұжық. Екеуінің арасында жерошаққа қазанын қайнатып қазағы отыр. Азамат деген қазағының түрі анау— алдында өзі, соңында «конвойы».

— Конвой! — Осы сөз аузынан шығып кетті. Шеге-

бай ежелгі досы еді. Мына сөзге қимады. Өсербай бірер жыл бірер мекемені басқарып келгені болмаса, ғұмыры осы салада өтіп келе жатыр. Шегебай да осында. Біртіндеп көтеріліп, енді, міне, бастықтық дәрежеге жеткен. Мінезі бірсыдырғы. Біреумен "осы дұрыс" не "қате" деп жүз жыртыспайды. Көзі жоқта басқаның бір ісін айтып келемеждеуге шебердің шебері, «мәстір». Арагідік мұның да кеңсесіне кіріп, балалық-шалалық шақтағы бірдеңелерді айтып, ырқ-ырқ күліп алады да: «Біздің Өсеш азамат қой, шіркін», — деп арқадан қағып қоятыны бар. Әлдебір жиналыстарда: «Табаны аумай жұмыс істеген Өскеңнен артық білетін ешқайсысы жоқ», — деп көтермелегеніне не жетсін. Соған да көңіл риза болып, қопандап: "Бірге өскен төлміз ғой", — дейтін іштей.

Дегенмен де... Иә, дегенмен де "адам аласы ішінде" дегенді уақыт көрсетеді екен. Бастықтың сықырлаған креслосы мен табанынан биліктің ызғары есетін мөр желпіндірмей қойсын ба, "өзімдікі ғана жөн" деген мінездің салқынын сездіріп жүрді. Өсербай да, Шегебай да осы мекемені аттай отыз жыл басқарған Сәрінжіптің шәкірті. Тіпті, осында тап бүгінде жұмыс істеп жатқандардың көбі Сәкеннің жүзін көріп, тәрбиесінен өткендер. Марқұмды анда-санда еске алғанда, әуелі адамгершілігі тілге оралатын. Сәкенді Шегебай да күні бүгін қатты құрметтейтін. Осы мекеменің бухгалтерінің туған күні болып, бәрі де көңілді отырған.

— Шіркін, Сәкендей таза адам қайда? Сонан үлгі алдық қой бәріміз. Тазалықтың үлгісі ғой қолында тұрса да не өзі, не әйелі Бағашқа медаль түгілі, мақтау қағаз алмай кетті ғой, — деп тебіренді.

— Дұрыс айтасыз, ол кісіні көрдік қой, — деп қалды Қайрат. — Содан алған үлгіңіз қайсы? Өзіңізбен қоса, мына жеңгеміздің кеудесіне қос-қос медаль тақтыңыз.

Сәл абыржыған жұрт күлген болысты. Ыңғайсызданған Шегебай қозғалақтап:

— Мен емес қой... Жоғары жақ... Жоғары жақтан, — деп ақталған болды.

Жұбайының онсыз да суықтау жүзі сұрланып шыға келді. Көзі шатынап, тиісерге қара таппай, ытырына қарап:

— Соны да сөз деп, иттің итақайы алып жатқан медальды, — деп орнынан тұра жөнелді.

Сонан бері Қайраттың да ісі оңға басқан емес. Жоқ жерден бір кемістік табылып жатқаны. Жұмысын тастап кете берейін десе, мына екі қолға бір күрек табылмайтын тұста оның ыңғайы жоқ. "Отырса — опақ, тұрса — сопақ" дегендей күн кешкен жағдай. Баяғы бір кездердегідей жұмыскердің құқын қорғайтын кәсіподақ дегеннің қарасы өшкелі қай заман! Бар ашуы келгенде, мықтағаны: «Дикий капитализм», — деп сілтеп-сілтеп алады.

Қайрат ұшыраған осы кепке өзі де тап бола жаздағаны бар. Құдайдың құдіреті, жас кезінен аттың сауырына жармасып, әкесімен бірге аңға шығатын еді. Ақыры осысы кәсіп болмаса да, қол тигенде тауға шыға жөнелетін әдет боп бойына сіңді. Кей-кейде үш-төрт жолдас болып та аңға шығады. Оның арты қызыққа толы мол әңгіме. Сондай қызықты сәттерді ести-ести Шегебай да ілесе шыққысы келген ниет танытты. Бұлар салт атты, сондарында бір-бір тазы. Шегебай машинаның ішінде. Қара жерден із салған тазылар аласұрып, бірінен-бірі озып, бел асып кетеді. Салт аттылар жота-жотаны қуалап тұра жөнеліседі. Шегебайдың "Нивасы" қанша жүрдек болса да ілесе алмайды. Иттердің түлкіні қуған қызығы, әккі түлкінің құйрығын бұрай тастап алдап кететіні бұл үшін көз көрмеген қызық. Аңшылар бірінен-бірі сөз оздыра, қоюлата айтқанда, көз алдына тірі елес келеді.

— Жоқ, машинамен аңға шығып, қызық көрмейді екенсің. Мен де атқа мінемін.

— Дұрысы осы ғой.

— Жуас ат болса тек қана.

— Е, ол табылады ғой.

— Ендеше сен маған ана өзіңнің көкқасқа тазыңдай күшік тауып бер. Үйде өзім асыраймын. Сен бар ғой, сол күшікті осы сәуір, мамырда тауып әкел, күзде алты-жеті айлық күшік ат соңына ертуге жарайды.

Ежелгі досының бұл серпілісін құп көрген Өсербай қиянда тұратын балдызына қолқа салды. Осы маңның азулы тазыларын сол асырап өсіретін. Ақыры сәуір айының орта кезінде көзін ашып, бауырын көтерген

көк ала күшікті таңдап алып, Шегебайдың есігі алдына тоқтаған. Жүгіре шыққан балаға:

— Әкеңді шақыршы, — деген.

Есіктен етегін шала жауып, шолақ көйлек киген Тишім көрінді. Қазақ есік алдына кім келсе де «үйге кір» деуші еді, Тишім сәлемге ерінін жыбыр еткізді де, «неге келдіңізді» қабағымен білдіріп, үнсіз қалды.

— Шегебай бар ма?

— Оны қайтейін деп едің?

Арғы жақтан жөткірінген дыбыс шықты. Жөтелдің иесі Шегебай екен. Әйелінің сыртында тұрып басын изеді.

— Мына күшікті алып келіп едім.

— Ненің күшігі? — деп Тишім шарт ете қалды.

— Несі несі? Тазының да. Шегебай тапсырған.

— Кім асырайды ол итті? Әпкет әрі. Менің ит асырар жайым жоқ.

— Саған емес, Шегебайға әкелдім.

— Әкет дедім ғой саған.

— Ау, Шегебай, мынау не? Сен емес пе өлердегі сөзіңді айтып күшік сұраған.

— Әкет дедім ғой! — Тишімнің үні қатқыл, бұйрықты. Ар жақта тұрған Шегебайда үн жоқ, "есіктен бекер көріндім-ау" дегендей табалдырықтан әрі аттап кетеді де, еркектігі ұстай ма, қайта бері шығады.

— Ит асырап... — Әйелдің шаңқылдаған дауысы құлағын тұндырды. Өсербайды ыза қысқан.

— Әкел деген байың... Асырайсың ба, асып жейсің бе, жұмысым жоқ.

Шегебай көкала күшікті табалдырық алдына тастаған да, жүре берген. «Басынғанын қара мұның...» деген әйелдің үні соңынан қуып жетіп жатыр. "Е, мейлі". Ойпырым-ай, Шегебайдың кім екенін жаңа көрді-ау. Сөзінде бәтуа жоқ екен-ау. Әйеліне өзін сонша тілдеткені несі,ей? Сабаса "біреудің қатынына қол көтерді" деп сотқа береді. Сонда Шегебай куә болса ше? Басына келген осы ойынан Өсербайдың өзі шошыды.

Тым-тырыс шақ туған. Өсербай Тишімнің тілін естімегендей, Шегебай көрмегендей бір салқын тыныштық. Күздің қарасуығындай арада бір ызғар бар.

Өсербай бастығынан қашқақтайды, бастығы да бұл отырған бөлмеге келіп: «Өсеш», — деп әлденені айтып біреуді келемеждеп, күйі келген текедей ырқылдап күлуін кілт тежеген.

Сөйтіп жүргенде, бұлар бағынатын облыстық мекемеге институтта бірге оқыған жігіт кадр бөліміне меңгеруші боп келе қалған. Телефон соғып, іздеп тауып алды.

— Тірісің бе, ей? Неге бір хабарласпайсың?

— Бармыз ғой. Өзің амансың ба?

— Өскен-ау, сен өмір бойы осы мекемеде істейді екенсің. Жекебас қағаздыңды қарап шықтым. Ең болмаса бір мақтау қағаз саған бұйырмапты. Әй, сен институтта баршамыздан озық едің ғой.

— Е, қағазда не тұр, тәйірі.

"Е, бірге оқыған достардың ниеті де", — деген де қойған Өсербай. Сол білгендігіне де рақмет. Бұл өмірінде біреуге зияны тиіп кісәпір атанған жоқ, қолынан келген ақыл-көмегін де ешкімнен аяған емес. Бір кісідей сыйлы. Бір таңғаларлығы — осы мекемедегі кадр бөліміндегі Жазгүл мен Қайрат соңғы кезде өзара сыбырласып, бұған қарап жылы жүзбен қарауы жиілеп кетті. "Сірә, бастық пен екеуінің арасындағы салқындықты өзара өстіп жылы қабақ танытып, жаймашуақ еткісі келгендері шығар" деген де қойған. Ай өтті, бұл екеуі де тайғақтай бастады. Жүре жауап беріп, қашқақтайтынды шығарды. "Не жолы, бұларды бастық шақырып, төмпештеп алды?" — деген ой келді Өсербайға. Әлде біреу араларына өсек таратып жүрме? Мына мекемеде тіпті жалғыз қалғандай көңілі құлазиды. Талай жылдар бойы тұтқасын еркін ашып кіретін мекеменің есігін ашудың өзі қиындады. Онан әріге Өсербай шыдамады. Өтіп бара жатқан Қайратты жеңінен тартып тоқтатты.

— Әй, осы сендер менен неге қашқақтап жүрсіңдер?

— Жоқ, ондайымыз жоқ, — деп жалтарды Қайрат.

— Бала емеспін ғой, қас-қабақтан бәрін түсінемін.

Мені сендерге біреу жамандап жүр.

— Ондай сөз жоқ.

— Әлде, мен сендерді жамандап жүр деді ме?

— Ондайды да естігеніміз жоқ.

– Ендеше шындарыңды айтыңдар.

– Не десем екен? – Қысылғанынан Қайраттың маңдайынан тері шықты. – Айтуға аузым да бармай тұр. Өзі бір қисыны кеткен шаруа.

– Үй-ішіме, бала-шағама қатысы жоқ шығар. Ендеше айта бер.

– Сіздің облыстағы кадр бөліміндегі досыңыз Жазгүлге телефон соғыпты. "Реті келіп тұр, Өсербайды мадақтап жіберейік, құжатын толтырып әкеле ғой", – деп. Сонан Жазгүл, екеуіміз сізді осы саланың білгірі, озаты деген мадаққа бар құжатты дайындағанбыз.

– Оны маған неге айтпадыңдар?

– Қуаныш кенеттен болсын деген едік. Сонан бар құжатты алып Шекене, бастыққы алып барды Жазгүл. Көп ойланып отырыпты. Сонан қағаздарды алып қалып:

– Түстен кейін кел, – депті.

Жазгүл, әйтеуір, бар құжатқа қол қойдырып, облысқа кеткен. Сол жерде, кадр бөліміне құжатты тапсырарда, Жазгүлге Шегебай қайта телефон соғады. «Өсербайдың құжатын тапсырма», – деп. Жазгүл: «Неге?» – десе, «Онда шаруаң болмасын», – дейді. Облыстағы досыңыз:

– Әй, әлгі Өсербайдың құжаты қайда? – деп сұраған екен, Жазгүл алып келген құжатының жағдайын айтты. Сонан досыңыз Шегебайға телефон соқса:

– Кімге не берерін мен білемін. Менің бұйрығым орындалады, – деп шегелепті біздің бастық. Сонан бері сізге қарауға бізде бет жоқ. Өзіміз кінәлідей боп жалтақтап жүрміз.

Өсербайдың жүрегі сыздады. "Өзім дегені бөтен екен ғой. Қалайша сезбеген? Бақылдаған текедей күлкісі жаман еді. Ішмерез екен ғой. Ішмерез..." Өсербай кешегі досынан бір жамандық жұғып қалғандай костюмнің алдын қаққыштады. "Осыншама жамандық ішіне қалай сыйып жүрген оның? Пәлесінен аулақ".

Өстіп жүргенде, Шегебай «конвойға» ілікті. "Сынықтан басқаның бәрі жұғады" деген рас шығар. Шегебай осы ауылдың әкімімен дос еді. Сол әкімге осы ауылдың Дуанбай деген ақсақалы: «Керемет адам, бұған орден берсе болады», – деп жүрген. Ши-

рақ екен, жұмыстағы нәтижесін қайдам, осы елдің санын көбейтуге үлес қосып, өзімен бірге істеген бір қызды жүкті етіп кетіпті. Сол әкім досының үлгісі ме, Шегебай ә дегенде орыстың бір Лизасымен әуейі болып жүрді де, ол кеткен соң, осы мекемеге келе қалған күйеусіз келіншекпен сыпайы сырласа жүріп, бір-екі рет қалаға «командировкалаған» еді. Қауесет жата ма, Тишімнің құлағына да жетсе керек. Пәлен ауылға «командировкаға» кеткен байын түн ортасында күйеусіз келіншектің үйінен қуып шығып, арты жанжалға айналған.

– Көзіңді құртам! Қаңғытып жіберемін! Ішкен - жегеніңді құстырамын!

Әйтеуір не керек, көрші-қолаң, туысқан болып жабылып жүріп Тишімді зорға басқан екен. Сонан бері кешкі алты нөл-нөлде Тишім Шегебайды алдына салып айдап бара жатады. Адамның басы... Иә, әлгі кімнің добы деуші еді?

– Конвой, – дейді Қайрат.

Өзінің іші ашиды. Өзім дегені – өзге екен, досым дегені – бөтен болыпты. Сонан бері қараптан-қарап жүріп қуыстанып, бастықтың кетуін аңдитын болғаны. Алдында ол... соңында екі-ақ қадам...

19.08.2016 ж.

КӨГІЛДІР КҮМБЕЗ

«ҮТ» ПАРСЫНЫҢ ЕМЕС, ҚАЗАҚТЫҢ «ҮТІ»

Менің бұрнағы жылдары жарық көрген аспан әлемі, ай атаулары туралы мақалаларыма не бір ғалым, не бір жазушының не "оң", не "теріс" деп пікір айтпағанына қатты налушы едім. "Қазақ елінің аспаны ең болмаса бір азаматқа керек болмағаны ма, әлде қазақы түсінікті «жерлеп болдық» па?" деген ой қатты мазалайтын. Алғаш тіл қатқан Қажығали Мұхаметқалиұлы болды.

Бар екен азамат. Бар екенсің, бауырым. Бар болғанына қуанамын.

Аспан әлемі балалық шақтан қызықтыратын еді. Ал, мұнымен ерекше шұғылдануым 1962 жылы басталды. "ЕСЕП» партиясын құрды" деген айыппен сотталып кете бердім. Саяси лагерьде 33 жыл отырған ақмолалық Құнанбай Бейсенұлымен бірге болуға тағдыр жазды. Жасы жетпістен асқан сол ақсақал түнде тысқа шығуға қанша тыйым салса да, кесілген ағаш арасынан жасырынып, талай түндерде аспан шырағының өзі білетінін көкейге құйып бақты. Елге келген соң, мұндағы ақсақалдардан да мүмкіндігінше жинастырдым.

Қазақ — жады мықты халық. Кешегі өткен ақсақалдардың аңыз-жырларды, мың жылдық тарихты магнитофонға жазып алғандай жатқа айтатынының куәсіміз. Ұлтымыздың ғарыш туралы түсінігі де тап осындай жүйемен ауыздан- ауызға беріліп келген. Ал, жұлдызшы атаулының күні не болғанына 30 жылдар куә.

Қазақтың ай атаулары туралы, ондағы қателіктер жөнінде сонау 80 жылдары жазғанымда, «Қазақ әдебиеті» газеті: «Ойбай, Ғылым академиясындағылар пәле қылады», — деп баспай қойды (Дидахмет Әшімханұлы куә).

Ай атауларымызда қателік жетерлік. Менің «мемтеркомда» шаруам жоқ. Қателікті елді білмейтіндер, қазақ ұғымын кітаптан ғана іздейтіндер жасайды. Өйткені, олар ұлттан алыс. "Сәуірді көкек дегеніміз дұрыс шығар" деген пікір айтқан екен. "Көкек" деген атауды мен де білдім. Бірақ... Бірақ Алтайдан Еділге дейін созылып жатқан ұлы даланың оңтүстік өңірінен басқа жерде бұл айда көкек шақырмайды. Жоқ көкекке айдың атын бергеніміз жөн бола қояр ма екен? Бұл айды қыр қазағы «отамалы» деп те атайды. Сәуірдің 5—6 күндері қыс қайырмасы — бұрқасын, суық өтеді. Осы амалды халық "отамалы", яғни "оттың (шығатын көктің) амалы" деп атаған.

Екінші бір дау туғызып жүрген ай атауы — еуропаша июнь айы. Мұны «мемтерком» маусым деп бекітіпті. Дұрысы — шілде. Қазақта «40 күн шілде» деген ұғым бар, яғни 40 күн ыстық аптап Шілде үркердің жерге түсуімен тікелей байланысты, Үркер Құралайдың салқыны өтсімен, мамыр айының 29—30 күндері жерге түсіп, бір жарым ай бойы аспан әлемінде көрінбей кетеді, мұны білмей шілдені онан әрі өткізіп жіберіп, келесі айға таға салу — ұлттық ұғымымызға жат болдырған аттың ертоқымын жаурыннан сауырына сырғытып ерттеген тәрізді көрініс.

Шілде айының соңында (июннің) Ұлы даланың көк майса көрініс реңі де өзгере бастайды. Шөп сарғыш тартқан көрініс берді, сол себептен еуропаның ұғымындағы июль, біздіңше, халық арасында *сарша* атанады.

«Мемтеркомның» да, газеттердің де тісі батпай жүрген ай атауы — «Үт». Парсы не дейді, онда жұмысымыз жоқ. Тіптен: "Парсы осы атауды түркі жұртынан алды-ау" деген ой келеді. "Үт кірді — құт кірді" дейді қазақ. Сондағы үті не? Осы айда жабықтан, түңліктен, терезеден түсетін Күн сәулесінде аппақ тозаң тәрізді ұшқын жүреді. Сол сәуледегі ұшқынды халық

ут дейді. Бұл тек осы айда ғана болатын құбылыс. Осы айда аспан әлемінде көрініс беретін Балықтар атты шоқ жұлдыз да тап осындай тізбек, ендеше біз айтып отырған «Үт» жат жұрттық емес, тап қазақтың Үті. (Ақты— сүт десе, ақ тозаңды— үт деген).

Қазан айын ел *Ақыраб* деп те атайды. Ақыраб атауының араб-парсыдан келгені де белгілі. Бүкіл шығыс еліне игі әсер еткен мұсылман мәдениеті өмір сүру тәсілі жуықтас қазақ елінің әдет-ғұрып, дүние танымымен араласып, сіңісіп кеткен. Міне, содан да болар, кешегі үлкендер Ақыраб атауынан қашпаған, тіпті қазан айын осылай атап та кеткен. Осы айға байланысты қыстың алты айындағы ауа райының қандай боларын болжаған. «Ақыраптың алты күні» деген де бар. Бұл болжамның қалай жасалатыны туралы кезінде жазғанмын.

Қажығали: «Қателік кеш те болса түзетілуі тиіс», — деген екен. Ұрпағымыз қазақ болсын десек, бізде онан басқа амал жоқ. Қазақы ұғымнан айырды, айырылып қалуға тырысқан тағы өзіміз. Енді мұны түзер де «өзіміз» болсақ едік.

ҚАЗАҚТЫҢ ТОҒЫС АЙЫ

Көне заман жұлдызшы-есепшілерінен бүгінгі бізге там-тұмдап зорға жеткен есебінің бір түрі — тоғыс айлары. Бұрынғы өткен жұлдызшылар өз білгенін хатқа түсірмеді деуге хақымыз жоқ, XX ғасырдағы ел шұбырған аумалы-төкпелі заманда сан қазынаның түбірімен құрып кеткені анық. Аштықтан тірі қалып, сан белсендінің қитұрқысынан шошынған халық білгенін ұмытып қалған. Бір тайпа елдің бүгінгі тірі ақсақалдарынан тоғыс айлары туралы сұрағанымызда, көбі естімеген, не: «Қарағым, есте не қалды дейсің?» боп, мардымды ештеңе ести алмадық.

Өкіне отырып, халықтың өзі білген, өзі шығарған бұл жүйесін өзіне ұсынуды жөн көрдік. Өмір сүруінің негізгі тәсілі мал бағуда болған көшпелі ел ауа райын күнібұрын болжауды жақсы білген. Осы тұста айдың

тууы, оның аспан әлеміндегі орыны, шоқ жұлдыздармен қиылыса өтуі қатты бақылауда болған. Осыдан келіп ай тоғысуы туралы жүйе қалыптасқан. Ай жылдың әр мезгілінде Үркер шоқ жұлдызымен қиылысып өтеді. Аспан әлемінде қозғалған жаңа айдың күн сайын біртіндеп Үркерге қарай жылжып, ақыры «түйісіп» өтетіндей шағын «тоғысу» деп атаған.

Ал, Үркердің де жұлдызшылардың есебінде алар рөлі өте зор болған. Мысалы, жазда өтетін 40 күндік шілде Үркердің Құралай (мамырдың 17–24 арасы) өткеннен кейін жерге кіруінен 10 күннен кейін басталған. Бұл 40 күнде Үркер аспан әлемінде көрінбейді. Шілде ыстығы – Сарша (июль) айының ортасында Үркердің тууымен бітеді.

Сол сияқты қыс шілдесі – Сары аяз. Текебұрқыл өткен соң басталып, Үркердің қаңтар айында (27–29 шамасы) төбедең ауған шағымен бітеді. Айдың 5 тоғысуы Наурыз күніне дәл келетіні де тегіннен болмаса керек. Бұл қазақтың көне жұлдызшыларының космостық түсінігінің аса білгірлігін дәлелдей түсетін жағдай.

Ай аттары	Ай туатын күн	Айдың Үркермен тоғысу күні
Қаңтар	20. I	9 тоғыс
Үт	19. II	7 тоғыс
Наурыз	19. III	5 тоғыс
Сәуір	18. IV	3 тоғыс
Мамыр	17. V	1 тоғыс (айдың бір жаңасы)
Шілде (июнь)	16. VI	23 тоғыс
Сарша (июль)	15. VII	21 тоғыс
Тамыз	14. VIII	19 тоғыс
Қыркүйек	13. IX	17 тоғыс
Қазан	12. X	15 тоғыс
Қараша	11. XI	11 тоғыс
Ақпан (ақпан, желтоқсан)	10. XII	

Кестеде көрсетілгеніндей, ай тууы біртіндеп ілгері қарай жылжып отырса, ай мен үркердің тоғысуы, керісінше, сағат тілінің бағытымен жүреді. Ертедегі

жұлдызшы-есепшілер ауа райын болжағанда, тоғыс есебін басшылыққа алып, I тоғыс мамыр (май) айын бірінші қойған. Әрі қарай жалғаса береді.

мамыр	қазан
сәуір	қараша
наурыз	қыркүйек
Үт	тамыз
қаңтар	Сарша (июль)
ақпан	шілде (июнь)

айларымен қабысып, әр айда өтетін күн амалдары жуықтасады. Жыл он екі айда кездесетін амалдар туралы бұрын да жазған едік. Сөз реті келгенде айта кететін бір жағдай, кей оқушыларымыздың тым еуропашыл болғысы келіп, қадым заманнан бері аталып келе жатқан жұлдыздардың қазақша атауын шет тілден сөзбе-сөз аударып, әдебиетке кіргізіп жіберді. Соның бірі – Үркер шоқжұлдызы Бикеш боп шыға келген. Орысша «Дева» болған соң «Үркер» аузына түспеген соң (не оның білгісі келмеген) қазақшасы солай болыпты.

Енді бір шоқжұлдыз Егіздер атына ие бопты. Орысшасы «Близнецы» ғой. Мал баққан қазақ бұл жұлдызды «Қосақ» (кәдімгі сауатын қойды қосақтайтын «қосақ»). Жұлдыздардың айқасуы соны көрсетіп тұр) дейтін де, жанындағы ромбы тәрізді жұлдыз тобын «Шетен» атаған. Жұлдызды әлемге сүйсіне білген көшпелі мал баққан қазақ жұлдыз әлемін өз тіршілік ыңғайына қарай атаған.

Ең бір қызығы, кей әдебиетте осы «Близнецы» жұлдызын «Босаға» деп атап жүр. Бұл қазақта әйтеуір бір жұлдыздың аты «босаға» еді дегеннен шыққан сөз. Иә, «Босаға» жұлдызы бар. Ол жаз жұлдызы шыға, яғни жаз шыға туып, қара күздің соңын ала батып, қыс бойы көрінбейтін, шын мәнінде, босаға тәрізді сегіз жұлдыз. Оның ең биік көтерілген шағы – жаз ортасында оңтүстік көкжиектен маңдайға (зодиак) жетпей, иық тұсында тұрады. Сонымен «Босаға» жұлдызы – жаздың кірер босағасы, жазбен келіп, жазбен кететін шоқжұлдыз.

Қазақта "бөлек туып, бірге батқан үш жұлдыз" деген

сөз бар. Бұл – зодиактан орын алған Үркер, Таразы, Үш Арқар шоқ жұлдыздары. Үркер Саршада (июльде), Таразы – тамызда, Үш Арқар – қыркүйекте туады да, күз, онан қыс бойы аспан әлемінде бірінен соң бірі тізбектеле ауады. Бұл жұлдыздар майдың алғашқы он күндiгiнде күнбатыс көкжиекте бір қатарға тізіле бастайды. Мұны *жұлдыз тоғысуы* деп те атайды. Сол шамада (мамырдың 8–10 арасы) күн бұзылады. Қыс бойы бірінен соң бірі тізбектелген шоқжұлдыздар енді қатер тізіліп, Құралай өткен соң біржола бірге батады.

Зодиактың сол үш жұлдызының біреуінің орысша атауы – «Скорпион». Оны біздің білгіштер «Бүйі» деп атай салыпты. Орыстан бұрын да бұл қазақ сол жұлдызды «Үш Арқар» деп тамаша атау тапқан екен. Сонда бұл тілімізді шұбарлаған, өзіміздің әсем танымымызға бүйідей тиген қай «Бүйі»? «Қарақұртты» іздесе, оны әдебиетте "Вега" деп атайды. Ал, "Лира" шоқжұлдызын "Өрмекші" дейтінін осы күнгінің қайсысы білетініне күмәнім бар.

Атауы қазақ таным-нанымына үйлеспей жүрген жұлдыз «Ешкімүйіз» ("козерог). Ешкіні «кебенек» деп сілейтіп, қазақ сиқырлы да сұлу аспан әлеміне ешкінің мүйізін шығара қойды ма екен? Сұлуға сәнді ат таға білген көшпенді «Лақ сүмбіле» деп бір жұлдызға әсем атау бере білген. «Ешкімүйіз» де біздің шалағай оқымыстылардың шығарып жүргені. Ол жұлдыз шоғырын қазақ «Қамбар» деп атаған.

Аспан әлемінің сан жұлдызының қазақша атауы болған. Оны сол қалпына келтіру қажет. Қазақтың ақтаңдақ боп қалған тарихының, әдебиетінің, таным-нанымының беттеріне өз бетінше зерттеу жүргізіп, үлес қосқан азаматтарға бүгінде ғылыми атақ беруді мықтап қолға алу керек. Онсыз зерттеу, тану, білу ілгері баспайды. Архивтік қорларды ғана ақтарып, бір қағаздан екіншіге көшіріп, кандидат не доктор болу енді жеткіліксіз. Уақыт зерттеуді күттірмейді. Ол үшін бүгінгі таңда қанша қиын болса да бірен-саран жөн білетін қариялар таусылмай тұрғанда ел арасына шығу ғалымдардың парызы, «Айналайын» дегенді «кругом обхожу» деп жүре бергеніміз енді көшімізге лайықсыз екенін білсек керек.

АЛТЫ АЙДЫ БОЛЖАҒАН АЛТЫ КҮН

Бүкіл өмірі табиғат аясында өтетін, табиғаттың төл баласындай көшпенді ел көк аспанның жымындаған сансыз жұлдызына ат қоя білсе, сол тұңғиық көкті қай күні бұлт торларын не қар борап, не жаңбыр сіркірерін дәл айта білген. Ауа райын болжар көріпкелдерге қарсы емеспін, оларда да бір иелік күш бар, дегенмен табиғаттың өз ықпалындағы кей күндер елге ертеден белгілі болған.

Қазақ жұлдызшы-есепшілері, әсіресе қысыл-таяңы көп қыс айын болжауға аса күш салған екен. Сол алты ай қыстың қаһарлы бораны мен қатты аязын Ақырап айының алты күніне болжаған. Бұл жөнінде кезінде біраз ой қосқан Зекен Бәкірұлын, Төкеннің Жұмабайы ақсақалдардың есімін атап өткен жөн шығар. Туа білген ешкім жоқ, тек осылай зерделі жандардың сөзіне зерде салу бар.

Сонымен Ақырап айын есепшілер болжам үшін қатты ұстанған. Ақырап айының тууы қазіргіше Қазан-Октябрь айының 14 жұлдызы. Міне, бұл күн — Ақыраптың бірінші күні. Сол күні таңсәріден бастап жұлдызшы-есепшілер әр сағатты қатты бақылауға алған. Сағат сайын күні- бұрын дайындалған күлді ұшырып көріп, желдің бағытын, жылдамдығын есепке алған. Сол сияқты сол тәуліктің қай сағатында күннің ерекше құбылысы, суытуы, не жылынуы, не жауын-шашын болуы қатты ескерілген екен.

Бұл болжам алты күн бойы кезек-кезек күн-түнді күзеткен есепшілермен жүргізілген. Сол алты күнде алты айлық қыраулы қыстың қас-қабағын анықтаған. Үлкендерден бізге жеткен Ақыраптың алты күні осы екен. Атақты Тұлкен Сарының боран соғып тұрғанда: «Ертең түстен кейін қар кетеді», — дегені — есімі бізге жетпей Есейдің есепшісі атанған кісінің Қарқаралыға мал айдап бармақ болғандарға ақпанның (бұрын декабрь осылай атаған К.Ж.) пәлені күні ат құлағы көрінбес боран болады деуі. Соған қарамай жолға шыққандардың бар малының қырылып қалуы осындай есепке негізделсе керек.

Мал баққан қазақ ақсақалдарына белгілі күндердің бірі – Қызыл жұмыртқа. Бала кезімізде үлкендер аузынан естіп қалатын осы бір атау елуінші жылдардың аяғында сирексіп, кейінгі жетпісінші, сексенінші жылдарда ел есінен мүлде шығып кеткен еді. Елдің үлкен ақсақалы Тұңғышбек Дәлмағанбетұлының: «Орыста бар "Қызыл жұмыртқа" күні қазақта жоқ деп па едің?» – дегенін естіген едік. Сол күнді нақтылап берген Қайрақты кенішінде тұратын Жаманқұл ақсақал болды.

Мамыр айының 8 не 9 күні суық болатыны белгілі. "Осының қазақша атауы бар ма еке?" деп бүгінде таусылуға айналған ақсақалдардан сұрау салып жүргендей едік. Бұл күннің «Қызыл жұмыртқа» деп аталатынын Жәмекең ұмытылмастай есте қалдырды.

Сәуірдің 18–19 күндері *Қыдыр қамшысы* деп аталады. Сол күні адал құстар ұя басады екен. Құстардың балапан шығаруы мамырдың сегізі мен тоғызы күндеріне дәл келеді. Міне, осы күнді қазақ *Қызыл жұмыртқа* деп атапты.

Қип етсе әулиесініп құдайдың күндерінің талайына орыс көршілеріміз қаптап жатқан, өздері де жаңылып қалатын святойлардың атын тағып келсе, табиғатпен біте қайнасып өсіп, өмір сүрген дала перзенті. Қазақ белгілі күндердің бәріне табиғаттың өзінен туындайтын атаулар берген. Мұның өзі қазақ халқының дүние танымының «біз кереметпіз» деп жүрген талай елден көш ілгері екенінің белгісі емес пе.

Қазақ жұлдызшылары айдың тууын, оның аспан әлеміндегі орнын үнемі бақылап, айдың тоғысуы туралы жүйені қалыптастырған. Ай жылдың әр мезгілінде әр түрлі күнде Үркермен қиылысып, жанасып өткендей болады. Мұны қазақ *Тоғысу* деп атаған.

Үркер есепшілердің болжауында ерекше орында. Оның жерге кіруімен 40 күндік шілде басталып, қайта көтерілуімен шілде аяқталып отырған. Бұл күндер қыс шілдесі – Сары аязға да дөп келеді. Қаңтардың аяғында Үркердің тас төбеден аууымен аяздың шарықтауы да бітеді.

Орыс жұртының бірін "Иван Купале", бірін "Ильин" деп табиғаттың талай күніне айдар таққанына там-

сана қарап: "Шіркін, бізде күн атаулары неге жоқ?" — дегендердің сөзі қабырғамызға батып, жыл он екі айда өтетін амалдарды біраз зерттеп жазып, зердесіне жеткізуге себепші болғандай едік.

Қазақы жыл санауда жыл басы — наурыз. Қыстан қысыла шыққан ел қардың жуықта кетер-кетпесін наурыздың бірі күні (қазіргіше 14 март) қар үстінде жатқан қойдың құмалағының қарға батары не батпасына да қарап болжаған. «Қардың басын қар алады» деген ел «Құс қанаты» атты жапалақтап жауар қарды асыға күткен. Бұл наурыздың 26—28 жұлдызына дәл келеді.

Келесі ай отамалы— сәуір деп те аталады. Айдың басы осы күнгі 14 апрельге келеді. Бөлек-бөлек жаз бұлты шығады. Осы айдың 17—19 шамасында күн суытып, жаңбырлатып өтеді. Ел ертеден бұл күнді *Қыдыр қамшысы* деп атаған екен. Осы айдың 25—27 шамасында тобылғы бүршіктерен *Тобылғы жарған* атты суық өтеді.

Көкек айының 8—9 күндері Қызыл жұмыртқа салқыны, 17—25 арасында атақты Құралай өтеді.

Шілде Үркердің жерге кіруімен басталып, қырық күннен соң Үркер қайта көтеріліп, Сарша айында Үркердің толғағы атты жаңбырлы күн туады.

Қыркүйек айында Сүмбіленің суы жүрмек. Сүмбіле жаңбырлы өткен жердің көдесінің түбі көк, малға қыстай жақсы от болады. Жылқыны сондай жерге салатынын саяси лагерьде 33 жыл отырған Құнанбай Бейсенұлы ертеректе ұғындырған еді. Ол кісінің өзінде екі жарым мың жылқы болғанын кезінде жазған едім.

Сүмбіле туа су суыса, келесі айда Таразы туып, таң суыған. Қыркүйек айының 20—21 шамасындағы салқын да белгілі болған.

Водолей — көнек болса, үш арқар — шаян емес.

Филология ғылымының докторы А.Шәріптің аспан әлемінің шырағандары туралы біраз қазақты ойландыратын ізденісімен таныспыз. Құптарлық ізденіс. Құптайтынымыз да, қуанатынымыз да, әйтеуір қазақтың бір азаматының «қазағымның атауы осылай болса екен» деген ақ үміт-тілегі. Аспан әлемі туралы біз де біраз қалам тартқан едік. Енді өз пікірімізді ортаға салайық.

Ауылда жатқан бұл қазақтың қай пікірі деген сөз тумасын. Тағдыр айдап, "халық жауы" болып ел шетінен тысқары шығып кеткен сонау 1962–66 жылдары саяси лагерьдің төрін бермес қонағына айналған (лагерьде 33 жыл отырған) Құнанбай Бейсенұлымен дәмдес болуға тура келген. Қүнекең ақсақал жиырмадан жаңа асқан бізге өзі білетін аспан сырын ұқтырып бақты. Қалғанын елге оралған соң көнекөз қариялардан көңілге тоқыдық. Сонымен А.Шәріп жазғандай, «орысша шоқжұлдыз» аттарының «көнелігі көзге басылады... ..ежелгі славян дәуірлерінен тамыр тартқызады» дегендей, таңдай қағатындай ештеңе де жоқ, қайта сол мұжығыңыз Алтын Орда заманында ғаламның талай сырларын бізден алғанына еш күмән жоқ.

Алтайдан Карпатқа дейінгі Ұлы Даланы ендікпен де, байлықпен де кезген көшпендінің ұлы сан ғасырлар бойы мыңғырған мал өсіріп, байлықпен ғұмыр кешкен. Мыңғырған мал өсіру үшін де аспан әлемінің бар сырын, жұлдыздардың атауын, солардың тууы мен ауысуына орай болатын ауа райының құбылысын жете білген. Сол көне қазағыңыз орманнан шыға алмай, аспан әлеміне қарамақ түгілі, биік ағаш арасынан басы айналып, әр жерге түртінектеп егін салғаннан аса алмаған мұжықтан гөрі еркін де болған, самал желмен тербеліп, бар әлемді әнге қоса білген.

М.Исқақовтың да, Ж.Баласағұнның да, әл-Фарабидің де аспан әлемі туралы еңбектері маған да таныс. Ал, енді А.Шәріп ұсынған Зодиак жұлдыздарының тізбесін саралап көрейік. Ол Қозы (Овен), Үді (Телец), Ерентүз (Близнецы), Қушық (Рак), Арыстан (Лев), Бидай басы (Дева), Өлкі (Весы), Шаян (Скорпион), Сұрмерген (Стрелец), Ұғылақ (Козерог), Көнек (Водолей), Балық (Рыбы) деген тізбені ұсынған.

Қозы (арабша— *хамал*) атауына ешкімнің жоқ таласы. «Үт» қалай болар екен? Қазақ ұғымында осы күнгі еуропа февраль деп атап жүрген ай аты — «үт». Қазақта екінші атауы бар, ол — «сүт». Ал, осы февраль айында терезеден түсетін сәуледе аппақ шаң сияқты тозаң ақ сәуле болып жарқырап жүреді. Мұны қазақ сүттен айырып «үт» дейді. Ана «Балықтар» деп жүрген шашыранды жұлдыздар да ел ұғымында — сол «үт»

«Близнецы» деген жұлдыз шоғырын мал баққан қазақ «қосақ» дейді. Кәдімгі қойларды қарама-қарсы қойып матаған қосақ. Бұл жұлдыздың екі қатар болып қарсы тұру кейпі де қосақтан аумайды. Міне, осы тұста С.Қожановтың «Ай» меңді қара қой атауы ұғымға дұрыс келген. Солай десек те, жұлдыз атауы «Қосақ» екені дала қазағына аян. Мақалада ұсынылған «Ерентүз» атауы еш жобаға келе қоймайды.

Еуропаның «Рак» дегенін «Қушық» деп берген екен. Нағыз «Шаян» – осы жұлдыз. «Қушық» ел ұғымына жаттау екені көрініп тұр.

Арыстанға ешкім дауласа қоймас. Ал, орыс «Дева» деген жұлдызды біздің асфальтта өскен журналист қауым «Бикеш» деп елді күлкіге батырып жүр. Бұдан сорақы атау бола қоймас. Бұл жұлдызды Ж.Баласағұн «Бидай басы» атағанымен, жалпақ қазақ «Үркер» дейді.

«Жеті қарақшы Үркердің қызын ұрлапты» дегендегі Үркер осы. Үркердің «қызы» жеті қарақшының екінші жұлдызының үстінде тұр.

Қазақта «бөлек туып, бірге батқан үш жұлдыз» деген тіркес бар. Ол – осы Үркер, Таразы, Үш Арқар шоқ жұлдыздары. Үшеуі де жылдың әр мезгілінде туғанымен, мамыр айының жиырма тоғыз, отызы шамасында бір күнде жерге кіріп, қырық күн бойы көрінбейді. Сонан соң Үркер Сарша айында (июль), Таразы тамызда туады. Таразыны Өлкі деудің де қисыны жоқ. Таразы сөзі қазаққа ғасырлар бойы сіңісті ұғым. «Өлкі» деп тағы бір күлкіге ұшырау ретсіз болар. Ал, орыс «Скорпион» дегенді А.Шәріп орыстан дәл аударып «Шаян» депті. Қазақ қай заманнан бұл шоғырды Үш Арқар атап келген. Осы жұлдыздың соңындағы бір жұлдызды «Көгалдай мергеннің шақпақ тасы» дейді. Ал, онан арғы жалғыз жұлдызды «Сүмбіле» атаған. Ел ішінде «Сүмбіленің суы жүріп пе екен» деген ұғым бар. Ол Қыркүйек айының 23–25 шамасына келеді. "Сүмбіленің суы жүрсе, көде түбі көк болады, малға от мол болады" дескен.

Ендігі шоқ жұлдызды "Сұрмерген" ("Стрелец") депті. Бұл да жасанды. Ел «Садақ» дескен жұлдызды әл-Фараби де «Садақ» деп жазыпты. Аспанға қанша

үңілгенмен, I Петрдің Стрелецін көре алмаймыз. Керісінше, үңіле білгенге, аспанда Керулі Садақ тұр. Жасанды атау таққаннан гөрі сол жұлдыздық аспандағы кейпіне де бір үңіліп қараған жөн сияқты.

Орыс «Козерог» деген жұлдызды «Ешкі мүйіз», «Таутеке» деп сан құбылттық. А.Шәріп «Ұғылақ» депті. Сөйтіп, А.Шәріп те "ешкі" ұғымынан әрі кете алмапты. Көкте «Лақ сүмбіле» деген жұлдыз бар. "Лақ сүмбіле туды, лақ пісті, жеуге келеді" дейді ел. Ол жұлдыз Үркер мен Таразының арсындағы кішірек жалғыз жұлдыз екенін де білген дұрыс. "Мал баққан көшпенді аталарымыз бұл шоғырды «Қамбар» атаған. «Қамбар» – жылқының пірі. Бұл шоғыр қараша айының ортасында туады. Осы уақытқа дейін жылқының ішіндегі төл көлденең түсуі керек. Кей жылдары осы жұлдыз туа жаңбыр жауып, шөп басына мұздан сырға тағады. Оны жеген жылқының ішіндегі төлі көлденең түспесе, мал іш тастайды. Міне, бұл жұлдыздың «Қамбар» атануы осы себептен. Сонымен бұл жұлдыздың атауы Козерог та, Ешкімүйізде емес, «Қамбар».

"Көнек" ("Водолей") дұрыс атауын тауыпты. Аспанға үңілсеңіз, көнектің аузын көресіз. Ал, Балық, біздіңше, атауы «Үт» екенін жаздық.

Сонымен Зодиак жұлдыздарының тізбесі былай болу керек. Қозы, Тана, Қосақ, Шаян, Арыстан, Үркер, Таразы, Үш Арқар, Садақ, Қамбар, Көнек, Үт.

Мақалада жазғандай, «қазіргі қазақ тілін байытатынымызды былай қойғанда, біз көне мәдениетті ел болып» көрінеміз деп жасандылыққа барудың қажеті жоқ. Біз қазақтың өзінде барын өзіне – адасып қалған ендігі ұрпаққа береміз. Біздің көне мәдениетімізді дұшпандар ғана көре алмайды. Мақала авторының осындай проблеманы көтерген ізгі ниеті қуантады. Оның: "Мектептерге арналған «Астрономия» оқулығына Зодиак жұлдыздарының қазақша атауларын енгізейік" деуі құптарлық ұсыныс.

ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙДЫҢ ҚАУЫШУЫ

Ғасырлар бойы мал бағып, көшпелі өмір көшкен қазақ халқы туған өлкесі — Ұлы Дала табиғатының қалт еткен көрінісін байқаусыз жібермеген. Қазақ табиғаттың нағыз төл баласы—Қазақ ай аттарының өзін табиғаттың көрінісіне лайықтап қойса, сол айда қандай жұлдыздардың туып, алмасуын да жіті бақылап, аспан әлемінің шам-шырақтарына тағы да көшпелі өмір тұрмысынан туатын ат таққан.

Табиғаттың үнемі назарында ұстаған көшпелі ел жыл он екі айдың қысы мен жазында, күзі мен көктемінде қай айға қай айдың қауышып табиғат құбылысы сай келетінін де қатты ескерген.

Ел ұғымында, Самарқанның көк тасы еритін Наурыз — жылдың басы. Бұл көктемгі түн мен күннің теңелу шағы болса, күзгі теңелу тұсы Қыркүйектің 23 күніне дәл екен. Міне, осыны негіздей отырып, ата-бабаларымыз он екі айдың қауышуын былайша кестелеген:

Қыркүйек — Наурыз
Қараша — Сәуір
Қазан — Мамыр
Ақпан — Шілде
Қаңтар — Сарпша
Үт — Тамыз

Айлардың бұлайша қауышуы да тегіннен-тегін жасалмаған. Жыл басынан кейін келер сәуір айы қарашамен қауышса, қарашада қошқарға 90 күн бойы тағылған күйек біржола алынып, аналық ұрықтанып, сәуір айында жаппай төлдейді. Міне, осы жағдай қатты ескеріліп, сол айлардың табиғат құбылысындағы ұқсастықтар есептелсе керек.

Қазан айын ертеде *ақраб* деп те атаған. Қыстың алты айының болжамы Ақраб кірген алғашқы алты күнде шығарылған. Ол үшін жұлдызшы-есепші сол алты күннің әр сағатын қалт жібермей, күл ұшырып отырып желдің бағытын, күшін, бұлттың шығу ерекшелігін күннің суық- жылысын анықтап отырған.

Егер Қыркүйек пен Қараша, Наурыз бен Сәуірдің ауа райын анықтайтын болса, шілде (июнь) желтоқсанға дәл келеді. Шілденің ыстығы қыста, қыс шілдесі — сары аяз. Сары аяздың бітуі де Үркердің төбеден аууына дәл келеді. Жаз шілдесі Үркердің жерге кіруімен мамыр айының соңғы күндерінен басталады. Июнь айын *маусым* деп, келесі айды *шілде* деу үлкен қателік. "Маусым" деген сөз «сезон» деген ұғымды беретінін білмеу де ұят.

Табиғат құбылысында Үркердің орны ерекше екенін халық жақсы пайымдаған. «Үркер түсе жер қызады», «Үркер туа сорпа ас болады», «Үркер көтеріле шөп көтеріліп, бидай бас тартады» деген ұғым қалыптасқан. Үркердің табиғаттағы орнын анықтау ерекше зерттеуді қажет етеді. Тіпті Американың көне халқы Ацтектердің жыл басын Үркерден бастауы тегін емес. Үркердің тууына байланысты «Лақ сүмбіле туды, лақ пісті» деген де бар. Лақ сүмбілені *кіші сүмбіле* деп те атайды. Ол — Үркер мен Таразының арасындағы кішірек бір шоқ жұлдыз.

Сарша айы (июль) григориан календары бойынша жыл басы боп тұрған қаңтарға сәйкес келсе, бұл айларда жазда күннің ұзару шегі бітіп, қыста кемуі шегі аяқталады, әрі жазда Үркер туса, қыста Үркер тас төбеден ауып, сары аяз тамамдалады. Тамыз айы Үт (февраль) айына сәйкес деп есептеледі.

Жыл он екі айдың әр айында туатын жұлдыздар да бөлек. Күн жолындағы он екі шоқ жұлдызға да қазақ өз ұғымына тән, көшпелі шаруашылығына байланыстыра ат тапқан екен. Біз Наурызда туатын жұлдызды «тоқты» деп жүргенде, Ж.Баласағұни өз кітабында оны қазақ ұғымына тән ерекше сүйкімділікпен «қозы» деп атапты. Осы айда қазақтың назарына айрықша түскен жұлдыз — Босаға. Оның аспан әлеміндегі көрінісі мынадай. Маңдайшада біреу, қос босағада екі-екіден тұр. Мәселе мұның тек киіз үйдің босағасын еске түсіруінде емес. Оның туу, бату шағында. Бұл шоқ жұлдыз күн жолынан сәл төменіректе орналасқан. «Жаз кірді» деп наурызда туады да, «Жаз кетті» деп қарашада батыс көкжиекке барып келер жазға дейін көрінбей кетеді.

Төрт түлікті қастерлеген ел Зеңгі бабаны да ұмыт-пай, сәуір айындағы жұлдыз шоғын "Торпақ" (біреуі "жарық") деп атаған.

Мал баққан қазақ бүгінде орысша «Близнецы» дегеннен тікелей аударып, «Егіздер» деп атаған жұлдызды «Қосақ» деген. Шынында да екі қатар айқаса орналасқан жұлдыздар қойдың қосағын да еске түсіреді.

Қазақ ұғымынан алыс қалған бейшаралығымыздың бір көрінісі – «Үркердің» атауы. Орыс оны «Дева» десе, біз оны «Бикеш» деп жүрміз. Әйтеуір «Кәрі қыз» дегенімізге тәуба. Кезінде әл -Фараби Сүмбіл, Баласағұни «Бұғдай башы» атаған жұлдыз шоғына көшпелі ел «Үркер» деп әдемі ат таға білген.

Біз ұлттық өнегемізді, өзіндік дүние танымымызды қалпына келтіріп, қазақ деген халықты өзінің асқақ оймен ХХІ ғасыр табалдырығынан әрі өткізгіміз келсе, әр құбылысқа, затқа деген өз ұғымымызды ұрпаққа сіңіре білуіміз қажет. Аты адасып жүрген бір жұлдыз шоғы – «Үш Арқар». Оны басы ауырмаған, ұлтқа жаны ашымағандар «Сары Шаян» деп бұрмалап жүр. Араб «Ақыраб» деп орыс «Скорпион» дегені үшін қазақ атауын бұра салғанымыз ұлттық намысқа тие ме, ал сол «Үш Арқарды» қозысының соңына түскен бір жарықтау жұлдызды ел «Мергеннің шақпағы» дейтінін білеміз бе?

Қарашада туатын жұлдыз шоғын «Мерген» дейміз. Онымыз – орыстың «Стрелеці». Әйтеуір І Петрдің стрелеці бар еді-ау деп жармасамыз-ай кеп. Бұл жұлдыз шоғын әл-Фараби «Қауыс» (садақ) деп ашық көрсеткен.

Иіліп, жебесін тартып тұрған жоқ па? Ал, ел болса, аспаннан жата қалып, мылтығын көздеген «стрелецті» іздеп әуре. Желтоқсанда түн жарымда шығыс тұста анық көрінетін жұлдыз шоғының да атауы мал баққан елге жат. Оны бар газетіміз орысшасын «Козерог» деп, қазақшасын «Ешкімүйіз», "Тауешкі" деп жатыр. Қазақ бұл жұлдыз шоғын «Қамбар» дейтін еді. Бұлай атау қазақ малының қасиеттісі жылқыға, оның пірі Қамбар атаға негізделген. Осы айда Ұлы Далادا жылқы тебінге түседі. Осының алдында болатын мұздақтан бұрын жылқы малының ішіндегі төл көлденең түсуге тиіс.

Болмаса алғашқы мұздақты жұтқан мал іш тастайды деп түйіндейді табиғат пен мал сырын көкірегіне түйген үлкендер.

Қаңтар жұлдызын «Су құюшы», «Суқұйғыш» (орысшасы – "Водолей" дегеніміз де қазақ ұғымына қонымсыз. Бірде су құюшы кісіні іздеп, бірде қолжұғышты іздеп әлекпіз. Ж.Баласағұни өз кітабында бұл жұлдыз шоғын «Көнек» деген екен. Осы атаудан даланың иісі аңқып тұрған жоқ па?! "Қатемізді неге түземеске?" деген ой келеді. Төрт түлік малының үшеуіне шоқ жұлдыздың атын берген қазақ «Ойсыл қараны» қалай ұмытты?" деген ой келеді. Мүмкін оны ұмытып, не адасып жүрген біз шығармыз?

Жаздың шығуын асыға күткен көшпелі ел қыстың ұзын, қысқа болуына да жорамал жасаған. Жылмажыл әр айда айдың тууы да әр күнге келе береді. Қыс түсе жаңа айдың тууы мен жұлдыздың арасы (күн санауымызбен) алшақ болса, қыс созылады деп түйіндейді екен.

Көңілді мазалар жүрген ойды «қағазға түсірдік» әл-Фараби бабамыз айтқандай, қатесі болса кешіріп, оң сөзін айтқанға ризамыз.

ЖҰЛДЫЗДАР ҚАЗАҚЫ ТАНЫМНАН НЕГЕ АЛЫС ЖАТЫР?

Құпия сырға толы аспан тұңғиығына үмітпен де, қауіппен де қарамаған адам болмаған шығар. Сол аспан әлеміне ерекше үңіле білген, тіршілігін сонымен байланыстырған халық — мыңғырған мал өсірген көшпелі ел. Қыстаудағы қойдың күзеті— ит-құстан амалдау үшін түні бойы жылқы баққан азамат ғасырлар бойы өзінің аспан әлемі туралы танымын жырдай қылып келесі буынға жеткізіп отырған. Бір ғана Жетіқарақшы туралы аңыз, олардың Үркердің қызын ұрлап алып, енді Темірқазыққа арқандалған ақ боз ат пен көк боз атты жымқырып кету үшін аңдуы, таң атып қалып, аттарды қолға түсіре алмауы туралы

әдемі ертегісі кімді ұйытпаған. Мұндай тамаша аңыз қазақтан басқа еш халықта жоқ. Осы жерде тағы бір айта кетерлік жай, егер Жетіқарақшы арқандаулы екі атты «екі жұлдызды» ұрласа, ақырзаман болады деп түсінеді халық. Бұл да бір болашақты меңзеген терең түсінік болса керек.

Әттең, осындай аспан әлемі туралы ғажайып түсінік таным тудырған халықтың дүниетанымына аяусыз балта шауып жатырмыз. Жұлдыздардың қазақы атауы жөнінен қанша жазсақ та бір жағына қисайып алған неше түрлі газетте істейтіндер (оларды журналист деуге ауыз бармайды). Үркерді орыстың Девасынан аударып, Бикеш деуден бір танбайды. Бүлінген жалғыз бұл атау емес. "Оу, бұларың қалай, біз тәуелсіз ел емес пе едік, жастардың санасын неге бүлдіріп жатырсыңдар?" – дейтін, «Әй!» – дер әже жоқтай.

Қолымызға түскен мектепте оқылатын Астрономия пәнінде берілген аспан әлемінің картасы осы уайымымызды күшейте түскен. Исі қазақтың құлағына әбден сіңімді болған Жетіқарақшыдан басқасын әбден былықтырып бағыпты. Темірқазыққа байланған кіші қарақшыны орыстар "Малая Медведица" деуші еді, біз «озық» жұрттан қалмайық десе керек, оны "Кіші аю" деп-ақ жіберіпті. Дәл төбеде, осы Қарақшы жұлдыздарын маңайлай орналасқан, қазақ Қарақұрт деп атаған жұлдызды батыс Кассиопея десе, батыс елінің Лира шоғын қазақ "Өрмекші" деп атаушы еді. Жұлдыздар картасын жасағанда, өздері білмесе, ең болмаса кім бар еді ау деп сұрау салмағаны ғой. Ендігінің ғалымының ісі осылай болар ма! Абылай хан: "Қарғыстың жаманы: «Өзің білме, білгеннің тілін алма», – деген екен.

"Қазақ бір шоғыр жұлдызды «Үш арқар» деп атайды, оның соңына ерген жалғыз жұлдыз— Сүмбіле" деп бар газетке біз тіліміз жауыр болғанша жазып келеміз. Сөйтсек те кей газеттегілер Үш арқарды орыстың Скорпионынан алып, Сарышаян деуден бір танбайды. Ал, бұл жолы Үш арқар мен Таразы бір-ақ жұлдыз деп көрсеткені аспанға қарап өскен ауыл қазағының езуін жидырмас күлкі ғой.

Зодиактың он екі ай жұлдызының қазақы танымға

сай атаулары осы оқушыларға арналған аспан әлемінің картасында орысшадан, әлгі «сенің арқанда күн көріп жүрмін – на твоём спине солнце вижу» деп орысшадан қазақшаға аударып салғанымен жүр. Су құюшыны қазақ Көнек, Мергенді (Стрелец) Садақ, Ешкімүйізді (Козерог) Қамбар, Бикеш «Дева» Үркер, Егіздерді (Блезницы) Қосақ деп атайтынын, олардың солай аталуының табиғат құбылысына аса байланысты екенін сан жаздық. Сонда да осы біздің газеттегілердің, онан соң мына жұлдыздар картасын жасағандарды қырсық жанағандай қазақтың дүниетанымынан безе қашады. Ал, сонда "қазақ баласын қазақ етуді біз көздейміз бе, мақсат тұтамыз ба?" деген сауал еріксіз туады. Қазақ Республикасының Оқу министрлігі, ондағы мүйізі қарағайдай білікті мамандар, ғалымдар ай қарап жүр ме екен? Әлде жыл сайын министр айырбасталып, бәрі соның әбігермен пұшайман ба?

Осы жұлдыздар картасынан жаз бен қыстың ара-жігін ашқандай болып көрініс беретін Босаға жұлдызын таппадық. Сол сияқты Қосақтың (жұлдыз аты Қой қосақтайтын Қосақтан шыққан) маңындағы ромбикті еске түсіргендей қазақ Шетен (қой қамайтын орын) атаған жұлдыздар шоғы да ілікпей қалған. Картада тағы бір жұлдыздар шоғырын ""Вероника шашы деп атап-ақ жіберіпті. Мен білетін қазақ оны "Құлын жал" деп атайтын тәрізді еді.

Біз ұрпақты қазақ рухында тәрбиелегіміз келсе, мұның бәрін ұсақ-түйек деп қарамай, жеткіншек санасын бөтен ұғыммен уламай, қазақты дүниетанымды көкірегіне қондыра білгеніміз жөн.

АРҒЫ ДА, БЕРГІ ҰЛЫ ЖҰРТ!

Өмір үмітке толы. Соңғы біраз жылдан бері әлемге деген қазақты танымды білейік, мақрұм қалған жұртымызға қайта ұсынайық деген ұмтылыстың көбейе түсуі қуантады. Көшпенділердің әлемге деген өзіндік ерекше танымы болғаны аян. Ол болмаса көшпенді ұлы халық Еділ патшаның заманында еуропаны тізе

бүктіріп, онан да арғы заманда Чукот— Аляскадан өтіп, Америка деп аталатын құрлыққа ие болып қалмас еді. Бұл — қыр-сыры мол, арғы да-бергі жұрттың ұлы құбылысы.

Сондай бір қуантарлық мақала— «Қазақ күнтізбесі немесе шатастырылған ай аттары» деген материал. Иә, біраз жайды қамтыпты. Авторы Сағатбек Мұғалімжанның "Қазақы ай атауларын өз орындарына тура қойып жүрміз бе?" деп үлкен проблемалық мәселені көтеруі өте орынды. Кешегі орыс империясының бодауында жүріп, елден: "Осы дұрыс па? Бұрыс па?" деп сұрай да салмай, мысықтың көзін ашпаған баласындай сипалап жүріп қоя салған ай атаулары әлі сол қалпында сіресіп тұр. Мен, өз басым, әлем тану жөнінде қазақы пікір айта алмаған ғалымдарды айыптаудан аулақпын. Қазақы пікір айтқанның қандай «айыптауға» ұшырағаны белгілі. Сөйтіп қазақы ай жөргегінде тұншықтырылды. Отырса, басқа, тұрса, аяққа ұрған ауыл ақсақалдары жұлдыз бен айдың атын атап ұрпаққа үйретпек түгілі, «пәледен машайық қашыптының» керінде жүрді. Сол жағдайдың сан куәгері болдық.

Сағатбектің: "Июль айын *шілде* деп жүргеніміз— жаңылыс", — деуі әбден дұрыс. Сол сияқты желтоқсанды *ақпан* деп атауы да көңілге қонымды. Июнь айын *маусым* деп атау өрескелдік екенін де білдірді. Маусым-маусымдық (сезондық) жұмыстар деген ұғым емес пе? Оны бір айдың атына таға салу — танымының төмендігінің көрінісі. Ол айдың қазақы атауы туралы төменіректе тоқталармыз. "Шілде де ай аты ретінде (июль) жаңылыс енгізілген", — дейді Сағатбек. Иә, июль-шілде емесі анық. Июльде қырық күн шілде бітеді.

Дегенімен де, осы материалда кеткен біраз қателіктер мен олқылықтарға тоқтала кетпесек қазақы танымды қалыптастырылған көшпенді бабалар алдында кінәлі боларымыз анық. Ондай күнәні арқалауға болмас.

Мақала авторы жаңа жылды наурыздың 22 күнінен бастаймын деп жұлдызды әлемнің бар құбылысын әр айдың 21—22-не келтіріп, зорлап тықпалағандай еткен. Пенденің тілегі барда, әлемнің күшке көнбес

заңды табиғи құбылысы бар. Наурыз жыл басы, біз де соны мойындаушының біріміз. Бірақ "сүйретіп қосқан тазы түлкі алмас" деген халық даналығын да естен шығармайық.

Наурыз — халықтың асыға күткен ұлы қонағы. Асыға күткен қонақтың "келедісі" бар, "келе жатыры" бар. Қазақ Наурыз айын Наурыз күнінен бұрын осы күнгі жыл санаудың 15 мартынан бастай берген. 14-нен 15-не қараған күні қой құмалағы қарға батып кетсе, жықсылыққа санап, ырым еткен. Сол 15-і күні халық қыс жұлдызы бітіп, жаз жұлдызы туды деп есептейді. Шынында да жұлдыз ауысады. Соның ертеңіне, яғни, осы күнгінің 16 мартынан «Бес қонақ» басталған. Міне, Наурыздың "келедісі" мен "келе жатыры" осы. «Бес қонақ» — бес күнге созылған ауа райының құбылысы. Ол бір күн боран, бір күн сырғыма, қатты жел болып бес күнге созылады да, 20-сы күні бітеді. Ертеңіне «Самарқанның көк тасы еріген» Наурызды Наурыз көк деген құс ала келген. Сөйтіп, Наурыз бір күннің ғана атауы емес, толық ай екенін айта айта кеткен жөн. Қазақы күнтізбеде әр сайын осы күнгі григорианша санаудың 14-15 нен басталатынын білген дұрыс.

Сағатбек: «Тоғыс есебіндегі қазақы күнтізбе» (календарь) болған" деген пікір айтқан екен. Сәл жаңылыстау кеткен тұстарына амал жоқ, тоқталамыз. Көне заман жұлдызшы-есепшілерінен бүгінгі бізге там-тұмдап зорға жеткен есебінің бір түрі осы тоғыс.

XX ғасырда ел шұбырған аумалы-төкпелі заманда сан қазына түбірімен құрып кетті. Аштықтан тірі қалғандар белсенділердің қитұрқысынан шошынып, білгенін ұмытуға, ұрпаққа естіртпеуге тырысты. Бір тайпа елдің ақсақалынан тоғыс есебін сұрағанда: «Қарағым, есте не қалды дейсің?» — деп мұңайғанының куәсі болдық. Сонда да сол есептің жұрнағына іліктік. Ай мен Үркердің қиылысып өтуін көшпелі жұрт *тоғыс* атаған. Жаңа ай мен Үркердің біртіндеп жылжып жақындасып тоғысуы әр айда, әрқилы күндерде өткен. Тоғысу қаңтарда жаңа айдың тоғызында (9 тоғыс Үт айында 7 тоғыс (жеті жаңасы), Наурызда 5 тоғыс, Сәуірде 3 тоғыс, Мамырда 1 тоғыс (бұл мамырдың

17 күніне шамалас), Шілдеде 23 тоғыс, Саршада 21, тамызда 19, Қыркүйекте 17 тоғыс келе берген. Көшпенділер тоғысты күнтізбе емес, ауа райын болжау үшін қатты пайдаланған. Әсіресе бұл қыс айлары үшін аса керекті болған 9 тоғыс, 7 тоғыс деп ерекше ескеріп отырса, жазда 23 тоғыс, 21 тоғыс деп атап та жатпағанын білген жоқ. Осы жерде ерекше атап өткен жағдай — 1 тоғыстың мамыр айына келуі. Есепшілердің бір жүйесі жаңа жыл есебін осы бір тоғыстан есептеуге бейім болған. Сөйтіп, мамырды қарашамен, сәуірді қазанмен, наурызды қыркүйекпен, үтті тамызбен қауыштырған. Тоғыс есебі, негізі ауа райын болжау есебі болғанын айта кеткенді жөн көрдік. Сағатбек дұрыс айтады: «Сәуір болмай, тәуір болмайды». Ұлы Абай: «Сәуірде көтерілер рақмет туы» деп аса ризалық білдірген ай — осы сәуір. Оны көкекпен шатастырып қайтеміз? Алтай мен Еділдің арасындағы ұлы далада бұл уақытта көкек шақырмайды. Ол, әзірше келе қойған жоқ. Жоққа жүйрік жетпейді. Және де Сәуірдің осы күнгі жыл санауындағы апрельдің 14-нен басталатынын мойындаған абзал. Мартта жаз жұлдызы туса, сәуірдің осы күнінде осы жаз бұлты шығып, бөлек-бөлек отау боп көк жүзін кезеді. Үш күннен кейін даланың адал құстары қаз, үйрек т.б. жұмыртқа салады. Көкектің шақыратын айы, негізінен, мамыр. Автордың мамыр атауын өзін-өзі өлтірген қыздың атына байланыстырылуы (қазақ ондай сұмдықты құрметтемеген ел), Шәкәрімнің Қалқаман—Мамырындағы Мамырдың есіміне орайластырылуы ыңғайсыздау. Шәкәрім қажының Мамыры кешегі күн ғой, ал қазақтың ай атауы көне дәуірде жатыр.

Әр айдың басын 22 күніне тықпалаудың салдарынан май мен июньнің қамтитын ай сары атан — зауза болып шыға келіпті. Тағы да айтамыз, көшпенділер атауларын ертегіге байланыстырмаған (орыста ғана ойдан шығарған Ильин день, Петров день, Рождество бар), керісінше, қазақ ай атауын табиғатпен тікелей орайластырған. Көшпенді елде Шілде деген ай бар. "Қырық күн шілде" дегенді Сағатбек те айтады. Үркердің сол шамада көрінбейтінін де еске алады. Әттең, сол 40 күннің Үркерімен тікелей байланысын

аша алмаған. Тағы да шілде аптабының аяқталуын 22 санына зорлап апару бар. Үркердің жылдың қай мезгілі, қай күніне «жататынын» айтпасақ, тағы бір ертегі болады.

Қырық күн шілде Үркердің жерге түсуінен басталады. Бұл осы күнгі жыл санаудағы Мамыр айының 30-ы күніне дәл келеді. Арада 4-5 күн өтеді. Бұл күндерді көшпенділер Үркер ұясына орнықты деп санаған. Сонан кейін Шілденің ыстығы басталады. Бұл айды ел *Шілде айы* деп атады. Осы күнгі күнтізбедегі Маусым атауы түбірімен қате. Үркердің бату кезеңінде «Үркер шалшыққа батса (яғни жаңбырлы болса), жаз жаңбырлы болады» деген болжау бар. Шілденің ыстығы келесі айдың 15–16-сы шамасында Үркердің қайта тууымен бітеді.

Көшпенділер ауа райының құбылысына Үркердің әсері барын қатты бақылаған. Үркердің шалшыққа батуы, Үркердің толғағы (қайта туғанда), қыста осы күнгі январь айындағы Сары аяз (қыс шілдесі).

Үркердің аууы (3–5 февраль. Бұл күнде ауа райы өзгереді) Үркердің жамбасқа түсуі (7–8 марттағы жылымық), бәрі назардан тыс қалмаған. Тоғыс есебі де Үркермен жүргізілгенін еске алайық. Біздің туысқандарымыз – Америка аңтектері жыл басын Үркердің жазда қайта тууынан бастауы да тегін емес. Мақала авторы Саратан – Зауза деген қателікке ұрынып, келесі айды «Отамалы» дейді де, ар жағында "Сарша – Тамыз" деген қазақы ұғымдарды қоса тіркейді. Әуелі, осы Отамалы деген қазақы, ұғынықты сөзге тоқталайық. От, яғни – малдың отауы, оның амалы жаздың ортасында, қиындықсыз кезде тумайды. Наурыз күні өткеннен кейінгі аптаның соңында "Құс қанаты" деген жапалақтап қар жауған амал өтеді. Ұлы далада қырқаның жотасы қарайғанымен, айналаны жапқан қар сіресіп жатыр. Осы күнгі жыл санаудағы сәуірдің 4–5 соңғы бораны өтеді, сонан соң қар күрт жібіп сала береді де, малдың өрісі кеңейеді. Көшпелі ел тап осы соңғы боранды *Отамалы* деп атаған. Мұны жаздың ортасындағы бір айғы апару үлкен қателік. Сарша, Тамыз осы күнгі жыл санаудағы июль, август айларына келеді. Сарша сөзі ісі қазаққа түсінікті. Жаз

ортасы ауып, жасыл желекті айнала сарғыш реңге ене бастайды. "Тамыз" сөзін үнді — парсыдан іздеудің қажеті шамалы, бұл айда жеміс-жидек, қарақат, бүлдірген тамылжып, мөлдiреп піседі. "Тамыз" сөзінің түбірі — тамылжу. Үнді мен гректің (сириус, сотиус) Сүмбілені қалай атағанында жұмысымыз жоқ (біз қазақы танымды іздеп отырмыз), мәселен, бұл айда Сүмбіленің тумайтынында. Көшпенділер «Таразы туа таң суыр» дейді. Бұл айда туар жұлдыз — Таразы. Үш бұрышты шоқ жұлдызды жоғарыдағы жұлдызына іліп қойған тәрізді, кешке бір басы төмен түсіп тұрса, түн ауа екінші басы басып тұрады. Таразыдан соң айға жуық уақытта Үш Арқар көрінсе, Сүмбіле қыркүйектің 21–23-і аралығында туатын жалғыз жұлдыз. 23 қыркүйекте күн мен түннің теңелуін де ұмытпайық. Мал баққан көшпенді ел: «Сүмбіленің суы жүріп пе?» — деп сұраған. Сол күндері жаңбыр болып өткен жердің көдесінің түбі көк болады деп, қыста жылқыны сол жерге тебінге салған.

Бұл жерде айта кететін бір мәселе, аспан әлемі туралы жазуды ниет еткен талапкердің қай-қайсысы болмасын көгілдір көктің қай жұлдызынан кейін қайсысы, қай мезгілде туатынын анық білген жөн. Өзіміз шала біліп, онсыз да аспанға үңілуден гөрі картаға қарауға машықтанған жұртты шатыстыруға болмас.

Таразыдан соң туар ай — Қыркүйек. Ұлы даланың қыр жағында өмір сүретін халықтың мал шаруашылығына байланысты, қырда салынатын күйекке орай ай аты да қойылған. Қойынан төл алуды көздеген, талай ғасыр осы даланы мекен еткен халық 22 февраль мен 22 март арасында малынан төл алуды ойластырмаған. (Егер сыр бойы болса, сөз жоқ). Қырда бұл уақытта атақты сан боран бар. Малына қора салмай, ықтырмада ғана ұстап, сан мыңға ие болған бай жетерлік. Арқаның Тағылы — Бұғылы сияқты қысы қатты өңірінде ғұмыр кешкен бір ғана Ботбай байда 20 мыңнан аса қой болған.

Февраль түгілі марттың 20-нан кейін, Отамалыға дейін ықтырмада қоздаған қойдан ешкім төл ала алмас еді. Қошқарға күйекті түннің сууына байланысты байлаған. Түн суи қой қашатын шақ болады. Жобаға «Таразы туа таң суыр» деген август айының орта тұсы

алынып, қошқарға күйек байланған. Күйек қарашада алынған. Міне, осы шамада ұрықтанған қой апрель (сәуір) -дің орта тұсында жаппай төлдей бастайды.

Шаруашылықтың жиын-терін айын ел Қазан қойса, Сары күз, Қоңыр күзден соңғы айды Қараша атаған екен. Қарашадан қараған түбінде қар қалса, тоқшылық қыс болады деп болжам жасаған. Қазан айының Ақырап деп те атаған. Ақыраптың алты күнінде (15 пен 25 арасы) қыстың алты айын болжаған ерекше ырым да бар. Қарашаның 17–18 қарашаның амалы бар. Ол кейде боранды, кейде жаңбырлы өтеді. Қарашаның амалы өте халық «Бүрме» салған. «Бүрме» деп сойылған қойды жіліктеп, өз терісіне орап тастауды айтқан. Шаруашылық әліне қарай 20-дан 50–60-қа дейін бүрме жасалған. Бүрме бас тартылуы қажетті қонақ келген сайын ашылып отырған. Қараша айының соңында Қамбар жұлдызы туады. Орыстар Козерог атап жүрген бұл жұлдыз шоғын біздің білгіштер *Ешкімүйіз* атап жүр. Өткенде теледидарда «Алтын сақаны» жүргізуші Санжар Керімбай «Қамбар» дегенді атап қалды. Тек соның Ешкімүйіз атанып жүргенін біле ме екен?

Ақпан атақты Теке бұрқыл боранымен, Қаңтар қыс шілдесі, Сары аязымен белгілі. Онан кейінгі ай – Үт. Әзірге біз оны "ақпан" деп шатасып жүрміз. "Үт" сөзін парсының «Худ» сөзінен іздеушілер де бар. Ұлы даланы мекен еткен әр аймақта әр айда болып өткен уақиғаға байланысты, сол айға қосымша ат таға салуы болған. Ақпан— Тоқпан әңгімесі соның бірі ғана деп қарастырған жөн болар. Бұл айдағы бар қазаққа белгілі қыс амалы февралдың 17– 23 арасында өтетін «Бөрі сырғақ» бораны. Осы боранда даланың көкжалдары жұптасып 62 күннен соң қасқыр бөлтірігін туады.

Өз атауын таппай жүрген тек ай мен жұлдыз атаулары емес, жыл атауларында да кездеседі. "Мешін" деген жылды қазір маймылға апарып жүр. Біздің жас кезімізде көне көз қариялар: «Мешін»— адамның азғыны, кісі киік деп атаушы еді. Бүгінгі тілмен айтқанда, бұл — «Қар адамы». Сол сияқты «доңыз» жылын жылды арамға бұйырмай, «Қара киік» деп атаған. Осылай атасақ, жастардың көңіліне адалдықтың сәулесін себе түспес пе едік?

Бекболат Тілеуханов теледидардан жүргізген «ай, жұлдыздың атаулары» туралы хабар да, ақын-жазушы деген біраз адамның дәл тауып, дәлелді сөз айта алмағанының куәгер көрермені болдық. Қанша сүйресе де Бекболат дiттегенiне жете алмады.

Жұрттың бiлгiсi келедi, кешегi ұлы көшпендiлердiң бүгiнгi ұрпағы нақты тоқтамға келгiсi бар. Бiрақ осыған тұжырым жасар бiр билiктi орын көрiнбейдi. "Тоқтам сөз айта алмадыңдар" деп ғалымдарды сөгуден аулақпыз. Дегенмен осы мәселелер жөнiнде пiкiр айтып жүрген, айтамыз деген ойы бар қазақты жинап, басымызды қосып, тұжырым сөз айтар уақыт жеткен сияқты.

Бiз мемлекеттiң идеологиясы жоқ деймiз. Мемлекеттiк идеология халықтың ұлттық танымынан шығады. Ұлттық таным халықтың көкiрегiн ашады, ұрпақтың өз ұлтына деген мақтаныш сезiмiн арттырады. Ұлттық намыстан елiн қорғайтын ерлер туындайды. Осы жағы бiзде әлi жетпей жатыр.

Ұлттық танымның жоқтығынан, оны бiлгiсi келмейтiн не осы туралы жазған газеттегi ой-пiкiрдегi шала оқитын (не мүлде оқымайтын), әйтпесе орысша танымға мүдделi болып отырған қазақ газеттерiнiң аты қазақ журналистерi Үркердi Бикеш, Үш арқарды Саршаян, Қамбарды Ешкiмүйiз деп әлi жазып жатыр. Бiз осы Тәуелсiздiктiң нешiншi жылында өмiр сүрiп отырмыз?

ҚАЗАҚТЫҢ ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙЫ

Қазақша календарымыздағы ай аттары күні бүгін сәл-пәл елінің тарихына көңіл бөлген азаматтар арасында пікір талас туғызып келеді. Әркім өзінше білгенін ортаға салғанның сөкеттігі жоқ, айыптаудан аулақпыз.

1954 жылғы орысша-қазақша сөздікте профессор Н.Сауранбаев декабрьді *ақпан*, январьды *қаңтар* депті. Міне, бұл жұрт құлағына кіретін сөз.

Қазақ календарын зерттеушілер арасынан Н.А. Куфтин мен Шоқан Уәлихановты ерекше атауға болады. Бұл

мәселені Радлов та қарастырған. Міне, бұл зерттеушілер тізбелерінде ай аттарының әртүрлілігі және айлардың ретті орналасуы әртүрлі екені көзге түседі. Куфтинде отамалы ай аты тіпті жоқ, ал Шоқан ол айды мартқа тақса, Радлов май айында әкелген. Зерттеушілердің бірінде ай атының болып, бірінде болмауының өзі — біздің ұлан-ғайыр даламызда халқымыздың ай аттарын әртүрлі атай бергендігі күн райының амалына қарай айлардың орысша атауларының болғандығының дәлелі. Қазақ есептеушілері бұл аттардың бәрін де білген. Біздіңше, *отамалы* айы— Наурыздан кейінгі екінші ай. Ай атының өзі айтып тұрғандай — *от* яғни, шығар көктің амалы. Тоңы жаңа жібiп жатқан далада көктің шыға қоюы да оңай іс емес, осы айдағы қарасуықта қысып, көктің қаулап кетуіне жібермей тұрады.

Сол сияқты қыркүйек айы да зерттеушілер еңбектерінде әртүрлі орын алып жүр. Куфтин мен М.Искаков сентябрь айы десе, В.Радлов октябрь айына балайды. Бұл өзі қыркүйегі, яғни қырда (Арқа жерінде) күйек алу, күйек байлау туралы болып отырған ұғым.

Балқаш көлінің оңтүстік жағасындағы азғантай ғана жер болмаса, Алтайдан Еділге дейін созылған ұлы даланың ауа райының құбылысы бірдей деуге болады. Қазақ айға ат қойғанда көңілге келгенін қоя бермей, ауа райының құбылысына, ерекшелгіне, тұрмыстық деңгейіне қарап атап, ретін де дұрыс қадағалаған. Соны біз бүлдіріп алып жүрмейік. Біз естіп көңілге түйген ай аттары және олардың реті мынадай:

1. Наурыз — март — Жаңа жыл. Көне түркі аты ұмтылған. Мүмкін шуақ /Ұзынсары / болар.
2. Отамалы /апрель/ — сәуір— көкті әлі суық жібермей тұрған шақ. Қарасуықтың кезі. Тырбиған көкке мал аузы жаңа іліге бастаған мезгіл. *Қараөзек* деп те атайды.
3. Көкек /май/ — мамыр— Көкек шақырған, көк молайған түс. *Мамыр* деп те атаған. Жер бәйшешекке толып мамырлаған кез.
4. Шілде /июнь/ — ыстық аса көтерілген уақыт. Үркер көрінбейді.
5. Сарша /июль/— маусым. Бұл айда жасыл желекті өңір құбақан тарта бастайды. Сарғажал

белгі көрініс береді. Айдың соңғы шамаласында егін саржағал тартады.

6. Тамыз /август/ — Далада жидек, тауда қарақат піскен, тамылжыған шақ. Қуырған ыстық қайтып, өте берген жазды көңіл де қимай, тыраулар шырқ айнала ұшқан тырналарға елегзи берген түс.
7. Қыркүйек /сентябрь/ — Түн суии, яғни үркер көтеріле, Таразының таң сууы, түннің салқын тартуымен ұласып, арамза болмақ үшін ел қошқарға 90 күн күйек байлаған.
8. Қазан /октябрь/ — Қоңыр күздің сінген шағы, Кәріқұртан малды тауысып, қыстың қара қазанның қамын еске алған шақ. Кейде Бозқырау, боқырау деп те атайды. Алғашқы қырау.
9. Қараша /ноябрь/ — Атының өзі айтып тұр. Жер әлі қараша, яғни тұна бастаған аппақ қар жоқ. Бірақ биік шоқ талдың көлеңке түбінде ептеген қар болуы мүмкін. «Қарашадан қар қалса, жұт болады» деген, «қараша — қауыс, кәрі құртаң тауыс» дейді.

Ол — қысқа салар малыңды ретте, қысқа шыдамасын сойып ал дегені. Бұл айды Желтоқсан деп атайды. Себебі үш айдың басын шалған (тоқсан, тап тоқсан күн болмаса да) күздің желді суықтарына байланысты.

10. Ақпан (декабрь) — Қарашаның қара жері көрінбейді. Әлемді аппақ ұлпа басады. Төбе, таулар, ай — дала жұмыртқадай біркелкі. Қыстың қысқа күнін ел *ат адымындай гана* деген. Ақпанды ат адымындай деген сөздің мәні осы.

11. Қаңтар — Қар әбден бекіген. Ұсақ мал қаңтарылып (өз бетімен жайыла алмай) қолға қарған шақ. Жылқы да бір жерге тебінге түскен. Қыстың қысқа күні қарға адым ұзаған шақ, яғни ақпандағы ат адымындай күнге қарға адымындай уақыт қосылады деген сөз.

12. *Үт* — басқаша аты сақталмаған. «Үт — малыңды күт», «Үт келді — жұт келді» деседі. Мал ерекше күтімді керек етеді. Қар әбден қатқан. Мал ари бастаған. Оның үстіне, Арқа жеріне тап осы айда (1953) мұз қатады. Жұт жылдары ерекше қалың қар жауып, жер бетін екі-үш елі мұз басады.

Жылқы тебіннен қалып, жұт басталады. "Үт — жұт" дейтіні содан. "Үт" сөзінің түп мәнін осы күнгі көпшілік біле бермейді. Сондықтан біздің ай атауларын жасаушыларымыз жұртшылық сұрауынан қашып, көне сөз, көне ай атын еске алғысы келмейтін сияқты. Бұл айда терезеден түскен сәуле ерекше бір ақшыл реңге боялады да, сол сәуледе тап-таза үйдің өзінде ұп-ұсақ зәредей тозаң жүреді. Міне, осы көріністі қазақ *үт* деп атаған. Атауының өзі сүтке ұқсас, соған үңілген бала қиялды да әрі қарай сүйрей жөнелетін көрініс.

Жазба календары болмаса да, жыл он екі айды өзінше зерттеп, зердесіне түйген қазақ он екі ай ішіндегі әртүрлі амалдарды атадан балаға мирас қып үйретіп, сабақтай берген. Жыл басы Наурызды ел асыға күткен. Қиыншылығы көп қыстан малды аман алып шығамын ба деп қардың тез кетерін не кетпесін білмеген.

Осы күнгі календарь бойынша 14 март күні қыс бойы аттылы кісіні көтеріп кететін қар бетінде жатқан құмалақ өз салмағымен батса, жаз тез шығады деген. «Қардың басын қар алар» деген қазақ. Бұл есебі 26—28 мартқа келген. Ол күндері жапалақтап қар жауып, іле еріп не жаңбыр сіркіреген. Бұл қарды ел *құс қанаты* деп атаған. Наурызда (осы күнгіше 14 мартта) жаз жұлдызы туған.

Отамалының ызғырық қара суығы өте жайсыз. Осы айдың 4—5 шамасында күн кенет бұзылады. Кейде әжептәуір боран да болады. Сол себепті «Сәуір болмай, тәуір болмас» деген. Сәуірдің тууы 14 апрельге келеді. Алғаш рет күн күркіреді. Бөлек-бөлек жаз бұлты шығады. Онан соң бір-екі күнгі жылылық күн 17—19 апрель күндері *Қыдыр қамшысы* аталған жаңбырмен не суықпен ауысады. Отамалының 25—27 күндері тобылғы жарғанның қара суығы өтеді. Тобылғы бұршіктейді.

Мамыр — көкек айының 8—9 шамасында күн сәл суытады. Мұны ел «Қызыл жұмыртқа» деп атаған. Бұл күнді адал құс жұмыртқасын жарып, балапан шығарған. Көкек айының 17—25 шамасында өтетін Құралайды да ырым еткен. Құралайдың жаңбырлы

болуы егін-шөптің молдығының көрінісі деп те есептеген.

Құралайдың жаңбырынан бір апта кейін, Үркер жерге кіріп, 40 күн шілде басталады. Бұл шілде айы. Шілденің аптап ыстығынан кейін Сарша айның 15–17 шамасында туатын Үркер бір-екі күндік желпіп өткен жаңбырмен тынысты бір кеңітіп тастап отырған. Мұны ел «Үркер толғағы» деп атайды.

Қыркүйек айында Сүмбіленің суы жүрмек «Сүмбіленің суы жүріп пе екен?» деп сұрған қазақ. Сүмбіле жаңбырлы болып өткен жердің көдесінен түбі көк, малға от болады деп жылқыны қыста сол жерге тебіндеткен. Сол айдың 17–19 аралығында болатын салқын да есепке алынып отырған.

Сүмбіле туа су суыса, Таразы туып таң суыған. Қыркүйек айының 20–21 шамасында салқын да белгілі болған.

Қазанның 3–5 шамасындағы суық бозқырау не *боқырау*, не *қыс амалы* деп аталған. Бұл суықта алғаш рет көкті үсік шалып, су бетіне мұз қаймақ тұрады. Осы айдың 20 не 25 шамасындағы қардың көрінуін *Үшқын* деп атаған.

Қыс ұзаққа созылатын жылдары қарашаның қары 4–5-інде түсіп, жатып қалады. Осы айдың 17–19 шамасында қай жылы болмасын жылымық болып, кейде жаңбыр жауатынын есепшілер күнібұрын ел құлағына салып отырған.

«Ақпан ақырып келеді» дейді ел. Осы айдың 5–7 шамасында аяз көтеріліп, 30 градусқа дейін жетеді. Мұны Арқа елі *Қызыл*, *Қырбас өлген Қызыл* деп те атайды. Айдың 15–20 шамасында атақты Теке бұрқыл бораны соғып өтеді. Теке бұрқылдан соң айдан асаға созылған Сары аяз – Қыс шілдесі өтеді.

Қаңтар айының 3–5 шамасы кейде қатты аязды, не жапалақтап жауған қарлы, жұт жылдары жаңбырлы боп келеді. (Күн таласы) 1978 жылы 2–3 январь күні қатты жаңбыр болды. Қыстың ең қиын айы. «Күн көзі қыраулы, қыс күніне мәлім жоқ» деген қазақ. Осы айдың 29–30 шамасында Үркер тас төбеге шығады. Бұл сары аяздың бітуінің белгісі. Сол күндері күн де сәл жылып, белгі береді. Үт айының 3–5 шамасында

күн бұзылып, бұрқасын болады. Мұны ел «*Үркердің ауысуы*» деп атаған. Бұл Саршадағы «Үркердің тууынан» тура 6 айдан кейінгі құбылыс. Онан кейін аяз өрлей алмайды.

Біздің уақытымызда ұлы даланың табиғи тепе-теңдігі Аралдың тартылуына байланысты күрт өзгерді, жаз бойы бойына жылу жинап, қыс бойы соның шапағатын иен далаға беріп, аязын жұмсартқан Арал жоқ. Сол себепті қазіргі аяздан март айында да 30 градус төмен болмай жүр. Үт айының 15–17 шамасында жылымық боп, кейде жаңбыр жауып кетеді. Осының ақыры 21–23 шамасында болып өтетін Бөрі сырғақ атты борасынға ұласады. Бұл Боранда ит-құс жұпталып, қаншығы жерік болады.

Наурыз айының 5–8 Үркер жамбасқа түсіп, осы шамадағы жылымық бір-екі күндік қармен ауысып, мүйіз-киіз болып тұрып, осы айдың орта тұсындағы борасынға ұласады. Жыл он екі айдың амалдарын мал шаруашылығымен, тұрмысымен байланыстырған ел келер күннің жауын-шашынын, бұрқасын боранын көңілге түйіп есептеп, жұлдызға қарап шамалап отырған.

ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙ АМАЛДАРЫ

16–22 наурыз – Бес қонақ. Бес күн бұлың, кейде боран болады.

27–28 наурыз – Құс қанаты. Қалықтап қар жауады. Халық бұл ырымды «Қардың басын қар алар, ханның басын хан алар» деседі. Осы қармен бірге жыл құсы ілесе келеді. Кей жылдары жаңбырға да ұласады.

4–5 сәуір – От амалы. Қыстың бір күндік соңғы бораны. Мұнан кейін қыс малға отты біржолата береді.

18–19 сәуір – Қызыр қамшысы. Аспанда алғаш рет найзағай ойнап, жаңбыр жауады. (Кей жылдары бір күндік суық та түседі) Отау-отау боп көкте жүзген жаздың бұлты шығады.

28–29 сәуір – Бүршік жарған. Бір күндік суық. Тобылғы, қараған бүршігін жарады.

9 мамыр – Қызыл жұмыртқа. Бір күндік салқын. Осы күні адал құстар қаз-үйрек жұмыртқасын жарып, қызыл-шақа балапанын шығарады.

17–24 мамыр – Құралай. Осы жаңбырмен қоса киік лағын өргізеді.

29–31 мамыр – Үркердің батуы. Үркер шалшыққа батса, яғни осы күндері жаңбыр болса, жаз жаңбырлы болады деген ырым бар. Осыдан бір аптадан кейін шілденің ыстығы басталады. Ол 40 күнге созылмақ.

15–17 сарша – Үркердің толғағы. Арқаның табиғаты бұзылмай тұрғанда бұл шамада аптаға созылған жаңбыр болған. Шілденің аптабынан кейінгі осы жауынды халық асыға күткен.

14–15 тамыз – Таразының тууы. Халық арасында «Таразы туа таң суыр» деген мәтел бар. Күз нышаны алғашқы суық білінеді. Бұлт қоюлана түседі.

21–22 қыркүйек – Сүмбіле жұлдызының тууы. Ел арасында «Сүмбіле туа су суыр» деген мәтел бар. Қабағын түйген күз жаңбырлатып өтеді.

4–5 қазан – Боқырау деп аталады. Алғашқы суық бой көрсетіп, боққа қырау тұрады.

14–19 қазан – Ақыраптың алты күні деп аталады. Бұл күндері қазақ жұлдызшылары тезектің өте майда күлін сағат сайын ұшырып отырып, желдің бағытын, күшін, бұлттың жоғары– төмендігін, алғашқы ұшқын қардың жобасын байқап, қыстың алты айындағы ауа райын болжаған.

18–19 қараша – Қараша қаздың қайтуы. Жаңбыр соңы көктайғаққа ұласады.

4–5 ақпан (М. Әуезов желтоқсанды ақпан айы дейді) – Қырбастың қызылы. Алғашқы аяз, Кей жылдары аяз күрт көтеріліп, 30–35 жетеді.

17–22 – XII ай – Теке бұрқыл. Арқаның атақты бораны. Осы шамада арқар мен киік жұптасады.

1–2 қаңтар – Күн таласы. Күн бойы көтереді дейді ел. Жапалақтап қар жауады (Кейде жаңбыр да сіркірейді).

17–27 қаңтар – Сары аяз. Қыс шілдесі деп те аталады. Аяздың шарықтау шегі.

3–5 Үт – Үркер ауған. Тас төбеге шарықтап шыққан үркер жұлдызы төbedен сәл батысқа қарай

сырғиды. Осыдан кейін Арқада 30 градустан асар аяз болмайды. Бұл күндер бірер күндік борасын жүріп өтеді.

5–7 наурыз – Толқыма. Алғашқы жылымық, Үркер жамбасқа түсер.

17–19 наурыз – Май боран. Бес қонақтың бір күні. Босаға жұлдызының тууына орай Босаға басы деп те аталады.

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМЫМЫЗҒА ТӘН БОЛСА

Бастауын Айна пайғамбардың туған күні дегеннен алатын еуропаша Жаңа жыл мерекесін тойлаудың қалыптасқан үлгісі бар. Ол безендірілген шыршаның, аяз атаның, қар қызының болуы дегендей. Күнбатыстың бұл рәсімі жастардың санасына батыстың салтын ұялатып, дүниетанымымыздағы ұлттық кейіптен алыстатып, ұлттық тәлімге аса үлес қоса қоймайтыны анық. Осыған байланысты шығыс еліне тән, әсіресе өзіміз жекеменшіктегідей наурызды қарсы алудың көңілге қонар рәсімін ойластырған жөн. Ол еуропаша Жаңа жылды қарсы алу рәсімінен кем болмауға тиіс. Біз ойластырған наурызды қарсы алу рәсімі қандай көрініс беретініне тоқталайық.

Биіктігі бір метрге жуық, жалпақтығы үстелдің бетіндей тұғырға түйенің бейнесі шөгелілген. Бұл қазақ ұғымында – қасиетті жануар. Ол ғасырлар бойы қазақ көшін сүйреп келген ұлы түліктің символы. Макет мүмкіндігінше ірі, өркештерінде, балағында, басында желбіреген шудасы болғаны дұрыс. Түйе әбзелдері ақық тастармен безендіріліп, көз тартып тұрса құбақұп.

Қос өркештің арасынан өткізіліп, бір ұшы жер тіреген бақан да безендірілген. Шөгелілген түйенің тұғырдан өркеш ұшына дейінгі биіктігі бір метрден кем болмаса ғана көрікті болады. Сол өркеш аралығынан өткізілген бақанның аша басына кішірек шаңырақ

кигізілген. Шаңырақ күлдіреуіштеріне дейін боялған. Шаңырақтан жоғары мәңгіліктің көрінісіндей темір-қазық, жетіқарақшы орналасқан.

Шаңырақтан он екі түрлі түсті бау (уық) түсірілген. Ол баулар түйе шөккен тұғырды айналған шеңберге айнала бекітілген. Міне, осы бауларға мүшел жылдардағы жыл он екі хайуанаттың қуыршақ бейнелері бекітілген.

Тұғырдың төменгі жағына кішірек дөңгелек орнатып, бақанның жерге қараған ұшын соның ұңғысынан өткізіп қоюға болады. Сол дөңгелекшені еппен шаңырақты бүкіл он екі хайуанаттарымен шырқ айналдырып тұрса, он екі мүшелдік цикл әлемді айналып тұрғандай көрініс береді.

Наурыздың туу мезгілі «Құс қанаты» атты жапалақтап жауған қармен тұспа-тұс келеді. Сол себепті залда жауған қар, сіркіреген жаңбыр көріністері де жасалғаны дұрыс. Мереке басталар тұста Қызыр атамен қатар тартылған сым арқылы әлденеше құс макеті ұшырылып, жылмен бірге келген қаздың қаңқылдаған үні естіледі.

Бұл күні ұлттық тағамның, ұлт киімдерінің, ат әбзелдерінің де көрмесін ұйымдастырып, той ән мерекесімен жалғасуға тиіс.

Жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеп, еліміздің іргесін берік еткіміз келсе, жыл он екі айдың қай мезгілінде де өтетін мейрамдарға ұлттық рең беруді мықтап қолға алған жөн дер едім. Тіпті бұл жөнінде Президент жанында арнаулы комиссия жұмыс істесе артықшылығы болмас еді.

ҚЫС ШІЛДЕСІ — САРЫ АЯЗ

«Қазақ әдебиеті» газетінің №6 санында қазақы дүние танымға көз жүгіртіп жүрген азаматқа ой салар «Ақпанның ақ түтегі» ме... деген материал шыққан екен. Иә, қазақы танымнан ада қалған, өздерін "журналистпін" дейтін талайлар «Үркерді» — «Бикеш» деп атағаны сияқты қазақтың Сары аязын

«крещенские морозы» деп, ілдебайлап жүр. Зәулім-зәулім ағаштардың арасынан аспан әлемінің алақандай тұсын ғана сығалап көріп ғұмыр сүрген орыс Алтын Ордаға бас игеннен кейін ғана ұлы даланы көріп, Алтын Орда жұртының жұлдызды аспан, жыл-он екі ай туралы ұғымына таңғалып, енді өзінше тырбанған. Түсініктерінің тарлықтарынан жылдың әр мезгіліне өздерінше *Иван купала, Ильин день, рождество* деп ат таққан. Әлемді әлемнің құбылыстарына байланысты таныған қазақ елі табиғаттың әр құбылысы аязы, бораны, жауын-шашыны, аптап ыстығына табиғаттың өзіне тән атау берген. (Бір материалға мұның бәрі сыймас, оқырманнан тілек болып, газеттегілер қажет деп санаса, Қазақтың жыл он екі айы, Жұлдызды аспан атаулары, он екі айда болар амалдар туралы жеке-жеке материал беруге болады. Осыны сонау 22–23 жасымызда санамызға сіңірген саяси лагерьде 33 жыл бойы отырған Құнанбай Бейсенұлына мәңгі қарыздармын.)

Автор Орынбай Ошанов бүгінгі ай атауларының дұрыс еместігін атап көрсеткен екен. Бұған тәнтіміз. Бұл туралы өткен ғасырдың сексенінші жылдары жазғанымызды «академиядағы мүйізі қарағайдай шалдар тулайды» деп газеттер баспай қойғаны бар. 1957 жылғы алғашқы «Қаз ССР тарихында» жарық көрген күнтізбенің осы күнгі нұсқасы ғылыми талқылаудан өтпегенін жазды О.Ошанов. "Қазаққа қазақтың сөзін айтқызбай қойған заман еді, енді неге түземеске" деген сөз көкейге тіреледі.

Ұлы дала жұртының аспан әлемі туралы түсінігін жазған әл-Фарабидің, Ж.Баласұғынның, Н.А.Куфтиннің, Ш.Уәлиханов, Радловтың, М.Исқақовтың еңбектерін де зерделедік. 1954 жылы жарық көрген орысша-қазақша сөздікте профессор Н.Сауранбаев декабрь айын «ақпан», январь айын «қаңтар» деп атаған. Бұл халық ұғымына дәл келеді. Ұлы жазушы М.Әуезов те декабрь айын ақпан деп атап жазған. М.Исқақов та ақпан «жылдың ең соңғы айы» дегенін оқыдық.

Автор: «Ақпан ай аты емес – амал» деп сәл қателікке кеткен екен. Енді, амал жоқ, сол айдағы амалға

тоқталайық. Қазақ халқы жыл он екі айда болатын амалдардың көпшілігін Үркер шоқ жұлдызымен байланыстырған. Үркер толғағы, Үркер шырқауы, Үркер аууы, Үркердің жамбасқа түсуі, Үркердің батуы деген күндердің бәрі құбылысқа толы. Үркердің сол жамбасқа келуі ақпанның (декабрь) 4–5 күндері болатын алғашқы аяз қырбастың қызылына дәл келсе, Үркердің дәл төбеге қарай біртіндеп шырқай көтерілуі Қыс шілдесі деп аталатын Сары Аязға дәл. Үркердің тас төбеге шығуы Қаңтар (январь) айының 10 мен 25-нің арасы. Бұл күнді орыстар ғылыми еш дәлелі болмаса да Исаның туғаны «роджество» деп атап жүр. Қазақтың нағыз Сары аязы осы.

«Ақпан ақырып келеді» дегені — Қырбастың қызылы болса, «Ақпанның ақтүтегі» деген осы ақпан (декабрь) айының он жетісі мен жиырма үшіннің арасында бір апта бойы көз аштырмай соғатын «Теке бұрқыл» атты даланың атақты бораны. Осы боранды күндері Арқарлар жұптасып, Сәуір айының аяғына қарай төлдеп бітеді. Қазақ есепшілері Теке бұрқылдың қай күнінде боранның аса қатты болатынын да «Ақыраптың алты» күніндегі есеппен дәл шығарып отырған. Есейдің есепшісінің: "Ақпанның пәленінші күні ат құлағы көрінбесе, ақ түтек болады", — дегеніне сенбегендердің малы жолда қырылғанын жұрт күні бүгінге дейін айтады.

«Екі ағайынды», «Ақпан — тоқпан», «Қазыбек наурызы» деген ай атаулар ұлы даланы мекен еткен халықтың даланың әр тұсында болатын жағдайларға байланысты қойған жергілікті атаулар. Жыл он екі айдың әр мезгілінде күндіз-түні мал бағып, жұлдызды аспан мен табиғаттың бірде дүлей, бірде тамылжыған құбылысын қалт етпей баққан қазақ ай атауларын сол табиғатпен тілдестіре атап, оған жеке адамдардың есімін кірістіре қоймаған.

Автор «Қытайдың жууы» дегенді де амал есебінде кіргізіпті. Табиғаты бізден алыс жатқан қытай жерінің ауа райының құбылысы Алтай мен Еділдің арасында жатқан қазақ даласына тіпті де келмейді. Осы қытайға еліктемей, қай «жууынан» болса да алыс жүргеніміз дұрыс болар. Қырғыздың «мүйіз аяз», «киіз аяз» дегені

атауы ұқсас болғанымен, дені бөлек. Қазақ Үркер оң жамбасқа түсіп (бұл осы күнгі наурыздың 8—9 арасы) толқыма өткеннен кейінгі шақта «Түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз» деп атайды. Қырғыздың «кемпір аяз» дегені қазақ атауларында кездеспейді.

Осы мақалада тағы бір кеткен қателік «тоғысу» туралы. Автор: "Тоғысу Ай мен Қамбар жұлдызының қиылысып өтуінен" деген екен. Негізі тоғыс есебі Үркер мен Айдың бір күні көктің бір тұсына дәл орналасу есебінен жүргізілген. Бір тоғыс Мамыр айының 17 күніне шамалас. Онан әрі «үш тоғыс», «бес тоғыс», «жеті тоғыс», «тоғыз тоғыс» болып әрмен қарай кете береді.

Мақалада «Үт амалы жиырмасында кіріп, 25-інде шығады» деген бар екен. Бірақ қалам иесі бұл Үттің не екеніне бажайлап тоқтамапты. Бірақ онан арғы бір тұста «Үт — саудагер» дегенді келтіріпті. Дұрысында Үт — айдың аты. Оны кейбіреулер парсының «худ» деген сөзінен шыққан десіп жүр. Бұл да қазақы танымнан адасып қалғанымыздың бір көрінісі. Үт — қаңтардан кейінгі ай. Айдың атауы да қазақы дүниетанымда жатыр. Осы айда терезеден түскен сәуледе, үй іші қаншама таза болса да, қолға ұстатпайтын, тек көзге ғана көрінетін өте ұсақ ақ ұшқын қалықтап жүреді. Ақты сүт дейтін халық осы ақ ұшқынды «үт» деп атаған. Қолдағы кей малдың төлдей бастайтын тұсы да осы ай. Еуропа халқы «балықтар» деп атайтын, Көнек жұлдызынан кейінгі шашыранды жұлдызды да қазақ «үт» деп атаған. Еуропаға еліктеп зодиақтағы сол жұлдыз шоғын да «балықтар» деп жүрміз, дұрысы — «Үт».

О.Ошанов жазғандай, «өлкесі бөлек, ділімізге, дінімізге жат Ресейдің» орысының қалың орманның арасынан аспанның алақандай тұсын ғана сығалап көріп, адасып жүріп, ауа райынан әр құбылысына әулие-сымақтарының атын қойғаны бізге жат. Шоқындыру мақсатында бір аязды «крещенские» десе, біз оған неге еліктеуге тиіспіз. Қазақ — мұсылман, шоқыну элементін сыналап кіргізуге жол беруге болмайды. Табиғаттың тылысым күшінің атауын қазақ сол табиғатпен тілдестіре атаған. Қазіргі Қаңтардың орта тұсында болатын аяздың атауы — «Сары аяз».

СУДЫҢ ДА ҚҰЛАҒЫ БАР

Қайрақты өзенінің бас жағындағы жайын суды жағалап, су бетіне қаймақ жағалатып жүрген тоғыз, он жастағы баламыз. Орысы жоқ ауылда орыстын «но»-дан басталатын боқтық сөзі шаңқ етті. Жамандықтың жүкқышы-ай, кімнің есіне түсе кетті десейші. Етікші Есімғали ақсақал: «Әй, не сандалып тұрсың? Судың да құлағы бар ғой», — деп жекіп тастады. «Судың да құлағы бар». Естімеген жаңалық. Бірімізге-біріміз қарадық. Қате естіген жоқпыз ба? Көлшікке бетін жуып, намазға дайындалған Ақмағанбет ақсақалға қарап сұраулы жүзбен: «Судың да құлағы...» — деп қалғанбыз.

— Иә, балалар, судың да құлағы бар, ол естейді деп үйретеді мұсылман діні, — деді Ақаң жайбырақат.

— Сонда мұның құлағы қайда? — десіп көл жағалай үңілістік. Таппадық. Үрейіміз де басылды. Бірақ сол сөз есте мәңгі қалған-тын. Құдайсызданған қоғам судың құлағы түгілі, адамның құлағы да құлағы барын ұмыттырып жиберген жоқ па?

Қарыштап дамыған ғылым бұрынғы түсінікті түбегейлі өзгертті. Америкалық ғалым Грегшг Брейден адам санасы мен сезімінің ғаламды өзгерте алатын қуатты күш екеніне адам ұлының көзін жеткізді. Жапон ғалымы Масару Эллото судың көре де, ести де алатынын, тіпті көрген, естігенін жадына тоқи алатынын дәлелдеп, жаман сөз бен жақсы сөзді ажырата алатынын, жаман адам (ниеті бұзық, маскүнем, ұрықары) келгенде судың кристалы өзгеріп, қошқылданып тұратынын, жақсы адам келгенде, су кристалының жарқырап тұратынын жазды. Су адам санасы мен жан дүниесіндегі эмоцияны табан асты сезе қояды екен.

Мұсылман дінінен қуат алған қазақ баласына «су қолыңды сұрт, бірақ сілкіме» деп үйреткен. Сол ақсақалдар (бүгіннің ішкіші емес) судың қасиетін тани білген де, оны құрметтеуді ұрпағына үйреткен. "Суға түкірме, суға кіш етпе, ол ананың бетіне түкіргенімен бірдей, атаның сақалын былғағандай" деп тәрбиелеген еді.

Жалаң материализм қоршаған ортаны өлі табиғат

деп түсіндіріп келеді. Соған жұрт жетпіс жыл бойы сеніп өсті. Тіпті, сонау ХХ ғасырдың 60-жылдары дамыған батыс елдерінің ғалымдары өсіп тұрған гүлдің өзін баптап күтіп жүрген иесін танитын, ол келгенде қуанышты дыбыстар шығаратынын, ал сол гүлдің әр жапырағын жұлған кісі келгенде, үрейлі жыбыс шығаратынын зерттеп жазды. Сол жылдары «Вокруг света» журналының бір нөмірінде жарық көрген бұл материал исі қазақтың назарынан тыс та қалған шығар. Әлем бірлікте. Су да, тас та, топырақ та — тірі дене. Иісі де, жады да бар, әрқилы дыбыс та шығарады. Табиғатқа жақын өмір сүрген ата-бабаларымыздың оны сезе де білген, байланыса да алған. Табиғатқа жаудай қарап жүрген, ішкеніне мәз қазіргі адам ол байланыс — бірліктен айырылып қалды. Қазір ішкен — мас, жеген — тоқ, біраз үлкеннің бала-шағасының санасының қандай боларында шаруасы жоқ. Кешегі қарттар «лас адам (мас адам) келе жатқанда, шөп те дірілдеп, жаратушыдан өзін мына ластың баспауын сұрайды» деуші еді. Солай екеніне сенеміз.

Жапон елінде өздері қасиет тұтатын Бива көлі туралы «Бива таза болса, Жапонияның бар суы таза» деген мәтел бар екен. Мына сұрапыл дамыған технологияның дәуір Бива көлінің де балдырланып, ластанып иістене бастауына әкелген. Өздері «Киелі құрсақ» атаған бұл көлдің ластануы Жапон халқының да жүрегіне тікендей қадалса керек. Иістенген көлді техник пайдаланбай тазартуды ойластырған. Адам санасының, пәк рухтың судың физикалық құрамын өзгерте алатын қасиет-қуатын пайдаланған. Сөз рухын аса кадрлейтін тоқсаннан асқан қарт Нобуо Сиояның бастауымен жиналған мыңдаған таза пейілді, рухы биік адам жиналып, ұлы жаратушы бір Құдайға жалбарынып, Биваның тазалығын сұрап дұға оқыған. Мыңдаған адам дауыстап әндете айтқан мұңлы дұға көл бетін кезіп кеткен еді. Бір ай өткеннен кейін газеттер көлдің суы тазалана бастағанын жазған.

Қазақта «Көп тілесе, көл болады» деген мақал тегін айтылмаса керек. Құрғақшылық жылдары Алладан жаңбыр тілеп, тасаттық беру дәстүрі еріккеннің ермегі емес. Бұл ата-бабамыздың ұлы рухпен сөз арқылы

байланысуға сенудің шынайы көрінісі. Тасаттықтың ақыры көл-көсір жаңбырға ұласқан мысалы толып жатыр. Бабаларымыз тасаттық беретін жерге рухы биік, тәні таза, пәк адамдардың ғана баруын қатты қадағалаған. Өткен жылдардың бірінде 40 жылдық совхозының жерінде тасаттық берсе де жаңбыр жаумағанына налыған біреу: «Қайдан жаусын ел тонаған милиса, кінәсізді соттатқан прокурор, кеше ішіп, бүгін мүләйімсіген шалдар бар жерде Құдайдың рухы түсе ме?» — деген екен. Дәл айтқан. Сөз қуат-қүдіреті рухтың тазалығында.

Қазақ судың да, сөздің де қасиетін тани білген халық. Ел ішінде «Кеседегідей суға кетіп өлейін» деген сөз бар. Осыған амал жоқ сенесің. Белуардан келетін суға кетіп өлгенді көз көрді. Апталдай екі жігіттің бірі кеудеден ғана келетін суға тұншығып бара жатқанын көріп, екіншісі соны құтқармақ болып тұра ұмтылған. Ақыры екеуі де кісі бойынан аспас суға кетіп, қазаға ұшырады. Мұны не деп білерсің? "Су екеуін бірдей неге тартты? Неге жазалады?" деген сұрақ көңілден кетпейді. Мүмкін сол жерде бір астамшылық, не бір қатыгездік жасалды ма? Адам ұрпағының қайсысы кінәлі еді? Оны танып біле алмастай кезеңде өмір сүріп жатырмыз.

Әбітай ақсақал жігіт шағында Қояншы Қуанышекең деген ақсақалдың шай қайнату үшін келінін бұлаққа жұмсағанын, алғашқы шелегін төктіріп, қайта жұмсап, екенші шелекті де төктіріп: «Балам, ренжімесең су ды қайта әкелші», — дегенін, мұны жадына ұстаған келіні: «Атам неге бүйтті? Алла, күнәға жаза көрме, бисмиллаһ», — деп еңкейіп алып, әкелген суын атасының құп көргенін айтқан еді. Сол «бисмиллада» үлкен тәуба жатыр, пәк сезім жатыр. Ақсақалдың үйде отырып соны сезінуі де айрықша қасиет.

Жас келін түскен үйдің абыр-сабыры басылғаннан кейін ауылдың ақсақалдары сол келінге шай құйғызып ішу рәсімі болған. Келіннің отырысы, тұрысынан, шай құйған кесені ұсынып, қайтып алуынан, ақсақалдар әңгімесіне құлақ түруіне қарап, жас келіннің тәрбиелігі жөнінде байлам жасаған. Келінді неге қазақтың үлкен асы — табаққа толы ет асқызып сынамады екен дейсің.

Кеседегі су — шай арқылы үлкендер бір байланысқа шыққан шығар деп тағы ойлайсың.

Кешегі жалаң материализм не дегізбейді? XIX ға-сыр соңында әлемнің негізі бөлінбейтін бөлшек атом деген ілімнің жеңуі "Құдай жоқ, оны күйреттік!" деген ұран шығарды. Дүниені дүмбілез идеология билей жөнеліп, адамзат азуға бет түзеді. Есті жұрт күйзелді, есуас әндетті. Қырып-жойған екі әлемдік соғыс өтті. Әркімнің-ақ құдайдай болғысы келді. XX ғасырдың екенші жартысында атомның да шексіз бөлінетіні, оның жоқтан бар болып, жатқаны ашылды. Дүниенің негізі леп-энергия, қуат екен. Сол леп-энергияның ұйымдастырылған бейнесі жер басып жүрген адам да, жануарлар да, таста та, өскен орман, жайқалған шалғын да екен. Бар тіршілік тамырлас. Сонау ағашпен біздің тамырымыз бірге. Баптаған иесін гүл таниды, балта ұстап келгеннен ағаш қалтырайды. Қатыгез біреудің қолына тап болып, көнін зорға сүйреткен аттың бұрынғы иесін көріп оқыранып, қанша сабаса да, аяғын баспай жылағанын жазған еді бір жігіт. Оқып отырып ішім еңіреді.

"Дүмбілез теория не дегізбеді" дегеннен шығады, сол дертті бойына жұқтырған адам баласы сонан әлі айыға алмай жатыр. Күйе оңайшылықпен кетпейді. Адамшылықты ақшамен өлшеп, байлықпен баптап, біреуді күң мен құл еткізгісі келеді. Шынайы бауыр-малдылықты араққа ұйымдастырып, ішуден оза алмаған шалдар да бар. Адамнан туса да, өзін құдайдай санағандар мен соның жетегіндегілер шалқыған теңіз Аралды құртты. Бұл— бүкіл адамзат ұрпағының алдындағы жауапсыздық. Ұлы жаратушы бір Алланың жауаптылығын сезінбеген бейшара ғалым-сымақтың, мемлекет басшысының, шенеуніктің, басшысымақтардың адамзат алдында жауапкершілігі болады деу әбестік. Олар үшін су да — у, у да — су. "Мынауым теріс-ау" дейтін түсінік жоқ, ұлттық тәрбие, қазақы ұғым да оларға жат. Тазалық күні өтеді, ақсақалдар бой көрсетсе деген-ді. Он шақтыдан асасы келіпті. Бір кезде жәшігімен жетті жынды зэр. Оны әкелген ауыл әкімі. «Сыра сұрап жанымды қоймайды» деген ақталып. Жетпіс-сексенге келгені сіміріп

түр. Еміздікпен ішіп үйренген бұзау адыра қалсын. Ақыры құлап түскен біреуін көтеріп әкетіпті. Тойып алғанның алды біреудің әке-шешесіне беріп жатқан асына барды. "Ұят — өзі иманның бір мүшесі, — дейді Абай (36-шы сөз). «Ұят адамның өз иттігіңді... мойныңа алып, сөгіп қылған қысымың, — дейді-ау Абай. Мынау өзен тазалағандарда ұят туралы сөз жоқ. Олар ұрпақты отқа күйдіріп тұр ғой. Мұны көрген ұрпақ оңа ма? Өзен әйтеуір бір тазаланар. Мынаны көріп, бүлінбесе екен қазақтың жасы дейсің. Қазақтың шаңырағын бүлінбеген ендігінің жасы ғана биік ұстар.

Өткен жазда әлдебіреудің Нұраның жағасына не қилы дәріні шашып кеткенін, оны аузына салған бір баланың апата бойы ессіз жатқанын жаздық. Ау, сонда СЭС деген мекеме қайда? Нұраға машинаны жалдатып қойып жуып жатады. Төмендеу тұста бала біткен шомылып жүр. Машина иесіне «әй» дейтін пагонды не пагонсызды таппайсың. Міне, біздің суды қасиет тұтқан түріміз.

Осы көңілге жұққан күйеден арыла алмай жүргендіктен шығар, аудан орталығындағы ауыз судың жыл өткен сайын ащы боп бара жатқанын айтып, төбе басындағы резервуардан екі жүз қадам жердегі тау етегінде зерттелген тұщы көл барын сөз етіп, соны қосу керектігін екі-үш жыл бойы ел ескертіп келеді. Әзірше «дұрыс екенді» естімедік. Ал, сол тұщы көлдің үстіне қайтыс болғандарды жерлеу тоқталар емес. К.Медиев әкім болып тұрғанда бір шешіммен тыйым салынған еді, бүгін ол да ұмыт. Ал, әлемде ауыз су үлкен проблемаға айналып барады. Өткен жұмада ауыз су жетіспегендіктен сонау Африканың да, іргелес Қытайдың да сан миллиондаған халқы ауыр хал кешті. Ілгеріні болжайтын ғалымдар «болашақтағы соғыс мұнай, темір, көмір үшін емес, қатерлі қырғын ауыз су үшін болады» деп жазып жатыр. Біз әлі селқос, ұйқылы-ояумыз.

Шаһардың іші толған әжетхана, үйлердің көпшілігінде септиктер. Олардағы ластанған сулар да тас-тастың жігімен топыраққа сіңіп жатыр. Елдің бұрыннан пайдаланып келе жатқан құдықтарындағы суды енді таза деп айтуға дәтің бармайды. Жалғыз

бұлақтың қақ желкесіне де моншалар түр түтіндетіп. Сол бұлақтың суы енді таза ма, әлде... Соны айырып жатқан тағы ешкімді көрмейсің. Бір әйел айтыпты қайнысына: «Сен іше бер, саған бәрі адал, сасыған арақты да ішіп жүрсің ғой», – деп.

Иә, судың да құлағы барын кешегі ақсақалдар ескертіп кеткен еді. Тылсым сыры мол қасиетті судың құпиясы ендігінің құлағына жетсе екен дейміз.

16. 04.2012 ж.

ОЙ ИІРІМДЕРІ

«ЗАР ЗАМАН» ЖЫРАУЫНЫҢ МҰРАСЫНА «ОТЫЗДЫҢ» ЫЗҒАРЫ БІЛІНЕДІ ДЕГЕНДЕЙСІҢ

Қазақ әдебиетінің тарихында «Зар заман» деген ағымның бастауында тұрған Шортанбай жыраудың дүние есігін ашқанына келер жылы 200 жыл толады. "Біз ұлы жырауды тануда не істеп жүрміз? Не істедік? Бетіміз қалай?" деген мәселе ниеті түзу жұртты еріксіз толғандырады.

Бізге, қазақ жұртына, бүгінгі де келер ұрпаққа да аса қажетті Шортанбай жырау кім еді? Ол осы исі қазақтың тумасы, осы күнгі Шет ауданының орталығының 15 км жердегі Жалпақсаз деген жерде дүниеге келіп, 1880ж. осы жерде дүниеден өткен, мүрдесі де осы Ақсу — Аюлы маңында жатыр. Қазақ әдебетінде «Зар заман» деген ағымның бастауында тұрған ұлы жырау.

Ол туралы филология ғылымның докторы Тұрсынбек Кәкішұлы «XIX ғасырда орыстың зұлым да зымиян саясатын Шортанбайдай әшкерелеген ешкім болған жоқ» деп ерекше атаған қазақ халқының мұң-зарын жоқтаған тұлға.

Ол қазақтың ұлттық рухын құрту үшін патша заманында қуғын көріп, қызыл империя тұсында есімін атауға тыйым салынған исі қазақтың ділі мен дінінің жоқшысы. Шортанбай жырау туралы Мағжан Жұмабаев: «...кешегі Махамбет, Шортанбай, Мұрат ақындардың елдің мұңын, зарын, ой-қиялын жырлай білген шын жыраулар екені анық. Бұлар қазақ

даласына енген орыстың Қарабоз отаршылдығының қарасын көріп, бірінші уланған ерлер» деп баға берген (Ұран Алаш 379 бет.).

Қазақ елінің келесі бір буын жоқшылары Шортанбай жыраудың мұрасын отызыншы жылдары мектептердегі тіл және әдебиет пәндеріне енгізген еді. Ұлттық рухты өрістеткісі келмеген «Колонизатор комунистер» (М.Әуезов анықтамасы) отыз жетінің ойранынан кейін оны бар оқулықтардан алып тастатып, атын өшірді. Оның ел арасында сақталған кітаптарын жинап алып отқа жақты.

Қанша қуғынға салса да қазақ елі оның есімін ұмытқан жоқ. Ел есік-терезесін жауып қойып, Шортанбай жыраудың жырларын жасырын тыңдаумен болғанының куәсіміз. Репрессияның қылышынан қан тамып тұрды, ешкімді аяған жоқ. Ұлы жыраудың екі шумақ өлеңін айтқаны үшін Анарбек деген азамат 18 жыл айдауда болды. (Анарбектің айтуындағы Шортанбай жыраудың жырлары менде, таспада сақтаулы тұр. Ол маған ғана сене алды).

Ұлы жыраудың есімін әпербақанның белсенділері, КГБ-нің тыңшылары бәрібір халық жадынан өшіре алған жоқ. 1980 жылы Шет ауданы азаматтары Шортанбай жыраудың басына көктас қоюы сол зұлым саясатқа қарсылық еді. Жырау дүниеден кетерінде өзінің мүрдесі жатқан жерді көптің білмеуін тапсырған екен. «Зұлым заман келеді, менің мүддемді қорлағысы келетіндер де болады», — деген екен. Бейіт соқпауын да тапсырған. Бірақ ел жыраудың мәңгілік орынын бірден-бірге көрсетіп, тапсырып отырған. Ең соңғы көрсетуші Есмағанбет ақсақал болатын.

Шортанбай жырау — қазақ әдебиеті тарихында тұтас бір дәуірді қамтып жатқан Зар заман ағымның бастауында тұрған тұлға. Зар заман — қазақ әдебиетінің жаңа кезеңге асқан дәуірі. Зар заманнан бастап қазақ әдебиеті жаңа сипат ала бастады.

Шортанбай жырау бастаған Зар заман онан кейін де жалғасын тауып жатты. Бұл ағымның Абайға да әсері жетерлік. Мысалы, Шортекең:

Ел асып болыс болам деп,
Ысырап қып малды төкпендер, —
десе,
Абай:

Болыс болдым, мінекеи,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал,
Қалмады елге тығындап, —

деп жалғайды.

Шортанбай жыраудың азаттықты аңсаған Алаш көсемдеріне жасаған ықпалы да жетерлік. Ахмет Байтұрсынұлы Шортанбай жыраудың сөзіне ұйып, насихат туралы мәселені сөз еткенде, Шортекеңнің:

Билер пара жемендер,
Жалғанды жолдас демендер.
Акірет қамын іздендер,
Жанға тіпті тимендер.
Кісі ақысын алмандар,
Ауызға *арам* салмандар, —

деген сөзіне тоқтаған.

Шортекең — шығармашылық өнері өз басымен ғана шектелген тұлға емес, соңынан көкейдегі ащы зарын халқының қайғысын төккен шәкірттері ілескен ірі жырау. Жыраудан үлгі алған Нармамбет ақынның:

Сары Арқа сарқыраған суың қайда,
Түнде шық, күндіз мұнар буың қайда?
Найзағай шатыр-шұтыр нөсерлетіп,
Көтерген кемпір қосақ туың қайда, — дегені.

Шортекеңнің «Ұзын аққан сарысуды» деген өлеңімен үндесіп жатыр-ау.

Шортанбай жыраудың ізбасарлары Қақпан ақын, Диа қажы, Тәшен, Оқа, Бабас, Ғаббас, Түсетайлар болса, солардың бәрі сол ағымның ақындары болғаны үшін репрессияға ұшырағандар. Қақпан ақынды бес ешкісін тартып алған белсенділер қаңғытып жіберіп, терістіктегі Қызылжар қаласында қайтыс болды. Диа,

Бабас, Оқа, Ғаббас, Түсетайлар 1931 жылы оққа байланды.

Жыраудың өмір жолы мен шығармашылығын С.Қирабаев, М.Мағауин, Т.Кәкішев, М.Мәдібаев т.б. ондаған ғалымдар зерттеген. Т.Кәкішев Шортанбай жыраудың 175 жылдық мерейтойында: «XIX ғасырдағы орыстың сұрқия да зымиян саясатын Шортанбайдай әшкерлеген ешкім болған жоқ», — дей келе, жыраудың:

Жандарал болды ұлығың,
Майырды көрдің жездендей.
Кәпірді көрдің піріңдей,
Тілмашты көрдің жеңгендей.
Дуанды көрдің үйіндей,
Абақты түр қасында,
Қазулы қара көріңдей, —

дегенін жатқа айтса,
М.Мағауин: Жыраудың

Емін-еркін заман жоқ,
Енді жүрген жігіттің,
Маңдайының соры бар.
Аяқты қия басу жоқ,
Орыстың салған жолы бар, —

дегенін сөзінде келтірген еді.
Шортекең көріпкелдігі бар да жырау:

Басталар ақыр заман жылқы жылы, —

дей келе ...

Отызыншы, отыз біріші жылдары,
Елдің ері еренде,
Жалғыз-ақ қара қалады.
Ұялмастан бұл кәпір,
Соған да салық салады, —

деп бастап, XIX ғ. 40-жылдарына дейінгі зорлық - зомбылықты сипаттаған өлеңі сақталған.

Жырау:

Ұзын аққан Сарысуды,
Өзің жайлап, жағала.
Жүйрік пенен жорғанды,
Өзің мініп, бағала, —

деп азаттықты аңсап қана қоймайды.

Тағы бір өлеңінде:

Жалаңаш мініп, жауға шап —

деп орыстың зорлықшыл, түбі қазақты құртуға арналған саясатына қарсы шығуға да үндеген.

Тәуелсіздікпен бірге Шортанбай жыраудың есімі де жарқырап шыға келді. Республикалық, облыстық аудандық газеттердің беттерінде М.Мағауиннің «Зар заман сарындары», Т.Кәкішевтің «Алақандай бет қағаз, табынарсың мандатқа», С.Қирабаевтың «Суреткер ақын», А.Сатаевтың «Ақсу— Аюлы өңірінде», Ж.Қашқыновтың «Жыр сүлейі», Қ.Мәдібайдың «Зар заман әдебиеті», І.Жақановтың «Шортанбайдың «Жиырма бес» әні», К.Жүністегінің «Шортанбай және Абай» т.б авторлардың ондаған ұлы жырауға арналған зерттеулері жарық көрді.

Міне, осы тұста аудан басшылары С.Медеубаев бастап, онан кейінгі Қ.Медиев тікелей қолға алып, аудана музей ашу ісі қолға алынып, оған Шортанбай жыраудың есімі берілмек болып шешілді. Музей сол заманның көне мұраларымен толтырыла бастады. Ұлы жырау салдырған су дирменнің тасы біреудің сындырайын деп жатқан жерінен әкелінсе, жырауға Қарабек бай сыйға тартқан пәуеске де, жырау ұстаған деген жез леген де, жыраудың «Қазан» баспасынан шыққан кітабы да, жыраудың қолы тиді дейтін әдемі ожау жыраудың өз қолымен жазған хатынын ксерокопиясы жасында жыраудың үйінде болып, онан тәлім алған Тәшен ақын, Дия қажы, Төлеубек, Нармамбет, Қақпан ақындар туралы әр кезде жиналған материалдар, жыраудың замандасы Қыздарбек күйші мен шәкірттерінің мұралары т.б көне заттар бір бөлмеге жинастырылып, аудан әкімі К.Медиев, сол бөлмені жырауға арнап, айрықша жабдықтатты.

(Қазір сол бөлме қиратылған, ішіндегі мұралары әрі жерге шашылған.Тіпті, сол уақыттан бері музейге жаңадан қазақтың ең болмаса бір қасығы да, тағы басқа бірде-бір бір зат әкелінбеген. Керісінше, музей әр жылы қызмет атқарғандардың суретіне толы. Тап бір Пионерлер үйі сияқты.)

1993 жылдың жазында Ұлы жыраудың 175 жылдық мерейтойы республикалық көлемде осы ауданда өтті. Мерейтойға С.Қирабаев, Т.Кәкішев, М.Мағауин, А.Сейдімбеков, Р.Нұрғалиев, Ж.Қашқынов, А.Сатаев бастаған жиырмаға жуық ақын-жазушы, ғалымдар, Қ.Сұлтанов бастаған парламент мүшелері қатынасты. Осы жолы оларға музейдің есігін аштырып, музейге ресми түрде Шортанбай жыраудың есімі берілді. Бұлай етуге халық депутаттары Шет аудандық кеңесінің №11/175а. 22 желтоқсан 1992 ж. қаулысы негіз болды. Қаулыда:

1. Шет ауданы, Ақсу – Аюлы селосындағы «Мир» көшесінің аты «Шортанбай жырау» көшесі деп өзгертіліп, қайта аталсын.
2. Шет ауданы, Ақсу– Аюлы селосындағы тарихи-этнографиялық музейге «Шортанбай жырау» атын беру туралы мәселе халық депутаттары Жезқазған облыстық Кеңесінің және облыстық онамастикалық комиссияның қарауына ұсынысын.

Осы қаулының орындалуы адан әкімінің орынбасары З.Ізбасаровқа тапсырылған (қаулының көшірмесі қолымда әлі бар).

Шортанбай жыраудың 175 жылдық мерейтойы туралы «Егемен Қазақстан газетінің №159 санында сол газеттің арнаулы тілшісі Нұрперзент Домбай «Қайта туған Шортанбай» атты мақала арнап, былай деп жазған екен: «Бұдан әрі аудан орталығында Шортанбай даңғылының, Шортанбайға арналған тұлғалы ескерткіштің, ақын атындағы мұражайдың ашылуы рәсімі өтті...

Шортанбай жыраудың 175 жылдығына байланысты өткізілген ғылыми-теориялық конференцияда Қазақстан Республикасы премьер-министрінің орынбасары Қ.Сұлтанов сөз сөйледі. Ғылыми-теориялық конфе-

ренция мінбесінен профессор Т.Кәкішев, филология ғылымының докторы С.Қирабаев, жазушы-ғалым М.Мағауин, филология ғылымының докторы С.Негимов сөз алды... Ақын Ж.Қашқынов арнау өлең оқыды». Тілші тойдың ерекше қуанышты өткеніне айрықша тоқталған екен.

Шет ауданы азаматтары Ұлы жыраумен қайта табысумен ғана шектеліп қойған жоқ, облыс орталығы Қарағанды қаласының басты көшелерінің бірі «Ленин», «Бульвар Мира» кейінде «Строительный» көшесін «Шортанбай жыраудың» атына беру туралы үздік-үздік қозғау салып келді. Қарағандының көшелерінің сыңсыған орысша атауларын қазақтың ұлы тұлғаларының есімімен ауыстыру мәселесі әбден шаңына жеткен шындық. Бірақ, тап осыған келгенде, билік «сол көшенің тұрғындарынан қол жинаңдар» деген қияли ұсыныс айтады. Сол көшедегі сыңсыған орыс сүйеу болып қол қоймақ түгілі, қазақтың атын естісе есігін де ашпайды. Сонымен біздің ұсыныс билік пен сол көшенің орысы тұрғызған тас қабырғаға (Қытай дуалы сияқты) соғылып тоқтайды.

Шет ауданы халқы — жыраудың жырын аңсаған үлкендердің музейге ағылып келуінде шек болған жоқ. Республикалық, облыстық теледидар да музейдегі шараларды көрсетіп бақты. Қазақтың көне мұраларына қызыққандықтан болар, тіпті Мәскеуден де теледидардан музейге толы көне жәдігерлерді халыққа ұсынды. Өзін-өзі танығысы келген жастардың ұмтылысы ғажап еді.

Бірақ, ел тоқсаныншы жылдардың қатты қиындығына душар болды. Осыны пайдаланған тәуелсіздікке сенгісі келмейтін кереуіздер да шыға бастады. «Музейдің керегі не? Оны жабу керек» дегенді де естідік. Тәуелсіздік алған қазақ елінде отарсыздандыру процесі өткізілмеді. Кешегі орысты жақтаған шенеуніктер қазқатар тізіліп, сол жылы орындарында қалды. Олар кім? Ұлтына жаны ашыды ма? Әлде ұлтын сатты ма? Нешеуі каникулы КГБ-нің агенті еді?" деген сауал қойылмады. Мұның соңы қазақы қалыпқа ұмтылу, тіл мен ділдің, діннің ойдағыдай жолға түсуіне кедергі болып, дамуының тежелуіне әкеліп соқты. (Бірақ

сеніңіздер, отызыншы жылдардағы ГПУ-дің агенттері бүгінде әшкерленеді, сол сияқты бұл сұмырайлардың да аттары әйгілі болады.)

Аудандық музей Шортанбай жырау есімімен он бес жылдан артық жұмыс істеді. Мұнан кейін, совет заманындағыдай, Шортанбай жырау мұраларына қарсы сүргін басталды. Әкім болып Қ.Тілеубергенов, музей директоры болып З.Сүйіндіков келді. Аса ықтиаттылықпен бір бөлмеге жиналған Шортанбай жырау мен сол заманның мұралары тарыдай шашылды. ГПУ агенттері мен белсенділердің қолынан қаза тапқан Сақай атты келіншек пен оның бір жасар баласының атуға ұшырағаны туралы көрнекті суретші салған үлкен полотно лақтырылып тасталды.

Сонымен бірге музейден Шортанбай жыраудың есімі де алынып тасталды. «Музейге Шортанбай жыраудың есімі берілген документ жоқ», — десті. Сол документті музей директоры З.Сүйіндіковтің қолына апарып берген едік, оны әрі қарай іздеуді ол міндетіне алғысы келмеді. Өздерінің қазақ әдебиетіне, мәдениетіне жасаған осы сорақы істерін дұрыс деп тапса керек.

Музей ашылған уақытта облыстық музейді басқарған, кейін облыстық мәдениет бөлімін меңгерген Қайырбек Сәдуақасов аудандық музей тіркеуде болғанын, музейді ашу үшін республикалық мәдениет министрінің шешімі болғанын айтады. Мұның бірде-бірін директор мен әкімі мойындағысы келмейді, өздерінше қазақ әдебиеті тарихында «Зар заман» деген ағымды бастаушы Шортанбай жырауға, оның мұрасына сүргін салған жөн. Сөйтіп, аруақпен арпалысын бастаған.

Музейге жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан. Оған 1 млн теңгені аудан әкімі бөлгенін музей директоры З.Сүйіндіковтің өз ауызынан естідік. Жолымыз түсіп Мәдениет министрлігіне кірген едік, Шеттің музейіне 12 млн теңге қайта жөндеуге берілгені туралы құжатты көрдік. Сенбедік, "жолда біреу қағып кеткен шығар" дедік. Он екі миллиондық құжатты көргенімізді ақсақалдар алқасының төрағасы Қ.Сейілбековке таңдана айттық.

Сол уақыттағы 12 млн теңгеге жаңадан екі этажды

здание салып, ішін алуан түрлі етіп безендіріп, нешеме жәдігерлермен толтырып қоюға болар еді. Бірақ біздікілер музей ішін әркімнің портретімен толтырып, Дом пионер жасап қойды.

Музей басшысы З.Сүйіндіковтің бізді «сыртымнан арыз жазды, бірақ өзінің қателігін мойындады» деп күстаналайтынын сол азаматтан естідік. Иә, жеп қойса да, ондай іске бара алмадық. Соңына түссек, бір-екі адамның басы шатылар еді. Арыз деген пәлелі іске бара алмадық, елден ұялдық, ар-инабатымыздан аса алмадық.

Тілеубергенов ұйымдастырған жиналыстың болғаны рас. Өткізген – әкімнің орынбасары Үйіржан Бекқожин еді. Бірақ ақсақалдар жиналысына кезінде Шортанбай жыраудың басына көктас қойып, басын бәйгіге тіккендердің бірде-бірі шақырылмай, кездейсоқтар отырды. Қ.Сейілбеков: «Шортанбайдың керегі жоқ», – деп соқты. Өкен Жұасбаев (бывший партком): «Мен Шортанбайға қарсымын», – деп өзеуреді. Сол Ө.Жұасбаев жыраудың 175 жылдық мерейтойында: «Біз ұлы бабамыз Шортанбайға мәңгі қарыздармыз», – деп теледидардан сайраған. Сол сөз бізде әлі сақтаулы тұр. Абай айтқан «күштіге бас изейтін» шалдар осы. Қызыл империяның орысшыл саясаты қанына сіңіп кеткен мұғалім шал Е.Рашидо: «Маған діншіл Шортанбай керегі жоқ» деп миңгірледі. Ең «тамашасы» Мұқағали өлеңдерін оқығыш, мамандығы әдебиетші З.Сүйіндіков осыларды естіп, риза боп масайрап отырды. Осындайлар үшін Абай: «Қайран сөзім қор болды, Тобықтының езіне» деп еді-ау.

Аруақпен арпалысқанның арты оңа ма, көрші ауданға әкім боп барған Қ.Тілеубергеновті сол аудан халқы жеті айға жеткізбей желкелеп қуып шықты, біреу бес байтал үшін баласымен соттасты.

Тілеубергеновтің орнына келген әкім Р.Әбдікеровке мәселенің дұрыс шешілуін сұрап әлденеше рет өтіндік. Ақыры 2014 жылдың қара күзінде Р.Әбдікеровтің атына музейге Шортанбай жыраудың есімін қайтарып беру туралы 50(елу) адам қол қойған өтініш түсті.

Мәселен, шешуден қашқан Р.Әбдікеров 2015 жыл бойы созып жүріп, ақыры ауданнан кетіп тынды.

2016 жылдың 4 қыркүйегінде жаңа әкім М.Жан-дәулетовке бар жағдайды айтып, жазбаша шығуға тура келді. Жаны қысылған аудан әкімінің орынбасары А.Әбілдин сол кезде мәдениет бөлімін меңгерген А.Кәрібековтің қолымен кезінде біздің қолымызға тимеген жалған жауапты М.Жандәулетовке көрсеткен. Орыстың «задним числом» дейтін жауабы осы.

Шортанбай жырау қазақ елі көне заманнан бері адамзаттың бар ізгі қасиеттерін бойына сіңіріп, ғасырлар бойы өз танымымен өмір сүрген елдің, қазақы ақыл-ойының шырқау шегіне жеткен тұсында өмір сүрді. Осы бір тұста көшпелі елдің өзіндік таным, өзіндік идеологиясының әрі қарай өмір сүріп, дамуы қазақы қалыпты бұзу үшін бар күшін салған орыс отарлаушыларының зымиян ниетімен тұйыққа тірелді. Қазақы қоғам өзінің бар потенциалымен сыртқа шығуға мүмкін болмай қалды. Ресейде билікке жақындар: "Қазақ – Шыңғысханның ұрпағы, оларға Америкадағы үндістердің кебін кигізіп, қыру керек!" – деп ұрандатты.

Мына жаһандану заманында ұлтымызды сақтау үшін қазақ елі өткен тарихында не күй кешкенін жақсы білу керек. Ол үшін сол заманда ұлт үшін күрескен тұлғалардың ерен еңбегімен де таныса өсуі қажет.

Музейге Шортанбай жыраудың есімін қайтарып беру ХІХ ғасырыдың бар болмысын елге таныту үшін қажетті құрал. Жырау арқылы сол заманда осы маңда өмір сүрген тұлғалар бір-бірімен қандай мақсатта жақындаса алды, қандай ой-арман оларды тебірендірді дегенді де білер едік. Шортанбай есімін атай отырып, сол кездегі бүкіл қазақтың таным жүйесін, психологиясын, білім деңгейін, отарлаудың осы өңірдегі ауыр салдарын елге түсіндіруге мүмкіншілік молая түсері анық. Қазақ баласының бүгіні мен ертеңі үшін де Шортанбай жыраудың ойы терең мұрасын зерттеу мақсатты болу керек. Ол қазақ баласының келешегі үшін де зарлаған ақын, тұлға ретінде қазақ тарихында мәңгі қалды. Ол – қазақты қазақша сүйе білген тұлға. Осынысы үшін оны ХХ ғасыр бойы Совет үкіметі, орысшыл сатқын белсенділер атын ататпай келді, оның жырын айтқандар алды атылып, соңы ит жеккенге ұзақ мерзімге айдалды.

Сонымен, Шортанбай жыраудың есіміне қарсы шыққандар, біріншіден, ХІХ ғасырдағы қазақ болмысын, көшпенділердің сол бір кезеңде қандай рухани, әлеуметтік қиындыққа ұшырағанын білігісі келмегендер болып шығады. Екіншіден, қазақты қазақша сүйе білген тұлғаның мұрасын зерттеуге қарсылық, елге танытуға қарсылық дегенге саяды. Үшіншіден, "Бұл деген Шортанбай жырауды діншіл, ұлтшыл, Ресейді жек көруші деп айыптаған Советтік ұлы орыстық-шовенистік саясатты, сатқын белсенділердің ұстанымын қолдаушы ма?" деген ой еріксіз көкейге келеді.

Қазақ халқы ғасырлар бойы ұзақ өмірінде халықтың сөзін сөйлер тұлғаның қажеттілігін жақсы түсінген. Сондай тұлғаның сөзіне тұсау салу арам іске жол беру екенін білген. Арам өзін ғана ойлайды. Арамның қолына билік тисе, елді аздырып, тоздырады. Осыны кешегі біз көрген ақсақалдар қадап айтушы еді. Олар қанша тыйым салса да, "Шортанбай жырау айтты" деген үлгіні жатқа айтып отыратын. Ал, бүгін кейбіреулер Ұлы жыраудың есімін музейден өшіріп, сөзіне тағы кісен салып жатыр.

Оксфорд қаласында Черчилльдің музейі тұр. Оның не өзі, не әке-шешесі де ол үйде тұрмаған да. Осы үйде қыдырып келген Черчилльдің анасы босанып қалған. Музейде шешесі босанған кереует, сәбиді шомылдырған астау, әкесі сүйінші хабар естіп, почтамен салған 15 долларды растаған құжат қана бар.

Ал, Шеттегі музейде Шортанбайға Қарабек сыйға тартқан пәуеске, жыраудың диірмені, Қазаннан шыққан кітабы, парламент депутаты Қ.Әбішевтен алған Шортанбай жыраудың қолтаңбасы, сол заманда Шортанбайдың қолы тиді деген сан алуан зат бар.

Ал, біз қисық, қыңыр іске жол беріп отырмыз.

ӨРШІЛ ХАЛЫҚ РУХЫ

Иә кешегі үлкендер айтушы еді...

Отыз жетінің қасап-қырғыны басталмай тұрған шақ. Қара бұлт үйіріліп тұр, соның екпіні кей аза-

маттарды іліп әкетіп, жұртқа үрей кіре бастаған. Аудандағы «тазарту» жиналысына жоғарыдан өкіл келген. Аш қасқырдай жалаңдаған белсенділер кешегі өздерінің басшысы, осы ауданда компартияның алғаш ячейкасын құрған Тұңғышбекке тап берген. Жазасы мол. Осы көкжалды енді жеу керек. Жаудың сөзін сөйлепті. Мағжан ақынның «Батыр Баян» дастанын білетін көрінеді. Соны әне бір жерде айтыпты.

Тұңғышбек Дәлмағанбетұлы ақталуға ауыз аштырмайды. Көк езуленіп алған белсенділер бірінен соң бірі атып тұрып арсылдап бір аяғынан шалып, екінші жеңіне жармасып, тағы бірі кеңірдегінен алып, жығып салудың бар әрекетін жасап жатыр.

— Сен де ақынсың ғой?

— Ептеп өлең жазатыным рас.

— Мағжанның...

— Мағжан дегенді естіп-көрмеген адаммын, — деп жан сауғалайды Тұңғышбек.

— Қара мұны... Жалтаруын қарашы.

Сөз кезегі жоғарыдан келген өкілге тиген. Сазарып, сабыр сақтап, өршеленген белсенділерге үнсіз тесіле қарап отырған. Мына бір азамат босқа итжеккенге кетіп қалмаса игі еді.

— Кәне, айтшы, айтып жүрген өлеңін не өзі?

— Екі-үш шумақ қана. Дала туралы, ескен самал жөнінде, оның қай ақындікі екенін білген емеспін. Осы біздің елде ақын көп, соның бірінікі шығар деп ойлағам.

— Ал, Мағжан...

— Төрағасы, ондай ақын барын тіпті естіген емеспін.

Сілтідей тынған тыныштық орнады. Қазір Тұңғышбектің тағдыры шешіледі. Жанашырлар күйініп, жандайшаптар жалаңдап отыр. Құлаққа ұрған тыныштықты: «Ойбой!» деген үн бұзды. Жұмаділ екі бүйірін таянып алыпты. Зарлап, теңселіп әрі-бері жүре бастады.

— Ойбой! Халқым-ау, қырылдық қой, қырылдық. Ойбай-ау, Мағжанның жау екенін кім білген! Ойбой, құрыдық-ау, құрыдық!

Жұрт аң-таң. Әке-шешесіз қалып, жетімнен өскен, жалшылықта жетілген осы заманның нақ азаматы.

Жалтақтығы жоқ ештеңеден тайынбайды. Әлде обмес, әлде онан жоғарғы желком мүшелігіне өзін өзі ұсынып, онысы және өтіп, елдің бетін өзіне бұрғаны да бар еді. Енді мынау....

— Халқым-ау не болдық? Әлгі талдан садақ иін ойнаған балалар қалмақты қырамыз деп батыр Баян боп ойнап жүр. Әлгі, сендердің балаларың да соның ішінде, — деп белсенділерге тиісті.

— Енді не болдық? Бала біткен тегіс құритын болды ғой, ә?

Мұны естіген белсенділердің көзі бағжаң-бағжаң еткен. Бір пәленің енді басталғанын сезіп, мойындары жағаның ішіне кіріп кеткен. Сыбырласуға хал жоқ.

— Ойбай-ау, әлгі жер ошақтың алдында отырған күлді-көмеш қатындар да батыр Баянның елдің бірлігі үшін інісін өлтіргенін айтып, көздерін сығып отырады. Енді не қалды? Бала да, қатындар да жау боп шықты ғой. Әй, сәлем айтыңдар, бәрі көйлек-дамбалдарын әзірлесін, итжеккенге кетеді. Халқым-ау қырылдық қой, қырылдық!

Жоғарыдан келген өкілдің де (түбі алашордалық болар) күткені осы екен, Тұңғышбеке білмегендіктен екі шумақ өлең айтқаны үшін «строги выговор» беріп, жазадан құтқарыпты.

Баламын. Тұңғышбек менің әкеммен дос. Үйге Тұқаңмен бірге осы елдің белгілі азаматтары Нақыптың Алтыбайы, Омар, Изатбектер жиі келеді. Алтыбай Тұқаңды қағытады.

— Сен, әлгі Батыр Баянды айтсайшы, — деп.

— Алтеке, қойыңызшы. Осының өзін біреу естіп қалса пәлеге қаламыз.

— Сонда Жұмаділ болмаса не болар еді? — дейді Омар.

— Ер ғой, Жұмаділ. Қисынын сол жерде де тапты ғой, — дейді Изатбек.

Батыр Баянды Тұңғышбектің аузынан естуге құдай жазбапты. Есесіне... 1967 жылдың мамыр айы еді. Бортына шөп салған машинамен Қайрақты кеншіне келе жатырмыз. Он шақты адам ұйлығып отырмыз. Алдыңғы жақта бортқа арқасын сүйеген ақсақал әңгіме айтып отыр. Бір шамада Мағжанның өлеңдерін

жатқа айта бастады. Ептеп қағазымды суырып, теріс қарап отырып, өзім ғана танитындай етіп бір әріп, не бір буынмен Мағжанның:

Күн батысты қара түнек қаптаған,
Көгінде жоқ жалғыз жұлдыз батпаған.
Түнеріп жүр түннен туған перілер,
Табынуға жаңа тәңір таппаған, —

деген екі шумақ өлеңін жазып алдым. (Сол жазбам күні бүгін сақтаулы тұр) Бір кезде әңгімешіл ақсақал:

— Әй, шырағым, сен кімсің? Мені ерекше ықыласпен тыңдап отырсың ғой, — деген.

— Мен... Мен... — деп абыржып қалдым. Теріс қарап отырмын, мына ақсақал қалай байқап қалды деймін іштей.

— Мен Жүніс деген кісінің баласымын.

— Ей, шырағым, сен әлгі 58-бен айыпталған бала-сың ба? Келші, қолыңды берші маған. "Аман-есен оралды" деп еді.

Ақсақал ағылған сайын жан-жағыма жалтақтаймын. Біреу жеткізсе, мына ақсақалдың оңбасы анық. "Енді қайттім?" — деймін іштей. Талайдан опық жеген басым, өзім емес (эзер болса, жазғанымды жұтып қоямын) мына ақсақалға қауіп ойлағам.

— Менің есімім Ескей болады, Кәмел шырағым.

Кездескен сайын Ескей ақсақал кешегі ұлылардың бір сөзін айтып қалады. «Бұл жерде айтпаңыз, пәле болады», — деп шыр-пыр боламын. Оңашалап Ахаңның, Мағжанның өлеңін хатқа түсіріп алдым. Қойшы, бір жылы қолыма магнитофон да түсті-ау, әйтеуір. Ескеңнен «Батыр Баян» дастанын таспаға жазып алдым. Ескеңнің жырды орындау мәнері де ерекше. Арқа жыршыларының көне үлгісі. Адамды еріксіз баулап әкетеді. Ұлы даланың сәні де құлаққа келеді, зарын ести отырып өмірге деген сүйсіну құштарлық сезімі де бойыңды билейді. Мұның бәрін темір жәшікке салып, жерге көміп тығып ұстауға тура келді. Алғаш рет Амантай Сатаев пен Жеңіс Қашқыновқа естірттім. Кейін Сәкен Жүнісов, Мұхтар Мағауин, Қалихан, Ақселеулер тыңдай алды. Бір жолы Фариза

мен Сырбай Мәуленов те тыңдаған еді. Сырбай аға: «Мынаны тығып ұстауға қалай дәтің барды? Ұсталып қалсаң тағы істі боласың ғой», — деп қамыққан еді. (Бір өкініштісі, күні бүгін менен көшіріп алайын деген адамның жоқтығы).

«Коммунист колонизаторлар» (Мұхтар Әуезовтің анықтамасы) "қазақ халқын қорғайтын батыры, жауға қарсы қалқан болар ханы болған емес" деген қияли түсінікке елді сендіріп бақты. Сөйтіп жұрттың ділін тоздырды. Тап бүгінде әйелдердің өзіміздің салт-дәстүрімізден үркіп жүруі соның нәтижесі. "Қазақтың мал баққаннан басқа шаруа қолынан келмейдіге" сендірді. Қарсы пікір білдіргендердің көзі құртылды. ГПУ Шишов Шет ауданында 1931 жылдың мамырында 480 адамды қой қораға қамап ұстап отырғанын мақтана жазады. Сол жылдың сәуірінде Қосдоңғалда (Әбікен Хасенов ауылы) 27 адамды атқанына риза. Июль айында аудан орталығында 32 адамды тағы жайратып салған. Бестен, оннан атылғандарда есеп жоқ.

Сөйтіп, Жұмаділ ақсақал айтатын «Батыр Баянды» бала-шағаға дейін білетін елдің жады өшірілгендей болып, ел тұншықты. 1981 жылдың қысы еді. Үт — февраль айының соңына таман ақын Самат Мұсабекұлынан хат келді. Самат ағамен жүз таныстығымыз болмаса, араласымыз шамалы. Ізімізді аңдудан, үйдегі тінтулерден әбден запы болған шақ. Іле өзі тағы телефон соқты. Совхоздың орталығына келіп телефондап тұр екен. "Кел-сең зерттеп жүрген Қыздарбек, Әбди, Сембектің күйлері менде бар. Оның үстіне, Диа қажы, Бабас, Түсетай ақындардың де бірәз өлеңі бар", — деп айта келіп, батыр Сары Баянның мүрдесі жатқан жерді көрсететінін тілге тиек еткен. Қар кете баратыныма уәде де еттім.

Кездесуге жазбапты. Қар кете, сәуір айы туа ауданды басқарған бірінші хатшының қаһарына ұшырап, «халық жауы» ретінде өзім түгілі, әйелім де жұмыстан қуылатын боп қалдық. Жазушылар одағының съезіне Қалихан Ысқақов шақырту жіберіп, дауылдың бетіне тосқауыл қойып, Алматыға жөнелгемін. Қайта оралып, газет бетін ашып отырсам, Самат Мұсабекұлының өмірден озғаны туралы қаралы хабар жүр.

Бір жіп үзілгендей боп жүрдік. Батыр Баянның мүрдесі осы Шет ауданы жерінде екенін білсек те, тап басып қорсетер жан болмаған соң, «мен білемін» деп айта алмадық. Кенет «Орталық Қазақстан» газетінің бетіне "Баян батырдың мәңгілік орны Қарқаралы төңірегінде болу керек" деген болжау шықты. ГПУ-де, «Коммунист колонизаторларда» халықтың жауын қанша тұншықтырса да біржолата өшіре алмаған екен. Іле бұрынғы «Путь Ильичада» тұратын Ардақ деген азамат 2003 жылы Көптілеу деген ақсақалдың батыр Баянның жанына ерген сарбаздарымен жатқан жерін көрсеткенін айтып, нақтылап берді. Бұл жағдайды, Самат ақынның баласы Баянды да Серік Қамбарұлы да біледі екен.

Өршіл рухты қызыл империя өшіре алмапты. Отыз екінің аштығында 48311 қазақтан 5021 адам ғана тірі қалған Шет ауданының халқы сыбырлап болса да тарихи мұраны бір-біріне жеткізе білген.

Бұл ел — Қазақ-Қалмақ ұрысында Абылай ханға Жидебай, Байғозы, Жарылғап, Сазанбай, Итқара сияқты батырларды серік етіп шығарған ел. Бұл ел — Тұрсынбек Кәкішов айтқандай, XIX ғасырда орыстың зұлым саясатын жеріне жеткізе әшкерлеген Шортанбай жыраудың, оның ізбасарлары Диа қажы, Нармамбет, Оқа, Қақпан, Түсетай, Маясар ақындардың елі. Бұл ел — өнердің ордасы. Шертпе күйдің шаңырағын аспандата білген Қыздарбек күйші мен оның 1931 жылы оққа байланған шәкірттері Әбди, Сембек, Мақаш, Кенжеғара, Ақмолда, Кәрібек сынды өнер иелерінің елі. Бұл ел — өршіл рух қанына сіңген ел.

Өршіл рухты ел 1771 жылы Қалмақ қырғанда болған соңғы шайқастан кейін қашқан қалмақтың соңына түсіп, жау улап кеткен бұлақтан су ішіп, қаза болған батыр Баян, Итқара батырлардың мәңгілік орнын жадына сақтап, келер ұрпаққа айғақтап бере алды.

Батыр Баян ұрпақтары қазақтың батыр ұлына зәулім ескерткіш орнатып, ел үшін қаза болған бабалардың есімі мәңгі ел есінде болатынына тарихты куәландыруда.

Өршіл рухты ел өткен ғасырдың 60-жылы қызыл

империяның шовинистік саясатына қарсы шыққан жасырын «ЕСЕП» партиясының ұлдарын да тұрғызған еді.

ЖЕРДІ САТПАҚ ТҮГІЛІ, ҰЗАҚ ЖЫЛҒА ЖАЛҒА БЕРУДІҢ ӨЗІ КҮШІРЛІК

(Мақала «Егеменді Қазқастан» газетінің 11 қаңтар, 2000 жылғы санында жарық көрген)

"Қара жер Құдайдікі" деуші еді, енді оған да таласатын кәпке ұшыраған екенбіз. Мал өзімдікі деген қазақ «жан мен жерді» жаратушынікі деп ғасырлар бойы түсінген екен. Көкті *ата* десе, жерді *ана* деп білді. Сол "жерді, өзінің туып-өскен анасын сатты" деген сұмдыққа бет алыппыз. Анамызды өлген өгіздің терісіндей қидалап, талапайға салғаннан көсегеміз көгере қояр дегенге сену— қазақ үшін бүгінгі таңда екіталай шаруа.

Кең даланың қазағы жерді қадірлей білген. Кешегі Нұрлан Жомарттың әкесі Байсейіт Ақшатаудың төңірегін шұқып, кен іздеген орысқа: "Іздегенің мынау ғой, жерімді бүлдірме, жерімді бүлдіргенің — елімді бүлдіргенің" деп қой басындай алтынмен көмейін бітеп, қайтарып жіберіпті" деген аңыз бізге жеткен. Бүгінгі ағаш атқа мінген оқығандарымыздың, табан астынан байып, аузы қисайғандардың ең болмаса сол Жер-ана туралы түсінігі даланың сол қазағындай болмағаны өкінішті.

Мәселенің үлкені — осы біз болашақта ұлттық кейіпімізді сақтаған ел боламыз ба, әлде әйтеуір қазақ атын жамылған бар ерекшелігімізден айырылған тобыр боп кетемізге сайып отыр. Жерді сату дегенді көтеріп жүргендер осы екінші жағдайға қарай аяқ басуымызға еріксіз апарып тықпалайды. Халықты қойша айдап апарып қара суға тоғытудан алған берекеміз 30-жылдардың мысалынан көрінгендей еді, бірақ онан сабақ алып жатқан тағы біз жоқ. Өйткені жер сатуды көтеріп жүргендер — қаланың

асфальтынан басқа қара жерді табаны мен басып көрмегендер, қалың қазақтың арсына той-томалақта тойып қайту үшін барып жүргендер. Елдің дәстүрі не? Аңсаулы арманы қайсы? Ол туралы өздерінше шатысқан пікір қалыптастырып, соның шырғалаңынан шыға алмағандар.

Тап бүгінгі күнде ебін тапқансыған алыпсатарға жем болған ауыл тұрғындарының жаны қиналған жай-күйін сол алпауыттар біле ме екен? Нарық осы екен деп талапайға салып жіберген елдің тап бүгін шығарға жаны ғана қалды. "Монополияға қарсы күрес" деген бос сөзден тапқан олжамыз— мемлекет меншігіндегі зауыт, фабрикаларды біржола құртып, халық өз бағасына алар бұйым таппайтын етіп, алыпсатарлар заттың құнын 10 есе артық бағаға жеткізіп, еңбеккердің сорын қайнатып, сөлін сору боп шықты.

Қойын кроликтің құнына өткізе алмаған ауыл бір кесек сабынға айырбастап, жетісіп қалды. Сол қойдың майынан қазақ бұрын бір жылға жетерлік сабын қайнатып алатын еді. Енді сол қойдың жеткен жері — бірер кило қант екен. Жұрттың бәрі алдамшы болғанда, елдің көбі алыпсатарлыққа кеткенде, мынау Қазақстан деген елдің экономикасын кім көтереді? Бір қалпақты он кісі он рет айналдырып сатқанға мәз болуымыз — баланың ойыншыққа алданғаны тәрізді іс. Тер төкпей өнім жоқ, өнімсіз экономика түзелу деген елекке су құйғандай емес пе?

Қала базарында қазір қызыл ет көп. Еттің көптігіне қалалықтар да риза. Бірақ, "Осы ет қандай? Қалай келіп жатыр?" деп ойланатыны аз. Ауылдан қаланың базарын толтырып жатқан ет кейбіреуге сарқылмас бұлақтың көзіндей көрініп жүр. Ауылға сейілдеп қана келіп-кетушілер ауыл тұрғынын шылқыған байлықтың үстінде отырғандар деп те есептейді. Бала-шағасына көйлек-көншек, оқуына баруға аяқкиім таппай, өзінің керзі теттікке қолы жетпей бірер қарасын пышаққа жығып жатқанына бүгін оларды да сендіру керек. Оның үстіне, күнделікті керек нан, қант- шайын қайда қоярсың. Бүйте берсе, ауылды бұлай тонай берсек, енді бір-екі жылда ауылда дақан базарға апарар мал қалмайтыны анық. Оның соңы қала тұрғындарына да

үлкен ауыртпалық әкелетіні сөзсіз. Бүгінгі көп ет ертең азаяды, түбі тісімізді сорып қалмас па екенбіз?

Ауыл тұрғынының қиналған халінен де пайда тауып қалуды ойлап жосылып жүргендер жеткілікті. Совет үкіметінің алпыс жылында өкшеңді көтерсең төбең тиетін аласа үйлерде тұрып, шағын екі бөлмесін екі арба тезекпен қыс бойы жылытатын қазақ соңғы он жылда даңғарадай- даңғарадай үй салып, жетісіп қалып еді. Енді ол үйді жылытуға 8 не 10 тонна көмір керек боп жаны қиналуда. Тастап кетуге басқа баспанасы жоқ, «мәдениетті» үйіне күніне шалашарпы от жағып, «шық па, жаным, шықпаға» көшкен. Дірдектеген бала-шағасының бойын жылыту үшін екі сиырының бірін әлгі бір мәшине көмірге биыл берсе, келер жылы не күн көрмек? Бұған басы ауырып жүрген «жоғары эшалонды» әзірге көрмедік.

Франсуздарда «дана провинцияда туып, Парижде өледі» деген мәтел бар. Сірә, дана болу үшін де қара жердің иісін сезіп өсу керек шығар. Біздің қалада туып, орысша оқығандардың елін де, жерін де танымай жатқанын, бір құлқын үшін жерін сатып, тілін лайлап, ұлттық намысын таптап жіберуге дейін барып отырғанын көріп отырмыз. Үмітіміз әлі қазақылық қаймағы бұзылмаған ауылда екен. Сол ауылды таратып, жекешелеп сай-сайға тығып та жатқандаймыз. Ел аман, жұрт тынышта баласына екі қойған мұғалімге: «Әй, балам оқымай ақ қойсын, оқымаса да менің екі дорба ақшам бар, сол жетеді», — дегенін естіген едік. Баласын оқытудан гөрі бес ешкісін "көш-көштегенді" артық көргенді қолпаштап надандыққа белшемізден батпас па екенбіз? Қара танымайтын наданға ұлтың не, тәуелсіздігің не? Ол оны көксей қояр ма екен?

Бүгінде есті азамат Жер-ананы сатуды емес, қайта сол "Туған жерге қалай ие боламыз?" деген сөз көтерсе болар еді. Қазақтың өз еркі өзінде болған заманда үдере көшіп, Қызылжар өтіп, Омбыңызды жайлап қайтады екен. Американың үндісіне еуропалықтардың жасағанынан үлгі алған орыс патшасы құрсау шептерін құрып, қазақ өрісін жыл санап тарылтып, ақыры жайлау көшін Ақмоладан әрі өткізбей тастағаны белгілі. Тың игереміз деп далақтап

жүргенде, қазаққа қазақ жерінен тиген үлес шөл мен шөлейт болып шыға келген. Сөйтіп қазақ резервацияға тап болды. Тыңға қарсы шыққандардың тағдыры не болғаны және белгілі.

Экологиясы әбден бұзылған қазақ жерін қуаншылық басып келеді. Бір кезде бір облыстың малын азық болған Ақ далада бүгін тіс шұқитын шөп табу қиын. Шет ауданының атақты Бас ши, Аяқ шиінің аты ғана қалған, тусыраған Ақтоғай ауданының далаларын шаң борайды. Мұндай кәп Жамбыл, Шымкент облысының Арқаға жақын аудандарының да басына дозақ боп орнаған. Сөйтіп, Арқаның бөзі бірте-бірте шөлге айналып бара жатқаны жасырын емес. Көптеген кешегі қайнар бұлақтардың орнында қазір шалшық та жоқ.

Шөл мен шөл басқан, шөл қатері төнген облыстардың, аудандардың халқы мен малын сақтау деген енді бірінші кезектегі мәселе болуға тиіс.

Адамбай – Тұрсынның 18 мың жылқысы жатқан Қарабұлақ жерінде бұдан 100 жылқыны да ұстап тұра алмас халге барарымыз анық. Қазақты да тағдыр ерні кезеріп, шаң жұтып мәңгі жүре беруге жазбаған шығар. Ендеше бұл аймақтың халқы тез арада өзінің ата қонысы, еркін жайлауы болған солтүстік жақтағы шұрайлы жеріне тезірек көшірілуі керек. Тап бүгін Жер-ананы сатсақ, біз бұл мүмкіндіктен біржола айырыламыз, өз тамырымызға өзіміз балта шабамыз.

Міне, осы тұрғыдан келгенде, жерді ұзақ мерзімге біреуге беру, тіпті оны соның үрім-бұтағына иленуге қалдыру мәселесі де қателік. 90-жылға өзі ие боп, онан соң үрім-бұтағы отыратын шұрайлы жерге бүгінгі терістіктегі қоныс тепкен келімсек бөтен жұрт мұндайда шөлде аңқасы кепкен қазақты қоңсы қондыра ма? Ұлт тағдырын ойласақ, осы себептен жерді (қысқа) 10 жылдан аспас мерзімге ғана беру керек. Жерді сату емес, оны уақытша пайдалану құқысын ғана сату қажет.

Ұланғайыр шығыс елдерінің бәрінде жер мемлекеттік меншік болып қалып отыр. Миллиард жарымға жетіп қалған Қытай жерін жекеменшікке бермей-ақ, жердің 10,6 пайызын ғана егістікке пайдаланып халық асырып отыр.

Бүгінгі тығырықтан шығу жолы тек жерді жеке-меншікке сатуда ғана емес, дұрыс экономикалық саясат жүргізуде екені ел көңіліне ұялады.

Кәмел Жүністегі

Қазақ жерін қазақтан тартып алуды жоспарлаған үш кезең бар.

I — Столыпин реакциясы. — Қарсы шыққандар Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов.

II — Голощекин жарты миллион орысты әкеліп, әр қазақтың үйіне екі орысты қоңсы қондыруды жоспарлаған патша саясатын әрі қарай жүзеге асыруды ойлайды. — Қарсы шыққандар Әлихан Бөкейханов, Смағұл Садуақасов.

III — Хрушев, Тың өлкесі. Сол арқылы қазақ жерін бөлшектеу. — Қарсы шыққан «Есеп» партиясы, Ж.Тәшенов.

БІЛІМСІЗ САНАДАН АДАСҚАН ОЙ, ОНАН ШАЛАҒАЙ СӨЗ ТУАДЫ

Камал Абдрахмановтың ғаламтордағы жазбасын оқыған Алимхан Атиханов: "Осы жазғаныңа ұялмайсың ба?" — деген екен.

Жүрегінде иманы бар адам бүйтіп бір ру тайпаны ерекше мақтап, басқаларын жамандамаса керек еді. Иә, тарихта ірі найман бірлестігінің болғанын сенен де басқа ел біледі және оған қуанбаса ренжімейді. Көшпелі елдің бір бұтағы осындай ірі бірлестік құрып, сыртқы жауға айбар таныта білген екен деп, қуанады. Жазғышым, сенікі не найманды атай отырып, арғы жағы гунға тірелер, арғынды, ержүрек қыпшақ, алышынды, адайды, шаңырақ көтере білген үйсінді қоса атап кетіп отырсаң, қаламың майысып қала ма? Әлде олар бүгінгі қазаққа жатпай ма, жатқызғын келмей ме? Қазақтың әр ру-тайпасы сен сияқты лепіре берсе, арты неге апарарын ойлап көрдің бе? Мына жазбаңды ел бірлігінің арасына сына қағу дегеннен басқа айтар

сөз жоқ. Бүгінгі қазақ баласын бірінен-бірін асырып, не сен жазғандай жамандап, дай-дай ету кімге қажет? Іште — қазақ баласын аңдыған дұшпан, сыртта — көз алартқан жау бар дегені не деген сәуегейлік.

Қазақ халқын тағы да "ақсүйек", "қарасүйек" деп біраз қидалаған екенсің. Елдің бірлігіне ие болған төре дініне ие болған қожа ұрпағын елдің өзі ардақтап, ақсүйек атап кеткен. Қазақ бірін-бірі құрметтей, сыйлай білген. Бұл — сол сыйластықтың көрінісі. Қазақтың сол сыйластық, бірлігін бұзу үшін, қазақты құрту үшін «колонизатор коммунистер» (М. Әуезов анықтамасы) әуелі осы екі әулетті құртуды қолға алған. Ол патша заманынан бері жалғасып келе жатқан іріту саясаты.

"Қожа мен төрені Қойдай қу қамшымен", — деп ұрандатқан біздің жақтың соқыр жыныдысүрейлері. Совет кезіндегі мектептерде де осы идеология басым болды. Сол сүрейлі идеологияда саған әбден сіңіп қалғандай екен. Арылатын уақыт жетпеді ме? Ауыз өзімдікі екен деп, ит те үре бермейді, досын сыйлайды.

Шыңғысханнан тараған төрелер қазақтың алып империясы Алтын Орданы құрды. Қазақ сол ұлы мемлекетті сақтау үшін, тақ үшін рулар арасында талас болмас үшін билікті төрелерге ғана берді. Төренің болуы — қазақта өзінідік биліктің болуының көрінісі. Соны құрту үшін 1824 жылы орыс патшасы хан билігін жойды. Соған қуануға бола ма? Бүгінгі қазақ мемлекеті сол Алтын Орданың жалғасы. Бұл бір тайпаның, рудың емес — исі қазақ баласының шаңырағы. Осыған қуану керек.

Қазақ елінің арасына мұсылман дінінің таралуы туралы Н. Назарбаевтың: «Ислам діні қазақ арасына софылық жолмен тараған» дегені бұлтартпас шындық. Ислам дінін тарату миссиясын мойнына алған қожа ұрпақтары көшпелі елдің көшімен бірге ілесіп, жауымен бірге соғысып, өмірдің бар тауқыметін бөлісе көріп, оңтүстіктен сонау Омбы, Томбы, Құлындының даласына дейін ізгілікті дінді таратқан. Алтын Орданың әлсірей бастаған тұсында (мәңгілік ештеңе жоқ, Рим империясы да құлаған.) орыстар Сібір жеріне өзімен бірге христиан дінін үгіттер поптарды топ-тобымен ала келген. Көшім хан соларды құрту үшін арнаулы

жасақ құрған. Сол жасақ поптарды шетінен қырғынға ұшыратып, ақыры содан қорыққан поп атаулы Сібірге барудан бас тартқан. Көшім жеңіліске ұшыраған соң, қанішер Ермак және соған сатылғандар моллаларды қырған. Осыны сен қуана жазыпсың. Бізді елде ауданды басқарған І хатшының баласы (әкесі — қазақ, шешесі — орыс): "Біздің үй — бір күн мұсылман, бір күн — кәпір", — деген еді. "Бір күн қой етін, бір күн шошқаны жейміз", — деген. Осы сен қай жағындасың?

Шамаң жеткенше Ұлы Пайғамбарға да тиіскен екенсің. "Ұрпағы жоқ оның" депсің. Мұхаммед (с.ғ.у.) жалғыз қызы Фатимадан туған Хасен, Құсайын ұрпақтарын Саид деп атаған. Осыны білген жөн. Ұлы Пайғамбар: «Хасен, Құсайын — менің ұрпағым. Ұрпағым осылардан тарайды» деп айтып кеткен. Мұхаммед (с.ғ.у.) "өзіңді артық санасаң, тағы өзің біл, ауыз сенікі. Қазаққа "жақсыда жаттық жоқ" деген ғажайып уәж бар. Атақты батырға, шешен-биге, сал-серіге алыстығы бір-екі атадан қосылатын ұрпақ сол атақты адамға тікелей бармаса да, «біз сол кісінің ұрпағымыз» деп мақтанады. Ең болмаса осыны білген жөн.

Ұлы Пайғамбар (с.ғ.у.): «Мен үшін менің ұрпағымды сыйлаңдар» деп мұсылман үмбеттеріне (сен де мұсылман шығарсың) айтып кеткен. Әр руда, әр ауылда қожа баласын сыйлап, пір тұтып, өмірлік ұстазы деп санау — сонау көне заманнан келе жатқан үлгі. Ол бірліктің, сыйластықтың көрінісі.

Саид Бурханиддин Қылышты баба туралы жазғандарың да ізденбейтіндігіңнің, тіпті, шала сауаттылығыңның айғағы. Қылышты баба туралы сонау өз заманында имам ан-Насифи жазған «Қандия», «Жамсул — мақамат» сияқты көне жазба кітаптар барлығын алға тартуға болады. Сондай-ақ, Зофарнама, Шарафнамай — Шахи, Жадатул — Ашиқин, Тухфатул — Захирин, Равайқул — Құддыс, Рисалай — Тарихи — Дехбеди, Тарихи Хумули, Зубдатул — Хақайк, Тазқирай Мутруби т.б. толып жатқан жазбаларда мол мәліметтер бар. Осының бірде-бірін естімей, не ашып көрмей Саид Бурханиддин туралы ойына келгенін жаза салу К. Абдрахманов сияқты «білгіш оқымыстының» қиялиланып кеткен қиялынан ғана туатын шығар.

Міне, осы кітаптарда Саид Бурханиддиннің әкесі Саид Камалиддиннің Ферғана әмірі сұлтан Илік Мағзымның жалғыз қызына үйленгені туралы айтылады. Сұлтан Илік Мағзым қайтыс болған соң, сұлтандық таққа Саид Бурханиддин отырған. Осы жерде біз кітапты қайта көшіріп әуре болмайық. Қысқаша түйіндесек, Саид Бурханиддин діни оқуға, дін жолына ерекше түскен тұлға. Ол қазақтың иен даласына мұсылман дінін өркендете түсу үшін сұлтандығын өз еркімен тастап, Өзкентке келіп орналасқан. Қылышты Баба К.Абдрахманов жазғандай, күнін көре алмай жүрген адам емес (біздің жазғыш тағы қиялданып кеткен ғой), өзінікі өзіне жететін, мұсылман дінін өрістеткен, сол маңның билік иелері сөзіне ұйыған, дін билігі қолында болған адам. Ал, ол кезде дін билігін қай сұлтан болмасын мойындап, иесіне бағынған.

Саид Бурханиддин бабамыздың Қылышты атануы да бірнеше уақиғаға байланысты. Бәрін жазып, соза бермей, біреуіне ғана тоқталайық. Ол кісі: «Темір қылышпен әркім соғыса алады», — деп қолына ағаш қылыш ұстаған. Бұл әрине, мұсылман дінін қан төкпей бейбіт ислами жолмен таратудың үлгісі. (Тап қазіргілерге де сабақ).

Саид Бурханиддин баба Төлек атаға туған қызын берген. Біз осы жерде біздің «жазғыш» сияқы жүз құбылтып, неше қилы ойдан шығарылған ертекті қоспай-ақ қоялық. Бір ғана шындық — Төлек атаның бойында қасиет барын таныған Қылышты бабанын оған қызын бергені. Төлек ол кезде датқа ма, қойшы ма, ол арасының айырмасы жоқ. (бірақ ол ел билеген сұлтан, датқа т.б. болды деу үшін ойдан құрастырудың қажеті жоқ. Ол үшін жазба дерек керек. Әйтпесе, бәрі шіп-шикі өтірік болады.). Мәселе Саид Бурханиддин бабаның оны аса құрметтеп: «Әуелі Төлекке кіріп сәлем беріңдер, сонан соң маған келіп, дұға оқыңдар», — деп өсиет айтып кетуінде.

Саид Бурханиддин де, оның бұрынғы қазіргі ұрпақтары да, Төлек атаны сыйлап, құрметтеп ешкім білмейтін моласын сақтап, жөндеп, бүгінгі заманға алып келді. Сол ұрпаққа К. Абдрахмановтың соншама күйе жағып, шүйлігетіндей не жазығы бары түсініксіз.

Осындайда В. Лениннің «крещенный татарин хуже чем русский держиморда» дегені еске түседі.

Жазғышымыз Жалаңтөс батыр туралы да айта келіп, «қожа қыз берді, бермеді» деген талай қауест әңгімеге жол беріпті. Осындай өтіріктің қандай қажеті барлығын түсінбедік. Жалаңтөс батыр мұсылман жолын қатты ұстаған адам. Ол осы мұсылман діні үшін Самарқандта, Регистанда екі бірдей мешіт-медресе салдырған. Ол осы Саид Бурханиддің ұрпағы Қожа Хашимді пір тұтқан. Хусаин Бұлқари өзінің «Равай – құл құддыс» деген кітабында Самарқанд билеушісі Жалаңтөс бахадүр пірі Қожа Хашим қайтыс болуына байланысты елде қаралы күн жариялағанын жазады. Ал, біздің жазғыш К. Абдрахмановтың Саид қожалармен Жалаңтөсті айтыстырып, шабыстырып қоюына не жосық?

Әмірші болудан гөрі діни ғимараттар салып, дінді таза ұстаған Жалаңтөс батыр 1656 жылы дүниеден өтті. Ол өз өсиетінде өзін өзінің пірінің аяқ жағына қоюды тапсырған. Соған байланысты ол Дахбеттегі пірі Қожа Хашимнің бейітіне қойылған. Беталды елді адастырмай, жұртты жауластырмай, осындай тарихи шындыққа мойын бұрған дұрыс шығар.

Иә, қожалар көне заманнан қазақ елінің тұтастығы үшін, елдің бас бостандығы үшін жаумен арпаласып бақты. Соның бір ғана мысалын айта кетейік. XIV ғасырда Рим папасы Клемент Алтын Ордаға қарсы «жаңа крест» жорығын жариялаған. Соның бір шешуші тұсы 1399 жылы болды. Поляк королі бас болған армия, немістің тевтон орденінің темір киген сыңсыған рыцарьлары, Литваның қалың қолы, орыстың Мәскеу бастаған бар князьдіктерінің қалың әскері тосыннан Алтын Орда жеріне басып кірген. Алтын Орданың әлсіреген кезі. 20 жылда 20 хан бірін-бірі опат еткен. Абыржыған Кутлук хан Едігеге хабар жіберген. Бағынғансып, елмен кеңескенсіп, жауды алдарқата тұруды тапсырған Едігеде жан-жаққа хабаршы жіберіп, күндіз-түні бірдей шапқылап жетіп, король Витовтке: «Мен келдім, сен енді маған бағын, ақшаңды менің атымнан шығар, туыңа біздің таңбамызды бас», – деген. Борсықты өзенінде тіресті.

Жау атылатын мылтықтармен, пушкамен қаруланған, саны да басым. Едіге бастаған қазақ жігіттерінің қолында — баяғы садақ, қылыш, шоқпар. Қаруы басым осы қырғында әскери таланты ерекше Едіге дұшпанды қиратып салды, король Витовт аз ғана адаммен зорға қашып құтылған. (Архивті ақтар, не менің «Едіге» романымды оқы.)

Едіге кім? Ол — арғы тегі Әбубәкір Сыддықтан тараған Баба Түкті Шашты Әзіздің ұрпағы, қожа. Бұл туралы қазақ тарихшысы Қадырғали Жалайири өзінің кітабында жеткілікті түрде жазып кеткен. Басын қатерге тігіп, Абайды сақтап қалған әлем таныған М. Әузов, отыз екінің қырғынында «Бесудің хатын» ұйымдастырған Ғабит Мүсірепов, Қалтай Мұхамеджанов, Асқар Сүлейменов т.б. толып жатқан өнер адамдары, ғалымдар осы әулеттен шыққан. Кеше ғана арадан кеткен «Хан батыр Қабанбай» кітабында Қабанбайдың ұрпағымыз, қожамыз деп жазып кеткен Зейнолла Сәніктің аруағынан ұялсайшы!

Өткен уақыттың 60-жылдары Тәуелсіздік үшін жасырын құрылған «ЕСЕП» партиясының басында болған біз едік. КГБ-нің түрмесінде тепкілеп қабырғамызды сындырды. Петропавлдың түрмесінде «ажал камерасында» тұншықтырды, Челябинің түрмесінде пышақтады, Карцерде иығымды сындырды, лагерьдегі азапты айтып тауыспайық, елге оралған соң менің «өз еркімен Ресейге қосылатын қазақ қатын емес» деп соған арналған жиналыста бармағаннан кейін қайтпасымды біліп, балаларымды дәрілеп, талдырып тастап, үйді тінтті. Мен де — қожамын. Мен — қазақпын. Орыс Солженицынды шетелге апарып тастаған соң, «шетелге кетсең» деген емеурін маған да болған. "Мен — қазақпын. Менің сүйегім осы жерде қалады", — дегенмін.

Жазғышым! Мына жазбаңның ар жағында елді бір-біріне айдап салу жатқандай, не мүлде шала сауаттылық. Тұтас елдің бірлігіне сына қағушылар онсыз да жеткілікті. Алла берген тәуелсіздігіміздің еркіндігіне жөнімен семіріп, жөн сөз айтайық.

БІЗ ОСЫДАН ҚОРҚАМЫЗ

Мына опыр-топырға толы, аждаһадай ауызын ашқан жаһандану заманынан да сәл бұрын, қаншама ұлыс пен ұлт әлем картасынан сызылып, аты өшті. Ол халықтың ұлдарын да, қыздарын да бей-жайлық басып, ыржаңдап-ырбаңдап, өз ұлтының тағдырына немқұрайдылық танытып, ақыры құрдымға кетіп тынғанына сеніңіз. Қазына байлығы шектен асқан, жан-жағын жау торыған, ширек ғасырда ең болмаса тіліне ие бола алмаған, қара көк аспанға сыймай жерге түсіп, теледидардан ол үшін қажетті хабарларға орын бермей жыпырлаған әңгүдіктеу «жұлдыздарға» мәз болған біз "енді қайтеміз?" деп көңіл шіркін көптен дертті.

Иә, біздің де ұлттық намысымыз 80-ші жылдары өртенген өңірдің жаңбырдан кейінгі көгіндей қаулап өсіп келе жатқан. Қазақшадан мақрұм қалған қазақ қақалып-шашалып жүріп ұлтының тілін үйренген. Орысша оқып жүрген баласын мектебінен жұлып алып, қазақша оқытуға апарған-тын. Қазір соның бәрі тоқтап қалғандай көрініс. Автобус толы қазақтың қыз-келіншегі орысша шүлдірлесіп, кемпірдің немересіне: «О, мой хороший», — деп отырғанын көресің.

Иә, сол бір қаулап өсіп келе жатқан, ұзақ жылдар бойы қазақтың ұлттық партиясы «Жазушылар одағы» дайындаған ұлттық патриотизм «бәрің де бай болыңдар» деген жалған ұранның міз бақпас қара жартасына соғылып, қирамаса да қайырылып тоқтады. Бұрын адамның анықтамасы — адамдық қасиет еді, енді адамдық белгің ақша болды. Ақша— қаруың, ақша— беделің, ақшаң үшін сыйлысың. Сен ақымақ бола бер, ақшаң болса сенен дана адам жоқ. Ақша кімге жете береді, оны таппаған, аз тапқанның күні қараң. Шортанбай жыраудың:

— Мініп көрер күші жоқ,
Сауып ішер сүті жоқ.
Ақша деген мал шығып,
Жеткізе алмай онысын
Қалтыраумен жан шығар, —

дегенінің нақ үстінде теңселген халық.

Салтанат Қанатова деген қыз фейсбукте: «Көк-жалдың, көкбөрінің ұрпағымыз деп қашанғы өтірік мақтана бересіздер, онан да иттің баласымыз деп неге айтпайсыздар?» деп жазған екен. Оқыдым да, риза болдым. Осындай қыздың барлығына қуандым. Сол қыз бүгінгі біздің ұлттық рухымыздың соншама төмендігіне жаны қынжылып, бос мақтан, өтірік кеуде керген, бәрінен де озып асып кеттік деген жалған ұранға деген жан ауруын осылай білдірген екен.

Иә, біздің осыншама кенжелеуіміздің бір негізі «бәрің бай бол» деген жалған ұранмен қоса жүргізілген 90-шы жылдардағы мемлекеттің байлығын жаппай тонаумен жалғасып, кім не боларын білмей тыраштанған тұста «колонизатор коммунистердің» өкілі партия, совет басшыларының жігі сөгілмей отыруы еді. Олар ескі әдіспен ұлтын сүйген патриоттардың бетін қайтарып отырды. Жер-жерде "босқа тыраштанбаңдар, оларыңнан түк шықпайды" дегенді ашық айтты. Бұлардың дені ұлтым бар деп ойлап көрмегендер еді. Оларда ұлтсыздану шектен асқан-тын, көбі төлқұжатына ұлтын көрсетпеуге... дайын еді. Бізде өз ұлтына жирене қарайтын осындай номенклатураның адамдарын тәуелсіздік алғаннан кейін де билік басында ұстаттым ұзаққа созылып кетті. Солардың көбі кешегі КГБ деген жалмауыздың құлақ кесті құлдары. Өздерін тегіс зейнеткерлікке дейін құрметтеп ұстап, құрметті демалысқа шығарып салып жатырмыз. Қит етсе, тілге де, дінге де қарсы шығатын да — сол «құрметтілер». «Құрметтілердің» «игі» әсерімен тіліміз шұбар, дініміз ала-құла, өнер атаулымыз елпең-желпең. Фейсбуктегі Салтанат қарындасымды да ашындырған осы жағдай болар.

Елді асқынған жемқорлыққа салып жіберген де солар дер едім. Қолында билік тұрғанда, олар «приватизация» деген тонау заманында бәрін басып қалды. Жеген үстіне аждаһадай тәбеті ашылып, басқаға бас салды. Сонан бері тоймай келеді. Шаһарымыздағы оқу бөлімінің бастығы мен қызметкері істі боп қалды. Біреуі үш жыл алса, екіншісі пәленбай миллион (түсіңе кірсе, шошисың) төлейтін болды. Сол мекеменің бюджетінен пәленбай теңгені әкімдікке қарай апара

жатқан жерінен қаржы полициясы қолға түсірген. Кім кінәлі? Кімге апара жатты? Әкім мекемесін күзететін күзетшіге емес шығар. Бәрі белгісіз. Әйтеуір гу-гу сөз. Әйтеуір жемқорлық жолы. Әйтеуір біреу сотталады, біреу ізін жасырады.

Еркіндік ауылындағы бір азамат тендерге түссе де, бар құжаты дайын болса да, өзіне бұйырар жерді ала алмай жүр. Есесіне, сол күні төбесін де көрсетпеген, тендерге қатынаспаған, құжатын тапсырмаған басқа біреу жерге ие. Мәселені прокурор тексергенде, тендердің құжатын толтырушы келіншек өтірік жазғанын мойындаса да, сот «мықтының» сөзін сөйлейді. Мәселеге облыс әкімі кірісіп, дұрысына барындар десе де, қисайған іс әр қарай құлауы бар, түзелмейді. Қазақ көне заманнан бері елге бай емес, әділін айтар би керек, ел бірлігі биде деп түсінген. Біздегі ше? Ел енді қайда барады?

Сөзге тұрмайтындық, тайғанақтық, әкімнен сый күтіп жер-көкке сыйғызбай мақтау да сол өткен «қызыл империяның» мықтысы, бүгінде қазақтың ақсақалдығы бойына қонбай жүрген шалдардың үлесінде. Сол заманның парткомы әкім дайындатқан бір кішірек жиында «мен Шортанбай жырауға қарсымын» деп өзеуреді. Сол бейшара он шақты жыл бұрын өткен Шортекеңнің мерейтойына теледидардан «ұлы жырауға, бабамызға өткен де, қазіргі ұрпақ та мәңгі қарыздар» деп сайраған еді. (Сол таспа біздің қолда әлі сақтаулы тұр-ау)... Директор болған бір шал: «Маған ақын-жырау атаулының керегі жоқ» деп сілкінді. Надандық не дегізбейді. Мал маманы еді...

Осындай кері кеткендік дерт болып жабысып, іш-тарлыққа, «неге мен емес» деген қызғанышқа, көре-алмаушылыққа әкеліп соғатыны жасырын емес. Мына жұрт ата-ата боп айтысып, тартысып кете ме деп те кейде қам жейсің. Он жеті жасымда Ұлытауға Едіге батырды іздеп барғанымда сол елдің қариясы: «Е, Қарағанды жақтан екенсің ғой. Арғын аға баласы, күнде келіп осы үйден ас-су, қымыз ішіп тұр», – деген еді. Бір күн бармай қалсам, ұрсатын. Қазақ бауырмал еді-ау. Сол бауырмалдық қанымызға сіңді. Сонау бір ауыр жылдары саяси лагерьде Махмет Құлмағанбетұлымен тағдыр кездестірді. «Сен кімсің?

Руың кім?» — деп сұраған емеспіз. Күні бүгінге дейін қай атаның баласы екенін білмеймін. Қостанай жағынан еді. Қазір кейбіреулер «ол арғын ба, алшын ба» деп сұрағанда, айтар жауабым жоқ. Біздер: «Біз қазақтың баласымыз», — деп өзімізді әйгіліп күреске шықтық. "Қай жүзден, қай тайпадансың?" деп сұрау түсімізге де кірген жоқ. Біз «ЕСЕП» деген ұйым құрдық. Ал ол... Ол иен далада жаумен жалғыз өзі сайысқа шыққан қазақтың патриот батыры еді. Ол — менің туысым, ол — менің бауырым, ол — менің мәңгілік досым. Ол маған қақ сойылын көлденең ұстап иен даланы жалғыз өзі дүркіретіп шауып бара жатқандай елес береді. Иә, сонымен тағдыр қайта көрісуге жазбағанына көкірек қарсы айырылады.

«Тіл, тіл» деп зарлап тұрғанымыз да, рухымызды биіктете алмай сорлап тұрғанымыз да жер-жерде, облыс, онан қала берсе, жоғарғы жерде орысша оқығандардың билік тізгінін қолына ұстағандықтың салдары. Ауызекі сөзі әжептәуір, қазақша газет-журнал, кітап оқығанда дым түсінбейтінін өздері мойындайды. Біздің болашағымызға сенбейтіндер неге мемлекеттік жүйеде отыр? Осыған жауап іздеген біреу бар ма? Президент Н. Назарбаев: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген еді. Үкімет жиналыстарындағы министр атаулы — көзі жаудыраған өзіміздің қара көздеріміз. Ал, жиналыс орысша жүреді. Әлде, әлгі министрлер қазақ емес пе? Әлде, олар қазақты менсінбей ме? Қазақты менсінбейтін министр неге Қазақ елінің биік шаңырағында отыруға тиіс.

Осындайда атақты биші марқұм Мая Плисецкаяның интернет парақшасына «Қазақтың орысқа құлай берілгендігі, орысша акцентсіз сөйлеуге тырысып, маймылдай құбылуы — қандай жиренішті, қандай өкінішті опасыздық» деп жазғаны еске түседі.

Қазақ дүниеге келіп жатқан шақалақтың кіндігін кесер кіндікшешенің өзін таңдаған.

Кіндік шешенің мінез-құлқының оң болуына, жүріс-тұрысында артық-ауыс сөзге ұшырамаған адам болуына аса көңіл бөлген. Өйткені, баланы жерден алғаш көтеріп алған адамның қасиеттері сәбиге беріледі деп есептеген. Қазіргі ғылым да соны

мойындайды. Баланың өмірге қалыптасу кезеңі оның тағдырын шешеді. Қалыптасу кезеңінің шешуші тұсы — мектеп қабырғасы. Ұлтын сүйю, ұлтын мақтан ету, ұлттық рухтың бойына сіңуі ұлттық тілде оқуға байланысты. Қабырғасы қатпай жатып өзге тілде оқып-үйренген бала өз ұлтына жат болып өсетінін өмір дәлелдеп баққан. Сол себептен де әлемнің ең озық елі жапондар бала 12–13-ке келгенше шет тілін оқытпайды. Ал, біз бейшара қазақ баласына эксперименттен соң эксперимент жасап жатырмыз. Ағылшын тілі жаппай қазаққа керек пе? Керек адам өздері-ақ игеріп әкететінін неге ескермейміз. Біз орыс тілінің өзін мұғалім жоқтықтан тоғызыншы кластан бастап оқыдық. Бірінші, екінші тоқсанда білгеніміз орыс тілінде «корень», «окончание» дегендер болады екен. Жаңа жылдан бастап орысша кітап алып «коренін» тауып, орысша-қазақша сөздікпен аударып оқып, не керек бес-алты айдың ішінде орыс тілін толық игеріп алдым. Кейін «саяси сенімсіз» болған соң орыс мектебінде ғана істеп, соны басқаруға жетіп, орыс тілі мұғалімдерінің өзін тіл жөнінде шыжғырдық.

Қазір мектеп бағдарламасының ауырлығы сондай, ата-анасыз бала оны игеруден қалған. Біз баладан робот жасап жатырмыз. Жеті тілді білетін, қай есепті болсын роботша сарт-сұрт шешетін, бірақ өмірге икемі жоқ, тауға өз бетімен шыға алмайтын, жүріп келе жатып, бір жерге тастап кетсең адасып кететін, үйленуден қашатын, үйленсе бала таптыра алмайтын бала кімге керек? Біз қазақ даласын осындай бейшара мүгедек балалармен толтырмақпыз ба? Қазаққа ер жүректі, ақылы парасатты, сөзге шешен, балуан тұлғалы азамат керек емес пе?!

Ұлттың болашағы — от анасы Аана. Қыз — болашақ ана. Ұлттың тілін білмейтін, ұлт мәдениетін қадірлемейтін дініне жирене қарайтын анадан туып, соның ықпалымен өскен ұл мен қыз азғын ұрпақ десе болады. Жазғыштар әйел қауымына «нәзік» деген атау тауып алыпты, ата-бабаларымыз «осал, әлсіз» деуші еді. Тұтас ұлтты аздырғысы келетін дұшпан әуелі әйел қауымын бүлдіруден бастайды. Батыстың гендерлік саясат дегені — осыны пайдаланып 70 жыл

дінсіз қауымда тәрбиеленіп, өзі де үркейін деп тұрған қыз-келіншектің қолтығына су бүркіп, әйел қауымын ұят деген сезімнен айыру. Адамның адамдық қасиеті — ұятының болуы. Ұятты аттап кеткен адамның хайуаннан айырмасы не? Соның бір көрінісі шығар, осыдан бірер жыл бұрын Лондон көшелерін анадан жаңа туғандай тыр жаңалаш мыңдаған әйел, есуас еркек аралап шықты. Бұл Еуропаның «міне, біздегі демократия, гендерлік саясат» деп мақтанғаны шығар. Бірақ сол тыр жалаңаштың ішінде Англияның король отбасы мүшелері, министр, оқымысты, зиялы қауымның қыз-қырқыны неге жүрмеген? Осы сойқынды — хайуани жүрісті теледидарға түсіріп, әдейі Азия мен Африканың мұсылман елдеріне көрсетті. "Неге?" деген сұраққа өзіңіз жауап іздеп көріңіз. Әйтеуір, біздің елде бұл сорақы іс көрсетілмеді. Өйтсе, теледидарда қиқандап, ашық-шашық көрінуге жақын біздің «жұлдыздар» қарсы шыға қояр ма екен? Дегенмен де, түнгі лыпасымен теледидарға шыға келетін әнші-сымақтардан жұрт шошып-ақ қалады. Осыны көрген бір кейуана кемпірдің: «Бісмiлла, не пәле?» — деп немересінің бетіне алақанын тосқанын көрдік. Бізде "Осы қалай?" дейтін билік өкілі бар ма өзі? Ел азбасын, жұрт тозбасын дейтін үкіметтік комиссия деген қайда?

Қазақ халқы мына жаһандану заманында алға басын десек, қыз-келіншектерді ата-бабаның, дін ислам түзу жолына түсіруді қадағалайтын заң қабылдау керектігі— уақыт талабы. Бізде отбасын құрғандардың ажырасуы етек алып кетті. Соңғы деректер 30 пайыздан асты дейді. Бұл көрсеткіш мұсылман елдерінде 1 не 2 пайыздан асқан емес. Қаптаған ажырасуды тыю үшін әйелдің балаға ие болу құқын да шектеу қажет. Күйеуінің анық әйел шыдамастай қателігі болмаса, қазақ жолымен баланы әкесінде қалдыру қажет. Әйтпесе, бір-екі бала тауып алып, соған алимент алып, «қыдырыстап» жүруді мақсат тұтқан әйелдердің жөнсіз отбасын бұзуы мұнан әрі де өрістей береді.

Мәселе, тәрбиеге тірелгендіктен, себепсіз айырылысқан әйелдерді бала тәрбиелейтін орындарға, жасөспірім қыздар өсіп келе жатқан оқу орындарына,

мектепке жұмысқа алу да ерекше зерттеуді қажет етеді. Отбасы, адамдық қасиет бұзылудың шегіне жеткен батыстың үлгісі, бізде ата-енені, күйеуін сыйламау әйелдердің кейпін бүтіндей өзгертіп бара жатыр. Ерінің жай ғана бірер ескертуіне шошына тулап, төркініне телефон соғып, тұра жөнелетіндер жеткілікті. Сол телефонның соңынан біздің елде ағасы не апасы келіп, келінді қайта алып кетіп, қайта алып келіп жатқан да жай бар. Сол келіншекті төртінші рет алып кеткен соң, ері енді үйіне жолатпай отыр. Жыл өтті, енді келіншектің ағасы «алып кет» деп зар қағуда. Міне, гендерліктің ауылда салған лаңы. Не обал, не сауап?

Қала мешітінің имамымен имани тәрбие жөнінде біраз сұхбаттасқан едік. Имам: бізді жас кезімізде әкеміз "Кімнің құлысың?" "Алланың құлымын" дегенді құлағымызға сіңіріп, тәрбиені осылай бастайтын еді дегенді айтты. Иә, адамның емес, әр пенде тек Алланың құлы екенін санасына құйып өссе, біз мынау толып жатқан келеңсіздіктен арылар едік. Қыздың да, ұлдың да ел алдындағы жауапкершілігі артар еді. Қазақтың ғасырлар бойы өзін-өзі тану, ұстау жолы анықтала түсер еді. Қазақ ішкі дүниесін «міне, көр» деп еш уақытта жарқыратып ашып тастамаған. Соның ғажайып мысалы – Мұхаңның (М. Әуезов) Абайдың немересі Кәмилаға ғашықтығын жеткізуі. Бар-жоғы «тең көрдім орыныңа орынымды» деп жазған екен. Ал, біздің қазіргі ақындар «өліп-өшіп», «күйіп-жанып» әкетіп бара жатыр. Кейде: "Осы күнгі елпең-желпеңдіктің жастарды билеуіне осындай жалаң сезімдерді алға тарту да себеп пе?" деген ой келеді.

Қазақ жастарының арасында бұрыннан келе жатқан бір-біріне орамал сыйлау дәстүрі бар еді. Өзінің ішкі сезімін білдірудің қандай ұстамды, сыпайы жолы десейші. Сол орамалға жас жүрегін орағандай күй кешетін. Ол соны мәңгі сақтауға тырысатын. Қазір бұл дәстүр де ұмыт қалған.

Рухани құндылықтың бастауы – дінде. Тәуелсіздікпен бірге ислам діні де қайта оралды. Қаншама мешіттер ашылды. Мешіттер жастарға толды, олардың жүрегіне исламның ізгі қасиеттері нұр болып енді. Қарқындап келе жатқан бұл үлгі де бүгінде тосқауылға тап

болғандай. Талай мешіттердің діни ұстанымда білім алған имамдары күн көрісінің таза жоқтығынан ізгі жұмысын тастап кетуге мәжбүр болды. Мен білетін бір мешіттің имамы — өзі үй сыпырушы, өзі от жағушы. Имам болғаны үшін көк тиын алып отырған жоқ. Оны осы мешітте тек мұсылман дінінің нұры, қанына сіңген мұсылмандық ізгілік ұстап отыр. "Апыр-ай, — дейсің іштей, — осы үкімет миллион түгілі, миллиардтап жеп жатқандарға, әкесі байлық тастап кетпесе де, миллионер боп шыға келгендерге мешіт үшін қосымша салық неге салмайды?" деп. Оның үстіне, бізде ата-бабамыз ұстаған діни жолды тастап, сойқан жат ағымдар санасын улап бара жатқан жандар тағы бар. Мешіттерде имам жоқ, мектептерде діни сабақ жүрмейді, осыған алаңдамайтынымызды немен түсіндіруге болады?

Ал, әлгі аты өшкір суицид дегенің қарадай шошытады. Оны тыюдың жолы — не ислам дініне сүйену, не әдебиетпен жастың көңіліне тіршіліктің сәулесін құю. Жапон елінде бір кезде өзіне қол жұмсаушылардың көптігінен мәйітханаларда орын болмай, билік дағдарысқа ұшыраған. Жапон елі мұны тыю үшін әдебиетке сүйенген. Ақын-жазушыларды саралап, олардың шығармаларының ішінен жанды рақат сезімге бөлейтін, жүрекке тыныштықты сыйлайтын, ұлттың мүддесін ғана қорғайтын өлеңдерді, хикаяттарды таңдап көптеп шығарып, елге сыйлаған. Іштей тұйықталған азамат, тоң-теріс күйге түсіп, өмірден үмітін үзе бастағандар әдебиеттің арқасында қайта есін жиып, суицид деген пәледен құтылған. Ал, біз не ислам, не әдебиеттің озық үлгісін алға тартпай, әлі дәрменсіз жағдайда жүрміз.

Біз өткен тарихқа да, бүгінгі күнге де, ұлттық көзқараспен қарап, тануымыз керек. Ол жеке партиялардың не топтардың мүддесіне байланысты болмауға тиіс. Франция президенті генерал Шарн де Голь: «Өз жерінде француздар алда тұрмаса, ондай елдің маған қажеті жоқ. Жергілікті халықтың мүддесі шешілмесе, басқа ұлттың мүддесі шешілмейді» деген.

Бүгінгі күнде әлемнің қай елі болсын адами капиталдың өсуіне ерекше көңіл бөлуде. Мемлекеттің

беріктігі адамның саяси, мәдени санасының байлығымен, мықтылығымен өлшенеді. Сол себепті Америкада адам капиталы 76 пайызды, Еуропада 74 пайызды, Қытайда 74 пайызды құрайды. Біздің елде 13—15 пайызға зорға жетеді екен. Тіпті, Ресейдің өзінде адамды зерттеу орталығы жұмыс істейді екен. Олар орыс адамын әрі қарай жетілдіру деген бағдарлама қабылдаған. Санамыз жетілмей, біз сияқты әрі-сәрі күн кешіп жүрген жұрт қайда барады?

М. Тынышбаев дінін сатып, «правословиені қабылдаудан бас тартқаны үшін қазақ қызының басына құрсау салып қинағанын» жазып кеткен. Қызымыздың өзі күрескер халық едік.

Кешегі ұр да жық, көрсоқыр белсенділердің заманында Ұлы Абайдың ұрпақтары жоспарлы түрде қуғын-сүргінге түсіп, неше түрлі айламен қырғынға ұшыратылды. Абайдан бізге жеткен екі-ақ адам екен. Елінің зарын төккен Шортанбай жыраудан тірі ұрпақ қалдырмады. Ал жынды-дүлейлердің избасар тұяғы шайтани теріс оқу қанына сіңіп кеткендер мұзейден ұлы жыраудың атын өшіріп, адыраяды. Біз осы Тәуелсіздікті жөнімен тани алып жүрміз бе? Біз осыдан қорқамыз.

ТҰРАҒЫҢ ҚАЙДА, ТУҒАН ЕЛ?

Бір бұтақтан өрбіген, Адам атаның ұрпағы адамзат қоғамының даму жолы бір болғанымен, Жер-ананың түкпір-түкпір қойнау аясындағы жеке-жеке ұлт, халық боп өмір сүрген топтардың өз беті, өзгешелігі бар олар— өзіндік қайталанбас мәдениет үлгісін жасаған, өзіндік тіршілік тәсілін қалыптастырған, адамзаттың ұлы көшіне өз сүрлеуімен ілескен еуропаның французы, тынық мұхиттың папуасы, Американдық не Қытай, Азияның қазағы, Африканың негрі сияқты толып жатқан ұлы халықтар. Оның бірін жер бетінен өшіру, не туған жерінен айыру адамзатқа жасалған қастандық, жалпы тіршілік діңіне шабылған балта болып есептелмек.

Дүниежүзінің экономикасы мықты дамыған елдерінің үндістердің қарапайым қоғамына, кешегі қазақты /бүгінгі емес/ рулық бірлестігіне тамсануы, қызығуы, әрі-беріден соң цивилизациядан жеріген аса мәдениетті өкілдерінің сол түземдіктердің арасына қашуы, солардың ортасына сіңуі тегін құбылыс емес, бақыт барлықта, байлықта ғана емес, қарапайымдылықта, шынайылықта болса керек.

Жер бетінің иесі адам ұрпағы көне заманнан бері бір-бірімен шайқасып та келген екен. Шапқыншылықтың әр түрі бар біреу басып алса да, салық алғанына мәз, екіншісі алған елін түп-тамырымен жоюды көздеген ұлы Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының құрған мемлекеті шілдің боғындай бытырап жүрген. Орысты шауып алған Еділ бойы мен терістік Кавказдың, Сібірдің ондаған ұлттары мен халықтары жер бетінен біржола өшірілді. Мұндай жебір /канибалдық/ саясат ұстау — өзі нағыз орыс емес /қырық сідік, қырық буданның тұқымы/ соған сіңген енді жағымпаздықпен патриотшыл бола қалған шатаның жауыздығы. Міне, солардың кешегі де, бүгінгі де нақ көрінісі өздерін "казактармыз" деп атаған әр халықтан қашқандардың баскесер жиынтығы.

Елін ақсақалы, халқын ханы билеген, шешендері мен ақындары ойындағысын айта алған демократиясы дамыған, билері түзулікке, имамы имандылыққа бастаған, не ішемін, не киеміннің уайымы болмаған қазақ қоғамы казактары қылыштаудан басқаны білмеген Ресейдің шапқыншылығына душар болды. Кеше Алтын Орда Туланың, Курск, Воронеждің, Саратовтың даласын беріп, егін салуына, ел болуына мүмкіндік туғызған орыстар өсе келе дүлейлігін танытты.

Сан мыңдаған жылдар бойы сән-салтанатымен құба белдерді әнге толтыра көшіп, ен жайлауға қонып, «сен кімсің» деп бөтенді жат тұтпаған, жоқтың алдына мал, басына үй тігіп берген қазақ қоғамы, адамзат армандаған «жерұйық» — көшпелі коммунизм орыстардың зеңбірегінің гүрсілі мен жындысүрей казактардың қылышынан су боп аққан қанға тірелді.

Қазақтың ұлы өмірін, ұлы көшін тоқтатудың аса ірі амалы, ағына түскен темір кісен көш жолдарының

бойына әскери бекіністер салынып, линиялар тартылып, онан әрі өтуге тыйым салынуы еді. Бұл бұғау-линиялар бірте-бірте бері жылжып, қазақ халқын ығыстырып шөлге ғана қамаған-тын. Орыстың әділ патшасы мен губернаторлары қазақтың тұрағы — үй-қорасын бұзып, өртеп, тып-типыл еткенге сыйлық жариялап, үні шыққан азаматты Сібір айдауы 190 жылға дейін де, совет үкіметі тұсында да жүргізіліп келді. Сөйтіп қазақ халқы өзінің даму жолынан шығарылды да, еуропаша кете алмай, жанама сүрлеумен күні бүгінге дейін соқтығып келеді.

Қазақтың ұлы ақыны Шортанбай жырау өткен ғасырда-ақ:

Айғыр айтып сойсаң да
Өткен күн қайтып келе ме? —

деп ел мұңын екі ауыз сөзбен білдіріп кеткен.

Қазақтың басына орнаған қаратүнекті «қолымыз жеткен бақыт» деп, қазақтың қылышының астында қалғанымыздың «ұлы орыспен табысқанымыз» деп 250 жылдық мереке өткізуге ұялғанымыз жоқ. Соны жырлаған журналистер, соны ту қып көтерген редакторлар «құдайға шүкір, әлі сол жылы орнында, бүгін басқаша сайрап отыр, жел өзгерсе бұрыла кетуге «әр-қашан да дайын».

— Қазақ қатын емес, байдан-байға тиетін қатыннан ғана «Өз еркіңмен қосылдың ба?» деп сұрайды, ондай мейрамның салтанатты жиналысына бара алмаймын, — деген менің сөзім тегін кетпеді. Ұлтшыл айдары тағылып, саяси лагерьде болып қайтқан біздің соңымызға мықтап түсті. Менің бала-шағамды дәрілеп, естен тандырып тастап, үйіме тінту жүргізілді. Ол жөнінде жазған арызыма ешкім пысқырмады да, өзіме: «Тыншымасаң, көзіңді жоямыз», — деп қатер төндірді. Райкомның сілімтік интелегенциясы сол кездегі басшыға: «Бұл барып тұрған ұлтшыл», — деп, аузына келгенін көкігенін естіген редактор жігіт жағасын ұстап келгені де бар. Ақыры сыртымыздан бюрода қарап, «үш күннің ішінде жұмыстан қуылсын» деп нұсқау бергені де, енді қашан ұстап әкетеді деген

үй ішінің үрейі де болып баққан. Ақыры саяси көз-қарасын үшін әлденеше рет жұмыстан қуылған менің әзиз досым Зейнолла Игілікұлы қуғын-сүргінді көтере алмай дүниеден өтіп кетті. Бір совхоздың мыңнан аса сиырын құртып жіберген «халықтың досы» райком хатшысы әділдік іздеп барған Зейнолланы: "Сен — "халық жауысың", — деп кеңсесінен қуып шыққаны естен кетер ме?

Орыс еліне қарап жеткеніміз қырғын, орысқа табынған оқығандардың елге көрсеткені осындай «тамашалар» еді. «Ұлтшыл фанатик» дегенді осыдан дәл екі жыл бұрын сан естісек, ГКЧП-ның алдында бір оқығанымыз аузы майысып «экстремистер» деп тұрғанын көрдік. Өйткені ол орысша көшелердің атын өзгертуге қарсы еді.

Патшалықтың іргесін босата бастаған ХХ ғасырдан қазақ елі үлкен үміт күткен Еуропада басталған революциялық қозғалыстың орталығы Ресейге ауысуы, қараңғылықтан көзін тырнап ашқан жұмысшы халқының ізгі мақсатқа, адам баласына бақытты тұрмыс әкелем деуі адамзатқа тән игілікті іс еді. Бірақ ХХ ғасыр адам ұрпағы еш уақытта ұмытпас қиямет, оның ішінде, қазақ халқы еңсесін көтеріп, ел болып кетуі неғайбыл қасірет әкелді.

Адамзаттың озық ойлы ұлдары бүкіл өмірін, жер бетіне келген соң ғұмырда көрер мәдениет орнату жолына сарқып, ұлы өзгеріс— реформа, не төңкеріс жасауға жұмсаған. Ол ұлылардың қатарында Алашорда көсемдері Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқайұлы бары даусыз. Сол сияқты ұлы ойшыл Карл Маркс те, 1917 жылы революцияның көсемдері В.Ленин, Троцкийдің де бары шек келтірмейді. Бірақ қазақ «әр істің қайырын күт» дейді, ізгі ниетпен болған істің түбі қасіретті біткеніне күні бүгінге дейін коммунизмнің тонын жамылып жүрген жебірлер кінәлі.

Марксизімнің қағидасы бойынша езілген, жаншылған надан жұмысшы табы үкіметті ұстап қалуы үшін бұрынға үстем тапқа қарсы шексіз қатал билікті — диктатураны орнатуға тиіс. Ғасырлар бойғы бейшара болғандарға жанымыз ашығандықтан «жөн-

ақ» дейік. Бірақ ол езілгендердің ойындағысын айта алатын демократиялық диктатура /Грециядағы құл-иеленушілердің демократиясындағыдай/ емес, компартияның шексіз билігі, оның ішінде, үкіметті қанды жолмен тартып ала алғанның қаншеңгелді дара билеуі болып кетті. Оның өзі осы ілімнің негізін салушылардың ойлағанындай қысқа мерзімге емес /3–4 жыл/ ғасырға жуық созылып, 90 жылдарға жетті де, қарғыс атып барып құлады.

Үкіметті халықтан тартып алғандардың қылмысын айта берсек тіпті бір кітапқа сыймас еді. Ең негізгілерін ғана тілге тиек етейікші. Ел аман, жұрт тынышта 1921ж. қазақ халқын аштық жусатып салды, қымыз ішкен қазақ киерге киім, ішерге ас таппағанды алғаш көрген-тін. Бірақ бұл жағдай ел билеушілерді, жаңа тәртіптің шапқылаған өкілдерін ештеңеге үйретпеді.

Шындығы керек, ақ пен қызылдың бірдей шапқыншылығына ұшыраған қыр қазағының малы осы кезеңде мейлінше азайып кетті. Қазақ коллективтендіруден бұрын ру, ата боп туысқандық бірлестікпен, ғасырлар бойы тіршілік тәсілі ретінде сыннан өткен ерекше коллектив — кооперациямен өмір сүрген еді. Мұнда мал жекеменшік, жер ортақ, бағын ортақ-тын. Қазақ қай заманнан да жерді құдайдікі, малды қызыр берген ырыс деп қараған, еуропалықтан психологиясы ерекше ұлт екенін айта кеткен жөн. Міне, осындай елді тоздырудың мақсаты ретінде, халық ретінде көзін жоюдың басты амалы етіліп кәмпескелеу жүргізілді. Бұл қасақана саясаттың бастамасы ғана еді.

Сол кезде компартияның басшылары «көшпелі ел нұрлы болашақта өмір сүруге тиіс емес» деп аштықтан-ашық жар салып, бізді қыруға шақырса, Голюдов дегені: "Колхоздастыруды тезірек жүргізу үшін дала тұрғындарын топ-тобымен ату керек!" — деп ұран көтерді. Сөйтіп XV– XVI ғасырдағы Америка үндістерін «адам емес, аң» деп, аң аулауға шығу Қазақстанда XX ғасырда қайталанды. 20-дан, не 30– 40-тан кісі ату, бір жастағы баланы ату мәселелерін «Қазақ әдебиеті» газетінің 1991 жылғы санында жаздым. Қазақ еріккеннің ермегі үшін ататын торғайына айналып кете берді.

Озық азаматы оққа байланып, есінен танып қалған

халықты «нұрлы болашақ үшін» деп кәмпитпен алдаған балаға ұқсатып, неше түрлі салықпен күн көрісі жалғыз аты мен сиырын тартып алып, компартия өкілдері аштықтың қасапханасына қойдай айдап әкелді. Жаяу қалған ел ең болмаса босып кете алмай, өз ауылының маңынан ұзай алмай ауыл аймағымен тып-типыл боп қырылды. Бір ғана Шет ауданының 1926 жылы 48311 қазағынан 1933 жылы 5021 адам тірі қалғаны сұмдық жағдай. Бір ғана ауданнан осыншама адам аштан қырылғаны қазіргі ғалымдарымыз айтып жүрген, "5—3 млн қазақ аштан өлді" дегенге күмән келтіреді. Меніңше, аштықтан шейіт болғандардың жалпы саны 28 млннан кем болмаса керек. Әлі де үкімет басында отырғандардың, КГБ-нің агенттерінің ыңғайына қарай жауырды жаба тоқымай, ащы шындықты айту керек. Жезді ауданда болып келген жас прокурор сонда отырғандардың «сол сұмдықтарды ашып қайтеміз» деп керенау таратындықтарын айтып қатты ренжіді. Сірә, олар өздерін сол қанды істердің мұрагері деп түсініп, ел алдында абыройдан айырылудан сескенетін болар.

1932 жылы қырғын аштық қазақ халқы ғасырлар бойы армандаған, өзінің психологиясын да, тіршілік тәсілін де, өзара қатынасын да соған сәйкестендіре құрған «жерұйық», «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» туралы үмітін біржола құртты. Әр жерде қадау-қадау қалған қазақ бір тілім нан үшін кім көрінгеннің құлы боп кетті. Қарағанды облыстық архивінен Шет совхозындағы Мұхабаев деген қазақты орыстардың еңбегіне нан сұрағаны үшін сабаған фактісін тапқанда, бақытсыз халқымның қасіретіне күйзеліп, көзден жас шықты.

Жығылған үстіне жұдырық жасап, тірі қалған қазақтың хат танитын, ертең «елім» дейтінін 1932 жылы айдап, атып тауысты. Менің әкем Ыбыштың Жүнісі Қарағандыда өткен «халық жауы» деп айыпталғандардың сот процесін тыңдаған. Сонда Ғатадулин: «Мен коммунист емеспін, болғым да келмейді», — десе, «Сен кедей едің, қаның неге кедейге қарайды?» деген сұраққа А.Асылбеков: «Отыз екінші қырғынынан кейін түңілмегенді қазақ демеймін», — деп қасқан жауап берген.

Осы сұмдықтардан есін енді жия бастаған қазақты 1941 жылы жаппай соғысқа ала бастады. ГПУ мен күшейген военкомат ешбір шақыру қағазынсыз-ақ жұртты жұмыс орнынан, не көшеден ұстап әскерге салып жіберіп жатты. Сөйтіп енді ғана тіріле бастаған сансыз ошақ қайта сөніп, қазақ елінің жарты миллионға жуық азаматы өзі танымайтын жұртпен өзін қырғандарды қорғап соғысып, келмеске кетті. Қазақстанда өзіне түсініксіз соғыстан қашқандардың мол болғандығын, ол туралы ерекше зерттеу қажет екенін айта кеткен дұрыс.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін үнемі күйзелтуден әбден титықтаған елдің енді тыныштық орнар деген үміті ақталмады. Соғыстан қайтып келгендерді бір-біріне тыңшы қып салып, бірін көтеріп, бірін жер қылған баяғы шпиономания ауруы басталып кетті. Неміс пленіне түсіп, енді үй-ішімен табыстым ба деп қуанған мыңдаған азаматтар жантүршігерлік лагерь азабына салынды.

Қазақ халқын жер бетінен біржолата өшірудің, азайып біткен елді орыспен ассимиляциялаудың аса ірі жоспары 1954 жылдан бастап «халықты тоқшылыққа әкелудің ірі проблемасы деп жариялаған тың игеру саясаты болып шықты. Ел қатты күйзелді. Әр шаруашылыққа мыңдаған жат жұрттың гармоьдатқан ұлқызы қаптап кетті. Қорасына түскенге: «Мұның не?» — деген қазақты таптап кетті. Елдің үрейінде шек жоқ еді. Жасы келген қариялардың: «Ең болмаса табытқа салып жерлей көріңдер», — деп жылағанын көз көрді. Қазақ үрейленсе, Н.Хрущев бастаған орыстар қуанулы еді. Хрущев: «Бар халық орысша сөйлесе, коммунизм тез орнайды» деген есерсоқ ұран көтерді. Оған арқа сүйеген келімсектер «патша жасай алмағанды бейбіт жасадық, бүкіл даланы құл еттік» дегенді бетімізге ашық айтатын. Оған папка қуғандар мәз боп ыржиятын.

Сол кездегі Қазақстан басшылары да қан орнына жүрегіне нигилизмнің суын құйған сұлделер еді. Ел басына түскен осындай ауыртпалық шақта олар қазақты халық ретінде сақтаудың орнына «тезірек ассимиляцияға ұшырау керек, ол ең ыңғайлы, ауруы аз жол» дегенді ұстанып, елге осы пікірді таратып

бақты. Бүгінгі күндегі еліміздің өз мәдениетін адасып қалуына, тілі мен дінінің осыншама дағдарысқа ұшырауына, түрі қазақ ісі де, түсінігі де бізге жат әрі жау адамдардың шығуына да сол басшылар кінәлі. Олар осы үшін жауап беруге тиісті.

Қыр баласына жаңа қасірет әкелген, намысты таптап, елдің көне мәдениетінен жұрдай еткен, тілімізді ұмыттырып, табиғатымызды тоздырған тың жаңа ғана көктеп келе жатқан жастар арасында 60-жылдарда наразылықты үлкен толқынын тудырды. Жер-жерде, барлық оқу орындарында ел намысын қорғауға шақырған, астыртын ұйымдар құруға үндеген ашық хаттар қолдан-қолға көбейтіліп таралып жатты. Мұны тоқтату үшін КГБ папка үшін әкесін де аямайтын кей жасты салып бақты. Саяси лагерьде рендаль дейтін өзін орыс санайтын еврей жігіті: «Иә, қазақтар, мен сендерді аяймын. Түктеріңді қоймай тонап, аштан қырып келді де, енді ашық түрдегі шовинистік саясатпен мойындарыңа мініп алды, жексұрындар» – деген еді. Қазақ халқының қияметіне грузин З.Кабалин, украин И.Андрушков, Ю. Долишний, татар М.Омеров, түрікмен Ораз т.б. жаны ашитын.

Тыңның қасіретін «бұл экономикалық қажеттілік қой» деп өзін де, бізді де жұбатушылар өз ішімізден «Қазақ жерінің табиғаты не жағдайға ұшырайды? Қазақ елінің болашағы не болады?» дегенді ойлап көрмеді. Сол кезең туралы естелік жазған басшы жүздеген элеватор салдырғанына мәз, ал жердің құнары ұшып, құмы ғана қалғанын, ал қазақ баласының өз мәдениетінен су ішпеген сорлы, ұшарын жел білер қаңбаққа айналғаны туралы үн қатпайды.

Таяқты бірге жеп, лагерьдің зомбылығын бірге көрген досым Зейнолла Игілікұлы қайтыс боларында: «Өкінемін» халқымның кенжелігіне өкінемін» деген сөз жазып кеткен еді. Қолдан жасалған кенжелік номенклатураның қызметкері болып, әлі аяқтан шалып келе жатыр, олардың кеше август күндері «Шаңырағын жаңа көтерген қазақ елі не болады?» дегенді ауызға алмағанын көз көрді. ГКЧП-ны уралап қолдағанынан түршіктік. Оларға бәрібір еді, тек креслосы аман болса, сайтанның жарылқағаны.

1986 жылы желтоқсан уақиғалары намыстың ыза болып сыртқа атылуы еді. Жастар қырылатынын білді, біле тұра елінің абыройы үшін әлемге бас тікті. Олар бір адамның атын қорғау үшін шыққан жоқ, Тынық мұхиттың жүз адам тұратынын аралдағы халқы Америка, Англия сияқты ең мықты мемлекеттерден босанып, бостандық алып жатқанда туған халқының құл болып отырғанына қарсы шықты.

Сол кездегі республикалық, облыстық газеттерді алып қарасаңыз, «әділ сот жазасын берді» деп мәз-мейрам болып, қазақтың ұл-қызын шырылдатып тепкілеп, соттап жатқанын жазған сан мақалаға тап боласыз. Оны жазған тағы да бүгінгі журналист-редакторлар, «құдайға шүкір», бастары аман, қызметтері жоғары. Қанышерлердің бұғауынан қаза болған Қайрат Рысқұлбековті де кеше қорлап жазған солар. Оларға фашизм, коммунизм, капитализм, каннибализмнің бәрібір, басы аман, қалтасы қалың болса, ойнағында ойыны жүріп жатса жетеді.

Есі дұрыс елде тап бүгін сол газеттер жабылып / редактор т.б. ауысып-ақ кеткен шығар/, мүлкі-қаражаты қатталар еді. Өйткені олар қанышерлікті жырлады ғой, ол – адамзаттың табиғатына жат құбылыс. Бұл жерде баспа туралы заңның, пікір еркіндігінің қажеті шамалы, әрі бүтіндей бір ұлтты құлдықта ұстауға үндеді емес пе?

Сыртқы да, ішкі де жау бізді өлтіріп бақты, бірақ біз әлі тіріміз дүниеге әл-Фарабидей ғалымды, Абылайдай арыстанды, Кенесарыдай батырды, Бұхар жырау, Шортанбай, Абайдай елінің жоғын көксеген ақынды, Әлихан, Ахмет, Халел, Жаһаншадай ойшылды, Мұхтар, Олжастай жазушыны берген ұлт өлмек емес.

Қазақ елінің өткен уақытта басынан кешкен қияметі осындай болса, енді ол ХХ ғасырдың қалған онжылдығында нендей уақиғаларға душар боларын білмей дағдарыста. Бұрынғы «интернационалистік» «достық» одақ қазаққа келгенде өзінің тісін де, тырнағын да көрсетіп, шыбын жарып, қоң етін алып қалуға тырысуда. Бұл идеяның авторы – бүкіл орыс «гуманист» деп танып отырған теңіздің ар жағындағы Солженицын болып отыр. Қазақ атының тұяғы тиген

жердің Новгородқа жеткенін ұмытып кетіп, ол «қазақ малының басқан жерінің бәрі қазақтікі емес» деп дау көтеріп, маскүнем орыстың құлаған жерін өзінікі деп даурығып жүр.

Ол өз алдына, бүгінгі күнде біз Ресей үкіметінің алдында балалайканың даңғырына билей бастағандаймыз. Сувернитет деп сыртқы жүніміз қампиганымен, сырттын келген бір қазаққа құшағымызды жөнімен аша алмай, мұжықтардың ағылып келуіне жол ашып қойдық.

Біз экономикаға да Ресей не істесе, бас шұлғып баяғыша соны қайталаудамыз. 80-жылдары Ресей коллективизация жасаса, біз өзімізде ғасырлар бойы сыналған кооперативті формасы бола тұра колхоздастырамыз деп халықты қырып салдық. Бүгінде Ресей деколлективизация жасауға бет алған алған еді, біз тағы да өз ерекшеліктерімізді ескермей, "уралап" соны жақтап шығып отырмыз. Біз мына жағдайларға көңіл бөлмеудеміз.

Ресейде ұзақ жылдар бойғы коммунизмді тез орнатамыз, жұмысшы табы көпшілік болу керек, шаруаның психологиясын жою жөн деген ұрандардың салдарынан сан мыңдаған деревня бос қалды. Нақтылысы, колхоз бен совхоз дегендер жасы жеткен қарттарға ғана сүйеніп қалт-құлт өмір сүруде. Ауыл шаруашылығында егін салып, мал бағып, ет-сүт беретін адамдар жоқтың қасы. Сол себептен Ресейде аштық әркімнің есігін қағуда. Бұдан шығар бірден-бір — жол жерге мұжықтың ынтасын арттыру, яғни оны жекешелендіру, шаруаны енді қалаға кетпеуі үшін жерге байлау болып отыр.

Қазақстанда жағдай өзгеше. Қазақ халқы ауыл тұрғынының негізін құраған колхоз, совхоздар жұмысшы күшімен біркелкі қамтамасыз етілген. Жұрты қашып кетіп, қаңырап қалған қыстақтар тіпті де жоқ. Елдің жұмысқа деген ынтасы да баяуламаған, ал оны онан әрі көтеру деген — ұйымдастыра білудің ісі. Шаруашылықтарда соңғы кезде егіннің шығымы азайса, не мал басы шарықтап өспесе — ол экологияның әсері. Ол жөнінен ерекше сөз еткен дұрыс.

Коллективизацияны халықтан сұрамай күштеу ме-

тодымен қалай жүргізсе, деколлективизация да бізде Ресейге еліктеп халықтың пікірімен санаспай жоғарының әмірімен жүргізілмек болып отыр.

Кешегі "коммунизм" деп жар құлағы жастыққа тимей шуылдаған коммунист басшылар бүгін "приватизация" деп дүрлігіп бүкіл елде үрей туғызуда. Приватизацияны партократтардың қолдай қалуы, бірер айда осыншама көзқараста күрт өзгеріс бола салуы қалай? Бұл жұртшылықтың көңілінде үлкен күмән туғызып отыр. Ол, біріншіден, билікке жармасып қалғандардың әлі де болса биліктен айырылып қалмауы ауданға, облыс, министірліктен сырғып ауысып т.б. лауазымды қызметті ғұмырлық өткендердің елден жеген мол қаражатын жоғалтпас үшін, байлығына байлық қосу үшін халықты тағы құл етіп, кәсіпорындарына ие боп қалудың амалы деп таныған дұрыс сияқты.

Жоғарғы кеңес — парламенттің кей депутаттарының осы жағдайды, жебір-обыр топты жан-тәнімен қорғауы көзге добырайып көрініп тұр. Олардан *ел, халық тағдыры, қайыршылыққа ұшыраған азаматтар* деген сөзді естімейсің, бәрі солай болу керек дегенге саяды. Депутаттардың бұл тобы жебір-обырлардың әртүрлі жолмен қолшоқпарына айналғанына елдің күмәні қалмаған.

Кеше ортақ меншік саналып, әйтеуір көңілді тоғайтып келген жер-су т.б. байлықты әлі келгені, бұрын қимылдағаны жұлып-жұлып әкестерден сескенген халық бүгінде қатты сасуда. Елге салсаң, істің бұлай өзгеруіне, табан астынан иесін тастап кететін жаман атша жалт беруіне, риза емес. Бірақ халықтың ризашылығын сұрап жатқан тағы ешкім жоқ. Жекешеленуге өтінішін дайындаған не соны ойлағандармен сөйлесе қалсаң: «Мен коллективтен кетуге бармас едім, әттең, әлдекімдер жерді талап алып, бір сиырды бағатын ұлтарақтай алаң таба алмаймын ба деп қорыққанымнан осыған мәжбүр боп отырмын», — деп қиналады.

Қазақтың негізгі күн көрісі мал бағу екен. Сол қазақ енді малы үшін сай-сайға тығылмақ, дұрысы, экономикалық зорлау тәсілімен сай-сайға қуып тықпақ. Жетпіс төрт жыл ішінде ұлттық салт-санасынан айырылған, туысқандық, шынайы бауырмалдық

дегенді ұмытқан, ең жақын досы көзі көкшиген шөлмек болған, көне мәдениеттен хабары аз қазақты жықпыл-жықпылға қуып тастап, малдан басқаны олардан не күтуге болатынын неге ойланбасқа. Әр сайда екі-үш үйден тұрған соң оларға мектеп те жоқ, мәдени ошақтар да біржола жабылады. Қазақтың ендігі баласы сауатсыз, ілімнен хабарсыз, нойыс боп шыға келетіні кімге қажет екен?

Ал, орыс деревняларында мектеп те, мәдени ошақтар да сақталмақ. Әр мұжық деревня түбіндегі 5–10 га жерді ғана алады екен, қыстағынан қол үзбейді екен. Бұл жерде орыс тағы да ұтып тұрғаны анық.

Қазақ заманында ел, ру, ата боп бірлесіп өмір сүрген, сол бірлестіктің мұңын іздеп, қамын жеген ақсақалдары болған. Ол сол елдің түп қазығы еді. Енді бірін-бірі танығысы келмейтін, тек «өзім» деп қана білетіндер жеке-жеке сүзісіп, олардың ақыры не болатынын тамашалағымыз келетін сияқты. Бұл — қасірет. Оны кезінде Алашорда көсемі Ахмет Байтұрсынұлы көре білген. Сол себептен Ахаң: «Қазақ халқы коммунизм идеясын елдің бәрінен бұрын қабылдайды, өйткені оның күнделікті тұрмысында қазірдің өзінде коммунизм идеясы, дәлірек айтқанда, қазақтардың елдің бәрін тегін сынауы, байлардың өздерінің тумалас кедейлеріне тегін көмек /сауын т.б./ көрсетуі жүзеге асырылуда, қазақтарда рулық мүдде жалпыға ортақ», — деп жазды.

Жерді жекеменшікке берудің қазақ халқының өзінің де, жерінің де тұтастығын сақтауға әсер ететін зор саяси мәні бар екеніне көз жұма қарап отырмыз. Өткен ғасырдан бері Ресейліктер шұрайлы жерді тартып алып, қазақты шөлге ығыстырған «тың» деген қасіреттің тұсында бұл жағдай әбден шыңына жетті. Қазақтың ең шұрайлы аймақтары терістік облыстарда қазақта саусақпен санап аларлық жағдайды жасады. Егер тап осы қалпында жерді үлестіріп берсек, бар жақсы жерге орыс ие болып шыға келеді. Сөйтіп орыстың мұртын балта шаппайды, ол түлеп, күлімдеп шыға келмек.

Онда орыс қазақтан автономия сұрап әуресі не? Жерге кім ие, билік сонікі, қай мемлекетке қараймын

десе де ерікті болмақ. Міне, дұшпанның осы ішкі есе-бін біз неге ұқпаймыз? Бұл шетелдік Солженицын мырзаның да арманы емес пе? Ол: "Шығыстан Каспийге дейін доға ғана қазақтікі, сол жерімен ғана бөлінемін десе, Құдай бетінен жарылқасын" деп сақалын сипап отырған жоқ па?! Ендеше неге біз өз қолымызбен оның айтқанын жасап, дегеніне көнуге тиістіміз. Біз өз халқымыздың досымыз ба, әлде қарғыс атқан дұшпанымыз ба?

Солженицын мырза өзінің «гуманистік идеясымен» біздің ішіміздегі казак дегендерді құтыртып, жаңа Карабахтың тууына тіпті де қарсы емес.

Гуманист болғысы келіп Толстойдың маскасын киген Солженицынге шовинизмнің иісі тиіп, кеселді дертке ұшырағаны оның «Ресейді қайтіп орнықтырамыз» деген жазбаларынан танылған. Коммунистік Советтер Одағы ұсақ халықтардың жойылуға сүйретіп әкелді деп, жыланның жасын төгеді. Әрі ол жер бетіндегі әр халық жаратушыны ойының қайталанбас көрінісі деп мойындайды. Сөйте тұра тісін жасырған қасқырдың түлкі бұлаңына салып, татар, башқұрт, шуаш, мордва, коми, удмурт, якут сияқты ірі халықтарды өзіне таңдауға жол жоқ, себебі олар ортада тұр деп сәуегейсіді.

Солженицыннің «Иван Денисычтың бір күні» атты кітапшамен аты шықты. Сол саяси лагерьдің күні еді. Сол сияқты лагерьдегілердің өзі 80-жылдары оның осы еңбегіне наразы еді. Ол "флюгер, қараңдаршы күні үшін не жазғанын лагердің ең бақытты күнін таңдап алыпты" десетін. Оның саяси тұрақсыздығын Ленинградтық математик Осипов, Мәскеулік Орлов, украиндық А.Олейнік көп айтушы еді. А.Олейник еркіндікті аңсағаны үшін лагерьде атылды.

Оның «Архипелаг Гулагы» документті материалдардан құрылған. Әрине, оның көркем шығарма ретіндегі деңгейі аса жоғары емес. Бірақ лагерьдің ащы дәмін татқан жұрттың өз қолымен жинап берген материалдарының негізінде құрылғандықтан советтік саяси лагерьдің сұмдықтарын жұртқа танытуда зерттеушілік құны жоғары.

Бұл кітапты ел ішінде жамандаушылар да жеткілік-

ті, әсіресе кітап КГБ агенттерінің қотырын тырнап, жатса, ұйқыдан, тұрса, күлкіден айыруы мүмкін. Олар сол себептен мұндай шығармаларды жамандап бағамыз деп өздерінің кім екенін байқамай әшкерелейді. Жұрттың өзі не мысқылмен қарап тұрғанын сезбей де қалатын тұстары жетерлік.

Осы кітабымен гуманистің тонын жамылып қалған Солженицын мырза «Ресейді қайтіп...» деген шығармасымен өзінің бетін танытты. Оның соңғы дүниесі күзде үйірінен бөлініп қалған қоңыр үйректің құрқылын, елінен адасып қалған адамның сандырағын еске түсіреді.

Бүгінде қазақ халқының еңсесін көтертпей тұрған, болашағына қатер төндіріп тұрған жағдай — елдің жаппай денсаулығын жоғалтуы. Қазір "денім сау" дегенді ойланбай айтатын не үлкен, не кішіні таппайсыз. Қырық жыл бойы тәжірибелік тіршілік иесі /мал/ ретінде саналып, төбесінен де, табанынан да атом бомбасын жарып келген ел жаппай науқасқа шалдықты. Чернобыльдің бір ғана шала-шарпы жарылысына шуылдасып жүр, ал біз туралы тіпті өзімізден басқа айтатын жан жоқ. Біздің «ұлы досымыз» — ресейліктер тіпті мысқылдағысы келеді.

Біздегі бұл дүниеден кетіп жатқандардың онының тоғызы рак ауруынан өлуде. Ол жас пен кәріні және талғап жатқан жоқ осыншалық халге жеткен халықты сай-сайға қуып тастап, дәрігерден біржола аулақтатып, не табамыз? "Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді" дегендей, аулақта ажал тапсын дегеніміз ба? Осы жаппай ауру — халық жекеше болып өмір сүре ала ма, әлде ауыр еңбекке салып біржолата қазақ атаулыдан құтылып тынамыз ба?

Бүгінгі күнде жекеше боп кетуге қазақ жерінің тозған табиғаты да келмейтіні анық. Бұрын Арал мен Шалқарды, Көкше теңізді ел аңыз қып айтатын, Сырға тамсанатын, ұзын аққан Сарысу деп ақындар жырға қосатын, Арқаны аруға теңейтін. Сол даланың мәйегі бұзылмаған, тамылжыған табиғатында қазақ мұңсыз-қамсыз мыңғыртып мал өсірген. Бір ғана Шет ауданының территориясында Адамбай — Тұрсында 18 мың жылқы, Жәңгір төреде 17 мың жылқы, Ботпайда

40 мың қой, Жылқыбайда 10 мың қой болған. Кеше ғана қайтыс болған Тұрлау ақсақал осы Шеттің орталығы тұрған жерінде 1911 ж. 400 басқа дейін сиыр өсіргенін, шөп шаппағанын, қора салмағанын, себебі аттылы кісі көрінбес қалың шидің қияғы азық, ықтасыны үйдей пана болғанын құлаққа сіңіріп кеткен еді.

Осы күнгі Қарабұлақ совхозының жеріндегі бас ши, орта ши, аяқ ши 1960–70 жылдары аттылы адам көрінбес шидің қияғына совхоздың да, жеке меншіктің де бар малы, қыстай дайылып шығатын. Ол жердің халқы қысқа мал азығын дайындауды аса керексінбейіні көзге түсетін.

Коммунизм орнатудың даңғыл жолына түскеннен соңғы халіміз нешік екен? Африканы Сахараның шөлі жалмап келе жатқандай, біздің озық ойлы парткроттардың басқаруымен қайран Арқаны шөл басып барады. Аралды суалтып жіберіп, орнына егін егіп, мақта салмақ болған академиктер мен ЦК-ның мүшелері тұзы мұхиттан табылып жатқан аймаққа аяғын да баспайды. Жазушы Ә.Нұрпейісов айтқандай, республика басшысы бірінші хатшы соңғы он жылда Аралдың маңына барып көрмеген Академик Кондратьевтің зерттеуінше, 1990 жылы Арал суы 63 пайызға азайып, 5 млн тұз 300 км аумақты жаппақ екен. 1960 жылы Аралда 34 түрлі балық болса, 1968 жылдан бері онда тірі балық көзге түспеген. 1968 жылы ол маңда әр мың адамның 261 рақпен ауырса, тап бүгінгі күні ол тіпті шырқап кетті.

Шу бойын осыншама сорлатсақ, бүгінде Арқа еңіріп тұр. Шөбін Арқа— Шу боп шауып тауысса алмаған Ақ далаға бұл маңның совхоздары енді баруды біржола қойды. Жүздеген мың қазақ малы мұртын сындыра алмаған Ақтоғай ауданындағы ту көденің қиыршығын ғана тастадық. Қайран Қарабұлақтың кісі адасқан бас, орта, аяқ шилерін есуастау директор, есеңгіреген парткомдар жаппай шапқызып біржола құртты. «Құдайға шүкір», ол директор, парткомдар дін аман, бағы өсіп жүр.

Жығылған үстіне жұдырық жасап Қарабұлақтың қалың шиіне нәр берген Қарасай өзенін Ақшатау комбинаты Таңатбайдан мықтап байлаған өз жеріне өзі

жаулық жасағанының арқасында атақты шилердің түбірі ғана жатыр, жүрсеңіз тізеге дейін борпылдақ күлге кіресіз.

Сол совхоздың шопаны Қайырбек Наханов тас тістетіп, мал өсіріп отырағанына таңсық. Мал тұяғы әбден тұяқ-кесті етіп бір жерді әбден шиырлап біткен, көші-қондық жер жоқ. Өйтіп ол қанша күн көре алады? "Енді не болмақ?" деген сан сұрақ ықылық атқызады.

Қарабұлақ совхозының директоры Көкман Әлхамин осы су сайлауының зардабынан совхоздың 265 мың сом зиян шегіп отырғанын айтып, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүр. Оны тыңдайтын, жердің жырын ұғатын кім бар? Бәрі саңырау, шетінен бітеу.

Ақтоғай, Ағадыр аудандарына жыл сайын мал азығынан қарайласып отырған Шет ауданының да жылдан-жылға халі төмендеп кеткен. Бұрын жайқалған жайлауына көз сүрінген Ақтоғай, Ағадыр ауданы енді Шетке емініп, соның ұлтарақтай жерінің быт-шытын шығаруда. Түбі үш ауданда қағып кететіні анық.

Қазақтың Аягөзінде ырымға су жоқ, Шыңғыстауы бомбылаған, Жезқазған—Ұлытау маңы өрт шалғандай, терістік облыстарда ресейлік тер сыңсып отыр. Қазаққа тиген жердің ұсқыны жаңағыдай. Қазақ қайда барып күн көрмек?

Оралдан бастап, Алтайға дейінгі ең шұрайлы алқапты қамтитын солтүстік облыстардың жерін ресейліктерге жекеменшікке сатып, бір жағын Аралдың тұзы басқан, екіншісін Ресей шовинизм атомының редакциясы тұралатқан, суы сорға айналған аймаққа қамалған қазақ елінің болашағына кепілдік кәне.

Тозған жерге қамалып, ауру меңдеген ел бүгінде топтаса өмір сүріп, бір-біріне қол ұшын беріп отыр. Енді оны тағы бір «ұшпаққа» шығармақ боп, сай-сайға «не болсаң о болдың» барсакелмесіне тығып тастамақпыз. Қазақ текті еді, жақсы ит өлімтігін көрсетпесін дегеніміз де.

Біз бүгінде Ресей не істесе соны жасап, солардың алдында билейміз. Олар болса үстемдігінен бір айырылар емес. Олар қит етсең жазалап тастар қамшыгерлерін, қылышын сүйреткен баскесер қаражүздік казакта-

рын дайындауда. Маскүнемі қаңғып келіп құлаған жерін «біздікі» дегенді ашық айтуда. Біз болсақ, олардың дүрелеуіне, жазалауына оңай болсын деп қазақты төбе-төбенің артына тарыдай шашқымыз келіп отыр.

Біз ел болғымыз келсе, қазақ халқын Алланың жаратқан ерекше халықтарының бірі ретінде сақтағымыз келсе, болашақтағы қатер /ол бүгінде төніп тұр/ ұлтараздық үлкен жанжалдан аулақ етейік деп ойласақ, тез арада сырттан миграция туралы заң қабылдауымыз керек. Қазақстанға сырттан келіп жатқандар қазақтың көсегесін көгертейік деген ойдан аулақ. Олардың бір тобы жеңіл өмір іздесе, көпшілігі қазақ жеріне түпкілікті ие болып қалуды көздегендер, ішіміздегі бөтен жұрттың шақыруымен келіп жатқандар. Тек 1990 жылы ғана сырттан Қазақстанға 632 мың адамның ағылып келуі осының дәлелі. Сол уақытта Қазақстаннан сыртта жүрген қазақ отбасының 632-сі де бізге көшіп келе алмағаны анық. Оларға бөтен жұрт билеген облыс, аудан, совхоз басшылары үй де, жұмыс та бермей жүргені құпия емес.

Қазақ елінің беделін асырғымыз келсе республиканың азаматтығы туралы заңды енгізу қажет. Қазақстанның азаматы боп кім-көрінгеннің саналуына тыйым салу керек. Қазақ елінің азаматы болып, кемі 15 жыл осында тұрған, қазақ жұртын сыйлайтын, оның мәдениетіне құштар адамдар есептелуі міндетті болсын. Ол қазақ елі мен жеріне еш уақытта жаулық етпейтініне ант бергені де жөн. Міне, сонда біз республикаға адал, біртұтас қазақ елінің азаматтарын қалыптастыра аламыз.

Біз ұзақ жылдар бойы ресейліктердің нұсқауымен, орденге ұмтылған партократтардың басшылығымен қазақ жеріне жаулық жасадық. Тыңды көтеріміз деп шұрайлы жердің топырағын желге ұшырып, қиыршығын тастадық. Ұлан-байтақ аймақ не егістікке, не мал ұстауға жарамсыз етілді. Малды ұзақ уақыт көш-қоңсыз бір жерге бағып, өсімдігін тұяқ кесті етіп, ол бағындықтарды да істен шығардық, не шығуға жақын тұр. Егер біз елімізді көркейткіміз келсе, мәселені жерді жаңғыртудан, оны қалпына келтіруден бастауымыз керек. Болашақтағы қазақ ұрпағы тас шайнап, құм

жұтып күнелтпесі анық. Ендеше қазақтың мыңдаған жылдардан бері келе жатқан, өмір сынынан өткен, миллиондаған мал өсірген көне әдістерін қалпына келтіруді ойлау аса қажет.

Жердің шырын шығармас үшін меридиан бойынша көш жолдарын қайта жаңғыртудың шараларын жасау керек. Көш жолдарындағы қала, үлкен елді мекендерден айналып өту, не басқа тәсілдерін табуды қарастыру қажет. Онсыз біз экономиканы да, экологияны да, азық-түлік проблемасын да түпкілікті шеше алмаймыз. Қазақты құртуды ойлаған Голощекиннің алғашқы қадамы көші-қонды тыюдан басталғаны тегін емес. Ендеше халықты халық еткіміз келсе, сән-салтанатын қалпына келтіруді ойласақ, көш жолдарын ашу мәселесі өзінен-өзі туындайды.

Коллективтік меншікпен қатар меншіктің басқа түрлері де болуы ел тұрмысының оңалуының, өмір сәнінің артуының көрінісі, жекеменшік иелігіндегі халыққа қызмет ететін ұсақ кәсіпорындарының ашылуына бар жағдай жасалып жатса, нұр үстіне нұр. Біз бар халықты совхоз-колхозға қуып тығып, ғасырлар бойы келе жатқан ата мұра қолөнерді жоғалтып алдық емес пе? Минфиннің жер-жердегі шала естілеу инспекторлары етікшілік, зергерлік түгілі, домбыра жасағандарға қожандап, ақыры қолына жөнімен қашау ұстай білмесе де, бөтелке қармауға шебер ұрпақты дүниеге келтірді.

Қалалардағы ірі кәсіпорындар, зауыт-фабрика, шахталар қазақ ордасының меншігі боп жариялануы керек те, оның басшысын премьер-министр тағайындауы дұрыс. Бірақ кәсіпорынның өзінде қалып, ол оның өсіп-дамуына халық игілігін арттыруына жұмсалғаны жөн. Әрине, кәсіпорындар мемлекет бюджетіне салық ретінде белгілі дәрежеде қаражат аударатыны анық. Сол сияқты жұмыскер жалақысының азаюы не өсуі кәсіпорынның әр ай кварталда тапқан пайдасына байланысты болуы жұмыскердің ынтасын арттыратын стимул ретінде аса қажет. Кәсіпорын кіммен сауда жасап, қай елмен байланысқа түсіп, пайдасын арттырса да, толық еркіндікте болуға тиісті.

Сол сияқты экономикасы мығым совхоздар сақ-

талып, басқалары коллективтік меншіктің сан алуан формаларына көшуі өмірдің заңына сәйкес жағдай.

XX ғасыр қазақ халқын қай жарға әкеліп ұрғаны белгісіз, күңгірт уақыт боп тынды. Осының пәленбай жылында «нұрлы болашақ» орнатамыз, міне, бірінен өтіп, екіншісінің есігінен сығаладық деп шапанына қырық жамау түскен шал-кемпірді, зорығуға айналған ерлі-зайыптыны алдап, мектептегі естігенімен өмір қабыспайтын жастарды мәңгірт қып қоя беріп жаттық.

Бүгінде "Мемлекет құрылысының түрі қандай болу керек?" деген сөз әркімнің аузынан түспейді. Саяси санасы төмен көпшілік аңырап жүр, тілі майда кез келген авантюристің артынан еріп кету қаупі де бар.

Бұл 4 жылда «өз билігі өзінде» деп қауқитып қойып, бірінші хатшы, министрлер төрағасы деген қуыршақ үкіметке елді табындырып келді, оны «қуыршақ үкімет» деуге батылы барғандарды «жылы» жаққа «қажылыққа» жіберіп жатты. Ақылды «қуыршақтың» кім болу таңдауы Мәскеуде-тін. Сондай таңдау Назарбаевқа да түскен. Заманның желі шығар, ол таққа отаршылар көмегімен келсе де, батыстың отаршылдығына қарсы шыққан Марокко королі Хасанға ұқсап, Мәскеуге қарсы сөз айта бастады.

Бірақ отаршылдық біртұтас қазақ халқының арасына жік туғызып үлгерген еді. Кешегі өр, жауынгер халықты тізе бүктірудің, сонан соң құртудың ең оңай жолып бөліп ал да, билей бер саясатын қулық-сұмдық саясатпен жүргізетін. Әуелі қазақ елін жүз-жүзге, сонан соң тайпа-тайпаға, ру-руға, ата-атаға бөлу, оларды бір-біріне айдап салу, бірін қолдау, сонан соң оны да тұқсырату XIX ғасырдан XX ғасырға ұласты. Бұл саясат өзінен басқаны ойламайтын партократтардың, КГБ-ның агенттерінің көмегімен жүзеге асырылып келді. Сөйтіп тұтас трайболизмнің ауруына шалдықты. «Сен қай рудансың?» деп ежірейіп шыға келетіндер — не есі кірмес есуас, не әлі де Ресейдің тапсырысын орындап отырған КГБ-ның агенті.

Міне, осы жағдайға біз батыс не істесе соны істеуге тиіс емеспіз. Біз өз жолымызды, өзімізді ел қылатын аталар ізін іздеуге тиіспіз. Жүз-жүз, ру-руға бөлінуге айналған тұста саяси бірліктің тұтастығын қамтамасыз

ететін тұлға керек. Ол бәрінен де аулақ хан билігі болуға тиіс. Хан ағылшын, испан королі тәрізді мемлекет басшысы, саяси бірліктің тұрақтылығының, елдің бүтіндігінің көрінісі. Ол саяси ағымдардан, партиялардан, сайлаулардан тыс, сатылмайтын әділдіктің көрінісі. Қазақтың тұтастығының алғашқы ханы Абылай тұқымынан, оның ішінде, жаумен өле-өлгенше жағаласып өткен Кенесары ұрпағынан, оның ұлы Сыздық балаларынан болса, бар қазақ риза болар еді.

Хан мемлекет басшысы болса, үкімет басшысы көппартиялық сайлауда жеңген партияның өкілі премьер-министр болатыны еш шүбәсіз, ол — сыртқы да, ішкі саясаттың басшысы. Ол — парламент алдында тікелей жауапты адам.

Сөзді парламентке тіреген соң "Қазақ ордасының парламенті қандай болуы керек?" деген сұрақ туады. Біз көпұлтты ел болып отырмыз. Біздің парламентте Қазақстанға әлдеқалай келіп қалғандардың өкілі тым жеткілікті. Олардың көбі үшін қазақ елінің мүддесі тым бұлыңғыр, түсініксіз. Кейбіреуі шовинизмнен де аулақ емес. Сол себепті парламентте қазақ халқының өкілдері басым болуы керек. Әрі қазақтың дені ауылда отырғанын, екі-үш ауданнан сайланған жалғыз депутаттың сол жалпақ жатқан (бір өзі бір мемлекет аудандар бар) елді аралап, бар мүддесін қамтамасыз ете алмайтынын ескеру керек. Міне, осы жағдайлар қазақ парламентіне әр ауданнан бір депутаттан сайлану қажет етеді.

Оның үстіне, ерекше еске алатын мәселе — парламент мүшелерінің тазалығы, адалдығы. Біз парламентті бұрынғы КГБ-мен әріптес болғандардан тазартуымыз керек. Олар қанша адал болғанымен, өз тағдырына бас иеді, ресейліктердің не басқа елдің бөтен пиғылын өткізу үшін еріксіз жұмыс істейді. Парламентте жаудың отыруы аяққа тұсау әрі түсінде үлкен қатерге әкелуі мүмкін парламентті агенттерден тазарту кезек күттірмес мәселе.

Қазақы қоғамды әр уақытта адалдыққа, әділдікке бастаушы, сыртқы дұшпанның пиғылын тануға, елді бірлікке шақырушы және тыныш өмірдің ұйытқысы ақсақалдар болып келген. Кешегі патша үкіметі де,

бүгінгі совет үкіметі де ақсақалдықпен аяусыз күрес жүреді. Қазақ қоғамының негізін бекіту үшін ақсақалдықты қалпына келтіру керек.

Сол сияқты дала жұртының ешкім сайламайтын әрі ешкімге бағынбайтын, әділдігімен жұртқа танылған билер үкімін де қайта туғызу қажет. Ұсақ ұрлық, жан-жал, ошақ арасындағы дау сияқты келеңсіз жайттарды біржола солардың билігіне беру ел арасында әділдіктің, турашылдыққа ұмтылудың кепілі екенін ұмытпасақ екен, билер үкімі даланың қасқа жолдары мен шарифаты сақтай отырып жүргізілетініне кәміл сенеді.

Сол сияқты құқық органдарында істейтіндер заңның тармағына жабысып қалған роботтар емес, халықтың әдет-ғұрпын, шежіресін, аңыз-әңгімелерін білетін азаматтар болуын қадағалау, осы тұрғыдан тәрбиеленуін қамтамасыз ету көзден таса қалмауы тиіс.

XX ғасырдың соңы "Қазақ халқы жұмыр жердің бетінде сақталуы керек пе? Ол өз мәдениетін сақтай ала ма?" деген мәселені тағы қойып отыр. Әлемді мекендеген көне мәдениеті, дәстүры бар бірде-бір халықтың басында мұндай қатер төнген емес. Ел үшін де, жер үшін де ойланар да, игілікті іс істер де уақыт әбден жетті. Туған жерді табанымызбен басып жүріп, өз жерімізде абориген боп кетпеуді ойлау денесінде қазақ қаны жүрген әр азаматтаң борышы.

Нарық та, байлық та қазаққа қызмет етпесе, ол арқылы үстемдікке тек келімсектер ие болса, ол да «коммунизм» орнатамыз деген сияқты бос айғай боп қалады. Ұраннан іш кепкен ұран тон болып жылытпас, ас болып қарын тойдырмас, ананың тілі, атаның сөзі боп рухыңды көтермес.

Бүгінде өзіндік ерекше даму жолы бар қазақ елі өз сүрлеуіне бет алар ма? "Жерұйығың қайда туған ел?" деген сөз шерлі азаматтың көкейінде.

1992 ж. ақпан

ТІРІНІҢ АМАНАТЫ

Сарыарқа сағындым ғой жайлауыңды,
Өтетін Сайлаутаста сайлауыңды, —

деп қазақтың жайлауын да, еркіндігін де аңсап жырлаған Түсетай ақын еді. Ресейге қосылғаннан бері тынысы тарыла-тарыла, көш жолы бітеле-бітеле әбден кедейленген қазақ Голошекиннің үкімімен 27-жылы біржола жатаққа айналған. «Қазақты біржола бағындыру үшін кедей ету қажет, кедейлендіру үшін отырықшы ету керек» деген XVIII—XIX ғ ғ ресей шовинизімінің арманы сол жылы жүзеге асты.

Ақын жырына сағына қосқан Сайлаутас өңкіген алып пілдей Қармыс өзенінің бойында әлі тұр. Бұл жерде өткен заманда халықтың бірлігін көздеген билер елге танылып, кейініректе болыстары сайланып тұрған.

Жылына бір келетін демалысымда курорттан бұрын елдің өшуге айналған мұрасын іздеуге дағдыланған басым, биыл Бәйсейіт бидің мәңгілік орнын көруге барғам. Жолбасшым — Ақшатауда тұрған Қаппар ақсақал. Қаппар ақсақал сөз арасында Түсетай ақынды қолымен жерлегенін айтып қалған. Естімеген дерек. 1931 жылы ГПУ-дің қармағына түскен ақын түрмеден қалжаулап босап келіпті. ГПУ-дің босатуы да оның қатты науқастығынан болар. Сол жылы қайтыс болған ақынды жанашыр жұрт жаяу апарып ауылдан сыртқары жерлеген екен. Сол жерлеген жерде жалғыз тал болса керек. Бар дерек осы ғана

Мына деректі Түбегейлеп шығу үшін әуелі бұрынғы Ақшатау совхозына тіке тарттық. Табан жолын көруден басқадан қалған Қаппар ақсақал.

— Шеткі үйге жеттік пе? — деп сұрай берген.

Кіре берістегі шеткі үйге іліге өзен бойына қарай тартқанбыз. Біраз жер барып тоқтадық. «31-жылғы жалғыз тал не қиылып кетті, не орман боп өсті-ау», — дейді көңіл. Ақынның басына зират тұрғызылмағаны және айқын. Көңіл суып тұр. «Менен естігені бар еді, Зейнеге барайықшы», — деген шарасызданған Қапекен ақсақал. Зейне ақсақал есігінің алдында қарсы алды. Тілегімізді естіген соң: «Ой-буй, менің де көзім көрмейді, Шәтек

болмаса», — деген. Сонымен Шәтек ақсақалды ертіп, ауыл әкімі Кенбайды қосып, тағы өзен жағалап кеттік. Ендігі тоқтаған жеріміз — Тыныбек басы атты көп мазардан әрірек тұс. Ойдым-ойдым жер екен.

— Осы тұс-ақ, — десіп ақынның қабірін іздеуге жаппай кіріскен.

Машинадан сәл ұзай бере тоқтадым. Көңілде бір қобалжу бар, ішкі сезім «қателесіп тұрсыңдар» дегендей. Талай көне зиратты аралап, бірталайды көрген басым сол бір жүрекке жететін белгісіз сигналға тоқтайтын едім. Сонадай жерге кетіп, әр жерді шұқылап қарап жүрген Төреханды шақырдым.

— Түсетай ақын бұл жерде емес.

— Е, неге?

— Сонау артта қалған шилерді көрдің бе? Сол жаққа барып қарасаң қайтеді?

— Туһ, Кәмеке. Қапекең ақсақал "осы жерде" дейді, соған тоқтайық та, — деп ренжиді Төрехан.

— Жасы 87-ден асқан Қаппен ақсақалдың барлайтыны — табан асты жолы ғана. «Біз Түсетайды жерлегенде, сол маңда жалғыз тал бар еді», — дейді қайта-қайта Қапекең. Ол 1931 жыл екен, ал қазір 1997 жыл. Сол кездегі жалғыз ағаш не кесіліп жоқ болды, не орман болып өсті. Сонда да ақсақалдың сөзі естен кетпей тұр. Біз келген артқы жақта шоқтай тал өсіп тұр. Оның сыртында ойдым-ойдым ши өскен екен. Сол маңды бетке алып жаяу тарттым. Шилерге іліге бере өз-өзімнен сақтанып, аяғымды байқап басып келемін. Тағы бірде аттай бере аяғымды кері тартып алдым. Беттасы ғаны жатқан қабірдің дәл үстінен шыққан екенмін. "Мына қабір Түсетай ақынның мәңгілік орны болар" деген сеніммен жүрек дүрсілдеген. Тіршілігінде де, дүниеден өткен соң да есімін атауға болмай келген ақынның мүрдесінің орны табылғанына көңіл қуанған.

— Бері кел, — деп Төреханды шақырдым. — Ағайындығы менен гөрі соған жақын ғой, мен Түсекеңнің қабірін тауып тұрмын. Сүйінші де. Үйірлі жылқы беретін болдыңдар, — деп серпілгем.

Қабірдің бас жағына барып, тағы бағдарлаған едім, арасы 30–40 см-дей жарыса жатқан екінші беттасты көзім шалды. "Япыр-ай, бұл қалай? Қапекең

ақсақал екінші қабір туралы сөз етпеп еді-ау?" — деген тағы бір дүдәмал көкейге енген. Манағы тоқтаған маңды шарлап жүрген ақсақалды шақырғам. Таяғына сүйенген Қапекең ақсақал жақындай бере:

— Шырағым, ол қабір жалғыз болмауға тиісті еді ғой, — дегені.

— Неге олай дейсіз?

— Түсетай ақынның әйелін де бір айдан соң қатарына жерлеп едік.

— Онда тіпті дәл болды. Мына жерде екі қабір жарыса жатыр.

Ұзағынан дұға оқылды. Бір жақсы істі бастап қана қойғандаймыз. Қабір жатқан үй орнындай шидің маңын машина тілгілеп өткен екен. Қабірдің шығыс жағынан бір жарым метр, батыс жағынан бір метр жер ауыр машиналар тіліп өткен терең сорап. Ауа жүретін шоферлердің еш білгісі жоқ қабірді таптап кетпегеніне таңсың. Сақтаған аруақ болар.

Ауыл әкімі Кенбайға ақынның қабірін шарбақпен қоршауды ұйымдастыруды тапсырып жатырмыз. Ауылдың іргесінде жатқан қабірді күні бүгінге дейін бір іздеушінің болмағанына ренішімізді де жасыра алмадық. Тәуелсіздік алсақ та, халықтың бойынан кетпеген бұл не үрей? Сонау 1931 жылдан бері туысқан ақынның басына бір баруға жарамаған не тірлік, не деген қорқыныш. Қапекеңдей жөн білетін ақсақалдар бүгінде жоқтың қасы екенін мойындап бас изегеннен іс алға жылжи ма? Заманның түзелгеніне де талай уақыт болыпты. "Сонда осы елдің оқыған зиялысы, тарих пен әдебиеттің мұғалімі, жанашыры қайда?" деп күйзелесің. Атақты ақынның мәңгілік орнын табу үшін алыстан ат арытып мен келуім керек пе еді? Бұл не деген мешеулік?!

Ауыл шетіне қайта келгенбіз.

— Мына жерде үй орны жатыр ма? — деп сұрайды Қапекең. Ауқымды жерді алып жатқан Диа қажының үйінің жұрты екен. Қажы сонау патша заманында-ақ сегіз бөлмелі үй салдырып, оны мектеп етіпті. Мектепте сабақ беретін екі мұғалімді де Қарқаралыдан өз қаржысына жолдаған екен. Осы айналаның кемкетік нашарының оқуға ынталы баласын жинап, дін мен дүние танымдылық пәндері ұштастыра жүргізген

екен. Бұл жер — Диа қажының ауылы, осы күнгі мектеп те қажының есімін аталуы керек еді-ау. Диа қажы бастаған осы маңның Бабас, Оқа, Ғаббас сынды ақындары 1931 ж. атылып кетті. Ауылға келіп қайтыс болды дегені болмаса, Түсетай ақын да сол зобалаңның құрбаны. Түрмеде оны өлермен халге жеткізіп, жүруге жарамай қалғанда ғана босатқан.

Өз тарихына әлі де болса самарқау қарайтын халқымыздың кенжелігіне өкінесің. "Тарихты неге көп жазасы?" дейтін аузы қисықтар әлі де арамызда жүргенінің әлі де куәсіміз. Иә, олар өздірінің сасық иісі білініп қалатынына шошитын болар.

Сол Түсетай ақынның басында әлі көктас жоқ. Ағайындары қайда?

2016 ж.

ЕЛ ҮШІН ТОҚТЫ БОЛҒАН ҚҰРБАНДЫҚҚА

Ата-бабаларымыздың аруағын риза етудің ең сауапты жылы — олардың өз ғұмырында, өз заманында атқарған игі істерін жүйелі түрде насихаттау. Олардың ұлы істерін білу халқымыздың бүгінгі ұрпақтары үшін де, келер буын үшін де аса маңызды мәселе. Патриоттық тәрбие деген «патриот бол» деген бос сөзден тұрмайды, нақты шаралармен жүзеге асады.

Қазақтың ұлы даласы ұрпақ үшін де, сол ұрпақ мәңгі өмір сүрер қасиетті жер үшін де, тұлпарлардың шаңы мен сілтенген семсер, айқасқан найза иелерінің қаһарлы үндеріне толы. Асты байлыққа, үсті сағым ойнаған құба белдердің жайқалған жайлауына толы қасиетті жерге көз алартпаған жау жоқ. Шығыстан да, батыстан да сондай қатер болған, бола да береді.

Қазақтың көп тірескен жауының бірі — өзіміз сияқты киіз үйді мекен еткен, бие байлап, қымыз ішкен қалмақ жұрты. Не көрінді десейші, екі көшпелі жұртқа қанды қырғын жасап соғысып? Ақыры бірі жер бетінен

жоғалып тынды. Бұлай болуына тағы да сырттағы екі ел мүдделі еді. Бір кезде табанымызда жатқан орыс елі біздің қателігімізді пайдаланып дүр дамып, енді бізді жоқ етуді армандаса, қытай да қалмақ даласына ие болуды аңсаған. Екі дұшпанның тіл табысқан келісімі екі көшпелі елді қырғанға ұшыратты. Айдап салды.

Қазақ ақтабан-шұбырындылыққа ұшырады. Жәкен ақын сол кезең туралы:

Қалмақтан қазақ үркіп көшіп,
Халықты қара тұман қайғы басты, —

деп жазған.

Еріксіз жерін тастап, жөңкіле көшкен жұрттың ортасында бала Сазанбай да, болашақта аты аңызға айналған Сазанбай батыр да болған. Бізге сол аңыздардың сарқындысы ғана жеткен. Жеткізбеген — патриоттық әңгімелерді айтқызбаған кешегі шовинистік жүйе, соның сойылын соққан өзіміздің ұрда-жықтар. Батырдың жеңімпаз рухын, төзім мен қайратын бәрібір ұмыттыра алмады.

Қазақтың шежіредей аңыздарын жеткізушілердің бірі Қасым Сырымбетұлы Сазанбай батырдың ерлігін суреттегенде, жаумен шайқас үстінде ересен күш иесі болғанын да, көз ілеспес шапшаң қимылдап, қарсыласын қас-қағым сәтте ат үстінен жұлып тастайтындай адам болғанын тамсана баяндайтын. "Сол айқастарда сансыз жарақат алса да төзе білген, қолынан қаруын түсірмеген, қайсарлықтың үлгісін көрсеткен батыр еді", — деседі кешегі үлкендер.

Қазір бір бабасын батыр етіп көрсету етек алған жағдай кейде күлкіге әкеліп тіреледі. Сол бабасын Аңырақай шайқасына қатыстырып қою құмарлығы басым. Қандай дерек бар? Оны ойлап жатқан сол бейшара қалам иесі жоқ. Тіпті жаудың сан торына түссе де жүрегі сыр бермеген, бар қазақ (кешегісі де, бүгінгісі де) бас иген, ерлігін дәріптеген Абылай хан «сол рудың батырынан сескенген-мыс», «өйтіп қапты, бүйтіп қапты» деген желбуаз сөз. Заманында елді ұйыта білген, жауынан жасқанбаған тұлғаға сес көрсету көшті кері тартқан сасық рушылдық екеніне күлмеске шара жоқ. Қалам иесі ретінде бұл жолдан аулақпыз.

Бізге Сазанбай батыр жөнінде дерек берген Шет совхозы деген ірі шаруашылықтағы орта мектептің басшысының бірі Қуанышқұл Жәмиев еді. Сол кісінің үйінде басынан 58-баппен Карлагтың бар қиындығын өткізген Қасым Сырымбетұлымен кездесуші едік. Ақсақал да, мен де 58-дің иесіміз. Ісіміз жасырын жалғасу. Сонда Қуанышқұл Жәмиұлы: «Сазанбай Қалмақ қырған деген жерде қалмақпен соғысыпты. Сонда шамасы 40 жаста болса керек. Жекпе-жекке шығыпты» деген дерек айтқан. Оның сөзін қоштаған Қасым ақсақал: «Сазанбай ат көтере алмайтын алып адам екен. Жекпе-жекте аты құлап, аяғын суыра алмай жатып, өзін өлтірмек болып найза сілтеген жауды қаруымен бірге аттан жұлып алыпты», — деп үстемелеген еді.

Қалмаққырғандағы «Шаңды жорықтың» соңғы айқасы 1771 жылы өткен. Осы ұрыста Найман Қаратай батыр улы жебе тиіп дүниеден өтсе, Уақ Баян батыр уланған бұлақтан су ішіп қазаға ұшыраған. Екеуінің де мәңгілік орны — Арқаның осы тұсы, Шет ауданының жері. Сазанбай батырдың да туған жылын осы дерекпен шамалауға болады.

Айта кететініміз, бір журналист-сымақ. "Еділдің бойындағы қалмақ осы жаққа қалай келмек? Жер алыс" деп дауласып жазғаны бар. Оның ойынша, Шоқан жазған «Шаңды жорық» болмаған. Тарихи сауатсыздық не дегізбейді! Надандық демеске лаж жоқ. Қаза болған батыр Баянның да, Найман Қаратайдың да, Қаракесек Итқараның да, сол ұрыста ерекше ерлік көрсеткен Сазанбайдың да батырлық істері аңызға айналып, ауыздан-ауызға көшіп, бізге жетті.

Сол шайқастарға қатынасқан Сазанбай батыр — күрделі тағдыр иесі. Жауды жеңдік деп масайрап жата бермеген тұлға. Ол осы жеңістің азаматтардың аққан қанымен, батырлардың ағыл-тегіл ағылған ащы терімен бұйырғанын әбден түсінген, басынан кешірген адам. Қырғын соғыс аяқталған соң ол, иә біраз жыл, құс ұясын салған Тағылы— Бұғылының биік құздарынан бүркіт ұстап, аң аулап, буырқана аққан өзендерінің бойына үй тігіп, бейбіт қазақы өмір сүрген де. Сол бейбіт өмірде де іш көкейі алаң болған. Абылай хан

дүниеден өткеннен кейін қазақ жеріне қол сала бастаған Ресейдің ісі де шығыстағы Қытайдың сесі де «елім, жерім» деген қазақтың азаматтарын дүрліктіргені анық. Әркім өзінше қатерден шығудың жолын іздеді. Қару іздеді, сарбазға сай көлік іздеді. Сазанбай батыр да тыныш қала алмады. Ол өзін шайқастарда шалдықпай алып жүретін атқа зәру болған адам. Келер батыр ұрпақтың тақымының астында сондай тұлпар болуын армандаған. Аңыз, сондай тұлпарды Сазанбай батырдың іздеп шыққанын жеткізеді. Тұлпар Ташкеннің Беглербегінің қолында, мықты күзетте екен. Өзінен кіші Орынбайды серік еткен Сазанбай батыр ақыры сол тұлпарды қолға түсіріп, арқаға жеткізген. Ұрпақтың тақымын сондай сәйгүлікпен қамтамасыз еткісі келіп, тұлпарды үйірге салыпты. Қажетті төлді ала алмаған соң тұлпарды өзіне сай бедеуін (биені) алуға барғанда дұшпанның қолына түскен.

Келешек ұрпақ үшін дұшпанмен айқасқа тайсалмай шығар тұлпар іздеген Сазанбай батыр қолға бірге түскен Орынбайды ғана қапастан шығару үшін Беглербектің айтқанына көнгенсіген, атты әкелтіп бермек болған. Орынбаймен қоштасып тұрып: «Қазақтың мен сияқты батыр туатын бір қатыны буаз шығар, тұлпарды әкеліп бермеңдер», — деп бұйырған екен. Ақын Жәкен Байтуовтың архивінде сақталған «Көпжайдақ» дастанын тауып, кезінде жарналатқан едім. Сонда батыр:

Мен үшін ел-жұртым қайғырмасын,
Сазанбай тұтқында деп ар қылмасын.
Бір қатын мен өлсем де буаз болар,
Қолдағы Көпжайдақтан айырылмасын, —

деген екен. Жәкен ақын әрі қарай былай толғаған екен:

Қайтқан жоқ Ер Сазанбай айтқан серттен,
Тұқым көп күні бүгін тұлпар көктен.
Ерлерге ел қорғайтын міну үшін,
Өсіріп елім атар асыл тектен.

Тектінің соңы да жалғасын табады. Қармыс өзенінің бойында қазақтың сәулет өнерінің айрықша көрінісі, қамшыдай боп өрілген Есбай мазары тұр. Есбай орысқа қарсы күресті бастаған Абылай хан тұқымы Саржанмен тілектес болған абзал тұлға. Сазанбайдың бір келіні Дәрінің есімімен Дәрі өзені Бұғылы тауын баурай ағады.

Александр Македонский өлерінде өзін табытқа салуын, табыттан тесік жасап, бір қолын шығарып қоюын өсиет етіп: «Жұрт менің бұл жалғаннан ештеңе алып бара жатпағанымды көрсін», — деген екен. Ғажайып өсиет.

Сазанбай батыр қазақ баласының намысын қолдан бермес ел болуын көкsep: «Қазақтың батыр туар бір қатыны бар шығар» деп, соның жауға мінер тұлпарын сайлап кетті.

Сазанбай батырдың осы аңсауының Александр жиһангердің өсиетінен несі кем?!

КИЕЛІ ДАЛА ИЕСІ

— Жекешеленіп болдық. Салбөксе, масылдықтан құтылу үшін ол да қажетті шаруа еді. Енді әрі қарай өсу үшін біріккен дұрыс. Осыны Президент те айтып жүр ғой, — деп қалды Тілеутай.

Бегіне қарадым. Жүзінде ой бар. Қаһарлы соғыс аласапыран 1943 жылда дүниеге келген Тілеутай әкесі Смағұл қайтыс болып, інісі Серікбай екеуі әжесі Жапырақтың қолында қалған қара бала еді. Анда-санда тыр-тыр қасынатыны да есімде. Екі-үш жылда бір соғатын ауылға келгенімде біртүрлі жылығушырайды. Ол жігіттік шаққа іліккенде біз елде жоқпыз. Барсакелмеске жіберген. Кейін естідім, сонда менің ағайындарымның қолында қалған бірен-саран қағазымды: “Сендер қорықсандар, маған беріңдер, мен тығып ұстаймын”, — деп таласатын да осы Тілеутай.

Бір істі қолына алса, дегеніне жетпей тынбайтын Тілеутай сан қирап, енді іске жарармайтын боп жатқан машинаны өзі түзеп, жүйткітіп жолға салып жүрген

соң еңбегіне қызыққан кеңшар басшылары әуелі механик етіп, кейін гаражды да басқартты. Бұл сол 1964 жылдардың шамасы болса керек. Тағылы өңірінің ол кездегі табиғаты да тамылжыған тамаша еді. Бұлақ біткен сарқырап жатқан, өзеннің де суы мол. Құйып өткен ала бұлттың арты жадырап шыға келетін. Осыдан да шығар егіннен алған астықтан ел көше алмай жататын. Бір комбайнның тізгінінде тағы да—Тілеутай. Бәсеке бар, комбайншылар жарысады. Оза шығатын да осы інім екен.

Қай істі қолға алса да ебін табатынын, орнына келтіретініне көздері жеткен соң Тілеутайды әуелі Қарасаз бөлімшесіне басшы етіп қойған. Ол бұрынғы “опырабилеушідей” емес, әуелі өзінің тамағы емес, жұмысты жолға қоюды мақсат еткен. Ертемен жортып кетеді, түннің бір мезгілінде үйіне жетеді. Тынымсыз тірліктің арқасында “фермесі” алдыңғы қатардан көрініп қалған. Елге де сыйлы, ағайынға да ізетті. Е, сол кез екен ғой. Мұсылман баласының айт намазы келе қалған. Сәнә жеңгеміздің шелпек пісіріп қойғанына да бірер сағат болыпты. Бұл ауылда қызыл мен ақты араластырып ішіп, “союз нерушимый” деп әндетіп жүргендер табылса да, “бисмилла” деп бастап, бірауыз дұға қайтаруға адам таппаған. Осы ауылдағы жалғыз бие байлаған Зәрия жеңгеміздің жолдасы Асау бір жаққа кеткен. Айнала күн сала қарап, дегбірсіздене жүрген Сәнәға Тілеутайдың көзі түскен.

— Иә, неғып мазаң кетіп жүр?

— Шелпекке құран оқитын адам таппай...

— Туһ, соны да сөз деп... Жүр үйге.

Ағузи биллаһи Қален мінашайтан ражим,

Бисмиллаһи рахман рахим.

Кулһу Аллаһ ақтығыма сенет,

Уақытын асырмай шелпекті жайлы орнына жөнелт, — деп дауысын күңгірлете шығарған Тілеутайға жеңгеміз қосылған. Басқа әйелдер де, бала-шаға да қол көтеріп, шелпекке жармасыпты. Мұны естіген Әшекең молла күліпті де: “Бәрі де дұрыс-ау, тек Қаленнің атын бекер қосқан екенсің”, — деген екен.

Бірер жылдан соң Тілеутайды “Қызылту” бөлімшесін басқаруға жіберген. Ұзақ басқарды бұл ауылды. Аудан

бойынша "Кормоцех" дегенді бірінші орнатқан да осы ініміз. "Кормораздатчик" дегенді де іске қосты. Бірінші рет мал салмағын жайлау-жайлауда өлшейтін жылжымалы таразыны да қолданды. Ауыл тұрғындарының да тұрмыс жағдайын естен шығарған емес. Әр үйге ауызсу тартқызды. Сол тартқан ауызсуды күні бүгін осы ауыл халқының пайдаланып отырғанының өзі мақтан емес пе?

Осы ауылға қарайтын Ортаалада ескі тоған бар еді. Ескі тоғанның көнеден қалған байлауын кезінде Мәтең түзегенін еститінбіз. Колхоз заманында "Қызылтеңдіктің" колхозшылары беріректен іргесін көтеріп жаңа тоған салған. Мұрабтықты Ақмағанбет әкеміз атқарып, колхоздың егістен мол өнім алғанын көзіміз көрген. Кетеуі кетіп ескірген сол тоғанды Тілеутай қайтадан салдыртты. Ешкімнен ақыл да сұраған емес, совхоздан көмек те сұраған жоқ. Шайыла-шайыла қылдай болған тоғанның жиегінен екі машина қатар өтетіндей еткізген.

Совхоздағылардың кейбірінің жақтырмағанына қарамастан бөлімшедегі бір тракторды арнайы бөліп қойып, Қызылтуды, Шет, Ақадыр трассасына қосатын көтерме жол салғанына риза болмаған жұрт жоқ. Тілеутай сондай тәуекелшіл іске бармаса, тап мына бүгінгі уақытта ел мен елдің қатынасы бола қояр ма еді? Сондай бір азаматтың басқара алмағанынан Ақшоқы совхозы Шет пен араны қосатын жиырма шақырымдық жол сала алмағанына ел өкінеді. Айналып барсаң — 90 шақырым.

Ауыл еңбеккерлерінің жұмыс атқару жағдайы да өзгерген. Елдің тұрмысы да түзелді. Әр отбасының "өзімдікі" деген мал басы да өсті. Оны қалай асыраймын деген уайым да жоғалған. Ортаның да, жекенің де малының азығы ойластырылған. Осындай еңбегі үшін Тілеутай орден алмаса да, сол заманда әркімнің тақымына тие бермейтін "Уазик" машинаны сыйға алған.

Еңбегімен осылай көрінген Тілеутайдың туған еліне, оның тарихына деген ілтифаты да ерекше. Сонау 1984 жылдың қаһарлы тұсында бізге еріп, Ағыбай басына көктас қоюға қатынасуын бүгінгі ел түсінер, ол кезде

үрке қарап, “жаудың ісі” деп одырайғандар аз болған жоқ. “Қара тізімге” тағы ілініп, ісіміз зорға басылған. Ініміздің сол “Уазигімен” бір шетте жатқан Кенесары ханның қамалын, орыстың Дуанын, Жошының қиясын зерттегенімізді айтпай кетуге болмас.

Үш адамның басы қосылса, “осылар не айтып жүр?” деп саққұлақтанатын секемшіл қоғамда қайтып басымызды молырақ қосып, іштегіні тарқатамыз деген оймен жүретінбіз. Қызылтеңдік колхозында алғаш ұстаздық еткен, сол мектепте өмірінің саналы жылдарын өткізген Мақыш мұғалімнің мектебіне 40 жыл да болып қалған. Маған ерген Ергалы мен Төлеуқұлға Тілеутай қосылды. Сол бастауыш мектепте бірер жыл болса да оқыған, енді тағдырдың айдауымен әр тармаққа кеткендер жиналғанбыз. Мерекеміздің құрметіне Тілеутай бір өгізшені сойдырып та жатыр. Қызылтеңдік колхозының ескі жұрты думанда. Ымырт жабыла Аяқала шоқысының басына жаққан алау түні бойы сөнбеген. Жасқанып, жасып қалған жұрт бір серпілсе, шашына ақ кірген үлкендер қай-қайдағылары еске түсіп, уһілескен. Ертеңіне Тілеутай бала кезімізде сан сүңгіген, енді құм басып қалған Темірастауды қаздырып, Жайын судың жағасында ән шырқап барып тарасқанбыз.

Жігіттің сегіз қырының бірі — аңшылық. Тілеутай бұдан да құр алақан емес. Тағылы өңірінде ит-құс деген жыртылып-айырылатын. Малға тигізіп жатқан зияны да жеткілікті. Қыстың бораны мен сықырлаған сары аязында Тілеутаймен бірге бөрінің ізіне түсіп, қосқа қонып аттанған уақыттар сан болған. Бұл уақиғалар, әсіресе Шетшоқыдағы шөпшілерге жаз ортасында тікелей шауып жүрген көкжалды алуы, жүрек жұтқандықтай жағдай менің “Көкжалдың ажалы” атты повесінің арқауы болды. Иә, мен кейде сезімге беріліп, қасқырды атқым да келмей қалатын кез болатын. Бірде, сонша көркем, сұлу қасқырды көріп, әңгімеге айналдырып атпағаным Тілеутай біраз күліп жүрді. Меніңше, сұлуға сүйсіне білу керек. Сұлуды құртудан, қолмен ұстап езгілеп тастаудан, тақымға басудан ләззаттанбайсың. Оның тірлігіне қызығып, сүйсініп жүргеннен артық ләззат болуы мүмкін емес.

Бұл інім — тау мен даланың нағыз иесі. Орманы болса қидырмауға тырысады, өрт шалмаса екен дейді, тағысы болса, тірі болса екен дейді. Сонау бір жылдары бір жиналыста: “Сендер арқарларды қырып барасыңдар, естерінде болсын, енді қарауылға өздеріңді іліктірем”, — деген едім. Сондағы сенгенім — Тілеутай және соның соңынан ергендер.

Иә, әркім өзін мен осы киелі даланың иесімін деп түсінсе ғой. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалар ма еді.?!

Өткенде: “Тағылы өңірінде өмірі де үлгілі, сөзі де парасатты елге ақсақал болар кім бар?” — дескенбіз. Баршысы да: “Тілеутай”, — десті.

“Ақсақалдығың қайырлы, құтты, ұзағынан болсын!” — дейді мынау ел, мынау дала.

ӨМІРШЕҢ ӨЛЕҢ ОЙ ҚОЗҒАР

Күннің нұры түріп елдің түндігін,
Шам-шырақтай жарқырап-ақ түр бүгін.
Көк байрағым көкті сүйіп, желбіреп,
Көп алпауыт санасатын туды күн.

Бұл толғанысты көзқуаныштың қанатты сезімі сананы билеп, жүректен шыққан тұжырым деп қана қабылдайсың. Дүниені сілкіндіріп, бір алып империя құлап, өз шаңырағын көтерген қазақ елінің көк туымен қай ел болмасын санасатын уақыт туды. Осыны жырлаған, тереңнен тамыр тартқан қазақ әдебиетінің ауылдағы бір өкілі — Тезекбай Амандықұлы. Бір өкілі дейтініміз Тезекбайдың алдында қилы заманның өзінде отаршылдықтың ауыр қасіретін, академик Тұрсынбек Кәкішовтің айтқанындай, “XIX ғасыр орыстың, озбыр, зымиян саясатын ерекше әшкерелеген” Шортанбай жырау, оның ізбасарлары Қақпан, Нарманбет, Диақажы, Оқа, Бабас, Түсетай, Сәрінжіп, Маясар ақындар түр. Алаштың өршіл рухына суарылған осы Ұлы жырау мен ақындар заман аяғынан қалай шалса да, бүгінгінің кейбір пәтуасызы бейшаралығынан аса алмаса

да, туған елінің қасіретін, арманы мен үмітін жүрегінен өткізіп жырлаған.

Солар туған киелі топырақтан ұзап кете алмаған Тезекбай да

Зу ете қалған қас-қағым,
Шуаққа толы күнім көп.
Аюлы таудың тастары,
Сөйлер ме едің тілің боп, —

десе, онан әрі:

...Жазира далам — киелі байтақ мекенім,
Көгінде шалқыр жүзетін еркін, жеке күн.
Өзіңді сүю арқылы ғана түсіндім,
Туған жерімнің анадай қымбат екенін, —

деп шалқи жырлайды.

Өмір қайшылыққа құрылған. Жақсылық пен жамандық тұңғыық түн мен жарқыраған күндей, сымбатына сүйсіндірген. Сұлулық пен зымиян сұмпайылықтай арбасып, астасып жатыр. Ақын жүрегі бұған селт етпей, мызғымай тұра алмаса, от жүректен ащы шындық та шығады. Кітаптың беташары “Бір адамға”сындағы:

...Бір күндік баққа мастанған,
Жағасы жайлау,
Мамықтан жастық жастанған.
...Найзағай сәттер,
Тәубасын еске түсірген, —

дегені де,

Жұлқысып жатқан таласып алашағына,
Ит тірлік мұндай ұрпаққа жол ашады ма?
Сүйек-шанаққа таласқан тексіздер мына,
Алаңдап қайтсін ұрпақтың болашағына, —

дегені де, жас мемлекетіміздің жағасына жармасып, мына алмағайып заманда ырысына іріткі салып жүр-

ген, жегеніне тоймаған шенеунік — әкімсымақтардың сықпытын ашқан ащы шындық.

Тірліктен бақыт табуды,
Сіңіріп ойға санаға ап.
Қалады мүлде жабулы,
Тәуба менен қанағат, —

деп түйіндейді ақын.

Иә, бұл көрініс “ешкімнің ала жібін аттама” деген халқымыздың мыңжылдық ұстанымын, дін-исламның асыл қағидаларын аяққа басқан, онымен сусындап өспеген, мінген машинасының рөлі әлемнің ричагі деп түсінген бүгінгі әңгүдіктің бейнесі.

Жер басқан пенде бір күні,
Түседі жердің астына.

Осы бір ойларды Тезекбай ақын 1986 жылдардың уақиғасына арнады ма екен деп те қаласың. Қай системаға да қызмет етсе де, бәрібір іші өлген сырты бүтін талайлар бар. “Елім” деп шыққан қазақтың баласын күстәналаған жиналыс бар жерде өткен. Райкомның атынан оқу бөліміне келіп, кінәлаған жиналыс өткізген осы жердің тумасы, бәкенедей бейшараның айтпаған сөзі қалмаған еді. Тезекбайдың сол жиыннан түңіліп шыққанын көзім көрген еді.

Кейде сондайлардың бағы жанып, мерейі үстем боп, елге “ақыл” айтатынына не шара. Жалған дүниенің өзінде жүріп, өзі жалғандық жасайтын ар-ұятты жиып қойған осындай текті елдің тегіне балта шапқандықтан туған. Ол — сатқын жол. Сол сатқындық халқы үшін шыбын жанын шүберекке түйген Кенесарыны Сыпатай боп келіп, жау қолына байлап бергендей жасаған. Ол әр заман түсі мен бейнесін өзгертіп отырады.

Ақынның:

Дейсіндер ау, жақсылықты алдан күт,
Осы ойменен қаншама рет алдандық.
Ал, мен білсем,
Дүниенің түбіне жететұғын,
Дос жасаған жалғандық, —

деуі өкінішті шындық.

Осы шындық бүгінгі күнде тағы мынандай бейнеге енген.

Асық пенен бауырсаққа таласқаннан,
Достар ек бұртиудан әрі аспаған.
Қасарып, хал сұраудан қалдық неге,
Жандардай жұлдыздары жараспаған?

Ол мына уақытта адал жүректің бірегейлік “ошағына отарланып қалғанына” налиды. Иә, бұл да бір Шортанбай жырау айтқан:

Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ.
Ақша деген мал шықты, —

деген адамдардың арасы тиын-тебенмен өлшенген, екі досымақтың атқа мініп, қаздай қалқыып барып біреудің биесіне ұры арқан салған кісәпірлік ісін естіп өкіну болар.

...Қасыма келген аруды,
Жібермеуші едім күлдірмей, —

деп ағынан жарылатын Тезекбай ақын отбасының берекесі жастардың пәк рухпен қоса, пәк тәнмен басқосуында екенін де тамаша жырлаған.

Сүйемін періштедей пәктігіңді,
Адаспай өткіз жаным жас күніңді.
Өріп жүр өркөкірек өзімшілдер,
Жұлдырма шешек атқан ақ гүліңді, —

дей келіп:

...Бұрымға мына гажап жараспайды,
Көлгірсіп көп жаманның ұстағаны, —

деп тамаша түйін жасаған.

Қазақ бойжеткен үлбіреген жас қызды Ару санаған. Оны басқаның сұқ көзі түгілі, желдің өтінен де сақ-

таған. Өзінің өлуі бар жас аруды жау қолына бермеген. Мұсылманның асыл қасиеті бойына сіңіп өскен әйел гұмыр бойы еріне деген пәктігін сақтаған. Ақын Әуесхан Көшімовтің ағасы Сейілхан 1931 жылы атылып кетсе де, оның жұбайы Гүлзағираның ерінен қалған жалғыз көйлекті иіскеп, өмір бойы арын сақтап өткенін көзіміз көрді.

Иә, кешегі қызыл империя тұсында қазақ әйелінің осы бейнесін бұзуға бар амал жасалды, тыңғылықты жоспар да құрылды. Әйел теңдігі дегенді шығарып, отбасының берекесін кетіріп, әйел мен ердің арасындағы табиғи баланс та бұзылды.

Тезекбайдың:

Жүрегінді жаралар,
Жылап кеуде, бейпілауыз, бейәдеп қыздарымыз.

немесе:

...Қыз Жібектер, Баяндар ғайып болып,
Қайдан пайда болды кіл жезөкшелер?
...Текті жұрттың көзайым аруына,
Тексіздіктің бұл дерті қайдан жұқты?—

деуі де бүгінгі күннің айықпас дертіне деген жан ашуы. Бүлінген қауымның нәтижесі— тастанды балалар. Ар мен ұят ақшаға сатылған заманда тас үйдегі келешегі бұлыңғыр мұңды жетімдер.

Жалаңаш қалған тастанды сәбилерімнің,
Айналып кеткім келеді жаялығына, —

деген өкініш есі түзу азаматтың қайсысының болмасын жүрегінде болар.

Кітаптың келесі бір бетін ашқанда, ақынның “Шалдар” деген өлеңіне еріксіз тоқтадым.

Көсем сөйлеп, көсіліп отыратын,
Көрінбейді қазақы қара шалдар.

Тарихтың қиын-қыстау кезеңінен аман өткен қазақтың сақал-мұртты үлкендерінің кейпі басқа болса

керек еді. Етек-жеңді жинақы ұстап, тарихтың ауыр сабағын өспелі ұрпаққа жеткізе білсе керек еді.

Мазам кетер жегі құрт түрткі ойлардан,
Қарттарым аз, ұрпақты, жұртты ойлаған, —

деген ақын онан әрі:

...Қорқамын мен “ақсақал” деген атау
Шығып қалар ма екен деп сөздігімнен, —

деп сескенсе де, “Үміт” деген өлеңінде

...Ымыртты мына ертеңгі таңға жалғайтын,
Үзіле көрме, үкілі менің Үмітім, —

деп оқырманды қуантады.

Иә, үкілі үміт “Зәһәр” су — удан да, басқа кесапаттан да бойын аулақ салған, қазақы салт-дәстүрімізге, адал дінімізге бет бұрған жастар. Тек олар озық үлгіге зәру.

Тезекбайдың:

Қайран ауылым қаңырап жатыр,
Үдеріп көшкен... түгі қалмай.
...Қаңырап жатыр ауылдың орны,
Қалқайып қырда молалар ғана, —

дегені — кешегі 90 -жылдардағы шындықтан өтірігі көп өтпелі кезеңнің айқын суреті. Өзі аттың жалында, түйенің қомында туып, жаумен жұлқыса жүріп, бабалар сайын даланы келер ұрпаққа мирас қылып бекітіп кеткен. Енді сол далада:

Сайын далаңды сақтаған бізге...

Қалдыңдар, баба, өздерің ғана! — дегеніне айтып қосарың аз.

Тезекбай өзі жазғандай:

Ана тілім!
Ардақтым, бар асылым,
Сенен тапқан ой-сана жарасымын.
...Сен арқылы тоқтатып таласқанын,
Ата-бабам сейілткен “қара аспанын”, —

деп асылын ардақтап өскен азамат. Халқымыздың игі қасиеттерін бойына сіңіріп, өз жолын тапқан оның өлеңі деп өміршең.

БОЗ ТАҢДА

«Парасат» журналының №8 санында «Шәмшіге телінген өлең кімдікі?» деген материал жарық көрген екен. Авторы С.Даумов «Боз таңда боз үйректі ілді біреу» деген өлең туралы айта келіп, оның Шәмшінікі еместігіне тоқтала отырып, «оны білетін адамдардың ел ішінен әлі де табылып қалуы ықтимал» екеніне тоқтаған екен.

Уақиға осы біздің Шет ауданында болған еді. Өлеңнің иесі — Бодықтың Қасені деген ақын. Ол үлкен әкесі Нармамбеттің ұзақ жылдары болыс болуына байланысты қуғынға түскен адам. Ол ікісінің біраз мұралары сақталған. Қолжазба нұсқасы менің қолымда да бар.

Аудан 1928 жылы құрылған. Алғашқы жылдары қуғыннан аман-сау Қасен ақын аудандық атқару комитетінде хатшы болып істейді. Төрағасы Жаңқашев Қасен деген өзі аттас кісі. Бірінші хатшы Досмақов Сейілхан деген Қаз дауысты Қазыбек бидің ұрпағы.

Төраға Қасен мен ақын Қасен алыстағы ағылшын кеніші Қызылеспеге орналасқан аудан орталығынан ел аралауға бірге шығады. Екеуінің сол кезде аты шыққан сұлуды көре кету ойында болғанын кешегі үлкендер жыр қылып айтып отыратын. Ат болдыртқансып, кештетіп Нилдібай байдың ауылына атбасын тірескен. Билік басындағылардың келуіне ауыл иесі де қарсы емес. Әрі олардың қыз көре келгенін де түсінетін сияқты. Қыздарының мынадай адамдарға баруын да іштей тілейтіндей.

— Бір мал жеп кетіңіздер, — деп жік-жаппар болған ниет танытқан.

Ата-ана көзінше қызбен сөйлесудің реті жоқ. Сол күні алтыбақан да құрылмаған. Түннің ғана реті қалған. Кемпір-шал ұйықтады-ау деген шамада әуелі

қозғалған ақын Қасен қыздың көрпесін ашқан. Қыз «кімсің» демеді, Қасеннің басынан сипады да «кет» дегеннің белгісін беріп, кейін серпіді. Ақын Қасен шашын ұстарамен алдырып жүретін, ал төраға Қасеннің шалқадан қайырған шашы болушы еді. Қыздың басын сипағанынан-ақ ақын Қасен қыз көңілінің дарын иесі емес, бармақтай бақ иесіне ауғанын түсінген.

Біраздан соң төрағасының да қыз төсегіне қарай жорғалап бара жатқанын да біліп, сыбыр-күбірді де естіген.

Ертемен шай үстінде ақын Қасен жөткірініп, түнде бір тамаша түс көргенін айтып, соны үй иесі Нілдекеңнің жорып беруін өтінген. Сондағы түсін ақын өлеңмен былай жеткізіпті:

Боз таңда бозша үйректі ілді біреу,
Ал қызыл албыраған нұрлы біреу.
Атлас ақ кіреуке шымылдыққа,
Атылып оқ жыландай кірді біреу
Жарасып, жаспен ойнап күлді біреу.
Сұлудың сыландаған ақ алмасын
Аршындап ақ алмаспен тілді біреу.
Қара үйек, сырты қызыл орман түлкі,
Жаздырмай қол-аяғын бүрді біреу.
Шыбын жан шығып кетпей қалды шыдап,
Сорғанда солқылдатып тілді біреу.
Шіркін-ай жаздың таңы қалай қысқа,
Құшақтап ұстап тұрса күнді біреу.

Сөзбен сурет салған ақынның шеберлігі тәнті еткен жұрт бұл өлеңді жаппай жаттап, елден-елге тарап кеткен. Сөз өнерін ұға білген бұрынғы қазақ осы батысшығыс, түстік-терістік жаққа жеткізгеніне күмән жоқ. Соның бір мысалы, Алтайдың тумасы Қалихан Ысқақ: «Қақпан деген ақын болған екен, соның мына шумағын естідің бе?» — деген бірде.

Елуден есер ағаң асып қалды,
Жастық шақ қол жеткізбей алыс қалды.
Бір кезде қыз сипаған қайран тәнді,
Жармасып жаман кемпір қосып алды.

Осы Қақпан ақын да Шет ауданын мекен еткен Бесата елінің ақыны.

Отызыншы жылдардың зұлматына арнаған 2001 жылы жарық көрген «Апат» атты романимда Қасен ақынның басынан өткен осы уақиғалар көрініс тапқан еді. Қалай болғанда да иесін тапқаны дұрыс.

«Боз таңда бозша үйректі ілді біреудің» уақиғасы осы.

КҮЙ ӨНЕРІН САҚТАУШЫ ЕРЕН АЗАМАТ

Иә, ол бүгін ортамызда жоқ. Бірақ жадымыздан өшпейді. 1961 жылдың жазы еді. Ауданның радио то-рабынан бір ерекше күй төгіліп тұрды. Бұрын құлақ естімеген сарын. Сарын жан-жүйеңді билеп, тербетіп әкетіп барады. Күй тірі адамдай «аһ» ұрады, өкіне шегін тартады да, қайта ғұмырға бетін бұрып, сәл жылы леп білдіріп, біртіндеп өмірдің қуанышына шақырады. «Шебер екен» деп таңдай қақтым. Орал деген жігіт екен. Аяғын сәл сылтып басатын Оралмен сәлемдестік те қойдық.

Онан кейін... Иә, онан кейін орыстың ормандарын аралап «қажылықта» біраз жыл жүргенде де сол домбырашы жігіт есімнен кетпей қойды. Украин жігіті Иосиф Андрушківке домбыра жасатып алғанбыз. Сол Оралдан естіген сарынды сан рет қайталап көргім де келген. Елде қалған Оралды айтып, анау грузин, татар, латыш, түрікмен, өзбектерге мақтанамын.

Елге келген соң да Оралмен еркін араласып кете алмадым. Маған кім жуықтаса да, атақты үш әріптің (КГБ) бақылауына түсетін еді. Біреудің отбасына қауіп төндіргім келмеген. Кездесе қалсақ, сәлеміміз түзу болса да, суық қабақ танытып жүре беретін едім.

Өткен ғасырдың 70-жылдары шертпе күйді, оның ішінде Қыздарбек күйші мен оның шәкірттерінің өнерін зерттеуге ден қойдым. Газет-журналдарда «Қыздарбек, Әбди, Сембек деген күйшілер бопты» деп қана жазатын.

Мұны оқыған талай адам не, бұлар көне заманда өмір сүрген біреулер шығар дейтін. Мүмкін солай айтқызу сол күйшілерді оққа байлаған совет заманының билігін—де отырғандарға керек те шығар. Арқаның осы тұсының бұл атақты күйшілерінің өмір жолы да, туындылары да еріксіз ұмыт болып бара жатты. Оққа байланғандардың өмірі мен өнерін зерттеу де қатерлі еді.

70-жылдардың орта кезінен Қыздарбек күйші мен оның шәкірттерінің өмір жолын түгендеуге кірістім. Тоқсанға келген Қази ақын, жетпістен асқан Бегім сал күйші, Дәулетбек Сәдуақасұлы, Жағыпар домбырашылар, Әбдіғали молла т.б айттарын хатқа түсіріп, Ақшағыл совхозындағы Орал Исатайұлының үйіне ат басын тірегенмін. Қолымда бір кісі зорға көтеретін магнитофон. Орал ықылас бере қарсы алды. Келген мақсатымды естіген соң тіпті қуанды. Іздеп жазатын бір адам шықпас па екен деп өкінішпен жүргенін де жеткізген.

Орал шертпе күйлерді молынан игерген екен. Күй өнеріне әкесі Исатай баулыған екен. Кейін атақты Рысқұлбек күйшіден тәлім алған. «Қасқа тайымды мініп, Рысқұлбек күйші қай ауылға барса да жаз бойы соңына ілесіп кете беретін едім, — деп еске алған Орал. Иә, бұл — өнерге шын берілген адамның сара жолы.

Сол күні талай-талай күйшілерді еске алып, солардың күйін жаңғырта тыңдап, бір мерейлі болғанбыз. Қыздарбек пен оның шәкірттері Әбди, Сембек, Мақаштың күйлерін таспаға түсіріп алдық. Әсіресе, Оралдың орындауындағы Әбдидің жалғыз баласы өлгенде шығарған «Тәуба» Қосбасары (кейде мұны Әбдидің «Зары» деп те айтады) тіпті ерекше. Жалғанның түбі осылай дегендей, жалғыз ішектің «дың» еткен дыбысы әлемге тарап сөне бере, оқ тиіп үш аяқпен қашқан Құланның үні естілгендей зарлап әкете береді де, жан-жүйең бір тылсымға еніп кете бересің. Қыздарбектің күйлерін радиоға да, басқаға да өткізе алмай, консерваторияға келіп, Тымат Мерғалиевқа тыңдатқан едім. Тыматтың өксіп қап жылап отырғанын көзім көрді. «Япыр-ай, екі шектің үнімен осыншама қасіретпен қайғыны қалай берген?» — деп көзін сүрткен еді Тымат аға.

Сол жолы Қыздарбек Әбдиге арнап «Жұбату» күйін де шығарған екен. Оны да бізге жеткізген – осы Орал Исатайұлы. «Сіздің зерттеуіңіздің бір ұшы қазақтың тартқан қасіреті ғой, ендеше жүріңіз», – деп 1931 жылы осы маңның талай адамы атылған Құрымбай сайын да көрсеткен Орал еді.

Қыздарбек пен оның шәкірттерінің күйлерін радиодан бергізе алмай, оның үстіне, Абылай ханның күйлерін де өткізе алмай, талай-талай ащы сөз естіп, тауым шағылып жүргенде, осы Орал, Дәулетбектер өртке су сепкен қарлығаштай, домбыраны шертіп-шертіп жіберіп, жанымды жадыратып, рухымды көтеріп, жүзі мұқалған пышақты қайрап-қайрап салғандай ететін.

Ақыры, 80 жылдардың бас кезінде Қазақ радиосы бір сағат бойы Қыздарбек пен оның шәкірттерінің шығармашылығы жөнінде бір сағаттық хабар берді. Бұл арпалысты Илия Жақановтың, Ақселеудің, Наров Төлеутайдың еткен көмегін айтпаса болмайды. Сонда Орал түнделетіп үйге келіп, қуанышты шексіз бөліскен еді.

1997 жылдың күзі еді. Астанадан келген тележурналист Төлеутай Дамиевті ертіп Ақжал барып, түнделете Ақшағылға жеттік. Мақсатымыз Кенесары қамалы. Орал бізге ілескен. Түнімен сан адаса жүріп Қызылтауға жетіп, ақыры қамалға ат басын тіредік. Орал қамал іргесінің қалдығын өлшей жүріп, ғажап шабыттанды. Қамалдың биіктеу бұрышындағы тасқа жайғасып, талай-талай күйлерді жүректі шымырлата отырып тартқаны естен кетер ме?!

Иә, өмірі өтіп барады екен. Ол 1999 жылы кенеттен қайтыс болды. Орал Исатайұлы 1943 жылы Қарабұлақ ауылында өнер иесі Исатайдың отбасында дүниеге келген. Онжылдық мектепті Ақжалда бітіріп, еңбекке араласқан. Сол тұста Ақшағыл совхозы құрылып, сол шаруашылықтың жұмыскерлер комитетінің төрағасы қызметін атқара жүріп, Қарағанды пединститутын тамамдаған ол сол совхоздағы мектепте қатардағы мұғалім, кейін өзі дүниеден өткенше сол мектептің директоры болып қызмет атқарды.

Өмірде осындай Қазақ өнеріне шын берілген, шын жанашыр болмаса, қазақ мәдениетінің қаусап қалған қабырғасы түгенделмес еді.

АБЗАЛ АЗАМАТ

Ақырын жүріп, байыппен тіл қататын, айналасын зейін сала бағдарлайтын азаматты көрген адам, оның жылы шырайына, достық пейіліне разы болатын. Иә, көптен... көптен бері білемін. «ҚР Құрметті құрылысшысы» атағы бар аудан көлеміндегі жалғыз азамат Жеңіс екен. Талайда талай атақ, орден бар шығар, бірақ азаматты танытатын оның рухының биіктігі, ұлтының ұлылығын қасиеттей білуде ғой. Сонау тырнақ астынан кір іздеген КГБ дегеннің аждаһадай аузы үңірейіп тұрған заманында Жеңіс ел үркетін іске бара алды. 1980 жылы Шеттің бір топ ұлтын сүйгіш азаматтары есімін атауға тыйым салынған Шортанбай жыраудың басына көктас орнатқанда Жеңіс солардың ішінде еді. Болашақ қызмет бабында өсуіме кедергі болады-ау деген ой басына да келген жоқ. Өйткені ол ұлтының мұның жоқтаған Шортанбай жырауды, оның мұрасын көтеру керек екенін жақсы түсінген.

Қазақ халқының басына қасірет ала келген ХХ ғасырдың 30-жылдары Жеңістің әкесі Мұқанның отбасына да зобалаң туғызған. Мұқанның әкесі Сүлеймен «халық жауларының» қатарына іліге кетті. Іліккеннен тырнағын жазбайтын ГПУ осы аудан орталығынан асырмай-ақ ату жазасына бұйырған. Шаңырақтың үлкені Бабажан бұл жақта енді қалуға болмайтынын түсініп, қыс бойы Мойынты жаққа бой тасалап, жаз шыға кірешілерге ілесіп Балқашқа жетіп, онан әрі параходпен Алматыға барған. Сол жерде сұрыптаудан өтіп, Еңбешіқазақ ауданындағы Моловодное селосына тоқтапты. Қарағандыда күнкөріп жүрген інісі Мұқанды, детдомда өлместің күнін көріп жүрген кенже інісі Жүністі іздеп жүріп қолына алған.

Міне, осындай тағдыр тауқыметін көрген Мұқанның отбасында 1945 жылы Жеңіс дүние есігін ашқан. Әкесі Мұқан да, Бабажан да соғыстағы қанды қырғынды бастан кешіп, екеу де жараланып қайтқан. Үш азамат Еңбекші- қазақ ауданында да абыройлы, беделді болып, тәп-тәуір қызмет атқарған еді. Бірақ

туған ел мен жерге деген сағынышы елді аңсата берді де, 1956 жылы туған жерге қайта оралған. Жеңіс интернатта жатып Ақсу— Аюлыда Қазақ орта мектебін тамамдады. Интернаттың дәмін татып, ауылдың қоңырқай тірлігін көріп өскен Жеңіс, осы елге септігім тисе дегенді әрқашан есте ұстаған. 1961 жылы Қарағанды Политехникалық институтына оқуға түсті. Сол жылдарғы оқу тәсілі туралы Жеңіс: «Оқу тікелей тәжірибемен ұласып жататын. Сменамен оқып, сменамен зауытқа жұмысқа баратын едік. Теорияны күн сайын практикамен жалғастырған соң, білім де терең болатын еді. Менің білікті маман болып қалыптасуыма оқудың осы тәсілі ерекше әсер етті», — деп еске алады.

Политехникалық институтты құрылысшы-технолог мамандығы бойынша бітірген Жеңіс жолдамамен Көкшетаудағы Ломоносов атындағы КСМК-ға жұмысқа тұрып, көп кешікпей оның техникалық бөлімінің бастығы қызметін атқарған. Жас маман өмір жолында ысыла түсті, әріптестерінің құрметіне де бөленіп, ел танып, жер көріп, көпшілік ортаның сан алуан қатынасын саралай білуге жетілді. 1969 жылы комсомолдық жолдамамен Чехословакия Республикасында демалыста жүргенінде, халықтың Варшавалық шартқа қарсы шыққан көтерілісінің іздерін көрген.

Әкесі Мұқан дүниеден озып, анасының жалғыз қалуына байланысты Жеңіс абыройлы жұмысын тастап, елге оралған.

Кеңшоқы, Ақшоқы совхозында мастер, прораб болып орналасқан ол шаруашылықтың қарыштап өсуіне аянбай еңбек етті. Совхоздағы МТМ-нің салынып, іске қосылуы Жеңістің қолынан өткен іс. Сол бір кезде дамыған шаруашылыққа қосымша бөлімшелер де қажет еді. Батыстау, Байназар бөлімшелерінің іргесін түзеп, ондағы құрылыстардың тез бітіп, бірер жылдың ішінде оның пайдасын көрсетуі Жеңістің абыройын арттырды. Кеңшоқыдағы 320 балаға арналған жаңа мектептің іргесін бекіту де оның үлесіне тиген.

Өзінің тынымды ісімен жұрт назарына іліккен,

білікті маман болып танылған Жеңіс 1973 жылы жаңадан құрылған Ақадыр аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды. Ақадыр – сәулеті келіспеген теміржол станциясы. Ондғы Автобаза, Ақшатау базасы, Геология экспедиясы т.б. бір-бірімен байланысы жоқ, жеке-жеке күнкөрген кәсіпорындар. Әрқайсысы электр тогын өздерінің дизель станцияларынан алған. Бүкіл поселканы қамтитын электр жүйесі жоқ. Осы жұмысты реттеу исполкомға, оның ішінде, сол саланы басқарған Жеңіске тиген. Екі жылға жуық уақыт ішінде, тер төккен еңбектің арқасында поселок электрмен қамтамасыз етудің орталықтандырылған мемлекеттік жүйесіне қосылды. Жөні түзу көшелері де жоқ Ақадырды абаттандыру мәселесі де бірінші кезекте еді. Поселок ішіндегі автожолдарды қайта құру қажеттігі тұрды. Сол кездегі негізгі көшелер – Вокзал, Ленин, Геологтар т.б. қиыршық құм мен тас төселіп, кейін асфальттанды. Жаяулардың жүрісіне арналып брусчаткалар салынып, көшелерінде жарықтандыру жұмысы қоса жүргізілді.

Поселканы жылыту жүйесінде жұмыс істеп тұрған қуаты аз мөлшердегі 20 жуық котельныйлардың жұмысы да назарда еді. Ол кезде поселкадағы халықты ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі де әлі шешімін таппаған. Ақадырдың аудан орталығы болуына байланысты халық саны өскендіктен, Ю.Гагарин атындағы орта мектепті салу ісі де басталған еді. Шаруашылыққа қажетті Комхоз деген мекеменің өзі керекті техникамен жабдықталмаған қуатсыз кәсіпорын еді. Осы еңбектің бәрі де Ақадыр поселкасының халқы үшін, оны сәулеттендіру үшін жұмсалған күш еді. Бар қажетті табу үшін іздену, оны алу үшін табанды түрде сұрау, келісе білу аса қажетті. Әрине, осыншама ауыр жұмыс жалғыз атқарылған жоқ, И.Колбасиннің, К.Медиевтің, С. Мұхамедярованың А.Смағұловтардың қажетті көмегі, тындырымды басшылық істері үлкен медет болды. Бірде Жеңіс ауатком төрағасы К. Медиевке: «Осы ауыр жұмыстың бәрін біз, яғни райисполком, атқарып жатыр, ал жиналыс сайын мұны райкомның "біздің

басшылығымыз" дейтіні қалай?» — деген. Сонда К. Медиев: «Мынаны есіңе мықтап ұста— тындырылған іс — райкомпартиянікі, әлі бітпеген, ең ауыр жұмыс исполкомның үлесінде», — деп, сол кездегі ішкі саясаттың мәнін бірауыз сөзбен ашып берген екен.

Ақадырда тынымды еңбегімен көрінген Жеңіс Мұқанұлын аудан басшылығы Алматының Жоғары партия мектебіне оқуға жолдайды. Осы жоғары партия мектебін бітірген соң ол Ақтоғай аудандық атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасары қызметіне тағайындалды. Қандай қызмет атқарса да, өз ісін жетік білетін, ешкімді жат санамайтын, көпшіл ол жаңа ортамен тез тіл табысып, ел назырына іліккен. Тап сол бір кезде бұл ауданда «Кұрылыс студент отрядтарын» пайдалану әлі жолға қойылмаған шақ. Жеңіс осы істі қаурыт қолға алды. «Мына жастар не бітіре қояр дейсің?» деген күдік көптің көңілінде еді. Сол күдікті біржола сейілткен де өзі. Студент отрядын жаңадан ашылып жатқан Еңбек совхозына апарған. Апарған екен — бар бейнеті де, жауапкершілігі де өз мойнында. Исполкомның жұмысынан сәл босаған шағында күн демей, түн демей студенттердің арасынан табылып, туындап жатқан мәселелерін шешкен. Бір жаздың ішінде Еңбек совхозының біраз құрылысы тік тұрған. Мұндай істің боларына сенбегендер таңдана ішін тартты, Жеңіске сенгендер қуанды. Сол кездегі ұйымдастырушылық қызметі үшін Жеңіс Сүлейменов ВАКСМ Орталық комитетінің Грамотысымен марапаталған еді. Сол бір шақта Ақтоғайда аудан орталығы көшелері ретке келтірілмеген, асфальт дегеннің белгісі де жоқ, түн болса, көшелерде жарық шамалы еді. Маман ретінде әрі осы саланың басқарып отырған Жеңістің үлесіне осы мәселерді жөнге қою тапсырылған. Тоқ беретін подстанция Балқашқа қарайды. Күні бүгін ол мекеменің не басшы, не жұмысшысымен ешкім тілдесіп те көрмепті. Балқаштағы бұл мекеменің басшылары көшеге жарық тартуға аса ықылас танытпаған. Жеңіс подстанция жұмысшыларының тілін тапқан. Солардың көмегімен басты көшелерге жарық та берілді, асфальт та төселіп салынды.

Аудандағы көп жиналыстың бірінде: «Бізде көшелерге ағаш отырғызу аз, қарағай-шырша тұқымын әкеліп неге отырғызбасқа?» — деген сын айтылған. Сынның жібесі Жеңіске тиіп жатыр. Сол қыста Жеңіс Мұқанұлы Қарқаралыға аттанып, өзі ғана білетін асу-асу жолдармен биік-биік өскен отыз қарағайды жеткізген. «Мынау неғып тыным таппайтын жан», — деп біреулер ренжісе, бір топ жұрттың аса риза екені де құлаққа жеткен.

Жеңіс 1985 жылы Жезқазған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына құрылыс бөлімінің меңгерушісінің орынбасарлығына қызметке келген. Облыстық агроөнеркәсіптік кешенінде де ол ауыл құрылысына сүбелі үлес қоса алды. Осы қызметте жүргенде облыстағы 61 совхоздың құрылысына жобалаушы болып қатынасып, жоспарына ат салысты, 56-сында тікелей болып, нақты жоспар жасағанын бүгінде өзі сөз ретінде айтып та қалды. Мұнан басқа Балқаш сүт зауытын қайта салуға тапсырыс беруші ретінде негізгі жоспарын жасасқан.

1986 жылдың дүрбелең уақиғалары да Жеңіс Мұқанұлын айналып өткен жоқ. Жеңістің отбасы, аға-іні, қарындастары қазақ халқының басынан кешкен қиын-қыстау шақтарды, әсіресе отызыншы жылдардың қасіретті уақиғаларын естіп өскендіктен, санасы ашық, ұлтын сүйер ұл мен қыз боп ержеткен еді. Жезқазғандағы оқу орындарындағы студенттер де Алматы жастарына үн қосып, «азаттық» деп көшеге шыққанда, қарындасы Ақмарал да солардың ортасынан табылып, тәуелсіздіктің ұшқын үнін білдіріп, орыстанған жүйеге қарсылығын танытқан. Жеңіс сол жастардың бұл әрекетінен келер күннің лебін танығандай болып тебіренген жан.

Жезқазғанның экологиялық жағдайы отбасына ауырлау тиді. Міне, осы себепбен Жеңіс Мұқанұлы облыс бойынша атқарып отырған абыройлы жұмысын тастап, жаңадан ашылып жатқан Қайрақты кен-металлургия комбинатының «Қайрақты ауыр құрылыс тресінің» өндірістік учаскесінің бастығы қызметіне келді. Тап сол бір кезде жаңадан ашылған осы комбинатқа қазақ кадрларын жұмысқа ала қой-

майтындай жағдай да болған еді. Жеңістің осы қызметке орналасуының өзі сирек жағдай көрінген-тін.

Жаңа комбинаттың әлі қалыптасып болмаған шексіз жұмыстарын атқара жүріп, ол бұл орында да абыройға ие болды.

Қарағанды мен Жезқазған облыстары бірігіп, кезінде Шет ауданынан бөлінген Ақадыр ауданы Шетке қайта қосылып, Шет ауданы әкімнің орынбасары, 1999 жылдан аудан әкімдігінің оперативтік басқару бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Сол бір нарық қалыптасып болмаған, ел біраз қиындыққа ұшыраған күрделі кезеңде басшылыққа біліктіліктен басқа әр жерде наразылық танытып жатқан жұртпен тіл табыса білуде, қиындықтан шығудың жолын табу да аса қажет еді. Осы бір аса мазасыз тұста, ескі жүйе қопарыла қирап, жаңаның жолы салынбай жатқан кезеңде елдің жоғын тауып беруге ұмтылу, әркімнің көңіліне үміт шырағын ояту айтуға ғана оңай жағдай. Сол бір жоқ жерден жол тауып жүрген тыңдырымды еңбегі үшін Жеңіс Мұқанұлы облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған еді.

Жекеңнің өмір бойы атқарғаны аса жауапты қызметтер екен. Ол аудандық құрылыс және сәулет істері, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің меңгерушісі қызметінде жүріп зейнетке шықты.

Жеңіс Мұқанұлы өмірдің жемісіне сырттан қарап, тамашалап отыратын азамат емес. Ол Қарағандыдағы үздік құрылыс фирмаларының бірі, облыстық мәслихаттың депутаты жетекшілік ететін «Аспап» ОК-де Шет өңірі бойынша прораб болып қызметке кірісті. Өндіріс Кооперативінің колдаумен Ақсу – Аюлыда салынған жаңа пәтерлердің негізі осы Жекеңнің қолынан, сұрыптауынан өткен құрылыстар. Жекең үшін өмірдің жаңа кезеңі басталған. Өмір бойы басшылық «кабинетте» жиналған мол тәжірибені енді ауыл құрылысына іштей араласа жүріп іске асырудың да жаңа мүмкіндігі туған. "Соңғы кезде мемлекет «Жол картасы» бойынша ауылға баспана құрылысына қаржы бөліп жатыр, қаладан ауылға мамандар келіп жатыр. Бұл өте дұрыс. Жергілікті жастар да

ауылда қалғысы келеді, солардын мәселесін шешу қажет қой”, — дейді Жеңіс Мұқанұлы.

Ауылда прорабтық жұмыстың жаңа кезеңін бастаған Жекеңнің бригадасындағы қалаушы да, электрик те, сварщик те, сылақшы да — ауыл жастары. Ауылда баспана мәселесі басқалардан ілгері тұру керек деген ұстанымды Жекең негізге алған. Ауылда өздері салып жатқан бір этажды жеті коттедждің өзін ол қанағат тұтпайды. Мемлекет аудан орталығының бейнесін көрсететін екі-үш этажды көп пәтерлі үйлер салғанын қалайды. Олар ондаған жылдар тұратын сәулетті үйлер болса деген пікірін сан дәлелдеген.

“Бүгінгі күнде мемлекеттің баспанаға сметалық құнмен қаралып жатқан қаржысына да әр пәтердің ішін әрлеп, сыртын стандартқа сай үй салуға болады”, — дейді Жекең. Бірақ проектілік институттар жоспар жасағанда, жергілікті жердің нақты жағдайымен санасса, қымбатшылыққа ұрынбаса, қаншама экономия болатынын, оған қосымша құрылыс жүргізуге мүмкіндік туатынын Жекең сан рет дәлелдеп шыққан.

Өмір бойы тындырымды ісімен халықтың көңілінен шыққан азаматына ел де зор құрметпен қарайды. Оның жүрген жолы атадан қалған ізгі жол болса керек. Ата-баба дәстүрі бойына молынан сіңген адам ғана еліне сыйымды да сыйлы.

Жетпіс дегеннің биігіне шыққан Жеңіс Мұқанұлының кешегі өзіміз көрген, ел сөзін ұстаған үлкендердей, елінің құрметті ақсақалы боларына жүрегіміз сенеді.

ТАЗЫ ҚАСҚЫР АЛҒАН, АЛЫП ТА ЖҮР!

«Егемен Қазақстанның №186 санында қазақ тазысы мен төбеті туралы біз қуанарлық мәселе жарық көрген екен. «Қансонар» атты ұйым құрылыпты. Зарықтырып барып, әйтеуір тазының стандартын бекітіпті. Құба-құп. Ауыл-ауылда тазыны көрсе, «краснокожи индеецтерді» атқандай қуып жүріп қыру

тоқталар. Овчаркаға емес, тазыға «у» тастау тыйылар. Әйтеуір...

Дегенмен де... Дегенмен де Ж. Самрат «Тазылар қасқыр да алған деп соқса» деп біздерді өтірікші етіп қойған екен. Сөзіне Құдай береке берсін. Ондайды көрмеген адам не жазса да еркі ғой. Осы «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде сонау бір жылдары осы жолдардың авторының Арқаның сырттан тазылары туралы материалы жарық көрген еді: "Тазының бәрі қасқыр алмайды, бөріні жекпе-жек айқасып барып алатын тазыны *сырттан* деген" деп. Сол газетте Тұйғын атты тазының қасқырмен айқасып тұрған сәті де басылған еді.

Қасқыр алатын сырттандар түгілі, тазы атаулының тұқымы құрып кетуге шақ қалды. Қазақтың Ұлытауын аралап жүріп тазы көрмедім. Сол ауданда қырық жыл редактор болған Мағзұмбек досым: «Тазыны көрмегелі отыз жылдан асты», – дегенді айтты. Әлемге аты белгілі Қазбек бидің елі Егіндібұлақ ауданында тазы табылмады. Мұндай жағдай Қазақ елінің талай-талай аудандарында орын алған. Есесіне, мысық тәрізді қанден, осы күнгінің қазақша білмейтін жігіті тәрізді қырық будан, қырық с... ит пошымды бірдемелері қаптап жүр. Соны асырайтын да – қазақы болмыстан, намыстан жүрдай қазақ.

Сырттандар Қазақ елінің бір пұшпағы – осы Шет ауданында ғана сақталып қалған десек, артық айтқандық болмас. Отыз жетінші жылдың сүргінінде осы ауданның басшысы Ә. Тоқтаров "халық жауы" деген лаңмен ұсталып кеткенде, оның қасқыр алар Барқа (арабша – Найзағай) атты сырттаны қаңғып қалған. Оны Сарысу разъездіндегі біреу асырап алған екен. Барқаны 1946 жылы көрдік. Ауыл ақсақалдары бұл иттің тұқымы XIX ғ өмір кешкен би-болыстар Ақжан – Жаужанның сырттандарынан қалғанын сөз етті. Қазіргі Еркіндіктегі Қайролланың, Шетшоқыдағы Өмірзақтың, Айғыржалдағы Әділ мен Әміржанның Майбастағы Ізтілеудің, Нұра–Киевқадағы Құсбектің тазылары осы Таймастан тараған. Таймас бір өзі үш қасқырмен арпалысқанын көзіміз көрген аса бетті сырттан еді.

Сырттандардың өзі бөріні алу тәсіліне қарай екіге бөлінеді. Бірі — бөріні қуып жеткен соң тікелей айқасқа түспей, әрлі-берлі жұлмалап жүріп қылтасын қиып, жүруден қалдырып, қасқырды шоңқиып отырып қалуға мәжбүр етеді. Сырттан тазының екінші біреулері тіке айқасқа түсіп, қасқырды тамақтан алып буындырып, есінен тандырып барып төс сүйегін айырып жібереді. Ақазу, Тұйғындар осындай ерекшелігімен танылған. Әділ Маясартегінің қолындағы бүгінде қартайған Таймасы да, Өмірзақтың қоңыр тазысы да осындай тазылар.

Ғасырдан-ғасыр асып келе жатқан сырттандардың бұл тұқымының осындай бір ауданның көлемінде сақталып қалуы көңілді жай таптырар мәселе емес. Бізден «асыраймын» деп күшік алғандардың қолында ештеңе жоқ не азып кеткен. Бұл тұқымды аздырмаудың бірден-бір жолы — арлан ұйығар қаншықтың да текті болуы, дене бітімінің ірі, жоталы болуы шарт. Осы жолдарың авторы атақты Таймас деген тазысына текті қаншық таппай, орташа қаншықтардан туған күшіктер сырттандардың қасиетін көрсете алмай талай жапа шеккен.

Арқаның сырттан тазылары — ғасырлар бойы сұрыпталып шығарылған тұқым. Олардың бойы биік, кеуделі, жалбыр құлақ, тұмсығы жуан келеді. Тұмсықтың жуандау келуі ауыздың сығым күшінің мығым болуы үшін қажет. Таймас деген тазының бойының биіктігі — 81 см, кеудесінің орамы 90 см болған еді. Оның әкесі Тұйғын мұнан да сәлі ірілеу және өте жүйрік тазы болатын. Көз ілеспейтін жылдамдықпен қашқан қоянды емін-еркін жетіп ұстайтын еді.

Талай жыл қазақ тазысын асырап отырған К.Плаховтың әдемі тазыларын арнайы барып көрген де едік. Бұлар — бітімі кішіректеу, оңтүстіктің түлкі мен қоянға ғана арналған тазылары. Әрине, бұл ши тазылар қасқыр түгілі, борсықтың да мықтысын жекпе-жек ала алмайды. "К.Плахов сондай тазылар жөнінде баяндама жасаған шығар, ал Арқаның сырттандары туралы осы тазыны сақтап қалған Қайыржан Әшірбеков, Әділ Маясартегі, не осы тазының бүгінде он шақтысын асырап отырған Киевқадағы Құсбек Досболов неге осы

дөңгелек үстелге шақырылмаған?" деген сұрақ еріксіз ойға оралады. Бастаған істің тынымды да, тиімді де болуы үшін жан-жағы тегіс түгенделіп жатса, нұр үстіне нұр болмас па? Әлі де болса кеш қалған жоқпыз. «Қансонардың» басында отырған азаматтар игі істерін түгендеп жалғастыра берер деген үміттеміз.

10.10.2014 ж.

ҚАЙЫРЫМҒА ТОЛЫ ӘУЛЕТТІҢ ҰРПАҒЫ

Қазақтың ырысы қай уақытта да кем болмаған. Тап кешеге дейін, «иә, отыз екіге» дейін. Шәкен Тұрабайқызы – маңдайына өнер, таңдайына өлең біткен атақты Маясар ақынның немересі. Маясар ақын – Арқа еліне белгілі Жапақ байдың баласы. Ата-бабасынан бері қарай елге қайырымдылық жасау бұл әулеттен үзілмеген. Үзілмеген үлгі бабалардың қанымен келе жатқан тектілікке байланысты-ау. Мына жарық дүниеге кімдер келіп, кімдер кетпеді десейші.

Бір жұтта тігерге тұяғы қалмай жұтап қалған Шетбай Жапақ байға жалға келіпті. «Не бересіз?» деп сұраған Шетбайға Жапақ: «Бәріміз де – Алланың құлымыз, қанымыз бір қазақпыз, шырағым, өзің тәубаңа кел де, «өзіме осы дұрыс» дегеніңе өз еніңді сала бер», – деген екен. Төрт-бес жыл жалда жүрген Шетбайға сөйтіп үш жүзден артық мал бітіп, Жапақтан рұқсат сұрап, жеке бөлініп шыққан екен. Шетбай: «Жапақ, сені ұмытқаным – құдайды ұмытқаным», – деп, жылда Жапақ байға жазда арнайы асын, күзде күздігін беріп тұрыпты. "Қазақтың қаймағы бұзылмаған қайырымға толы заманы-ай!" – деп бүгінде тамсанасың да, өкінесің.

Тағылы – Бұғылы, Толағай, Бесшоқы, Аюлы, Қызылтау төңірегінен, Шет топырағынан басы Шортанбай жырау бастаған өнердің уызы арылмаған небір ақиық ақындар шыққан еді. Соның бірі де

бірегейі — елінің мұңын жоқтай алған Маясар ақын. Сонау отыз екінің алапат аштық қырғынында Сұңқар тастың басына шығып:

Түтіні тұман болған қайран елім,
Бір үйден қыстау басы қалмады ғой, —

деп зарлаған жыры бізге жетті. Тап сол қаншелек заманда, тап сол уақыттың өзінде, тап осылай жырлаған бірде-бір ақын болған емес.

Маясар ақынның үлкен ұлы Тұрабай — Шәкеннің туған әкесі. Бұл кісінің қолынан да жоқ-жітікке деген қайырымдылық үзілмеген. Соғыстың қақап тұрған тұсы. Аш-жалаңаштық та ел арасына қайта кірген. Түрекең Ағадырда наубайханада істеді. Қайыр сұрай бастағандарға өз әлінше көмек етеді. Кейде алатын азын-аулақ жалақысы да сол үлестіруден аспай қалады. Кейбір көк тиыны жоқ жетім-жесірге бірер бөлке тегін нан да беріп жібереді. Тегін беруі көбейіңкіреп кетті ме, әлде «салпаң құлақ» жеткізді ме, сол қайырымдылығы үшін ұсталып, түрменің есігін біраз жыл көріп келгені бар. Пенденің Алланың қиыншылық көрген екінші пендесіне қамқорлық жасауы деген ізгілік іс текпен келе жатқан үзілмейтін жіп шығар. Әйтпесе соғыстың қаһарлы жылдарында біреуге қайырымдылық жасау өз күнін әрең көріп жүрген Түрекеңе қайдан келсін.

Түрекең ақсақал Төменгі Қайрақты кенішінде менің немере ағам Асаудың үйімен іргелес көрші болушы еді. Жазғы каникулда ағайдың үйіне барып тұрамын. "Шәкен деген қызы мұғалімдікті оқып келіпті, қатал көрінеді" дегенді өзіміз қатарлы балалардан естиміз. Мұғалім дегенге бас иеміз. Әке-шешенің тәрбиесі солай. Ойнап жүргенде: «Әне, Шәкен келе жатыр», — десе, жымдай боламыз. Сөйтіп жүргенде, "Шәкен тұрмысқа шығыпты, бірақ келінді қысып ұстағысы келген енемен жараспай, өз үйіне қайтып келіпті" дегенді де естідік. Көп кешікпей Бақыт атты қыз баласы дүниеге келген екен. Сол кеніште Шәкен есімі дұрыс аталатын мұғалім болып әрі қарапайым қазақтың келіншегінің бірі болып өмір сүрді. Ағайдың

үйіне барғанда Шәкеннің мойынағашты іліп, екі шелекпен су әкеле жатқанын көруші едік.

1962 жылдың күзінде Шәкеннің сіңлісі Ғалиямен бас қостым. Көп ұзамай белгілі саяси көзқарасым, жасырын жұмыстарым үшін КГБ-нің торына түсіп, итжеккенге айдалып кете бердім. Шәкеннің сол жылдары менің жарым Ғалияға жасаған қамқорлығы мен көмегі ерекше болды. Кесімді мерзімді де өтеп елге оралған соң, орыс мектебіне физрук болып жұмысқа орналастым. Ию-қиюы көп жер болып шықты. Мектеп басшысы Сауқымбековамен коллективтің арасы әбден бүлінген. Коллектив мүшелерінің дені орыс жұртынан. Менің осында орналасқанымды да жақтырмай жатқандар жеткілікті. Әркім өзінше тұрып, өзінше лағып жүрген жай. Лабораторияға бас сұғып едім, физика, химия, биологияға қажетті заттар бір шөмеле боп үйіліп, быт-шыт сынып жатыр. Карта дегендер жұлым - жұлым. Тәртіп әбден кеткен, шектен шыққан жағдай.

Келер оқу жылының басында Оқу бөлімінің басшысы К.Әбілдин Маясарова Шәкен Тұрабайқызын осы мектепке директор етіп тағайындады. Бір қазақтың келіншегін қуып жібергендей болған коллектив екінші қазақтың келіншегін де жақтырмай қарсы алды. Мұндай бір адам емес, тұтасқан көп адамның қырыс қабағын түзеу оңай емес еді. Директордың айтқан сөзін дұрыс қабылдағысы келмей торсаңдап жүр. Шәкен мәселені ашық сабақ өткізуден бастады. Ең әуелі болып бірнеше ашық сабақты өзіне қойып, бастауыштың да, басқа пәндердің де оқытушыларын кезек-кезегімен, рет-ретімен ашық сабаққа қатыстырды. Сол кездің сабақ өткізу методикасының сан әдісін көзбен көрген торсандасқан мұғалімдер жымдай болды. Үзілісте мұғалімдер бөлмесі кергілескен ұрысқа тұнып тұратын еді, енді шыбынның ызыңы естілгендей тыныштық орнады. Мектептің негізгі мақсаты – оқушыларға лайықты білім беру. Міне, осы шара жолға қойылды. 1939 жылы пайдалануға берілген мектептің кластарын жылыту да баяғы пештік жүйе. Тасыған көмір мен

шығарған күлден мектепті жылтыратып таза ұстау да қиын. Шәкен қыс бойы осы мәселені көтеріп жүріп, ақыры келер оқу жылының жазында жеке қазандық салдыртып, сумен жылыту жүйесін енгізді.

Әр істі орнына қоя білетініне көздері жеткен аудан басшылары келер жылы Шәкен Тұрабайқызын аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары етіп бекіткен. Бұл жерде де бұрыннан бірінің үстіне бірі жазылып, қабаттасқан өтініш пен арызды аршып алу міндеті артылғанын айтып Шәкен ренжитін еді. Арыздың көбі машина алу, мотоцикл алу дегенге тіреліп жататын. Қағаз жүзінде қойылған кезек бар, бірақ оны сол салаға ие адамдар қолынан келгенше бүлдіріп, әркім өзінше тартып, арыз дегенді өршітіп жіберген. Осы жұмысты тікелей қадағалап, жолға қойғанына ел разы болып жүрді. Шәкеннің әкесінің туған інісі Әбдіқұл ақсақал да сол ретсіздіктен бір мотоциклге қолы жетпей жүретін еді, реті келіп, ол кісінің де риза болғаны бар.

Иә, осы жылдардың ішінде Шәкен бізбен бірге, біздің әкейдің көнетоздау үйінде, аядай жерде бізбен бірге тұрып жатты. Менің балам Шоқанның да кішірек кезі, кейде үйдегі жалғыз диванға аяғын созып жатып алып: «Ұзын боп жатқым келеді», — деп орын бермей қоятынына күлетін едік. Көңіл сыйса, бәрі де сыйымды. Иә, сол бір шуақты жылдар қандай еді! Сол жылдарда мен қалай болса да арманды ойларымды жүзеге асыруға тырысушы едім. Шәкен: «Байқа, босқа ұрынып қаласың», — деп тартыншақтайтын. Сол іштегі күйген ойдың бірі ғой, бірде Шәкенге қызмет үшін берілген «Бобик» машинасын мініп, жаныма жездем Дәулетбекті ертіп, сонау қиянда жатқан Ағыбай батыр басына жол тартып кеткеніміз де бар. Мен сияқты «сенімсіз, саяси көзқарасы басқа» адамға машина бергені үшін Шәкен сөгіс естіп, зорға құтылған еді. Өзіне «Москвич» сатып алған соң да қазақ елінің сан пұшпағын шарладық. Сіндісі Дәмеш пен Маратты ертіп Шайтанкөлді кездік. Тағы бірде нағашысы Сансызбайды ертіп Пішпекке де жеттік.

Осы жүрісте басқалардың ойы – ел көру, жер көру болса, мен Кенесары соңғы демін сарыққан өлкені көріп, бірауыз болса да осы жақтың жұртынан сөз тартам ба деген ниет еді. Қазағы да, Қырғызы да, Кенесары ханнан шошып жүрген заман-ай! Өкініп қайтқан сапар болды. Иә, Қордайдың бір асуына тоқтап, айналаны сүзе қараған едім.

– Сен осы алаңдаудасың. Жол бойы кезіккен жұрттан әлденені сұрап келесің. Ендігі мына тұрысың не? – деп сұрады Шәкен.

– Осы асудың бір жерінде Кенесары қалған ғой.

– Қайтесің енді, өткенді қайтарып ала алмайсың, – Шәкен де сол асуларға өкіне қараған еді.

Шәкен төрағаның орынбасары болып көп отырмады. Партияның келесі конференциясында идеология жөніндегі хатшы болып біраз жыл істеген Ж.Күлейменовтің орнына III хатшылыққа сайланды. Тек осыдан кейін ғана Шәкен атам Түрекең ақсақалды үй-ішімен аудан басына көшіріп әкелді. Түрекең шешен сөйлейтін әрі істің адамы еді. Жұмыссыз қарап отыра алмайтын. Бір-екі сиыры мен бірер биесіне де қыстық шөпті өзі арнайы совхозға жалданып жүріп алып келетін. Өзінің жылда бірге істейтін, өзінен жасы кіші азаматтары – бригадасы болатын. Түрекең «міне, үш тонна» деп тиеген шөбін сықыр-сықыр етіп орнынан зорға қозғалған машина зорға сүйретіп әкелетін. Ақсақал осы адал еңбегін тастағысы келмеді. «Енді ұят болады» деп жүріп, зорға қойғызған едік.

Шәкен Тұрабайқызы өзінің басшылығына қарайтын оқу бөлімінің жұмысына, мәдениет, денсаулық саласына қатты көңіл бөлді. Оқу бөлімін өте іскер Көшкінбай Әбілдин басқаратын еді. Көшкеннің ауданның бірінші басшысы К.Дүйсенбековпен арақатынасы нашар еді. Шәкен өз жұмысына өте тынымды, білгір де іскер К.Әбілдинді тек басараздық үшін жұмыстан шеттетуіне жол бермеді. Ол кезде бюро мүшесі дегеннің де беделі аса мықты болатын. Денсаулық саласын Сайлау Ғабдуллин басқарды. Бұл ауыр саланың жұмысының қажетті деңгейде болуына да Шәкен хатшы әрі бюро

мүшесі ретінде көмегін аяған жоқ. Мәдениет саласын Төлеубай Әбдіғалиев басқаратын еді. Төлеубай өте ширақ азамат, іздегенін «жоқ» деген жерден тауып әкелуші еді. Сол тұста мәдениет бөлімінде аудандық халық театры құрылды. Композитор Әсет Бейсеуов бастаған топ қыстың бір-екі айы бойы жатып, театрдың әбден қалыптасып кетуіне жол ашты. Алғаш рет «Ақсу – Аюлы» әні шырқалды. Ән тамаша, бірақ әннің сөзіне Шәкеннің көңілі толмады. «Ақ шатырлы ауылым» деген не сөз өзі? Бұл ауыл әлі тоқал тамдар. Жоқты бар деу күлкілі. Тіпті, ауыл шатырға толып тұрса да: "Мынау қарабайыр түсінік қой", – деп ренжігені бар.

Жаңа хатшы М.Абақановтың тұсында Шәкен ІІІ хатшылық қызметінен кетті. Оның орнын Н.Саламатова деген орыс басты. Сонда Шәкен: «Менің ренжитінім, қызметімнен кеткенім емес, сол орынға орыстың отырғаны. Енді бұл орынды орыс еш уақытта да бермейді. Орыс іліккен жерінен тұяғын жазбайды. Қазақтың бір орын болса да орысқа бұйырғаны өкінішті», – деп ренжіген еді. Ақыры Совет үкіметі құлап қалғанша осы ІІІ хатшылыққа аты-жөнін ешкім білмейтін орыстың қатындары отырды.

Шәкен мәдениет бөлімін біраз басқарған. Осы тұста «Путь к коммунизму» совхозында мыңнан аса сиырдың жоғы анықталып, М.Абақанов бастаған аудан басшылығы тегіс орнынан кетті. Аудандық партия комитетінің І хатшылығына Сағынбай Медеубаев келген. Жұмысты ширата қолға алды. Жаңа аурухананың іргесін көтерді, сол маңнан дәрігерлерге арналған он шақты үй салған-ды. Шәкен де аудандық атқару комитетіне қайта жұмысқа келген-тін. Сағынбай шешімді де, әділ жігіт еді. Бір жолы «М» деген әжептәуірмін деп жүрген азамат (атын жазбай-ақ қоялық, балалары ұялар) Шәкен туралы не қилыны айтып жамандаса керек. Сағынбай Шәкенді шақырып, жағдайды айтыпты да, өсекшіл «М»-ны да шақырды. Өсекшілге: «Ал, енді осы жерде баяндаңыз», – дейді. Шәкен де сол жерде «М»-ның ит терісін басына қаптаған екен.

Шәкеннің жұмысын ақсатып, ел алдындағы абыр-ой-беделін түсіру үшін арыз жазғандар: «Күйеу баласы "халық жауы" болып сотталған», — деп мені де қоса тіркейтін еді. Сол арызды жазған — бір кезде мені оқытқан мұғалім еді (атын жазғым келмейді). Ол кезде мен орыс мектебінде завуч болып он шақты жыл істеп қалғам. Кей жылдары мектепте директор да болмайды, ал мені директор етіп бекітуге «биографиям» келмейді. Арызқой «К»: «Завуч дым білмейді, мектепті құлатуға айналды» деп жазған екен. Сол бір тұста менің де жолым ашылып, газеттерге әңгімелерім шығып, «Жұлдыз» журналына повесім шыққан тұс. Обком партиядан тексере келген Қайыржан Мадиев деген азаматтың «Жұлдыздағы» материалды оқып, өзіммен де танысып: «Ойпыр-ай, бұл не деген сұмдық, біреуден кек алу үшін осыншама қаралауға барған не деген адам ед?» — дегені бар еді.

Аяқ артуға «Запорожец» деген машина алған едім, ол да келесі арызға «күйеу баласына пәлендей совхоздың счетынан машина алып берді» деген қисынға келмейтін арызға ілікті.

Ондаған жыл бойы менің жазған не өлең, не әңгімелерім газет-журнал бетін көрген емес. Бәрі де «социалистік шындыққа жанаспайтын биографияма» байланысты. Іш өртенеді. Орыс идеологиясына имандай сенген талай қазақ мені дұшпан санап мәз болады. Осындайда, күйзеліп, күйінген шақтарымда, Шәкен үйге келіп, тамаша қазақтың әндерін салып, бой сергітетін еді. Оның дауысы да тамаша болатын.

Мені жан-тәніммен көзім жеткен шындық ілгері сүйрей берді. Атылып кеткен Әбди, Сембек күйшілердің мұрасын зерттеп, Шортанбай жыраудың ел аузында қалған жырларын жинауды жасырын жүргізе бердім. Ол КГБ деген жендеті бар партияға ұнамады. Үйде тінтулер болып тұрды. Бірде «Қазақтың Ресейге добровольно — өз еркімен қосылуы» деген жиналысқа барудан бас тарттым.

— "Добровольно байға тидің бе?" деп қатыннан ғана сұрайды. Қазақ добровольно қосылатын қатын

емес, — дедім. Мұның ақыры ешкімнің ойына келмейтін сұмдыққа тірелді. Менің бала-шағымды дәрілеп талдырып тастап, үйде тінту жүргізілді.

Мұны естіген Шәкен қатты күйзелді. «Кек алу үшін тіпті сені жазалау үшін осыншама айуандыққа қалай барды бұлар?! Сұмдық қой мынау, сұмдық!» — деп өзін қоярға жер таппады. Мен де сол шақта балаларымды қорғау үшін асылып өлуге шақ қалған едім.

Ол менің іште булығып жатқан арманымды, іштегі өрттен күйінген халімді жете түсінген еді. Өзінше аяды, өзінше қолынан келгенше қорғады. Оның бұл қамқорлығы ата-абасынан келе жатқан үзілмеген үлгі болатын.

Пенсияға да шықты. Қалаға, Бақытының, Сәлім сияқты ізгі ниетті күйеу баласының қолына барды. Шәкен немере-жиені Малика мен Шыңғысты жанындай жақсы көруші еді. "Шыңғыстың үй болғанын көрсем", — дейтін.

Иә, баянсыз жалғанда кім қалған? Шәкенді де келместің кемесіне мінгізгенімізге жыл толды. Бір қуанып, бір қайғыдан тұратын тұрлаусыз өмір ғой бұл. Мұңның арты той болғай, сабырлы өмір болғай.

ДУЛАТТЫҢ КӨКЕЙІНЕ ТҮЙГЕНІ КӨП

— Ағыбай батыр басына барсам деп едім, — деп бір түйіндеп қойған Дулат бетіме бажайлап қараған. Иә, онысы түсінікті. Қазақ аруақты санаған адамның рухын сыйлау, құрметтеу мұсылман баласына тән қасиет. Оның үстіне Дулат Қожамбердітегі ауыр операцияны басынан өткізген. Операция болғанда да адамның жалғыз қимыл тетігі — жүректі орнынан алып қойып, талай тамырына жөндеу жүргізіп, тігіп, орнына қайта салған. Естігенде жүрегің түршігетін шаруа. — Талайлар менімен батыр басына барғысы келген. Жөн көрмей жүрмін. Ұстанымы берік, абыр-ойлы адам болса деп едім.

Алладан қуат сұрайтын қазақтың аруақты жағалап, жанына әулие болмаса да пірадардай адамды еріткісі келетіні белгілі. Дукеңнің нені меңзеп отырғаны белгілі. Сөзді ауыстырып, айналаға қарағыштай бердім. Көзіме іздегенім түсе қоймады. "Осы үйде бір жас жігіт жүретін еді-ау" дегенді сыздықтай жеткізгем.

– Ә, Жанды айтасың ба?

Әңгіме созыла түсті. Қарайласар тіке жанашыры аздау жігіт осы үйді біраз жыл паналап жүріпті. "Өзі де алғыр еді", – деп еске алады Дукең. Бұлар да құлай сеніп, олай-бұлай кеткенде сол жігітке кілтті тастап жүре береді екен. Бозбала жігіттік шаққа жетіпті. Үйленетін ойын білдірсе керек. Сонан Дукең мен Рымкеш тойға керекті бар жабдықты түгендеп, үстелге қажеттінің бәрін алған екен. Тек тойды ел намысына тимейік десіп, жігіттің ағайындарының бірінің үйінде өткізіпті. Жас отаудың несібесін де түгендеп, алдына мал да салып берген.

Қазақтың көнеден келе жатқан осы бір салтын естіп, қуаныштан жүрегім дір еткен. "Япыр-ай, сонау жас шағымда Сібірде жүргенде, отыз үш жыл бойы саяси лагерьдің талай есігін тоздырған Құнанбай Бейсенұлы өзінің мал баққан ағайындарының баласы үйленсе, қырық жеті қалың малын беріп, қызы ұзатылса, жасауын жасап беретінін айтқан еді. Ол кезде біз Еуропаның тап күрсін жаттаған жиырмадан жаңа асқан шақта едік. Күнекеңнің сөзіне таңғалғанбыз. "Қазақ осындай болған екен-ау", – деп іштей сүйсінетінбіз. Міне, сол қазақтың сол бір көне ұстанымы алдымыздан бүгін, яғни 2013 жылы, шығып отыр. Қазақтың мұндай әлемде жоқ озық үлгісін кешегі бір тұста өрістетпей, ел есінде қалмастай етіп, өртеп бақты ғой. Сонда да сақталыпты. Тек бүгінгінің байларының бәрінің есінде осы жүрер ме еді. "Иә, онда қазақтың тұтастығын ешкім бұза алмас еді-ау. Тек әне бір батыстың сорақы үлгісіне бой алдырмасақ", – дейді іштегі бір түйткіл.

Дукең шаршаңқырап отыр. Қызылтау ауылының

басында жолыққанда, жүйрік көлігіне екі азаматты мінгізіп, жүргелі тұр екен. Ол қайтып оралғанша, Дәулеттің келіншегі Маржан дәмді етіп пісірген мантысын алдымызға тосқан. Дулаттың түнделете жеткен беті осы. Сонау жүз шақырымнан артық теміржол бекетіне апарып, пойызға мінгізіп салып қайтты. Екі адамы да— өзінің малын баққан жұмыскері. Біреуі жиырма күнге, екіншісі екі аптаға демалыс алып, қаржыларын қалтасына басып, екеуі екі қалаға кетпек. Кешегі совхоз заманында жұртқа өстіп бір “отпуска” беріп жататын еді, соның бір көрінісіндей. Дукеңнің айтуына қарағанда, бұларды айтқан уақытында осылай жіберіп тұрады екен. Олардың қайтып оралатындарына да сенімді. Жағдайы жасалып жатса, неге оралмасқа. Бір әттеңі — осы ауылда да бес-алты сиыры мен он шақты қойына қарап отырғандар бар. Солардың талайының ішуден қолы тимейтіні де сөз болды. Кешегі бір қазақтың дәуренді заманында жұтқа ұшыраған Шетбай деген кісі он екі мың қой біткен Жапақ байға арсынбай жалдана келіпті. “Еңбегіме не бересіз?” — деген Шетбайға Жапақ: “Бәріміз де Құдай деген пендеміз ғой, өзің біл де, баққан малдың ішінен өзің таңдап, еніңді сала бер”, — деген екен. Алты-жеті жыл Жапақ байдың малын баққан Шетбай: “Жапеке, мен де малды болып қалдым, рұқсат етсеңіз, жеке шығайын”, — деген екен. Малы ішіп-киеріне жетпей отырған мына жұрт неге сөйтпейді екен? Қазақтың ендігі байы Жапақтай “құдайшыл пенде” неге болмасқа дейсің іштей. Арман-ай, ел бірлігі бұзылмас еді-ау.

Дукеңнің жылына бір-екі мезгіл ағылып келіп жататын туысқандары да жетерлік. “Ағалап” келеді. Олардың тұратын жерлері — қала, кеніш маңдары. “Ағалап” жүрмейтіндері тағы белгілі. Кетерінде құр алақан қайтпайды, әрқайсысының көлігінің артында, тіркемесінде жеті-сегіз тоқтының басы көрінеді.

— Ағада бар екен деп ауыз аша бермеңдер, — деймін дейді Дулат. Онысы — бергенін қимағандығынан емес, осылар тілемсек, өмірде өз ізін тапқысы келмейтін

жалқау, елге масыл біреу болып кетпесе екен деген ішкі тілегінен туатынын да жасырмаған.

Түн жарымнан асса да жарасымды әңгіме жалғасын тауып жатыр. Дала бөрісіз емес. Кеше ғана інісі Мұраттың жабағысын жаралап кеткен бір ұя қасқырдың арланы бастаған төртеуін Киіктінің жігіттері қуып жүріп атып алыпты. Осы қасқырдың бар мүшесін мына Моңғол елінен келген туысқандар емге пайдаланады екен дегенді тілге тиек еткенмін. “Оның рас”, — деп бастады Дукең. Үйіне толған, оннан асқан қасқырдың өңешін “Зоб” ауруына пайдаланады екен. Дукең өзінің бір танысын солай емдеп жазыпты. Қасқырдың өңешімен аш қарында бір аптадай су ішеді. Әрине, сеніп, Аллаға сиынып ем қолданған.

“Қасқыр еті туберкулез ауруына ем. Қасқырдың іш майы да буын-буынды ұстап мешел болып қалған адамды аяғынан тік тұрғызады. Сонау Ленинградтан келген бір ғалым шешесінің домаланып қалғанын айтып көмек сұрапты. Соны қасқыр майымен сылап, жазғанын да Дукең сендіре айтып отыр. Ал, аяқ-қолы ыстық суға күйген баланың күйік шалған жерін сиырдың жас жапасымен сылап тастаса, ертеңіне күйіктің ізі де қалмайды екен. Қолымның сыртына сүйел шығып еді. Талай дәрі жағып кетіре алмадым. Сонан бір ақсақал көктем кезінде мініп келген аттың аузындағы көбікті жақ деп кеңес берді. Сүйелден құлан таза жазылдым», — дейді Дукең.

“Япыр-ай, мына Дулаттың ішіне бүккені көп екен-ау”, — деп таңданып отырмын. Сайын даланың ұлы қазақтың көнеден келе жатқан жоралғысын да, емдомын да бойына сіңіріп, қолынан келген көмегін жасап жүргеніне көңілің разы.

Ертемен Жыландыдағы асыл тұқымды жылқысына соғып, Ағыбай батыр мазарына келгенбіз. Агекеңнің аруағын сыйлаушы жұртта шек жоқ. Әттең, шіркін батырдың мазарын көргенде көңіл құлазиды. Алғашқыда 18 млн, кейін тағы да сондай қаржы жөндеуіне бөлінген. Имансыздың ісі қайырсыз. Өткен жылы «Бір жаңбырдан қалмас» деп жазған едік, «Егемен

Қазақстанға» биылғы көрінісі тіпті сорақы. Сыртқы сылақ түсіп қалған. Мазар қотыр тайлақтай жалба-жұлма. Қайда кеткені белгісіз қайран миллиондар. Мына қырсыздыққа қарап көңіл жылап тұр. Батыр мазарының мына кейпін суретке түсіруге дәтім шыдамады, фотоаппартым тасқа құлады. Иә, біз туысқанбыз. Ағыбай батыр Шуыртпалы, мен Қожа. Қаны бір қазақпыз. Ол өз заманында қазақ үшін оққа кеудесін төсеп, қылышын қалқан етіп жаумен арпалысты. Біз сонау жастық шақта ЕСЕП деген жасырын ұйым құрып, тепкінің астында қалып, Барсакелмеске кеттік. Иә, біз жаудың қылышы айыра алмайтын туысқанбыз. Шырақшысы Хамид те осыған қарап әрі сан уәде бергендерден көңілі азып, жер шұқығандай болып отыр. Қазақ үшін орыспен айқасып, жанталасқан батырдың мазарының ішінде күңіrentіп дұға оқыдық. "Қолымыздан ендігі, қазақ, келгені осы. Өкініш-ай!"

Шырақшының үйінде бір топ адам отыр. Көліктері – мотацикл. Кешегі төрт қасқырды жайратқандар. Аттың басы тұрған анау бір мазар туралы дау бар. Дулат бұл мазардың Ағыбай батырдың бәйбішесінің бейіті екенін сонау-сонау жылдары Ақселеу дәлелдеп айтқан еді деген уәж айтты. Қайран Ақселеу арада жоқ, сөзі қалды. Талайды зерделеп, зерттеген Ақселеудің сөзіне бүгінгі сақал-шашы ағарғанда зорға есін жиып, әрнені енді түртінектеген «білгіш» енді тоқтай ма? Әй, қайдам. Сонау 1967–69 жылдардың жыршысы Қасен Шырынұлы да бұл бейіт батырдың бәйбішесінікі деп көрсеткенін жеткізгем. Қолымызда карта барын да айттық. «Білгіш» оны ескере қойса.

Дукеңнің жүрдек көлігі Тайатқан тауын түстігінен айналып, көкмұнарға оранған шөлге қарай бет алған. Тайатқанның бір бұрылысында сырғанақ тас бар. Бүгінде ағасы Дукең екеуі мыңды айдаған Мұрат сол жерде тек Ағыбай батырдың ғана көтеруге шамасы келген балуан тас барын еске салған. Бүгінгінің талай палуандарының да тісі батпапты.

"Анау Көкашықта тас мола бар. Түбі Қояншы-

тағайдікі деседі», — дейді Дулат. Иә, ол тас моланың Қалмақпен бір ұрыста қаза болған Қотыр батырдікі екенін де айтып қалдық. Күн кешкіріңкіреп барады. Машинаны Шолақ еспеге қарай бұрдық. Сонадайдан көрінген күмбез— Ағыбайдың қолынан қаза тапқан, батырдың үш өкінішінің бірі болған Бостан байдың қызы Зүбәннің мәңгілік жайы. Осы "бейітке біреулер ие болғансып жүр" дегенді естіп едік. Иә, мазарды біреулер шарбақпен қоршап тастапты. Жып-жылтыр қара тас қойып, оған «Шажы ағай» деп тас-түйіндеп бекітіпті. Бұған Дукең қарсы шығып: "Бұл бейітті де, бұл маңайды да зерттеп жүрген адам бар. Бұл— қыздың мазары, қателік жасамаңдар", — десе, олар|| «Әйтеуір осы өзеннің бойында бабамыз Шажа жерленген. Оны Ақселеу жазып кетті. Нақты қай бейіт екенін енді таба алмаймыз. Бабамыздың рухы осында ғой, қоя берейік», — деп өз істерін орындаған. Иә, Ақселеу білгір еді-ау. Осы мәселе жөнінде онымен бір тілдескенімде: «Ол Шажаның бейітін енді ешкім көрсете алмас. Өзеннің орта шенінде құлаған іргесі ғана жатқан бейіт болатын, — деген. Мына «тас қойғыштар» қыздың бейітін батырдың мазары етіп жатқаны анау. Осындай Құдайдан қорықпайтын өтіріктен жүрегің түршігеді.

Тағы да еске Мұрат түскен. Осы жолға шығарда Мұраттың келіншегі Раушанның гүлжазира даланың саф саумал ауасындай керемет қымызын ішіп отырғанбыз. Мұрат тағы сөз қозғаған. "Ақселеу аға бұлар іздеп жүрген бейітті Кәрі Түлкіден бері деп еді ғой. Сол Кәрі Түлкінің бергі етегінде бүгінде үгінді болып қалған бір-екі бейіт бар. Япыр-ау, жол үстіндегі мазарға бұрыла салмай, сол жақтан іздегендері дұрыс еді ғой", — деген Мұрат.

— Иә, ол ол бейіттерді мен де естідім, — деп қалды қымызын баяу сапырған Раушан да.

Маған: "Осы біз қашанға дейін шатасып, қиыс баса берер екенбіз?" — деген ой келді. Ой қозғаушы — күш, оның ұшында бір шындық жатады. Тек сол шындықты талмай іздеуші табылса.

Өзенді бойлап Мұраттың қалың жылқысы жатқан «Раскөл» деген жерге жеткенбіз. Жылқы күйлі. Ал, біздің көзіміз өзеннің жағасындағы әдемі биік қоңыраудай ерекше қалау үлгісімен салынған күмбезге түсті. Кімдікі екенін бүгінде ешкім дәл басып айта алмайды екен. Бәріне зер салып жүретін Дулат та осынша әдемі күмбездің иесі кім екенін біле алмағанына өкінген.

Шажағай жылжып, ағып жатыр. Сірә, жер асты көзі бар-ау. Ал, біздің кешегі дәуренді шақтағы байлық-барлық болмысымызға, елді ел еткен салтымызға, көргенді тамсандырған күмбездерімізге ерекше назары түсер көз ел тізгінін ұстаған жоғарыда, сонау облыста, мына ауданда, әр ауылда болса екен деп тілейсің.

МАЗМҰНЫ

ХИКАЯТТАР

Тағдырлы ауыл.....	3
Қайрақты жайбарақат ағып жатқан.....	68
Үміт көшігі.....	138

ӘҢГІМЕЛЕР

Өмір сүруге хақысы.....	206
Қазан астында.....	214
Көжедегі құрт.....	222
«Конвой».....	229

КӨГІЛДІР КҮМБЕЗ

«Үт» парсының емес, қазақтың «Үті».....	236
Қазақтың тоғыс айы.....	238
Алты айды болжаған алты күн.....	242
Жыл он екі айдың қауышуы.....	248
Жұлдыздар қазақы танымнан неге алыс жатыр?.....	251
Арғы да, бергі ұлы жұрт!.....	253
Қазақтың жыл он екі айы.....	260
Жыл он екі ай амалдары.....	265
Наурыз мерекесі ұлттық танымымызға тән болса.....	267
Қыс шлдесі – Сары аяз.....	268
Судың да құлағы бар.....	272

ОЙ ИІРІМДЕРІ

«Зар заман» жырауының мұрасына «отыздың» ызғары білінеді дегендейсің.....	278
Өршіл халық рухы.....	288
Жерді сатпақ түгілі, ұзақ жылға жалға берудің өзі күпірлік.....	294
Білімсіз санадан адасқан ой, онан шалағай сөз туады.....	298
Біз осыдан қорқамыз.....	304
Тұрағың қайда, туған ел?.....	312
Тірінің аманаты.....	333

Ел үшін тоқты болған құрбандыққа	336
Киелі дала иесі	340
Өміршең өлең ой қозғар	344
Боз таңда.....	351
Күй өнерін сақтаушы ерен азамат	352
Абзал азамат	355
Тазы қасқыр алған, алып та жүр!	361
Қайырымға толы әулеттің ұрпағы.....	364
Дулаттың көкейіне түйгені көп.....	371

Кәмел Жүністегі
КӨГІЛДІР КҮМБЕЗ

Редакторы Әділхан КҮЛІМБЕТОВ
Корректоры Раушан БӘЗЕНҚЫЗЫ
Компьютерде беттеген Әйгерім ЖАЗЫЛБЕКҚЫЗЫ
Техникалық редакторы Нүркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ

ISBN 978-601-03-0462-8



ИБ №12

Басуға 14.04.2017 ж. қол қойылды. Қалыбы 84x108 ^{1/32}.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “SvetlanaD”.
Көлемі 20 ш.б.т. Таралымы 5000 дана.
Тапсырыс №22/2322.

“ҚАЗАқпарат” баспа корпорациясының баспаханасы

